

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті



*Әдебиеттанушы ғалым, ұстаз, филология
ғылымдарының кандидаты, доцент
Жәмбек Сәбит Нұрмұхамбетұлының
60 жасқа толуына арналған
«Қазіргі филологиялық зерттеулер: ұлттық
әдебиеттану және даму тенденциялары»
атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция*

МАТЕРИАЛДАРЫ



Көкшетау, 2019

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті



*Әдебиеттанушы ғалым, ұстаз,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Жәмбек Сәбит Нұрмұхамбетұлының 60 жасқа толуына арналған
«Қазіргі филологиялық зерттеулер:
ұлттық әдебиеттану және даму тенденциялары»
атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция*

МАТЕРИАЛДАРЫ

13 желтоқсан 2019 жыл

Көкшетау, 2019

ӘОЖ 821.512.122.0(063)

КБЖ 833

Ә22

Әдебиеттанушы ғалым, ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Жәмбек Сәбит Нұрмұхамбетұлының 60 жасқа толуына арналған «Қазіргі филологиялық зерттеулер: ұлттық әдебиеттану және даму тенденциялары: республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары = *Современные филологические исследования: национальное литературоведение и тенденции развития*»: Материалы республиканской научно-методической конференции, посвященной 60-летию ученого-литературоведа, педагога, кандидата филологических наук, доцента Жамбека Сабита Нурмухамбетовича = *Modern philological research: national literature studies and development trends*” Materials republican scientific and methodical conference dedicated to the 60 anniversary of a literary scholar, scientist, teacher, candidate of philological sciences Zhambek Sabit Nurmukhambetuly. – Көкшетау, 2019. – 356 б.

ISBN 978-601-261-453-4

Жинақ әдебиеттанушы ғалым, ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Жәмбек Сәбит Нұрмұхамбетұлының 60 жасқа толуына орай ұйымдастырылған «Қазіргі филологиялық зерттеулер: ұлттық әдебиеттану және даму тенденциялары» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдарын қамтиды. Жинаққа енген филологиялық зерттеулер мен заманауи оқыту мәселелерінің материалдары ЖОО оқытушылары, ҒЗИ қызметкерлері, PhD докторанттар мен магистранттарға арналған.

Сборник содержит материалы республиканской научно-методической конференции «Современные филологические исследования: национальное литературоведение и тенденции развития», посвященной 60-летию ученого-литературоведа, педагога, кандидата филологических наук, доцента Жамбека Сабита Нурмухамбетовича. Материалы филологических исследований и проблем современного обучения, вошедшие в сборник, предназначены для преподавателей вузов, сотрудников НИИ, PhD докторантов и магистрантов.

The collection contains materials of the Republican scientific and methodological conference «Modern philological research: national literature studies and development trends» dedicated to the 60 anniversary of a literary scholar, scientist, teacher, candidate of philological sciences Zhambek Sabit Nurmukhambetuly. The materials of the collection reflect the problems of philological science, modern education, designed for university teachers, research Institute employees, PhD and undergraduates.

Секциялар:

- Ұлттық әдебиеттану ғылымы және әлемдік әдеби үрдіс
- Қазіргі қазақ тіл білімінің жаңа парадигмалары
- Қазіргі заманғы білім беру: әдіснама, теория және тәжірибе

Бас редактор:

Сырлыбаев М.К.– Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редакторлар:

Жумагулова О.А. – қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент

Кажыбаева Г.К. – ф.ғ.к., доцент м.а.

Смагулова Н.К. – қазақ филологиясы кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Курманова А.К. – қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м.

Редакция алқасы:

Жаркинбеков Т.Н. – стратегия және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор, оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор м.а., г-м.ғ.к.

Жакупова А.Д. – ғылыми жұмыс және халықаралық қатынастар жөніндегі проректор, ф.ғ.д., проф.

Белгибаева А.С. – ғылым және халықаралық ынтымақтастық департаментінің жетекшісі

Исмагулова А.Е. – филология және педагогика факультетінің деканы, ф.ғ.к.

Жахина Б.Б. – п.ғ.д., профессор

Мусин Л.К. – қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, г.ғ.м.

Жукенова С.К. – қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы

Каирбекова И.С. – қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, г.ғ.м.

ӘОЖ 821.512.122.0

(063)

КБЖ 83.3

ISBN 978-601-261-453-4

© Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, 2019

АЛҒЫ СӨЗ

Еліміздің жоғары білім беру жүйесіне, әдебиеттану ғылымына кеңінен танымал ғалым, ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сәбит Нұрмұхамбетұлы Жәмбектің 60 жасқа толуына арналған «Қазіргі филологиялық зерттеулер: ұлттық әдебиеттану және даму тенденциялары» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияға қош келдіңіздер!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселелер көтеріліп отыр. Бұл ұлтымыздың салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Бүгінгі ғылыми шарамыз да осы игілікті істің аясынан көрінеді.

Республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияға қатысуға Қазақстанның барлық өңірінен ғалымдар, докторанттар мен магистранттар тілек білдіріп, мақалалар ұсынды. Аталмыш конференцияның пленарлық және секциялық мәжілістерінде ұлттық әдебиеттану ғылымы, әдеби процесс, қазіргі тіл білімінің жаңа парадигмалары, қазіргі заманғы білім беру мәселелеріне қатысты теориялық және әдістемелік мәселелер жан-жақты талқыланып, ғылыми ізденістер мен тұжырымдар сараланып, жарияланғалы отыр.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сәбит Нұрмұхамбетұлы Жәмбектің – қазақ әдебиеттану ғылымын дамытуда, оның қыры мен сырын зерттеуде соны бағыттарға барып, ғылыми ізденіс мектебін қалыптастырып жүрген ғалым. Еңбек жолының алғашқы жылдарынан бастап-ақ бар күш-қайратын, білімі мен біліктілігін еліміздің филологиялық ғылымының дамуына, жас мамандарды тәрбиелеуге, олардың кәсіби деңгейін арттырып, елінің ұлтжанды азаматы етіп қалыптастыруға арнады.

Сәбит Нұрмұхамбетұлының мағыналы да, өнегелі өмір жолы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетімен тығыз байланысты. Әдебиеттанушы ғалым Сәбит Жәмбек университет көлемінде ғана емес, қала, облыс, республикалық деңгейдегі қоғамдық-саяси, рухани-мәдени іс-шараларда елдік сөзді айтып келеді.

Шынайы ғалым үлкен зерденің, зор білімділіктің, терең парасат пен пайымның иесі болса керек. Қазақ руханиятының жанашыры, әдебиеттанушы ғалым-ұстаз Сәбит Нұрмұхамбетұлы Жәмбекті мерейлі жасымен шын жүректен құттықтай отырып, ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, шығармашылық табыс, отбасына амандық, бақ-береке тілеймін!

М. Сырлыбаев

**Ш.Уәлиханов атындағы
Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры**

ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ ЖЫЛДАР

Отыз жылдан астам әріптес болып, сыйлас жанға айналған Сәбит Нұрмұхамбетұлы бүгінде алпыстың асқарына шығып отыр. Мен, үшін ол – «Ұлы Сәбең», жан-жақты энциклопедиялық білім иесі, әдебиеттанушы ғалым, қарымды қаламгер, көсемсөзші. Қазақтың күмбірлеген қара домбырасымен күй шертетін өнері тағы бар. Ұлтымыздың ойшыл ақыны Абай: «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыт болады», – деген еді. Осы тұрғыдан келгенде, Сәбең – мінезге бай, үлкенге құрметін, кішіге ізетін көрсете білетін парасатты жан. Сабырлы мінезімен, ойшыл көкірек көкжиегімен бір буын ұрпақты тек маман ғана емес, ел азаматтары етіп тәрбиелеп шығаруға өз үлесін қосқан ҰСТАЗ екеніне республиканың түкпір-түкпірінде еңбек етіп жатқан шәкірттері куә.

Сәбит Нұрмұхамбетұлы – қашанда терең ойдың құшағында жүретін, пәлсапалық ойдың шешуін іздеп, жаңа ғылыми бағыттардың беталысын бағамдайтын сарабал ғалым. Оның ғылыми ізденісінің ерекшелігі – тақырыпты тұңғыықтан тартып, қопара жазатындықтан зерттеудегі қисындық, қағидалық тұғырнамасының тамыры тереңде болып келуі. Ұлттық әдебиеттану ғылымының әлемдік әдеби үрдісті игерудегі бағыты мен беталысын ғылыми еңбектеріне арқау ете білген ғалымның талғамы биік, танымы терең. Оның «Теориялық әдебиеттану», «Әдебиет теориясы» еңбектері талай жас талаптың ғылым жолындағы адастырмас темірқазығына айналары хақ. Сәбең – әріптестері мен студенттерінің арасында биік парасат пен жоғары мәдениеттіліктің иесі.

Ұлтымыздың рухани құндылықтарын зерттеу мен насихаттау жолында тер төгіп жүрген ұлтжанды азамат Сәбең еңбегі өлшеусіз. Ол өлкенің тарихы мен әдебиетіне, мәдениетіне қатысты қаншама ғылыми мақалалардың авторы, қаншама игілікті істің басы қасында жүріп көпке үлгі болып жүр.

Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына орай Көкше өңірінен шыққан белгілі тарихи тұлғалар, сал-серілер, ақын-жазушылылар мұраларын зерттеуге қосқан үлесі де зор.

Елдігімізді танытатын, ұлттығымызды ұлықтайтын тұста Сәбең өзінің азаматтығын танытып, елжандығын көрсетіп жүрген тұлға екенін көпшілік біледі. Ғалымның: «Жастарымыз, болашақ ұрпақ өз халқының қайғы – мұңын, оның рухани жан әлемінің қатпар-қатпар қуанышы мен ренішін, қызығы мен шыжығын, сүйініші мен күйінішін, жан азабы мен ләззатын түйіндей айтқанда, оның ішкі жан дірілін, шын толғанысын өз жүректерінің толғақтары арқылы түсініп, сезіне білсе, шіркін, сонда ғана ұлттық рух пен болмыс бітімге, дін мен ділге берік боламыз, оған уызынан жаримыз. Әлемдік мәдениеттің алтын тұғырына ұмтыла отырып, сол руханият көгіне қанат қағамыз. Біздің көкейдегі мақсат-мұратымыз да әмәнда осыны діттейді», – деген пікірі өзінің ұлт мүддесі жолындағы мақсатын паш етіп тұрғаны анық.

Ғылым мен ұстаздықты қашанда қатар ұстаған Сәбит Нұрмұхамбетұлы қоғам өмірінен шет қалған емес. Ол қашанда ұлт руханиятының жанашыры, ұлтының асыл перзенті екенін ісімен дәлелдеп жүрген азамат.

Құрметті Сәбе! Сізді парасат пен пайымға толы сәні мен салтанаты келіскен 60 жылдық мерейтойыңызбен құттықтаймын. Бойыңызға қуат, отбасыңызға береке-бірлік, шығармашылық сергектік, шалқар шабыт пен шаттыққа толы көңіл тілеймін!

ЖАХИНА БАРИЯ БАДЫҚҚЫЗЫ

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің профессоры, педагогика
ғылымдарының докторы

ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР

ӘОЖ 82.0(5К)

ЕСМАҒҰЛОВ АМАНЖОЛ ЫДЫРЫСҰЛЫ
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан

СЫНДАРЛЫ ДА ЗЕРДЕЛІ ҰСТАЗ

Аннотация: мақала әдебиеттанушы ғалым Сәбит Жәмбектің өмір, шығармашылық жолына арналады. Ғалымның ғылыми шығармашылық жолындағы мектебі, тәлім алған ордасы сөз етілді. Ұстаз-ғалымның ғылыми ізденістерінің ерекшеліктері жан-жақты зерделенді.

Тірек сөздер: шығармашылық, ұстаздық болмыс, ғылыми орта, шығармашылық өмірбаян

Бүгінде аға жасы алпысқа толып отырған бүтін Ақмола өңірі, талғампаз Көкше жұрты өзінің зерделілігімен, тыңғылықты да терең білімдарлығымен дараланған ұстаз ретінде таниды да ерекше құрмет тұтады.

Осыдан 31 жыл бұрын, атап айтқанда 1988 жылдың қыркүйегінде осы өңірдегі білімнің қара шаңырағы, даңқты жерлесіміз Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов атындағы мемлекеттік педагогика институтына (бүгіндегі осы аттас университетке) Евней Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінен үш талантты жас жолдамамен келді. Олар сол уақыттан оншақты жыл бұрын ашылған қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының жұмысына бірден білек сыбана кірісіп, ұжымға жаңа леп ала келді. Іргелі оқу орнын сәтті аяқтаған зерделі жастар аз уақыттың ішінде әріптестері алдында да, талғампаз шәкірттері алдында да жан-жақты білімдарлығымен, ізденімпаздығымен көзге түсіп, зор беделге ие болды, өз саласының білгір маманына айналды. Олардың ішінен Жұпар Жақанова ғана басқа оқу орнына ауысып, Сәбит пен Раушан сол күннен бүгінге дейін бір орында абыройлы қызмет етіп келеді. Бөлім ақсақалы ұзақ жылдар кафедра меңгеріп, білгір мамандарды ұйыстырып, өңір мектептерінен, республикамыздың ілгері оқу орындарынан білікті мамандарды шақырып, жинастырған Жағыпар Мұсаұлының ұжымына дес келген екі жас та өздерінің ізденімпаздығымен, өрелілігімен, білімділігімен дөп келгендей-ді, осы ортада сыйлы ұстаздық етіп келеді. Осында жүріп, ғылым жолында да талай жетістіктерге жетті, білікті ғалым атанды, ұстаздық жолда да талай биіктерден көрінді. Раушан болса, талапшыл ұстаз, елімізге әйгілі тіл маманы Төлеутай Қордабаевтың жетекшілігімен ғылым кандидаты атанып, белгілі синтаксис маманы ретінде танылып, көпшіліктің іздеп жүріп оқитын ондаған сүбелі еңбектер жазып, көпке танымал болса, біз арнайы сөз етіп отырған Сәбит Нұрмұхамбетұлы еліміздегі ең іргелі білім ордасы Әл-Фараби атындағы қазақтың мемлекеттік университетінің профессоры, ұлы ғалымдар Мұхтар Әуезов, Темірғали Нұртазин, Бейсенбай Кенжебаев, Зейнолла Қабдолов, Мәлік Ғабдуллин, Тұрсынбек Кәкішевтермен қоян-қолтық еңбек еткен Ханғали Сүйіншалиев сынды зерделі ғалымның жетекшілігімен, тағдыр-талабына орай ұзақ жыл зерттеп, зерделенуден қалыс қалған, тек Бейсенбай Кенжебаевтың «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығында аталған, кезінде өмірден өткеніне ұлы ақын Мағжан жыр арнаған Бернияз Күлеевтің шығармашылығын зерттеп, толымды еңбек жазып, филология ғылымдарының кандидаты атағын алуға жазған еңбегін сәтті қорғап шықты. Сол негізде жазған монографиясын зиялы қауым жылы қабылдады, ақын туралы қазақ әдебиеті тарихының көп томдығының XX ғасыр басындағы әдебиеті қамтыған тоғызыншы томына ақын туралы тарауы қосылып, Сәбиттің осы көп томдық авторлары қатарында болуы ғылыми орталықтан шалғай жатқан ғалым үшін үлкен жетістік екені сөзсіз. Оның бұл табыстары, ғылыми еңбектері мен көркем шығармалары, ауқымды да толымды дәрістері

салиқалы ғалым екенінің дәлелі демекпіз. Өзге әріптестері, кешегі арамыздан өткен ағалар Жағыпар Мусин мен Нарбай Ыбыраев, Оғаз Сұлтаньяев пен Оңдасын Жауаров, қатарлас еңбек етіп келе жатқан әріптестері оның білімдарлығын аса жоғары бағалайды; Жәкең болса бірде «Сәбиттің білмейтіні бит астында» десе, енді бірде «Сәбит – энциклопедист» - деп мақтайтын.

Сәбитті бір көрген адам оны сабырлы тұлғасынан, маңғаз болмысынан, кең маңдайы жарқырап, көзі нұр шаша мөлдіреп тіктей қараған жанарынан, жарқындық сеуіп тұрған жүзінен терең білімді, ойлы азамат екенін аңғаратын. Осының түп негізі неде деп ойласақ, ол арғы тектіліктен, өскен ортадан, қала берді шыр етіп дүниеге келген сәтте алғаш жұтқан киелі ауадан, тәй-тәй басқанда табаны тиген топырақтан болса керек. Жасынан ғылыми ортадан алшақ кетпей, осы бір өзіндік қиындығы да қызығы мол салаға етене жақындығының себебі де жоқ емес.

Ол өмірге келген өңір (Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Жеміс кеңшары) ұлы даланың қақ ортасы, сайын даланы тербеп жатқан сырлы сазды, ән-жырлы өлке, сал-серілер мекені, адамның жүрек қылын шерткен асқақ поэзияның отаны, атағы әлемге танылған ұлылар өскен мекен. Қазақ поэзиясының алыбы Сәкен Сейфуллин, белгілі ғалымдар Серік Қирабаев пен Ақселеу Сейдімбеков, ділмар шешен, терең білімді, сөз сырын терең ұққан Ісләм Жарылғапов пен Сәйділ Талжанов сынды қазақ тілі мен әдебиетінің білгірлері шыққан өлке. Ол туған өлкеден шыққан өнер майталмандары қаншама. Атақты күйші Сайдалы Сары Тоқа, қазақтың шертпе күйінің пірлері Қазанғап пен Тәттімбет, таңдайынан бал тамған Илияс Омаров, Қайрат Байбосынов, Бекболат Тілеуханов, тағы да талай дүлдүлдер шыққан өлке.

Сәбиттің балалық-жастық шағы кеңестік дәуірге дөп келеді. Ал ол кезде ата-тегіңді қуалап, атақты бабалар еңбегімен мақтанып, масаттанатын заман емес-ті. Кеңес үкіметі байбағлан, ел сыйлап, абыройы үстем болған жылдарды қудалап, ертеректе өмір сүрген жақсылардың атын атауға да тыйым салған болатын.

Сәбиттің де ата-бабаларының, арғы тегінің тарихына көз салсақ, кезіндегі солақай саясаттан зардап шеккен талай ата-бабаларын кездестіре аласың. Кезінде ел шежіресіне, ата-баба дәстүріне қатаң қараған сәтте де Сәбит тектілік пен ізгілік тамырын сезіп өсті, ата-бабаларының халық үшін жасаған игілікті істерін мақтан тұта білді. Оның бесінші атасы Жарқын Кенесарының ту ұстап, қол бастаған атақты батырларының бірі болған, өмірінің ақырғы сәтіне дейін ұлы қолбасының жанынан табылып, сүйегі де Кенесары қосынымен бірге Кекілік жерінде қалған. Оның балалары Атақай, Түсіптер ел билеп, сөз ұстаған шешен, билер болған. Кенесарының бір батыры Иманның немересі Амангелді Торғай даласында болған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің сардары болса, екінші батыры Жарқынның ұлы Түсіп Қарақойын-Қашырлы, Қорғалжын төңірегіндегі көтерілісті басқарғандығы ел есінде. Осылардың ұрпағы Жәмбек бай баласы ретінде қудаланып саясаттан көп таяқ жеген көрінеді. Кеңес өкіметінің жиырмасыншы жылдары өткізген байларды тәркілеу, ұжымдастыру шараларының, Сәбит аталарына зарарының мол болғанын ол аталарының жақын-жолдастарынан, замандастарынан, олардың көзі тірі ұрпақтарынан естіп, біле жүрді, олардың игі істерін көңіліне түйіп, өмір жолының ұстамындай көрді. Осылардың үлгісін көрген әкесі Нұрмұхамбет те ерте есейген, көзі қарақты, ибалы азамат болатын. Сырға толы өлкенің өткен тарихын балаларына өсиет етіп ұғындыра білді. Содан да болар, біз білетін оның екінші ұлы Сәрсен де саналы азамат болып өсті. Алдымызда студент болып оқыған кезде оның асқан дарыны, көп оқып-тоқығанын білініп тұратын, көптеген ғылыми конференцияларда шешен де танымды баяндамаларымен көрінген ол оқу орнын үздік бітіріп, өзі өскен өлкеге ұстаз болып оралды. Ізденімпаз ұстаз өз шәкірттеріне білім нәрін сеуіп, ұстаздық жолдағы барша марапатқа ие болып отыр. Бүгінде Жоғары санаттағы ұстаз Ыбырай Алтынсарин төс белгісінің иегері атанып, «Құрмет» орденімен марапатталған.

Халқымызда «үйдің жақсы болмағы ағашынан, жігіт жақсы болмағы нағашыдан», – деген мәтел бар. Сәбиттің нағашы жұрты да ел ішінде өзіндік салмағы бар, кісілікті жандар.

Алдымен Сәбиттің терең білімділігіне әсер еткен адам – әжесі Қалам Жалмағамбетқызы. Ол ұғымтал бала зердесіне көзі көрмеген атасының өсиетін, өнегесін сіңіре білді. Қалам әжей ерімен бірге замана қиыншылығын көп көрді. Оның әкесі Жалмағамбет – Кеңес үкіметі саясатынан зардап шеккен, ауқатты ортадан шыққан, зиялы орта өкілі, қажы болған, иманды жан. Сәбиттің дала исламын терең білетіндігі де осыдан болар.

Жалмағамбеттің бес ұлының бірі – Қасым болса, оның баласы Есенгелді соғыстан кейінгі жылдары Ақмола облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі, Қазақ ССР Оқу министрлігінде басшылық қызмет атқарған көрінеді. Қазіргі халық қалаулысы, сенатор Ғани Қасымовтың әкесі. Сәбиттің әжесі Қалам Жалмағамбетқызы мұсылманша көп оқыған, көзі қарақты, домбырашы, баянды шебер ойнайтын өнерпаз әнші болған. Ауыз әдебиеті үлгілерін, қазақтың классикалық әдебиетін жақсы білген, ел әңгімелерін көп естіп, жадында тұтқан. Ол жас кезінде Ақан серіні, Мәшһүр Жүсіпті көрген, олардың уәжді сөздерін естіп, өнерлерін тамашалаған. Ол кездегі осы өңірдегі атақты адамдардың барлығы дерлік Қалам әжейдің қажы әкесінің үйін аттап өтпеген, дәмін татып, есен-саулығын біліп жүрген. Сол көзі көріп, құлағы естігендерінің татымдысын зерделі сәбиге ұқтыра білген Қалам әжей тәрбиеде қатал да бола білген. Діндар, турашыл, әділетті сүйген таза жан бала-немерелерін де осы жолда имандылыққа тәрбиелеген. Сәбиттің өз қатарластарынан анағұрлым бұрын аттарын атауға тиым салынған Ахмет, Міржақып, Мағжан, Сәкен сынды асылдар шығармаларын біліп, түсініп ұғынғаны осыдан да болар: « Сол кісіден Алаш арыстарының шығармаларын алғаш естіп тереңдігіне, әділетік іздегеніне бір таңдансам, қазір кеңестік саясатқа илікпей, көкірегіне тоқи берген, ақталатындарына сеніп, ұрпақтарының құлағына құя берген әжемнің сұңғылалығына екі таңданам», - дейді Сәбең әжесі туралы толғана еске алып.

Сәбиттің тәрбиесіне тікелей ықпал болған тағы да бірер адамды, өзім көрген, әңгімелесіп, сұхбаттасқан бірер жанға тоқталмай кете алмаймын. Оның алғашқысы – Шәріп Есжанов ақсақал. Сәбит ес біліп есейген жасында, студенттік жылдарында Көкшетауда тұрған осы атасының тәрбиесін көп көрген. Мен ол кісінің суретін біздің ескі корпусының кіре берісінде тұрған фото көрмеден көрдім. Көрменің басында «Менің немерем қалай тапсырды екен?» деген сұрақтың үстіндегі фотодан көзін көлегейлеп, тізімге қадала қарап тұрған қапсағай денелі, басындағы бөркін кері серпіп тұрған ойлы ақсақалдың суретін көрдім. Кейіннен таныса келе оның Шәріп ақсақал екенін біліп, жақын танысып кеттік. Бұл кісі ескіше сауатты, молдалық қылған. Ұлы Отан соғысына қатысып, зор ерлік көрсеткен жан екен, даңқ орденінің толық иегері ол өзі ғана қатыспай, майданға екі баласымен қатысқан екен. Екеуі де майданда ерлікпен қаза болған. Олардың зираттарын өз көзімен көрсе де, көңілі сенбей ұзақ жыл зарыға күткен әке үміті туралы белгілі жерлес ақын Еркеш Ибраһимнің «Шәріп шал» деген поэмасын ақынның өз аузынан естігенмін де. Ол кісі өлкеден шыққан белгілі қоғам қайраткерлері Б.Сәдуақасов, Е.Әуелбеков, М.Дүзелбаевтармен жақсы араласқан, ақын-жазушылар І.Есенберлин, С.Мәуленов, М.Сүндетов, Е.Ибраһимдермен етене жақын болған адам. Ол ескі әңгімелерді көп білетін, тілге шебер, шешен сөйлейтін, айтқан әңгімелерін әсерлеп, тыңдаушысын еліктіріп жіберетін ділмар шешендігі, ақындығы Сәбит бойынан әрқашан сезіліп тұрады.

Сәбитке ықпал еткен екінші бір адам Көкше өңіріне белгілі еңбеккер, атақты теміржолшы Жаңаталап Баянбеков ағаймен сұхбаттаса жүріп түсінгенім ол кісі Сәкен мен Сәбиттің шығармаларын ерекше құрмет тұтатын жан екенін білдім, тіпті біздің Сәбиттің есімінің өзі де осыған байланысты ма дейміз. Сәбиттің ғылыми өмірімен қатар жазушылық, ақындық, шешендік қырларының сыры осында жатқандай ғой.

Бүгінде алпыстың асқарына көтеріліп, өмір жолында елеулі табыстарға жеткен, ғалым, жазушы, драматург Сәбиттің жуырда тағы бір қуанышына куә болдық. Ол – биылғы жыл қорытындысында университеттің үздік ұстазы атануы. Біз өңірдегі ақпарат кеңістігінен Сәбит есімі аталмаса таңырқайтын болдық. Өйткені Ақмола өңірі мен Көкше топырағында

өтіп жатқан қайсы бір елеулі оқиға, ғылыми конференция, айтулы өнер қайраткерлерінің мерейтойлары, өнер-білім шаралары Сәбитсіз өтпейтініне қанықпыз.

Алдағы уақытта да сындарлы да терең білім нәрімен толыққан зерделі сөздеріңмен, өнегелі өміріңмен, сан салалы өнеріңмен төңірегіңді қуанта бер жақсы іні-бауыр, ұлағатты ұстаз, өркенді әріптес жаны жайсаң Сәбитім! Ізгі тілекпен әріптес ағаң Аманжол.

Пайдаланылған әдебиет:

1 С.Жәмбек. Б.Күлеев. Монография.- Көкшетау, 2006.

ДЮССЕЛЬДОРФҚА ЖОЛСАПАР

Маң-маң басқан, шудаларын шаң басқан, бидай өнді, төртпақ, білімі мен білігіне құрық бойламайтын, өзіндік әлемі бар әріптес, жолдас Сәбит Жәмбек!

Сенде 50-дің ауылынан алыстадың. Елдің елеулісі, халықтың қалаулысысың. «Бір қайнауы ішінде, әттеген-ай емес», бабына келіп, әбден піскен (алпыс ал+піс) шақтасың.

60 атты мерейтойың құтты болсын!

Өзің туралы дос, әріптес, шәкірт атаулылар кесек-кесек мақала, әзіл-шыны аралас езуге күлкі түстендірер әңгіме, повесть, роман жазса артық етпейді. Бірақ... Сен туралы жазу үшін не өзіңнен өте туу керек, не өзіңе жете туу керек. Сондықтан да ақ қағазға ғалым Ж.Мусин: «Мен зерттемеген сала жоқ», – демекші, өзің жазған «Бұқпадағы» «Себезгі сырлар үзігі» сияқты бірде егілтіп, бірде төгілтіп жаза беруге болады. Оған дәйек болатын дүниелерің – мынау. Сен Е.Букетов атындағы университетті «өте жақсы» тамамдап, бірден ЖОО-да қызмет еттің. Әдебиеттануға кіріспе, Ежелгі дәуір әдебиеті, Хандық дәуір әдебиеті пәндерінен шәкірттерге дәріс берушісің. Жастай кеткен Б.Күлеевтің өмірі мен творчествосын зерттеуші қауымға таныстырушысың. Енді «Рухани жаңғыру» мәселесіне ден қойдың. Басты траекторияң – Көкшетау-Ерейментау. Мұны қаулап болған соң, шаңқай тұста лингвистердің ауылына түстене бастадың. Иә, қош дейміз! Ол – профессор О.Сұлтаньявтың маржанын сүзген ономастика әлемі. Ол – Қазақстанды толғандырып жүрген латын қарпі, емле мәселесі.

Айта берсе, жетерлік.

Мерейтой иесіне қатысты әбден иі қанған мәселелер төңірегінде сөз етуді қойып, сәл-пәл ауытқысақ. Ғалым С.Жәмбекті мен «Қалыпқа сыймайтын адам» деп білемін. Оның өзіне ғана белгілі, өзгеге түсініксіз, беймәлімдеу өмірлік қағидаты, беймезгіл сәттегі беймарал пәлсапасы бар. Және ол өзіне ғана жарасымды.

Теледидардың құрылғыларының бірін бассаң, сен Сәбитті көресің, бірде домбыраның қос ішегіндей күмбірлеген, бірде құмыға шыққан дауысқа құлақ салсаңыз, «бұл мәселенің өзектілігі де осында» деп отырған маңдайы кереғарыс тағы да сол – Сәбит.

«Көңіл толқыны» атты күйді шебер орындайтын, «Не пайда?» деген гитараға арнайы жазылған әннің, бірер пьесаның авторы екенін айтпасам да болады. Шынында да, біздің замандас – «сегіз қырлы, бір сырлы».

Тағы бір естелік жайлы сөз қозғасақ.

Дюссельдорф, Келень, Хаген, Мюльхайм, Амстердам, бір сөзбен айтсақ, Германияға жолсапардың өзі бірнеше күнделікке азық.

Неміс халқының кеңістік пен уақытты, дәлдік пен нақтылықты бағалай білетін қасиетіне тәнті болып, «Елге – құрмет, жерге – құрмет» сияқты ілтипатты көрсетті. Сол тілде «Guten Morgen», «Guten tag» деп кете кеткенше жаңылмады. Тілі кәлимаға келмей жатса, «қалта сөздіктен» үш тоғызды үйір-үйірімен жіберетін.

Сіз не ойладыңыз, оқырман! Әрине, жақсы нәрсе. Осы орайда, М.Бижановтың «Ой-тұмары» атты еңбегінен алынған мынадай бір анекдот еске түседі.

Г.К.Жуков И.В.Сталиннің кабинетінен шығып бара жатып, «Усатый черт» десе керек. Қарсы жолыққан К.К.Рокоссовский, – анау «усатый черт» деп барады, – депті. И.В.Сталин Г.К.Жуковты кері қайтарып:

– «Сіз усатый черт» деп кімді айттыңыз? – дейді.

– Г.К.Жуков: «Гитлерді», - депті.

Сонда И.В.Сталин К.К.Рокоссовскийға қарап: «Ал Сіз кімді айтты деп ойлап едіңіз? – десе керек.

Оқу-сызудан қол босап, қараңғы түсіп, жұлдыздар жымыңдаған сәтте, С.Жәмбек И.В.Гетенің «Қараңғы түнде тау қалғып» атты өлеңін жатқа оқитын. Құйма құлақ тыңдармандары – екеу. Олар: мен және Б.С.Крамаренко. Сондықтан да риза болған Б.С.Крамаренко «барлауға баруға» тұрарлық азаматтар деп деканатқа жар салған.

Қолымыз қалт етіп босай қалса, тамақтануға бара қалсақ, замандас С.Жәмбек әлемді мойындатқан ағылшын тілінен де бейхабар еместігін, алғырлығын танытқан. «Қалта сөздікке» бір үңіліп, тамаққа бір үңіліп, адам білмейтін және түсіне бермейтін, жеп көрмеген ас мәзірін зерттеп, зерделеген.

Ақырын-ақырын, сағатына бір шақырым асықпай, шнидель, шморбратен, штрудель, шнельклопс, айнтопф (шұжық қосылған қою көже) тәрізді неміс халқының тағамдарымен «асқазан мәселесін де» өте сәтті шешіп жүрді. Бұл – әріптестің сіздерге тосын жаңа бір ашылмаған қырлары. Сөйтсек, ол неміс «кухнясының» білгірі екен. Жасай алмайды, бірақ жасалу технологиясына, ингредиенттеріне, теориясына келгенде алдына жан салмайды.

Жұпар келін екеуміз Көкшетау – Германия, Дюссельдорф сапарына аттанар уақытта, тағы бір ғажайып оқиғаға тап болдық.

Иә, Сапекең екеуі бірін-бірі соғысқа шығарып салардай, енді көрер-көрмесі неғайбыл сияқты, мен, – жүр-жүрлеп, келін, – бар-барлап, қоштаса алмай, күй кешкен тебіреністі сәтті көру. Ол – дос, жолдас, әріптеске деген құрмет, қимастық қоштасу.

Қалайы қасықтай келіннің құлағына алтын сырға...

Елге жетуге 2-3 күн қалғанда, біз екі аяғын бір етікке тығып: «Ақшаң қалса, берші-берші, қайтарамыз», – деп жан алқымға алдық.

Көп ойланды ... Бет-әлпетінен күдік пен үміт табы байқалады. Күдігі – қайтара алмаса... Өзіме керек боп қалса... Үміті – көп сұрамас, райынан қайтар, уақытында қайтарар... Бермесем... тағы қиын... Әріптес, жолдас, замандас. Ақыры нар тәуекел деп қорамсаққа қол салып, сұраған «сумманы» алақанға жайлап қондыра салды. Біз балаша мээ-мейраммыз. Бірақ... күдігі басымдау болды ма, қайдам, алмаққа ниет қылған затымыз кездеспеді.

Десе де, елден жырақ жүргенде, «сұрау мен алу» арасындағы интервал ұзақтау, шыдамдылық пен сабырлықты, табандылықты қажет етсе де, тұрып-тұрып... «резко» шешім қабылдағанына риза болдық. Бұл – менің замандасымның мәрттігі. А.П.Чеховтың «Человек в футляре» деген әңгімесіндегідей, «а вдруг будет дождь» демекші, оның қолында бағыт-бағдарды жоғалтпау, адаспау үшін үнемі сол өңірдің картасы жүретін, С.Жәмбектің арқасында Көкшетауға аман-есен оралдық. Шетелден келген соң да мына «Die tradition jedes landes ist schwarz, die hunde sind schwarz» сияқты оралымдарды жиі қолданып жүрді.

Адамға өмірінде үш бақ қонады-мыс. Біріншісі – мектепте, сен жақсы ұстазға жолықсаң, ол – сенің бағың, екіншісі – қызметте, егер ортаң білімді, парасатты, өзгеге үлгі тұтарлық болса, ол – сенің бағың. Үшіншісі – жүрегіне иман ұялаған, ананың адал, ақ сүтін емген «ұядан ілгені бар» иманды да, ибалы жан жарың, ол – сенің бағың. Өмірде сен кімсің? Ол маңызды емес. Өмірде ең маңыздысы – сенің жүрген ортаң. Білімді ортаң болса, шығар биігің бар. Ортаң ақылды, сабырлы, еңбекқор болса, бағындырар белесің шексіз. Ж.Сәбит сондай ортада тәжірибе жинады, тәрбиеленді. Ол орта – Ж.Мусин, Н.Ыбраев, О.Султаньяев сияқты ғалымдардың ортасы. Ол – бүгінгі зейнеткерлер А.Есмағұлов, Т.Жұрын, С.Жақанова, Нұрғайша тәтелердің ортасы. Бұл – білімді, аурасы, энергетикасы жақсы адамдар нұрын шашқан орта. Ж.Сәбит – сондай игі жақсылардың алдын көрген тұлға. Олай болса, сізде, оқырман, жақсылардың жаршысы болыңыз.

Кияқова Раушан Жексенбаевна

**ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН
ДӘУІРІ МЕН ДӘСТҮРІ**

Аннотация: мақалада ұлттық әдебиеттану ғылымындағы Сәкен Сейфуллин дәуірі мен дәстүрі қарастырылды. Ғалым Сәбит Жәмбектің С.Сейфуллин жөніндегі зерттеулеріндегі ғылыми ойлары, тұжырымдарына баға берілді.

Тірек сөздер: дәуір, Сәкентанушы, дерек, суреткер

Данышпан жазушы Л.Н.Толстой: «Адамның қоғамнан тыс болуы ақылға сыймайды», - [1,32] деген пікірі бар. Біз адамның өмірі мен өнегесі, қабілеті мен қызметі, адамгершілік асыл қасиеттері туралы танымдық тұрғыдан зерттеулер жүргіземіз. Алайда тексеріліп отырған мәселеге қатысты дәуір тынысы, қоғамдық оқиғалар, кезеңге қатысты әлеуметтік мәселелер туралы толғанбайтынымыз таңқалдырады. Бір кездегі әлемге әмірін жүргізген Кеңестер Одағы құлап, ел аңсаған егемендікті алдық. Кезіндегі Кеңес Одағына қатысты «Жасасын», «Даңқымыз арта берсін», «Бақ-дәулетіміз шалқи берсін» деп ұрандағандардың өткенін ұмытып, жаңа заманның жаңалығына қалай қосылғанын көзбен көрдік. Советтік дәуір сән-салтанатын алға шығару үшін «салт-дәстүрін ұмытып, жұмақ заманның көсемі Ленинді құдай қылып», оның ізін жалғастырушыларды да аспаннан асырмасақ та, асқардан асырып тастадық. Жаңа заманда да ел басқарған көсемдерді көкке жеткізіп, одан да асырып жіберуге әрекет етіп жатырмыз. Біздегі эстетикалық таным-түсінік өзгермей, этикалық мәдениеттің қалыптаспағанын өмір көрсетті. Жаңа заманды айту үшін өткен өмірмен салыстырып, келмеске кеткен Кеңес дәуірін жамандауға жарыса кірістік. Шығыс жұлдызы Рудаки: «Өмір – теңіз, жүзем онда деменіз...Ізгіліктен жасалмаса кемеңіз» [1,40] , - деген сөзі ойға оралады. Жанталасқан уақытта жақсылық пен жамандық үнемі айқасып келеді.

Кеңес дәуірінің қиянаты мен кесапаты, сұрқия саясаты мен дауылды және жылымық жылдары туралы толымды, тағылымды еңбектер жарық көрді. Совет үкіметі жылдарындағы болған, болып кеткен оқиғаларға кінә тағып, ен таңбалауға кірістік. Сол дәуірдің айтулысы атанып, сөз бастаған шешені, ел бастаған көсемі болғандықтан ақиық ақын, ірі қайраткер Сәкен Сейфуллинді бүгінгі жікшіл желөкпелер желбуаз сөздерімен жақтырмайтындарын айтты. Бұл жағдай ақынның көзі тірісінде де болған. Бірақ, ақын орынсыз кінә таққандарға жауабын беріп, айтар уәжін айтып кеткен еді. Кеңес туын көтерген Сәкеннің қатары Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіровтердің неліктен ұсталып, халық жауы ретінде атылғаны туралы тарихтың шындығын аша алмаған ағайын, бүгінгі күні олардың атын өшіруге жанталасып жатыр. Ондай «бөзөкпелер» бұрын да болған. Оларды бөзөкпелер деудің себебін бірден нақтылап, толықтай түсіндіре кетейік. Тәуелсіздік алуымызға себепші болған «Желтоқсан оқиғасы» кімнің кім екенін анықтап берді. Біздің бүгінгі шешен, көсем болып жүргендер сол кезде жастарды қолдауға жарамай, үйді-үйлерінде тығылып, өсек айтып жатты. Ұлттың оянуына себепкер болған сол оқиғалар аяқталып, енді сол мәселеге қатысты «сол» бағалар беріліп, жастарды айыптап жатқанда, үкімет деңгейінде болған үлкенді-кішілі жиындарда О.Сүлейменов, Ж.Молдағалиев, М.Шахановтардың қарсылықты пікірлері болмаса, көпшілігі үнсіз қалғаны баршаға аян. Ал, тәуелсіздік туралы, алашшыл әдебиет өкілдері жайында әңгіме басталғанда бұрынғыны мансұқтап, жаңаны жарыса жазуға кірістік. Кеңес дәуірінің біздің бойымызға жақсысы жұқпай, жаманы жанды арбағаны осыдан белгілі болды. Жалпы қазіргі және бұрынғы қоғамды жайлаған – паракорлық, менмендік, сауатсыздық дертін өз кезінде социализмнің үш жауы екендігін Ленин де ескерткен еді. Сол дерттің асқынуы бар кінәні бұрынғыларға жауып, өздері «сүттен – ақ, судан – таза» болуды

басшылар меңгеріп алды. Өткен тарихқа көз салсаң таңданып, таңқаларлық жағдайлар жиі ұшырасады. Жалпы жиырмасыншы ғасырдың алғашқы 20-30 жылдары білімге құштар, дарынды тұлғалар көп шыққан. Олардың идеялас болуы біріне-бірі қарсы шығуы да көпке мәлім. Сөзсіз, жиырмасыншы ғасыр идеялар соғысы астан-кестен оқиғаларымен ерекшеленеді. Түркі әлемін темірқазық еткен алашшыл көсемдер мен шешендер қалыптасып, елдің ертеңі туралы толғанды. Отарлаудың негізінде зорлық-зомбылық, теңсіздік пен тексіздік болатындығын көрген халықтың ашу-ызасы шегіне жеткен. Бұл қазақ елінде ғана емес, басқада халықтардың басынан өткеріп жатқан тағдыр таяғы еді. «Тарихтың осындай зобалаңына тап болған біртуар тұлғалардың тағдыры айрықша күрделі күй кешетінін бүгінгі ұрпақ терең сезініп, парасатпен парықтай білуі қажет. Уақыт өткен соң «анау – алай еді, мынау – былай еді» деп төрелік айту немесе үкім шығару оңайдың оңайы. Ал, қаулаған өрт, жөңкілген сел сияқты заманалық идеологияның жалаң қылышы төбеңде ойнап тұрған шақта «халқым» деп соққан жүрегіңе, «елім» деп егілген болмысыңа әрі қиянат жасамай, әрі әрекетсіз қалмай тірлік құрып көр. Мұның бір ғана жолы бар еді, ол – «түлкі заманды тазы болып шалу». Дәлірек айтқанда, заманмен тіл табыса жүріп халқыңа қызмет ету, халықтың мүшкіл халіне араша түсу»[2, 93]. Дәл осы кезеңнің күшті идеясы, халықтың талап-тілегіне сай келгені социалистік идея болып, оқып, білім алғандар тарапынан насихаттала бастады. Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллиннің өмір жолы, халықтың тағдыры үшін күресі осы кезеңге қатысты өрбіді. Оның ақындығы, жазушылығы, қайтпас қайсар күрескерлігі қоғам қайраткері деңгейіне көтеріп, ірі мемлекет қайраткеріне дейін жеткізді. Өмірдің өзі Сәкенді бірде асуларға шығарса, енді бірде аяусыз сүріндірді. Көзі тірісінде Сәкен аңызға айналып, «халық жауы» ретінде атылса да ұлты ұмытпады. Кеңес дәуірі Сәкеннің қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы екендігін дәлелдеп берді. Оған оның барлық өмір жолы жауап бере алатындығы нақтыланды. Сәкентанушы ғалымдар, өнер қайраткерлері, мәдениеттанушылар легі қалыптасты. Дәлел мен деректің жеткілікті екендігін Кеңес дәуірінде жазылған желөкпе тарихта, жарымжан әдебиеттану ғылымы мен сөз сүлейлері жазған көркем туындылар түсіндіріп тұр. Тарихи тұлға туралы «Сейфолланың Сәкені», «Кездеспей кеткен бір бейне», «Сәкен Сейфуллин», «Күміс қоңырау», «Сәкен Сейфуллин тарихи-танымдық энциклопедия», монографиялық еңбектер мен кесек-кесек роман, повесть, хикаялық шығармалар мен көлемді поэмалар, балладалар және көптеген естеліктер мен өлеңдер жазылды. Зерделей қарағандарға Сәкеннің датталуы емес, мақталуы басым екендігін айқын білінеді. Бүгін бұған қатысты «Ол Кеңес дәуірі еді ғой» деп жауап беретіндер бар. Халық ұнатпағандарын сол дәуірде де айтып, түрін түстеп беріп кеткен. Жиырмасыншы ғасыр соңы Кеңес дәуірінің құлауымен тынды. Марксизм - Ленинизмді толық түсінбей, ең құрмаса Марксті тереңдей оқымаған, Хрущевтан басталып Горбачевқа дейінгі жалғасқан құрғақ «ура, ура» елдің есін шығарды. Соңғы бас хатшының «Қайта құру» деген ұраны қайтадан құлауға себепкер болды. Анығында ұлттарды кемсітіп, бір ғана ұлтқа тәуелді қылған заманның құлауын жалпы халық қуана қарсы алды. Тәуелсіздігін алған елдің өшкенін жандырып, өлгенін тірілтуге ұмтылатыны мәлім.

Алғашқыда тіл, дін, әдебиет пен тарихтың «ақтаңлақ» беттері туралы тың бастамалар көтеріліп, ізгілікті істер басталды. Бірте-бірте бұл мәселеге рушылдық, жершілдіктің жікшілдігі енді. Көп біле бермейтін батырлар, шешендер, көсемдер туралы беймәлім тарих жазылды. Тәуелсіздігімізге тоқтау салғандардың басына Сәкен есімін енгізіп, біздің «Қазақстандағы өз қандастарымыз» да желпінді. Оған қосылған қолшоқпарлары әлі де шоқпарларын көтеріп, қыр көрсетіп келеді. Одағай пікірлерге қарсы тұрып, Сәкеннің сан қырлы талант екендігіне айтып, Кеңес заманында қателіктер әркімнің басында болғандығын айтқандар да болды. Бұл тұрғыда бүгінгі мерейтой иесі Жәмбек Сәбит Нұрмұхамбетұлы да бар еді. Ол өзінің ақиық ақынға арналған ой-пікірлерінде ХХ ғасыр басындағы әдеби шығармашылық, әдеби дәстүр мен ұлттық әдебиеттің дамуына Сәкендер бастаған топтың үлес салмағын дұрыс саралап берді. [38-50; 15-20]. Бұндай бағалы пікірлерге қарама-қарсы айтылған жайлар да орнады. Өмірде жоқ адамдар туралы көсіліп, өтірікті өрбіте айту оңайлау болса керек. Алғаш алашшыл айтулы тұлғалар ақталып, тарихымызға оралғанда

Сәкен, Бейімбет, Илияс, Сәбит, Ғабит, және т.б. енді оқу бағдарламаларынан шығады дегендер де болды. Солардың ішінде көбірек шүйілгені Сәкен Сейфуллин еді. Егер сол болмағанда Совет үкіметіне енбей, өз алдымызға «Алашорда мемлекеті болып тұратын едік» дегенді де асыға айтты. Тарихқа үкім айтып, оған тексеру жүргізу уақыт, кезең, дәуір, мезгіл деген ұғымдарға қарамайтын сәттерді бастан өткеріп жатырмыз. Кеңес әдебиетін жасаушылар «Бірыңғай ағым» теориясын қалыптастырып, көбіне дәулетті, байларды жеріне жеткізе жамандауды дәстүрге айналдырды. Бүгінгі әдебиетші ғалымдар, жазушы-ақындар байларды бірыңғай мақтауды бүгінгі сөз өнеріне орнықтыра бастады. «Жалпы бұрында да және бүгінде де кедейлік жоқ екен. Бабаларымыз бай, текті, өжет, өнерлі екен. Реализмді кейінге ысырып, романтизмге қайта көштік».

Көркем өнердің басты шыңы – оның шындықты шырқата алуында. Сәкен Сейфуллин жырлаған туған жер, өнер-білім, достық пен махаббат, т.б. сандаған тақырыптардың бәрінде де, оның шындықтан алыс кетпегендігін ұлы М.Әуезовтен бастап [4], С.Мұқанов [5], Ғ.Мүсірепов [6], Ғ.Мұстафин [7], Е.Ысмайылов [8], С.Қирабаев [9], Т.Кәкішев [10], т.б. зерттеулерінде айтылды [4,5,6,7,8,9,10]. Солай десек те, «Сәкеннің шыншылдығы неде?» деген сауалға көбіне оның төңкерісшіл ақын екендігін алға тартқан жауаптар көп. Бұл заманның ызғары мен ызбарынан қаймыққандықтан айтылған саясаттанған тұжырым. Біздіңше қандай шайырдың шыншылдығы – оның сезімталдығы арқылы аңғарылады. «Суреткер өз елінің, өз табының сезімталы, оның құлағы, көзі мен жүрегі», - деп, М. Горькийдің айтуы соның дәлелі. Шытырман оқиғалар ортасындағы Сәкен қоғамдық құбылыстарды қалай көріп, танып-түсінсе, солай жырлап шықты. Ақынның күдіреті көргенін дәлдікпен бере алып, ақ-қарасын басқа пенделерден бұрын ажыратқандығы. Бұл барлық ақындарға тән қасиет. Дүние туралы барлық пенделер толғанады. Жалғанды шындық пен өрлестіру талант тұжырымы, ақын шеберлігінде жатыр. Әйгілі Төле бидің «Бидің айтқанын құл да айтады, бірақ аузының дуасы жоқ», - деуі сондықтан. Ақын қоғамдағы болып жатқан оқиғалардан бейтарап қала алмайтындығын Сәкен де көрсетті. Өзінің анасына арналған алғашқы өлеңдері, туған жерге байланысты туындыларынан бастап адамгершілік, ел мен жерге деген сүйіспеншілікті биікке көтере алған. Бұған Сәкеннің «Туған жер», «Жазғы кеш», «Нұра», «Боранда», «Бабаларыма», «Біздің жақта», "Жазғытұры" т. б. өлеңдерін атауға болады. Ал, махаббат сезімін, сұлулықты жырлаудағы «Құмарым», «Жүрегімнің соққаны», «Толқын», «Арқа сұлуына», «Сәулем», «Жаңа жыл» т. б. лирикаларынан мәңгілік тақырыпқа қосқан шайырдың өзіне тән шеберлігін танысың. Сәкендегі сезім сұрапылы, жан сыры барынша оның лирикалық шығармалары арқылы ашылады. Адалдық пен арамдық ақынның өмір турасындағы өзекті тақырыбы екендігі Сәкеннің достық-махаббат, адам және табиғат т. б. шығармаларынан аңғарылатыны аян. Бұл мәселеде Сәкеннің «Сыр сандығы» сандаған ұрпақ санасына сәуле боларлық бір биік белес.

Абайдың «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» дегені Сәкен тарапынан барынша ашыла түскен. Мысалы:

Әр адамның ішкі сыры,

Берік қойма сақталған.

Сол қойманың бір түкпірін,

Достың досы – ақ ақтарған, -

дегендегі шын достық пен жалған достықтың мән-мағынасы таразыға тамаша шеберлікпен тартылады. Сөйтіп, сатқындықтың кімнен шығатындығы өнер тілімен түсіндіріледі.

Шырқ айналар шіркін тауық,

Жемің болса, қолыңда.

Қайдағысы сені тауып,

Топырлайды жолыңда.

«Досыңмын» деп ант береді.

Жем іздеген жанама.

Жем таусылса жалт береді,

Сенерлік дос, санама!, -деуі шын мәніндегі Сәкендей турашыл, таза, табанды адами қасиеті жоғары жандардың атынан айтылса керек. Ғасырға жуық киелі киік атты жануарға арналған «Ақсақ киік» атты аллегориялық тамаша толғауы өзіне сай лайықты мақаммен ұрпаққа ән болып жатталып, жыр болып таралды. Ақынның көңіл толқынын танытып, терең тебіренісін білдіретін бұндай өлеңдері лашын, аққу құстарға арналған лирикалық көркем туындыларынан ерекше аңғарылатындығы ұрпақ зердесінен шықпақ емес. Рас, Сәкен революция жыршысы екендігі мәлім. Бұл тақырыпқа біреу ерте, енді бірі кеш келді. Шымшытырық, аласапыран оқиғалар қалай да қоғамға өзгеріс керектігін көрсетті. Бұл істе жарамсақ өнер өкілдері күштілердің қолшоқпарына айналса, ел қамын, азаттық жолын іздегендердің өзі түрлі бағыт-бағдар ұстады. Заман ағымы сан тарау жолдарды алға тартып, тура даңғылдың табылуы таңдауға түсті. Отаршылдықтан құтылып, жаңаша өмірдің бастауын Сәкен атақты «Балуан шолақ» өлеңінде де көрсеткен еді. Отарлаудан кейінгі замандағы өркениетке жеткен Еуропаның сұғанақтығын, Азияға көз тігуіндегі астарлы саясатты тап басып сипаттаған «Азия», «Қара бүркіт» өлеңдері бұл күнде С.Сейфуллин шығармаларына енбей қалған.

Мәселен, «Азия» өлеңінде:

«Сұм Европа! Арам, залым тас болдың,

Бүліншілік, жауыздыққа бас болдың.

Адамзатқа жол көрсеткен ерлерге,

Мұнша неге, уа, Европа қас болдың?», - десе: «Қара бүркітте» осы пікір одан әрі жалғасады:

«Көп қорқау сыртыңнан жүр тісін қайрап,

Борсықтар жорғалап жүр іші қайнап,

Інінде қара жылан жатыр бұғып,

«Шақсам» деп, аңдып сені, көзі жайнап».

Бұл ақынның Азияға қатысты ұстанымы. Бұдан кейінгі туындылары оқу-білімге арналды. Тақырыптық жағынан Сәкеннің оқу-білім туралы түсінігі Ыбырай, Сұлтанмахмұт, Сәбит Дөнентаев және т. б. үндеседі. Қазақ поэзиясының майталманы Мағжан ла бұл тақырыпқа теріс карамаған. Ақынның революцияға арналған өлеңдерінде де оқу-білім қалыс қалмайды. Төңкерістің сол арқылы баянды болатындығы тұжырымдалады. Бұған оның «Жолдастар», «Кімде кімнің тасқын судай қайраты», «Кел, жігіттер», «Жас қазақ марсельезасы» және Ленинге арналған өлең-жырлары дәлел бола алады. Революция жеңісінен кейінгі түрлі өзгерістердің бәрі де өнер-білім жетістігі болып ақын өлеңдерінде мақтанышпен жырланады. Отарба, автомобиль, трактор, аэроплан, т. б. Сәкен өлеңдерінен табылуы бұған айғақ.

Қазіргі көзқарас тұрғысынан Сәкеннің төңкеріске қатысты туындыларының құны арзан, айтары айғай-шу, даңғаз дақпырт екендігі туралы пайымдаулар барлығын несіне жасырайық. Бұдан «Сәкеннің беделі түсіп, шыққан биігі аласарып қалатын болды-ау» деп алаңдайтындардың көп екені тағы да аян. Ашу-ызадан айбарлы сес көрсету сәттері де кездесіп қалатыны бар. Керек десеңіз, осы істе дүрдараз болып, бір-бірімен аралары алшақтап бара жатқан жандар да баршылық. Ақын қаламынан туған төңкеріс тақырыбы негізінен бүгінгі таңдағы жершілдік, жікшілдік, рушылдық т. б. астамшылықпен байланысып жатыр. Бүгінгі біздің көріп жүргеніміз оның қасында түк те емес. Екінші, Сәкенді төңкерісшіл кылған бұл қоғамның өзі еді. Қамауға алынып, азапты жолдардан өткен ақын шығармашылығы бұдан әрі біржола өршелене түсті. Керек десеңіз, бұл істе Сәкеннің көркем сөздегі барлық қырын ашады.

Ақын Сәкен енді журналист, прозайк, драматург, педагог т. б. өнерімен танылды. Ақын ретінде көлемді поэмалар жазса, драматург ретіндегі шығармалары сахнаға шықты. Асығыс естелік, романдар жазылды. Көлемді әңгіме, повесть, новеллалары жарыққа шығып жатты. Соның бәрінде де революция ісі мен жеңісі қалыс қалмады. Бұл тұста ұлтжанды тұлғалардың бірі таза ұлтшылдық бағытқа түссе, келесілері төңкерісшіл ақындар болып қалыптасты. «Төңкерісшіл ақындар» деп қанша қараласақ та ұлтын мүлде ұмытып, тілі мен ғұрып-

салтына сатқындық жасағаны болған жоқ. Туған халқына сәуле түсірудің жолын іздеп, аласұрып, шатасуы көп шытырман жолдан өтті. Құлай сенген жаңа үкіметтен үмітінің отын жағып, ел басқарған Сәкен өзінің басқару ісін «Кеңселерде іс қазақ тілінде жүрсін» , «Қазақты қазақ дейік» деген ұлтына адалдығымен бастады. Бұл тұрғыда алаштың айтулысы Әлімхан Ермековтің : «Сәкенді «Қызылдар» жағында, ал бізді «Алашорда» жағында болды демесендер, Сәкен бізден гөрі әлдеқайда ұлтшыл еді» дегені әділ айтылған ақиқат.

Алаштың айтулылары А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатовтар шығысы шырақ тұтып, түбі бір түркі әлемін темірқазық етсе, өркениетке тез жетудің төте жолын Европадан іздегендер батысқа біржола бет бұрды. Сөзсіз, Сәкен Батыстың бұқарашыл бағытын қостады. Бірлік пен теңдік, азаттық пен бостандыққа шақырған ұрандар халықтан қолдау тапқаны шындық. Мәселен, сол «керемет» идеяның жүзеге асырылуы каншама кесапат әкеліп, айтушылардың өзін сан соқтырды. Сенгенінен секем алдыртып, әділдік туралы толғаныс теңіздей толқыды. Сәкен бұл кезеңде бұқара халықтың көксеген арман-тілегі жүзеге аспай жатқанын журналист, жазушы және ақын ретінде сынады. Оның қаламынан «Тұрмыс толқынында», «Қызыл ат» т. б. туындылар жазылды. Қаншама айтыстар өтіп, әміршіл өктем саясат Сәкенге өз дегенін істетті. Өз қолымен құрған жаңа қоғам өзектен итеріп, ұлтшыл, алашордашыл деген ат тағып, ақыры «халық жауы» деген қорытынды жасап, соңында аярлықпен атты. Атқызғандар алақан соғып, ерін жоктаған есіл елдің есі жиылмай, азалы әнін әлі айтып келеді. Жұрт жазушының «Жұбату», «Қыр балалары», «Сырын білмей – сыртына сенбе», «Бандыны қуған Хамит», «Айша», т. б. әңгіме-повестерін, «Кеңселерде істі қазақ тілінде жүргізуге кірісу», «Ашық хат», «Түркияның жайы», «Шаш қырку туралы» т. б. жазғандарын оқып өзді-өзін жұбатты.

Ақын келмеске кетті. Өнер өрені өмірден өтсе де, көңілден кетпеді. Сандаған ұрпақ Сәкенге деген өз сезімін білдіріп, таланттың көркемдік дәрежесі жоғары шығармаларын асыра айтып, ағат деген кемшіл тұстарына үңіле бастады. Әділі солай...Төрт құбыласы түгел, фәниден шатаспай өткен пенде жоқ. Жұмыр басты пенделерден оқшау тұрған Сәкеннің жетпес жетістіктерін жеткізе алмай келе жатқанымыз болмаса...

Сейфолланың Сәкені өмірге келу мен өмірден өту барын ерте түсінген.

Келте ғұмырдың мән-мағынасын өлеңмен түйіндеген.

Адам керуен, өмір жол,

Ешкімге жат із емес.

Жолмен көшкен керуеннің,

Алды-артыда біз емес, - деп, сөз түйінін былайша тұжырымдайды:

«Керуен көшер, керуен қонар –

Үйреншікті әңгіме.

Бізден қалар талай белгі,

Кейінгіге, мәңгіге».

Бұл өзінің өнеріне сенген Сәкеннің сөзі. Таразыға қалай салсақ та, айтулы азаматтың өнердің жүгін ақын, сазгер, жазушы, мәдениеттанушы, әнші-күйші болып өткергені аян. Бұған оның қоғамдық ісін, қайтпас қайраткерлігін қосыңыз. Қайран қайсарым, шіркін адастырмас шырағым дегенді қайталайсың. Иә, солай, солай бола бермек.

Бұл дарынның дәуірі мен өшпес өнердегі дәстүрі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Даналардан шыққан сөз: Нақылдар жинағы. – Алматы: Мектеп, 1987. – 383 б.
- 2 Жарқырайды Жаңарқаның жұлдызы. Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ, 2009. – 314 б.
- 3 Сәбит Жәнбек «Тұрсынбек Кәкішұлы және қазақ әдебиеттану ғылымының дамуы». – Көкшетау: 2007 – Б.38-50; Сәбит Жәнбек «Сәкен Жүнісов және ұлттық мәдениет». – Көкшетау, 2007. 15-206б.
- 4 Әуезов М. Шыншыл тәкаббар ақын//Соц.Қазақстан. 1936. 12 шілде.
- 5 Мұқанов С. Қазақ әдебиетінде жаңа эра//С.Сейфуллин энциклопедиясы. – Алматы: «Темірқазық» баспасы, 2010. – Б.9-11.
- 6 Мусрепов Г. Вдохновение борьбы и творчество. Правда.1964. 25 октябрь.
- 7 Мустафин Ф. Ой әуендері. – Алматы: Жазушы, 1978. – Б.269-271.
- 8 Ысмайлов Е. Ақын және революция. – Алматы: 1964. – 320 б.

- 9 Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин. – Астана: Фоллант, 2002. – 225 б.
10 Кәкішұлы Т. Мағжан – Сәкен. – Алматы: Қазақ уни-ті, 1999. – 448 б.

ӘОЖ 81'342.003.23

ЖАҚЫПОВ ЖАНТАС АЛТАЙҰЛЫ

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
zhan.zhak58@gmail.com

ЛАТЫН ЖАЗУЛЫ ЕМЛЕ МЕН ОНОМАСТИКА – ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАСЫ

Аннотация: тіл білімінде жаңа парадигмалар тілдегі белгілі бір жайттың уақыт талабына орай жаңа қырларын ашу қажеттігінен келіп шығады. Бұрынғы затқа я құбылысқа басқа ыңғаймен қарау жаңа меже, жаңа өлшем болып саналады. Грамматология дәл қазір қазақ тіл білімі үшін қазір жаңа парадигма болып тұр. Бұл – қазақ жазуын латын әліпбиіне көшірумен тікелей байланысты. Латын әліпбиіне көшу қазақ тілінің, қазақ сөйлеуінің байырғы, табиғи, шын асыл нұсқасын қалпына келтіруді көздегені жөн. Ең алдымен, фонема мен әріптің арақатынасына, жазу тіліне, осыдан келіп шығатын емлеге осы тұрғыдан ден қою – қазақ тілтануының парызы.

Әдебиеттанушы С.Н. Жамбек тілдің осындай өзекті мәселелеріне қалам тартқан. Атап айтқанда, мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қоғамдық жағдайын, жер-су атауларының маңызын, латын әліпбиінің мәселелерін қозғаған. Сондықтан мақалада географиялық атаулардың латын әріпмен қазақша жазылуын баяндау мақсат етілді.

Тірек сөздер: тіл, жазу, ономастика, топоним, латын әліпбиі

Доцент Сәбит Жамбек – елімізге белгілі әдебиеттанушы. Оның назарынан жалпы руханият мәселесі ешқашан сырт қалған жоқ. Сондай мәселелердің бірі – туған тіл тағдыры. С. Жамбектің «Мемлекеттік тілдің болашағы – ел мүддесі» («Бұқпа» газеті, 24 наурыз, 2011, №11(529), «Қазақ ономастикасы: ұлт мүддесі және болашағы», «Латын таңбалы әліпби: қоғамымыз дайын ба?» «Латын әліпбиіне көшкеніміз жөн шығар...» сияқты мақалаларында қазіргі қазақ тіл білімінің жаңа да өткір мәселелеріне шешім іздеген пайымдар баршылық.

Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру көзі ашық қазақтың қайсын болсын бейтарап қалдырмайтыны, қалдырмағаны да белгілі. Сәбит Жамбек те филолог ғалым ретінде өз ұстанымын жариялады [1].

Қазақ жазба сөзінің алдыңғы тарихы көне түркі жазбаларында екені белгілі. С. Жамбек мұны теріс көрмейді, қарайлайды. Бүгінгі күн талабы тұрғысынан былайша баға береді: «көне руника таңбасын жаңғыртайық деушілер қазіргі Қытай, Корей, Жапон елдерінің әлмисақтан келе жатқан бабалар жазуын бүгінгі күнмен сәйкестендіріп отырғанын, мұның өзі оларға патриоттық рух беретінін, кейінгі жастар үшін мұның идеологиялық тұрғыда символикалық мәні бар екенін алға тартады. Біз де бабалар рухын жаңғыртатын бұл таңбалардың идеологиялық тұрғыдағы символикалық мәнін жоққа шығармаймыз. Алайда бүгінгі қарыштап өсіп бара жатқан ақпараттық біліктілік жүйеге негізделген өркениеттің, қоғамның шындығы басқа, талабы бөлек. Мұнымен санаспай болмайды. Тіпті дамыған Қытай, Жапон, Корей елдерінің өзінде осы таңбаларға байланысты шешілмеген мәселелер баршылық. Сондықтан оларда да уақыт өте келе латынға көшу мәселесі талқыланған. Әрі қарай бұл әңгімені соза беру орынсыз бос әңгіме болмақ» [2]. Осы бір тұжырымына қарсы бір уәж айтып кетуді орынсыз деп санамаймыз. Көне түркі жазуын жандандыру нағыз рухани жаңғыру болар еді. Сонда біз, қазақтар, түркі дүниесінің көшбасшысы болар едік. Әлемнің рухани кеңістігінен өзімізге тиесілі орын алатынымыз сөзсіз еді. Әрине, ол әліпбиді сол қалпымен бүгінгі жазу кеңістігіне орната салмаймыз, оны унификациялап жаңғыртып

аламыз. Қазіргі ақпараттануға тағы бір графика, әліпби енгізу қиын іс емес. Өйткені түркі бітігі корей, жапон, ханзу жазуларындай мағыналық әріп емес, дыбыстық жазу ғой.

Сәбит Жамбектің араб әліпбиіне де бүйрегі бұрады. Бұл дұрыс та. Өйткені бұл жазу табиғат айналысына орайластырылған жазу еді. «Бірақ біз қалай айтсақ та тарихи мүмкіндікті, оңтайлы сәттерді дер кезінде жіберіп алдық. Енді оған оралу тіпті де мүмкін емес. Біз қазіргі тарихи реалий, шындықты мойындауымыз қажет» [2].

«Кирилл таңбалы әліпбиімізге келетін болсақ, әрине біздің көзіміз оған әбден үйреніп алған. Төл дыбыстарымыз ерекше таңбалармен белгіленген. Былай қарасаң бұл жазулар тонның ішкі бауындай өзіміздікі сияқты. Мұның бәрі әрине біздің көзіміздің үйреніп кеткендігінен. Біз кирилл жазуынан айрылсақ жаппай сауатсыздыққа ұшырайтын сияқтымыз. Бұл – алдамшы жағдай. Мұндай жазу ауыстыру тек біздің ғана басымыздан өткен жоқ. Бізге қазір Ресейдің рухани-мәдени экспансиясынан, ықпалынан шығуымыз қажет. Қанша дегенмен жазу таңбасында кодталған, символикалық мән бар секілді. Мұның өзі біздер үшін қоғамдық-саяси, психологиялық факторлар екені рас. Бүкіл Еуропа жұрты, түркі жұрттары тұтынып отырған латын әрпіне тезірек көшкеніміз жөн. Және кирилл таңбалы әліпбиіміздегі төл дыбыстарымызға байланысты кеткен фонетикалық олқылықтармызды енді латын жазулы әліпбиімізде қайталамауымыз қажет». Өте орынды пікір. Сөйтіп «Латын әліпбиіне көшкеніміз жөн шығар» деп санайды [2].

Міне, Сәбит Нұрмұхамбетұлының қазақ графикалық кеңістігін латынға көшіру жөніндегі пікірлері осындай. Мақаламыздың атауына орай енді ономастика мәселесіне тоқталайық.

«Қазақ ономастикасы: ұлт мүддесі және болашағы» атты баяндамасында Ақмола, жалпы теріскей өлкеміздің топонимдерінің тұнып тұрған тарих екендігін экстралингвистикалық айғақтар арқылы дәлелдейді. Ұлттық танымның таңбалары екенін көрсетеді.

Жер кімдікі болса, ел де сонікі екені белгілі ғой. Алайда оны таңбалайтын атау соған лайық болуы қажет. Осы бір ақиқатқа адамдар кесірінен зор нұқсан келіп тұрғаны да рас. Біздің еліміздің топонимдеріне қатысты осы бір қайшылықтың салдарынан болар, автор жер-судың қазақ тіліндегі атауларын этнотопоним айрықшалауға мәжбүр. Осы себептен де ол жеріміздегі топонимдерді этнотопоним, экзотопонимдер деп бөледі. Ішкі (өзіндік) топонимдерді эндотопонимдер деп санайды. Сөйтіп, мынадай оптимистік ойға тоқтайды: «Солтүстік Есіл-Көкше өңірі жер-су атауларының осындай ұлттық нақыш пен бояуларға толы поэтикалық эндотопонимдері Патшалық Ресей мен Кеңестік кезеңдегі орыстандыру саясатының арқасында тарихи әділетсіздіктерге ұшырап, бұрмаланды. Осы өңірдегі ұлттық тарихи кеңістіктің ұлттық сипаты құлдырады. Аталмыш өңірде шетелдік славян атаулары басым түсіп, өзіндік экзотопонимін құрады. Соңғы жылдары Ақмола облысында ономастикалық қауырт жұмыс белсенді жүруде. Өңірдің эндотопонимі қалыптасуда» [3].

«Экзо» деген сөз бірреттік, таңсық, уақытша деген сөздермен мәндес екені белгілі. С.Жамбек айтып отырған әділетсіздікке, бұрмалауға ұшыраған топонимдер осындай болса істің бет оңға қарағаны, алайда іс насырға шабатын да сынайы бар.

Енді С. Жамбек жазған латын әліпбиі мен топонимия туралы ой-пікірлерін ары қарай қазіргі тіл білімінің жаңа парадигмасына енгізетін болсақ, топонимдердің латыннегізді қазақ әліпбиінің емлесімен жазылу проблемалары алдан шыға келеді. Бұл проблемалардың дені Сәбит айтқан экзотопонимдерге байланысты екені көрініп отыр.

Қазақ тілі латын жазуына көшкен соң, еліміздің мыңдаған жер-су атауы мен шетелдік атаулар ұлттық әліпби негізінде өзінің бастапқы бірегейлігін жоғалтпай бейнеленуге тиісті.

Географиялық атауларды стандарттау жөніндегі БҰҰ комиссиясы мен Географиялық атаулар жөніндегі БҰҰ сарапшылар тобы орфографиялық, ономастикалық ережелерді латын әрпімен сөздер мен атаулардың дұрыс жазылуын реттейтін және ұлттық қана емес халықаралық тілдің кеңістікте бұлардың нормалануы мен бірегейленуіне бағытталған, қатаң түрде нақтыланған ұлттық бағдарламалар шеңберінде халықаралық стандарттылықты қамтамасыз етуді нұсқайды. Бұл жазылымға әлемнің саяси картасында, Қазақстандағы

картографиялық өнімдердің бәрінде, оқулықтар мен оқу құралдарында, сөздіктер мен анықтамалықтарда, энциклопедияларда, іс қағазын жүргізуде көрсетілмек ономастика атаулының бәрі тартылады. Осыған орай, біздің ономастикалық атауларымыз да, шетелдік ономастикалық атаулар да отандық, халықаралық ресми дереккөздерге, мемлекетаралық келісімдерге, халықаралық картографиялық, геодезиялық өнімдерге, тұтастай айтқанда, бүкіләлемдік ақпараттық-коммуникативтік кеңістікке еркін қосылатын болады. Міне, осы кезде жазуға ала-құлалық, шатастыру мен қиындықтар келуі әбден мүмкін [4].

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитетінің Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «Қазақстан географиялық атауларының латынграфикалы әліпби негізінде жазылу ережелерінің» жобасын жасады. Бұл жоба жалпы қағидат, қазақ тіліндегі географиялық атаулардың ережесі (дауысты дыбыс әріптерінің жазылуы, дауыссыз дыбыс әріптерінің жазылуы), күрделі географиялық атаулардың емлесі, орыс тіліндегі географиялық атаулардың емле ережесі сияқты төрт бөлімнен және қазақ тіліндегі жер-су атауларының типтік үлгілері, қазақ тіліндегі географиялық атаулардың орыс тілінде жазылу ережесі, қазақ тіліндегі халықтық географиялық терминдердің қысқаша тізімі сияқты үш қосымшадан тұрады.

Жалпы қағидат мынадай жайттарды қамтиды:

1. «Қазақстан географиялық атауларының латынграфикалы әліпби негізінде жазылу ережелері» «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы тұңғыш Президентінің 2018 жылғы 19-ақпандағы № 637 Жарлығына сәйкес бекітілген әліпби негізінде Қазақстан географиялық атауларының жазылуын нормалау мақсатында әзірленді.

2. Ереже Қазақстан Республикасындағы географиялық атаулардың, әкімшілік-аумақтық бірлік атауларының карталар, ғылыми әдебиеттер мен анықтамалықтар, туристік және басқа да басылымдар мен бұқаралық ақпарат көздерінде, ресми құжаттарда, ісқағаздарда т.б. мәтіндердегі жазылу нормасын қамтиды.

3. Қазақстандағы орыстілді географиялық атаулар орыс тілінің орфографиялық нормаларына және осы Ереже нормаларына сай латынграфикалы қазақ әліпбиі негізінде жазылады.

4. Ереже нормативтік-құқықтық акт болып табылады.

5. Ереже қазіргі қазақ әдеби тілінің нормасын және 2018 жылы 6-желтоқсанда мақұлданған «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесі ережелерін» негізге алады.

6. Барлық географиялық атаулар бас әріппен жазылады.

7. ҚР екі нұсқада жазылып келген географиялық атаулар латын әліпбиі негізінде мемлекеттік тілде бір нұсқада жазылады.

8. Қазақстандағы бұрмаланып жазылған географиялық атаулар мен әкімшілік-аумақтық бірліктерді сәйкестендіру мақсатында Ереженің ұсынбаларын басшылыққа ала отырып, қолданыстағы заңнамаға сәйкес уәкілетті орган мен жауапты тұлғалар тиісті жұмыстарды атқарады.

9. Ереже ҚР 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» N 151 Заңның 4-тарауының 9-бабындағы «Топонимикалық атауларды, ұйымдардың атауларын пайдалану тәртібі», 5-тараудың 25-1-бабындағы «Ономастика комиссияларының құзыреті» және 25-5-бабындағы «Ономастика жұмысының критерийлері» талаптарын басшылыққа алады.

Сондай-ақ Қазақстандағы елді мекен атауларының транскрипциясын нақтылау, өзгерту, жаңадан ат беру «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» ҚР 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 2572-ХІІ Заң баптары мен «ҚР аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының

транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыз N 281- Қаулысы және «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 Қаулысын басшылыққа ала отырып, Мемлекеттік ономастикалық комиссия шешімі арқылы реттестіріледі [5].

Бұл ережелердің қазақ тіліндегі дара, күрделі топонимдерге байланысты тарау-тармақтары қазақ тіліндегі үндесім мен қисынды ұстанады. Түйткіл қазақ жерінде заңсыз орын алған орыстілді топонимдерде болып тұр. С. Жамбек сенім атқандай, эндотопонимдер латын әліпбиіне көшкенде қалыптасып үлгерген жоқ, ондай жетістікке жетер күн жақын емес сияқты. Сәбит айтқандай, бүгінгі күн реалиясы осылай болып тұр. Ең өкініштісі, ереже бойынша, Қазақстандағы орыстілді географиялық атаулар орыс тілінің орфографиялық нормасына сай латын негізіндегі қазақ әліпбиімен жазылатын болды. Қазақ тілінің сөйлеуіне бейімдесек, бұлар, бәлкім, орынды болар ма еді?

Осы бөлімнің басқа тармақтарын көрсетсек, мына сипаттас болып шығады:

- орыс тілі географиялық атауларындағы *а, е, ё, и, й, о, у, э, ы, ю, я* дауысты дыбыс әріптері қазақ тілі әліпбиіндегі *а, е, е, і, і, о, ұ, е, у, ұ, іа* таңбаларына сәйкес жазылады. Мысалы: *Антоновка – Antonovka; Журавлёво – Jyравlievo, Измайловское – Izmailovskoe; Энтузиаст – Entyziast; Ягодное – Iagodnoe* т.б.

Көріп отырғанымыздай, қазақша айтылым еленбейді екен.

- орыс тілі географиялық атауларындағы *б, д, ф, з, х, ж, к, л, м, н, п, р, с, т, в, з, ш, щ, ц, ч* дауыссыз дыбыс әріптері қазақ тілі әліпбиінің *б, д, ф, г, h, j, k, l, m, n, p, r, s, t, v, z, sh, ch, ts* сәйкес әріптерімен таңбаланатын болды. Мысалы: *Вознесеновка – Voznesenovka; Благодарное – Vlagodarnoe; Гусиное – Gysinoe; Дубовое – Dыbovooe; Мартыново – Martynovo; Песчаное – Peschanooe; Целинное – Tselinnoe; Холмы – Holmy; Чистое – Chistooe; Ключи – Klyuchi* т.б. **Бұл тармақта да қазақша баламасы я түпнұсқасы бар атаулар алға тартылады.**

- орыс тілі географиялық атауларындағы *ь, ь* таңбалары түсіріліп жазылады, ал *ь* таңбасынан кейін дауысты *е* таңбасы келсе, *е* әрпінің алдынан и әрпі жазылатын болады. Мысалы: *Большое Пеньково - Bolshoo Penkovo; Ильмень – Ilmen; Коровье – Korovie* т.б. **Мұнда әліпбиіміздің мүмкіндігі ескерілген (жаңа әліпбиімізде ь, ь таңбалары жоқ).**

- орыс тілі географиялық атауларындағы *-ск, -ский, -ская, -ское, -ка, -ий, -ая, -ое, -о* жалғаулары сақталып жазылатын болады. Бұл орыс тілі сөзі орыс түрінде қалмақ.

- ірі әкімшілік-аумақтық бірліктер: облыс орталықтары, аудан, аудан орталықтары атауларындағы *-ск, -ский, -ское, -ка, -ое, -о* қосымшалары қазақ тіліндегі нұсқасында кей жағдайларда түсіріліп жазылмақ. Мысалы: *Мамлют – Mamlyút, Mamlyútski* емес; *Taran – Taran, Taranovskii* емес; *Лусаков – Lisakov, Lisakovsk* емес; *Степногор – Stepnogor, Stepnogorsk* емес т.б. Алайда бұл пішіндес топонимдер антропоним болса, *-ский* жұрнағы сол қалпымен алынады. Мысалы: *Маяковский, Островский* т.с.с. **Бұл тармақта қазақыландыру сынағы байқалып тұр.**

Сөйтіп, Сәбит Жәмбек жазған латын әліпбиі мен ономастика туралы ой-пікірлер қазақ тіл білімінің жаңа парадигмасының арнасына қосылады. Рухани жаңғыру ісіне өзіндік бір шамада үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Жамбек С. Латын әліпбиіне көшкеніміз жөн шығар...// «Арқа ажары» газеті, 21ақпан, бейсенбі, 2013, № 21 (17282).

2 Жамбек С. Латын таңбалы әліпби: Қоғамымыз дайынба?!// «Арқа ажары» газеті, 12 қыркүйек, сейсенбі, 2017, №103(17984).

3 Жамбек С. Қазақ ономастикасы: ұлт мүддесі және болашағы// «Азат елдің ономастикасы – мемлекетіміздің рухани қазынасы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қостанай. 2017, 27 қазан.

4 Базарбаева З. М., Рысберген К. Споры ради истины. // Казахстанская правда, 18 ноября, 2019 г.

5 Қазақстан географиялық атауларының латынграфикалы әліпби негізінде жазылу ережелері. – Астана: «Тіл-Қазына»

ӘОЖ 82-0

ОРАЗБЕК МАҚПАЛ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Maqpal_zere@mail.ru

ӨРЕЛІ ОЙ, ӨРІСТІ ЗЕРДЕ

(Ғалым Сәбит Жәмбектің ғылыми еңбектері туралы ой)

Аннотация: мақалада ғалым Сәбит Жәмбектің ғылыми еңбектеріне талдау жасалып, әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі туралы жан-жақты талданды. Көкше өңіріндегі фольклорлық жанр сипаты туралы, фольклортанушы ғалымдар туралы, сал-серілер мен жыраулық поэзияны, XIX ғасыр әдебиетін зерттеудегі ерекшелігі мен әдіс-тәсілдері қарастырылып, ғылыми ізденістеріне жоғары баға берілді. Ғалымның әдебиет теориясы мен әдебиет тарихына қатысты зерттеулеріндегі жаңалықтары, тың ғылыми тұжырымы сараланды.

Тірек сөздер: фольклор, әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, поэзия, проза, әдеби жанр, көркем шығарма, әдебиеттанушы

Сәбит Жәмбек – қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында зерделі зерттеулерімен зиялы қауымның назарын аударып жүрген, сөз өнерінде өзіндік орны бар ғалым. Ғалымның қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясын, фольклорын, Көкше өңірінің әдеби мұрасын бар ынта-жігерімен зерттеген еңбектері әдебиеттану ғылымының зор жетістігі деп санаймыз. Ол әдебиеттің бір ғана саласын зерттеумен шектелмейді. Оның аса бай ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, жыраулық поэзияны, XIX ғасыр ақындарын, XX ғасырдың басынан бастап бүгінгі тәуелсіздік кезең әдебиетін тұтас қамтитын танымы терең зерттеулері қазақ әдебиеттануының дамуына қосылған өлшеусіз еңбек болып табылады. Осы тұрғыдан қарағанда Сәбит Жәмбек алдыңғы толқын ағалар Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Т.Кәкішев, Р.Нұрғали сияқты қазақ әдебиеттану ғылымының көшін іргелі зерттеулерімен анағұрлым алға жылжитқан, әлемдік әдебиеттану кеңістігіне жол салған ғұламалардың ізбасары деуге болады.

Академик Зәки Ахметов: «Қазақ сөз өнері, әдебиеті аса бай және өте бағалы қазына болғандықтан әдебиеттану ғылымының өркендемеуге хақысы да жоқ. Аса бай ауыз әдебиеті, Абай мен Әуезові, Жамбыл секілді ұлы тұлғалары, Мағжан мен Сұлтанмахмұт, Сәкен мен Ілияс сияқты дүлдүл ақындары бар елде әдебиет зерттеушілерінің мәдени көштен қалуы орны ойсыраған осалдық болар еді» [1, 111] дейді әдебиеттану ғылымы туралы бір сұхбатында. Осындай телегей-теңіз, аса бай әдеби көштің алдыңғы шебінде Сәбит Жәмбек тұр деп батыл айтуға болады. Шынымен де қазақ әдебиеті телегей теңіз қазына. Осы бір қазынаны тереңнен қазып қопарып, ақ-қарасын айырып, елеп-екшеп елге беру кім көрінгеннің қолынан келмесі анық. Қажыр-қайрат пен зор төзімділікті талап ететін ғылыми жұмыспен айналысу үшін өрелі ой, өрісті зерде қажет. Қазақ әдебиетінің негізі, бастау көзі фольклор десек, Сәбит ағамыз Көкше өңіріндегі фольклорлық мұраларды жүйелеп, жанрлық сипатын талдап, таралу ерекшелігі мен салт дәстүрі туралы бірнеше ауқымды мақала жазды. Ол өзінің «Көкше өңірі фольклорының таралу ареалы» мақаласында: «Көкше өңірінің бай ауыз әдебиеті мұралары тарихи Есіл-Көкше өңіріне түгел тараған. Бір шеті Ресей федерациясының Қорған облысынан, екінші шеті қазіргі Ақмола облысының аудандарын

қамтиды. Бұрынғы Көкшетау облысының шегіндегі Уәлиханов, Қызылту, Тайынша (Чкалов, Красноармейск), Келлер, Айыртау, Рузаев аудандары қазір Солтүстік Қазақстан облысы территориясының құрамына кіреді. Бірақ біз фольклорлық мұраларды жинап зерттегенде Көкше өңірінің бұрынғы қалыптасқан аймақтық межесін еске аламыз. Себебі Көкше өңірінің аймақтық фольклорын аталмыш аудандарсыз елестету мүмкін емес» [2,1] деп Көкше өңірінің бұрынғы аумағына қараған жоғарыда аталған аудандардың барлығын тегіс қамту керектігін еске сала отырып, оның негізгі себептерін нақтылайды. Ғалымның зерттеуінше Ақан сері жайындағы әңгімелер Бурабай, Зеренді аудандары мен Солтүстік Қазақстан облысының Ғабит Мүсірепов, Айыртау аудандарынан табылған, Біржан салға қатысты оқиғалар Ақмола облысының Бурабай, Еңбекшілдер, Ақкөл аудандарынан жазып алынған. Сондай-ақ Көкше өңіріндегі сал-серілер туралы әңгімелер Ресейдің Омбы, Қорған облыстарынан да кездескен. Ғалым ол пікірін 1965 жылы Ресейдің Омбы, Түмен облыстарына Е.Ысмайылов бастап барған ғылыми экспедицияның Орынбай ақынның жырлары мен өмірі туралы нақты білетін адамдарды кездестіргенін дәлелдейтін нақты деректермен тұжырымдайды. Сонымен қатар сол өңірдегі жер-су, елді мекен, тау аттарына қатысты аңыз-әңгімелердің жоғарыда аталған аймақтарда таралып, айтылып жүргенін де тілге тиек етеді. Демек, ғалымның Көкше өңірінің фольклорлық таралу аймағына қатысты пікірі мейлінше заңды әрі логикалық тұрғыдан орынды деуге толық негіз бар. С.Жәмбек Көкше өңіріндегі фольклорлық жанр сипатын да жүйелеп, бір ізге түсірді. Сол өңірде ауыз әдебиетін жинап зерттеу ісіне ХХ ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап С.Сейфуллин, С.Мұқанов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Қ.Сәтбаевтардың ат салысқаны жөнінде де нақты деректер келтіреді. Бұл өңірде халық өлеңдері мен әндерін және аты аңызға айналған Абылай хан, Бөгенбай батыр сияқты т.б.батырлар, сал-серілер туралы ел арасына тараған ұлағатты сөздер мен аңыз-әңгімелер жиналғанын зерттеуші-ғалымдар Б.Уахатов, З.Ахметов еңбектеріндегі мәліметтермен дәлелдейді. Ғалым халық өлеңдерінің ішінде үйлену салт өлеңдеріне беташар, тойбастар, сынсу, бата өлеңдері, жұбату, қоштасу сияқты өлеңдерді жатқызып, оны Көкше өңірінен жинаған ғалымдардың еңбектеріне тоқталады. Соларың ішінде Ә.Диваев пен А.Затаевич еңбектеріне жоғары баға береді. Сондай-ақ бұл өңірде Үкілі Ыбырай, Ақан сері, Біржан сал, Шөже, Орынбай, Арыстанбай сияқты ақындардың да арнау өлеңдері сақталғанын айта келіп, Сырымбетте туып-өскен айтулы өнерпаз – Шәкен Отызбайұлы (1890-1948) «Бөгембай батыр», «Қабанбай батыр», «Ағыбай батыр», «Кенесары-Наурызбай», «Қарға батыр» жырларын жатқа айтып, жеткізгені туралы құнды пікірлер айтады. Көкше өңіріндегі фольклорлық жырларды жүйелеп, оның жиналуы мен зерттелуі туралы жайындағы еңбектері фольклортану ғылымына қосылған зор үлесі болып табылады.

Ғалым өз еңбектерінде фольклортанушы ғалымдардың еңбектерін зор ыждаһаттылықпен талдады. Фольклорды зерттеген ғалымдардың еңбегіне баға беру арқылы олардың еңбектерін бүгінгі ұрпаққа саралап түсіндіріп береді. «Ш.Уәлиханов – эпостанушы» мақаласында Ш.Уәлихановтың Қырғыздың әйгілі эпосы «Манасты» қырғыз манасшыларының аузынан жазып алғанын, «Көкөтай ханның ертегісі» деген ұзақтау бөлімін орысшаға аударғанын сөз ете отырып, орыстар мен еуропа халқына «Манас» жырының алғаш рет Шоқан арқылы таныс болғанын зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып дәлелдейді. Сондай-ақ Шоқанның өткен дәуірлердегі тарихи тұлғалардың тағдыры мен бастарынан өткен оқиғаларға ерекше мән беріп, қазіргі ұрпаққа жеткізуге себепкер болғанын «18 ғ.батырлар жайындағы тарихи аңыздар» деген мақаласында «Абылайдың айналасындағы батырлардың басынан өткен уақиғалары туралы аңыздары сол күйінде жеткізуге тырысады» деп бағалайды. Шоқанның ноғайлы дәуірінде туған жырларды қарастырғанда «ондағы тарихи тұлғалардың есіміне байланысты, тарихи негізі бар әңгіме-жырларға көбірек назар аударды. Бұл жерде Шоқан халқымыздың тарихи, эпостық нұсқаларын тек қана тарихқа қатысты тұрғысынан ғана бағалады деген сөз тумау керек. Ол осындай бай қазынаның көркемдік мән-маңызы мен құндылығына да ерекше зер салған. Мысалы «Ер Қосай» мен «Ер Көкше» жырларын көркемдік шеберлігі тұрғысынан бағалап: «Бұл жырдың тарих тұрғысынан қызықты ештеңесі жоқ. Бірақ жырдың өлеңдік жағы күшті,

әуезді жыр оқиғасы басынан аяғына дейін тартымды» - деп жазады [4,162]. Дей тұрсақ та Шоқан осы әңгіме-жырлардың тарихпен байланысы жағын бірінші орынға қойып, баса көңіл бөледі. Өзінің тарихилық көзқарастағы ұстанымдары арқылы байыпты да құнды байламдар жасайды. Ондағы нақты тарихи оқиғалардың мәніне үңіледі. Ел арасына кең тараған «Еркөкше мен Ерқосай» және «Орақ батыр» жырларына тоқталады». [3, 2] деп Шоқанның аталған жырлардың тарихи ролін бірінші орынға қоюмен бірге олардың көркемдік ерекшелігіне қызығушылығы болған деген тұжырым жасайды. Сондай-ақ Шоқанның ноғайлы дәуіріндегі жырларға ерекше назар аударғанын, соның ішінде Алтын Орда ханы тоқтамыс пен Ноғайлы биі Едігенің араздасып, жауласу тарихы ерекше қызықтарғанына тоқтала отырып «Едіге» жырын алғаш ғылымда танытқан қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов деген байлам жасайды. Оны академик Жирмунскийдің, ғалымдар: Қ.Сәтбаев, М.Тынышбаев, С.Сейфуллин, Ә.Марғұлан, Р.Бердібаев еңбектерімен салыстыра отырып ғылыми негіздейді.

Ғалым С.Жәмбектің фольклортанушылар туралы еңбегінің тағы бірі «Мәлік Ғабдуллин және «Едіге» жыры» деп аталатын мақаласы. Ғалым академик М.Ғабдуллиннің ғылыми мұраларын саралап, ауыз әдебиетін зерттеудегі еңбегін жан-жақты талдап береді. Ауыз әдебиетін зерттеу ісінде М.Ғабдуллиннің Омбы, Санкт-Петербург қалаларындағы қазақ әдебиетіне қатысты материалдарды сұрыптап, зор ізденіспен жинап, жүйелеп іргелі ғылыми еңбек жазғанына ерекше мән береді. Соның ішінде «Қобыланды батыр» жырын зерттеудегі еңбегін ерекше атап, «Едіге» эпосын талдап-түсіндірудегі еңбегін эпостануға қосқан зор үлесі деп таниды. 40-50 жылдардағы солақай саясаттың тезіне түспей, қасқайып қарсы тұрған, батырлар жырын арашалаудағы батыл әрекеттерін де маңызды деп санайды.

Ғалымның әдебиет тарихына қатысты еңбектерін де атап айтуға тиіспіз. Себебі Сәбит Жәмбек ғұн, сақ жазуларынан бастап жыраулар поэзиясында, XIX ғасыр мен XX ғасыр әдебиетінде өзіндік орны бар ақын-жазушылар шығармаларын тұтас қамтып зерттейді. «Ғұн, сақ жазулары және тілі мен Атилла есіміне байланысты кейбір мәселелер...» деп аталатын мақаласында Мажарстан Ғылым академиясының академигі, Сегед университетінің профессоры, академик Андраш Рона-Таштың 2008 жылдың 18 желтоқсандағы «Ана тілі» газетінің тілшісіне берген сұхбатында Атилла есіміне, ғұндар, сақтар тарихына қатысты тұжырымдарында олар иран тілінде сөйлеген деген еуропацентристік көзқарасын аңғарып, соған қарсы батыл, әрі ғылыми негізделген мақала жазды. Ғұндар мен сақтардың түркі тілінде сөйлегенін дәлелдеген ғалымдар: Ә.Марғұлан, К.Ақышев пен С.Аманжоловтың еңбектеріндегі мәліметтерді талдай келе, олардың түркі халықтарының арғы бабалары деген болжамын қолдайтынын білдіреді. «XVIII ғасырда қытай тілінен аударылған И.Дегиннің еңбегін ерекше атауымыз қажет. Ғұн, үйсін, қаңлы, түркі тайпалары туралы бай мәліметтерді қытайдың ескі тарихи жазба көздерінен орысшаға аударған қажырлы ғалым Н.Я.Бичурин. Ғұндар мен түркілердің бір халық екенін көптеген ғалымдар дәлелдеген. Олардың ішінде Ф.Хирт, С.Паркер, Абел Ремюза, Прай, А.А.Куник, В.В.Радлов, И.Дегин, В.А.Пановтар болды. В.В.Радлов түріктердің ғұндардан шыққандығын сирек фактілермен дәлелдей отырып, осы көзқарасқа қарсы болған ғалымдарды қатты шенейді» [4:3] деп мажар ғалымының пікіріндегі еуропацентристік біржақты көзқарасқа қарсы И.Дегин, Я.Бичурин, Ф.Хирт, С.Паркер, В.В.Радлов сияқты әлемдік ғалымдардың еңбектерінен нақты мысал келтіре отырып, дәлелді пікір айтады. Әдебиетші ғалым тек көркем шығарманы зерттеумен ғана шектелмейтіні С.Жәмбектің осы аталған мақаласынан айқын көрінеді. Ғалым әдебиетке қатысты өзге ғалымдардың тұжырымын тез аңғарып, оны талғамының таразысынан өткізіп, талдап-түсіндіруімен де ғылыми көзқарасын негіздейді. Осыған байланысты қазақ әдебиетінің тарихына, хандық дәуір әдебиетіне қатысты Ұлытау өңірі туралы «Қазақ әдебиетіндегі Ұлытау тақырыбы» мақаласында осы қасиетті мекен жайындағы аңыз-әңгімелерді талдап, қазақтың «ұлы жүз», «орта жүз», «кіші жүз» атануы мен «Алаша ханды» ақ киізге көтеріп хан сайлауы туралы аңызға ерекше мән береді. Сондай-ақ Жошы хан туралы аңыздар мен Ақсақ Темір, Едіге, Кенесары туралы аңыздардың Ұлытау тақырыбын қозғайтынына назар аударады.

Ғалымның әдебиет тарихына қатысты мақаласының бірі «Қазақ тарихындағы Қожаберген жырау тұлғасы» деп аталады. Қожаберген жыраудың әдебиеттегі орнын анықтауда мақаланың ролі өте зор болды. Жырау көпке атақты «Елім-ай» әнімен белгілі екенін білеміз. Бұл мақалада ғалым Қожаберген жыраудың «Ер Көкше», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Ер Қойлыбай», «Қасқа жолды Ер Қасым», «Қабанбай батыр», «Ер Қосай», «Асан ата», «Ер Жәнібек», «Қорқыт баба», «Орақ батыр», «Ер Едіге», сонымен қатар елге «Қарғыс атқан қалқам-ай» «Шоңғал, шоңғал, шоңғал тас», «Сылаң сыр», «Балқан, Балқан, Балқан тау», «Қазақ пен ноғайдың қоштасуы» сияқты көптеген жыр-дастандар мен өлеңдердің авторы екенін атап көрсетіп, аталған дастандары мен өлеңдерін талдап береді.

Әдебиет тарихын зерттеуде Сәбит Жәмбек еңбектерінің ішінде Қожахмет Ясауидің шығармашылығы турасындағы Алтын Орда дәуірінің әдебиеті, сопылық әдебиет туралы мақаласының орны ерекше деп батыл айта аламыз. Бұл мақалада Диуани хикметке қатысты құнды пікірлер айтады. «Яссауидің өзі жазған, авторлығы сақталған қолжазба біздің заманымызға жеткен жоқ. Ол басында ежелгі қазақ ру-тайпаларының арасында ауызша жатталып, XVI-XVII ғ.ғ. қағазға түскен болуы мүмкін. Яссауидің бізге жеткен «Диуани хикметі» оның кейінгі шәкірттерінің әртүрлі уақытта көшіріп жазған көшірме қолжазбалары. Негізінен түркі тілдерінің оғыз-қыпшақ диалектінде жазылған. «Диуани хикмет» - тек таза тілдік, әдеби, тарихи ескерткіш ғана емес, ол түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының рухани-мәдени дамуында өшпес із қалдырған, көптеген ғасырлар бойы халқымызды адамгершілік, имандылық, ғибраттылық, өнегелік жолына үндеп келген, маңызы орасан зор рухани мұрамыз!» деген жоғары баға береді. Сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауидің «Диуанның» көшірмелері Көкшетаудан табылғандығы туралы жаңалақты жайып салады. Яссауи хикметтерінің Көкшетау нұсқасында 59 хикмет бар екенін, ғасырлар бойы сақталған шығарманың біраз хикметтерін оқу қиынға түскен, қағаздары ескіріп, әріптері көрінбей қалған. Бірақ 56 хикметтің аударылып бәзге жетуін зор олжа деп санайды.

Ғалымның жыраулар поэзиясын зерттеудегі зор еңбегі Абылайхан тақырыбы. Ол «Жыраулар поэзиясындағы Абылайхан дәуіріне қатысты тарихи шындық сипаттары» мақаласында XVIII ғасыр ақындары Тәтіғара, Үмбетей, Бұқар жырау өлеңдеріндегі Абылай хан бейнесіне тоқталып, жан-жақты талдай келе тарихи шындықпен салыстырады. Тәтіғараның «Қамыстың басы майда, түбі сайда», «Кебеже қарын, кең құрсақ» толғауларындағы Шақшақұлы Жәнібек, Бөгембай батыр, Уақ Деріпсәлі мен Баян, Сары батырлар мен Бәсентиін Малайсары батырлардың тарихта болғандығы және олардың жауға қарсы соғыстағы ерлігі туралы Ш.Уәлихановтың еңбегіндегі тарихи деректер мен жыр жолдарындағы аталған батырларға қатысты тарихи оқиғалар мен жырдың шығуына себеп болған жағдайды салыстыра талдайды. «Қамыстың басы майда, түбі сайда» өлеңін жорықта жүріп шығарған Тәтіғараның нақты оқиғаның куәсі болғанын да баяндайды. Сол сияқты Абылай бастаған қазақ әскерлері сан жағынан күші басым қытай-мәнжүр әскерлерімен соғыста шегіне жүріп соғысуға мәжбүр болған. Абылай әскерінің еңсесі түскенін көрген Тәтіғара жырау оларды жігерлендіріп, рухын көтеру мақсатында «Кебеже қарын, кең құрсақ» өлеңін табан астында суырып салып, жырлаған деген тұжырым айтады. Оны Ш.Уәлиханов еңбегіндегі оқиғамен салыстыра отырып дәлелдейді. Ғалым аталған ақын өлеңдерінде Абылайхан мен оның сарбаздарына қатысты жырланған оқиғаны нақты дәлелдермен мысал келтіре отырып тарихи шындық екеніне көз жеткізеді. Үмбетей жыраудың да Бөгембай өлімін естірткен кездегі Абылай хан туралы санамалап айтқан оқиғаларды М.Мағауин зерттеулеріндегі мәліметке сүйену арқылы тарихи шындықты негіз етеді. Ғалым шығарманы зерттеу барысында сол кезді зерттеген ғалымдар пікірін негізге алып отырады. Құрғақ сөздер мен бос пайымдауларға, негізсіз тұжырымдарға жол бермейді.

Ғалым Сәбит Жәмбек жыраулар поэзиясын зерттеу барысында олардың өлеңдеріндегі тарихи шындықты ашуға ұмтылады. Тарихи сипаттарын анықтауды көздейді. Оны Бұқар жырау шығармаларын талдауынан да байқаймыз. Өлең жолдарындағы мағынасы түсініксіз сөздерді реконструкция жасауға кеңес береді.

Жыраулар поэзиясының тарихи сипаттарын анықтауда зор мән берген тұлға – Кетбұғы бейнесі. Ол Доспамбет жыраудың әйгілі «Кетбұғыдай билерден кеңес сұрар күн қайда» деген өлең жолдарында не үшін оның аты аталғандығына үңіле келе, тарихшы Н.Мынжанұлының еңбектеріндегі деректер мен Ш.Әбеновтың «Қорқыттың қобызы» шығармасындағы мәтінге, «Қазақ совет энциклопедиясына», Л.Гумилев пікірлеріне және Тұрсын Жұртбаевтың «Дулыға» тарихи шығармасына сілтеме жасай отырып, Кетбұғаның тарихи тұлғасын алдап береді. Ғалым жыраулар поэзиясын талдауда тарихи оқиғалармен салыстырып, шындық оқиғаның ізін ашуды мақсат етеді.

Ғалым Сәбит Жәмбек әдебиет тарихын, теориясын, сынын тұтас қамтып, жан-жақты зерттеген ғалым. Оны бір мақаланың көлеміне сыйғызып талдау мүмкін емес. Себебі ХІХ ғасыр әдебиетінде сал-серілер творчестосына бір емес бірнеше мақала арнаған. Біржан сал, Ақан сері шығармаларын жеке-жеке зерттеген. Абай шығармашылығын да сан қырынан қарастырған. Пушкин шығармашылығымен салыстыра талдаған мақаласы, ислам құндылықтарымен байланысы туралы мақаласы да арнайы талдауды қажет етеді. Сондай-ақ ХХ ғасырдың басындағы Мағжан поэзиясын, Қошқе Кемеңгеров, Бернияз Күлеев шығармашылығын зерттеуі ғалымның ғылыми әлеуетінің зор екенін, өте ауқымды екенін дәлелдейді. Сонымен бірге ХХ ғасырдағы поэзия, проза жанрында қалам тербеген ақын-жазушылар шығармаларын назарынан тыс қалдырмаған. Ақын Марфуға Айтқожина, Естай Мырзахметов, жазушы Сәкен Жүнісов шығармаларындағы көркемдік таным, суреткерлік ерекшелік, жанр сипаты, кейіпкер болмысы терең талданған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Ахметов З. Асыл сөз арнасы: Зерттеу, сұхбат, сын. – Алматы: «Арда», 2008, - 400 б.
- 2 Жәмбек С. Көкше өңірі фольклорының таралу ареалы // «Ж.Мұсаұлы: қазақ филологиясының мәселелері» атты ІІ Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Көкшетау, 2014, – 79-85 бб.
- 3 Жәмбек С. Ш.Уәлиханов – эпостанушы // БҚМУ хабаршысы №1 2016 жыл, – Орал.
- 4 Жәмбек С. Ғұн, сақ жазулары және тілі мен Атилла есіміне байланысты кейбір мәселелер// Халықаралық түркологиялық конференция жинағы. Халықаралық «Түркі әлемі» Академиясы. – Астана, 2011.

ӘОЖ 811 (5Қ)

ТІЛЕУБАЕВ СОВЕТХАН БАЯНҰЛЫ
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан
E-mail: tleubaev63@mail.ru

ЕЛІН СҮЙГЕН – ЕРЕН ТҰЛҒА

Аннотация: мақалада Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Сәбит Жәмбектің ұстаздық, ғылыми шығармашылық жұмыстары туралы айтылады. С.Жәмбектің Көкшетау өңірінің Ақан сері, Біржан сал сынды маңдайға біткен құндыздарының шығармашылығына терең талдау жасай білген мақалалары және Естай Мырзахметов, Төлеген Қажыбаев т.б. ақын жазушылары, осы өңірден шыққан атақты тұлғалар туралы жазған ғылыми мақалаларына шолу жасалды. Мақала С.Жәмбектің ұстаздық, ғалымдық, адами болмысын сипаттайды. С.Жәмбектің 60 жылдық мерейлі мерейтойына арналады

Тірек сөздер: Көкше, филология факультеті, жастық шақ, дәріс, домбыра, ғалым, әдебиетші.

Адам өмірінің қызық та қимас кезеңі – жастық шақ. Әсіресе, армандаған оқуыңды бітіріп, жүрегің қалаған мамандық иесі атанып, алғаш қызмет атқарған кезеңде танысып, біліскен жандардың орны ерекше. Өткен ғасырдың 80 жылдарының соңында қазақтың маңдайына біткен сол кездегі қос университетті ҚазМУ мен ҚарМУ-ды қатар аяқтадық.

Көрікті Көкшедегі Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау педагогикалық институтына (қазіргі Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті) ол Қарағандыдан Е.Букетов атындағы ҚарМУ-ды, мен Алматыдан әл-Фараби атындағы ҚазМУ-ды бітіріп (ол кезде С.М.Киров атындағы) қызметке бірге келдік. Бір кафедрадамыз, жөн сұрасып, таныстық. Міне, мен Сәбит Нұрмұхамбетұлы Жәмбекті осы кезден бері білемін. Қыз мінезді, баяу сөйлейтін, сыпайы, салмақты жігіт екен. Ақсүйектік байқалады. Сезімталдық, сырбаздық аңғарылады. Ептеп домбыра тартады. Шертпе күйдің шебер орындаушысы. Институтта, жатақханада, кітапханада кездесіп жүрдік. Тоталитарлық жүйенің тоңы жібіп, сеңі бұзыла бастаған шақ. Алаш арыстары ақтала бастаған кезең. Қазақтың маңдайына сыймай кеткен талантты ақын, жазықсыз жаламен атылып кеткен аяулы арыстарымыздың бірі Мағжан Жұмабаев атындағы студенттердің «Жас қалам» атты әдеби бірлестігін құрдық. Қатар дәріс оқимыз. Алдымызда ақылшы ағаларымыз Көкше өңіріне ғана емес республикаға танымал ғалымдардың бірі кафедра меңгерушісі, бірі факультет деканы Жағыпар Мұсаұлы, Оғаз Арыстанғалиұлы, Нарбай Сафиянұлы, Аманжол Ыдырысұлы, таланты тарихшы, ақынжанды азамат Тоқтар Қожин. Осы бір айтулы тұлғалар студенттер конференциясының төрінде отырады. Бәрі де білгір. Әрқайсысы өз саласының, өздері зерттеп жүрген дәуірдің белгілі мамандары болғандықтан, әрбір студенттің баяндамасы жан-жақты талқыланады. Әділ сын, тұщымды пікір айтылып, ақыл-кеңес берілетін.

Ұстаздық қызмет-абыройлы, мерейлі қызмет десек те, бұл салаға екінің бірінің бұрыла бермесі анық. Оқу-ағарту ісі, білім-ғылым жолы қиын, әрі бұралаң-қалтарысы көп күрделі жол. С.Жәмбекұлының әдебиетші ғалымдығы, ғылыми-педагогикалық қызметі Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетімен, оның ішінде филология факультетімен тығыз байланысты. Біраз уақыт қазақ әдебиеті тарихынан, әдебиет теориясынан дәріс оқып, кейін ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне қарай бет бұрды. Ұстаздық қызметпен қатар ғылым жолына да қадам жасады. Алматымен, қасиетті қарашаңырақ Қазақ ұлттық университетінің ұстаз ғалымдарымен байланыс жасап, ғылыми жұмысының тақырыбын, зерттеу нысанын белгілей бастады. Көрнекті әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор біздің ұстазымыз Ханғали аға Сүйіншәлиевтің ғылыми жұмысына жетекші болуға келісімін алды. Тақырыбын бекітті. Кандидаттық диссертация тақырыбы, жалпы ғылыми жұмыс ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Бернияз Күлеев шығармашылығына арналды. Ғылыми зерттеу мен ізденістің өзіндік өзгешелігі, сыр-сипаттары бар. Ғылыми тақырып бекіту, оны жазу мен жариялау ісі, көпшілік алдында ашық әрі дербес қорғау төзімділік пен еңбекқорлықты қажет етеді. Менің Сәбит досым ғылым жолындағы белгілі-белгісіз, көлеңкелі-көңілсіз тұстар, қиындықтар мен кедергілерді жеңе алды. Жұмысын сәтті аяқтап, қорғай білді. Ол туралы көрнекті әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірхан Әбдиманұлы өзінің «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» деген еңбегінде былай дейді: «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне тұнба тұнық жыр, көрікті де көркем поэзияны әкелген көрнекті ақынды тануға, танытуға біраз зерттеушілер өз үлестерін қосты. Олар - Бернияздың ақындығын әр қырынан зерттеп, жан-жақты танытуға лайықты үлес қосқан көрнекті ғалымдар: Ы.Дүйсенбаев, Б.Кенжебаев, Ә.Дербісалин, К.Шәменов, С.Жәмбеков және тағы басқалар деп атап өтеді» [1.367]. Бұл әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан ғалым С.Жәмбектің ғылымдағы қол жеткен табыстарын, ұзақ жемісті еңбегін бағалаудың бір қыры ғана Б.Күлеев – шығармашылық жолын ағартушылықтан бастаған ақын. Сыршылдық, сыр мен сезім тоғысы оның барлық туындысына тән. Ақын туған әдебиеті үшін аянбай еңбек етті. Оның шығармашылығы үшін жемісті болған кезең 1919 жыл болады. Осы кезеңде ақын өндірте жазып, әртүрлі тақырыпқа қалам тербейді. Рухы биік ақын үшін бұл жыл-сапалық тұрғыдан жетілу жылы болды. Не бары 24 жыл ғұмыр кешіп, көк өрім кезінде көз жұмған, өзінен үлкен үміт күткен алдыңғы ағалары мен жырларын сүйсіне оқыған қалың оқырманын орны толмас қайғыға батырып кете барған Бернияз ақынның соңында айшықты жырлары қалды. Міне, осы жауһар жырдың қазақ оқырманының игілігіне айналуына, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті деген әдебиеттің үлкен кезеңінен өзіндік орнын алуына, әділ

бағалануына әдебиет зерттеушісі ретінде С.Жәмбек өзінің өткір ойларымен, өзіндік қайталанбас соны пікірлерімен, тың тұжырымдарымен көп еңбек сіңірді, көзге түсті. Аузы дуалы ағаларының назарына ілікті. Қазақ әдебиеттану ғылымының абыздарына айналған біздің университеттегі, ғылымдағы сүйікті ұстаздарымыз Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, Ханғали Сүйіншәлиев, Алма Қыраубаева, Жанғара Дәдебаев, Өмірхан Әбдиманұлы, Құныпия Алпысбаевтардың, өз замандастары: Жолдасбек Мәмбетов, Шоқан Шортанбаевтардың Сәбит досымыз жайлы айтқан ағалық ақжайма пікірлерінің, ыстық ілтипаттарының, достық пейілдерінің куәсі болдық, құлағымызбен естідік. Досымыз үшін қуанып, досымыз үшін марқайдық.

Бүгінде алпыстың асқарына шығып отырған Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Сәбит Нұрмұхамбетұлы Жәмбектің еңбекқорлығы мен сан қырлы қабілет-қарымы адамды еріксіз тәнті етеді. Үнемі ізденіс үстінде жүретін ғалымның ғылыми тереңдігі, дүниетанымының кеңдігі Көкше өңірінен шыққан сал-серілер, әншілер мен ақын-жазушылар, фольклорлық мұралар, олардың жиналуы, зерттелуі туралы жазған ғылыми-танымдық мақалалары соның айқын дәлелі. Ақан серінің әнші, композиторлығымен қатар ақындық қырына талдау жасайды. Жазба поэзия дәстүріне, соның ішінде, Абай поэзиясына тән ұқсастықтар мен үндесулерді нақты мысалдармен дәлелдеп отырады. Ақан серінің «Мылтық пен мергеншілік» өлеңі Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңімен рухтас. Дәлел керек пе? Өлеңдерді салыстырып қараңыз, Сәбиттің тұжырымының дұрыстығына көзіңіз жетеді [2].

Мен «Біржан алтын таудай айқындалған.» атты мақаласында Біржан творчествосына жан-жақты талдау жасайды. Қазақтың бай ауыз әдебиеті мен музыкалық фольклорының Біржан шығармашылығында алатын орны жайлы, оның Абайдай данышпанмен кездесуінің оң әсері туралы тың деректер келтіреді. Біржан мен Сараның айтысы, олардың кездесуінің тарихы жайлы қызықты дәйектермен сөйлейді. Айтыс өмірде болмаған, оны Әріп ақын жанынан шығарған деген кейбір зерттеушілердің пікірімен келіспейтіндігін батыл түрде білдіреді. Біржанның Жетісуға баруы, Сарамен кездесуі жайлы тарихи деректерге сүйене отырып, өз көзқарасын дәлелдейді. Біржанның ағалары Ержан мен Нұржанның Меккеге қажылық сапары, қырғыз манабы Шәбденмен құдалығы, сол жерде Сара туралы естігендігін негізге алады. Есімбек би, Тұрысбек қажылардың адами қасиеттеріне тоқталады. Біржанның ән мәтіні мен әуенінің органикалық тұтастығына назар аударады [3,3].

Қазақтың ағартушы ғалымы, көрнекті фольклор зерттеушісі Шоқан Уәлихановтың эпостану ғылымына қосқан үлесі, оның әдебиеттанушы ғалымдығы туралы «Ш.Уәлиханов-эпостанушы» атты мақаласында кеңінен тоқталады. Қырғыздың әйгілі эпосы «Манас» жырының, Ер Қосай», «Ер Көкше» жырларының жазылып алыну тарихы, көркемдік мән-маңызы туралы Шоқан Уәлихановтың ой-пікірлері мен тұжырымдарына ғылыми тұрғыдан дәлелдер тауып, өткір тұжырым жасайды. Едіге жырының тарихи негіздерін ғылымда саралап, алғаш пікір айтқан Ш.Уәлиханов екеніне тоқталады. Қазақ ғылымының мақтанышы Шоқанның қазақ әдебиетін танып, бағалаудағы өзінің тарихилық принципін берік ұстанғандығын көпшілік назарына жеткізуді мақсат етеді [4].

Қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Көкшетау пединститутындағы қызметіміз кезінде танысып, ағалы-інілі сыйластықта болған айтулы тұлғалар Естай Мырзахметов пен Төлеген Қажыбаев шығармашылығы жайлы Сәбит Нұрмұхамбетұлының жазған ғылыми мақалалары жан сүйсінтеді. «Е.Мырзахметов прозасының белестері» атты мақаласында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жалғыз Көкшетаудың емес исі қазақтың мақтанышы Естай ағамыздың шығармашылығына кеңінен тоқталады. Қазақ әдебиетінің алтын қорынан ойып тұрып орын алған Естай ағамыздың «Сынық шаңғы», «Туған күн», «Он бес жыл өткен соң», «Хайроштың аманаты», «Көгалдайдың көк шапағы» повестер мен әңгімелер жинағы «Медет» романы туралы Сәбит Жәмбеков тереңнен толғанып, құнды ғылыми теориялық талдаулар жасайды. Оқырмандарды Есағанның әр шығармасының кейіпкерлерімен бірге қуанып, бірге мұңайып, солар өмір сүрген ортаға қарай еріксіз жетелейді. Өзіміз студент

кезімізде жата-жастанып оқыған «Медет» романы туралы, бас кейіпкер Медеттің тағдыры туралы жан-жақты талдау жасайды. Естай Мырзахметов шығармаларының көркемдік қуаты, образдар жүйесінің саналуандығы, тілдік ерекшелігі, кейіпкерлер өмір сүрген кезеңдегі уақыт пен кеңістік туралы кеңінен сөз болады. Жазушының Көкше өңірінің тарихы туралы жазған публицистикалық мақалалары мен әлем, одақ әдебиетінен аударған аудармалары да ғалым С.Жәмбектің назарынан тыс қалмайды [5,5].

«Сезім болып буырқанған Төлеген-жыр» деген мақаласы Көкше жеріндегі жыр жампозы, қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ерекше талант иесі ақын, драматург, прозашы, көсемсөзші, журналист Төлеген Қажыбай шығармашылығына арналған. Төлеген ағамыздың сұлууда сыршыл, шуақ нұрға толы көркем де кербез өлең әлеміне Сәбитпен бірге саяхат жасайсыз. Жан жадыратар жылы жырдың сиқырлы әлеміне бой ұрасыз. Сұлулығына сұқтанып, ақынның әдемі поэтикалық әуеніне құлақ түресіз. Төлеген болып мұңаясыз, Төлеген болып толғанасыз. Ақын жырларындағы сөзбен салынған суретті тамашалайсыз. Ғалым өз пайымдауларында ақын поэзиясының стилін, оның даралық болмысы мен ерекшелігін айқындайтын өлшем-оның көркем, айшықты, бейнелі де бедерлі тіліне тоқталады:

Сезім бердің-мен неге сезінбеймін;
Жүрек бердің-қызықтан безінбеймін;
Сабыр бердің-тастабан төзімдеймін;
Қайрат бердің-қайыңның безіндеймін;
Қайғы бердің-мен қалай жеңілдеймін;
Аз ғана ғұмыр бердің-өліаракезіндеймін;
Сана бердің-ой кешіп көз ілмеймін;

Ақынның әрбір сөзі құрғақ ділмәрсу, жалаң тілден аулақ, тайпалған жорғаның жүрісіндей әсер қалдыратын сезімге толы суреттен тұратын көркем тіл. Ақын жырларында қоғам, заман, дәуір, адам болмысын өз жүрегі, өз сезімі арқылы өткізіп, өз оқырмандарын ойлылығымен, сыршылдығымен тербеп, өмір-дүние туралы ойларға жетелеп келе жатқандығын ғалым Сәбит Жәмбек тап басып айта білген [6].

Осы бағыттағы жазған дүниелерін оқып, ой-елегінен өткізіп отырып, Сәбит достың отыз жылға жуық қызмет еткен ұстаз, ғалым атандырған, жар сүйгізіп, ұрпақ өрбітіп, сый-құрметке бөлеп отырған киелі Көкше жеріне, оның жандүниелері Көкшенің табиғатындай сұлу халқына деген перзенттік алғысы мен ыстық ықыласы болар деген ойға қаласың.

Сәбит Жәмбектің ғылыми мақаларымен танысу барысында атамай кетуге болмайтын тағы бір тұшымды дүниесі 1991 жылы 9 ақпанда жастардың Республикалық газеті «Өркенде» жарияланған Қазақтың көрнекті ақыны, драматург Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты белгілі қоғам қайраткері Нұрлан Оразалиннің поэзиясы жайында жазылған «Өлең де сұлулықты қалайды» атты мақаласы. Бұл мақала ақын Нұлан Оразалиннің «Жетінші құрлық» деген атпен жарық көрген өлеңдер жинағын талдауға арналған. Университетті жаңа бітіріп келген жас әдебиетші Сәбит Жәмбектің сол кездегі аяқ алысы мен сөз саптасына, салиқалы ой-пікіріне риза боласыз. Ақын өлеңдерін әр қырынан қарастырып сұлулық дүниесі, әсемдік әлемі, сыршыл поэзиясы туралы сөз қозғайды. Нұлан ақынның осы жинақтағы «Таныстыру» атты өлеңіндегі лирикалық кейіпкері өз ұлына өзі өскен мекенді, туған үйінің бұрынғы орнын, бір әулеттің жұртын, аталарының ескі қорымын көрсетуі әсерлі шыққан. Қос күмбездің қасындағы төмпешікте менің атам, сенің бабаң жатыр дейді ұлына:

Білем...Білем...Көкейінде сұрау көп.
Әкемнеге сәл мұңайып тұр-ау» деп
Қиналма ұлым, тізе бүк,
Жатыр мұнда ту көтерген бір әулет.
Осы арада туып өскен, жар құшқан,
(Көсегесі көгергендей алғыстан)
Талып кісі жатыр ұйықтап ұл сүйген,
Қыз да сүйген,

Салын, жанын сақтап сан қыстан, - дегенде жүрегіңіз ерекше шым етіп, өн бойыңызға біртүрлі беймәлім ыстық сағыныш ағыны тарайды. Көкірекке лықсып келген, аяулы бейне көпкедейін көз алдыңнан сәулеленіп кетпей қояды. Міне, осы тектес парастты пайымдаулар мен терең талдаулар Сәбит Жәмбектің ғылыми еңбектерінің өзегі деуге болады [7,2].

Көкшетау университетінің киесіндей болған бүгінде арамызда жоқ, кәтепті қара нардай ағаларымыз Жағыпар Мұсаұлы, Оғаз Арыстанғалиұлы, Нарбай Сафиянұлымен сыйласып, інілік ізетінен жаңылмай құрметтеп, еркелеп, білікті әріптес бола алды. Бүгінгі күні солардың көзіндей болып, қасында бірге қызмет істеп жүрген Көкшенің көзі тірі шежіресі, көрнекті ғалым ағасы Аманжол Ыдырысұлына деген шынайы інілік ізетін, жүрекжарды лебізін естіп, біліп көріп жүрміз. Тектілік пен имандылықтың, адалдықтың белгісі дегеніміз осы болар.

Сәбит доспен арамызда берік байланыс, шынайы сыйластық бар. Кездесіп, жүздесіп хабарласып тұрамыз. Бір-бірімізге сезім шуағын, жан жылуын сыйлауға тырысамыз. Өмір атты алып кемеде әрқайсымыз өз бағытымызда аман-есен жүзіп келеміз. Қысқа ғұмыр, өлшеулі өмірде сезім селдіреп, арамыз алшақтамаса екен. Ұстаздық қызметте, ғалымдық жолда қанатың талмасын, еңбегің жансын, өрісің тарылмасын, Сәбе! Халқың қадіріңе жетсін, алпысың құтты болсын, паң Нұрмұхамбеттің баласы!

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы 2017, -437 бб.
- 2 Жәмбек С.Н. Ақан серінің шайырлық болмысы//Ақан сері Қорамсаұлының 175 жылдығына арналған «Бір кезде Ақан едім аспандағы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2018, 44-48 б.
- 3 Жәмбек С.Н. Мен Біржан алтын таудай айқындалған // «Көкшетау» газеті, 30 шілде, 1999.
- 4 Жәмбек С. Ш.Уәлиханов –эпостанушы// БҚМУ хабаршысы, №1. 2016 жыл, – Орал.
- 5 Е.Мырзахметов прозасының белестері. Көгалдайдың көкшақпағы. – Алматы,1987.
- 6 Жәмбек С.Н. Сезім болып бұрқанған Төлеген – жыр //«Бұқпа» - тәуелсіз газет, –Көкшетау-Ақмола, Қызылжар өңірінің апталығы, №47 (616) 29 қараша, 2012.
- 7 Өлең де сұлулықты қалайды //«Өркен» газеті, –Алматы, республикалық жастар газеті, 9 ақпан, 1991.

ӘОЖ 821-0

МАМЫТ АМАНГЕЛДІ АЛТЫБАЙҰЛЫ
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан

С.ЖӘМБЕК ЖӘНЕ КӨКШЕ ФОЛЬКЛОРЫ

Аннотация: мақалада зерттеуші ғалым Сәбит Жәмбектің фольклорға арналған әдеби-зерттеу мақалаларының әдебиеттану ғылымындағы мән, мағынасы, алар орны қарастырылды. Көкше фольклоры жайлы мақалаларының өзіндік дара ерекшеліктері көрсетілді.

Тірек сөздер: фольклор, фольклортану, Көкше фольклоры, сал-серілік.

Фольклор – халықтың баға жетпес рухани қазынасы. Сан мыңдаған жылдар бойы ұрпақтан ұрпаққа ауызша жетіп, тала-талай өнерпаздардың сүзгісінен өткен таза мінсіз інжу-маржан іспетті.

Кеңес дәуіріндегі қоғамдық ғылымға үстемдік құрып келген тұрпайы таптық саяси көзқарас фольклорлық мұраларды тереңдеп тануға зардабын тигізгені белгілі. Халық ауыз әдебиетімен қатар оны зерттейтін ғылым – фольклортану да бұғауда болды. Саяси шектеулермен қатар, ұлттық фольклордың тарихы мен теориясы еуроцентристік ұғым-түсініктердің жетегіне жіпсіз байланды. Сондықтан, орыс ауыз әдебиетінде бар жанрлар мен көркемдік таным-түсініктердің шеңберінде ғана қарастытырылған ұлттық сөз өнері мұраларының болмыс-бітімін, өзіндік табиғатын толық зерделеуге жол жабық еді. Кең

байтақ қазақ жерінің жеке өңірлеріндегі халықтың рухани мұраларын хатқа түсіру, олардың өзіндік ерекшелігін ғылыми сараптау жұмыстары да дұрыс жолға қойылмады. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Сәбит Нұрмұханбетұлы Жәмбек тәуелсіздік таңы атқан сәттен өңірлік фольклорға ден қойған екен. Мұны ғалымның «Көкше өңірі фольклорының таралу ареалы», «Көкше өңірі фольклорының жанрлық сипаты», «Көкше өңіріндегі халық әдебиеті нұсқаларының таралу өрісі», «Қазақ мәдениетіндегі сал-серілік дәстүр», «Балуан Шолақтың дәуірі мен сал-серілік өнер», «Сұңқардың жебесіндей ұшқыр ақын» (халық ақыны Орынбай Бертағыұлы шығармашылығы туралы), «Мәлік Ғабдуллин және «Едіге» жыры» деген ғылыми зерттеу мақалаларынан анық байқауға болады.

Сәбит Нұрмұханбетұлының «Көкше өңірі фольклорының таралу ареалы» атты мақаласы аймақтағы ауыз әдебиеті мұраларын жинау мен теориялық тұрғыдан саралау мәселелерін қамтыған. Табиғат сұлулығымен көз тартатын Көкше халық шығармашылығына да бай. Осынау көрікті мекенде дүйім жұртты ауызына қаратқан ділмар шешендердің, эпикалық дастандарды таңнан таң асыра орындайтын жыршылардың, талайларды тамсантқан күміс көмей әншілер мен сал-серілердің басқан іздері сайрап жатыр. Ал, ел жадында шығармашылық мұралары сақтаулы. Бұл туралы ғалым С.Жәмбек өзінің мақаласында: «Көкше өңірі – ежелден фольклорлық мұраларға бай. Өңірде сақталған, әлі де жалғасып келе жатқан ел мұраларының негізін патшалық Ресейдің отарлаушылық саясаты да, ұлт мұраларына деген Кеңестік сыңаржақ саясат та шайқай алмады. Ел мұралары әр түрлі саяси канъюктураға қарамастан, өзінің дәстүрлі эволюциялық жолымен дамып, жаңғырып жатты», - деп жазады. Ғалым Көкше өңірінің аумағы бір шеті Ресей федерациясының Қорған облысы, екінші шеті қазіргі Ақмола облысының аудандары мен бұрынғы Көкшетау облысының шегіндегі Уәлиханов, Қызылту, Тайынша, Келлер, Айыртау, Рузаев аудандары қазір Солтүстік Қазақстан облысы территориясының құрамына кірген мекендер деп көрсетеді. Аталған мәселеге қатысты «Көкше өңірінің халық әдебиеті нұсқаларының таралу өрісі» атты келесі бір мақаласында: «Көкше өңіріндегі ел мұраларының алтын қоры әр түрлі кезеңдегі ұлт мәдениетіне, руханиятына деген зарарлы, сыңаржақ саясаттың өктемділігіне, ызғарына қарамастан өз негізін шайқатпай, сарқылтпай сақтап қалды», - деп ой түйеді. Автор «Көкше өңірі фольклорының жанрлық сипаты» деген зерттеуінде жергілікті халық мұраларының жанрлық сипатына, таралу өрісі мен өзіндік нұсқаларына ғылыми талдау жасайды. Өңірлік фольклор ерекшелігін зерделеген еңбектерінде әдебиетші ғалым кейде поэтикалық пафосқа да ерік береді. «Жер шоқтығы – Көкшетау!... Иә, мұны ұғыну үшін бұл өңірді аңыз, ертегіге айналдырған сал-серілер, әнші-ақындар Біржан, Ақан, Ыбырайлардың көзімен қарау керек. Әйтпесе көгілдір мұнараға оранған көкшіл аспан асты, көгілдір таулардың баурайындағы мөлдіреп қана толқып жатқан мына көлдердің Күміскөл, Айнакөл екенін тани алмайсыз! Тостаған жанарлары сәл мұнарланып қиығынан от шашқан арудың көзіндей көлдердің келбетін бұдан басқа теңеудің дәл беруі мүмкін емес. Ботаның көзіндей мөлдіреген, енді бірде тұңғыық терең сырға бөлейтін көлдер күміс десе күміс, айна десе айна дерсіз», - деп тебіренеді. Шынында да, Көкшенің көркем көрінісі кім-кімнің болсын көңілін толқытпай қоймас! Мұны Көкше табиғатын алғаш көрген кезімізде өз басымыздан өткіздік те, Сәбит Жәмбектің ескерткеніндей сал-серілер көзімен қарау керек екенін сезіндік.

Көкше дегенде сал-серілік, ал сал-сері десек Көкше жері көз алдымызға келетіні жасырын емес. Ғалым Сәбит Жәмбек «Қазақ мәдениетіндегі сал-серілік дәстүр» деген мақаласына осы мәселені өзек етеді. Өзінің бастауын ежелгі дәуірден алатын сал-серілік өнер ұлттық мәдениетіміздің биік белесі болғаны анық. Сал мен серілік өнердің генезисі мен болмыс-бітімі туралы Ш.Уәлиханов, Г.Потанин, А.Алекторов, М.Ж.Көпеев, Ә.Диваев, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, А.Затаевич, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин, Е.Тұрсынов, С.Садырбаев, С.Қасабасов т.б. еңбектерінде түрлі бағыттағы ғылыми тұжырымдар бар. Автор сол түйінді пікірлерге талдау жасайды. Кейінгі кездегі зерттеушілер Саят Баймұратұлы, Досай Кенжетай, Өмір Тұяқбай, Таласбек Әсемқұлов, Серікбол

Қондыбай еңбектеріндегі сал-серілікті діни ұғыммен, қазақ хандығындағы батырлық, әскери жауынгерлік жүйемен байланысына қатысты пікірлерін салыстыра зерделейді. Сәбит Нұрмұханбетұлы: «Біз сал мен сері дегенде көбіне тіл ұшына Біржан мен Ақан есімдері оралады. Біржанды сал дейміз де, Ақанды сері дейміз. Себебі Біржанның бойында салдықтың белгісі мол көрінсе, Ақанда серілік өнердің қасиеті басым. Осыдан кейін Біржан сал мен Ақан сері есімдері сал мен сері сөздерінің баламасы, синонимі сияқты болып кеткен. Алайда мәселеге көз жүгіртсек, сал мен серілік тек Біржан мен Ақан құнарланған Сарыарқадағы өнерпаздық топырақта ХҮІІ ғ. аяғы мен ХҮІІІ ғасырларда Дәстем сал, Дүйсен сері, Салғара, Жанақ, Шағырай сал, Жанат сері, Сейітжан сал, Құман сері, Нияз сері, Көрпеш сал, Шәрке сал, Сегіз серілер өткен», - деп жазады. ХХ ғасырда сал-серілік өнер тоқырауға ұшырап, тарих сахнасынан кете бастады. Академик Ә.Марғұлан бұл жөнінде былай дейді: «Арқаның салдарының келіп жеткен дәурені ХІХ ғасырдың соңы, одан кейін олар мүлде жойыла бастады. Бұл тегінде тұрмыспен байланысты іс болу керек. ХІХ ғасырдың соңынан былай қарай салдар ел ауызында аңызға айналып, тек олардың айтып кеткен әндері, күйлері, жырлары сақталып келеді. Салдарды, серіні ұмытпаған көбінесе қазақтың жас әйелдері, әдемі киініп жүрген жас жігіттерді олар «сал», «сері» деп атады. Сол айтқан кезден бастап сал өмірі бүтіндей азғындады. ХХ ғасырдың басында олар тым өрескел түрге көшті. «Салмын» деп өзін-өзі атап жүрген кісілердің бойында, жан күйінде бұрынғы салдықтың көркем түрі болмады. Ол бір құбыжық ойынға, өрескел іске айналды. «Салмын» деушілер жаман ертоқымын теріс ерттеп, киімін теріс киіп, азып кетті. Ондай «салдар» қатарында айтылатын кісілер Тоқыруыннан шыққан Нұралының Сүлеймені, Кеңесбайдың Оспанбайы. «Сал» боламыз деп олар барлық малын босқа қырып, пішінін құлатып, ойына келгенін істеді».

С.Жәмбек өзінің «Балуан Шолақ дәуірі немесе сал-серілік өнер» атты ғылыми еңбегінде осы тақырыпты тереңдете зерттейді. «Балуан Шолақ (Нұрмұхаммед) Баймырзаұлы ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында жасаған қазақ руханиятының тарихында өшпес із қалдырған саңлақ өнерпаздың бірі. Ол – қазақ мәдениетіндегі ерекше құбылыс сал-серілік өнердің жүйріктері – Сегіз сері, Шәрпе сал, Шағырай сал, Жанат сері, Көрпеш сал, Нияз сері, Біржан сал, Ақан серілердің дәстүрін ХХ ғасырда дамытып, өркендеткен ерен тұлға. Балуан Шолақтың ерекшелігі – ол тек ақындық, әншілік, композиторлықпен ғана шектелмей өнерпаздықтың басқа қырларын, атап айтсақ, ұлттық спорттың төресі – күрес өнерінде жауырыны жерге тимеген, аңызға айналған палуан болып танылғанында», - деп әрі қарай, - «...Балуан Шолақ және оның замандастары Иман Жүсіп, Мәди, Қанапия, Шашубайлар тек әнші-композитор ғана болып қоймай, сал-серіліктің өзге де қырларын, әсіресе ұлттық спорт ойындары, далалық цирк өнерінің алуан қырларын шебер игерген саңлақтар ретінде халық жүрегінде сақталады», - деп жазады. Сәбит Нұрмұханбетұлы өз зерттеулерінде сал-серілік қана емес, жалпы Көкше өңіріндегі халық шығармашылығының дамуы, оның өзіндік ерекшелігі, оны тудырушы, жеткізуші халық ақындары туралы да жан-жақты зерделейді. Сондай еңбектерінің бірі – Орынбай Бертағыұлы шығармашылығына арналған «Сұңқардың жебесіндей ұшқыр ақын» атты мақаласы. Ғалым «...Көкше өңірі өнердің талай тарланбоздары мен ақиық ақындар, әншілер мен күйшілер жасаған сырлы өлке болса, өзінің аясында өмір сүрген жандардың болмыс-бітімінің сұлу, нәзік талғамды, сыршыл сезімді болып келуі жаратылыстың бір заңдылығы тәрізді», - деп толғанады. «Орынбай Бертағыұлы – ХІХ ғасырда өмір сүрген, соңына өшпес мирас, көркем мұра қалдырған айтулы ірі айтыс ақындарының бірі болған. Ақынның қолдағы әдеби мұрасына жан-жақты зерделей қарасақ, өз дәуірінің талай дүлділ, саңлақ айтыскерлерімен кездесіп, көбінде жеңіп отырғандығын бағамдаймыз. Осындай дүлділ өнерпаздың ғұмыры мен шығармашылық жолы оқырмандарымызға әлі де кең танымал емес», - деп өкініш білдіреді. Осы олқылықтың орнын шамасы келгенінше толтыруға тырысады. Ақынның ілгеріде жарық көрген айтыстарын, олар жөнінде жазылған пікірлерді сараптан өткізіп, айтыстарын ғылыми тұрғыдан талдау арқылы шығармашылығының мән-маңызын ашып көрсетеді.

С.Жәмбектің фольклортануға бағытталған мақалаларының ішінде айрықша атауға лайық еңбегі - «Мәлік Ғабдуллин және Едіге жыры» мақаласы. Ғалым: «Кеңестер Одағының батыры, академик Мәлік Ғабдуллиннің шығармашылық қырларын санамалағанда, оның ірі фольклоршы ғалым, публицист, жазушы, әдебиет сыншысы, қоғам қайраткері т.б. қырлары жалғаса беретінін көреміз», - дей келе,- «Өз дәуірінің биік зияткерлік ақыл-ойы мен болмысының нарқасқасы еді», - деп жазады. Осындай нартұлғаның өміріне шолу жасап, фольклортануға байланысты зерттеулеріне талдау жүргізеді. Соның ішінде «Едіге» жыры туралы ғылыми еңбектеріне айрықша тоқталады. Фольклортанушы Мәлік Ғабдуллиннің талай буын шәкірттерді халықтық мұраларды қастерлеуге, мән-маңызын түсінуге баулыған кітабы – жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» деген оқулығы. Бұл – ұлттық фольклор туындыларын терең ғылыми талдаудан өткізген, өз кезеңіндегі толыққанды оқу құралы десек асылық емес. Оқулықтың алты тарауында ауыз әдебиетінің негізгі жанрлары жан-жақты сараланып, шәкірттерге мол түсінік береді. Кіріспе бөлімінде халықтық мұралардың өзіндік белгілері туралы, ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен айырмашылығы мен байланысы жөнінде дәлелді пікірлер келтіреді. Әрине, сол заманға сай, фольклорға қатысты марксизм-ленинизм классиктерінің түйінді ойларын алға тартады. Осы тұста, біз өткеннің бәрін жоққа шығаруға тырысатын бүгінгі тым әсіре жаңашыл, жадағай тұжырымдарға әуестенушілік ғылымда жетістікке жеткізбейтінін, қайта адастыратын жол екенін ескертуіміз ләзім. Ал, Сәбит Жәмбектің Көкше фольклорына қатысты мақалалары салмақты да салиқалы тұжырымдардан тұратын зерттеулер екеніне көз жеткіздік.

Алпыстың асқарына шыққан ғалымды мерейтойымен құттықтап, ғылыми-шығармашылық жұмыстарына толағай табыстар тілеп, Көкше фольклорын жан-жақты тереңдеп зерттейтін шәкірттеріңіз көбейе берсін деген ізгі ниет білдіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Жәмбек С. Көкше өңіріндегі халық әдебиеті нұсқаларының таралу өрісі// «Ж.Мұсаұлы: қазақ филологиясының мәселелері» атты II Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Көкшетау, 2014.79-85 б.б.

2 Жәмбек С. Көкше өңіріндегі халық әдебиеті нұсқаларының таралу өрісі/«Жер шоқтығы» әдеби-мәдени және қоғамдық журналы. №3 (13), қыркүйек, 2015. – 78-88 б.б.

ӘОЖ 82:809.434.2

АХАТ НҰРТАС АХАТҰЛЫ

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі

Көкшетау, Қазақстан

Nur.skiv@mail.ru

СӘБИТ ЖӘМБЕКТІҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИ ТУЫНДЫЛАРЫ ХАҚЫНДА

Аннотация: ғылым тек тоқтаусыз дамып отырғанда ғана ғылым бола алады. Өйткені ол – Адам интеллектісінің, ақыл-ой, парасатының шарықтау биігі, толассыз дамуының шексіз көкжиегі. Ғылымның дамуы ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ұласып жататын өнеге-үлгі, дәстүр жалғастығына байланысты, ал бұл жалғастық ғылым дүниесіне жаңалық әкеліп жатқан әрбір жаңа еңбекке ғалымдар қауымының әрдайым сергек қарап, сарапқа салып, оң не теріс қабақпен қабылдауына, бағасын беріп, ғылым саласынан орын беріп, санатқа қосу, қоспауына байланысты. «Ғалымды бағалау – ғылымды бағалаудан тұады» деудің себебі де осы бір қалыптасқан тамаша дәстүрге байланысты. Мақалада осындай қазақ әдебиеті ғылымын өркендетуге үлес қосып жүрген әдебиетші ғалым Сәбит Нұрмұхамедұлының көркем әдеби туындылар жазудағы еңбектері жайында айтылады. Жазушының көркем әдебиеттегі әңгіме, хикаят, драма, роман-эссе жанрлары бойынша жазылған туындылары әдебиеттің дамуына зор үлесін қосқандығы талданады. Сонымен қатар мақалада ғалымның азаматтық поэзиясын жаңа ракурста, соны рельефте жазғандығы сөз болмақ.

Тірек сөздер: әдебиет, реализм, әлемдік интеграция, жаңа ракурс, аксиомалық принцип.

Әдебиеттің, соның ішінде ғылымға қатысы бар бағыттағы әдебиеттің кез-келген қоғамда қажеттілігі орасан зор. Әсіресе, қазіргі әлемдік интеграция процесі жылдам дамып, ғылым мен экономиканың біртұтас жүйеге түскен шағында, жасанды интеллектінің жаңалығы күнделікті ақпаратқа айналғанда ғылыми әдебиеттің құндылығы арта береді. Әдебиет пен ғылым егіз. Тіпті кез келген әдебиет жанрының өзі белгілікті жағдайда ғылымның аксиомалық принциптеріне негізделіп жататыны белгілі.

Қазақ әдебиеті ғылымы әлем әдебиеті ғылымынан сәл кештеу дамыса да, ХХ ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін еркін әрі жедел дамудың арқасында үлкен жетістіктерге жетті. Бұл жолда қазақ әдебиеті ғалымдардың қабілет қарымының, зор интеллектуалдық біліктіліктерінің жоғары деңгейде болуы дәлел.

Көкше өңіріндегі қара шаңырақ бүгінгі Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетіне өткен ғасырдың 80 жылдарының соңын ала жұмысқа орналасып, сол кездегі әдебиеттің марқасқалары О.Сұлтаняев, Н.Ыбыраев, Ж.Мусиндердің ғылыми мектебінен ұлағат алған Сәбит Нұрмұхамедұлы тамаша ғалым ретінде қалыптасты. Оқу орнында ашылғанына көп уақыт өтпеген қазақ тілі мен әдебиеті факультетінің аяғынан тік тұрып, сапалы мамандар даярлануына үлкен үлес қосты.

Сәбит Жәмбектің ғылымдағы, педагогикалық қызметіндегі еңбегі елге танылған. Біз осы мақаламызда ғалымның өз ғұмырындағы ой тоқтатып, салмақпен таразы басын тартқан елуден кейінгі шағындағы көркем әдеби туындылар жазудағы еңбегіне тоқталсақ деп отырмыз.

Сәбит Жәмбек – ғалымдығымен қатар соңғы жылдары көркем шығармаға да қол тартқан тұлға. Көркем әдебиеттегі әңгіме, хикаят, драма, роман-эссе жанрлары бойынша қалам тербеген. Ғалымның ХХ ғасырдың басында қазақ әдебиетінде найзағайдай жарқ етіп, жаңа поэзияның соңғы бағытта дамуына айырықша өң берген қазақтың біртуар ақыны Бернияз Күлеевтің ақындық мұрасын ғылыми айналымға енгізгені мәлім. Ал осынау талантты тұлғаның жарқ еткен жұмбақ ғұмырындағы оқиғаны «Наган» жыры әңгімесінде көркем беруі сәтті шыққан. Көркем прозадағы әңгіме жанрына қойылатын талапты ескере отырып, ұзын-сонар баяндауларсыз, тек дарынды ақынның өмірінің бір ғана сәтін әсем әсерлі суреттеу арқылы бере білген. Әңгімені оқыған санасы жетілген оқырман болса, одан әрі Бернияздың бүкіл ғұмырын зерттеуге оның ақындық өнерінің қыр-сырларын түсінуге бет бұратынын сезу қиын емес. Расында да ХХ ғасырдың басында, жаңа қоғамдық сана қалыптаса бастаған шақта бұрын қазақта болмаған тосын оқиғамен есте қалдырған Бернияз тарихы тек қазақтың ғана емес, сонымен қатар туысқан татар ұлтының да жүрегінен ұзақ уақыт шықпай, тіпті белгілі «Наган жыры» әнінің тууына себепкер болғаны есте.

Әдебиеттің бір мақсаты – бүгінгі қоғамның әлпетін, даму деңгейін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты көркем тілмен оқырманға жеткізе білу. Өткен ғасырдың аяғындағы қазақ ауылындағы өтпелі кезең өмірі өте ауыр болғаны аян. Бұрынғы кеңес жүйесі келмеске кетіп, жаңа қоғам әлі толық еніп болмаған өліара шақтағы қазақ ауылының кейпін «Күрмеу» әңгімесі арқылы суреттеуде Сәбит Жәмбек сол кездегі қарапайым адам психологиясындағы өзгерістерді негізгі тақырыпқа айналдырады. «Күрмеу» әңгімесінің аяқталмауы – оқырман үшін өзіне таңдау жасауға жетелейді. Әңгіменің аты «Күрмеу» болуында да символикалық мағыналы астар жатыр. Қазақта күрмеп байлау әдісі бар, ол жай шешілмейді. Тек арнайы тәсіл арқылы ғана білетін адам шешіп алады. Ал, әңгіменің тақырыбындағы күрмеу сөзінің идеялық мағынасы – қазақ ауылының сол кездегі әлеуметтік, тұрмыстық, тіпті саяси-экономикалық мәселесінің тіпті бүгінгі күні де шешілмеуі, яғни күрмеуі күрделене түскенін анықтауға апарды. Аз ғана әңгіме мәтінінің соңындағы лейтмотивте Секеннің «Ақ жауын» күйінің ойналуы, оған дейін елден келген жары Жазираның ауылға оралу туралы хатының әсері, тұрмыстың тауқыметін көрген Бейсеннің түсінде отбасын көруі – бәрі қазақ қоғамындағы жаңа өзгерістер басталған тұстағы ортақ ауыртпашылықтың көрінісін байқатады.

Сәбит Жәмбектің келесі бір көркем туындысы «Жазмыш» деп аталады. Сәбең оны кітабында әңгіме деп, ал мазмұнында хикаят деп қойған екен. Туындының сюжет желісі, болған оқиғаны баяндау тәсілі негізінде өмірден нақты фактілерге сүйене отырып алынғанға ұқсайды. Және мазмұндағы көптеген атаулар мен есімдер сәл өңі өзгеріп айтылғанмен, меніңше, Сәбит Нұрмұхамедұлының өзі тұрып жатқан қалада, (бұл жерде облыс орталығы Көгілдіртау) өзі қызмет атқарған білім ордасында болғанға ұқсайды.

Р.Якобсон «Реализм дегеніміз не? Бұл – шындықты өмірге барынша жақын беруге ұмтылатын көркемдік әдіс. Реалистік шығарма деп, біз өмірді шындыққа жақын бейнелейтін шығармаларды айтамыз» [1, 267] дегені Сәбит Жәмбектің көркем туындыларының негізгі тақырыптық кредосын анықтайды. Туынды аспаннан алынбаған, ойдан шығарылмаған, яғни біз өмір сүрген қоғамның айнасы. «Күрмеу» әңгімесі, «Жазмыш» хикаяты да біздің қоғам, кейіпкерлері де біз жүрген ортаның адамдары, түрін түстеп, өздік танытын жандар (персонаждар).

Сәбит Жәмбектің осы үш көркем туындысы да қазақ ұлтына етене жақын тақырып. Ұлттың ұлы тұлғасының портретіне терең зерделей көз жіберу «Наган жыры» әңгімесінде көрінсе, халықтың бұл жерде қазақ ұлтының, тұрмыс-тіршіліктің өзін өмір сүрген қоғамның көзқарасы арқылы сипаттау «Күрмеу» әңгімесі мен «Жазмыш» хикаяты арқылы беріліп отыр. Яғни, бұл туындылар ғалым С.Жәмбекті ендігі жерде көркем суреткер ретінде көрсетеді. Сонымен қатар ғалымның азаматтық поэзиясын жаңа ракурста, соны рельефте көреміз. Ол – жазушылық стильдің қалыптасқанын, не қалыптасу жолында екенін айғақтайды. Меніңше, ғалым С.Жәмбектің алдағы уақытта жазушы ретінде кесек шығармалар жазуға бара алатын қабілетінің мол екені байқалады. Екіншіден, Сәбең әдебиеттің жілік майын шағып ішкен маман, әдебиет теориясы, тарихы, сынын жан-жақты меңгерген, қазақ, түркі әдебиеті ғана емес бүгінгі әлем әдебиетінің жауһарларын оқып тауысқан, оның даму тенденциясының тамырын ұстап отырған білгір. «Асылында стильдің негізгі түп-тамыры – формалық әр алуандықтан гөрі идеялық басты ой ұстанымынан нәр алушылығында болып келеді» [2, 170] дейтін болсақ, көркем прозаға қалам тербей бастаған С.Жәмбектің негізгі стилі – идеяны бере білуінде ғой деп ойлаймын.

Біз, Сәбит Жәмбектің барлық көркем туындыларын талдауды мақсат тұтпадық. Мәселен, «Шоқан боп сүйген жүрек» атты алғашқы драмасы бар. Оның тарихи тұлға, ғұлама данышпан Шоқан Уәлихановқа арналғаны белгілі. Бірақ осынау атақты тұлғаның қамшының сабындай қысқа ғұмырын зерттеген, жазған ғалымдар мен жазушылар жүздеп саналады. Бірақ қанша айтылды, жазылды, зерттелді десек те ғалым ретінде көп білетіндігі басым түскен С.Жәмбектің өзгелер айта алмаған бір тарихты, бұл жерде Шоқан мен Настяның (Анастасия Николаевна Голицина) арасындағы сезім қарым-қатынасын суреттеу арқылы көркем әдеби драманың форматында беруі тамаша әрі оңтайлы ұйғарым деп шешкен дұрыс.

Ал Сәбит Нұрмұхамедұлының «Себезгі сырлар үзігі» оның гармониялық жан-жақтылығын әдебиетші ғалым, ұстаз-педагог, филолог-эстет жазушы ретінде танытатын туындысы деп қараған жөн. Асылында, ішкі терең таным-түйсігі өзінің оқып-тоқығаны мол интеллектілік қабілетімен ұштасып жатқандықтан Сәбеңде көптеген конструктивтік, коммуникативтік, перцептивтік, дидактикалық қасиеттердің мол екенін білеміз.

Сәбеңнің өмірлік кредосын оның «Намыс философиясын сөз етсең, көп нәрсе айтуға болатын сияқты,» (әке туралы пайымдамасы) «Күлбілте, жалтақтығымыз көп», «Біздің ағайынға айқындық, туралық, батылдық қажет!», «Әй, осы қазақбайлығымыз-ай», «Біздер не істеп жүрміз осы?!», «Біздегі жеңсік көңілдің сыр-сипаты осындай!», «Жұмақты да, тамұқты да орнататын-адамдар!», «Қазіргі билікке құрақ ұшатын жانتықтар!», «Бізге катарсис қажет-ақ!», «Саналы дүниелеріміз азайып кетті» деген өз хақлиялық жазбаларынан анықтап алуға болады.

Біз тәлім алып, тәрбие нәрімен сусындаған Шоқан атындағы білім қара шаңырағында саналы ғұмырын ғылым мен білімге арнап келе жатқан ғалым, ұстаз, толық бітімді тұлға Сәбит Жәмбектің алдағы уақытта да атқарар жұмыстарына шығармашылық табыстар тілеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Нұрғали Р. Әдебиет теориясы. – Астана: Фолиант баспасы, 2003. – 267 бет.

2 Қалшабек А. Әдебиеттану ғылымына кіріспе. – Астана: Фолиант баспасы, 2016. – 170 б.

ӘОЖ 82.0(5Қ)

АҚТАНОВА АЙМАН СОВЕТҚЫЗЫ.
Шәкәрім атындағы Семей университеті
Семей, Қазақстан
aktanova_aiman@mail.ru

СӘБИТ ЖӘМБЕК ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫ МЕН ТЕОРИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация: мақалада әдебиеттанушы ғалым Сәбит Жәмбектің ғылыми зерттеулерінің әдебиеттану ғылымындағы маңыздылығы, өзекті ойлары қарастырылды. Ұстаз-ғалымның қазақ әдебиеті тарихының кезең-кезеңдері, әдебиет теориясының мәселелері туралы зерттеу мақалаларының мәні ашылды.

Тірек сөздер: қазақ әдебиетінің тарихы, автор ұстанымы, авторлық дүниетаным, экзистенциялық көңіл-күй

Қазақ әдебиеті пәніні жоғары оқу орыныдарында оқытудың өзіндік ерекшелігі бар. Ол алдымен сол ЖОО дәріс беруші ұстаздарға байланысты. Ұстаз жан-жақты, әрі қазақ әдебиеті тарихы мен теориясын, әдістемесін терең меңгерген маман болуы керек. Сондай маман ғалым Көкшетаудың университетіне қызмет етеді. Ол – филология ғылымдарының кандидаты, профессор Сәбит Жәмбек.

Ұстаз-ғалымның қазақ әдебиеті тарихының кезең-кезеңдері туралы, әдебиет теориясының мәселелері туралы зерттеу мақалалары студент жастың бұл мәселелерге жаңаша қарауына жол ашады. Ғалымның «Абай мен Пушкиндегі поэтикалық өріс», «Ақанның өнерпаздық болмысы», «Диуани Хикметтің» Көкшетау нұсқасы туралы бірер сөз», «Балуан Шолақтың дәуірі немесе салсерілік өнер», «Ғалихан Ахметовтің «Біржан сал» романы», «Ғабит Мүсірепов прозасының суреткерлік бітімі», «Ғұн, сақ жазулары және тілі мен Атилла есіміне байланысты кейбір мәселелер...», «Доспамбет жырау», «Қазақ поэзиясындағы экзистенциялық көңіл-күй» және тағы басқа көптеген мақалалары мен зерттеулері оның жан-жақты екенін байқатады. Әдебиет тарихы кезеңдері, әдебиет теориясындағы зерттеу назарынан тыс қалып қойған ғылыми тұжырымдар ғалым зерттеулерінде өз орнын тапқан.

«Қазақ поэзиясындағы экзистенциялық көңіл-күй» мақаласында ғалым қазақ поэзиясындағы автор ұстанымы пен авторлық дүниетаным үйлесімін экзистенциялық көңіл-күй деген терминмен алып келіп оның мәнін ғылыми пайымдау арқылы ашады. Бұлай талдау студенттерге әдебиет теориясы пәнін өткенде маңызды. Ғалым: «Экзистенциалдық көңіл-күйдегі кейіпкер алдағы күнге, заман реңіне алаңдаушылықпен, беймаза көңілмен қарайды. Ішкі бір торығу, дүние-тіршілікке уайым көзімен қарау басым келеді. Адам өзінің ішкі мәнін тек қана өліммен, қорқынышпен бетпе-бет келгенде табады» -дей келе, М. Жұмабаев, М. Мақатаев, Т. Айбергенов, Ж. Жаңыпбаев өлеңдеріндегі адам жандүниесіндегі табиғатпен үйлесіп келіп ақын әлемін көрсететін тұстарға назар аудартады. Біздің де ғалымның бұл зерттеулеріне назар аударып отырғанымыз, қазақ әдебиеті теориясында бүгінгі күні экзистенциялық туралы жалпы айтылғанымен нақтылы мысалдар беріліп зерттеген дүниелердің аз болуы.

Ғалымның әсіресе Бернияз Күлейұлы өмірі мен шығармашылығына ден қойғаны және ақын шығармашылығы мен өмірі туралы терең зерттеулер жасағаны көрінеді. Небәрі 24 жас жасаған қазақтың дарынды ақыны қазақ әдебиеті тарихында көп зерттеле қоймаған тұлға ретінде қарастырылады. Расында да, Бернияз ақынның шығармашылы туралы зерттеулер

оның шығармашылық өмірінің жан-жақты қарастырған ба? Бұл туралы С. Жәбмек «Бернияздың өмірбаянына қатысты деректер өте мардымсыз, тапшы. Жиырмасыншы жылдардағы қазақ газеттеріне шыққан замандастарының бірлі-жарым естеліктері мен бірді-екілі монографиялық еңбектердегі ақынның өміріне қатысты айтылған деректер ғана бар.» - деп алады да ақын өміріне қатысты тарихи деректерді келтіреді. Зерттеуші Бернияз Күлейұлының шығармашылығын жақсы білетін журналист Мерғали Ешмұхамедұлының “Еңбекші қазақ” газетінің 1928 жылғы 30 наурыз күні шыққан №72 санында жарияланған “Күлейұлы Бернияз” деген мақаласындағы негізгі ойды тірек етіп зерттеу жасағанын айтады. Бұл ғалымның ақын өмірі мен шығармашылығы туралы ақынды көзі көрген замандасының деректерінен бастағандығын көрсетеді. Сондай-ақ, «Бұдан кейін “Еңбекші қазақ” газетінің 1923 жылғы №19 санындағы ақын қазасына байланысты берілген “Бернияз Күлеев” деген азанаманы (некролог) осы газеттің 1923 жылғы 1 наурыз №69 санындағы Таласбаевтың «Бернияз Күлеев» деген мақаласын, Ақдәулетұлы Әбділдәнің Мерғали Ешмұхамедұлының мақаласын сынау мақсатында жазылған, айтыс ретінде деп берілген осы газеттің 1928 жылғы 10 сәуір №81 санында жарияланған «Күлейұлы Бернияз туралы» деген мақаласын, Жетісу облыстық «Тілші» газетінің 1923 жылғы 20 наурыз №28 санындағы Мағжан Жұмабаевтың «Бернияз Күлеев» деген мақаласын ақын өмірбаянына қатысты аздап деректер алуға болатын нұсқаларға жатқызуға болады» - деп ғалым әдебиеті тарихындағы тарихи деректерге мән бере отырып жүргізілетін зерттеу жасайды.

Ғалым ретінде ақын өмірін жете зерттеген адам енді жазушы ретінде Бернияз Күлеевтің өмірінің соңғы кезеңі туралы «Наган жыры» деген әңгімесінде жазған. Әңгімеде татар қызы Зейнеп пен Бернияз арасындағы шынайы таза сезім мен сол сезім жетегіндегі екі жастың қазасы туралы айтылады. Шынайы таза махаббаттың құрбаны болған екі жастың соңғы диалогтары да сәтті берілген. Авторға сөз берсек: «Сары уайым мұны да иектеп алған. Бернияз өзінің соңғы кезде іштей бір берік байламға бел буып жүргенін қызға сездірмек болды.

- Біздің махаббатымыз бақытсыз да баянсызда болды-ау, Бернияз-деп Зейнеп солқылдап ұзақ жылады.

- Қойшы, жыламашы, жаным! Енді мен не қылайын! Өзімнің де қолымнан келер дәрмен жоқ. Мен бір шешімге келмекші болып отырмын.

- Қандай шешім?

- Сені кездестіргенде өзімді бақытты сезініп ем! Енді дүниедегі ең бақытсыз мен екем! Сенсіз маған бұл өмірде қызық та, мән де жоқ! Сенсіз өмірдің құны маған бес тиін. Сен маған ренжіме. Мен кетемін. Мені бұл ақырғы көруің. Қош!

- Қайда?!-деп Зейнеп шошып кетті.-Еліңе кетпекшісің?

- Жоқ, жаным! Сені тастап, мен еліме қалай қайтам! Мен о дүниеге аттануға біржола бет қойдым. Сенсіз өмір-тұл! Көп ойланып, толғанып, жүрегімді қатайтып, осындай қатал шешімге келіп отырмын. Мені бұл жолдан ешкім қайтара алмайды. Сөкпе! Жағдайымды түсінерсің, кешір мені!-дейді, Бернияз алабұртып, дауысы дірілдей шығып.

- Бернияз, не дегенің?! Мені жалғыз тастап қалайша кетпекшісің? Мені де ала кет! Будым мен де басымды осы шешімге! Кетсек бірге кетейік! Сенсіз маған да өмір жоқ! Артында қала алмаймын! Саған деген махаббатым маған бәрінен де жоғары!-деп, Зейнеп қыстыға жылап, басын жігіттің омырауына қойды. Олар өзара ақылдасып, берік бір байламға келді. Үнсіз келісіп, қабақпен ұғынысты.» Автордың шешімді тез шығарып, кейіпкерлерінің тағдырын бірден шешкені әңгіменің новеллалық сипатын танытқандай.

С. Жәббектің «Себезгі сырлар үзігі» атты шығармалар жинағына кірген бұдан басқа да «Күрмеу» әңгімесі, «Жазмыш» хикаяты, «Шоқан боп сүйген жүрек» драмасы және 5 дәптерден тұратын «Себезгі сырлар үзігі» роман-эссесі бар. Автордың әр эссесіндегі кейіпкерлер өмірден алынған. Әрқайсысының өз тағдыры мен өз өмір жорлдары бар. Жазушы ретінде Сәбит Жәббек реалистік сипаттағы шынайы өмірдің бар болмысын көз алдымызға әкеледі.

Қорыты келе Сәбит Жәмбек ұстаз, ғалым, жазушы, драматург ретінде өз қаламынан көптеген асыл дүние тудырған қаламгер деп айта аламыз. Ғалымның мерейлі шағында өткізіліп отырған ғылыми конференция жұмысына сәттілік тілей отырып, профессор Сәбит Жәмбекке ары қарай да шығармашылық табыс тілейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 С.Жәмбек. Бернияз Күлеев. Монография. – Көкшетау. 2006

ӘОЖ 821.512.122

ҚАДЫРОВ ЖАНБАЙ ТҰРАРҰЛЫ

М.Қозыбаева атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Петропавл, Қазақстан

zhkadyrov_777@mail.ru

С. ЖӘМБЕК ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация: мақалада филология ғылымының кандидаты, доцент С.Жәмбектің қазақ әдебиетінің тарихы, оның зерттелуіне қатысты жазылған мақалалары қарастырылған. Ғалымның жыраулар мен ақындар поэзиясы, оның поэтикасына жайлы ғылыми тұжырымдары, әдебиеттегі философиялық дүниетаным бойынша көзқарастары зерделенген.

Тірек сөздер: философиялық дүниетаным, жыраулар поэзиясы, әдеби сын, шешендік өнер, концептсфера

Қазіргі өскелең ұрпақта ұлттық намысты тәрбиелеу, бойларына асқақ рухты ұялату – бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерінің бірі. Осынау ұрпақ алдындағы жауапты іске әдебиетші ғалымдарымыздың үлесі қомақты болып келеді. Тәуелсіздік алған жылдардағы жаңа қалыптасқан әдебиеттану ғылымы да ойлау жүйесінің соны ізденістерінің ілгерілеуімен қадам басты. Тәуелсіздігімізді нығайтатын негізгі жолдарымыздың бірі – мәдениет, әдебиет қайраткерлерінің мұрасын зерттеу, таныту және насихаттау.

С.Н.Жәмбектің жыраулар мен ақындар поэзиясы, оның поэтикасына арналған еңбектері бүгінгі таңда әдебиеттану мәселелерін айқындауға арналады. Әдебиетіміздің көрнекті тұлғаларының есімдерін қалың жұртшылыққа танытуда ғалым, әдебиетші Сәбит Жәмбектің еңбегі зор. Филология ғылымының кандидаты, доцент С.Н. Жәмбек – қазіргі әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар ерекше тұлға. Оның ғылыми еңбектерін, зерттеу-сын мақалаларын оқи отырып, терең білімділікті, көп қырлылықты және әдебиетке деген адалдықты, дарын иелерін бағалаудағы тазалығын, әділдігін байқаймыз. Бойындағы қасиеті оның әрбір ісінен, сөйлеген сөзінен, айтқан ойынан көрінеді. Өзінің саналы ғұмырын ғылыми зерттеу жұмыстарына, студент жастарды тәрбиелеуге, жас ғалымдарды ғылым әлеміне жетелеуге арнаған С.Жәмбек әрқашан көңіл көкжиегімен ұрпақтың ертеңін бүгіннен ойлаған сан қырлы тұлға.

«Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы ұстайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» деген кемеңгер ғалым әл-Фарабидің ұстаз туралы айтқан әр сөзінен Жәмбек ағаның тұлғасын көреміз. Қызметте адал, ғылымда талапшыл ғалым-ұстаздың белгілі бір мәселе, тақырып тұсында немесе ұлттық ғылымның жалпы мәселелері туралы талқылау кезінде адалдығы, іскерлігі, тазалығы танылып тұрады. Ол үнемі игілікті істерімен, асыл да адами қасиеттерімен, әділдігімен, ғибрат кеңестерімен жас маманды және жас өркен студент жастарды тәрбиелеуде бар қажыр-қайратын жұмсап, кішілік пен кісілік ұлылықтың

белгісі екендігін тағы бір жарқырата көрсеткен еді. Ғалым-ұстаз ғылыми ортада биік азаматтылықтың, кемел ой мен терең білім иесі, өз ісіне адал, еңбекқор, жоғары мәдениетті, адамгершілік рухы биік азамат ретінде танымал.

Оның есімі еліміздің ғылыми жұртшылығы мен педагогикалық қауымына кеңінен таныс. Ол өзіннің ғылыми еңбектерімен және педагогикалық қызметімен ұлттық әдебиеттану ғылымының дамуына және білім беру ісіне елеулі үлесін қосып келеді.

Сәбит Жәмбектің еңбектерінде Біржан сал, Орынбай Бертағыұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Ғабит Мүсіреповтің, Нұрлан Оразалиннің, Естай Мырзахметовтің, Марфуға Бектемірованың, Сәкен Жүнісовтің, Төлеген Қажыбайдың, Сәйділ Талжановтың мұралары зерделеніп, әдебиеттегі орны сараланады. Тұрсынбек Кәкішев және Сәбиттану мәселелері бойынша ой-толғаныстары беріледі.

Сал-сері, халық ақындарының тілін талдауда Біржан сал, Орынбай Бертағыұлының образдық-метафоралық, лексикалық қабаттарын жүйелі талдай келе, ұлттық рухани дүниетанымның ерекшеліктері деген мәселелерді қозғайды. Қазақ сал-серілерінің өнерпаздық болмысын ашып, сал-серілердің шығармашылық жолдарын жүйелеп береді.

Белгілі ақын, драматург Нұрлан Оразалиннің «Жетінші құрлық» [1, 128] атты жыр жинағы арқылы ақынның қол тимеген жұмбақ аруындай, сұлулық дүниесі, әсемдік әлемі, сыршыл поэзиясы туралы сөз етеді.

Жазушы Естай Мырзахметовтің қазақ әдебиетінде үлкен көркемдік резонанс тудырған «Медет» романындағы, махаббат пен достық, тұрлаусыздық пен опасыздық, адал сенім мен отбасы құндылықтарының қадір-қасиетін түсініп, бағалауға арналған «Қара жолдың бойында» повесіндегі ұлтымыздың бүгінгі күнде қолданыстан шығып, ұмтылып бара жатқан небір тілдік оралымдар, сөз қолданыстарын, сөз саптастарының ұтымды қолданысын анықтап бағасын береді. Е.Мырзахметов дат жазушысы Мартин Андерсен Ненсенің «Жаннета» романын, Ханс Кристиан Андерсеннің «Сандық-самолет» ертегілер жинағын, татар жазушысы Юрий Коральковтың «Кио Ку Мицу» шығармасын қазақ тілінде сөйлетті. Сондықтан, жазушының қарымды қаламгер болуымен бірге, талантты аудармашы қыры да танылады. Бұл орайда, аудармашы Сәйділ Талжановтың мұралары зерделеніп, аударма өнерінің ғылыми негіздерін қалыптастырудағы үлесі анықталады.

«Тұрсынбек Кәкішев және Сәбиттану мәселелері» тақырыбындағы мақаласында Сәбит Мұқановтың азаматтық және қаламгерлік тұлғасына қатысты бұрын қарастырылмаған жалпы оқырман мен ғылыми қауымға тың да тосын мәселелердің беті ашылады, Тұрсынбек Кәкішевтің батыл пікірлер мен соны тұжырымдарға негізделген ойлары беріледі [2, 132].

«Шәкәрім поэзиясындағы философиялық дүниетаным иірімдері» мақаласы Шәкәрім поэзиясындағы шығыс мораль философиясына қатысты моральдық-этикалық категориялар ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, мейірім, әділет, шыдам, шыншыл, харекет, ақниет ұғым түсініктердің мол ұшырасатындығы және ол философиялық пайым-түсініктер, ұғым-көзқарастар ұлттық философиямыздың концептсферасы болып отыр.

Қай мәселеде болмасын адамды, оның болмыс-бітімі, оның қоғамдық келбеті мен пенделік табиғатын сөз ететін Шәкәрім философиясы – антропологиялық философия болып отыр. Адам, қоғам, табиғат, дүние сыры, шындық болмысы, хақиқат жолы туралы терең философиялық пайым, тұжырымдар жасаған, ұғым-түсініктер туғызған Шәкәрім поэзиясын көркемдік-эстетикалық, философиялық тұрғыдан жан-жақты, кешенді зерттеу алдағы күндердің еншісі болмақ.

Сондай-ақ, Сәкен Жүнісов шығармашылығына тоқталып: «Сәкен Жүнісов шығармалары қазақ әдебиетінде сезім шынайылығы, шындық келбетінің құндылығымен дараланатын бағаланатын құбылыс деп есептейміз. Күнге бет алған керуендей уақыт жүгін аркалап, өскелең әдебиеттің зерделі суреткерлерінің бірі, Сәкен Жүнісов сияқты шығармашылық тұлғаның рухани мұралары замана көшінде алмастай жарқырап, мәңгіліктің соқпағында өз сүрлеу іздерін қалдыруда» деп бағасын береді.

Төлеген Қажыбай, Марфуға Бектемірованың поэзиясындағы көркемдік иірімдердің қолдану ерекшеліктері зерделенеді.

Сәбит Жәмбек қазақ поэзиясындағы мифопоэтикалық қатпарлар, мифологиялық ойлау жүйесі, оккульттік түсінік-пайым, әр түрлі символикалық нышан белгілер, оның эзотериялық табиғаты сияқты мәселелерге, ақынның поэтикалық қуаты, ұлттың саз өнері мен өлең өлшемі, әдебиеттің ұлттық сипаты мен көркемдік ойлау жүйесіне құнды пікір білдіріп отырады. Ғалымның зерттеу еңбектерінде халық ақындары мен сал-серілері, жыршы жайлы эстетикалық талдаулары айрықша орын алады. Сондай-ақ, әдебиет теориясы мәселелері әрдайым назарда болады.

Біз бұл мақаламызда ғалым-ұстаз Сәбит Жәмбектің ғылыми-зерттеу еңбектеріндегі қарастырылған мәселелерге шолу жасауға тырыстық. Ғалымның ой-тұжырымдары мен пікірлері әдебиеттану ғылымының ілгері дамуында өзіндік үлесі болады деген ойдамыз. «Мен соңғы кездері бір тоқтам, бір байламға келу үшін әр түрлі деректі салыстыра қарап, жүруді әдет қылдым. Сонда ғана шындықтың байыбына көз жеткізуге болатынын байқадым» – дейді Сәбит Жәмбек ұстазымыз. Ендеше, салыстыра отырып, шындықтың байыбына жетудегі ұстанымы – келешек ұрпаққа үлгі.

Алтыстың асқарына шығып отырған Сәбит ағамызға толайым шығармашылық табыстар, көркем белестер, нұрлы күндер тілей отырып, мерейтойыңыз құтты болсын дейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оразалин Н. Жетінші құрлық. – Алматы: Жазушы, 1988. – 128 б.
2. Жәмбек С.Н. Тұрсынбек Кәкішев және Сәбиттану мәселелері. – Павлодар: ПМУ Хабаршысы, №1 (2016). – 132 б.

ӘОЖ 82.09 9 (045)(574)

БЕКТАСОВА ЖОМАЖАН ТЕМИРБУЛАТОВНА

Қазақ ұлттық өнер университеті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

bzhomazhan@mail.ru

ӘДЕБИЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМ, ЖАЗУШЫ, ДРАМАТУРГ С.ЖӘМБЕКТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН БІРЕР СӨЗ

Аннотация: мақала С.Жәмбектің ғылыми шығармашылық жолына арналған. Мақаланың қарастыратын материалы автордың бір пьесас, әдебиеттану саласын зерттеген ұлттық және шетел әдебиеті жазушыларының мерейлі даталарына арналған мақалаларға ғылыми шолу жасалды. С.Жәмбектің «Шоқан боп сүйген жүрек» атты пьесасына талдау жасау үшін пьеса оқылды, зерделенді ой елегінен өткізілді. Шығарма 14 көріністен тұрады. Қатысушы кейіпкерлер саны 8.С.Жәмбек аталмыш шығармада өзіндік ерекшелік драма жанрының табиғатына тибиғи қабыса кеткен «параллельді» құбылысты енгізуі. Автор қазіргі заман талабына сай, пьесаны шағын, яғни камералық сипатта жазған.

«Е.Ысмайылов – кемел ойлы, парасатты әдебиеттанушы ғалым». Автор ғалым, әдебиеттанушы Е.Ысмайыловтың салиқалы, қажырлы әдебиеттану саласындағы еңбектеріне шолу жасайды.Ғалым Пушкиннің 200-жылдық мерей тоына арналған мақаласында Пушкиннің қазақ сахарасына Абай шығармашылығымен келенін айтады. «Әулие Георгий» бейнесін мифтік, фольклорлық мотивте қарастырады. Автордың ғылыми зерттеулерінен орыс жазушы Нобель сыйлығының игері М.А.Шолохов шығармашылығыда тыс қалмаған.

Тірек сөздер: пьеса, фольклор, зерттеу, ғылым, ғалым, камералық, ғұмырнам

Қазақ әдебиеттану ғылымына өзіндік өрнегімен келген, барлық саналы ғұмырын әдебиет деген телегей теңізге арнаған ғалым, ұстаз, жазушы, драматург Сәбит Нұрмағамбетұлы Жәмбек шығармашылығы туралы бірер сөз.

С.Жәмбектің «Шоқан боп сүйген жүрек» атты пьесасына талдау жасау үшін пьеса оқылды, зерделенді ой елегінен өткізілді.

Шығарма 14 көріністен тұрады. Қатысушы кейіпкерлер саны 8. Барлық оқиға Шоқанның Петербург саяхатына құрылған және сол жерде Шоқанның орыс география қоғамына алынуы сөз болады. Шоқанның саяхатынан басқа, еліне жасаған қамқорлығы, патшалық Ресей өкіметінің саяси ақуалдары қазақ халқаның мыңжылдық тарихы мен әдебиеті де аталмыш пьесада бейжай қалмайды. Шоқанның жетістіктерін пьеса кейіпкерлері аузынан көрерменнің құйма құлағына сыңғырлай жеткізіліп отырған. [1]

Пьесанның алғашқы көрінісі Айғанымның усадьбасы, ой үстінде, «баласы бәйгеге шапса, анасы тақымын қысады» демекші «Абылай ұрпағы, Уәлихан немересі», Айғаным ханшаның Шоқаны қазақта суырылып, топ алдына орыс патша ағзамның алдына шығып, қазақ халқының ахуалымен қоса ғылыми жаңалықтар туралы баяндама жасамақ, бұл жаңалық барлық Уәли хан ұрпағы тіпті, қазақ жұрты үшін үлкен жаңалық, қазіргі заман зияткерлері топшылағандай «алғашқы» қазақ ғылым мен ғалымының томағасы сыпырылып, тұсауы кесілмек, осындай топтама ойлар мен тарихи болған оқиғалы көріністерді автор Айғанымның монологымен беріп, бүтіннен бөлшек, барлық қазақ аналарының соның ішінде Абайдың ұлы анасы Зере қазақ қоғамының атақты ұлдарының тәрбиесін ана өзі тізгіндеп ұлты мен елі жеріне деген махаббатты ұялатқандығына басымдыққа көрініс арнаған. Айғаным Шоқанды «Асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы атың Мұхамед Қанапия» деп Шоқан туралы пьеса барынша тарихи ғұмырнамалық шығарма екеніне және шығармада алынған кейіпкерлердің барлығы тарихта із қалдырған жандар екенін айқындай түскен. [1] Дарама теоретигі Н.Ғабдуллин жалпы драма табиғаты мен тақырыбы идеясына қарай бес түрге бөледі. [2 ,174]

Соның бірі ғұмырнамалық пьеса, автордың бұл пьесасының әр бір персонажы қазақ тарихына өзіндік орыны бар тарихи адамдар, бұл кейіпкерлердің күнделікті өмір задын өзгертіп жазасада, халыққа танымал өмір жолдарын, алғашқы фактіні оқиғаның өзегі ете жазу, автордың басты ескерер қағидасы, драматургия жанры тарапынан тарих ғұмырнамалық пьесаларға қойылатын талап деп көрсеткен драма теоретигі Р.Нұрғали. [2 ,192]

Шоқан шығармашылығы мен тарихи саяси өміріне арнап, шығарма жазған авторлар жеткілікті, қазақтың қарымды қаламгерлері өз қарымыныша қалам тартты десек те, С.Жәмбек аталмыш шығармада өзіндік ерекшелік драма жанрының табиғатына тибиғи қабыса кеткен «параллельді» құбылысты енгізуі, оқырманы немесе көрерменіне онсызда жете таныс тақырыпты түрлендіріп, интеллектуалды тереңдете түскендей. «Параллельді» әлемде Шоқан әжесін медет тұтуы, әжесі Айғанымның аналық мейірімі мен немересіне деген ұлы сенімі пьесаның басқада Шоқанға арналған шығармалардан басты ерекшелігі. Сондай ақ, пьесаның өн бойынан байқағанымыздай Шоқанның махаббаты әйел затыныа деген сүйіспеншілігі өзінше көрініс тапқан, Шоқанның алдында үлбіреп үзіліп түскелі тұрған қыз, Шоқанды ол тек капиталды текті тұқымның «ханзадасы» деп баға бермейді, ол Шоқанның интеллектуалды қажыры, қайраты мол, болашағын көп күттіретін адам ретінде таниды. Ол да патша ағзамның алдына ілуде біреу шығатын біледі, және бұратана халықтың өкілі, орыс ғылыми географиялық қоғамының ортасынан өз орнын тауып баяндама жасамақ, халқының жай күйін, әлеуметтік хал ақуалын, әлемде өзіндік тарихы бар ордалы ұлт екенін жетгізгені жас сұлу *Анастасия Николаевна Голицынаны* қызықтырады. Шоқаның парасаттылығы, ерге тән әйел затын сыйлай білуі, биік европалық өнерді тарата танып сүйуі жас сұлу үшін ерекше әсер, таңданыс пен тану [1].

Алдыңғы көріністерде Шоқанның түркі жұртына жасаған қажырлы еңбегі Орыс географиялық қоғамындағы баяндамасы, татар оқымыстысы Х. Файызхан аузынан шыққан берекелі монологке айналады, Шоқанның ғылым жолындағы ерекше орны мен түркі жұртының Орыс патшасының бодан елдерінің ішіндегі ерен еңбегі терең әңгіме болып, таңғалыу мен таңданыста ерекше басымдыққа ие болып, жоғары бағасын алады.

Жалпы, тарихта Шоқан Черняев отрядынан бас тартып, қазақ жұртына жасалған қиянатқа шыдай алмай бөлек кетеді. Ал тарихтың осы беттері пьесада Черняевтің мына монологі «сен бұратана халықтың ұлысың», «сендерде болашақ жоқ», «болашақ біздікі»,

«империя мүддесі мәңгілік» деген сөздер жанына батады, асқақ гуманистік ойыларының тауы шағылып, қағажу сезім үстінде, махаббаты, сүйікті Настя есіне түседі.

Пьесаның соңғы көріністерінде, автор сүйген жүрек Шоқан мен Настя ойлары алыстан іштей үндесуі мен ұғынысуы, алыстан тілдесу, ішкі ой монолог арқылы, өздерінің бір сәт толастамаған махаббаттарына беріктігін көрермені мен оқырманына паш етеді. Бұл көріністердің бәрін автор өзі таңдап алған немесе өзіндік әдіс параллелдік шешіммен көрсетеді.

Зерттей келе, пьесаның ерекшеліктері тарихи ғұмырнамалық пьесаларына сай келеді, басты кейіпкердің халыққа танымал, тарихта белгілі тұсынан алына отырып, басқада бас кейіпкердің басынан өткен тарихқа танымал оқиғалар шығарманың басты материалына айналады десек, автор аталмыш шығармасында осы әдісті асқан шеберлікпен көрсете білген дегім келеді. Бұл тұста ескере басым айтылар ой - пьесаның басты идеясы Шоқан болып сүйген жүрек тек әйел затына деген махаббат қана емес, еліне, жеріне, туған халқына деген, сонымен қоса өнерге деген ұлы сүйіспеншілік шығарманың бойында драма жанрына тән ерекше сұлу ұтымды монологтар мен диалогтар түрінде өрілгендігі шығарманың өміршеңдігінің белгісі іспеттес. Шығармада ерекше көзге түстін нәрсе жазушының жоғары деңгейдегі энциклопедиялық білімі, эрудициясы, әлем әдеби және мәдени даму процестерінің қыр сырын өте жақсы білетіндігі драмалық жанрдың өзіндік ерекшелік тәсілі монологтар мен диалогтардың шебер құрылуынан айқын көрініс тапқан. Тағыда айта кететін жайт, автор қазіргі заман талабына сай, пьесаны шағын, яғни камералық сипатта жазған. [4] Шығарманың талғамы мен көрермендік талабы биік жұртшылыққа арналғандығының дәлелі.

Әдебиеттанушы ғалым С.Жәмбек өзінің шығармашылығын тек драма жанрында қалам тарты деу аздық етер, осы тұста ғалымның әдебиеттану саласында соның ішінде тарихы мен теориясында қатар алып жүріп, белгілі сөз шеберлерімен, әдебиет зерттеуші ғалымдардың мерейлі даталарына да зерттеуші ретінде мәнді де ұтымды зерттеулер жүргізді.

Кез келген әдебиет деген түпсіз терең тұңғыық дүниеге кәсіби деңгейде үңілген, әсіресе қазақ әдебиеттану ғылымны өзінің өмірлік жолына айналырған жандар үшін Е.Ысмайыловтың есімі етене таныс. Е.Ысмайлов қалам сермемемеген әдебиеттану саласы кемде кем. Осы орайда, зерттеуші С.Жәмбек қазақ совет немесе жалпы қазақ әдебиеті сынын кәсіби деңгейде қалыптастырған, қазақ әдебиеттану саласын еркін меңгерген, қарымды, танымы мол мұра қалдырған Е.Ысмайылов жайлы да өз ғылыми шығармашылығында пікір білдірген.

Автордың ғалым, сыншы әдебиеттану ғылымының білгірі Е.Ысмайылов жайлы еңбегінде: «Е.Ысмайылов – кемел ойлы, парасатты әдебиеттанушы ғалым» десе жылма жыл шыққан ғылыми шығармаларын көрсете отырып: «XX ғасырдың 30-40 жылдары қазақ орта мектептерін қазақ әдебиетіне байланысты оқулық, оқу құралдарымен қамтамасыз ету өмір талабы, практикалық қажеттілікке айналды. Осы зәру мәселеге Е.Ысмайылов ден қойып, ғылыми-зерттеушілік өрісін күн тәртібіндегі оқулық, оқу құралдарын жасаудағы ізденістерімен сабақтастырды» деп өз ойын ортаға салады.

Қазақ әдебиеттану саласында мол мұра қалдырған, соның ішінде С.Сейфуллин шығармашылығын зерттеген және ғалым ретінде де автор өз ойын былай білдіреді: «Қазақтың ақиық ақыны Сәкен Сейфуллиннің өнерпаздық тұлғасын «Ақын және революция» (1940) атты еңбегінде терең білім, білгірлікпен талдап, зерттеп, Сәкентану ілімінің қалыптасып, ілгерілеуіне атсалысты. Сәкентануға қатысты құнды, ғылыми тұжырымдар жасады».

Автор ғалым, әдебиеттанушы Е.Ысмайыловтың салиқалы, қажырлы әдебиеттану саласындағы еңбектеріне шолу жасай отырып өз ойын сөз соңында былай өрнектеген: «Дәуірінің асқан суреткері Мұхтар Әуезовтің: «Мен сені қазақ әдебиетінің, әдебиет ғылымының айнымас, қажымас, жылдар жүрсе арымас жегіндісі – еңбек торысы деймін. Сол үшін сүйемін де, бек бағалаймын» - деген сөзін келтіргім келеді», дей келе, ғалымның барлық шығармашылығын былай түйіндейді: «Рухани жасай беретін Е.Ысмайыловтың тұлғасына берілген ғылыми көпшілік қауымның да көкейінде жүрген әділ түйіні, қорытынды

бағасы деп білгеніміз жөн» деп ойын аяқтайды. Автордың осы орайда айтылған ойын өзіміздің аз маз ғылыми мақаламыздың дің, түйініміз дегім келеді.

С.Жәмбектің тағы бір елеулі еңбектерінің бірі: А.С.Пушкиннің туғанына 200 жыл толу қарсаңында жазған «Сахарадағы Пушкин үні атты» мақаласы.

Аталмыш мақалада автор ұлы орыс ақынының есімі қазақ жұртшылығына етене таныс екенін баяндай отырып, ақынды ұлы Сахараға данышпан Абай әкелгендігіне басты назар аудара отырып, екі ақынның шығармашылығы мен поэзиялық түйдек сөз арқылы байланысы барлығына баса айтады. Және Абай шығармашылығындағы Пушкин туындыларының аударылуы мен өзіндік баға алынып, зерттелуіде автордың қырағы көзінен таса қалмаған. Автор тек өзінің топшылау мен зерттеуіне ғана сүйенбей Абай шығармашылығын зерттеген қазақтың ұлы сөз шебері М.Әуезовтің «Қазақ халқының ұлы ақыны» деген ғылыми ойларын тілге тиек еткен. Және мына фактіні алға тартқан «Абай Пушкинді басқа орыс ақындарына қараған да сирек аударған» деген пікірді де, осы еңбектен байқап, түсініктеме берген. Екі ақынның шығармашылықтарындағы эмоциялық, талғамдық, шығармашылық әдіс тәсілдеріненде ортақ тәсілдер іздейді. Мәселен, «лирикалық ойға шомылу», «табиғат суретін реалистік тұрғыдан беру», «лирикалық кейіпкерлерге жан бітіре суреттеу», «әйел жүрегіне терең түйсіну», «әлеуметтік, азаматтық сарындар» және т.б. Тағыда басымдап айта кететін нәрсе, автор қазіргі аудама әдебиет мәселерінде назардан тыс қалдымай, қазақ әдебиетіндегі аударма мәселелерінде сөз етеді.

Автордың мақаласындағы басты мәселе Пушкиннің «Евгении Онегин» поэмасының қазақ жұртшылығына, яғни қазақ сахарасына Абай шығармашылығы арқылы келгендігі туралы айта отырып, мынандай фактілер барын жазады. Пушкиннің бұл поэмасы 5446 өлең жолдарынан тұрса, Абайдың еркін аудармасы тұрғысында 376 жолдан жасақталған. Абай романның ең ұтымды деген жерін, ұрымтал тұстарын ғана аударған. Абай шығармашылығында «Евгений Онегин» романы басқаша көрініс тауып, ұлттық нақыш пен колоритке енгенін автор басымдықпен көрсете білген. Автор «Пушкиннің ғажайып туындысы қазақ арасына ғашықтық сырын қозғайтын сыршыл ән болып тарады» дей келе, «Өлеңмен жазылған орыстың ұлы ақынының бұл романына Абай өзіндік тың шешім, көзқарас, дүниетаным, ұлттық тәжірибе тұрғысынан келді» деп ойын нақтылай түседі. Зерттеуші «Бұл- Абайдай дара ұлы ақынның пешенесіне бұйырған тәнірі сыйлап, шалқыған ұлылық еді. Пушкиннің «Евгений Онегині» арқылы Абай қазақ поэзиясына әсерлі теңеу оралымдар, сырлы сурет, көркем образдар әкелді» дей отырып, «Пушкин – тонның ішкі бауындай ыстық, таныс аяулы есім» деп ойын түйіндейді. Мақаланы зерттей отырып, түйіндер тұсымызда ойымызды автордың осы сөзіне алып қосарымыз жоқ ау деген тұжырымға келеміз.

Зерттеушінің қазақ әдебиетіндегі аударма әдебиет мәселесі тақырыбын зерттеуі туралы тағы бірер сөз қозғасақ, автордың «Жеңімпаз Әулие Георгий қалайша орыс фольклорының қаһарманына айналды?» атты мақаласына шолу жасау артықтық етпес деген ой орамаға келеді.

Мәселен, автор мақалада қазақ фольклорында исламдық арабтық дін мен дәстүрдің өзіндік орын алып, ұлттық дәстүр ғұрып қазанында біте қайнасып жатқанын тілге тиек ете отырып, орыс фольклорындағы «діни мотвтерге» зер салады. Әулие Георгий туралы діни сюжеттің өмірге келуін «Георгий Победонец» аталатын діни әулие жайындағы аңызбен ұштастыра отырып, Әулие Георгийдің канондық өмірбаянына үңіледі. Автор Әулие Георгийдің Христос іліміне бой ұрып, әскери қызметін тастап, байлығын кедей-кепшікке үлестіріп, христиан сенімін уағыздаушы болады, Рим империясы тарпынан қуғынға ұшырайды, таңдаған жолынан қайтпайды, сондықтан жазаға ұшырайды, Христиан шіркеуі оны әулиелердің қатарына қосады, дей келе діни мотивтік сюжет туындағанын мақаласына басты арқау еткен. Және де Әулие Георгийдің есімі патшалық Ресейде орыс жауынгерлерінің символы ретінде әспеттеледігін айтады. Жалпы автор мақаласында Әулие Георгийдің орыс мифологиясына, дүниетанымы мен фольклорына келу тарихына жіті және

құнды зерттеу арнаған. Сондай ақ қазақ соның ішінде түркілік танымда да, Әулие Георгийдің бейнесінің сілемдірі барын да аса бір зерттеушілік ыждаһаттылықпен сөз еткен.

С.Жәмбектің аударма мәселесіне қарасты және әлемдік есімі танымал жазушылардың шығармашылығына арнаған мақалалары өз алдына бір төбе, Солардың бірі Нобель сыйлығының иегері М.Шолоховтың 100 жылдық мерейтойына арналған мақаласы. Автор жазушының шығармашылық жолына шолу жасай отырып, оның ірі және елге танымал, экрандалынған шығармаларына ерекше тоқталады. Мәселен, зерттеуші: «Осы еңбегі үшін М.А.Шолохов кеңестік әдебиетте тұңғыш рет Халықаралық Нобель сыйлығына ие болды.”Тынық Дон” эпопеясында адамзат соғысының тарихи шындығы басты кейіпкер ,ақтың офицері Григорий Мелеховтің қилы тағдыр-талайы, қимыл-әрекеті арқылы ашылады», дей отырып басты кейіпкердің талайлы тағдыры романның басты тақрыбы болғандығын сөз етеді. Және де «Тағдыр тәлкегіне ұшыраған бір тұлғаның ащы трагизмі жатыр» деп өзіндік зерттеушілік позициясын білдіреді.

Зерттеуші «М.А.Шолоховтың “Көтерілген тың”, ”Олар Отан үшін шайқасты” романдары белгілі бір идеологиялық талап-тілектер тұрғысында жазылса да шынайы туындылар. Мұндағы басты нәрсе-халықтың белгілі бір идеалдарға деген сенімі мен сол жолда адасуы, трагедиялық өткелдерден өтуі. Жазушының терең реализмі заман ақиқатын бүкпесіз аша білген» деген баға береді.

Тағыда бір М.А.Шолоховтың үлкен шеберлікпен жазылған туындылары ”Әке” және “Адам тағдыры” туралы автор: «Азамат соғысы тұтас бір елді, ұлтты, халықты екіге жарып, бөліп қана қойған жоқ, ол бір отбасын да бөліп қойды. Бір қан, бір жаннан құралған адамдардың өздері дүниені екіге бөлген таптық идеологияның бодауында кетіп, бір-біріне жау болды» дей келе «Бұл - шын мәніндегі халықтық трагедия еді» деп баға берді.

С.Жәмбек орыс суреткерінің «Адам тағдыры» әңгімесін қарастыра отырып: «жазушы екінші дүниежүзілік соғыс өртінің шындығын Андрей Соколовтың отбасы арқылы, бақытсыз әкенің аянышты қилы тағдырын суреттеген. Қайғылы әке, жетім қалған бала,талайсыз тағдырлар-соғыс өртіне шалдыққан мындаған отбасылардың басындағы аянышты халін, тұтас дәуірдің трагедиясын» бір әңгіме аясына сыйдыра білуі Шолоховтың қаламының күдіреттілігі, жазушының данышпандығы деп зерттеушілік өз ойын білдіреді.

Автор М.А.Шолоховтың қазақ жұртына жат емес екенін де аталмыш мақаласында сөз етеді.

Әдебиеттанушы ғалым, драматург, жазушы С.Жәмбектің шығармашылық лабораториясына бір қыдыру көз жүгіртіп, шолу жүргіздік. Байқағанымыздай С.Жәмбек қалам тербеген әдебиеттану саласында өзіндік үн, терең ой, шығарма мен шығармашылыққа деген салиқалы зерттеулерді көрдік. Және ғалымның Әдебиет деген ұлттық жан дүниеге берері әлі де мол, қаламыңыз ұшқыр болысын деп «Әдебиеттанушы ғалым, жазушы, драматург С.Жәмбектің шығармашылығына арнаған бірер сөз» мақалам осымен тәмәм.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 С. Жәмбек. Себезгі сырлар үзгі. Шығармалар жинағы. – Көкшетау, 2018 ж.
- 2 Ғабдуллин Н. Ғабит Мүсірепов – драматург. – Алматы: Өнер, 1982. – 192 б.
- 3 Нұрғалиев Р. Трагедия табиғаты. – Алматы: Жазушы, 1968. – 174 б.
- 4 https://ru.wikipedia.org/wiki/Камерный_театр

КАИРБЕКОВА ИБАГУЛЬ СУЛЕЙМЕНКЫЗЫ
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан
J_Omirgul_A@mail.ru, Kairbekova_1966@mail.ru

С.ЖӘМБЕК ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ОНОМАСТИКА

Аннотация: мақалада ф.ғ.к.,доцент С.Н.Жәмбектің тіл білімінің ономастика саласына қатысты зерттеулері талданады, ғылым көзқарастары сараланады. Аймақтық топонимдерді зерттеу аспектілері ашылып, нақты деректер негізінде зерделенеді. Ақмола облыстық ономастикалық комиссиясы құрамындағы қызметі бағаланады. Қазақ тілінің сөзжасамы жүйесіндегі оронимдерді қалыптастырудағы «тау», «төбе», «бел», «тас», «үңгір» сыңарлары бар денотаттардың лексикалық аппелятив тобын зерттеліп, ономастиканың метатілін сараланады және оның құрамдық бөлігі болып келетін терминдер жүйесі, олардың бір-бірімен байланысы ашылады.

Тірек сөздер: тіл білімі, ономастика, регионалды ономастика, онимдер, ороним, ономастиканың зерттеу аспектілері, аксиология, Ақмола, Ақтүйесай, Айыртау

Тіл білімінде жеке адам, дүниедегі жеке я дара заттар мен құбылыс атауын жалқы есім деп танысақ, ал жалқы есімдерді зерттейтін саланы ономастика деп білеміз. Бүгінде жалқы есімдер жиынтығы «онимия» ретінде белгілі болып, онимдерді (гр. *onoma*, *onuma* «есім, атау») атау үшін жұмсалса, жеке ел, аймақ немесе мәтіндегі жалқы есімдер «ономастикон» деп аталып отыр. Қазіргі уақытта жалқы есімдер ономастикалық универсалий ретінде танылып, оның *антропоним* (адамды немесе бірнеше адамдардың жиынтығы), *андроним* (әйелін жолдасының атымен немесе лақап аты, фамилиясымен атау), *гинеконим* (ер адамды лақап атпен атау, не әйелінің не шешесінің фамилиясымен атау), *патроним* (әкесінің не әкесінің тегіндегі атпен не лақап атпен атау) және жер кеңістігінің атаулары топонимдерді жер үсті қабатындағы нысан атаулары *ороним*, жер асты қабатының нысандары *спелеоним*, аймақ атауы *хороним*, жер бөлімшелерінің атауы *агроним*, су нысандарының атауы *гидроним* (потомоним (өзен атауы); *лимоним* (көл, көлшік атауы); *гелоним* (саз, батпақ атауы); *океаноним* (мұхит атауы); *пелагоним* (теңіз атауы); *пегоним* (бұлақ атауы), елді-мекен атауы *ойконим* (астионим(қала атауы); *урбаноним* (қала атауы); *комоним* (ауыл атауы), байланыс жолдар атауын *дромоним*, орман, алқап, тоғай атаулары *дримоним* деп бөлу тәжірибесі тіл білімінде кездеседі [1,12].

Жалқы есімдерді жасауда қолданатын тілдік құралдар жүйесі, олардың құрылымы, семантикалық және сөзжасамдық модельдері, жалқы есімдерді ерекшеліктерін, тілдегі атқаратын қызметін саралау ономастиканың нысаны болып табылады.

Ономастика өз ішінен жалпы және жеке ономастика деп бөлінеді.

Жалпы ономастика тілге қатысы жоқ онимдердің дамуы мен қызметінің жалпы заңдылықтарын зерттеп, ономастикалық әмбебаптылықты яғни әр тарихи кезеңдегі, территориядағы тілдегі онимдер жүйесінде кездесетін жекеленген объектілерге атау беру принциптерін, ономастикалық жүйенің көптеген жалқы есімдердің даму бірлігін көрсететін заңдылықтарды, сондай-ақ жалқы есімдерге тән, басқа да лексикалық категориялардан жекелейтін ерекше белгілерін анықтайды, көптеген негіздерге сүйенеді, жалқы есімдерді топтастыру принципін нақтылайды.

Жеке ономастиканың міндеті – бір тілге қатысы тұрғысынан онимдерді белгілі бір территорияға, аймаққа қатысты жалқы есімдерді жинастырып талдау.

Зерттеу нысанына байланысты жеке ономастика өз ішінен ареалды ономастика және регионалды ономастика болып бөлінеді. Ареалды ономастика кез келген халықтың географиялық орналасуының, ареалдардың диалектілік бөлінуінің қатысынсыз ономастикалық құбылыстың таралу ареалын немесе облысын айқындаса, регионалды (аймақтық) ономастика белгілі бір территориядағы жалқы есімдерді зерттейді.

Регионалды ономастика белгілі бір территориядағы атаулар ерекшелігін және басқа көрші немесе алыс жатқан территориядағы атаулармен байланысын, ұқсастығын немесе ерекшелігін зерттеуді мақсат етеді. Регионалды ономастикада диалектология, жергілікті халықтық этнография, өлкетану деректерін қолданады.

Әлеуметтік ономастика жалқы есімдердің қоғаммен байланысын, оның тарихи дамуын, әлеуметтік өзгерістерін, жалқы есімдердің дамуына әлеуметтік, заңгерлік, тарихи заңдылықтардың ықпалын, сол сияқты атауға сәннің, қоғамның идеологиялық және мәдениеттанымдық бағыттарының ықпалын анықтайды және жалқы есімдер мен түрлі этнолингвистикалық факторлардың өзара тәуелділігін сипаттайды.

Поэтикалық ономастика көркем әдеби мәтіндегі белгілі бір автордың немесе бірнеше авторлар шығармасы, бір немесе бірнеше бағыт (символикалық, романтикалық, сатиралық) бір немесе бірнеше жанр (поэзия, проза, эпикалық шығарма, тарихи шығарма, халық ауыз әдебиеті) деңгейінде жалқы есімдердің ерекшелігін зерттейді. Поэтикалық ономастика көркем мәтінде поэтонимдердің, әдеби жалқы есімдердің қозғалыс ерекшелігі мен заңдылықтарын, оларды жасау және шығарма жанрына қарай таңдау принциптерін, мәтінді лингвистикалық интерпретация жасауда поэтонимдердің мүмкіндіктерін, қызметін анықтауды мақсат етеді.

Қолданбалы ономастика нақты тілдер мен тілдік үрдістер негізінде жалқы есімдердің ерекшеліктерін ескере отырып, формасы, транскрипциясы, орфографиясы, орфоэпия нормаларын және септелуін нақтылайды, онимдік нормативті модельдерін, жалқы есімдерден белгілі бір мекен тұрғысының атауы сияқты, онимдік сын есімдер, фамилиясы мен әкесінің атының қалыптасу модельдерін анықтайды.

Ономастикалық лексикография қолданбалы ономастиканың маңызды бағыттарының бірі болып табылады, оның мақсаты – әр түрлі ономастикалық сөздіктер түзу [1,38-40].

Тіл білімінде ономастиканы зерттеудің бірнеше аспектілері көрсетіледі:

- географиялық аспект – жалқы есімдерге географиялық факторлардың ықпалын анықтау;
- тарихи аспект – жалқы есімдердің қалыптасуы мен атқаратын қызметінің және нақты тарихи кезеңмен байланысын зерттеу;
- лингводеректану аспектісі – әр жанрдағы және әр дәуірдегі жазба және басылып шыққан ескерткіштерді зерттеу;
- лингвомәдениеттану аспектісі – жалқы есімдер көрініс тапқан мәдени мұраны халықтың тарихи жады ретінде анықтау;
- лексикографиялық аспект – әр түрлі оним разрядтарына лексикографиялық сөздік жасау;
- лексикологиялық аспект – белгілі бір тілге қатысты жалқы есімдерді жинақтау, оларды сол тілдің лексикалық жүйесінде талдау;
- логикалық аспект – жалқы есімнің ұғыммен және аталатын объектпен қатынасын анықтау;
- ономонологиялық аспект – атау берудің типтік (жиі қолдану) және раритетті(сирек қолдану) модельдерін анықтау;
- психологиялық аспект – жалқы есімдердің жасау, қалыптасу, қабылдау үрдістерін жеке адамға байланысты, оның психологиясын, сонымен қатар тұтас ұжым психологиясын ескере отырып зерттеу;
- семасиологиялық аспект – денотаттарды жекелеу үшін атау беруде және әр түрлі онимдер жасауда қолданатын лексиканың аппелятив тобын анықтау;
- семиотикалық аспект – тілдік таңба ретінде жалқы есімнің ерекшелігін анықтау;
- терминологиялық аспект – ономастиканың метагілін зерттеу және оның құрамдық бөлігі болып келетін терминдер жүйесін, олардың бір-бірімен байланысын анықтау;
- этнолингвистикалық аспект – ұлттық көзқарас, ұлттық ерекшелік, этномәдени, этнопсихологиялық факторларды ескере отырып, жалқы есімді зерттеу;

- когнитивтік аспект – «оним» концепті оның ономастикалық тұлғамен байланысын, нақышын және тілдік құрылысын қарастыру,

- функционалды аспект – сөйленістегі жалқы есімнің қолданысын анықтау (коммуникацияда/мәтінде жалқы есімдердің жұмсалымы, ономастикалық норма, жалқы есімнің оккозионалды қолданысы);

Ономастиканың зерттеу аспектілерінің сан алуан болуы бұл саланың күрделілігін танытады әрі зерттеу нысанын кеңейтеді.

Тіл жанашыры ретінде регионалды ономастика мәселелерін зерделеп, аймақтық онимдердің қалыптасу тарихын саралап, өлкенің тарихи атауларын қайтару мақсатында игілікті іс атқарып жүрген өлкеміздің елеулі ұлт жанашыры – филология ғылымдарының кандидаты, доцент С.Н.Жәмбек. Ғалымның тілдің бұл саласына қызығушылығы Ақмола облыстық ономастикалық комиссия құрамындағы қоғамдық қызметімен тығыз байланысты. Ақмола облысы ономастика комиссиясы отырыстарында С.Н.Жәмбек өзіндік ұстанымдарымен, терең зерделілігімен, білімдарлығымен көзге түсе біледі. Атап айтсақ, Қошқарбай өзенінің атауын өзгерту мәселесі көтерілгенде: «Қошқарбай өзенін Шора өзеніне қайта атау дұрыс емес, оған тарихи негіздеме, құжат керек. Ал БАҚ беттерінде жарияланған мақалалар, аңыздар ғылыми дерек бола алмайды. Ертедегі карталарды зерттеп, гидронимдеге қатысты ақпаратты осы карталарға негіздеген жөн. Тарихи деректерді басшылыққа алған дұрыс» (Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының №1 хаттамасы, 2017 жыл, 24 қазан); соңғы кезде ойконимдерді қайта атауда бір атаудың елді-мекен, көшелерге жер-жерде қайталанып берілуіне де қарсылығын білдіреді: «Бір атауды қайта-қайта қоя береміз. Қазақта көшеге беруге лайық әдемі атаулар көп емес пе? Ауданнан келген өкілдер келесі жолы ескеріңіздер»; соңғы кезде белең алып кеткен «Нұр» сыңарлы атаулардың да қойылуына өзіндік пікірін ашық айтқан: «Сандықтау ауданы Лесной ауылындағы Шоссейная көшесін Нұр көшесі деп қайта атамақшы екен. Атау дұрыс емес» (Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының №2 хаттамасы, 2018 жыл, 5 қазан); Ғалым Атбасар ауданындағы Амангелді көшесінің атауын түсіндіруде ойын нақты тұжырымдайды: «Амангелді қазақта жалғыз. Ол – Амангелді Иманов. Сондай-ақ Бостандық, Бастау деген атаулар қазіргі кезде өзектілігі жойылған атаулар» (Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының №1 хаттамасы, 2016 жыл, 21 қазан). Жоғарыда келтірілген деректер Ақмола облыстық ономастика комиссиясы мүшесі ретінде Сәбит Нұрмұхаметұлының кез келген мәселеге бей-жай қарамайтындығын, табандылығын, ғылыми ақпаратқа сүйенудің маңыздылығына жауапкершілік танытатын тұлға екендігін танытады.

Доцент С.Н.Жәмбек Ақмола облысының топонимикалық жүйесін тарихи аспектіде, нақты тарихи кезеңмен байланысты зерттейді. Ғалым «Ақмола» топонимінің этимологиясын зерттеуде тарихқа жүгінеді: «Біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мың жылдықтарда бұл жерлерде сақ тайпалары, соның ішінде исседондар мекендеген. Өлке тарихында ғұндар да өзінің терең ізін қалдырды. Олар Сарыарқаның нағыз кіндік ортасында Нұра мен Есіл өзендерінің аралығында қамал тұрғызды. Ғұндардың тілінде «ақ» сөзі – «батыс» ұғымын білдірсе, ал «мола» сөзі – «қамал», «бекініс» деген ұғымды білдірген. Осыдан кейін «батыс қамал» деген ұғымды білдіретін – «Ақмола» сөзі шыққан» деген пікір айтса, Қостанай облысының аумағынан табылған көне «Ақскент» қалашығының атауын зерделеуде С.Жәмбек географиялық және лингвомәдениеттану аспектілерін қолдана отырып, «Батыс қала» ұғымымен байланыстырады. Демек, «ақ» сөзінің этимологиясы «батыс» ұғымын білдірген деген тұжырымға келеді [2].

Зерттеуші Көкше өңірінің топонимдік жүйесін зерделеуде географиялық фактордың өзектілігін анықтап, аймақтың таулы, қыратты ерекшелігімен түсіндіреді де онимдер жасауда қолданатын денотаттардың лексикалық аппелятив тобын зерттеп, ономастиканың метатілін зерттеу және оның құрамдық бөлігі болып келетін терминдер жүйесін, олардың бір-бірімен байланысын анықтауда «тау», «төбе», «бел», «тас», «үңгір» сыңарлары бар оронимдерді қарастырған: «Жер бедерінің сипаты және ерекшеліктері Көкше өңірі

оронимиясында өзіндік белгілері бар. Мәселен, биік орографиялық нысанды атайтын «тау» термині арқылы Көкшетау аймақтық топонимиясында Айыртау, Жалғызтау, Жамантау, Имантау, Мақпалтау, Сандықтау, Оқжетпес тауы, Жекбатыр тауы, Ерейментау оронимдері құралған. Көкше өңірі топонимиясында «төбе» термині арқылы жасалған орографиялық нысандар: Бестөбе, Алтынбайтөбе, Жуантөбе, Ақбеттөбе, Шоқыбастөбе, Шаңтөбе. «Төбе» сыңары арқылы жасалған кейбір орографиялық нысандар «кең асу» деген мағынаны білдірсе, кей жағдайда «аса биік емес» мағынасында жұмсалатын «бел» сөзіне тоқталады: Көкшөлібел, Түлкібасбелі, Бөрлібелі. Көкшетау аймақтық топонимиясында ұшырасатын, жер бедерінің ерекшеліктерін айқындайтын оронимдер құрамында «тас» орографиялық термині де қолданылады: Қойтас, Ақтас, Қызылтас, Көктас, Керегетас, Қотыртас. Ғалым құрамында «тас» сыңары бар оронимиялық атауларды жеке тастарға немесе қатты жыныстардан тұратын қалдық тауларға, төбелерге қатысты қойылатынын атап өтеді. Таулы аймақтардың (ландшафтардың) тағы бір көрінісі – үңгірлер. Үңгірлер әдетте тау баурайларында, биіктерінде, шатқалдарында орналасады. Үңгір термині арқылы құралған спелеонимдер дара бір лексика-семантикалық топ құрайды: Кенесары үңгірі, Қара үңгір» [2].

С.Н.Жәмбек онимдерінің аталуындағы себеп, уәжді түрлі ғылыми аспектіде зерделеп қарастырады. Қазақ тіл білімінде уәждеме мәселесін зерттеп жүрген ғалым А.Салқынбай: «Сөздің уәжі заттың қасиеті арқылы айқындалды. Таңбаның мағынасын түрлі сөздердің мағыналары арқылы шамалауға болса, уәжі – шындық болмыстағы зат пен құбылыстың қасиеттері мен белгісі арқылы белгіленеді», – деп көрсетсе [3, 200], тілші Б.Қасым: «Уәждеме – аталымның жасалуындағы алдын-ала жасалатын міндетті баспалдақ. Сөзжасамдық уәждеме – құрастырушы сыңарлардың арасындағы қатынастарды көрсетеді», – деген тұжырым жасайды [4, 250].

Атаулардың жасалу табиғатын зерделеуде олардың уәждемесі, ішкі мағыналық құрылымы және жасалу тәсілі бір-бірімен байланысты ұғымдар екені анықталады. Бұл ретте А.Салқынбай: «Сөзжасам атаудың жасалу сипаты мен мотивациясын (негізделуін), жасалу тәсілі мен ішкі құрылымын анықтайды», – деген пікірді ұстанады [5, 11]. Мәселен, онимдердің сөзжасамдық ерекшеліктері мен оның лингвомәдени мазмұнының саралауда С.Жәмбек «Ақтүйесай» топониміне тоқталады: «Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданының территориясында Үлкен Қараой және Кіші Қараой деген жерлерде Ақтүйесай деген жер аты бар. Осы аттас ауыл бар (бұрынғы К.Маркс кеңшары). Осы атауды жергілікті тұрғындар сол өңірдегі бір байдың жақсы көретін түйесі сайға құлап өлгеннен кейін қойылған деседі». Зерттеуші тарапынан бұл атаулар метафоралы аталымдар ретінде танылып, оның семантикасындағы бейнеліліктің себебін ел ішінде сақталған аңыз негізінде түсіндіреді. С.Жәмбектің онимдердің пайда болу себебін анықтауы тілші А.Салқынбайдың пікірімен үндеседі: «Сөзжасамдық уәждеме (автор негіздеме деп алады) дегеніміз екі түбірлес сөздің бірінің мағынасы екіншісінің мағынасының тууына негіз болатын, мағыналық себептілікке негізделетін сөзжасамдық қатынас» [5, 67].

С.Н.Жәмбек «Айыртау» оронимінің аталу себебін когнитивтік аспектіде қарастырып, оның уәждік белгісін халықтың табиғи нысанды тану тұрғысында саралайды: «Айыртаудың түбі бар, бас жағы екіге бөлінген. Сондықтан халық бұл тауды өскен сайын ажырап, айырылып барады деп түсінген. Таудың Айыртау деп аталу уәжі – бір түптен айырылып, ажыраған екі тау деп көрсетеді. Одан әрі зерттеуші атауды халықтың мифологиялық көзқарасына негізделген ұлттық-мәдени семантикасын, яғни нақты тарихи тілдік қоғамдастықтың мәдени құндылықтарына негізделген лингвомәдениеттану аспектісінде саралайды: «Сол таудың біреуінің үстінде «батырлар қазаны» деп аталатын екі тас бар. Тау төбесінің екі жағында екі тас тұтаса келіп қазанға ұқсайды, батырлар асын осы қазанға даярлап, тамақтанатын деген халық ауызында сөз қалған» [6,71].

Зерттеуші Көкше өңірінің онимдеріне байланысты зерттеулерін лингвомәдениеттану аспектісінде, яғни халықтың мифологиялық көзқарасына негізделген ұлттық-мәдени семантикасы тілдік қоғамдастықтың мәдени құндылықтарына негізделген ақпарат мазмұнын мифологиямен сабақтастырады: «Көкше өңірі атауларының мифологиялық таным жүйесіне

сәйкес ерте заманнан қазақ халқының, жалпы қазақ әлемінің рухани құндылықтар (аксиологиялық) жүйесінен мықтап орын алғандығы. Ал әріден алатын болсақ, жер бетін топан су басатын әлемдік аңызбен ұштасып, қазақ жеріндегі адамзат тарихымен ерте кезден сабақтастырып тұрған бірден-бір мәдени дерек. Оның дәлелі – Айыртау. Айыртау сопылар мен әулиелер культі және өңір батырлары мен тарихи тұлғаларға қатысты ұғымдар мен түсініктер, аймақтық топонимияның этноменталды ерекшеліктері мен сипатына арқау мен негіз болған тарихи-топонимиялық, жалпы топонимиялық, діни-мифологиялық аңыздар мен эпсаналар құрайды» [2].

С.Жәмбек біршама онимдердің негізін этностың материалы және рухани дүниесін, оның ұлттық болмысы арқылы этнолингвистикалық аспектіде қарастырғанын байқаймыз: «Зеренді көлі атауының пайда болуы мен зерен сөзінің шығу түбірі хас сұлудың зересіне байланысты аңызбен сабақталады. Келесі бір деректерде бұл көлдің төңірегінде ерте кезде зерен деген аң жортып жүргендігі шындық. Ғылыми деректерге сүйенсек, дзерен мен джайран (қаракұйрық) газель тұқымдасына жатады» [2].

Бүгінгі таңда Көкшетау феномені қазақ мәдени кеңістігінде рухани эталон, әулиеліліктің (киеліктің) метафорасы мен символы ретінде танылады; бұл феноменнің және оған қатысты Көкшетау прецеденттік топонимнің мәдени-философиялық, тарихи-танымдық, діни, идеологиялық және аксиологиялық сипаты өте жоғары. Бурабай төңірегіндегі Жекебатыр, Оқжетпес онимдері туралы да халықтың өз аңыздары бар.

Ғалым бірқатар онимдерді лингводеректану аспектісінде, яғни басылып шыққан мәдени және ғылыми әдебиеттердің негізінде зерттейді: «Көкше өңіріндегі жер-су атауларының кез келгеніне арналған аңыз-әңгімелердің тамаша үлгілері жетерлік. Оның айғағы – Бурабай өңіріндегі «Ақылбай асуы», «Ақбура тауы», «Жекебатыр», «Оқжетпес», «Абылай алаңы», «Шайтан ұршық» тасы. Қазақтың ақиық ақыны С.Сейфуллин өзінің «Көкшетау» поэмасында Оқжетпес шыңын шабыттана жырға қосып, сырлы сезіммен көркем суреттеп, оның өлмес поэтикалық суретін жасап кетті. Оқжетпес пен Бурабайдың сұлу табиғаты мен әсем келбеті қазақтың аяулы ақыны М.Жұмабаев «Батыр Баян» мен «Оқжетпес» поэмаларында да әсерлі суреттелген. Қазақтың ұлы ғалымы Ш.Уәлиханов он бестен астам Оқжетпес шыңы туралы аңыз-әңгімелер жинақтаған. Бурабай ауданында Үш дінгек, Бөлектау, Теміртау, Жұмбақтас, Күміскөл (Бурабай) мен Айнакөл (Үлкен Шабақты), Сандықтас, Тас кебіс, Сияртас, Аютас, Қойтас, Көкарал, Сарыбұлақ, Кенесары үңгірі, Қотыркөл сияқты жер-су атауларына байланысты аңыз-әңгімелер кең тараған» [2].

Ғалым С.Жәмбек «Жыланды» онимін лингводеректану аспектісінде зерделейді, яғни әр жанрдағы, әр дәуірдегі жазба және басылып шыққан ескерткіштерді зерттеу арқылы талдау нысанының қолдану арқылы онимнің хронологиялық мазмұнын ашады: «Зеренді төңірегінде де табиғаттың сымбатты, көрікті қойнаулары көп-ақ. Зерендіні зермен ораған қалың Жыланды, Қара өткел, Қарсақ, Қаратомар, Жыра, Мұздыбұлақ, Айбұлақ, Қарағашты көмкере, тынысын үзбестен сонау үлкен түкті тауларын басып, одан Сандықтаулатып, Маралдылатып барып, Балқаштың маңын жұмаққа айналдырады екен. «Кекілін кербестінің сылағаным, басынан Жыландының құлағаным...» деген өлең осыдан қалған» [2].

Лингводеректану зерттеу аспектісін зерттеуші Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылту ауданының «Айсары» топониміне қатысты қолданады да лингводеректі талдап, тарихи тұрғыдан бағалайды: «Тың көтеру жылдарында туған Ленинград ауданының бір елді-мекені Айсары есімімен аталады. Бұл атауға байланысты халық аузында қыз бен жігіттің, Айсары мен Шорманның махаббаты туралы аңыз «Айсары-Шорман» дастанында жырланады. Бұл елді мекен халық аңызына тамаша дастанға өзек болып халық жадында сақталып отыр. Аңыздағы Үкілі, Моншақты, Домбыралы, Бөрілі. Бұланды, Көксеңгір, Құлнияз, Құлайғыр, Торпақөлген, Шабдаразбен – жер аттары. Бұлардың бәрі де халық аузындағы «Айсары-Шорман» дастанының тараулары. Бұлар өз кезінде Қызылту өңірінен енші бөліскен қазіргі Уәлиханов ауданы, Ақжар аудандарының жұрт жадындағы ауызша тарихи мұралар ретінде құнды» [2],[7].

С.Н.Жәмбек тіліміздегі онимдерді тарихи мұра, халқымыздың ұлттық таным ерекшелігінің айғағы, мәдени дәстүр немесе қауымдастықтың бірлігін нығайтатын жалпы рухани көңіл-күй, наным-сенім жиынтығы ретінде ұлттық ойлау ерекшелігін танытатын ментальді бірліктер ретінде саралайды. Ғалымның бұл ұстанымы Ақмола облыстық ономастикалық комиссия құрамындағы жұмысының мазмұнымен де астасып жатады. Аймақтық топонимдердің тарихи атауларын қайтару, жаңа онимдерді қалыптастыру ісіндегі жауапкершілігі онимдерді ұрпақтан-ұрпаққа маңызды ақпаратты жеткізетін, ұлттық құндылықтар жүйесіндегі аса маңызды құрылымдар, қоғам үшін қасиетті бірліктер ретінде бағалауымен анықталады.

Сәбит Жәмбек – аймақтық топонимдерді тарихи-танымдық, мифологиялық, этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық тұрғыда жан-жақты зерттеп жүрген тіл жанашыры, республика және облыс көлеміндегі барлық ғылыми, мәдени іс-шараға белсене қатысып жүрген абзал жан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Астана, 2005. –240 б.
- 2 Жәмбек С.Н. Қазақ ономастикасы: ұлт мүддесі және болашағы//«Азат елдің ономастикасы – мемлекетіміздің рухани қазынасы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қостанай. 2017, 27 қазан.
- 3 Салқынбай А. Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2007. – 517 б.
- 4 Қасым Б.Қ. Күрделі зат атауларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілері. – Алматы: Абай ат. Алматы мемлекеттік университеті баспасы, 2000. – 153 б.
- 5 Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект: Фил ғыл док дисс. –Алматы,1999. –284 б.
- 6 Көкше өңірінің фольклорлық мұралары. Ұжымдық монография. – Көкшетау: Ш.Уәлиханов атындағы КМУ баспасы, 2014. – 93б.
- 7 Көкше өңірінің халық жауһарлары. Хрестоматия. – Көкшетау: Мир печати, 2014. –124 б.

ӘОЖ 811 (5Қ)

СМАГУЛОВА НУРГУЛ КАИРБЕКОВНА
ЖАЙЛАУОВА ГҮЛНАР УМИРБЕКОВНА
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан
Smaghulova13@mail.ru

ӘДЕБИЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМ С.ЖӘМБЕКТИҢ ӘДЕБИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Аннотация: мақалада бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар зерттеуші ғалым С.Н.Жәмбектің әдеби-теориялық зерттеу еңбектері қарастырылған. Көркем шығарма табиғаты, образ және образдылық, көркемдік ағымдар мен бағыттар, көркем әдебиеттегі уақыт пен кеңістік (хронотоп), әдебиеттегі мифологиялық ойлау, мифопоэтика мәселелеріне қатысты ғылыми тұжырымдары нысанаға алынған. Зерттеушінің әдеби-теориялық еңбектерінің ғылыми құндылығы, өзіндік бағыты танылған.

Тірек сөздер: көркем әдебиет, образ, әдеби бағыт, ағым, хронотоп, мифопоэтика.

Әр халықтың ұлттық әдебиеті, сол халықтың болмыс-бітімін, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, тілі мен дінін, мәдениетін танытады. Ұлтымыздың рухани ұстазы А.Байтұрсынов әдебиетті көркем өнердің бір саласы деп танып, «Әдебиет –сөз өнері» деп өзінің бағасын берді. Ұлттық әдебиетіміздің тарихы, сыны мен теориясы қаншама зерттеу еңбектердің өзегіне айналды. Әдебиеттану ғылымының көкейкесті мәселелері зерттеу еңбектердің нысанына алынып, талай ғылыми еңбектер дүниеге келді. Ұлттық әдебиеттану ғылымының зерттелуіне өзіндік үлесін қосқан ғалымдардың бірі ол ұстаз, зерттеуші-ғалым Сәбит Жәмбек болып табылады.

Әдебиеттану ғылымына қатысты өзіндік ғылыми топшылаулары мен ғылыми көзқарастары оның «Теориялық әдебиеттану» және «Әдебиет теориясы» еңбектерінде жинақталған.

Зерттеуші әдебиеттану ғылымындағы образ және образдылық мәселесіне көркем әдебиет табиғаты тұрғысынан келеді. Оның пайымдауынша әдебиеттің басты өлшемі көркемдік екенін ескерсек, «өмір шындығын, оқиғалар мен құбылыстарды, баршаға ортақ ой-сезімдерді жекелеген адамдар мен оқиғалар арқылы жинақтап, бейнелі түрде көрсету - өнерге тән қасиет. Демек, әдебиеттегі өмір қаламгердің ой сүзгісінен екшеліп шыққан көркемдік әлемі болады да, соған орай әдебиеттегі адам көркем бейне болып шығады» деген тұжырым жасайды [1,3]. Бұл ғалымның көркем образға берілетін анықтаманы көркем әдебиет табиғатынан яғни «көркем образды» өмір – көркемдік әлем – көркем бейне деген триада негізінде көрсеткен. Бұл көркем шығарма өмір шындығы екені, ол басқа әлем емес, өзіміз өмір сүріп, отырған қоғам шындығы екенін ұқтырады.

«Образдылық – бейнелік сипат иелеген сөзбен салынған, жаңа сурет («Күлімсіреп аспан тұр, // жерге ойлантып әрнені», Абай). Кең ауқымда алып қарасақ, көркем образ-өмірлік шындықты игерумен қайтадан қорытып, жаңадан жасап шығарудың өнерге ғана тек ерекше тәсілін сипаттайтын эстетикалық категория. Сонымен бірге көркем жасалған, «образ» деп атаймыз. Мысалы, «Абай жолындағы» заман бейнесі, дала бейнесі, халық бейнесі, Абай бейнесі» [1, 4], - деп С.Жәмбек көркем образға жалпылық мән береді. Зерттеуші көркем образ ұғымын эстетикалық категория ретінде танытады. Себебі көркем образ – өте күрделі ұғым. Сондықтанда ғалым образ ұғымына жан-жақты келген. Алдымен образ ұғымында объективті-танымдық және субъективті-шығармашылық сипаттардың бірдей ұштасып келуін атап өтіп, образ көркемдік шындыққа тән болғанымен, өмірлік шындық негізінде жасалатындықтан, ақиқат өмірдегі кеңістік, уақыт, қоғам, заттар мен құбылыстардан алшақ кете алмайды. Сондай-ақ образ ақиқат болмыспен біте қайнасып кетуге де тиіс еместігін, себебі, образ ақиқат өмірден бастау алғанымен, көптеген шарттылықтар арқылы одан ажырап, көркем туындыдағы «қиялдан туған» әлемге көшетіндігіне тоқталған. Сондай-ақ образ – шығармашылық ой жемісі. Сондықтан ойлау үрдісіне тән сипаттарға (елестету, қиялдау, болжау т.б.) болатындығын, яғни образ тек қана ақиқатты суреттеп берумен шектелмей, өмір шындығын жинақтай отырып, жекелеген оқиғаларды, құбылыстарды бейнелей отырып, адам баласын толғандырып келе жатқан мәңгілік сауалдардың мәнін ашатынын атап өткен. Бұл жерден көркем образдың тура өмір шындығының көшірмесі емес, көркемдік шындықтың жемісі екенін ұғынамыз. Зерттеуші образдың танымдық мәнге ие болуына да тоқталып кеткен.

Сондай-ақ образдың субъективті-шығармашылық сипаты деген мәселеге ғылыми өз көзқарасын танытқан. Зерттеушінің пайымдауынша, образдың көркемдік қасиеті өмір шындығын өзінше танып, ойда қорытып, бейнелеп берумен шектелмейді. Сонымен бірге образ көркемдігі ойдан шығарылған жаңа дүние болуымен де айқындалады. Образға жүктелетін жаңалық, сонылық қасиеті оның шығармашылық табиғатынан туындайды. Образдың танымдық сипаты сияқты, бұл мәселені де екі түрлі жағдаймен сабақтастыра қарастыруға болады. Біріншіден, көркем образ – адам баласының шексіз рухани сұранысы мен тілек-талабына орай дүниені жаңартуға, жасампаз жаңа идеалға құштарлығынан туындайтын ой-қиял жемісі. Сондықтан да образ бойында ақиқат өмірдегі объективті бейнелермен қоса, қаламгердің субъективті сезімінен өрбитін құбылыстар да қамтылуы ықтимал. Соған сәйкес көркем образда өмір шындығынан алынған нәрселермен қатар, аңсау-тілекпен, қиялдан туған нәрселер де кездесе беруі – заңдылық. Екіншіден, таза қиялдан туған психикалық бейнелерден көркем образдың айырмашылығы бар. Бұл айырмашылық оның түпкі негізінде жатыр. Ал образдың түп негізі – өмірлік шындық. Яғни көркем образда өмірдегі нақты зат (бояу, дыбыс, сөз, т.б.) шығармашылықпен өңделіп, нәтижесінде әрі жаңа, әрі дара «дүние» (ән-күй, картина, роман-әңгіме, т.б.) жасалады да, келесі кезекте ақиқат өмірдегі өзге де заттар арасынан өз орнын алады. Демек, образды жасайтын материалдар өмірден алынады да, басқа пішін иеленіп, сол өмірге қайта оралады. Осыдан келіп образға

тән ішкі қозғалыс үлгісін бейнелеуге болатындығын саралай келіп, өмірлік шындық → сезімдік қабылдау → саналы түрде жинақтап, қорыту → ойдан шығарылған көркемдік шындық → көркемдік шындықты өзгелердің қабылдауы. Бұдан шығатын қорытынды образдың ішкі қозғалысы 2 жақты айналым арқылы көрінеді. 1)Танымдық үрдісте шындық өмірден қиялдағы өмірге көшеді де, 2)шығармашылық үрдісте қиялдағы өмірден шындық өмірге оралады. Зерттеуші көркем образды жазушы сомдайды дегеннен тереңірек көркем образ көркемдік әлеммен біртұтастықта деген ойды басым ұстайды.

Сондай-ақ зерттеуші әдеби ағым, әдеби бағыт ұғымдарының аражігін ажыратып көрсету мақсатында бірнеше өзіндік ғылыми пікірлерін келтіреді. Себебі әдеби теориялық еңбектерде аражігі айқындалмайды. Көбіне әдеби ағым мен бағытты ажыратпайды, оларды біртұтас ұғым ретінде қарастырады. Синонимдік мәнде қарастырады.

Ғалым академик З.Қабдоловтың «Сөз өнері» зерттеуіндегі анықтаманы тілге тиек етеді: «Байқап қарасақ, стиль – бір жазушыға тән творчестволық ерекшелік болса; ағым – бірнеше жазушыға тән творчестволық бірлік; стиль – әр жазушының дара қасиеті болса, ағым – әр алуан жазушының ортақ сипаты, стиль – жалқыға тән ұғым болса, ағым – жалпыға тән таным; стиль – бір жазушының әдеби беті болса, ағым – бір топ жазушының әдеби бағыты» [2, 343-344].

З.Қабдолов ағым мен бағытты бір нәрсе деп қарастырады. Мұндай тұжырымды орыс теоретиктері Л.И.Тимофеев пен Л.В.Щепиловадан да келтіреді. Аталған ғалымдардың ағым мен бағытқа қатысты пікірлерін жіктей келіп, зерттеуші қазақ әдебиетіндегі ағым мен бағыт мәселесін тоқталған.

«XX ғасыр басында дамып, өрлей бастаған, Абай негізін қалаған қазақтың реалистік жазба әдебиетінде де ұлттық сипат, ерекшеліктері бар ағым, бағыттар болды. Қазақ әдебиетіндегі ағым, бағыттарды айқындаған профессор Б.Кенжебаев болды, «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті – ұлы дәуірдің: ілгерілеулер, күрес, көтерілістер, сұрапыл соғыстар, қиян-кескі төңкерістер дәуірінің әдебиеті. Күрделі көп қырлы әдебиет», - деп тұжырымды баға берген профессор Бейсенбай Кенжебаев ол тұстағы қазақ ақын-жазушыларын саяси, әдеби бағыттарына қарай: 1)ағартушылық; 2)ағартушы-демократтық; 3)демократтық-төңкерісшіл топтарға жіктейді[3, 29].

«Реалистік, романтикалық сарын жарыса өрілген ұлттық тарихи сананың оянуына бастаған, жаңашылдық рухындағы әдебиет бірте-бірте көш түзеп, қазақ қоғамының рухани тіршілігінде басымдыққа жетті. Әдебиет белгілі деңгейде ұлтты дамытудың әмбебап құрамына айналғандай еді. XX ғасырдың алғашқы кезеңіндегі Алаш ұранды әдебиеттің рухы үстем шығып, әріден жалғасқан әдеби үдерістің сан соқпақты даму жолдарын түйістіре бастауы да ілгерішіл ұлттық бағыт ретінде маңызды еді. Қоғамдағы, сол тұстағы Ресейдей дүркін-дүркін төңкерістердің саяси дүмпуі қазақ қауымы мен әдеби ортада жаңғырықты. Ұлттық автономияны көздеген, түрікшілдікті ұстанған, түрікшіл-исламшылдықты қолдаған сарындар күшейе келе белгілі бір қоғамдық көзқарасқа, ағымға айналды. Осының бәрі де ірі қаламгерлердің шығармаларында, публицистикаларында жедел көрініс берді. Оқыған, зиялы ақын-жазушылар, газетшілер сол ағымдардың ағынында белгілі бір әдеби бағыттарға ойысты.

«Айқап» (1911) – «Қазақ» (1913) сынды ұлттық басылымдардың арасындағы тірестің негізінде осындай қоғамдық-саяси көзқарастар жарысы да байқалды. XIX ғасырдың екінші жартысынан жалғасқан ұлт-азаттық, ағартушылық-демократтық сияптағы ағымдар аясында жаңадан туындаған саяси – әлеуметтік ахуалға байланысты елдік, мемлекетшілдік бағытты басым ұстанған (А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев), ағартушы-демократтық бағытқа көбірек ден қойған (М.Сералин, С.Дөнентаев, С.Торайғыров), діни-ағартушылыққа жақын тұрған (М.Ж.Көпеев, М.Қалтаев, Ш.Жәңгіров) әдебиетшілер әрқайсысы өз көзқарасы тұрғысынан шығармаларын жариялатты» - деген пікірді негізге ала отырып, өз тұжырымын жасаған [4, 62-63].

Қазақ әдебиетіндегі әдеби бағыттарды әрі бағыт деп те, әрі ағым деп те санауға болады деп атап өтеді. Сондай-ақ, оларды саяси, идеологиялық, дүниетанымдық тұрғысынан ағым

деп, көркемдік, эстетикалық тұғырнамасы, бағдарламасы тұрғысынан бағыт деп қарауға жөн деген пікір білдіреді. «XIX ғасырдағы орыстың реалистік әдебиеті өз ішінде әр түрлі әлеуметтік-идеологиялық тұрғы ұстанғанымен, XIX ғ. орыс халқының рухани дамуында олардың негізгі көркемдік қабаты, жүйесі, ықпалы белгілі бір кезеңде тиімді, жағымды рөл атқарды. Олардың тарихи еңбегі де осында. Жалпы көркемдік жүйеге, оның ішінде реалистік әдебиетке қосқан үлесі арқылы жазушының өз кезеңі мен басқа кезеңдердегі орны мен маңызы анықталады. Қазақ әдебиеті туралы да осыны айтуға болады», – деген пікірі ойымызға дәлел.

Бір әлеуметтік-идеологиялық көзқарастағы суреткерлердің, немесе бір ағымдағы жазушылардың әр түрлі көркемдік бағыттарға қосылатындығын, атап айтсақ қазақ әдебиетінде бір ағымдағы А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты қаламгерлердің, екінші бір ағымдағы С.Сейфуллин, С.Мұқанов сияқты қаламгерлермен көркемдік бағыттағы ішкі үндестігін байқасақ, өзге ағымдағы Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсіреповтерді екінші бір ағымдағы көркем прозаның асқан шебері Ж.Аймауытовпен көркемдік тұрғыда бағыттас болып, оның талантты ізбасарлары ретінде көрсетті. Түрлі ағым ұстанған поэзия тарландары М.Жұмабаев пен І.Жансүгіровты көркемдік көзқарастары сай, бағыттас ақындар болып табылады. Зерттеуші осы ойын нақты деректермен берген. Ең бастысы әр түрлі ағымдар мен бағыттарды ұстанатын жазушылардың бір көркемдік жүйені, жүйені құрайтынын ескеруіміз қажет деген пікір білдірген.

Ғалымның «Әдебиет теориясы» еңбегінде әдебиеттегі уақыт пен кеңістік (хронотоп) мәселесі қарастырылған. Әдеби шығармада биографиялық уақыттың, тарихи уақыттың, күнтізбелік уақыттың, тәуліктік уақыттың образдары және сонымен бірге қозғалыс пен тыныштықтың, өткені мен бүгіні, болашақтың үйлесімділігі туралы түсініктер орын алады.

Зерттеуші «Әдебиеттегі кеңістік картинасы да уақыт сияқты көп сипатты болып келеді. Әдебиетте тұйық және ашық кеңістіктің, жер мен ғарыш, нақты көрініс пен елестету образдары және жақын мен алыстың болмысы туралы түсініктер кездеседі. Әдеби шығарма кеңістікті жақындату, әртүрлі кеңістікті бір жерге тоғыстыру мүмкіндігіне ие» деп атап өтеді. Әдебиеттегі хронотоп мәселесіне қатысты бірнеше зерттеушінің пікірлеріне тоқталған. Нақты тоқталсақ, «Ю.М.Лотманның айтуынша, әдеби шығармашылықтағы «кеңістік тілі» «ең маңызды және негізгі» болып келеді. Н.В.Гоголь шығармашылығына тоқталған ғалым бағытталған кеңістік, тұрмыстық және фантастикалық кеңістік, тұйық және ашық кеңістік сияқты кеңістік шекараларының көркемдік мәнін сипаттайды. Латман Дантенің «Күдіретті комедиясының» көркемдік негізін әлемдік құрылымның универсалды (әмбебаптық) бастаулары ретіндегі жоғары мен төмен туралы түсініктер құрайтынын, осы аяда басты қаһарманның қозғалысы іске асатынын, үй мотиві маңызды М.А.Булгаковтың «Шебер мен Маргарита» романында «кеңістік тілі» «кеңістік емес түсініктерді» білдіру үшін қолданғанын айтады. Әдебиетте көрініс табатын уақыт және кеңістік ұғымдарын өзіндік бірлік құрып, М.М.Бахтиннен кейін хронотоп (ежелгі грек, *chorones* – уақыт және *tonos* – орын, кеңістік) деп атала бастады. Бахтин хронотоптарды идиллиялық, материялық, карнавалдық және сонымен бірге жол, босаға (дағдарыс пен күрт бұрылыс) қамал, қонақ үй, салон, провинциалды қалашық (оның бірсарынды тұрмысы) хронотоптары деп, қарастырады»[5, 37].

Сондай-ақ М.М.Бахтиннің хронотоптық құндылықтарды айтқанда, оның сюжетқұрушылық қасиетін айта келіп, оны пішіндік-мазмұндық категориялар қатарында атайтындығына да тоқталған.

Зерттеушінің пікірінше әдеби-көркем хронотопта синтезіне түскен және нақты бүтіннің кеңістіктік және уақыттық белгілерінің араласуы орын алады. Кеңістік уақыт, сюжет, тарих қозғалысына тез, белсенді түрде тартылады. Уақыт белгілері кеңістікте ашылады және кеңістік уақыт арқылы безбенделіп, өлшенеді. Көркемдік хронотоп осы категориялардан өтіп, белгілердің араласуымен сипатталады.

Хронотоптың әдебиетте жанрлық мән ие болып, жанр және жанрлық әралуандық хронотоп арқылы анықталады, оның үстіне әдебиеттегі хронотопта басты негіз уақыт болып

табылатындығы нақтыланған. Хронотоп пішіндік-мазмұндық категория ретінде әдебиеттегі адам образы анықтайтындығы, бұл образ әрқашанда міндетті түрде хронотопты болады деп атап өтеді.

Зерттеуші әдебиет пен өнердегі мәңгілік тақырыптарға тоқталып, «Көркем шығармада автордың еркімен, кейде еріксіз түрде тұрмыстық константалар (тұрақтылық) оның іргелі қасиеттері бой көрсетеді. Бұл ең алдымен әлемдік және табиғи бастаулар (универсалий) тақырыбы. Оның өзі екі тұрғыда (аспект) онтологиялық және антропологиялық тақырыпқа бөлінеді: Онтологиялық тақырыптар (әлемдік және табиғи бастаулар) – хаос пен космос (тәртіпсіздік пен тәртіп), қозғалыс және тыныштық, өмір және өлім, жарық пен түнек, от пен су. Антропологиялық тақырыптар біріншіден, адам өмірінің рухани негіздерін қарастырады. (Тәкәппарлық пен кішіпейілділік, қирату мен жасампаздық, күнәһарлық пен тақуалық), екіншіден, инстинктік аядағы тақырыптар (жан, тән құмарлық): либидо (жыныстық аяда), мансапқұмарлық, материалдық байлыққа ұмтылу (гедонизм), жақсы затқа құмарлық, комфорт. Үшінші жынысқа байланысты тақырыптар (ерге тән ірілік, кесектік, әйелге тән нәзіктік) және адам жасына байланысты тақырыптар (балалық, жастық, кәмелеттілік, кәрілік); және, төртіншіден, адам өмірінің дәуірге, заманға байланыссыз құбылыстары, жағдайлары, адам өмірінің тарихи тұрақты сипаттары (еңбек пен демалыс, жұмыс пен мейрам, шындық өмірдің тартыс пен жарасымдылық (гармония) бастаулары, соғыс және бейбітшілік, төңкеріс, саяхат, қайраткерлік пен жеке өмір» деп ғылыми байлам жасаған [5, 29].

Адам ғұмырының осындай мәңгілік тақырыптары ежелгі дәуірлерден жырланып келе жатқандықтан олар қазіргі кезде ерекше бір мифопоэтикалық астарлар арқылы түсіндірілетін архаикалық сипаттарға толы архатиптік (прообраз) қабаттарын құрайтындығына тоқталып, мәтіннің мифопоэтикалық астары мен құпия қабаттарын түсіндіретін мифопоэтикалық мектептердің негізгі өкілдерін көрсеткен. Олар: ағайынды Гримм, Ф.И.Буслаев, Н.Фрай, З.Фрейд және Н.П.Юнг болып саналады. Сондай-ақ кейінгі кездері әдеби шығармашылықтағы мифопоэтикалық архаиканы зерттеп жүрген зерттеушілердің қатарында Е.М.Мелетинский, В.Н.Топоров және Д.Е.Максимовтарды атап өткен.

Қорыта айтқанда, зерттеуші-ғалым, ұстаз С.Жәмбектің аталмыш еңбектерінің теориялық құндылығы жоғары, практикалық маңызы зор. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы кейбір теориялық мәселелерге ғылыми тұрғыдан көзқарастарын білдіріп, тұжырымдарын айтқан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Жамбек С.Н. Теориялық әдебиеттану. – Көкшетау. 2016.
- 2 Қабдолов Зейнолла, Таңдамалы шығармалар. Екінші том. Сөз өнері. Оқулық-монография. – Алматы, 2003.
- 3 Б.Кенжебаев. XX ғасыр басындағы әдебиет. – А., 1993.
- 4 Қазақ әдебиетінің тарихы. 6-том. – Алматы, 2008. -812 б.
- 5 Жамбек С.Н. Әдебиет теориясы. – Көкшетау. 2018.

ӘОЖ 821-0

КАЖИБАЕВА ГУЛЬДЕН КЕНЕСОВНА
ЖУКЕНОВА СҰЛУШАШ КӘКЕНОВНА
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан
guldenkgk@mail.ru

СӘБИТ ЖӘМБЕК – ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ

Аннотация: мақалада қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымына айрықша үлес қосып жүрген әдебиеттанушы ғалым С.Н.Жәмбектің Абайтану, Шәкәрімтануға арналған мақалаларының мәні айқындалды. Ғалымның зерттеу мақалаларындағы Абай, Шәкәрім

шығармалары жөніндегі ғылыми ой-тұжырымдары зерделенді. Және ғалымның Абай, Шәкәрімнің философиялық танымының ерекшелік қырларын дәлелдеуі қарастырылды.

Тірек сөздер: Абай танымы, поэтикалық өріс, философиялық дүниетаным, көркем аударма, нәзіралық дәстүр.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Абай Құнанбайұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі, шығармашылық өнері, мұрасы сан-салалы зерттеу еңбектерінде тереңнен зерттеліп, кемелденді. Бүгінде Абайтану, Шәкәрімтану ғылымы қалыптасты, ғылымда отау тікті. Абайтану тарихы 1889 жылы басталып, қазақ әдебиетінде 50-жылдары өріс алды. Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу шын мәнінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы мақалаларынан басталса, бұл мәселені тұңғыш рет сөз етіп, өз алдына арнайы түрде зерттеу қажеттілігі ең алдымен Мұхтар Әуезовтің, сонымен бірге Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов, Қайым Мұхамедханов, Айқын Нұрқатов еңбектерінде көрініс тапты. Кейіннен Мекемтас Мырзахметов, Төкен Ибрагимов, Рабиға Сыздық абайтану ғылымын дамытса, Ғарифолла Есім, Тұрсын Жұртбай, Тұрсынжан Шапай, Омар Жәлелдер одан әрі абайтану ілімін жетілдіре түсті.

Шәкәрімтану ғылымын Ә.Бөкейханов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, А.Шәкәрімұлы, Қ.Мұхамедханов, З.Ахметов, Ш.Елеукенов, Р.Нұрғали, А.Еспенбетов, Б.Сапаралы, Т.Шанбай қалыптастырып, дамытты.

Әдебиеттану ғылымындағы осы бір әдеби процесі жалғастыру, әдебиеттанушылардың қазақ әдебиетінің тарихын зерделеу барысында Абай, Шәкәрім мұрасына зерттеу жасау зандылық десек, қазақ әдебиетінің барлық салалары бойынша өнімді еңбек етіп, мақалалар жазып жүрген филология ғылымдарының кандидаты, профессор Сәбит Нұрмұхамедұлы Жәмбектің де абайтану, шәкәрімтану ғылымына қосар өзіндік салмақты еңбектері бар. Ғалымның «Абай танымындағы ислам арналары», «Абай мен Пушкиндегі поэтикалық өріс», «Шәкәрім поэзиясындағы философиялық дүниетаным иірімдері», «Шәкәрім поэмалары мен көркем аудармаларындағы нәзіралық дәстүр» атты бірқатар мақалаларының Абай мен Шәкәрімнің шығармашылық мұрасын тануда, насихаттауда мәні зор.

«Абай танымындағы ислам арналары» атты мақалада дін мен өнер, дін мен мәдениет, дін мен ғылым арасындағы қарым-қатынастар туралы талай теологтар, дінтанушылар, философтар мен әдебиетшілер талай еңбектер жазғандығына ғылыми ақпар бере келе, ислам өнері, ислам мәдениеті, ислам ғылымы деген терең зерттеуді қажет ететін арналы салаларды Абай поэзиясындағы таныммен сабақтастыра талдайды.

Мақалада: «Исламиятта «жан» және «тән» субстанциясы қатар аталады. Қазақтың ұлы ақыны Абай бұл категориялар туралы былай дейді:

Ақыл мен жан «мен» өзім, «тән» менікі

«Мені» мен «менікінің» жөні екі

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан

«Менікі» өлсе өлсін оған бекі

Абайдың «мен» деп отырғаны ақыл мен жан, «менікі» деп отырғаны тән. Ақыл мен жан мәңгілік, ал тән өткінші. Абай исламияттағы жанға ақылды қосады.

Абайдың исламиятқа қатысты күрделі ойлары «иманигүл» «үш сүю», «жәуанмәртлік», «толық адам» сияқты категорияларды бағамдағанда байқалады.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және хақ жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады Иманигүл,

Иманның асылы үш деп сен тақиқ біл,

Ойлан-дағы, үшеуін таратып бақ,

Басты байла жолына, малың түгіл.

Мұндағы «үш сүю», яғни бірінші «сүю» «махаббатпен жаратқан адамзатты», «сен де сүй ол алланы жанан тәтті» деп бірінші «сүю», «алланы сүюді» атайды, ал екінші «сүю», «адамзатты сүю», үшінші сүю, хақ жолы «әділет» немесе «хаділет» деп аталады. Мұндай ойлар Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге», «Алла деген сөз жеңіл» және 38,27-інші қара сөздерінде кездеседі. Мұсылмандық шығыс поэзиясында ақыл және жүрек культі (имани гүл) сарындарын мадақтау кеңінен өріс алған» деп терең филологиялық талдау жасайды.

«Абай мен Пушкиндегі поэтикалық өріс» атты мақаласында «Біздің ұлы Абайдан Пушкинге өзіндік таныммен, ұлттық дүниетаным тұрғысынан келіп, ұлттық тілде нақышына келтіріп, төл тілдің дәл өзінде туғандай ғып сөйлепті. Бұл – Абай әлемінің құдіреттілігі, Абай қаламының қуаттылығы еді. Абай – шын мәтіндегі тәржіме өнерінің ұлы шебері еді» десе, «Абайдың қазақ мәдениеті мен көркем өнерінің тарихындағы үлкен бір еңбегі – оның көркем аударма мұралары. Абай орыстың классикалық әдебиеті арқылы Батыс Европа әдебиеттерімен табысқан, жақындасқан. Ой бөліскен, сыр бөліскен. Рухани үндесуі арқылы ұлттық негізде өрелі ойлар айтқан. Осы әсерден болу керек, ол «Шығысым – Батыс, Батысым – Шығыс болды» деп Абайдың рухани әлемінің өрісін жеткізеді.

«Пушкиннің үнін, Пушкиннің жырын алаш жұртшылығы, кешегі қыр баласы жалпақ сахараға кең жайылған «Татьяна әндері» арқылы естіп, білді. Абайдың бұл үлгісі Европалық классиканы қыр тұрмысының көзге қанық, көңілге таныс сыр-сезімдерімен орайластыра жеткізген тамаша үлгі болатын. Қазақтың қыз-бозбаласының жүрек сырын, көңілдегі дерті мен мұңлы қуаныш кезімін ғажап шертетін сырлы дүние еді бұл. Сонымен бірге орыс данышпанының жүрек сырын Абайдай қазақ данышпанының жүрек толғағы арқылы сезіп, біліп еді қыр баласы. Пушкиннің ғажайып туындысы қазақ арасына ғашықтық сырын қозғайтын сыршыл ән болып тарады. Талай жүректерге жол тауып, ғашықтық мұңын бөлісті. Қыр баласының мұңлы да сырлы көңіл-күйін қозғайтын жүрек сырының таңғажайып ескерткіші еді бұл Абай сомдаған» деген ғылыми түйіндеуі Абай мен Пушкиннің рухани болмысының тоғысуын, рухани тұлғаларының үндесуін паш етеді.

«Шәкерім поэзиясындағы философиялық дүниетаным иірімдері» атты мақаласында «Азан шақырып қойған есімі Шаһкерім, ал қазақ арасында Шәкерім аталып кеткен бұл тұлға – қазақ мәдениетінде өзіндік үлкен орны бар философ, тарихшы, ақын, композитор болған сегіз қырлы, бір сырлы жан – жақты өнер иесі еді» деп өрнектей отырып, Абай мен Шәкерім поэзиясындағы үндестікті талдайды. М.Әуезовтің Шәкерім туралы ғылыми пікірлерін дәйек ете отырып, Шәкерімнің ақындық дүниетанымы, философиялық көзқарасы ұстазы Абай дүниетанымы, көзқарасымен үндесіп жататындығын дәлелдейді. Мақала Шәкерім философиясының тұжырымды түрде дәйектелуімен құнды.

«Шәкерім поэмалары мен көркем аудармаларындағы нәзиралық дәстүр» мақалада шәкерімтанушы ғалымдардың еңбектерін ғылыми негізде сараптай отырып, ғалым өз тарапынан ақын поэмалары мен көркем аудармаларындағы нәзиралық дәстүрге филологиялық талдау жасайды. Шәкерім аудармаларының қазақ әдебиетіндегі өзіндік айшықты мәнін саралап береді.

Қорыта айтсақ, зерделі әдебиет зерттеушісі С.Н.Жәмбектің мақалалары қай тақырыпта жазылса да жан-жақты терең филологиялық талдау жасалуымен оқушауланып тұрады.

Ғалымның мерейтойымен құттықтай отырып, шығармашылық белесте жұлдызы жарқырай берсін деген тілек білдіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Жәмбек С.Н. Абай танымындағы ислам арналары // «Шоқан тағылымы – 13» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. ТОМ 3. – Көкшетау, 2008. – 24-26 сәуір, 235-240 б.б
- 2 Жәмбек С.Н. Абай мен Пушкиндегі поэтикалық өріс // Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. 2006, №3 (12), 174-176 б.б.
- 3 Жәмбек С.Н. Шәкерім поэзиясындағы философиялық дүниетаным иірімдері // «Шәкерім мұрасы және ислам құндылықтары» атты ғылыми конференция материалдары. 2018

КАЖИБАЕВА ГУЛЬДЕН КЕНЕСОВНА
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан
guldenkgk@mail.ru

ӘДЕБИЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМ СӘБИТ ЖӘМБЕК ЗЕРТТЕУЛЕРİNДЕГІ ТҰЛҒАЛАР ЖАЙЛЫ ҒЫЛЫМИ ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАР

Аннотация: мақалада қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымына айрықша үлес қосып жүрген әдебиеттанушы ғалым С.Н.Жәмбектің әдеби-зерттеу мақалаларының ерекшеліктері қарастырылды. Ғалымның зерттеу мақалаларындағы тұлғалар жөніндегі ғылыми ой-тұжырымдары зерделенді. Сонымен қоса әдеби-зерттеу мақалаларының ғылыми мәні айқындалды.

Тірек сөздер: қазақ руханияты, шығармашылық мұра, ғалым тұлғасы, шығармашылық портрет.

Қазақ руханиятына үлес қосып жүрген әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Сәбит Нұрмұхамедұлы Жәмбектің есімі әдеби және ғылыми ортаға кеңінен таныс. Ол – қазақ әдебиетінің тарихын, әдебиет теориясын, әдебиет сынын тыңғылықты зерттеуде еңбек сіңіріп жүрген ғалымдардың бірі. Ғалымның ғылыми-әдеби мұрасын оқып, зерделей отырып, ғалым еңбектерінің өзіндік бір ерекшеліктеріне көз жеткізерің сөзсіз. Алдымен ғалымның шығармашылығын төрт топқа жіктесек: бірінші – әдеби-зерттеу және қоғамдық-саяси мақалалары, екіншісі – монографиялық зерттеулері («Бернияз Күлеевтің ақындық мұрасы» (2002), «Қазақ әдебиетінің тарихылығы» (2016)), үшіншісі – оқулықтары мен оқу-құралдары («Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романының әдеби сынды бағалану тарихы» (2010), «Әдебиет теориясы» (2018)), төртіншісі – көркем шығармалары, яғни роман-эссе («Себезгі сырлар үзігі»), хикаят («Жазмыш»), әңгімелер («Наған жыры», «Күрмеу»), драма («Шоқан боп сүйген жүрек»), өлеңдері. Осы бір шығармашылық жіктелісінен-ақ ғалым, қаламгер мұрасы арнасының кеңдігін, ауқымының көлемділігін, мазмұнының тереңдігін пайымдауға болады.

Ал біз мақаламызда әдебиеттанушы ғалым Сәбит Нұрмұхамедұлының бай шығармашылық мұрасының шоғырынан тұлғалар жөнінде талдау берілген мақалаларын зерделеуді мақсат тұттық. Атап айтар болсақ, «Сұңғыла б

ілімпаз», «Ғұламаның көркем аудармасы», «Мәлік Ғабдуллин – әдебиет сыншысы», «Е.Ысмайылов – әдебиет зерттеушісі», «Серік Қирабаев – сыншы ғалым», «Тұрсынбек Кәкішев және Сәбиттану мәселелері», «Кемел талант иесі» атты әдеби-зерттеулеріндегі тұлғалар жайлы ғылыми ой-тұжырымдары ғалым еңбектерінің шоқтығын зорайтып, кемелдендендіріп тұр. Бұл мақалаларда ұлт мәдениеті мен өнерінде өлшеусіз еңбек сіңірген тұлғалардың шығармашылық портреті жасалуымен ерекшеленеді.

«Сұңғыла білімпаз» мақаласы қазақтың тұңғыш тіл білімі профессоры Құдайберген Қуанұлы Жұбановқа арналған. Зерттеуші С.Н.Жәмбек: «XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ қоғамын мәдени-экономикалық мешеуліктен арылтуға жаңа қалыптасып, туып келе жатқан қазақтың жас зиялы топтары өздерінің барша жігерін, күш-қуатын аямай жұмсауға, сарқуға белдерін бекем бұған еді. Осы маңдайы жарқыраған зиялы топтың ішінде жаңа тұрпатты қазақ мәдениетінің қалыптасып, нығайуына ерекше ат салысқан, соңғы демі біткенше маңдай терін бес төккен жарқын тұлға – Құдайберген Қуанұлы Жұбанов болатын.

Ол – қазақ филологиясының тұңғыш профессоры, айтулы лингвист, ғұлама түрколог, оқу-ағарту, мәдениет, қоғам қайраткері, елім деп еңіреп өткен аяулы да абзал азамат еді» деп аса бір құрметпен бағалап, ғұлама ғалымның шығармашылық болмысының жан-жақты, көп тарамды, тамыры терең екендігін ыждағатпен даралап береді.

Мақалада автор «Құдайберген Қуанұлы Жұбанов алла тағала ерекше аялаған, құдай табиғи дарын, талантты аямай мол бере салған, тумысынан алғыр, зерек, сұңғылы білімпаз

болды» деп ойын тұжырымдайды. Ғалымның «сұңғылы білімпаз» деген сөз өрнегі қазақтың маңдайалды ғұлама ғалымы Құдайберген Жұбановтың шығармашылық тұлғасын толық ашып тұр. Осы бір тақырып атауынан-ақ зерттеушінің ой мен сөз дәлдігінің шебері екендігіне көз жеткіземіз.

«Ғұламаның көркем аудармасы» мақаласында қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы Ахмет Байтұрсынұлының ақындық мұраларының ішіндегі шоқтығы биік көркем аудармалары зерттелген. Мақалада автор Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал», «Маса» деген жинақтарына енген көркем аударма мысалдарында ел мұратын, халық мүддесін ойлап, ұлтына қамқор болған биік азаматтық тұлғасын дәріптейді. Ғалым «Ахмет Байтұрсынұлының есімі – қазақ мәдениетінің қалыптасуындағы, ұлттық оянуымыздағы рухани көшбасшыларымыздың қатарынан орын алатыны ақиқат шындық екеніне бүгінде ешкім де дау тудырмас. Ахаңның ғұмырына, өнерпаздық жолына зерделей көз жүгіртсек ол кісінің көп қырлы талант екеніне көзіміз жете түседі. Көсем сөздің майын тамызған тамаша публицист, ұлттың рухани оянуына түрткі болып халықтың жүрегіне жол салған ақын, ұлағатты ұстаз, зерделі ғалым еді» деп ой қорытады. Мақалада көркем аудармаларды талдай отырып, Ахмет Байтұрсынұлының аударма саласындағы шығармашылық портретін береді.

«Мәлік Ғабдуллин – әдебиет сыншысы» мақаласында фольклористика, әдебиет сыны, жоғары сынып оқушылары мен жоғары оқу орындарына арнап жазған ауыз әдебиетінен оқулықтарының мәні көрсетіліп, құндылығы айтылады.

«Мәлік Ғабдуллин есімі - Қазақстан руханиятында терең із қалдырған жарқын тұлғалардың қатарынан орын алатындығын мақтанышпен айтқымыз келеді. Тағдыр оған барлығын да сыйлаған еді. Ақыл-көрікті де, батырлықты да, батылдықты да, терең парасат пен мейірімділікті де, күш-қайрат пен асқан жігерлікті де, пайымды ой мен ұшқыр алғырлықты да-бәрін аялай берген сияқты.

Өз дәуірінің биік зияткерлік ақыл-ойы мен болмысының нарқасқасы еді. Ғылым немесе әдебиет саласы бола ма, немесе қоғамдық өмір саласы бола ма, қандай саланы алмасақ та, өзінің алғырлығы мен ізденгіштілігімен, іждаһатымен кез-келген істе бетінен қалқымай тереңге баратын Мәлік Ғабдуллин болмысына таңқалмасқа шарамыз жоқ. Кез-келген таланттың маңдайына бұйыра бермейтін осындай сирек болмыс оны әрбір істің шебері болуға ұмтылдыратын.

Мәлік Ғабдуллиннің фольклористика саласының ғана білікті де білімдар маманы болып қалмай, әдеби үдеріс, әдеби сын саласында да байсалды да тиянақты ой-пікір, тұжырым, қағидалармен ерекшеленетін салауатты сыншы, білгір әдебиетші екенін де танытты» деген С.Жәмбектің әдебиет зерттеушісі, қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин жөніндегі ғылыми пайымдауларының бүгінгі әдебиеттану ғылымында орны зор пікір.

«Е.Ысмайылов – әдебиет зерттеушісі» атты мақаласында сыншының эстетикалық дүниетанымы мен білім-білігін дәлелдеп, талдау жасаған. Е.Ысмайыловтың Абайтануға қосқан үлесі сараланып, толымды баға берілген. Мақаладан әр оқырман Е.Ысмайыловтың шығармашылық өрісі жөнінде кең ғылыми ақпар алады. Мақалада әдебиеттанушы ғалым С.Жәмбек: «Е.Ысмайылов сыншы ретінде, ғалым ретінде қазақ әдебиетінің үлкенді-кішілі ақындарының шығармашылығы жайында арнайы мақала жазып, қазақ әдебиетінің түйінді, күрмеулі мәселелеріне жанашырлықпен қалам тербеп отырды. Оның зерттеу нысанына қазақ поэзиясының асқаралы биік шоқтығын көтерген Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіровтен бастап, кейінгі толқын өкілі Еркеш Ибраһимге дейін қамтылып, олар туралы жүрек жарды лебізімен, парасатты ой-толғам, сарабал сын-пікірлерін білдіріп отырды. Осының барлығында көркемдік шеберлік мәселесін басты мақсат етіп қойған сыншының ащы да жанашыр ой-пікірлері жатты» деп ғалымның шығармашылық көздерін айқындап береді.

Ғалымның «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1940), «Қазақ совет әдебиеті» (1942), «Әдебиет теориясының мәселелері» (1941) мен қазақ әдебиетінің хрестоматияларының қазақ әдебиеттану ғылымын биік шыңына шыққан зерттеулер екендігін дәлелдейді. Және автор

мақалада Е.Ысмайылов революцияға дейінгі және кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетін дәуірлеу, Абай, Сұлтанмахмұт, С.Дөнентаев, С.Көбеев, М.Сералин, Жамбыл, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Қасым Аманжолов, Асқар Токмағамбетовтердің еңбектеріне алғаш тұжырымды ой-пікір, ғылыми сипаттама беруші екендігіне назар аудартады.

Мақалада Е.Ысмайылов ғалымдық, шығармашылық тұлғасына «кемел ойлы, парасатты әдебиеттанушы ғалым» деп тұжырым жасайды.

«Серік Қирабаев – сыншы ғалым» атты мақалада академик С.Қирабаевтың сыншылық мұратын, сыншыға тән қасиеттерін сөз ете отырып, «өнерпаздық жолында осындай азабы мол, дау-дамайды да жетіп артылатын сыншылық өнерді өмірлік мұраты, бағдары, тұғырнамасы етіп алған. Сыншылық өнерді көбіміз тек қана сынау деп жадағай, тар өрісте жайдақ түсінетініміз бар. Абайлап қарасақ, оның бұлай емес екендігіне көз жеткіземіз. Сыншы Серік Қирабаевтың ғылыми-шығармашылық еңбектерін саралай қарап отырсақ, әдебиет әлемінің үш саласында жемісті қызмет атқарғанын байқадық. Біріншісі – қазіргі қазақ әдебиетінің жай-күйі, замандас қаламгерлер шығармашылығы жайындағы әдеби-сын мақалалары; екіншісі – ұлттық әдебиетіміздің қалыптасып, даму кезеңдерін, өзіндік өсу жолдарының ерекшеліктерін сипаттайтын ғылыми зерттеулері, үшіншісі – әдебиет оқулықтары мен әдебиетті оқыту мәселелерін қарастыратын оқу-әдістемелік, методикалық еңбектері» деп ғылыми шығармашылық процесіне толыққанды, дәлелді талдау жасайды.

Әдебиеттанушы ғалым С.Жәмбек академик Серік Қирабаевтың ғылыми болмысына «әдебиет сыншысы, әдебиет зерттеушісі деген қасиеттер бір-бірінен ажырамай, кірігіп, тұтасып кеткен» деп әділ баға береді.

«Тұрсынбек Кәкішев және Сәбиттану мәселелері» атты мақаласында: «Тұрсынбек Кәкішев – қазақ әдебиеттану ғылымында көп іс тындырған, көрнекті тұлға. Ол осы саланың ыстығына да, суығына да тоңған, шираған, көп талас-тартыстарды да басынан өткерген, өзінің ұстазы Есмағамбет Ысмайылов сияқты «Әдебиеттің еңбекторысы» (М.Әуезов) аталған бір туар талант. Халық арасында Тұрсекең атанған Тұрсынбек Кәкішев сөздің шын мәніндегі еңбекқор ғалым. Ғылымға араласа бастаған жас шағынан бастап қазіргі күнге дейін қазақ әдебиеті тарихы мен сынында ақтаңдақ болған мәселелерді түп негізінен қарастырып, қопарыстыра зерттеп жүрген тынымсыз жан» деп әдебиет сыншысы, сәкентанушы, сәбиттанушы ғалымның шығармашылық портретін жасайды. Мақалада зерттеуші С.Жәмбек Тұрсынбек Кәкішевтің Сәбит Мұқановтың шығармашылығы жөнінде соны мағлұматтар беріп, талдау жасап, шығармашылық жолына тұжырымдар, ғылыми пайымдаулар, түйіндерді жасаудағы ерен еңбегін көрсетеді.

Ғылыми көкжиегінің өресі кең, талант иесі академик Тұрсынбек Кәкішевтің қазақ мәдениетіне, әдебиетіне, руханиятына адал еңбекқор, ыждағатты жан екендігін ғылыми зерттеулерімен дәлелдеп береді.

Жоғарыдағы мақалаларды сараптай отырып, әдебиеттанушы ғалым Сәбит Нұрмұхамедұлы Жәмбектің зерттеушілік, сыншылық болмысының биіктігіне ойлы да мәнді еңбектері арқылы көзіміз жетеді. Мақалаларының дәйектілігі мен дәлдігі, біліктілігі мен білімділігі, ерекше талғампаздықпен жазылған көркем талдаулары әдебиеттану ғылымында ғалымның болмысын даралап тұрады. Кез келген мақаласы ойдың ұшқырлығымен, пікірінің уәжділігімен, дерек-дәйегінің нақтылығымен, тұжырым тиянақтылығымен өзгешеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Жәмбек С.Н. Ғұламаның көркем аудармасы // «Көкшетау» газеті, 1998. № 95, 27 қараша.
- 2 Жәмбек С.Н. «Мәлік Ғабдуллин – әдебиет сыншысы» // Қазақстан Республикасының 25 жылдығына орай «Мәлік Ғабдуллин тұлғасының танымдық, тағылымдық ерекшеліктері мен өзектілігі» атты республикалық онлайн-конференция материалдары. 5-11 б.б. 2016.
- 3 Жәмбек С.Н. Е.Ысмайылов – әдебиет зерттеуші // Тіл білімі «Ана тілі аясы» Тіл мен әдебиет теориясы және лингводидактика атты республикалық ғылыми-теорияның және әдістемелік конференция, – Астана, 2012
- 4 Жәмбек С.Н. Серік Қирабаев – сыншы ғалым // С.Қирабаев және қазіргі заманғы филологиялық зерттеулердің ғылыми-теориялық және оқу-әдістемелік өзекті мәселелері / Ғылыми жинақ/. – Алматы: Абай атындағы Қаз ҰПУ-дің «Ұлағат» баспасы, 2017 жыл, –37-377 б.б.

5 Жәмбек С.Н.Тұрсынбек Кәкішев және Сәбиттану мәселелері//С.Мұқановтың 115 жылдығына арналған «Сәбит Мұқанов – әлемдік әдебиет пен мәдениеттегі жарқын тұлға» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Петропавл, 2015 ж. 22-29 б.б.

ӘОЖ 82.0(5Қ)

БӨКЕН ГҮЛНАЗ САЙЛАУБАЙҚЫЗЫ
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан
asya_2309@mail.ru

СӘБИТ ЖӘМБЕК КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ХАҚЫНДА

Аннотация: мақалада филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сәбит Нұрмұхамбетұлы Жәмбектің ежелгі дәуір әдебиетін қамтитын Орхон-Енисей жәдігерліктері, Күлтегін, Атилла жөнінде жазылған әдеби-публицистикалық мақалалары қарастырылады. Автордың аталмыш тақырыптарға байланысты жазылған көптеген ғылыми-зерттеу еңбектерін ұтымды талдауын, оған өзіндік пайымды көзқарастарын білдіруі, соңында жүйелі әрі тұжырымды ой түйін жазуы жан-жақты сараланады.

Әсіресе, Орхон ескерткіштерін, Күлтегіннің мазмұны мен түрі жағынан да, тілі мен көркемдеу құралдары, өлең құрылысы, композициясы жағынан да ежелгі түркі халықтарына ортақ көркем туындылардың үлгісі болумен бірге, ол қазақ әдебиетінің де асыл қазынасына енетін әдеби мұра екендігін дөп баса көрсетуі зерделенеді. Сонымен қатар мақалада Атилла тұлғасына қатысты жазылған сан түрлі зерттеулерді ой сүзгісінен өткізген қаламгердің өзіндік талдаулары көрсетіледі.

Тірек сөздер: ежелгі дәуір әдебиеті, Орхон-Енисей ескерткіштері, Атилла, Күлтегін, әдеби жәдігерліктер, әдеби талдау, тұлға, бейне, болмыс

Көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, ұлағатты ұстаз, ұлт руханиятының жанашыры, прозаик, эссеист, дәуір тынысын кемел өрнектеуші қаламгер, өлкетанушы, драматург, күйші, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сәбит Нұрмұхамбетұлы Жәмбек – қазақ әдебиеттану ғылымындағы берниязтанудың іргетасын қалаған кемел тұлға.

Бұл күнге дейін ғалымның «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Көркем әдебиеттегі тарихилық», «Мұхтар Әуезовтің «Абай», «Абай жолы» романдарының әдеби сында танылу және бағалану тарихы (1940-1960 ж.ж.)», «Бернияз Күлеевтің ақындық мұрасы», «Әдебиет теориясы» оқу құралдары мен «Ақмола облысы энциклопедиясы», «Шоқан Уәлиханов энциклопедиясы», «Көкше өңірінің фольклорлық мұралары» ұжымдық монографиялары жарық көрген. Сонымен қатар қаламгер әдебиет сүйер қауымға «Шоқан боп сүйген жүрек» пьесасы, «Наған жыры», «Күрмеу» атты әңгімелері, «Жазмыш» хикаяты, бес дәптерден тұратын «Себезгі сырлар үзігі» эсселер топтамасын ұсына білген. Сегіз қырлы, бір сырлы өнер иесінің «Қобыз сарыны», «Сағыныш», «Сарын» сынды күйлері және бар. Мұнымен қоса, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы ғалымның өңір мәдениеті мен әдебиетін тану, өлкенің киелі орындары мен тарихи жәдігерліктерді насихаттау жолындағы еңбегі де ұшан-теңіз.

Бұл орайда, әдебиетші Сәбит Жәмбектің сан қырлы тұлғасын тану әрі ғылыми және әдеби шығармашылық мұрасын зерделеу барысында ғалымның ғылыми басылымдар мен мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып жүрген әдеби-публицистикалық мақалалары негізгі нысанға алынды. Яғни, қаламгер жазбалары әдеби-зерттеу және қоғамдық-саяси мақалалар деп топтастырылып, ондағы тақырыптық-идеялық негізі, ғылыми сипаты, жанрлық ерекшеліктері сараланды. Бұл тұста, назардан тыс қалмайтын бір жайт – әдебиетші қайсыбір мақаласын жазу кезінде тарихи хронологияны берік ұстанатын перфекционист.

Біз өз тарапымыздан әдебиетші-ғалым С.Жәмбектің әдеби-зерттеу жанрындағы Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, Күлтегін, Атилла жөнінде жазылған әдеби талдау мақалаларына

тоқталсақ. Мың жарым жылдық жазба дәстүрі бар, қазақ әдебиетінің ежелгі әдеби ескерткіштері, ҮІІІ ғасырда тасқа қашалған Орхон жәдігерліктері турасында жазылған ғалымның «Орхон жәдігерліктері – әдеби мұра» атты мақаласында: «...сонау бабалар дәуірінің алғашқы нұсқалары болып табылатын бұл әдеби ескерткіштерді поэтикалық тілмен айтар болсақ, тасқа қашалып жазылған жырлар деп атағанымыз орынды[1,176-179],– делініп, аталмыш жазба ескерткіштердің әдеби шығарма, көркем мұра ретінде қарастыру қажеттілігін тілге тиек етеді.

Бұл ретте С.Жәмбек Орхон жырларын «Алпамыс», «Қобыланды» жырларындағы өлең жолдарымен үндестігін көрсетеді. Яғни зерттеуші Ф.Корш, Бернштам, П.Мелиоранский, С.Малов, А. Щербак, Л.Гумилев, И.Стеблева сынды ғалымдардың өзара қайшылықты көзқарастарын сұрыптай түсіп, «...Орхон жырлары тек қана өлеңге құрылмаған, арасында қара сөз араласып келіп отыратын өзіміздің «Алпамыс», «Қобыланды» тәрізді эпикалық жырларды еске салады. Мәселен, «Ай йеті атузқа йоқ ертүртіміз. Барқын, бедізін, бітіп ташын бечін йылқа йетінч ай йеті отузқа қоп алқадымыз. Күлтегін өл (ліп) қырқ артұқы йашық бұлыт» [1], – дейді. Аудармасы: «Күлтегін қой жылы он жетінші күні өлді. Тоғызыншы айдың жиырма жетісінде жерледік. Мазарын, ою-өрнегін, жазба тасын мешін жылы жетінші айдың жиырма жетісінде аяқтадық. Күлтегін өлгенде қырық жаста еді.» [2,69]. Мұнан кейін әдебиетші тасқа қашалған шығармаға өзек болған тарихи оқиғалардың ізі көркемдік тұрғыда қалай берілігенін, көркем әдебиеттегі тарихи шындықтың көркем шындыққа айналу эволюциясын, яғни Күлтегін жыры нақты тарихта болған оқиғалардың ізін қуып, жалаң баяндалмағанын, жыр авторы өзінің идеясына, авторлық тенденциясына, позициясына (тұрғысына) орай, сол кезеңнің идеологиялық талап-тілектері тұрғысынан оқиғаларды көркем сұрыптай алғанын бағамдайды.

Әлбетте, бүгінгі күнгі поэзияның өлшемімен, талабымен келетін болсақ, Орхон жырларында жыр жолдарының ұйқаспай жатқандығын көреміз. Алайда, бұл поэзияның өлшемі ме? Және туындының бұдан мыңжарым жыл бұрын дүниеге келгенін де ескеруіміз қажет. Бұл ретте зерттеуші С.Жәмбек өлең сөздің атақты теоретигі В.Жирмунскийдің пікірін назарға алып, көне орыс поэзиясында ұйқастың болмағандығын айтады. Керісінше ұйқас прозалық үлгілерде кездескен. Ал жалпы қазақ жырларында оның ішінде көне түркі поэзиясындағы жырларда біздің дағдылы түсінігіміздей ұйқас кездеспеген деген уәж келтіреді. Осы орайда, әдебиеттанушы-ғалым Бейсенбай Кенжебаев та: «Жырда өлеңдегідей өлшемнің, ұйқастың мәні соншалықты күшті емес. Жыр көп ретте сөз буынына, сөз ұйқасына емес, ой түйдегіне, ой ұйқасына қарай қиыстырылады. Көп жерлері, тіпті, ұйқассыз да келеді» [3,21],– дейді.

Мұнымен қоса, мақалада баяндамашы жырдағы образды бейнелеу тәсілдерін, ұтымды баламаларды сұрыптай отырып: «...жырдың әдеби шығарма ретінде образдар жүйесіне тоқталар болсақ, онда түркі дәуіріндегі бір шоғыр батыр-қағандар мен түркі халқының ержүрек бейнесі сомдалған. Атап айтар болсақ: Бумын, Естілми, Елтеріс, Қапаған, Білге секілді қағандар, Күлтегін секілді батыр, Тоныкөк секілді дара қариялардың жарқын образдары бар. Бұлардан басқа тағы бір атап өтерлік жайт: Күлтегін жырларында батыр мінетін арғымақ аттардың бейнеленуі оның қазақ эпостарындағы осындай мотивтермен туыстығын дәлелдесе керек»[1],– дейді. Сайып келгенде, ғалым «Күлтегін», «Тоныкөк» ескерткіштері тек ғана тілдік, тарихи ескерткіштер ғана емес, дәуір шындығын көркемдік тұрғыда берген, өз дәуірінің поэтикалық үрдісімен жазылған барша түркі қауымның ең алғашқы әдеби үлгілері, көркем туындылары деген ұтымды тұжырым жасайды.

Сәбит Жәмбектің жоғарыдағы жазбасының жүйелі жалғасы ретінде «Күлтегін» мақаласын атауға болады. Әлем тарихында иісі түркі жұртының қаһармандық беттерін айғақтайтын, ұлық тұтар, ардақты есімдерінің бірі – Күлтегін десек артық айтпағанымыз болар. Күлтегін – екінші Шығыс Түркі қағанатының жау жүрек батыры, жауға атойлап тиер қаһарлы қолбасшысы. Қазақтың «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын» сияқты батырлар жырларының бастауында тұрған да – «Күлтегін». Зерттеуші өз мақаласында Күлтегіннің тарихи зерттеу еңбектеріндегі өмірі жолы мен тұлғалық болмысын саралай келіп: «...тастағы

шежіре жазумен тарихи деректерді зерделесек, әкесінен ерте жетім қалған Күлтегін ел мүддесі үшін қабырғасы қатпай, ат үстіне ерте мініп, жаужүрек батыр болғандығын байқаймыз. Он алты жастардағы бозбала шағынан өмірінің соңына дейін халық арманы, ел мүддесі үшін қасықтай қаны қалғанша жан аямай күрескен баһадүр»[4,203-208], – дейді. Мақалада автор Күлтегіннің ерлік істерін, түрік елінің іс жүзіндегі көсемі, әскери қолбасшы болғанын, әділет жолындағы ұстанымын, кеңесшісі ретінде Тоныкөкті көрегенділікпен алуын сипаттайды.

Сайып келгенде, қазіргі түркология ғылымында Орхон жазба жәдігерліктерін әдеби ескерткіш, эпикалық жыр ретінде қарастыру басым. Сонымен Күлтегін есімі тек түркі халықтарының тарихына ғана қатысты емес, барша адамзат тарихының ерлік шежіресінен ойып тұрып орын алатын болса, Орхон жазба жәдігерліктері тек иісі түркі тұлға жұртының ғана емес, адамзат мәдениетінің әдеби, мәдени, тарихи жәдігерліктерінің алтын қазынасынан орын алатын қастерлі де қасиетті рухани мұра боп саналмақ.

Қаламгердің ендігі бір мақаласы «Ғұн, сақ жазулары және тілі мен Атилла есіміне байланысты кейбір мәселелер...» делініп, онда ғұндар мен сақтардың тегіне, тіліне байланысты, Атилла есімінің этимологиясына байланысты еуропацентристік танымнан туындайтын біржақты көзқарастардың әлі де болса кездесетіні байыпталады. Автор мұндай көзқарастарға еуропацентристік танымнан ада, жан-жақты, объективті, ғылыми талданған отандық және әлемдік түркологиядағы абыройлы да беделді тұлғалардың әбден екшелген, сараланған көзқарас, тұжырымдарын, пікірлерін дәйек еткен. Негізінен, кейінгі қуатты түркі қоғамы мен мәдениетінің қалыптасуында ғұндардың алатын орны ерекше болғаны анық. Былайша айтқанда, ғұндар мен ғұндар қоғамы прототүркі, прототүркі қоғамы болып саналады. Бұл тұжырымды түркітану әлемінде есімдері әйгілі талай беделді түркітанушы ғалымдар мен мамандар мақұлдап келеді. Ғұндар мәдениеті, шаруашылық типі, қоғамдық-саяси құрылымы, мәдениеті мен өнері, болмысы мен діні, тілі кейінгі дәуірлердегі олардың жаңа буыны түркілерге мирасқор ретінде мұра боп қалған. Бірақ осы түркілердің арғы ата-бабасы боп табылатын ғұндардың жазуы мен тіліне келгенде әлі де болса бірізділік жоқ. Кереғар көзқарастар мен тұжырымдар өкінішке орай әлі де болса ара-кідік кездесіп отырады.

Филолог, шығыстанушы, Мажарстан Ғылым академиясының академигі, Сегед университетінің профессоры, академик Андраш Рона-Таш «Ана тілі» газетінің тілшісіне 2008 жылдың 18 желтоқсан күні №51 санында мажарлар тарихы жөнінде сұхбат беріп, ғұндар мен ғұн көсемі Аттила туралы көзқарасын білдірген болтын. Онда христостың тууынан кейінгі 375-ші жылы, ғаламат өзгерістер басталды. Сол кезде Еділді бір халық кешіп өтті, көп ұзамай оларды Еуропада ғұн атымен тани бастады. Сөйтіп, далада иран дәуірі аяқталады, олардан Шығыс Еуропа даласында иран тілді халық аландар және біздің астарымыздың ата-бабалары бүгінгі осетиндер қалды. Ғұндардың тілі әлі күнге дейін жұмбақ, ғұн тілінен қалған үш-ақ сөзден *sztraba*, *medosz*, *kamon* (*sztraba* – страва, қайтыс болған адамға берілетін ас, яғни *medosz* – бал сырасы, *kamon* – тары сырасы) ешқандай байсалды тұжырым жасай алмаймыз. Ғұндар империясының негізгі күшін топтар құрағаныны да білеміз. Аттила деген аттың өзі готтікі деген.

Жалпы әлем мойындаған ежелгі Грек-Рим өркениетінің терең тамырлары үнді-түркі замандарында жатқандығы белгілі. Батыс пен Шығыс әдебиетінің білгірі Ф.Капрулузаде: «Славян, фин, француз, герман әдебиетіне эпикалық жанр, поэма жазу дәстүрі «Аттила» дастаны арқылы келді»[5,63-70], – дейді. Дегенмен, Батыс та, Шығыс та жетік біліп қадірлеген осы дастан өзімізге белгісіз. Біздің дәуірімізге дейінгі VII-VI ғасырларда туған «Алып Ер Тонға», «Шу батыр», «Көк бөрі», «Оғыз қаған» дастандарымен бірге, Ұлы Дала жағалай жырлаған «Аттила» дастаны Еуропада талай ғасыр жатқа айтылыпты. Скандинавия елдерінің ғажайыбы «Алып қолды Вальтария» дастаны соған еліктеуден туған. Эпикалық дүниеге осылай ауызданған Батыс келе-келе Аттиланьң өзін жырға қосқан.

Германия мен Скандинавия тарихында Этцель, славян дүниесінде Атыл есімімен белгілі, сонау IV ғасырда халықтардың ұлы қоныс аударуына ықпал еткен, атақты Шығыс Рим империясына бас идіріп, Еуропада феодалдық қоғамның құрылуына жол ашқан, кәрі

құрлықта қуатты Ур-Аргун империясын құрған, жарты әлемде әскери демократия орнатқан даңқты қолбасшы жайлы дауылдата жырлаған. Немістің «Нибелунга», «Равен шайқасы», «Зейнфрид батыр туралы жыр», «Берндік Дитрих», «Хильдебранд туралы жыр», Исландияның «Эдда» және «Волсунга туралы сага», Норвегияның «Тидрек туралы сага» халық жырларында Атилла тұлғасы дараланады. Ал алғаш рет Атилланың нарративті дәстүрдегі тарихи-көркемдік және этнопсихологиялық бейнесі, ғұн этномәдени динамикасындағы этнофорлық сипаты П.Корнельдің «Атесилас», Дж.Вердидің «Атилла», Бувье-Ажанның «Құдайдың қамшысы», А.Дантенің «Ғажайып комедия», Э.Хаттонның «Атилла - ғұндардың қолбасшысы», Е.А. Thompson «A History of Attila and the Huns», В.Цахариастың «Атилла» және т.б. драмалық шығармалар негізінде зерделенген болатын.

Осы тұста қаламгер Сәбит Жәмбек те «Ғұн, сақ жазулары және тілі мен Атилла есіміне байланысты кейбір мәселелер...» мақаласында Атилла тұлғасына қатысты ғалымдардың зерттеу еңбектері мен ғылыми пайым-толғамдарын саралайды: «Атилла есімінің түркілік негізін ескермей, тек гот тіліндегі негізін айту да ғылыми тұрғыдан біржақтылық болып саналады. Ғұн көсемі Атилла есімі этимологиялық әдебиеттерде сан мәрте көп талқылаудан өткен. Ең көп таралғаны және жалпы көпшілік қазіргі таңда қабылдаған ғылыми трактовкасы гот негізіндегі «әкей» (гот.atta «әкенің» кішірейту мағынасындағы жұрнағы болып табылады). Бірақ бұған қарап бұл есімнің түркілік этимологиясын жоққа шығаруға болмайды» [6].

Ғалымның бұл пікірі түрколог И.Н.Шервашидзенің көзқарасымен байланыстыруға болады: «Общетюкское название желчи - *ō:t отражено в современном чувашском языке (потомке древнебулгарского) как vat. В древнебулгарском должна была существовать форма *awat с последующей редукцией начального краткого а – (нормальный рефлекс общетюкского*ō: b чувашском - ава- в инлауте и ва – в анлауте... Что касается второй части имени Атиллы, то здесь, по моему мнению, можно усматривать общетюкское *dāli `безумный, безрассудный. В древнебулгарском эта основа должна была трансформироваться в *tili, ср.: чуваш.tilē-r-`беситься; приходит в ярость, свирепеть, неситовствовать, бесосноваться`. Итак, если имя Атиллы этимологизировать на тюркской (древнебулгарской) почве, то оно должно было звучать как *Awat – tili и означать дословно `яростно(желчно) – бешеный(безумный). Подобные имена – не редкость среди имен тиранов; ср.: король Наварры Карл II Злой (Carlos II el Malo), турецкий султан Селим I Свирепый (Selim I Yavus), царь и великий князь вся Руси Иван Грозный (Иван Васильевич IV Грозный) и т.п.»[7,80].

Жоғарыдағы пікірлерді түйгендей келген автор өз мақаласында Атилла есімінің «өт» сөзімен байланыстылығын атап өтеді. Яғни ежелгі түркі тіліндегі «өт» қазіргі қазақ тілінде де «өт» мағынасында қолданылатынын айта келе: «...Қазақ тілінде «өтің жарылып кетсе де айтайын» -деген сөз тіркесі бар. Яғни «өт» сөзі бұл жерде ашу шақыратын жайттарға байланысты айтылып отыр. Бұқар жыраудың Абылайға қарата айтқан: «Өтіңменен жарылма, өкпеңменен қабынба» – деген әйгілі сөзі бар. Ашулы, ызакор, күйгелек ұғымдарына қатысты «өт» сөзі қолданылған» [8], – дейді.

Сол сияқты ғалым И.Н.Шервашидзе осы айтылғандардан төмендегіше ой қорытады: «1. В настоящее время имеются серьезные доводы в пользу принадлежности языка сунну (=гуннов) к тюркским языкам (вовсяком случае, тюркский компонент среди гуннов должен был быть весьма существенным); 2. Булгарское истолкование имени Атиллы (=*Abat-tili) позволяет объяснить эллинизованную передачу этого имени как Авитохол в дунайско-булгарском именнике. Греческая передача сохранила, по-видимому, как общее звучание имени (с некоторыми, вероятно, каламбурными искажениями), так и его значение («желочный, яростный»). Более того, трактовка имени Атиллы как слововложения позволяет парировать главный фонетический аргумент противников тюркской этимологии, нехарактерность иминированных согласных для древнетюркского. В свете предложенного объяснения толкование Atilla на германской почве как «батушка» следует признать народный этимологией, результатом приспособления иноязычного (древнебулгарского) имени *Awat – tili к германской языковой среде[8,81]. Қазақ хандығының негізін

қалаушылар Керей мен Жәнібек, үш жүздің басын қосқан Абылайхан бабамыздың ерлік істері мен ұстанымдары сонау ежелгі дәуірлердегі ғұн қолбасшысы Аттиланьң ерлік дәстүрлерінен тамыр тартады. Бүгінгі таңда, өткенімізді қайта зерделеу елдік мүддеміз болып отыр. Себебі өткенді білмей, болашақты болжау мүмкін емес. Нобел сыйлығының иегері, жазушы Джордж Оруэн былай деген болатын: «Кім өткенді бақылай алса, сол болашақты да бақылай алады», – деген болатын.

Сайып келгенде, көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, ұлағатты ұстаз Сәбит Жәмбектің көне түркі жазба ескерткіштері тақырыбында жазылған зерттеу мақалаларының әрқайсы ғылыми мән-маңызы зор, тұжырымды ой түйіндері нақты берілген рухани дүние десек болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Жәмбек С.Н.«Орхон жәдігерліктері – әдеби мұра» //Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. 2006. №3(12) – 176-179 б.б
- 2 Жолдасбеков М. «Асыл арналар», – Алматы, 1986, 69 б.
- 3 Кенжебаев Б. Қазақ өлеңінің құрылысы туралы. – Алматы, 1955, – 21 б.
- 4 Жәмбек С.Н. Күлтегін//Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы 2008. №1-2. – 203-208 б.б
- 5 Керімбеков М. Тарихта көне түріктер әлемінің тілі мен әдебиетінің зерттелуі//Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының Хабаршысы.2013, №16.– 63-70 б.
- 6 Жәмбек С.Н. Ғұн, сақ жазулары және тілі мен Атилла есіміне байланысты кейбір мәселелер...//«Қозыбаев оқулары-2015: ғылым мен білімнің даму перспективалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция Материалдары.– Петропавл, 2015. 80-84 бб.
- 7 Сартқожаұлы Қ.Хунну жазуы //Әлем. Альманах.№ 1. – Алматы, 1991. – 80 б.
- 8 Советская тюркология. №3, Баку,1989, –81 с.

ӘОЖ 811 (5Қ)

АСАН ГҮЛБАР ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ
ЖУКЕНОВА СҰЛУШАШ КӘКЕНОВНА

Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан
assangulbar99@mail.ru

СӘБИТ ЖӘМБЕКТІҢ ӘДЕБИ-ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІ

Аннотация:мақалада әдебиеттанушы ғалым Сәбит Жәмбек Нұрмұхамбетұлының әдеби-зерттеу мақалаларына талдау жасалынып, зерделенді.

Тірек сөздер:Көкше өңірі, фольклор, Біржан Сал, салт-дәстүр, мәдени мұра, экспедиция т.б

Филология ғылымдарының кандидаты, профессор Сәбит Нұрмұхамбетұлы Жәмбек қазақ әдебиетінің тарихынан Бернияз Күлеевтің ақындық мұрасын алғаш рет зерттеп, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында шығарылған «Қазақ әдебиеті тарихы» 10 томдық академиялық басылым авторларының бірі ретінде танылды. Бүгінгі таңда Сәбит Нұрмұхамбетұлы Жәмбектің қалам тартпаған тақырыбы жоқ десем, қате айтқандығым болмас. Атап айтсам, қазақ әдебиеттану ғылымында көп зерттелінбей жүрген қазақ поэзиясының мифопоэтикасын, қазақ поэзиясының көркемдік-поэтикалық жүйесін зерттеуде. Оқулықтар мен оқу құралдарын, монографиялық еңбектер жазып артына үлкен мұра қалдыруда. Ал мақалаларына келетін болсақ оның өзі бір төбе. Ғалымның мақалаларын: әдеби-зерттеу мақалалары, әдеби-сын мақалалары, қоғамдық-саяси мақалалар деп іштей жіктеуге болады.

Ал мен мақаламда әдебиеттанушы ғалым Сәбит Нұрмұхамбетұлының әдеби зерттеу мақалаларын зерттеуді мақсат еттім. Оның ішінде өз өлкесі Көкше өңірінің фольклорына тоқталаған «Көкше өңірі фольклорының жанрлық сипаты», «Көкше өңірі фольклорының таралу ареалы», «Көкше өңіріндегі халық әдебиеті нұсқаларының таралу өрісі» мақалары

мен Көкшенің сұлу табиғатын өз әніне қосқан Біржан Салға арнаған «Аспандағы аққуға әнін қосқан», “Мен Біржан алтын таудай айқындалған...” мақалаларына талдау жасалмақ.

«Көкше өңірі фольклорының жанрлық сипаты» мақаласы қазақтың үйлену салт өлеңдері: сыңсу, той бастар, беташар, той батасы өлеңдеріне анықтама берумен басталып, Көкше жеріндегі аңыз-әңгіме, жыр, бата сөздер мен мақал-мәтелдермен жалғасады. Ғалымның мақаласынан үзінді келтірер болсам: «Көкше өңірінде фольклорлық экспедициямен барған аудандарда көп жазылғаны – ел арасындағы бата сөздер, тойбастарлар, жер-су аттарына қатысты аңыз-әңгімелер, мақал-мәтел, жаңылтпаштар т.б.

Сол сияқты Абылай хан, Қанай би, Жанатай, Жәпек батырлар, Ақан, Біржан, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырайлар туралы ел арасында тұшымды да тартымды әңгімелер, тарихи аңыздар да кез келген оқырманын елең еткізіп, ыждаһаттықпен қайта айналып оқуға ниеттендірмей қоймайды. Көкшетаудың тау-тас (ороним), жер (топоним), су (гидроним) елдімекендерге қатысты аңыз-әңгімелері де Көкше фольклорының негізгі бөлігін құрайды. Осы ел мұраларының көпшілігі Бурабай ауданында Қарта Қартабаев, Зеренді ауданында Өзбек ақсақал, Баян Жаңғалов ақсақалдардан жазып алынды.» [1,30].

Фольклорлық үдеріс әрбір тарихи кезеңдерді бастан кеше отырып, үзіліп қалмай, бүгінгі күнге дейін заңды жалғасын табуда. Мысалы қазақтың қыз ұзату, келін түсіру сияқты құдалық салттарының бірнешеуіне арнап, Ы.Алтынсарин өткен ғасырдың 70-жылдары арнайы очерк жазған. Ол тек Орынбор аймағына қарасты қазақтар арасындағы салттардың елеулілерін ғана келтірген. Ал М.Әуезов құдалық салттардың ежеқабыл деген тармағының үш түрлі екенін (бел құда, бесік құда, қарсы құда) танытады. Сол сияқты Сәбит Нұрмұхамбетұлы өз өлкесі Көкше өңіріндегі тұрмыс-салтқа байланысты жырлар, ел мұралары көп сақталғандығын көрсетеді. Мақалада бұрын көп қарастырылмаған Көкше өңірінің фольклорлық мұралары ғылыми тұрғыда зерделенеді. Көкше өңірі фольклорының жанрлық сипаты екшеленіп, айқындалады.

«Көкше өңірі фольклорының таралу ареалы» мен «Көкше өңіріндегі халық әдебиеті нұсқаларының таралу өрісі» мақалалары алдыңғы мақаланың жалғасы іспеттес. Көкше өңірінде небір көркем жер-су атаулары кездеседі. Олардың әрқайсысына ел арасына тараған ғажайып аңыз-әңгімелері бар. Мысалы, Бурабай өңіріндегі «Ақылбай асуы», «Ақбура» тауы, «Жекебатыр», «Оқжетпес», «Абылай» алаңы, «Жұмбақтас» тасы. Бұл аңыздарды С.Сейфуллин өзінің «Көкшетау» поэмасына шабыттана жырға қосып, сырлы сезіммен көркем суреттеген. Ал ғалымның «Көкше өңірі фольклорының таралу ареалы» мақаласынан осы ауыз әдебиетінің таралу аймағына байланысты мынадай жолдарды көреміз: «Көкше өңірінің аймақтық фольклорының таралу аумағы көршілес Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау, Ғабит Мүсірепов, Тайынша, Ақжар аудандары мен Ресей Федерациясының Қорған, Түмен, Омбы облыстарына дейінгі шекті қамтыса, біз өз статистикалық мәліметтерімізді Зеренді, Бурабай аудандарындағы фольклорлық мұраларымыздың қоры бойынша ұсынбақпыз. Зеренді, Бурабай аудандарындағы ел мұралары, аңыз-әңгіме, шежіре, бата-тілек, жыр-дастандарды осы өңірдегі елге сыйлы, құймақұлақ, зерделі көкірек қариялар Қарта Қартбаев, Өзбек Хасенов, Баян Жаңғаловтардан жазылып алынды» [2,30].

«Көкше өңіріндегі халық әдебиеті нұсқаларының таралу өрісі» мақаласында: «1965 жылы М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғалымы Е.Ысмайылов бастаған ғылыми экспедициясы РСФСР-дің Түмен, Омбы облыстарына барған сапарында Орынбайдың өмірі, өлеңдерін анық білетін аталас ұрпағынан және ақынның баласынан қалған қолжазбаларды тауып алып қайтты.

Біздің зерттеудің негізгі мақсатымыз Көкше өңіріндегі фольклор нұсқаларын сол өңірлердегі рухани мұраларымызбен өзара салыстыра қарап, жиналаған нұсқалар арасындағы туыстық, генетикалық-жанрлық байланыстарды саралап, айқындап алу болмақ. Шал, Шөже, Орынбай, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Біржан сал туралы Қорған, Түмен, Омбы төңірегіндегі ел арасынан жинаған мұралардың да олар туралы таным, бірлігімізді ұлғайта берері даусыз» [3,129].

Аталған үш мақаланы қорыта келе, Көкше өңірі – фольклорлық мұраларға бай өлке. Өңірдегі жер-су, тарихи тұлғаларға қатысты аңыз-әңгімелер, ел әңгімелері өзінің зерттеушісін күтуде. Бұлай деуімнің себебі, Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің филология факультетінің 1-курс студенттері оқу практикасынан (фольклорлық) өтеді. Онда студенттер Көкшетау өңіріндегі аудандарға, ауылдарға барып халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинайды. Алдағы уақытта тағы да экспедиция ұйымдастырып, әлі де болса қолға түспеген мұраларды тауып, бұрынғы уақыттарда экспедиция назарынан тыс қалған өнерпаздарды, фольклор мұраларын сақтап, жеткізушілерді экспедиция жұмысына тартып, ел мұраларының қорын кеңейте беру абыройлы да келелі іс болмақ екенін ғалым баса айтып отыр.

«Көкше өңіріндегі халық әдебиеті нұсқаларының таралу өрісі» мақаласы – «Ж.Мұсаұлы: қазақ филологиясының мәселелері атты II Республикалық ғылыми-практикалық материалдары 28 қараша, 2019 жыл. Көкшетау қаласы, 79-89 беттер номері 3 (13) қыркүйек, 2015 жыл; «Көкше өңірі фольклорының жанрлық сипаты» мақаласы – Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы, филология сериясы номері 1-2 (2013 жыл. 238-244 б.б.); «Көкше өңірі фольклорының таралу ареалы» мақаласы - Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы номері 3-4 (195-201 б.б. 2018 жыл) жарияланған.

Тау тасы күңіреніп ән салған, ғажайып өнер мен сұлу жырдың өлкесі болған киелі де асқақ көгілдір Көкше қашанда хас жүйріктер мен таланттарға кенде болмаған ғой. Әсемдік пен көркемдікті табиғатқа мольна бері салған дарқан жаратылыс оның қойнауында тіршілік еткен перзенттерін де осы сыйдан құр қалдырмаса керек. Табиғаттың таза да сұлу жаратылысы мен әсем пішіні серілікті, сұлулықты, әдемілікті, ізгілікті ту еткен өнер иелерінің сан-қырлы таланты, жарқыраған алуан түрлі бітімі жарасым тауып, жарқын күйде астасып келе жатуы ежелден белгілі жәйт. Ән мен жырдың киелі ордасы болған Көкшеден даналық иірімдері мол Шал ақын да, Арыстанбай мен Орынбай, Шөже мен Тоғжан ақын, айналасын әсем де сұлу, зарлы да мұңлы әуезді ән мен жырға бөлеп сал Біржан мен сері Ақан, Балуан Шолақ, гәккулеткен үкілі Ыбырайлар да өтті. Ендігі сөз Сәбит Нұрмұхамедұлының жырлаған Біржан Сал туралы болмақ. Ғалым өз өлкесінен шыққан өнерпаздарды қатты құрметтейді, ерекше сыйлап, өнерлерін зерттеуге зор құлшыныспен кіріседі. Оның дәлелі Біржанға арнаған «Аспандағы аққуға әнін қосқан», «Мен Біржан алтын таудай айқындалған...» атты мақалалары.

Ғалым Біржанның өміріне тоқтала отырып, сан қырын ашуға тырысады. Оны әнші, ақын, сазгер, сал-сері дей отырып, «Біржан өнерпаздығы – синкреттік өнер» деген баға береді. Біржанның өлеңдерін талдай отырып, бір ерекшелікті байқайды. «Сөзің – бал, тісің – меруерт, беу қарағым ...», «жапырақ жарған ағаштай, жан сәулешім ...», «Таудан аққан құм байрақ сен бір бұлақ», «Бұралған нәзік белі тал шыбықтай», «Қарағым, қарақаттай көз жанарың», «Бейіште сегіз сарай қор қызындай ...» сияқты теңеулер халықтық образға тұнып тұрғанын көрсетіп, осылардың ішінде «Жапырақ жарған ағаштай» деген сұлудың бейнесі тек Біржанда ғана кездескен ерекшелік» екенін атап көрсетеді. Әдебиетші-ғалым Е. Ысмайыловтың «Біржан салдың ақындығы» деген еңбегінен үзінді келтіре отырып, тек Біржанды емес өз өңірінің сұлу табиғатын көрсетпек болғанын байқауға болады: «Бір жағы – айдын шалқар көл, сыңсыған қалың орман, екінші жағы – сылдырап аққан ерке бұлақ, үшінші жағы – кең жазық, малдың өрісі, төртінші жағы – Көкшенің биік те кербез шың шоқылары мен жалғасып жататын қырқа, адыр төбелер – барлығы да адам қолдан жасағандай әсем бір поэзиялық дүниедей, сұлу жер» [4,129].

Біржанның ақындық сырларын сөз ете отырып, ең алдымен оның ән мәтіні мен әуенінің органикалық тұтастығына көңіл қойғандығын байқайды. Біржанның поэтикалық өрісі халықтық поэзияның болмысымен астасқан. Оның поэтикалық тілінде халықтық поэзиясының лексикасы мол ұшырасатынын аңғарып, өз пікірін дәлелдейді.

«Аққудай аспандағы жүз құбылтып, Сал Біржан ән салуға мүдірмейді» деп сұлулықты, ғашықтықты, адалдықты, өнер күдіретін жырлаудан бір танбаған Біржан әндері Сәбит

Нұрмұхамбетұлы сияқты өз ісін жанымен сүйетін зертеушілер барда халқымыздың, ұлтымыздың музыкалық санасында мәңгіге қалары сөзсіз!

Қорыта айтқанда, Сәбит Нұрмұхамбетұлы Жәмбек мұнымен тоқтамақ емес, шығармашылығын әлі де тереңдетіп, дамыта түсетініне кәміл сенеміз. Сенеміз де ғалымнан әлі де жаңа тың дүниелер күтеміз. Мұндай елеулі еңбек талай ұрпаққа рухани нәр болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы, 1988. – 320 б.
- 2 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1960. I-Т. I-кітап. – 420 б.
- 3 Б.Адамбаев. Алтын сандық. – Алматы, 1989. – 129 б.
- 4 Ж.Мусин Жер шоқтығы Көкшетау. – Алматы: Жалын, 1989.

ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ӘДЕБИ ҮРДІС

ӘОЖ 82-0

АМАНГЕЛЬДИНА АИДА АДильБЕКОВНА
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ БҮРКЕНШІК ЕСІМДЕР

Аннотация: мақалада қазақ әдебиетінде өзінің болмысымен ерекшеленетін бүркеншік есімі тақырыбы қарастылылады. Жиырмамыншы ғасырдың басында баспасөзде орын алған жазушылар арасында лақап атты пайдалану дәстүрі шарықтай түсті. Әсіресе, Алаш зиялыларының баспасөз бетіне мақала жариялауына мүмкіндік аз болды. Бүркеншік есім қолдану – бұл мәселенің шешімін тапты. Жазушылар бірнеше лақап аттарды қолданды. Солардың ішінде Бейімбет Майлиннің 74 бүркеншік есімі болса, Ілияс Жансүгіровтың 37 лақап ат қолданғаны белгілі болды. Бұл тақырып бүгінгі күнге дейін толық зерттелмегендіктен, әлі де біраз жұмыс жасауды талап етеді.

Тірек сөздер: қазақ әдебиеті, Алаш зиялылары, бүркеншік есім, лақап ат, ныспы.

Қазақ жұртына ерекше мәнге ие құбылыстырдың бірі – ат, есім, ныспы. Төл әдебиетімізде қаламгердің болмысы бүркеншік ат немесе бүркеншік есіммен ерекшеленеді. Бүркеншік есімдердің ғылыми әдебиеттерде аллонимдер (туындының авторлығын белгілеуде өз есімінің орнына өмірде бар және болған нақты тұлғаның атын алу), анаграмма (әріптердің теріс қалай жазылуы арқылы жасалатын бүркеншік есім), астронимдер (астеронимдер) (аты-жөні орнына бір немесе бірнеше жұлдызшаны тізіп қол қою), криптоним (адамның аты-жөнінің қысқартылып, құпияланып жазылуы), гетероним (автор тарапынан өз шығармасының басқа шығармасынан белгілі бір сипатына байланысты ерекшеленуіне орай қолданылатын есім) түрлерін қолданған [1,79].

Бүркеншік есім қолданудың түп төркіні әлем әдебиетінде орын алған. Қазақ әдебиетінде бүркеншік есімдердің қолданыла бастауы ХХ ғасырдың басындағы интеллегенция өкілдерінің саяси қызметтерінің басталуымен қатар келді. Сол заманда қоғамдық-саяси жағдайлар, ақтар мен қызылдар арасындағы тайталас, халықтың бай мен кедей болып бөлінуі сияқты қарама-қайшы жағдайлар орын алды. Халқының тәуелсіздігін армандаған ел жанашырларының елдегі келеңсіз жағдайларға байланысты үкіметке жазған ашық хаттарын бүркеншік есіммен жариялауға тура келді. Осылай аз уақыт ішінде Алаш қайраткерлері ұлтты ояту жолында баға жетпес еңбектер жазды.

Әдебиетімізде бүркеншік есім берудің классикалық түрі біршама қолданылды. Мысалы, псевдогеним әйел болып еркектің қол қоюын, псевдандроним еркек болып әйелдің қол қоюын айтады. Анаграмма – әріптердің теріс қарай жазылуы арқылы жасалатын бүркеншік есім (Волырк–Қрылов). Криптоним болса, адамның аты-жөнінің қысқартылып, құпияланып жазылуы. Мысалы: Николай Добролюбовтың «Лайбов» деген бүркеншік есімі болған. Ол аты мен тегінің ең соңғы үш әрпін (лай-бов) құрастырудан шыққан. Жиырмамыншы жылдары баспасөзде жарияланған еңбектердің ішінде бүркеншік есімді қолданған жазушы аз емес [2]. Шығармаларын бүркеншік есіммен жариялау орыс жазушыларына да тән екенін байқаймыз. Орыс ғалымдарының ішінен бүркеншік есімді қолданғандар қатарына Ф.И.Тютчев, Н.А. Некрасов, А.С.Пушкин, М.Горький т.б. жатқызуға болады.

Бірақ сол бүркеншік есімдердің қандай тәртіппен жасалғанын білу өте қиын. Себебі, әр жазушы әртүрлі ойымен, стилімен, ыңғайымен ерекшеленеді. Өздерінің алғашқы шығармаларын бүркеншік атпен жазу қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың бас кезеңінде көрінгенімен оның арғы тарихы Орта Азия мен көне Шығыс әдебиетінде болған. Көрнекті ғалым, академик Әлкей Марғұланның "Ежелгі жыр, аңыздар" (1985 ж.) аталған зерттеу еңбегінде бүркеншік атпен жыр туғызған шаманизмді дәріптеуші абыздар кейінірек аталы сөз айтатан жырауларға айналғаны айтылады. Солардың бірі – Нысан абызды М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасынан көреміз [3]. Сол себепті бүркеншік атты қолдану ерте заманнан бар деуімізге дәлелді негіз бар.

Бүркеншік аттар қанатының астында түлеп, қалам қайраткеріне айналған Мұхтар Әуезов өзінің 1917 жылғы «Адамдық негізі – әйел» деген ең алғашқы мақаласын «Семинарист» атымен жариялады. 1918 жылы жазған мақалаларының көп болуымен қатар бүркеншік есімдері де жеткілікті болған. Бұны түсіндіруге өзіндік себептер де болған сияқты. 1918 жылы «Абай» журналында жарық көрген мақалаларына назар аударсақ, «Ғылым», «Философия», «Япония», «Будда» (Толстойдан аударма) сияқты оннан астам мақаланы «М.», «М.Ә.», «Мұхтар», «Екеу» деген бүркеншік аттарымен жазыпты [3]. Басылған мақалаларының көп болуы жаңа лақап аттың да пайда болуына себеп болған. Тіпті кейбір мақалалары авторсыз да жарияланған.

Жазушы музей үйінің архивінде сақталған деректерге сүйене отырып, ақынның 11 әдеби бүркеншік есімі болғаны анықталған. Олар: «М.Ә.», «М.», «Мұхтар», «Арғын», «Жаяусал», «Қоңыр», «Айғақ», «Екеу», «Казпед», «Семей техникумы», «Семинарист Әуезов» [3]. Осы бүркеншік есімдерінен басқа да ақынның стилінің өзгеше белгілері, ерекше ойлау қабілеті айқын танылатын мақалаларды кездестіреміз. Жазушының өз жазбаларында «Сұғанақ сұр» повесі, ең алғашқы жазған «Ел ағасы» (төрт перделі) пьесасы айтылады. Ақынның сол деректерін нақтылай түскен Қайым Мұхаметханов өзінің «Ұлы өмір белестері» атты мақаласында: «1921 жылы февраль айында Әуезовтың «Ел ағасы» атты пьесасы «Сибирский бурлак», «Народный дом», «Октябрь» деп аталатын клубтардың сахнасынан көрсетілді» деп жазыпты. Осы тектес М.Әуезов шығармаларының табылмай жатқандары әлі де бар екендігі белгілі болып отыр.[3]. Оларды анықтау үшін ақын шығармашылығы өзін әлі де толықтай зерттеуді талап етеді. Әуезовтың алғашқы бүркеншік есімдерін тауып, белгісіз еңбектерін зерттеуге көп еңбегін сіңірген шәкірттері де жеткілікті. Солардың ішінде Қ.Мұхаметханов, М.Бөжеев екеуін айрықша атаған жөн. Олар жазушы еңбектерінің тарихымен таныс, жинаған мағлұматтары да мол ғалымдар. Әуезов бүркеншік есім қоюды кездейсоқ ала салмаған. Оның лақап аттары талай ғасыр орнығып, ескіліктен шығып, жаңаға бетбұрыс кезінде елдің жүрегіне үміттің бір нәрін егу талабынан пайда болған.

Ғалым Б.Кенжебаев өзінің «Бүркеншік аттар сыры» («Қазақ әдебиеті», 1963, 13 август) аталған мақаласында: «Жиырмамыншы жылдары баспасөзге белсенді араласқан жазушы, журналистердің бүркеншік атты пайдаланбағаны кемде-кем, мұның өзі сол кезде дәстүрге айналған болатын» – дейді [3]. Мақаласын лақап атпен беру – автор үшін тек жасырыну себеінде емес, сонымен қатар өз еңбегіне әділ баға алу үшін де қолданған.

Бүркеншік есімді қолдану – қазақ қаламгерлеріне тән ерекшелік. Демек, қай жазушының мұрасын зерттесек те «бүркеншік есім» тақырыбын тастап кете алмаймыз. Ақындар тек жеке мақалаларын ғана емес, сонымен қатар кітаптарын да лақап атпен жариялайтын болған. Бұл ретте Илияс Жансүгіровтың «Құқ» жинағының «Таңқыбай» есімімен жариялағанын айтуға болады. Толық бір кітапты жасырын атпен жариялау үлкен батылдықты талап етеді.

Бүркеншік есімдердің жұртқа белгілі шешімі мен дәлелдерін қарастырып көрелік. Авторлардың көбі бүркеншік есім ретінде өз аты мен тегінің немесе әкесінің атының бірінші әріптерін қолданған.

Мысалы алатын болсақ, М.Әуезовтың – «М.», «М.Ә.» [3],

Бейімбет Майлиннің «Б-т», «М.», «М-Б.», «Б-М», «М-М», «Б» [4], Әлихан Бөкейхановтың – «А.Б.», «А.Н.», «Ә.Б.», Жүсіпбек Аймауытов «А.Ж.», «Ж.», «Ж.К.» [4].

Кей кездерде автор тегін жазбай, тек есімдерін жазып шектелетін болған. Б.Майлин «Бимағанбет» [4], Мұхтар Әуезов «Мұхтар» [3], т.б.

Автор өзінің туған жерлерінің, руының, тегінің атын да лақап ат ретінде қолданған: Бейімбеттің «Шаңған», «Матай», «Алтай», «Қайдауыл баласы» [4], Мұхтардың «Арғын» [3], Міржақыптың «Малдияр», «Найманский» [5], «Ағатай Байұлы» (Ғұмар Қарашев).

Біраз жағдайларда автор бүркеншік есімін ойдан шығарып қоя салатын болған. Мысалы, Бейімбет Майлиннің «Малай», «Жалаңаяқ», «Қойшы», «Мен ғой» деген лақап

аттары болса [4], Гияс Жансүгіровтың «Жа», «Жаңқа», «Қызыл найза» .Мағжан Жұмабаевтың «Жәжеке», «Мыж-мыж» бүркеншік есімдерін айтуға болады [2].

Бүркеншік есім қоюдың тағы бір түрі– жазушы дене бітіміндегі белгілі бір ерекшелікке байланысты тууы. Ол автор келбетіндегі белгілі бір ерекшелік болуы мүмкін немесе тек өзіне тән өзгешелігі де. Мысал ретінде Қадыр Тайшықов «Қапсыңқа» , «Бөгде», «Бұйрас» деген лақап аттары айтуға болады.

Темірғали Нұртазин «Бейімбет Майлиннің творчествосы» (1966 ж.) кітабында «әзірге біз анықтаған псевдонимі жиырма бір» деп жазса, кейін отызға жуықтағанын айтқан. Сонымен қатар Бейімбет шығармашылығын зерттеуші С.Байменше «Бейтаныс Бейімбет» атты еңбегінде жазушының 33 бүркеншік есімі бар деген пікір айтты. Гуманитарлық ғылымдардың академигі Токтар Бейісқұлов Бейімбеттің бүркеншік есімдерін зерттеу барысында жазушының 74 бүркеншік есімін көрсетеді. 1. Шаңқан. 2.Малай. 3.Жолаушы.4.Б-т. 5.М-тай. 6. Жолшыбай. 7. М. 8. Көз. 9.Быж. 10. М-Б. 11. Тілші. 12.Б-м. 13. Қайдауыл. 14. Мен. 15. Б. 16. Жалшы. 17.М-й. 18.Жалаңаяқ. 19. Балықшы. 20.М-М. 21. Мереке. 22.Жорналшы. 23.Малшы. 24. Мырқымбай. 25. Қарабалық баласы. 26. Інісі. 27.Тай. 28.Бимағанбет. 29. Жолаушы батыр. 30. Қойшы. 31.Қара бала. 32. Қойшығара.33. Біз. 34.Оқытушы. 35. Кедейшіл. 36. Оқушы. 37. Бір көрген. 40. Естіген. 41. Көзі көрген. 42. Б-ж. 43. Ішінде болған. 44.Өзім. 45.Газетші. 46.Жасқаншақ. 47.Алтай. 48. Жуас. 49. Алакөз. 50. Егінші. 51.Ел аралаған. 52. Мұғалім. 53.Мен ғой. 54.Бекет. 55.Қарсақ. 56.Толстой қазақ. 57. Қараша бала. 58. Би. 59.Балық. 60. Б-б-ж. 61. Жолдан. 62.Бақ ауған. 63.Жалшы баласы. 64. Кетпен. 65.Қорғасын. 66. Жол болсын. 67.Бимұхамбет. 68. Қайдауыл баласы. 69.Малай баласы. 70.М-Т. 71. Кедей. 72. Елден. 73.Шоң. 74. Нық [4]. Бұл жерде Бейімбеттің бүркеншік есімінің көп болуы – көп жазғандығының белгісі болып табылады. Туындыларының бәріне өзінің атын қоя бермеген. Бейімбеттің сол замандағы газет-журналдардың көбіне атсалысқан ерекше тұлға болғанын байқаймыз.

Кей бүркеншік есімдер авторлардың төл есіміне айналып кеткен жағдайлар да бар. Мысалға алатын болсақ, Ыбырай Сандыбайұлы – «Үкілі Ыбырай», Нұрмағамбет Баймырзин – «Балуан Шолақ», Асан Барманбекұлы– «Албан Асан» – шын есімге айналған лақап аттар.

Төл әдебиетіміздегі үйреншікті нәрсе – бүркеншік атты ұжымдық қолдану. Ғылымда полионим (грек. Poly –көп) яғни бірнеше автордың бірігіп жазуы немесе аты-жөндерінен құрастырылып жазылатын есім. Жиырмамыншы жылдары Ж.Аймауытов пен М.Әуезов мақалаларын «Екеу» деген бүркеншік есіммен жиі жариялаған. Б.Кенжебаевтың айтуы бойынша, «Екеу» – Даниал Ысқақов пен Абдолла Байтасовтың бүркеншік есімі деп көрсетушілер де бар. Баспасөз бетінде жарияланған бұл мәліметтен хабарымыз бола тұра, оны біз Әуезов пен Аймауытовтікі деп білеміз [6] . Дегенмен, бұл бүркеншік есім әлі де өзінің иесін нақты тапқан жоқ, Себебі, екі вариантта да сенерліктей мәлімет бар. Б.Кенжебаев қырқыншы жылдары кандидаттық диссертация жазуы барысында бұл тақырыпты нақтылай түседі.

– «Екеу» кімдердің бүркеншік есімі?– деп сұрадым.

– Сеніңше қалай: «Екеудің» мақалалары дұрыс па ? – деді.

– Дұрыс, өте мәнді. Кезінде күшті жазылған...

– Ендеше, «Екеудің» бірі – мен.

– Ал, сыңарыңыз кім? Сұлтанмахмұт болмаса игі еді?

– Жок, Сұлтанмахмұтпен мақала жазуға тура келмеді. Ол өзін менен ересек санайтын еді.

–Сонда кім?

–Оның не қажеті бар?

–О не дегеніңіз, Мұха, өте қажет...

–Екеудің екіншісі Жүсіпбек Аймауытов болатын. Ол екеуіміз гимназияда оқып жүрген кезімізден өте дос болатын едік. Екеуіміз осы лақап атпен кейін де бірер мақала жаздық... [6]. Ғалымның ғылыми жетекшісі М. Әуезов бұл сұхбатымен осы тақырыпта пайда болатын барлық сұрақтарға нақты дәлел айтқандай...

Отызыншы жылдары «Социалды Қазақстан» газетінде «Екі оқушының» хаттары жариялана бастады. «Екі оқушы» бүркеншік есімі Саттар Ерубаев пен Рахымжан Жаманқұловқа тиесілі болған. Хаттар Сәкен Сейфуллинге, Сәбит Мұқановқа, Бейімбет Майлинге және тағы басқа жазушыларға арналған.

Шығармалырын бүркеншік есіммен жазу ХХ ғасырдың 20-30-жылдарында белгілі бір дәстүрге айналғанымен, оның белгілі бір жүйеге бағынуы тәрізді ережелері болмаған. Әлихантанушы-ғалым Сұлтан Хан Аққұлұлы айтуы бойынша әдебиетімізде бүркеншік есімді қолдану дәстүрі Әлихан Бөкейханұлынан басталды дейді. «Негізінен, лақап есімді ең көп пайдаланған адам осы Әлекең. Әлихан Бөкейханның 1989-1927 жылдары аралығында, яғни қырық жылға жуық уақытқа жалғасқан шығармашылық ғұмырында 41 түрлі бүркеншік есім пайдаланған. Тек үш мақаласы ғана өз есімімен шыққан. Оның бірі 1924 жылы жазылған «Қазақ қанша?» мақаласы, екіншісі 1927 жылы Ленинградта КСРО ғылым академиясынан шыққан «Адай уезіндегі қазақтар» атты еңбегі және соңғысы қазақ ауылшаруашылығына қатысты көлемді мақаласы. Ол 1928 жылы жарық көрді. Ол кісінің жиі қолданған айрықша есім-сойы – «Қыр баласы». Бұл екінші есіміне айналып кеткен. Расын айту керек, бұл лақап есімнің көтермеген мәселесі, жазбаған тақырыбы жоқ» дейді ол [7]. Қыр баласының жазғаны шетелдік ғалымдарға да танымал. Дума депутаты болып жүрген кезінде патшалық саясаттың озбырлығын ашып жазған бір топ мақаласы да бар. Оның барлығына Әлихан Бөкейханов «Статистик» лақап атымен жазған. Әлиханнан көп жазған көркемсөзші, зерттеуші жоқ деуге болады. Орыс және қазақ тілінде жазған мақалаларының өзі мыңнан асады. Сол себепті бұл дәстүрдің бастамасында Әлихан Бөкейханов тұр деуімізге әбден болады.

Бүркеншік аттың иесін анықтау оңай істердің бірі емес. Ол үшін автор жайында, қоғамдық-саяси жұмыстарға қатысы туралы дәйек-деректер жинаумен қатар текстологиялық талдау жасау керек. Кейде ондай деректердің бір соңғы дәйегін жазушының дос-жарандары, тілектестері тіпті автордың өзі де қалдыруы мүмкін.

Қазақ әдебиеттануында бүркеншік әдеби есімдердің жасалу жолдарына тән өзіндік тарихы мен негізгі түрлері, басты сипаттары жан-жақты зерттелгені жоқ. Әдеби бүркеншік есімдердің өздеріне тән саяси-әлеуметтік белгілері мен әдеби-шығармашылық жасалу жолдарының көркемдік ерекшеліктері, әдеби-шығармашылық негіздері мен сөз өнеріндегі қызметтері арнайы ізденіс нысаны болған емес. Кезінде әдебиетімізде жиі байқалған жазушы туған жерін лақап ат ретінде жазуы әлі күнге дейін жалғасын табуда. Шыққан тегін, руын жазу – бұрынғыға қарағанда қалып бара жатқан тәсіл.

Қазіргі таңда бүркеншік есім автордың аты-жөнінің қысқартылып жазуы, атқаратын қызметіне қатысты ныспылар, жер-су аттарына байланысты қойылған бүркеншік есімдер, дене бітімінің ерекшелігіне қатысты ныспылар түрінде көрініс береді.

Қорыта айтқанда, әдебиетімізде бүркеншік есімді қолдану адамға жанама ат қою салтымен байланысты деуімізге болады. Қазақ әдебиетіндегі бүркеншік есімдер әлі толық байыпталмаған, толық зерттелмеген салалардың қатарында. Бүркеншік атты қолдану шығармашылықпен қатар келе жатқан процесс. Ол өмір сүріп жатқан ортаға байланысты өзгеріп, құбылып жатады. Бірде көп пайдаланған бүркеншік аттар кейін қолданылмай кетеді. Сонымен қатар, белгілі бір бүркеншік есім өз иесіне белгілі бір уақытта ғана тиесілі болуы мүмкін. Сол себепті кейбір бүркеншік есімдер әлі де өзінің нақты иесін таба алмай жатыр. Мұның бәрі де әдебиетімізде бүркеншік есім тақырыбы нақтыланбағанын көрсетеді. Ғылыми тұрғыда жүйесін таппаған бұл тақырып екінші жағынан әдебиетіміздегі бүркеншік есімдердің библиографиялық тізбесін жасауды керек екенін дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Жұмағұлов С. Сәбит Дөнентайұлы шығармашылығы. Бүркеншік есімдері. «Телқоңыр» шығармалары. Монография. – Қарағанды: «Арқо» ЖШС, 2013. –105 б.

2 Байменше С. Бүркеншік есім бүккен сыр // Саясат. 2002. – №11. –Б. –71-73.

Мұхаметанов Н. Мұхтар Әуезовтың бүркеншік есімдері // Қазақ әдебиеті. –1987. – № 18

4 Бейісқұлов Т. Біз білмейтін Бейімбет // Ана тілі – 2009. – 19 қараша.

ӘОЖ: 808.5 (574)

АМАНДАУЛЕТОВА АҚТОЛҚЫН КАИРХАНОВНА

Орал қаласындағы №28 жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп-лицейі

Орал, Қазақстан

bisembaeva_73@mail.ru

Ғ.ТОҚАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Аннотация: мақалада Ғ.Тоқай поэзиясындағы көркемдеу құралдарының қолданылу, пайдаланылу шеберлігі жайында баяндалады. Теңеулерді ақын шебер қолданғандығы жөнінде айтылған. Ғ.Тоқай поэзиясында теңеу – көркемдік құралдар ішінде үлкен идея – эстетикалық, поэтикалық маңызға ие екендігі нақты тілдік деректер негізінде дәлелденген.

Тірек сөздер: поэзия, ақын, теңеу, көркемдеу құралдары, поэтика.

Ғ.Тоқай өз шығармаларында әр түрлі көркемдеу құралдарын пайдалану жағынан ерекшеленеді. Ол теңеу, метонимия, гипербола, синехдоха сияқты көптеген көркемдеу құралдарын еркін ойлайтын, сөзбен сурет салудың шебері.

Айталық, Ғ.Тоқай «Уа, ғашығым» атты өлеңінде былай толғайды:

Уа, ғашығым пәруанамын, жаным пида сен үшін!

Тұтандым ғой, өртендім ғой, берсең еді қол ұшын!

О, Құдайым, бетіңді бұр, бір жақсылық қимаған!

Осы арудың жолында мен есін жимас диуана [1, 113].

Мұндағы ақын көңілі – «есін жимас диуанаға» айналып кеткен де, метафоралық символикалық сурет пайда болған.

Ақынның «Қайырасың ба бетімді» немесе «Болмаса» атты өлеңдерінде де махаббат тақырыбы жырланады, бірақ жоғары да айтылғандар тіпті де қайталанбайды.

О, періштем, нәзік бол, биязы бол, сол – бағың.

Жанын алар ғашықтың әзірәйілі болмағын!

Күйіп-жанып жыр жазу – ғашықтардың бір заңы

Аз ғана сүй, көп сүйме, соған да мен ырзамын! [2, 116]

немесе:

Күймесең де, сүймесең де қаның қызу болмаса,

Көзің түзу көрсетпейді өзің түзу болмасаң!

Ләйләдайын, айналайын бағалар ма сұлуды?

Тек сол үшін жаратылған Мәжнүні болмаса?!

Мен өзіңе сенер ме едім, теңер ме едім Ләйләға,

Махаббаттың Меккесіне қажылығым болмаса! [3, 118].

Көріп отырғанымыздай, осы шумақтағы ой-пікір, идея, эстетикалық әрекет, керемет поэтика барлығы теңеу арқылы шешілген.

Ғ.Тоқай поэзиясындағы көркемдеу құралдарының қолданылу, пайдаланылу шеберлігіне тоқталсақ, теңеуге көз түседі. Теңеулерді ақын шебер қолданады.

Ақын «Ұлтыма» атты өлеңінде өткір, әсерлі, теңеу арқылы ұлтты сүю, Отанды сүю дейтін қастерлі сезімді білдіреді.

Ертелі-кеш сені ойлаймын, ұлтым менің, сертті күн,

Сен сау болсаң мен де саумын, ауру болсаң – дерттімін!

Ұлтым менің, жаным менің тек өзің деп тіл қатсын,

Бәрінен де асылсың сен, бәрінен де қымбатсың!

Сен санасаң болды мені бұл өзімнің ұлым деп,

Ұлы ақының болмақпын мен, болмақпын мен түбінде

Тұла бойым өртенеді милли десем, ұлт десем,
Ұлттың ұлы боламын мен, арманда өліп кетпесем!
Ұлтым жайлы тәтті қиял, ұлтым жайлы тәтті арман,
Қандай бақыт ұлт алдында,парызыңды атқарған! [4,116].

Ғ.Тоқайда татар психологиясын түсіну бар, татар үшін жазғаны байқалып, оқырманды өзіне тартып, елжіретіп тұрады. Осы пікірдің растығын, мысалы «Өзіме» атты өлеңінен көруге болады.

Іштей бақыт тілеймін мен татарға,
Татарларым қосылса екен қатарға!
Татар үшін жан беремін кезінде,
Мен татармын, шын татармын өзімде! [5, 117].

Әсерлі емес пе? Тағы бірде:

Татар даңқы көтерілсін алты қабат аспанға,
Құдай өзі бақыт берсін ол ілгері басқанда!
Қалғудайын қалғыдық біз қарап кейін керіге,
Енді бізге шығу керек өркениет өріне!
Бізді түрлі хайуандардың дәптеріне тізбесін,
Бізді дарын, батырлардың қатарынан іздесін! -дейді. [6, 112]

Тенеу патриотизмді дәл сіңдіріп тұрған жоқ па?

Ақын «Шындық пен өтірік» өлеңінде теңеулерді адам психологиясының ішкі сырларын беру үшін, антонимдердің көл –көсір қарама-қарсы мәні арқылы бергенді жөн көретіндей:

О баста жер болмай, жатыпты су басып,
Жүзіпті Шындық пен Өтірік арбасып.
Олардың мінгені болыпты бір кеме,
Бірін-бірі бағыпты отырып іргеде
Екеуі секілді жабайы, тағы адам,
Шап беріп, бірін-бірін алыпты жағадан
Өтірік білетін сан айла, сұмдықты,
Батырып жіберген тереңге Шындықты [7, 118].

Сондай-ақ антонимдердің мәні арқылы халқының өмірі ашылған. Сондай-ақ «Ауылда ауырып жатқанда» атты өлеңінде эстетик, дүниетану берілген.

Шегіп жатып ауру мен жұмыссыздық азабын,
Боран және кәдімгі картоп жайлы жазамын.
Майға бөгіп келеді толы табақ картобын
Кедейге де, байға да ортақ тамақ картобың [8,120].
Осы өлеңінде уақытты дұрыс үнемдеп, қадірлеу жайында былай дейді:
Енді ауырып жатырмын. Келгем қыста, дауылда
Ағайынның барлығы демалыста, ауылда
Олар іссіз, мен іссіз. Есептеймін өткенді,
Жата-жата ауылда ішім пысып кетті енді [9, 120].

Бұл жерде де ақын теңеулерді салыстырмалы қолданып, өлеңге салмақты ой берген. Нағыз халық тұрмысына ден қойғандық, қайнаған өмірдің өзі, оның бүгінгі, әрі кешегі өткені бізді қоршаған бүкіл әлем, әр түрлі құбылыстар - бәрі – бәрі қаламгерді тартып тұрғандай.

Ғ.Тоқай өмір жайлы көріністерге толы «Мақсат» атты өлеңінде:

Қайткенде де, халқымды мен шығарамын ұшпаққа,
Деп ойласам, мына тірлік олар мені қыспаққа
«Басыңды ии, тізеңді бүк, сөзіңді тында құп алып,
Дейді тірлік, - сендейлерге салғанбыз біз бұғалық!»
Бірақ та мен берілмеймін қасіретке, күйікке
Менің орным жоғарыда, менің ойым биікте!
Мен елімді ел қылмасам, ел қылмасам кім болам?
Аспандағы күнің емес, көңілдегі күн болам? [10, 120].

Міне, бұлар ақынның нағыз татар ұлтының біртуар перзенті екендігін көрсететін белгілер деп білеміз.

Жалпы ақын әр түрлі көркемдеу құралдарын қолданғанда адам, қаһарман психологиясын жайып салады, сырын ашады, терең лиризм жасайды. Сол үшін өлеңдері сызған сурет секілді әсер етеді, ой-пікір, ішкі тұтастық жарыққа шығады. Өлең өлмес дүниеге айналады.

Сонымен, Ғ.Тоқай поэзиясында теңеу – көркемдік құралдары ішінде үлкен идея – эстетикалық, поэтикалық маңызға ие демекпіз.

Пайдаланылған әдебиет:

1 Р.А.Абузяров, З.И.Туаева «Уральск в судьбе Габдуллы Тукая» - Орал:БҚМУ баспа бөлімі, 2002.

ӘОЖ: 821.512.122

ӘНЕСІ АРАЙЛЫМ БОЛСБЕКҚЫЗЫ
Шәкәрім атындағы Семей университеті
Семей, Қазақстан
Araika.1997@bk.ru

«MIRROR FOR PRINCE» ЖАНРЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БАҚЫТТЫ МЕМЛЕКЕТ ҰҒЫМЫ

Аннотация: мақалада «Mirror for Prince» жанрының қазақ әдебиетінің тарихымен байланыстырылған. Ежелгі тарихи шығармалардың авторлары Жүсіп Баласағұн және әл-Фараби шығармалары талданған. Сонымен қатар билік, ел билеушілер жайлы сөз болады. «Mirror for Prince» жанрының мақсаты мен ерекшелігі айтылған. Бақытты мемлекет ұғымы жан-жақты талданған. Қазақ әдебиеті тарихын арқау ете отырып, мақала жазылды. Шет елдерде ғана қолданылатын жанр туралы түсінік берілді. «Mirror for Prince» жанрының дидактикалық жанр екені «Құтты билік» еңбегі арқылы сараланады.

Тірек сөздер: билік, билеуші, қағида, «Mirror for Prince» жанры, бақытты қоғам, халық, әдеби жанр.

«Mirror for Prince» жанрына қазақ әдебиеті қалыптасу тарихына келетін болсақ, белгілі бір принцип немесе қағида секілді. Олай дейтініміз ел билеушілеріне, болашақ ханзадаларға арналған ереже іспеттес. Сол ереже бойынша елді басқара алады. «Қайрымды қала тұрғындары» трактаты мен «Құтты билік» еңбегін талдай отырып, ел билеушілеріне тән қасиеттерді көре аламыз. Осы еңбекте айтылған қасиеттерді бойына сіңіре алған билеуші тұлға, елді бақытты етеді. Атадан балаға мұра болып қалатын, монархиялық басқару бар елдерде әкесінен қалған ережелерді өзгертпей ары қарай жүргізе берсе, сонда қайрымды қала тұрғындары еш қиындық көрмейді. Әлі күнге дейін өз құндылығын жоғалтпаған кітап. Олай дейтініміз ел басшыларының негізгі оқу құралы ретінде қолданылады.

Тарихына қысқаша тоқталатын болсақ, қарахан мемлекетінің билеушілері жайында көптеп айтылады. Шығу тарихы хақында әртүрлі деректер кездеседі. Алтын Орда билеушілері туралы жазған Құрбанғали Халид қананың «Тауарих хамса» кітабында хыжра бойынша 362 жылы жазылған делінеді. «Тауарих хамса» кітабы «Mirror for Prince» жанрының бір тармағы. Сол себепті де осы жанрға жататын шығарма [1, 9] деп айта аламыз.

«Mirror for Prince» жанрындағы шығармалардың басты мақсаты – бақытты қоғам, құтты ел түзу. Сондықтан да отбасын ұстаудан бастап мемлекет құру, ел басқару ісіне дейін баянды баяндайды, ғұлама ақын бірде өмір, тұрмыс заңдылығынан туған, бірде қиялыны оятқан утопиялық тебіреністерге батады, терең мағыналы пәлсапалық пайымдаулар түйеді.

Баласағұндық Жүсіптің «Құтадғу билік» еңбегі мемлекеттік басқару тақырыбында жазылған туынды. Онда мемлекет тарапынан халыққа жасалған ізгілік, яғни парасатты

басқару тақырыбы кеңінен баяндалады. Бүгінге дейін белгілі болып отырған «Құтадғу біліктің» Вена, Каир және Ферғана нұсқаларында кітапты пайдаланушылар туралы жазылған мәліметтер оның мемлекет билігінде қолданылғанын көрсетеді. Айталық, Вена нұсқасында аты аталған «Хайретдин молда» Стамбұлды жаулап алушы Османлы билеушісі Фатих Сұлтан Мехметтің ұстазы болса, «Әбдіразақ Шейх-Зада Бақшы» сол дәуірде билікте болған адам.

«Құтадғу білікті» зерттеген көптеген ғалымдар оны дидактикалық жанрға жатқызған. А.Бомбачи дидактикалық болғанда да саяси мазмұндағы «негіздердің айнасы» (зерцала основ) деген жанр деп көрсетеді [2, 269-278]. Америкалық Р.Данкоф болса, еуропа әдебиетіндегі «Ханзадалар айнасы» (Mirror of Princes) жанры деп түсіндіреді [3]. Түркиялық Махмут Арслан «Саясатнама» жанрындағы туынды ретінде талдайды [4,19]. «Құтадғу біліктің» осындай жанр аясында зерттелуі кітаптың саяси билік тақырыбындағы туынды екеніне бұлтартпас дәлел бола алады.

«Құтты білік» дастаны туралы Н.Келімбетов: «Бұл дастан мемлекетті басқару әдістерін, адамгершілік принциптерін, қоғамдық –саяси мәні бар түрлі ережелер мен заңдарды, әдет-ғұрыптар нормасын қамтыған, энциклопедиялық дәрежеде жазылған көркем туынды...» [5,102] –деп жазды. Арабтардың өктемдігі, елді тонауы, халықты құлдыққа салуы салуы ақынды ойлантпай қойған жоқ. Міне осындай адамгершілік қасиеттердің аяқ асты болуына байланысты айтқан ойлары мемлекетті қалай басқару керектігі жайлы терең талғамымен астасып жатты. Бір халықтың, бір ұлттың екінші бір халыққа, ұлтқа жасаған қиянаты, идеологиялық насихаты ұлы ойшылдың санасына кері әсер еткені шындық. Бөтен елдің табанының астында ұлтарактай езілмеуін ойлаған ойшыл, өз халқының санасын тереңге жетелегені рас.

Егер тарихи дәйектілікке жүгінсек, ғылым алдындағы әділдік үшін алғашқы зерттеуші ретінде шартты түрде болса да француз ғалымы А.П.Жауберт (1779-1847 ж.ж.) есімін атауға тиіспіз. Мәтіннің мазмұнын түсіндіріп, оқуда жіберіп алған елеулі ауытқуларына қарамастан, оның «Құтадғу білікке» арналған хабарламасы алғашқы ғылыми көзқарас болды, әрі поэмаға бірқатар ғалымдардың назарын аударды.

«Құтты білік» дастанын тек қана әдеби мұра деп қарау біржақтылық болар еді. Оның жалпы түрік тілдес халықтар тарихындағы әдебиеттану, тілтану, тарих, мәдени-тарихи қатынастар саласындағы алатын орыны, маңызы мен мәні аса зор. Бұл тұрғыда, қазақ халқының да рухани кәмілеттену жолының күретаымыры Жүсіп Баласағұнның эстетикалық әлемінде жатыр. «Құтадғу білік» дастанының Орхон-Енисей жазбаларымен (V-VIII в.в) тамырластығы және XIV-XV ғасырлардағы қазақ жырауларының үрдісімен, классикалық қазақ әдебиеті үлгілерімен сабақтастығы өркенді әдеби дәстүр арнасын танытады. Қазақ мақал-мәтелдерімен, қанатты сөздерімен, шешендік сөздер табиғатымен, Абай тағылымының, Шәкәрім қажының көркемдік дүниесінің Жүсіп Баласағұнның рухани-көркемдік әлемімен жарастығын білдіретін желілер өте көп.

Жыраулар поэзиясында мемлекетшілдік идея бірінші орынға қойылады. Жыраулар хандарға ақыл-кеңес беріп қана қоймай, елдің бірлігін басты назарда ұстайды. Қоғамның ізгілігі, мемлекеттің тұтастығы мемлекет қызметкерлерінің ынтымақ-бірлігімен тығыз байланысты. Сол ізгілік жолында жыраулардың бейнесі дараланып көрінеді.

Шалкиіз жыраудың Би Темірге айтқан бірінші толғауының ескі жазудағы нұсқасы мен бүгінгі қолданылып жүрген мәтіні арасында өзгерістер бар. Сондықтан, 1875 және 1911 жылдары жарияланған ескі нұсқалар қайта оқылып, бүгінге дейін «ырысымды сындайын» деп оқылып келген қатары «арысымды сендейін» деп бастапқы қалпына келтірілді. Мысалы, өзгерген мәтінде Шалкиіздің Би Темірге тепсініп сөйлегені байқалса, бастапқы мәтінде керісінше қадірлеп, құрметтегені аңғарылады.

«Құтадғу білік» пен жыраулар поэзиясында поэтикалық сабақтастық сақталып отырады. Жүсіп Баласағұн мен жыраулардың көркемдік ойлау жүйесінде, эстетикалық әлемінде дәстүр жалғастығы жоғары деңгейде байланысып отырады.

Дана Фарабидің қуатты қоғам, бақытты мемлекет туралы толғаныстары дүниежүзі ойшылдарынан лайықты бағасын алған. Осы Әл-Фарабидің даналық ойлары мен Жүсіп Баласағұнның әлеуметтік-эстетикалық көзқарастарының сабақтастық желісі айқын аңғарылады. Фараби әлеуметтік трактаттарында ақыл, білім, ғылымның пайдасын, адамның құт-бақыты, жақсы әкімдердің құлық-табиғаты туралы көзқарастарын білдірсе, «Құтты білік» осынау әлеуметтік мәні терең ой-толғамдар өлеңмен, дидактикалық поэзия үлгісімен көркем жырланады. Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Данышпандықтың маржаны», «Бақытқа жету жайында», «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Ақылдың мәні туралы трактат», тағы басқа әйгілі туындыларының ой-идеялары мен «Құтты білік» дастанындағы аналогиялық толғам, философиялық түйіндер бір мәдениеттің, бір өркениеттің, заман мен әлеуметтік жағдай ғана емес, бір тектес ел-жұрт тіршілігі тұтастырған бір дүниетанымның жемістері. Екі ғұламаның ел, ел басы, қоғам туралы ой-толғамдары бір арнадан тоғысып отырады. Екеуі да адамгершілікті, имандылықты, мейірім-рахымшылықты адам баласының асыл қасиеті ретінде жоғары қояды. Парасат, білімді адамшылықтың алды деп таниды. Барша жұртты тең көруді көріп, еңбегі мен парасат пайымына қарай бағалауды парыз деп біледі. Әлеуметтік салмағы зор «Құтты білік» сынды дастанның көркемдік-танымдық сипаттары, күллі қасиеті өз тұсындағы, өзіне дейінгі ойшылдар мен зердешілердің талантты туындыларымен астастыра қарағанда кемелдене, барынша айдындана түседі. Күлтегін жырларыңыз, Фараби өлмес мұраларыңыз бұл біліктілік туралы дастанның іргесі үнемі жалаңаш қала бермек. Жүсіп Баласағұнның көркемдік әлемі осындай тектес құбылыстармен сабақтастыра қарағанда ғана қатпарланып, даралана көрінеді. Бұлардың арасында ірі көркемдік-танымдық құбылыстардың басын тоғыстырған үлкен мәдени-шығармашылық заңдылық жатыр. Қандай да құбылыстың, болмысқа эстетикалық көзқарастың ішкі табиғаты, белгілі бір дәстүр өзегінде түзілген, өсіп-өнген топырағы болатыны белгілі. Классикалық көне түрік поэзиясының алғашқы кітабына да осы тұрғыдан қараған жөн. Осыншама кемел де келісті поэзия шығармасы, келісті кітап бірден дүниеге келе қоймағаны күмәнсіз. Бұл орайда «Құтты біліктің» алдында ерте, ерте орта ғасыр дәуіріндегі түріктердің өркенді мәдениеті тұр. Түрік дүниесінің біртуар айтулы құбылыстарының ішкі дәстүрлі байланыстары зерделей үңіліп, тереңнен талдауды қажет ететін тұтас бір этностың этнологиялық өркендеу желілері қойындасып жатқан күрделі жүйе. Сол құнарлы топырақтың қазіргі алуан түсті, түбі бір, топырағы ортақ түркі тілдес халықтардың кейінгі мәдениетіне ұласу тұсындағы жұмбақтары қызық та мәнді-мағыналы мәселелер. Бұл орайда да, Жүсіп Баласағұнның шығармашылығы үлкен бір кезеңді сан қырынан алдыға тосатын бірегей бітімді туынды. Орхон – Енисей жазбалары тарихи ескерткіштер болумен қатар, поэзия туындылары екендігіне күмән жоқ. Осынау өзіндік көркемдік мәнері басым, көркемдік өрнектерінің түйінді заңдылықтары айқын черлік жырларының» [6,72] көркемдік-эстетикалық нышандарының кейініректегі «Құтадғу білік» сияқты шығармалардан бой көрсетуі тұтас бір әдеби дәстүрдің болғандығының бір айғағы.

Дастанның басты мұраттарының бірі: құтты қоғам құру, әлеуметті түзіп, «кедейді – орташаға, орташаны – байға» («Құтты білік») жеткізу, елдің әл-ауқатын өсіріп, іргесін нығайту.

Халық байып, ырысы артты елінің,
Тілін безеп көтерді елі Елігін
Құт дарыды, өсті халық өрісі,
Бірге жусап, өрді қозы, бөрісі.
Жақсылардың көтер жебеп, еңсесін,
Жамандардан бүгін сақта ел шетін.
Заңды түзе, сұмдық сонда сасады,
Құтың өсіп, абыройың асады [1,139]

Осы жолдардың өзі-ақ ел тірлігін, елдің бір әлеуметтік кезеңдегі суреттерін елестеткендей. Орхан –Енисей жырларында да «Жалаңаш халықты тонды. Кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым» дей келе:

Бектері де, халқы да сенімді екен,
Сол үшін де елін сонша билеген екен,
Ел ұстап, заң жасаған...

деген сияқты ойларымен әлеуметтік толғамдарын сездірмей ме? Осындай ойлар ежелгі кезең әдебиетінің азаматтық, саяси-әлеуметтік мұраттарын айқын танытады. Ой бірлігі, мағыналық үндестік әскери іс, жарық тәсілдері жайлы тарау, тармақтардан да көзге көрініп тұрады. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерге, ұшқыр ойлы тіркестерге қатысты да шығармашылық мектептің табиға қалыптасқан арналарын аңғармау мүмкін емес. Тәрбие, моральдық-этникалық өсиеттер, адамдардың арасындағы қарым-қатынас негіздері хақында да ой тебіреністер бір өзектен шығып отырады.

Қазақ әдебиетінің XIX ғасыр өкілдерінен Абай Құнанбаев дүниетанымын айта аламыз. Абай дүниетанымы тұтастай Сократ, Фараби, Баласағұндардың заманауи ойларына жетелейді. Фараби, Баласағұн, Абай дүниетанымы мен эстетикалық құнарының күретамыры Сократ, Платон, Цезарь, Аристотель секілді әлемдік алыптар қиялымен қанаттасып, қатар соғатындай. Сондықтан да, Абай-Баласағұн мен Абай эстетикалық әлемінің тамырластығының мынадай төрт сипатын даралап көрсетуге болар еді. Біріншіден, дүниетаным, эстетикалық көзқарас, адамгершілік мұрат бірлігі: екіншіден, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді, заман тынысын нақты сезіну: көркемдік танымда реалистік-рационалдық қасиеттерге жүгіну, үшіншіден, тақырып тамырластығы, ой толғап отырған жайлардың ортақтығы; төртіншіден, поэтикалық табиғатының үндестігі (ойшылдық, суреткерлік қисын, шешендік, афоризм, нақыл... жалпы поэтика табиғатындағы жақындық).

Әл – Фараби – IX-X ғасырлардағы өркениеттің алып шыңы.

Жүсіп Баласағұн – X-XI ғасырдағы көркемдік-эстетикалық дүниенің жұлдызды биігі.

Абай –XIX-XX ғасырлардағы қазақ халқының көркемдік таным дүниесінің асқар биігі, дәстүр егесі.

Қазақ жырауларының кемелді кезеңі – бес ғасыр жырлары осынау ұлы тұлғалардың иығында тұрған дала бұлбұлдарының сұлу саздарындай өнердің кереметтей толысқан, көркемдік жағынан да, ойшылдық жағынан да түү биікке самғап шығып күрделі де қатпарлы әсемдік дүние есігін түзген, рухани марқайған дәуірінің белесі. Бес ғасыр жырауларының шығармаларынан да өлең құрылымы, ұйқас түзілімі, мазмұн үндестігі, ой сарындастығы, поэтикалық рухы жағынан «Құтты білікке» қабысып түсіп отыратын тұстарды тым көп ұшыратамыз. Бір ғана әйел затына қатысты, болмаса адамның өмір кезеңдерін қамтитын кәрілік пен жастықтың қадірін түсіндіре отырып өмірдің мәнін білдіретін жас шамасына қатысты жырлардың өзі –ақ сонау Күлтегін жазбаларынан бастап бірнеше ғасырлық кезең тынысын сезіндіреді[1,96]

Адамның жас шамасына, өмір кезеңдеріне қатысты мұндай ойлар руна жазбаларында да, «Құтты білікте» де әртүрлі поэтикалық реңде, әлденеше кездеседі. Бұқар жырау, Шал ақын, Сүйінбай, Ақан сері, Әріп, т.б. ақын-жыраулар бұл тақырыпты сан қырынан тереңдетіп әкетеді. Бұл дәстүрлі тақырып бастауы тағы да Орхон, Енисей жазбаларының жұмбағы көп жылдарында жатыр. Қаған, батырлардың жасын, сол жастарына қарай кезіндегі ерліктерін хикаялайтын жолдарды еске түсіріп көріңіз... Бұл сол бір қаһармандық жырлардан өсіп-өнген, кейін жыр, дастандарда міндетті түрде болуға тиісті шартты қисынға айналып кеткен сипаттар секілді. Адамды, жастықты («дәл он жеті жасында, кәмшәт бөркі басынды» дегендей) былай қойғанда, қазақ мал екең малдың өзін жас шамасына қарай атап түстейді. Осы сияқты ана, жар, жаман әйел мен жақсы әйел туралы толғамдар да «Құтты біліктен» (62 тарау) XIX-XX ғасырлардағы қазақ ақындарына дейін жалғасқан тақырып арнасы.

Жүсіп Хас Қажыб әдебиетте әділетті, ырысты елдің, құтты мемлекеттің үлгісін жасаған. Өз өмірі, күйініш-сүйініші жайлы, өмірдегі өкініші, кәрілік пен жастық жайлы, хылықтың салт-дәстүріндегі ерекшеліктерді (түс жору, жоқтау) де, тұрмыс ерекшеліктерін

(көшпенділер, аңшылар өмірі мен тұрмыстық белгілерін, мінез-құлық, тұрмыс тіршілігін білдіретін штрихтар) де астастыра отырып, өзі тамаша білетін түркі фольклорының маржандарын таланттылықпен сіңіре өрбітіп өз дәуірінің барынша кемел суреттерін түсірген.

«Құтты білік» сынды қазіргі қазақ тілімен, басқа да туысқан түркі тектес тілдермен табиғаты бір ежелгі дәуір шығармаларын барлық поэтикалық мәнін сақтап, мазмұны мен көркемдік қасиетін жасытпай аудару өзгеше күрделі, өзіндік қыры мол іс. Қай кезде болмасаң, өзіндік жанр қалыптасады. Сол кезеңдегі оқиғалар желісі «Mirror for Prince» жанрымен сәйкес келіп отыр. Бұл жанр шетел әдебиетінде қолданыс тапқанымен, қазақ әдебиетінің өкілдері де осы жанр бойынша шығармалар жазғанын көріп отырмыз. Жоғары талдап, айтып өткеніміздей Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегі, әл-Фараби трактаттары, жыраулар поэзиясы «Mirror for Prince» жанрындағы еңбектер. Ұлттың ұлылығы ұлықтығынан емес, ұлағатынан танылмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Құтты білік/Көне түрік тілінен аударған алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған А. Егеубай. – Алматы: Тұла, 1997.- 548 б
- 2 Бомбачи А. Тюркские литературы. Введение в историю и стил/ пер. с англ. Л.В.Горяевой // Зарубежная тюркология. – М.:Наука, 1986. – Вып 1. – С. 191-293
- 3 Tekin T. Wisdom of Royal Glory (Kutadgu Bilig): A Turko-Islamic Mirror for Princes. Yusuf Khass Hajib, Robert Dankoff // <https://www.journals.uchicago.edu/doi/10.1086/373364>. 24.09.2018
- 4 Arslan M. Kutadgu-Bilig'deki toplum ve devlet anlayışı. – İstanbul: İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Basımevi, 1987.– 132 s.
- 5 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Мектеп баспасы, 1991 ж. – 159 б.
- 6 Әуезов М. Шығармалар. Он екі томдық. – Алматы. – 1989. – 11-том.

ӘОЖ 82.2:884 (5Қ)

БӨКЕН ГҮЛНАЗ САЙЛАУБАЙҚЫ
ХУАТБЕКҚЫЗЫ АЙША
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан
asya_2309@mail.ru

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ӘДЕБИ ЖАНРЛАР ЖАЙЛЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Аннотация: мақалада Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде әдеби даму, әдеби бағыт, өлең құрылысы, көркем шығарма тілі, туындының мазмұны мен пішіні, жанр теориясы, әдебиеттің тектері мен түрі, драманың жанрлық түрлері сияқты күрделі теориялық мәселелерге ұсынған тұжырымдары сараланады. Бүгінге әдебиеттану ғылымындағы ғалым мұрасы жан-жақты зерттелініп, ғалымның терең ойлы, ғылыми негізді ой-тұжырымдары әдебиеттану ғылымының кез келген саласындағы өзекті мәселелерді зерделеуге негіз болатындығы айтылады.

Тірек сөздер: әдеби жанр, әдебиет теориясы, ғалым, тұжырым, зерттеу

Ұлт қамқоры, табиғатынан ерекше дарын иесі, әдебиеттану саласында күні бүгінге дейін құнын жоймаған, болашақ ғылымға да сара жол сала берер тағылымды ой-пікірлер мен ғылыми тұжырымдарды соңына мирас еткен Ахмет Байтұрсыновтың мұралары туралы сан алуан ғылыми зерттеулер жарық көрді, әлі де жариялана бермек. Оның ақындық мұрасынан, саяси-қоғамдық көзқарастарынан, ғылыми-әдістемелік еңбектерінен, тіпті азаматтық, адамдық қасиеттерінен тағылым алу, елінің ертеңі үшін күрескен ұлтжанды азаматтың өнегелі өмірін жастарымызға үлгі ету бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі болуы заңдылық.

Ғалымның кез келген мәселеге байланысты айтқан ғылыми пікірлерінің маңызы зор, әсіресе, оның әдебиет теориясына қатысты ғылыми толғамдарының бағасы өлшеусіз. Ол –

қазақ әдебиетінің теориялық мәселелері белгілі бір жүйеге салынып, әдеби ұғымдарға терең ғылыми талдау берілген тұңғыш еңбектің авторы. Бұл еңбек 1926 жылы «Әдебиет танытқыш» деген атпен Ташкент қаласында басылып шықты.

Еңбектің құндылығы жайлы академик ғалым Р.Нұрғали: «Әдебиет танытқыш» – Ахмет Байтұрсынұлының эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылдық қабілетін танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл мұра» деген [1,25].

Әдебиеттану ғылымының осындай еңбекке зәрулігі бола тұра саясат жетегінде кеткен заманның кесірінен құнды кітаптың өз уақытында танылмай, көпшілікпен қауыша алмай қалғандығы, әрине, өкінішті. Алайда, «ештен кеш жақсы демекші» ұлттық әдебиеттану ғылымына баға жетпес асыл мұрамен танысып, құнарлы ой-тұжырымдарды пайдалану бақыты бұйырыпты. «Тән көмілер, көмілмес еткен ісім» деп ғұлама өзі айтып кеткендей бүгінгі тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының бағыт-бағдарлар темірқазығы сияқтанған Ахмет мұраларын, сонын ішінде аталмыш еңбегін зерттеп, қажетке жарату ісі жанданып, өз жалғасын табуда.

А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде әдебиеттің қарапайым қағидаларын танытудан бастап күрделі философиялық, эстетикалық, көзқарастарын білдіріп, әдеби даму, әдеби бағыт, өлең құрылысы, көркем шығарма тілі, туындының мазмұны мен пішіні сияқты күрделі теориялық мәселелерге дейін саралаған. Әдебиеттануға кіріспе, әдебиет теориясы курстарын оқытуда ғылымның түсінікке жеңіл, нақты да дәл берген анықтамалары мен ғылыми деректері таптырмас құрал екендігіне әдебиетші мамандардың көздері әбден жетті.

Әдебиет теориясының күрделі мәселелерінің бірі – жанр теориясы, яғни әдебиеттің тектері мен түрі жайлы зерттеулер. Ғалым еңбегінің бір бөлімі осы мәселеге арналған. Өз кезеңіндегі қазақ әдебиетінің даму үрдісін дәл танып, ертеңін да көргендікпен болжай білген Ахмет Байтұрсынов «Европа әдебиетіндегі сөз түрлері бізге әлі түгелденіп жеткен жоқ. Бірақ қазір болмағанымен, ілгеріде болуы ықтимал» деген тұжырым жасайды. Одан әрі әдеби тек түрлері жайында «Ақындықтан шыққан сөзді яғни көркем лебізді шығармаларды, үлгілі жұрттар айтылуына қарай үшке бөледі: 1. Әуезеленіп айтылуына қарай. 2. Толғанып айтылуына қарай. 3. Ғамалдап айтылуына қарай» [2,103] дей келе, бұл үлгілердің қазақтың тек жазба әдебиетіне тән екендігін ескертіп кетеді.

Ғалымның өзіне дейінгі ғылыми көзқарастармен үндестігі де, алшақ кететін тұстары да бар. «Жалпы ғылымның дамуы – өзіне дейінгілердің ілгерінді, келешек қажетін өтейтін ұстанымдарын өз дәуірінің қажетіне жаратып, одан әрі дамыта түсу десек, Ахаң есімі бұл тарапта да асқақ тұруға тиісті. Осындай деуіміздің түп-төркінінде әдеби жанр мәселесі төңірегін алғанның өзінде екі мәселе жатқанын ескертеміз. Біріншіден, А. Байтұрсынов бейнелеу тәсіліне негізделген Аристотель принципін де, бейнелеу объектісіне негізделген Гегель, Белинский принципін де табысты қолданған. Екіншіден жанрлық түрлерді жүйелеудегі ұлттық танымның тереңдігі» [3,193]. Ғалым жаңалығы ретінде ең алдымен байқайтынымыз оның әдеби тек түрлерінің терминдік атауын беруде өзгеге ұқсамайтындығы. Қалыптасқан эпос, лирика, драма деген термин сөздерді қазақы ұғымға жарық әуезе, толғау, айтыс-тартыс деген сөздермен алмастырып, терминдердің ұлттық баламасын тиімді қолдануы оның өзіндік ерекшелігі.

Еңбектегі басқа да осындай әдеби терминдердің ұлттық баламаларының ғалым тарапынан шебер қолданыс табу сүйсіндіреді. «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа ауыз тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» [2,20] дей отырып тіл тазалығы, ана тілінің ертеңі үшін пайдалы талаптарды нақты көрсетіп қана қоймай, өз ісімен үлгі көрсете білген А.Байтұрсыновтың ұлттық терминдерді қалыптастырудағы рөлі орасан зор. Осы орайда тағы да Р.Нұрғали пікіріне жүгінер болсақ, ғалым «Әдебиет танытқышта» Ахмет Байтұрсынов әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды,

ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұқсас, ұялас ұғымдардың тұтас, ұлттық қазақи жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тиым салғанына қарамастан әдеби тілге кіріп кетті» дейді.

Ғалым еңбегінде жоғарыда аталған жанр түрлерінің әрқайсысының өзіндік табиғатына, ерекшеліктеріне терең талдау жасайды. Әдеби тектердің аралық жігін ажыратуда, әрқайсысының өзіндік табиғатын ашуда суреткерді, оның тысқы және ішкі ғаламын қатыстыра отырып түсіндіруді негізге алып «әуезе көркем сөздің тысқарғы түрлісі болады», «... Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады», «... айтыс тартыстан ақын өз басындағы емес, басқаның басындағы уақиғаны көрсетіп, өз басынан, көңілінің күйінен еш нәрсе қатыстырмайды» деп тұжырымдайды. Жанрды авторға қатысты саралау ғылымда бұрын да болған пікір. Мұны Аристотельдің «Поэтикасынан» байқаймыз. Алайда ғалым өз еңбегінде кімнің, қандай ой-тұжырымдарына сүйенгендігі туралы айтпаған. «Автор қандай ғылыми еңбектерге сүйенгені туралы, дерек келтірмейді.

«... Бір ерекше жәйт, А.Байтұрсынов ұзақ-ұзақ цитата алып, өзгелерден бәтуа іздеп, басқаның пікіріне жығыла салатын әдеттен мүлде аулақ...Ғалым өзі қорытқан, өзі шындығына жеткен, ақиқат деп санаған ойларын ортаға салады»[1,26].

Әуезе түрлерін «бұл топқа кіретін сөздер толып жатыр. Оның бәрін түгендеудің қажеті жоқ. Басты-басты түрлерін алғанда, олары мынау болады» дей келе ертегі жыр, тарихи жыр, әуезе жыр, ұлы әңгіме, ұзақ сөз, аңыз өлең және әңгіме, көңілді сөз, мысал, ұсақ әңгімелер деген тоғыз түрін атап көрсетеді. Қазір роман, повесть, поэма, новелла, фельетон деп танып, кең көлемді, орта көлемді, шағын көлемді эпикалық жанр түрлеріне топтастырылып жүрген шығарма түрлерін ғалым идеялық мазмұн мен шығарма пафосы тұрғысынан жіктеп отыр. А.Байтұрсыновтың бұл ұстанымын Е.Тілешев оның жанрлық түрлерді жіктеудегі бір принципі ретінде танып, «Қазіргі әдебиеттануда поэма делініп жүрген жанрды А.Байтұрсынов ертегі жыр, тарихи жыр, әуезе жыр, мысал өлең дейді, яғни мұнда ең алдымен идеялық мазмұн, шығарма пафосы, бірінші қатарға шығарылады, осындай ұстанымды толғауды ішкі түрлерге таратуынан да байқаймыз» деп аңғартады [3,196].

Дарынды теоретиктің толғау жанрына қойылатын ішкі және тысқы шарттарды санамалап беріп, оның ішкі түрлерін жіктеуде жасаған тұжырымы да ерекше. «Әдемі толғаудан алатын адамның көрік ләззаты басқа сөздердің бәрінен де артық болады» дей отырып ақындық өнер мен өлеңге айрықша баға береді. Толғауға қатысты ғалым пікірлерінің орыс сыншысы В.Г.Белинскийдің ойларымен үндесер тұстары көп. Мысалы, ғалым «нағыз толғау мен күй (яки ән) арасы жақын: екеуінің де зейінге айтары аз, көңілге айтары көп» [2,169] десе, В.Г.Белинский «өзіндік мазмұны тұнып тұрса да, лирикалық шығармада ешбір мән жоқ тәрізді, оның мазмұнын тіпті айтып беруге де болмайды, ол тәтті түйсігімен бүкіл жан жүйемізді тебірентетін музыкалы пьесада аумамайды, өйткені бұл мағынаны адам тіліне аударып болмайды» [4,32] деп байлам жасаған.

Қос ғалымның толғаудың ықшамдығы, қысқалығы жайлы тұжырымдары бір жерден шығады. Лирикалық туынды түрлерін жіктеуде де ғалым терминдердің қазақша баламасын ұғымды қолданған. Толғаудың ішкі түрлерін сап толғау, марқайыс толғау, налыс, намыстаныс, сұқтаныс, ойламау дау, сөгіс толғау, күліс толғау деп топтастырып, олардың әрқайсысына нақты анықтама береді. А.Байтұрсынов ақынның көңіл-күйі тұрғысынан анықтап берген лирика түрлерін бүгінгі әдебиет теориясы ғылымы меңгеріп, терминдік сөздерді қолданысқа әлі де толықтай енгізе қойған жоқ десек қателік болмас. Дулат Бабатайұлының 2003 жылы басылып шыққан «Тұнық тұма» жинағының алғы сөзінде ақын толғауларының түрлеріне А.Байтұрсынов тұжырымы бойынша талдау жасалған. Бұл да болса лирика туралы ғалым пікірлерін игілікке жаратып, тиімді қолдануға қарай жасалған игі қадамдардың бірі деуге болатын шығар.

Қазақ топырағында кейіндеу дамыды деп саналатын жанр түрі драмаға да ғалым қазақша балама тауып, әдеби тек ретіндегі сипатына, өзіндік табиғатына талдау жасап берген. Драмалық жанрды айтыс-тартыс немесе ұстасу деп атап, оны да авторға қатысты

жағынан тысқы ғаламның сөзі, яғни әуезе мен айтыс-тартыстың арасы жақынырақ деп қорытады. Сондай-ақ драманың «өмірдің алаңда көрсетілетін сәулесі» деп таниды. Драмалық жанрдың өзіне ғана тән ерекшеліктерін ескерте келе, драмалық шығарма оқиғасының негізгі үш кезеңін (1. байланыс, 2. шиеленіс, 3. шешіліс) атап көрсетеді. Осы кезеңдерді қазаққа жақсы таныс балуандар күресімен салыстыра отыра ұғымға жеңіл, әрі түсінікті етіп былайша сипаттайды: «Ұстасудың бұл үш дәуірі күресу дәуірлері сияқты. Байланыс – балуандардың белдерін буынып, білектерін сыбанып, балтырларын түрініп, күреске шығып, ұстасқаны есебіндегі дәуірі. Шиеленіс – балуандардың әдіс-амал, күш, өнер бәрін жұмсап, қайрат қылып күресті қыздырған шағы сияқты дәуір. Шешіліс – балуандардың бірін-бірі жыққан мезгілі сияқты дәуір»[2,179].

А.Байтұрсынов драманың жанрлық түрлерін де өзгеше атаумен, яғни әлектеніс (трагедия), азаптаныс (драма), әуреленіс (комедия) деп саралайды.

Айтыс-тартысты адамның ішкі ғаламы мен тысқы ғаламының түйіскенін көрсететін сөз түрі дей келе бұл мәселеге орай да ғалым қызықты тұжырым жасайды. «Адам бала күнінде тысқа ғаламдағы көзге көрініп, денеге сезіліп тұрған нәрселерді ғана танумен болады. Есі әбден кіргенше өзгеден өзін айырмайды. Есейген сайын өзінің өзгеден басқалығын біліп, өзіне ұнағанын істеп, ұнамағанын істемей, қияқтық шығара бастайды. ... Өз алдына мұны, мұраты, мақсаты, мүддесі болып, сол мұрат-мақсатына жету талабына кіріскен жерде тысқы ғаламға тиісті жердің шегіне келіп, ішкі ғалам мен тысқы ғалам мен екеуі кездеседі. Сонда ішкі ғаламның ниетіне тысқы ғаламның шарттары тура келмей, екеуі ілінісіп ұстаса кетеді» деп драмалық оқиғаның туу себептерін қарапайым мысалмен дәлелді жеткізеді [2,176]. Айтыс-тартыс түрлеріндегі кейіпкерлер мінезінің, соған орай әрбір шығармадағы тартыс сипатының ерекшеліктері нақты талданады.

Трагедияның негізгі мағынасы болып табылатын коллизияның маңызы туралы Белинский «...трагедияның мағынасы коллизияда болмақ, яғни, жүректің табиғи еркінің адамгершілік парызбен соқтығысуына немесе алынбайтын тосқауылда мерт болуында жатпақ» десе А.Байтұрсынов айтыс-тартысқа қойылатын шарттардың бірінде «Ұстасудың мақсаты тысқы ғаламға қарсы жұмсалған ішкі қайрат болған себепті, ол қайратты жұмсатып белгілі бір мақсат болған соң, ұстасуда көрсететін ғамалдар ойламаған жерден шыққан уақиға сияқты болмай, мақсатты қайраттан туған амалдар болып көрінуге тиістігі» дейді.

Ғалым Рымғали Нұрғалидың айтуынша А.Байтұрсыновтың бұл пікірлері жазылған кезде қазақ драматургиясында М.Әуезовтың, Б.Майлиннің, С.Сейфуллиннің, Ж.Шаниннің алғашқы пьесалары жазылған. Еңбектегі ғалымның «Айтыс қазақта ауыз әдебиеті түрі болғанмен, айтыс-тартыс түріндегі сөздер басқа жұрттарда жазу-сызу, өнер-ғылым шыққан уақытта пайда болған. Шын айтыстар емес, шығарма айтыстар қазақта соңғы кезде шыққан» деген сөздері осыған меңзейді [2,106]. Алайда, басқа жанр түрлерін талдағандай нақты драмалық шығармалардан мысалдар келтірілмеген. Драма жанры туралы ғылыми пікірлеренің құндылығы, талғампаздықпен, дәлдікпен берілуін айта келіп, ғалым Р.Нұрғали «Шынына келгенде, А.Байтұрсынов әлемдік драма өнерінің биік тұғырлары Шекспир, Мольер, Гете, Островский, Чехов үлгілерін оқып, яки сахнадан көріп барып пікір айтып отырғандай» дейді[5,34].

Трагедиялық және комедиялық туындылардың ерекшеліктерін ғалым бас қаһармандардың кескін-келбеті, өмірлік мақсаттары мен соған жету жолындағы іс-әрекеттері тұрғысынан зерделейді. Мысалы, «Әлектеністің қайраткері қатардан қара көрінім төмен адам болады. Биік нәрсе қандай сәулетті, көзге көрнекті, көңілге тамаша көрініп сұқтандырса, тандандырса, төмен нәрсе өзінің төмендігімен, ұсақтығымен көзге күйік» [2,180].

Әдебиет теориясының жанрлар мәселесін қарастыруда ғалым тұжырымдарының берер тағылымы мол. Ғалым мұрасы бүгінде жан-жақты зерттелініп, оның терең ойлы, ғылыми негізді ой-тұжырымдары әдебиеттану ғылымының кез келген саласындағы өзекті мәселелерді зерделеуге негіз болып отыр. Ғалымның ұлы еңбегі «Әдебиет танытқышты» қаншалықты таныдық десек те, осы мәселеге орай «алтын шыққан жерді белден қаз» деген халық нақылын жадымызда ұстауымыз әбден қажет-ақ сияқты. А.Байтұрсынов мұрасын

«өшпес жарық», «кетпес байлық», «даналыққа бастар жол басы» деп танып, «ертеңі үшін» аянбай еңбек еткен ғұламаның асыл мұраларын келешек қажетіне жарату біріміздің басты міндетіміз.

Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір бас үшін жалданбаған,
Көркейер қайткенде Алаш деген ойдан,

Басқа ойды өмірінде малданбаған, - деп С.Торайғыров айтқандай бар күш-жігерін, ақыл-ойы мен еңбегін ұлт келешегіне арнап, халқын ғылымның ұшар биігінен көруді аңсаған Ахмет Байтұрсынов есімін ұлықтау, рухани қазынасын насихаттау ісі өз маңызын ешқашан жоймайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана : «Күлтегін», 2002. – 524 б.
- 2 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 206 б.
- 3 Тілешев Е. Суреткер және көркемдік әдіс. – Алматы: «Арқас», 2005. – 278 б.
- 4 Белинский В.Г. Шығармалары: сын мақалалары. – Алматы: «Жазушы», 1987. – 349 б.
- 5 Әліппе айтысы (Құраст.: Мәжітаева Ш). – Қарағанды: ҚарМУ., 1990. – 10

ӘОЖ 82.2:884 (5К)

ЕРБОЛАТ БАЯТ
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан

ЕКІ КҮЙМЕК БІР ЖАНҒА ӘДІЛЕТ ПЕ?

Аннотация: мақалада Абай өлеңдерінің философиялық мәні ашылды. Ақын поэзиясын герменевтикалық тұрғыдан талдап көрсетілді. Абайтанушы ғалымдардың пікірлерімен дәйектелді.

Тірек сөздер: герменевтикалық талдау, Абай поэзиясы, философиялық мәні

Абайдың ақындық мол һәм зор мұраларының ішінде ерекше орын алатын бір өлең бар. Ол – «Өлсем, орным қара жер» атты өлеңі. Абай осы өлеңін 1898 жылы жазыпты. «Бұл жылда әсіресе, аударма көп. Өзінің жазған өлеңдер қатарынан өзгеше боп, оқшау шыққан екі өлеңді айырықша бөліп тексереміз. Бұлардың біреуі – табиғат, махаббат сырына арналған, ақынның ең бір нәзік шеберлікпен тудырған өлеңі «Желсіз түнде жарық ай». Екіншісі – ақынның адамгершілік ұлы бітімінен туған әрі терең, әрі көңілдің сирек сыры – «Өлсем, орным қара жер» - деп, Абай өлеңдеріне кең тысынысты талдау жасаған Мұхтар Әуезов осы соңғы өлеңді бөле-жара атайды да, «Бұл жырда өлім жайлы толғайды. Бұдан бұрын да классик ақындарша Абай да өлім жөнін ауызға оқта-текте ала жүретін. Бірақ анық өзінің өмір шындығымен, ерекше жол жағдайымен байланысты өзгеше бір ойлы мұңнан туған саналы сырдың жыры осы өлең. Кеше ғана көрген соққының салдары емес, өмірдің ұзын бойын шалып келіп, дәл осы жылда өлімді айтып отырған Абай аса қымбат қасиет табады. Ол келешекпен тілдеседі»- деп бір түйеді [1, 173-175].

Ақын мұрасына зор мән беріп, оны жан-жақты талдаған кейінгі абайтанушылар да, былайы зерттеушілер де осы өлеңнің болмысы мен өзіндік сипатына айрықша мән бергенін көруге болады. Әсіресе Абай өлеңдерін философиялық тұрғыдан қарастырып, оның терең мәні мен мазмұнын ақынның өзінің байыпты, терең көзқарасымен, сыншыл ой өрісімен, философиядағы болмыс туралы түсінікпен, бір сөзбен айтқанда онтологиялық шеңберде алып тексеруге бейімділік танытуда.

Белгілі абайтанушылар М.Мырзахметұлының, Ғ.Есімнің пайымдары осыған дәлел бола алады. Онда негізінде Абай шығармашылығының өзегіне айналған бұлжымас, мығым, айқын ұстанымдарды дәп басып, ұстап, оның ақын өлеңдеріндегі көрінісін табуға деген арналы құлшыныс бар. Осының өзі де Абайдың шығармашылық әлемін терең тануға жаңаша

мүмкіндіктер береді. «Бұл өлең абайтану тарихында Абайдың айырықша бір терең ойлы мұңнан туындаған саялы, сырлы, ойлы жалғыздың келер буынға шаққан мұңы деп бағаланып келеді» - дейді [2, 62].

Біз де мақаламызда осы өлеңді өз хадери-халімізше герменевтикалық тұрғыдан талдап көруге талпыныс таныттық. Тегінде М. Әуезовтің «ойлы мұңнан туған саналы жырдың сыры» деп баға беруінде терең мағына бардай. Расында бұл өлең Абайдың кемел шаққа келіп, дүниенің қыр-сырын түгел біліп, айналасына ойлы, зерделі көзбен қараған шағында туған. Жан-жақты толысып, арғы-бергіні оқып, тауысып, өмірзая тіршіліктің түбіне, тереңіне қарай көз жүгірткен ақынның болмысынан туған сырлы, мұңлы өлең. Абай осы өлеңінде өз заманымен һәм келешекпен бүкпесіз сырласқандай әсерде қалдырады. Ол ол ма, дүние болмыспен, жаратылыстың заңдылығымен, адам ғапылдың шарасыз халін айтып, ашық сұқбатқа келеді. Бүкпесіз, Еркін. Абай «Өлсем, орным қара жер» өлеңінде осы өмірде бар түйген, жиған, ішке сақтап келген телегей ойынан сыр ақтарады. Өкініші мен назын да жасырмайды.

«Махаббат пен ғадауат майдандасқан» ақын Абайдың һәм адам Абайдың «қайран жүрегі мұзға айналыпты». Абайдың «махаббат» ұғымы әлдекімдер ойлаған түсініктен кең, биік һәм терең. «Махаббатпен жаратқан адамзатты» деп пәлсапалық ой түйген ақын адам баласының жаратылыс негізін Жаратушының махаббатынан іздемей ме? Олай болса, Айбайша айтқанда адам- махаббаттың жемісі екен. «Абай өз заманында Аристотель сияқты дүниенің басталуының себебін зерттеуші ойшыл. Дүниенің мүмкіндіктен шындыққа айналу бас себебін Абай «махаббат» ұғымы арқылы түсіндіреді. Махаббат – жаратушының құдыреті, нұры, дүниені мүмкіндіктен шындыққа айналдыруының басты себебі. Қазіргі ғылымның қисынды тіліне салсақ, махаббат бар болмыстың заңдылығы және де ол адамзатқа тәуелсіз онтология заңдылығы немесе дүниенің бар болуының мүмкіндігі»[3,13].

Абайдың «махаббаты»- күллі ізгіліктің бастауы, соның мейірім шуағы, қайырым қуаты, адамға тән ізгі қасиеттердің ортақ жиынтығы. Махаббат –жүрек ісі. Абайша айтқанда «Жүректің ақыл суаты, махаббат қылса тәңірі үшін». Абай философиясындағы «жүрек культі» туралы аз айтылған жоқ. Анығында Абай үшін «жүректің» орны айырықша. Ол- ақынның «қиянатшыл дүниеден қырық жамау болған», басына у болып төгілген ішкі әлемі, бұл дүниеден зардап көріп, жапа шеккен, һәм қия алмайтын ішкі дүниесі.

Ғадауат – бар қасиетсіздік ордасы. Пенделдік күйкі тіршіліктің қоқсығы, бықсығы, заһар уы. Махаббат та, ғадауат та адам пенденің жүрегінде майдандасатын екі күш, екі дүние, Бейнелі, салыстырмалы тілмен айтқанда ақ пен қараның арпалысы. Әсілінде Абайдың пәлсапасындағы «жанның тамағы» һәм «махаббат пен ғадауат» деген ұғым Дауанидің шәкірті Қарабағидың «Рисаласындағы» «жанның пайдалы және зиянды тамағы» деген таныма сәйкес келеді. Ондағы «пайдалы тамақ» - әділдік, жомарттық, шын сенім, ізгі ілім т,б, ал, «зиянды тамаққа» өтірік, өсек, мақтан, күншілдік, жауластық т,б. Осы танымның алғашқы ұшқыны Абайдың әйгілі «Ғылым таппай мақтанбасындағы» *бес асыл іс пен бес дұшпанда* көрініс тапқаны белгілі.

Абай осы өлеңінде «махаббат пен ғадауаттың» арасын өзара іштей шендестіре отырып, одан әрі саралап, айшықтап, түсінікті қылып жеткізеді. Сыртқы формасы екі жүлгелі болғанымен, олардың табиғаты қарама қайшы -антипатия. «Ішім толған у мен өрт сыртым дүрдей» дейді. Мұндағы «ішім» деп отырғаны жүрек екендігі даусыз. Ондай қолданыс Абайда баршылық; «Өңкей уды жиып ап, себеді сорлы жүрекке», «мен ішпеген у бар ма?» т,б Абайдың қолданысындағы у дүниесі махаббаттың азабынан болса, өрт – ғадауаттан. Махаббаттың азабы – ар азабынан. Анық Абайдың «ауру жүрек соғады жай» дегенінде у ұрттаған жүректің дімкәс, шалдыққан халі бар. «Қырық жамау» жүректің қиналған сәті. Енді бір сәт ұлы ақын «Жүрегім, ойбай соқпа енді» дегенге де барады. Қажыған, талған, қиналған жүрекке, оның таңдауы мен талпынысына айтылған наз іспетті. Ішін жалап жатқан ыстық өрт- аптап жалын. Алапат азаптың бейнесі, Ол - күллі қиянаттың, кесепаттың көрінісі. Ал, шыдап көр?!

Абай осы «у мен өртпен» қатар «соқтықпалы, соқпақсыз жерді» қояды. Бұл да қиыспайтын, кереғар екі ұғым. «Соқтықпалы, соқпақсыз жер» әлгі ғадауат-өрттің үшінші көрінісі, мұңлы кескіні. Жалғыз жолаушының, жалқы бейнетқордың, жаралы жүректің лажсыздан айтылған, бүкпесіз жеткізілген жан сыры. Абай хакім бұдан әрі қарай манағы қиыспайтын қос симметриялық ұғымды анықтап беруге ұмтылады. Ол өлеңдегі «Қаны қара бір жанмын жаны жара» деген жолдан айқын көрініс тапқан. Ақын күрделі философиялық ұғымдарды жарыстыра, шағыстыра беру арқылы олардың мазмұныны тереңдетіп, мәнін айшықтайды, ішкі иірімдерін күрделендіріп, экспресстивті-эмоциялық қуатын арттыра түседі. Олар өлеңнің өне бойында композициялық құрылым түзіп, мәтіннің мәнін аша түседі. «Соқтықпалы, соқпақсыз жер», «айлаға, ашуға да шырақ жағу», «өаны өара, жаны жара бір жан», «біреуге жай, біреуге тез тағдыр», «ерте ояну мен ойлану», «өзі ермей және ерік берей қор ету», «іші толған у мен өрт»- ақын жанын күйдірген ғадауаттың қосарлы кесепаты.

«Өлсем, орным қара жер» өлеңіндегі айқын, жұмыр һәм астарлы, қат-қабат ойлар мен кестелі сөздер ақынның оқырманға сыр айту, соларға мұң шағу, өтініш мағынасында, сұқбаттасу формасында берілгенін көруге болады. Жаны торыққан, қажыған, түпсіз ойға берілген ақын Абай, адам Абай өз заманына, кейінгі ұрпаққа мұң шаққандай, сыр бөліскен кейіпте отырып, солардан да сұрайды. Өкініш, наласын да жасырмайды, адами тілегін де жеткізеді: «Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме!» Шындығында М, Әуезовтің жоғарыда келтіргеніміздей «ақынның адамгершілік ұлы бітімінен туған әрі терең, әрі көңілдің сирек сыры» деуінде үлкен мән бар.

Осы өлеңдегі ең бір күрделі, күрмеулі түйін нәрсе «Екі күймек бір жанға әділет пе(?)» деген жолға қатысты [4, 226]. Біз еріксіз тағы да ғұлама Мұхаңға, Мұхтар Әуезовке сілтеме жасап, тиянақ іздейміз. Осы өлең жайында М. Әуезов «Жалпы алғанда, бұл жырдың тақырыбы - ойшыл адамның, әсіресе, сыршыл ақындардың толық тоқтайтын тақырыбы. Өмірдің өріне жетіп, оның ішінде талай қиыр кезең жылдарын басып өтіп, енді тірлік сапарын тауысарманға келгенде айтатын шерлі сыры болады. Бұл өлеңде көп жайдың түйіні бар» [1, 175].

Осындағы «көп жайдың түйіні бар» деген байлаулы сөз бекер айтылмаған. Астырлы, сырлы, меңзеулі. Анығында бұл «екі күймектік» Абайдың тек жеке басынан өткізген «соқтықпалы, соқпақсыз» жолдың ғана әуре-сарсаңы емес сияқты. «Кеше ғана көрген соққының салдары емес»-деп М. Әуезов айтқандай. Мұнда өте күрделі, терең болмыстың зандылығы мен қайшылығы бардай. Ол үшін мына үш сұраққа жауап іздеп көрелік; әуелгісі «бір жаны қай жан?» Сосын «екі күймек не?». Соңғысы «әділет кімнен?»

Абайдың қолданысындағы жан сыры туралы ойларының желісін төрт түрге бөліп қарастырған әйгілі абайтанушы абыз М. Мырзахметұлы осы өлеңдегі «бір жанға» деген тіркесті былайша түсініеді: «Абайдың шығармаларында жиі ұшырасатын жан сөзінің бір мағынасы күнделікті өмірдегі тірлік иесі болған адам ретінде берілетіндіктен оны осы ұғымның баламасы деп ұғыну қажет» [2, 266]. Қош!- делік. Бұл пайымның әрине қателігі жоқ. Алайда дәл осындағы «бір жанның» мәні, сыры, сипаты одан да күрделі іспетті. Мұндағы «бір жан» ұғымы «жалғыз жан», «қу жан» дегенге саяды.

Әсілі, «екі күймек» һәм өртенбек әлгі адамның тұлалық болмысы ғана ма? «Жаным күйіді, жаным шырқырады, жанымды шырғарды» деген қарапайым тіркес ауызекі қолданыста бұрыннан бар. Сондықтанда «екі күйіп» отырған ақынның, адамның сыртқы тұрпаты ғана емес, бейнелі қолданыстағы оның жаны. Жанның күйуі- өте терең күйзелістегі психикалық хал. Екінші жағынан жанның күйуі, өртенуі – діндердегі қағидат бойынша тозақтың отынан болмақ. Абай діндегі және дуалистік танымдағы жанның күюіне қатысты осы ұғымды екі өмірдегі, фәни мен бақидағы «екі күймекке» меңзеп, баламалап отырған сыңайлы. Ол – азап пен тозақ. Махаббатпен жаратқан пендесін екі күйдірмекте қандай растық, қандай әділдік бар?

Алайда Абай өзінің 38- сөзінде «Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында ғадаләт, һәм махаббат бар»- дейді [5, 99]. Яғни, Тәңір алды - таразы. Ол

болмай қоймайтын нәрсе екен, Дегенменде бұл дүниеде болсын, бәлкім о дүниеде болсын ғазиз жанның екі күймектігінде қандай әділдік бар? Данышпан ойшыл ақын «Екі күймек бір жанға әділет пе?» -деп Жаратушысына және оның пенделеріне наз қылып, сұрақ қояды. Бұл – Абайдай рационалды ойлайтын тұлғаның танымы.

Тегінде Абайдың пайымындағы дін жайында М.Әуезов былай деген; «Абай ислам дінінің үгіт-өсиетін өте шартты түрде ғана шамалы, шақты жерге ғана керекке жаратты. Ал, оның шынайы үлкен мүддесі ислам дінінің шеңберінен әлдеқайда ары асып, кең жатады. Негзінде ақылдың, адамгершіліктің діні болады»[1, 179-180]. Дін мен Абай арасындағы қатынасты зерттегендер баршылық. Әлі де зерттей түсуді талап етеді.

Ал, «әділет кімнен?» Абай түсінігіндегі әуелгі және соңғы әділет- Хақтан. Әділет жолы - тура жол сонікі. «Иманигүл үш сүюдегі» соңғы сүю - сол. Абай түсінігіндегі толық адамның үш сипатының бастысы –әділет болса, қалған екеуі ақыл мен рахым. Бұл үшеуі де құдайлық сипаттар.

«Абай ұғымда әділет дегеніміздің негізі шындықта екен. Шындық атануы үшін оның бар болуы қажет. Барлық- шындықтың негізі. Ал, бар болғаншындықта әділет бар...әділет дегеніміздің өзі реттілік әрі қажеттіліктен туған шындық. Демек, әділеттілік Жаратушының құдыретіне қатысты. Махаббатсыз әділет жоқ» - деген Ғ.Есім «әділет философиясы» дегенді алға тартады [3, 18-20].

Дүниауи ғұмырында Абай іздеген жол - махаббат пен әділеттің жолы екен. Соның соңынан ой шырағын алып түсті, Санасына ақылдың сәулесін, жүрегіне махаббаттың шамын жақты. Өзгелерге де соны насихаттады. Үйреткісі келді. Бірақта өзі айтқандай «өзі ермей, ерік бермей, жұрты қор етті». Бізге жеткен жауһар жырлары мен асыл ойлары әлі талай ұрпақтың «жүрек – теңізін» тербетіп, тереңіне бойлатып, асыл маржандарымен жарқырай беретіні сөзсіз ғой.

Ахмет Байтұрсынұлының «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек» деген ұлағатты, насихатты сөзін еске ала отырып, Мұхтар Әуезовтің осы өлең жайындағы «тереңде жатқан түйіндеріне қарап, бұл өлеңді біз Абай өмірінің соңғы шағының үлкен қортындысы дейміз» [1,176] деген кемел бір ойлы уәжімен мақаламызды аяқтағымыз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Әуезов М. Жиырмасыншы том. – Алматы: «Жазушы», 1985
- 2 Мырзахметұлы М, Абайтану, 2- кітап, – Астана, «Interactiv kazakhstan», 2014.
- 3 Ғарифолла Е, Абай туралы философиялық трактат –Алматы: «Қазақ университеті, 2014.
- 4 Абай. Екі томдық шығармалар жинағы, –Алматы:Жазушы», 1986.
- 5 Абай. Қара сөз. Книга слов. Международный клуб Абая.

ӘОЖ 82.2:884 (5К)

ЕСЕКЕЕВА МАНСИЯ МҰҚТАРҚЫЗЫ
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан
esekeeva_mansiya@mail.ru

ЖАСТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ТҮЛҒАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Аннотация: мақалада тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасының тақырыптық идеялық сипаты, жанрлық ерекшеліктеріне шолу жасалған. Роман жанрының қоғамдық әлеуметтік мәселелерде көтеруде өзіндік жүгі сараланған. Қазақ әдеби сынының әдеби процестегі орны туралы мәселе қозғалған.

Тірек сөздер: әдеби процесс, роман жанры, әдеби сын, тарихи сана.

Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шыңдап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұша сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе, жастар, салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашан да достыққа адал болса, бауырмал, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік.

Н.Назарбаев

Тәуелсіздігіміздің алғашқы он жылы және бір ақиқатты еске салып отыр. Ол – уақыттың, уақытпен бірге қоғамның, адамның әп-сәтте өзгеретіндігі. Он жыл бізге әжептәуір мерзім көрінсе де, тарих үшін қас қағым сәт. Сол көзді ашып жұмғандай шақта еліміздің қоғамдық құрылысы нарықтық жүйеге көшіп үлгерді. Өндіріс құралжабдықтарына қоғамдық меншік сатылып, қазына-байлық негізінен жеке меншік иелігіне ауысты. Рухани салада сөз бостандығына жол ашылып, баспа, ақпарат құралдары тоталитарлық цензура бақылауынан құтылып, еркін тыныстай бастады. Адамның өзі де көп өзгеріп, “жаңа қазақ”, “жаңа орыс” типтері пайда болды, т.т. Тәуелсіздік дәуірі он жылдық әдеби процесс арнасын жаңа бағытқа бұрды. Ел көңілінің гүлін ашқан әдеби дәуірдің алғашқы жемістерін тере де бастадық. Сөз өнерінің зор саласы – проза, жетекші жанры – роман бабында екені ерекше қуантады. Әбдіжамил Нұрпейісовтің “Соңғы парыз” роман-дилогиясы, Зейнолла Қабдоловтың “Менің Әуезовім” роман-эссесі, Шерхан Мұртазаның “Ай мен Айша”, Мұхтар Мағауиннің “Мен”, Қалихан Ысқақовтың “Ақсу – жер жаннаты”, Рамазан Тоқтаровтың “Абайдың жұмбағы”, Әкім Таразидің “Жаза”, Төлен Әбдіковтың “Парасат майданы”, Софы Смағайдың “Жарылғап батыр”, Қабдеш Жұмаділовтың “Дарабоз”, Қалмұқан Исабаевтың “Шоң би”, Баққожа Мұқайдың “Өмірзая”, Оразбек Сәрсенбайдың “Шеңбер”, Кәдірбек Сегізбайдың “Беласқан”, Бексұлтан Нұржекеұлының “Әйел жолы жіңішке”, Тұрсынхан Зәкенұлының “Көк бөрілердің көз жасы”, Жанат Ахмедидің “Шырғалаң”, Хасен Әдібаевтың “Отырар ойраны”, Ұзақбай Доспамбетидің “Қызыл жолбарыс”, Асқар Алтайдың “Алтай новелласы”, Әлібек Асқардың “Өр Алтай, мен қайтейін биігінді”, Смағұл Елубайдың “Мінәжат”, Тынымбай Нұрмағамбетовтың “Айқай” атты шығармалары, т.б. қазақ прозасының он жылдығы аса шабытты, мол табысты еңбек кезеңіне айналып кеткенін көрсетеді. Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізген 1991 жылғы атаулы күннен жаңа қоғамдық дәуір, жаңа тарихи кезең басталды. Осыған орай, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясының мақсатмұраты, тыныс-демі, өрнек-айшықтары да жаңаша, өзгеше болып қалыптаспағы заңды болатын. Алдымен кешегі кеңестік замандағы идеология келмеске кетті. Тәуелсіздік мұраттарын тәуелсіздік алғаннан кейін қалай жырлау керектігі жөнінде қалыптасқан қағида, дайын қалып жоқ-тұғын. Қазақ поэзиясы өзінің дәстүрлі даму арнасынан ауытқымаса да, мазмұндық, көркемдік, идеялық жаңа шешімдер табуға ұмтылды. Тоқсаныншы жылдардың бас кезінде-ақ ұлттық мүдде, елдік мұрат дейтін ұғымдарға ерекше екпін түсіріле бастаған. Ұлттық сананың, тарихи сананың оянуы өткен жолымызға қайта үңіліп, қаншама жылдар бойы

айтылмай, жазылмай келген ақиқаттың ақ таңдақтары мен қара таңдақтарын анықтауға, жүріп өткен асуларымыз бен алдық деген асқарларымыздың қаншалықты тарихи маңызы болғанын бағалауға, мәдени, әдеби әлеміміздегі жарық жұлдыздарымыздың тарихи әділетті орнын тануға мүмкіндік ашты.

Әр жаңа уақыт әдебиетке өз тақырыбын ала келеді. Сөз өнерінің ежелден сіңісті тақырыптарына жаңа ырғақ, екпін қосады. Бірақ түп тамырымен өзгерте алмайды. Махаббат секілді мәңгілік тақырып әлемдік әдебиеттің барша кезеңінің, бар жанрының өзегі. “Қыз, бозбала жиылмай, тойдың сәні келмейді” дейтіндей, махаббат боздақтарынсыз әдебиет сәні келмейді. Прозаның кесек жанрының “роман” аталуы оның асық жүректерді жырлайтын, ер-әйелдің бөлекше жарастығын шертетін табиғатына мезгейді. “Бұлардың арасында роман болған” деген тіркесті жиі естиміз. “Махаббатсыз дүние бос”, - депті ұлы Абай. Ғашық жүректердің күйдімжандымынсыз роман да бос. Махаббатсыз роман тұл. Жалынсыз бос сөз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары бір әлеуметтік-экономикалық жүйенің екінші жүйені ауыстыруына дөп келді. Өтпелі кезең халық бұқарасына оңайға соққан жоқ. Ел тұрмысы құлдырай төмендеді. Тұрмыс тауқыметін тарту рухани құндылықтардың арзандауымен тіркесті. Знақорлық деген кінәрат етек ала бастады. Міне, осы қиын-қыстау кезеңде қазақ әдебиеті ежелгі қымбат рухи асыл мұраттарынан көз жазып қалған жоқ. Секс культі әдебиетімізге елеулі нұқсан тигізе алмады. Махаббаттың ақ туын желбіреткен жаңа романдар бірінен кейін бірі жарық көргені айтылғанға толық дәлел. Қай заманның материалына жазылса да, махаббат тақырыбы ар-инабат, биік моральдық талап деңгейін берік ұстанған бағытынан жазбады.

Қазақ әдебиеті мен қазақ әдеби сыны құстың қос қанатындай, егіз қатар келе жатқан, көркем ойдың екі арнасы. Бірінсіз бірін толық танып білу қиын. Оның үстіне әдебиет сынын әрдайым әдеби дамумен сабақтас, тығыз қарым-қатынаста өркендеп келе жатқан әрі көркемдік-эстетикалық ойдың өзіндік заңдылықтарына арқа сүйей отырып қалыптасатын іргелі саласы ретінде қарастырсақ, оның көптеген ерекшеліктері айшықталып көрінеді. Ең алдымен әдебиеткермен сынның бірнеше ғасырлар бойында іргесі қаланып, өзіндік танымдық-көркемдік белестеріне қол жеткізген төл туындылар тізбегі – яғни төл тарихы қалыптасқан. Уақыт сынынан мүдірмей өткен, сөйтіп бүгінгі оқырманмен де жүздесіп отырған сандаған туындылар дүниеге келді. Қазіргі қазақ әдебиеті айтулы, ірі, шынайы көркем дүниелерге ие болған, өскен, өркендеген әдебиеттердің қатарында. Соңғы жылдары ақталған, әдебиет тарихына қайта оралған, айтулы алаш арыстары негізін қалаған, М.Әуезов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин сияқты әдебиет классиктері шаңырағын көтерген қазіргі қазақ әдебиеті оның әр жанрдағы, әралуан тақырыптағы көркем туындылары әлемдік көркемдік оймен қанаттас дамуда. Қазіргі әдеби сыны, оның бүгінгі тарихи деңгейі де айта қалғандай өреге көтерілген. Әсіресе егемендік алғаннан кейінгі жылдары жарық көрген әдеби-сын, әдеби-эстетикалық талдау еңбектері қазіргі әдеби процесіміздің даму, өркендеу бағытында екендігін, көркемдік-эстетикалық танудың жаңа белестеріне қол артып отырғандығын анық аңғартып отыр.

Соңғы жылдары туған әдебиетімізде, халқымыздың ізденіссұраныс салтында, күллі қоғамымызда күрделі құбылыстар мен өзгерістер, елеулі жаңалықтар жүзеге асып жатыр. Күні кеше есімін ауызға да алғызбайтын Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Шәкәрім Құдайбердиев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқайев, Мұхаметжан Тынышбаев сынды талай-талай тарихи тұлғалар қайта тіріліп, туған жұртымен, ұрпақ-жұрағатымен қауышып жатыр. Олардың бір кезде ұмыт болған шығармалары том-том болып жарыққа шығуда. Өмірбаяны мен тағдыры, бастан кешкен қияметтері мен арпалысқа толы ғұмыры жайлы мақалалар, эсселер, естеліктер, жекелеген кітаптар, аңыздар жарық көруде. Бұрынғы аты аталуға рұхсат етілгенімен, толыққанды материал жазуға мүмкіндік берілмеген еліміздің әйгілі біртуар қайраткерлері, атап айтқанда, Қорқыт пен Асан Қайғы, Абылай мен Бұқар жырау, Әйтеке, Қаздауысты Қазыбек, Төле би, Әз Тәуке мен Әбілқайыр, Қабанбай мен Райымбек, ел қамын жеген Едіге, Исатай мен Махамбет сынды билер мен хандар, батырлар жайлы кесек те келелі кітаптар дүниеге

келуде. Сұлтанмахмұт пен Жаяу Мұса, Санжар Асфендияров пен Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов пен Қалыбек Қуанышбаев, Амангелді батыр мен Бауыржан Момышұлы, Тұрар Рысқұлов пен Әлия Молдағұлова, кешегі желтоқсан қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтер жайлы соңғы кезеңде жарияланған романдар мен повестер, хикая-дастандар, пьесалар да қоғамымыз бен әдебиетіміздегі жаңа сілкініс пен бұлқыныстың жоталы көріністері екеніне еш шүбә келтіруге болмайды. Тарихи ұлы бетбұрыстарда әдебиеттің мемуарлық, естелік, өмірбаяндық түрі қарқынды дамиды. Жиырмамыншы жылдары елімізде Кеңес өкіметінің орнауы, қазақ елінің автономияға ие болып, жаңа белеске көтерілуі Сәкен Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешу” атты көркем мемуарын туғызды. Тәуелсіздігіміздің еркін тынысты тұнық ауасында ұлттық санасезім өсті, азаматтық белсенділік артты, азаттық алған халық қайта туғандай күй кешуде. Бұл құбылыстың бір қоғамдық-саяси құрылыстан екіншіге көшкен өтпелі кезеңмен астасуы рухани өміріміздің астан-кестенін шығарды, бар болмысымызды жаңғыртып жаңалады. Енді міне, өмірбаяндық, естелік жанры көгеріп күш алып, айналдырған он жылдың ішінде едәуір төл төкті. Жазушы Зейнолла Қабдоловтың “Менің Әуезовім” атты роман-эссесі /1997/ соңғы жылдардың үздік шығармалары қатарында Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Бұл жанрда Шерхан Мұртаза, Әзілхан Нұршайықов, Мұхтар Мағауин, Қабдеш Жұмаділов, Қапан Қамбаров, т.б. жазушылар қалам тербеді. Аталған жазушылардың бәрі де өз мемуарларына роман деген жанрлық айдар тағыпты. Әдебиет зерттеуші ғалымдар көркем мемуардың шыққан ата тегін іздегенде роман жанрын жиі ауызға алады. Әдебиеттің бұл екі түрін - роман мен естелік көркем жанрларын бір-бірімен іштей байланыстыратын өзекті тақырып – жазушының өз басынан кешкен жайлары. Екеуін жақындастыратын белгі – жеке адам өмірінің қоғамдық өмірмен жалғас, сабақтас суреттелетіндігінде, зерт пен өнер құймасынан жаратылатын табиғатында, психологиялық лиризмінде. Алшақтататын белгі – мемуардың публицистикаға тым үйірлігі, құжатқа көп жүгінетін мәнері. Қайсыбір мемуарлардың жанрлық сыпаты төңірегінде әлсін әлі ду ете қалатын айтыстар өмірбаяндық прозаның фактологиялық материалға, хаттарға, фотоға, цифр, цитатаға тәуелдігіне байланысты туындап жүр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Балтабаева Г. С. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әңгімесінің көркемдік көрінісі // ҚазҰУ Хабаршысы №2, 2009.
- 2 Елеуенов Ш. Қазақ әдебиеті тарихының кезеңдері. – А.:Ақиқат. 2004 ж. №1. – 44 б.
- 3 Мағауин М. Он үш томдық шығармалар жинағы. 7-том. –Алматы: Қағанат, 2002. – 454 б.
- 4 Мағауин М. Қазақсыз Қазақстан (ғылыми мақала)//АВАІ.KZ ақпараттық порталы 09.2013,16-2066.
- 5 Алтай Тайжанов e-history.kz порталы

ӘОЖ 82-0

ЕСЕНОВА АҚЖАРҚЫН КЕНЖЕҒАЛИҚЫЗЫ
ОРАЗБЕК МАҚТАГҮЛ СОЦИАЛҚЫЗЫ
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Астана, Қазақстан
Esenova_akzharkyn@mail.ru

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ҒАЛЫМ ЖАЙЛЫБАЙ ПОЭЗИЯСЫ

Аннотация: поэзия – ізденіс пен жаратылыстан туындайтын жанр. Оның тақырыптық және көркемдік кеңістігі ауқымды. Адам баласы дамып, өскен сайын, әдебиет те дәл солай даму үрдісін бастан кешеді. Қазіргі таңда, қазақ әдебиеттануында лирика жанры жан-жақты зерттелуде. Соған сәйкес ондағы философиялық көзқараста сан түрлі болмақ. Өз кезеңінде уақыт тынысын сезінген ақындардың бірі – Ғалым Жайлыбай. Ғылыми мақалада ақын Ғалым Жайлыбай поэзиясының көркемдік қыры, өлеңдеріндегі философиялық сарын анықталды. Ақын поэзиясына қашан да болсын өскен ортасы, қоғам әсер ететіні анық. Ақынның поэзияға деген құлшынысы мен кейіпкерлер образы жан-жақты талданды.

Қазақ лирикасындағы ерекшелік, оның жырлану дәстүрі салыстырмалы түрде, мысалдармен дәйектелді. Ақын шығармашылығына байланысты жалпылама талдау жұмыстары да жүргізілді.

Тірек сөздер: жанр, поэзия, лирика, философиялық лирика, лирикалық кейіпкер, монолог, диалог.

Қазақ поэзиясының даму жолы тым әріден көрініс береді. Тарихи-әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, поэзияның әр кезеңдегі орны мен жазылу үлгісі де ерекшеленіп тұрады. Десек те, заман дамып, дәуір өзгерген сайын қазақ поэзиясы да ілгері өрлеуге бет алды. Қазақ ақын-жазушыларының шеберлігі арта түсті. Батыс пен Шығыс поэзиясынан нәр алған қазақ қаламгерлері, ендігі кезекте бұрыннан таныс өлең, толғау, жыр тәрізді ескі жанрларға жаңалықтар қосып, ерекше қарқынмен жырлай бастады. Осыған дейін сөз етіп келген махаббат, ерлік, сезім, ішкі психология, терең философиялық дүниелер де өзгеше сарында жазылды.

Зерттеуші М.Базарбаев: «Поэзия – әдебиеттің көне саласы, жасаған сайын жасара түсетін жанды сала» [1, 3], - дейді. Шын мәнінде, поэзия өнерінің жасампаздығынан болар ақындар лирикаға үн қосып, қоғамдағы өзекті тақырыптарды мазмұндық жағынан байытып, көркемдік жағынан дамыта түсті.

Қазақ халқының тұтастығын оның күретамыры болып саналатын ұлттық ойларды, көзқарастарды дүниетанымдық деңгейге көтеруде рухани дүниеміз ұлттық сипатта болуы тиіс. Ұлттық негіз, ұлттық болмыс хақындағы толғанымның бір көрінісін әсіресе поэзиядан көруге болады.

Шын мәнінде қарап тұрсақ, басқа ұлттардан қазақ халқының басты ерекшелігі оның ішкі болмысы мен тұрмыс-тіршілігі, ұлт ретіндегі салт-санасы, дүниетаным, қабылдауы, тіптен ойлауы, іс-әрекеті бір-бірімен астасып, сабақтасып жататындығында болып отыр. Халықтың ауыз-екі сөйлеу мақамы, ондағы қолданылатын нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер, даналық ойлар да, ұлттық сипатта құрылған. Осы айтылған тұтас байланыстың ажырамай, ыдырамай бір нүктеде болуы заңдылық. Ал, оның бүгінгі күнге ұсақталмай жетуіне әсер етуші негізгі фактор - ақындар өлеңі.

Осы тұрғыдан салыстырғанда, белгілі сыншы Белинский мынадай пікір білдіреді: "Поэзия - өнердің асыл тегі. Өзге өнердің бәрінің өзін біреуде қолданатын құралының мүмкіндігіне қарай творчестволық әрекеті азды-көпті болса да қысымнан, тар өрісті боп келеді. Поэзия адамның еркін тілімен берілгендіктен, онда үн де, сурет те, пайымды, айқын айтылған түсінік те болмақ. Сондықтан өзге өнердің барлық элементтері поэзияда бар, сөйтіп, ол әлдебір өнердегі жеке-жеке тәсілдердің барлығын бірінен-бірін бөлектемей, бірден пайдаланатын секілді. Поэзия тұтас өнер соның ұйытқысы болып табылады және оның барлық жағын қамти отырып, бүкіл өзгешеліктерін айқын, анық түрде бойына жинақтайды" [2, 13]. Бұл пікірден шынында да, поэзия әлемінің шексіздігін, әмбебаптығын бірден аңғарамыз.

Қазіргі қазақ әдебиеттану саласында поэзия жанры жан-жақты дамып, зерттелу үстінде. Қоғам дамыған сайын, әдебиет те онымен бірге жасай түспек. Бұл ақиқат көрініс әдетте ақындар философиясында ерекше сипатқа ие. Бүгінгі ғылыми мақаланың да басты нысаны шындық пен шынайылықты ұран етіп жүрген ақын – Ғалым Жайлыбай поэзиясындағы қазақ қоғамы және қазақ дүниетаным мәселесі. Ақындығы мен батылдығы қатар жүретін ақын үшін қоғамдағы қайшылықтар мен өзгерістерді философиялық тұрғыдан жырлау үлкен күш әрі жауапкершілік.

«Поэзия – жүректің сөзі. Бір жүректен шыққан сөз кем дегенде жүз жүрекке бұғып жатқан бұла сезімнің бұлықсып бас көтеруіне түрткі болады. Өлеңнің өнегесі сол, ол адамдық сезімді ғана жырлап қоймайды, оны адамзаттық асқақ сезімнің дәрежесіне дейін көтереді. Азаматтық асқар сезімнің шыңы ұлттық сезімдерге өлең арқылы оянып рухани күш салады» [3, 56]. С.Әшімбаевтың бұл пікірінен, әлбетте поэзия ол – әрқашанда халықтың

тұрмыс-тіршілігін, болмысын, тарихын, ой-арманын, рухани дүниетанымын танытатын өнер деп түсінгеніміз жөн.

Ақын Ғалым Жайлыбай шығармашылығындағы ең айтулы туындыларының бірі – «Қара орамал» поэмасы. Ақынның бұл туындысы тұтастай қазақ қоғамының шынайы бейнесін, шынайы өмірін суреттеуге арналған. Поэmanın тақырыбы символдық тұрғыдан «Қара орамал» деп алынып, онда қазақ халқының қиын-қыстауға толы қара жамылған күндерін суреттейді.

Шын мәнінде, халқымыз үшін ең ауыр кезеңдердің бірі – Алаш қайраткерлерін азапқа салған Карлаг лагері болды. Бұл лагерь Қарағанды облысы аумағында ХХ ғасырдың 1-ші ширегінде бейкүнә, жазықсыз жандарды азапқа салған, қазіргі таңда тарихи мұражайға айналған Долинка елді мекені. Шығарма толықтай осы алапат кезеңнің ащы шындығын суреттеуге құрылған. Қаламынан небір жыр төгілген ақын Ғалым Жайлыбай осы қырғынды жастардың құлағына тағы бір мәрте құю үшін, ересектердің жүрегінде тағы бір аласапыран тудырып, өткен күндердің қасіретіне лағнет жаудыру үшін жазса керек.

Жалпы, «Қара орамал» - қазақ халқының көнеден келе жатқан символикалық мәнге ие атауы. Әдетте, қара орамалды жақыны қайтыс болып, қасірет пен өлім құшқан сәтте пайдаланады. Яғни, ол – өлім мен қайғының белгісі. «Қара жамылды» деген тіркес те осы мағынаны білдіреді. Ертеректе, біреу қайтыс болып, қайғы жамылған ауылдың сыртына қара орамал болмаса қара жалау байлап қоятын болған.

Шығарма өте көлемді және оның басты ерекшелігі ондағы шумақтар қатып қалған қағида бойынша 4 жолдан тұрмайды. Керісінше, 5-6-7-8 тармақтардан құралған. Поэма төмендегідей тараушалардан тұрады:

- Қарағанды лагері;
- Карлаг қақпасы;
- Ахметжан Сармантайұлының «58-статья» күйі;
- Қызжылаған;
- Ирина Борхманның «Үзілген сапар» картинасы;
- Мамочкино моласы;
- Гармоншы. 1973 жыл;
- Тас пен ас;
- Карлагтың қара кітабы;
- Қоңыртөбе;
- Үш қағыс.

Аталған тараушалардың әрқайсысы жеке-жеке оқиғалардан құралып, бірін-бірі толықтырып, тұтас трагедиялық шығармаға айналған.

Поэmanın бастауын ақын Ахмет Игүнекидің сөзімен бастайды:

Жамандық жасасаң да,

Жақсылық жасасаң да жауапсыз қалмайды [4, 8].

Мұның өзі бүкіл әлемді басқарушы, бүкіл әлемді бақылаушы бір Алланың барын растайды. Демек, жазықсыз жапа шеккен қазақ қоғамының бұл күйзелісі жауапсыз қалмайтынын назарға алады.

Кейіннен, тақырып бойынша нақты тарихи деректер бойынша мағлұмат келтіреді. Онда: «...ГУЛАГ құрылымындағы ең үлкен сала – Қарағанды еңбекпен түзеу лагерлері (Карлаг) 1931 жылы 19 желтоқсанда ОГПУ – ҚазИТЛАГ-қа қараған «Гигант» совхозының негізінде құрылды. Орталығы Қарағанды облысының Долинка селосында орналасты... 1939 жылы НКВД-ның 42 лагерінің ішінде Карлаг тұтқындардың саны жағынан КСРО-да тоғызынды орын алған. ...КСРО НКВД лагерлерінің Бас басқармасына қарасты қапастар мен түрмелерде жалпы саны 4 миллионға жуық сотталғандар отырса, олардың 1-1,5 миллионнан астамы Карлагтан өткен. Жалпы, ГУЛАГ-тың құрамында 61 лагерь болса, Карлаг соның ең ірілерінің бірі» [4, 8], - деп қазақ даласындағы қара қапастар жайлы нақты деректер келтіреді.

«Қарағанды лагері» деп басталатын бірінші тарауында:

Дүр сілкінтер дүниенің дүрмегі ауыр,

Күнде дабыр бұл тірлік

Күнде дауыл.

Алаш жұрты

Азаптың аралы ма?

Қарағанды лагері

Бұл не лагерь?.. [4, 10], - деп Қарағандыда орналасқан бұл лагердің сырын ашуға ұмтылады.

Поэмадағы ең ерекше түсініктегі тараулардың бірі – «Қызжылаған» тарауы. Атауының өзі бірден селк еткізеді анық. Мұны ақын былайша түсіндіреді:

Ізетпен жасамай ізгі қадам,

Қарындасын қорлайды

Күзгын, арам.

Жалаңашкөл жағасы – «Алжир» лагерь –

Қазақша аты ол жердің – Қызжылаған [4, 28].

Қарағандыдағы «Алжир» лагері – негізгі түсінігі: «Акмолинский лагерь жен. изменников родины» деген атауды білдіреді. Бұл лагерде ешқандай жазығы жоқ алаш азаматтарының аяулы жарлары азап шеккен. Сол лагердің атын ақын Ғалым Жайлыбай өз шығармасында «Қызжылаған» деп атайды. Аты аталғандай мұнда тек қана әйелдер жатады. Жазықсыз көкіректері қарс айырылып, зар жылайды. Бұл тебіреністі ақын былайша жырлайды:

Ғазауытқа кезігіп ғасыл қайық,

Қырдан асып кеткелі ғасыр ғайып

Аза бойды қаза ғып Ана біткен –

Аңырайды Алжир-де шашын жайып [4, 32].

Тарихи деректерге сүйенсек, бұл лагерьде қазақ қайраткері, жазушы Сәкен Сейфуллиннің әйелі – Гүлбаһрам, Бейімбет Майлиннің әйелі – Күлжамал тағы басқа алаш қайраткерлерінің аналары, әйелдері азапталып, көз жұмған. Тіпті, әйгілі балет бишісі Мая Плицескаяның анасы Рахиль Плицеская да осы абақтыда азап шеккен. Ол туралы ақын былайша ой қозғайды:

Адамзаттың аймаңдай ары осында,

Рахиль Плицеская ...

Нанасың ба?

Бейімбеттің қой басқа Күлжамалы,

Рысқұлов Тұрардың жары осында.

Айдыны жоқ аққудай расында,

Жазбай жатып үзілген жыр осында

Сұлулық пен нәзіктік атаулының

Тілім-тілім еріні...

Жүр осында [4, 34].

Шын мәнінде, жыр жолдары өте әсерлі суреттелген. Аққудай аппақ аналардың ошағындағы бақыт жыры үзіліп, айдынынан айырылып, сұлулығы жойылғанын ақын ұтымды жеткізеді. Орап алып сүт аққан омырауын, аналар Жалаңашкөл жағасында жылап қала береді. Осы ойдың жалғасын ақын «Мамочкино моласы» атты тарауында тарқатады.

Ақын Ғалым Жайлыбай әуелі тарауды бастамас бұрын оған мынадай анықтама береді: «Бұл молада «Карлаг» тұтқындары – әйелдер мен балалардың мүрделері жерленген. Зират Қарағанды облысы, Абай ауданы, Жартас кентінің маңында орналасқан. Жаңа туған балаларды аналарынан күштеп тартып алып, балалар комбинаттарына тапсыратын болған. Оның да арнайы вахтасы, қақпасы бар. Барактары және тікенек сымдары кәдімгі түрмеден еш айырмашылығы жоқ. «Карлагта» дәл осындай 7 мекеме болған. Мұндай үйлерде балалар

өлімі өте көп болған. Мәселен, 1941-1944 жылдары 924 бала, ал 1950-1952 жылдары 1130 бала өлім құшқан...» [4, 41].

Мұндай оқиғаларды ақын былайша суреттейді:

...Кімге ол күннің обалы?

Балалығын ұрлады,

Қызықтарын тонады.

Ессіз ғасыр адамзаттың алдында –

Жауап берген жоқ әлі [4, 44], - деп заманның сынағын, пенденің қолымен жасалған зұлымдығынан қырылған сәбилердің жазықсыз өміріне ақын жаны еріксіз күйінеді.

Көкті кезіп кеткен кезде жыр құсым,

Мен олардың танып алғам түр-түсін.

«Мамочкино моласынан» естимін –

Сақ-сақ еткен сәбилердің күлкісін.

Дыбыстарын жұртқа естірпей былайғы,

Қарғамай-ақ қоғамды да,

Құдайды.

Жартастағы «Мамочкино моласы»

Сақ-сақ етіп күледі де,

Жылайды [4, 48], - деп сәбилердің мына өмірдің жарық сәулесін көрмей жатып, жер қойнына еніп кетуін ерекше тебіреніспен жырлайды. Ақын жүрегі жылайды, күйінеді. Себебі, оның жүрегі ешкім естімес құпияны естиді. Зұлымдықтан жүрегі дірілдеген ақын поэманы былайша қорытындылайды:

Қол бұлғаңдар!

Сол сапарға ермеймін,

Саны келіп,

Саны кеткен мендейдің

Сай-сүйегім сырқырайды жоласам –

Енді қайтіп бұл маңайға келмеймін...

Жартастағы «Мамочкино моласы» [4, 51].

Аналар мен балалардың моласын көрген ақын жүрегіндегі зарды осылайша жыр арқылы тебірене төгеді. Ел басынан өткен азапты оқиғалар мен жазықсыз құрбан болған аналар мен балалардың тағдырын өз шығармасына өзек еткен ақынның бұл шығармасы келер ұрпаққа да ой салары сөзсіз. Қазақ ұлтының қажырлы қайратын, өткен күн мен уақытқа кеткен есесін, қанша халқынан айырылған елдің жер бетінен жоғалып кету қаупі төнген сол бір қайғылы жылдарын кестелі тілмен «сай-сүйегі сырқырай» жырлаған ақынның өксікті ойын аңғарамыз. Бүгінгі ұрпақтың бірі білсе, біреуі білмейтін өткен күннің сұмдығын қайта жаңғыртып ел есіне салады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Базарбаев М. Қазақ поэзиясы: көркемдік ізденістер. – Алматы: Жазушы. – 1995. – 382 б.
- 2 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті. 1992. - 351 б.
- 3 ӘшімбаевС. 2 томдық шығармалар жинағы. Портреттер, зерттеулер, толғаныстар. – Астана: Елорда. – 2006. – 379 б.
- 4 Жайлыбай Ф. Таңдамалы. Екінші том. Астана: Фолиант. 2014. – 344 б

ӘДЕБИЕТ – ҚОҒАМ ӨМІРІНІҢ КӨРКЕМ АЙНАСЫ

Аннотация: мақалада автор әдебиет өнерінің ерекшеліктеріне, бастауларына тоқталады. Сондай-ақ қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымдар мен қазақ әдебиетінің басты өкілдері жайлы сөз қозғайды.

Тірек сөз: әдебиет, халық, көркем өнер, қазына, әдеби шығарма

Әдебиет пен өнер қай кезеңде де мәңгілік. Халқымыздың ең қымбат қазынасындай сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани мұра – қазақ әдебиеті.

Қай халық болсын өзінің ұлттық өнері мен мәдениетін өркендетуге күш салады, оны жаңа дәуір, жаңа заман жаңалықтарымен сабақтастыра дамытады. Қоғамдық сананың айрықша саласы-өнер; өнердің жалпы адамзат мәдениетінен алатын орны өзгеше, адамдардың парасат дүниесінде атқаратын қызметі орасан. Өнердің бірнешеуі құралы – бояу, әншінің құралы – үн, бишінің құралы – қимыл болса, әдебиетішінің құралы – тіл. Демек, әдебиет – сөз өнері.

Өнердің ішіндегі ең бір қадірлі де қасиетті – көркем әдебиет.

Бейнелеу, сәулет, мүсін өнерлері нақты, затты болғанымен жансыз, қимылсыз, ал әдебиет кез келген шындықты қимыл, қозғалыс үстінде құбылтып, құлпыртып көрсете алады. Дәл осы тұрғыдан алғанда, сөз өнерін – бас өнердің бас, «өнер атаулының ең қиыны және күрделісі» (Бальзак), «ең жоғары түрі» (Белинский) десек, халқымыздың «өнер алды-қызыл тіл» деген қағидасы да соны растайды.

Әдебиет адамға өмірді танытып қана қоймайды, солардың өмірге көзқарасын қалыптастырады, мінез-құлқына, тұрмыс-тіршілігіне ықпал етеді.

Әдеби шығарма адамның бүкіл ой-қиялын, сыр-мінезін түгел баурайды: қуантады, сүйіндіреді, таңдантады, күйіндіреді, жылатады, күлдіреді...Қысқасы, адамның көңіл-күйінде сан сапа құбылыстар туғызып, із қалдырады. Бұл әдеби шығарманың, яғни көркем әдебиеттің эстетикалық әсері, оның таным, тәрбие тарапындағы мәні де осыған негізделген

Кітап және симфония, сурет немесе, мүсін не туралы деген сұрақтың жауабы бір-ақ: адам туралы, адамның әсемдігі мен асыл қасиеттері туралы адам рухының керемет күші мен қасиеті жайлы... Өнер дүниесінің (туындысының) бәріне ортақ мазмұн – адамның ойы, арманы, құштарлығы, мұраты; өнер туындысының қай түрі болсын, әрқайсысы өз тілінде өмірдегі, қоғамдағы адам тіршілігінің мәні мен мағынасын паш етеді.

Адам тағдыры – жазушы үшін шығарма арқауы ғана емес, өмірді танудың өзгеше тәсілі.

Болмыстың көркем көрінісі мен адамды нақты қимыл-әрекет үстіндегі жанды бейнелеу – тек сөз өнерінің ғана еншісі. Бейнелеу құралы – тіл. Тіл арқылы сөзбен сурет жасалады, яғни кез келген көркем шығарманың тілсіз өрілуі мүмкін емес.

Көркем әдебиет тілі – әдеби тілдің ауқымында жасалғанымен, ұғымдық аясы одан әлдеқайда кең. Бұл – оның шығармашылық қызметінен, образды бейнелеуші, кейіпкерді мінездеуші сипатынан туындайды. Өзінің осы ерекшелігіне орай көркем әдебиет тілі екінші және басты ерекшелікке – жалпы халықтық тілдің барлық қабаттарын (диалектілерді, жаргондарды, кәсіби сөздерді) керегінде қамтитын синтетикалық тұрпатқа ие болады.

Көркем әдебиеттің тілі – тіл мәдениетінің, тілдік талғамның ғана тарихы емес, қоғамдық өзгерістердің, әлеуметтік психологияның да тарихы. Өйткені жалпы ұлттық тіл мәдениеті аясында жасалған әр кезең әдебиетінде сол әдебиетті тудырған уақыт ерекшеліктері өзіне тән сөз саптау стилі арқылы таңбаланады.

Әдебиеттің пәні – адамның өмірі, қоғамдық қарым-қатынастар мен алуан түрлі қоғам өміріндегі құбылыстар, өз мінез-бітімімен дараланып көрінетін жеке адамдардың тағдыры.

Әдебиет қоғам өміріндегі сан қилы шиеленіс, тартыстарды, қақтығыс пен күресті бейнелейді. Сондай-ақ саяси, экономикалық, моральдық тағы басқа талай мәселелерді қорғайды. Алайда оларды дербес талдап кетпей, адамның тағдырын көрсету, кейіпкердің іс-әрекетін, мінез-құлқын ашу қажеттілігіне орай, белгілі мөлшерде баяндайды.

Жазушы кейіпкерлер өмір сүретін, әрекет ететін қоғамдық ортаны, жағдайды нақты бейнелейді, олардың іс-әрекетінің, мінез-құлқының белгілі тарихи жағдаймен байланысын айқындап береді. Әдебиет өмірді көркем образ арқылы бейнелейді, адамның дараланған характерін жасау, жеке оқиға, жағдайларды суреттеу арқылы қоғамдық өмірдегі аса маңызды заңдылықтарды ашып береді.

Қоғамдық өмірде әдебиет қозғамайтын мәселе, назар аудармайтын жағдайлар аз-ақ, жоқтың қасы. Алайда әдебиет алдымен адамның тұтас тұлғалы бейнесін көрсететін болғандықтан, қоғамдық өмірдегі қай мәселеге болсын эстетикалық қатынас тұрғысынан қарап, оны шығармадағы көрсетілетін нақтылы өмірлік жағдайларға орай бейнелейді. Көркем шығармада өмір құбылысы, оның әр түрлі ерекшеліктері тұтас көрсетілсе де, ненің маңызды, мәнді екені айқын ажыратылып, дәл танылады. Оқиғалардың, адам бейнесі әдебиетте нақтылы суреттеледі, оқырманға өмірдің өзін көріп отырғандай әсер беріп, шығарманың ой-санасына күшті ықпал етуіне мүмкіндік береді. Әдебиетте қоғам өмірі, тарихи даму процесі үнемі алға қарай бастайтын тура тартылған жол сияқты болып жатпайды, қайшылығы мол қиын жағдайлар, қақтығыстар, адамдардың тағдыры арқылы көрінеді. Жекелеген жағдайлар, сан түрлі адамның өмір-тағдыры арқылы жазушы қоғамдық заңдылықтардың, әлеуметтік құбылыстардың сырын ашып береді.

Әдебиет адамның байқағыштық, сезімталдық, көркем ой-қиялдан ләззат ала білу секілді қабілеттерін күшейте түседі, эстетикалық сезімін байытады. Әдебиет адамды биік қоғамдық идеялар, зор арман-мұраттарға жетелейді. Адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, табандылыққа баулиды, адалдық үшін күресуге жігерлендіреді. Оқырман әдеби шығармадан әлеуметтік мәселелерге жауап-шешім іздейді. Ендеше, көркем әдеби шығарма өзінің үлкен қоғамдық, тәрбиелік маңыздылығымен де эстетикалық сезімімізге әсер етіп, өмірдегі адамның бойындағы, мінезіндегі, әдемілікті, әсемдікті қалай түсіну керектігін үйретеді.

Суреткерлік сипаты оның азаматтық рухынан, қоғамдық бітімінен басталады. Демек, оның жеке өз басының дара қасиеті, оның рухани жан дүниесі, әлеуметтік кейпі мен моральдық кескіні, дүниетанымы мен қоғамдық қызметі, білімі мен мәдениеті бір-бірімен ұштасып, бірін-бірі толықтырып, нағыз суреткердің өзіндік болмысын танытады.

Әрбір өнер адамының бәрінен бұрын жаны сұлу, адамгершілігі мол, мінезге бай, білімі терең және мәдениеті биік болуы керек.

Суреткер өз дәуірінің перзенті, сондықтан ол – қоғам қайраткері, өйткені қаламгерлік – қоғамдық іс. Әдебиеттің қоғамдық мәнін сөз еткенде, оның танымдық маңызын аттап өту мүмкін емес.

Көркем әдебиеттің құдіретті күшін, немес, оның өмір таныту, тәрбиелеу жайын ғана емес, күллі қоғамдық өзгертушілік қасиетін түсіну үшін, оның эстетикалық тбиғатын тану қажет. Эстетика – жан тебіренер, адамды баурап алар әсем әсер. Әдеби шығарма аамның күллі ой-қиялын, сыр-сезімін түгел баурап алар әсем әсері. Әдебиеттің әлеуметтік мәнін, оның қоғамдық – өзгертушілік күшін осы тұрғыдан түсіну шарт.

Сөз өнері – қоғамдық сананың әрі күрделі, әрі орасан маңызды саласы. Әдебиет– тіл сияқты бірнеше дәуірдің жемісі, емес, бір ғана дәуірдің жемісі. Тіл – бәріне ортақ және бейтарап.

Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы; көркем шығарма өзегі-шындық. Жазушы өмірдегі сан-салалы шындықтан өзінің суреткерлік мақсатына керегін ғана таңдап, шығармасына арқау етеді. Ол өмір құбылыстарын өзінің дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасы тұрғысынан саралайды. Ал суреткердің бұл қасиеттерін ол өмір сүріп отырған қоғамдық орта белгілейді.

Ахмет Байтұрсынов әдебиетшілердің ішінде бірінші болып өнерді, эстетикалық қызметтің бір түрі ретінде айтады. «Әдебиет танытқыш» (1926) кітабында өнердің

ерекшеліктерін саралап қана қоймай, ХІХ ғасырдағы Еуропада қабылданған өнерді жіктеудің теорияларын басшылыққа алды. Ол өнерді бес түрге бөлді: сәулет өнері, сымбат өнері, кескін өнері, әуез өнері, сөз өнері [1,25].

А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы», ең алдымен, сөз өнерінің табиғатын, өнердің басқа түрлерінен айырмашылығын, артықшылығын сөз етеді.

Сөзбен сымбаттаудың я кескіндеудің үлгісін көрсету үшін автор Абай өлеңдерінен мысалдар келтіреді. «Әдебиет танытқышта» ауыз әдебиетінің ең шұрайлы, ең бейнелі, мазмұны мен көркемдігі бай үлгілерін пайдаланған. Ағартушы өз айтқандай, «адамның насихатшысы» ретінде қазақ халқының көркем ойлау жүйесіндегі рухани қадір-қасиеттерге, жақсылық пен жамандық тартыстарына, ерлік пен батырлық істерге, бірлік пен ынтымақ, сұлулық сырларын бейнелеген үлгілерге көбірек көңіл бөлген.

...ауыз және жазба әдебиеттің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық, әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөледі.

Немістің классикалық философы И.Кант сияқты, А.Байтұрсынов сөз өнерін – әдебиетті өнердің алды деп санайды. «Өнердің ең алды – сөз өнері» – деп санады.

«Өнер алды қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білетіндіктен айтқан. «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадірінше сөз өнері атқара алады. Қандай сымбатты, кескінді, сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты, кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын – сөзбен сөйлеп, сүйреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [1,25] деген тұжырым жасайды ғалым.

Әдебиеттанушы Рымғали Нұрғалиев «Өнер алды – қызыл тіл» деген еңбегінде көркем идеяны бейнелеудің тәсіліне сүйене отырып, өнерді жіктеу жөнінде өз пікірін тартады. Өнер табиғатын, оның қоғамдық ролі мен ұлттық құндылық ретінде маңызын зерттеуде әдебиеттану ғылымының ерекшеліктерін саралай келе, оны эстетиканың бір тармағы ретінде бағалайды [2, 112].

«Эстетиканың бір бұтағы – әдебиеттану ғылымының үш саласы бар: әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сыны». Әдебиеттің мақсатын эстетикамен байланыстыра отырып, «әдебиет эстетика негіздерінен білім беруде», «әсемдікті сүюге үйретуде, шағармашылық қабілеттерді дамытуда» айырықша қызмет атқаратындығын көрсетеді.

Әдебиеттанушы Зейнолла Қабдолов «Әдебиет теориясының негіздері» [3] және «Сөз өнері» [4,19] атты еңбектерінде А.Байтұрсынов сияқты өнер түрлерін заттық субстратқа негіздеп жіктейді де: «Мүсіншінің құралы – саз, суретшінің құралы – бояу, әншінің құралы – үн, бишінің құралы – қимыл болса, әдебиетшінің құралы – тіл» дейді.

Өнер тапшылығының ішіндегі ең құрметті орынды қадірлі де қасиетті көркем әдебиетке береді. Ал көркем әдебиеттің ұлттық құндылық ретінде «құдіретті күшін», «күллі қоғамдық өзгертушілік қасиетін» түсіну үшін, оның эстетикалық табиғатын тану қажеттілігін айтады.

«Өнердің қайнар көзі халық өнерімен тығыз байланыста болып, өнердің кәусәр, терең және мөлдір қайнарларынан шымырлап шығады да, сол халықтың өзінің сусынына айналады».

Ал қаһармандық категориясы қоғамда маңызды орын алатын адамдардың бейнелері арқылы жасалады, өйткені «батырлық образ ұнамды кейіпкер: адамға тән небір тамаша сипаттардың синтезі секілді сом тұлға, өз дәуірінің ең аяулы, асыл мұраттарынан туған тарихи тип». Қаһармандық жанрдың қайнар көзі сан алуан: әлеуметтік теңсіздікке қарсы күрес, Отанды басқыншылардан азат ету, әділеттік, махаббат, достық үшін күрес т.б. қазақ әдебиетінде С.Сейфуллин, Б.Майлин, Ғ.Мұстафин, Х. Есенжановтың шығармаларындағы қаһарман кейіпкерлерді мысалға келтіруге болады.

Қазақ халқы – әдебиет пен өнердің, рухани зор байлықтың мұрагері. Оның бүгінгі өрісі биік көркемделген тілі, қазақтың жазба әдебиеті, өскелең әдебиеттің түп төркіні сонау VI-VIII ғасырлардығы Орхон – Енисей ежелгі түрік жазбаларынан бастау алады.

Бүкіләлемдік өркениет тарихынан ерекше орын алатын әмбебап ғұлама Әл-Фараби бабамызда бастап, түрік тілдес халықтарға ортақ өшпес асыл мұра қалдырған орта ғасыр ойшылары: Баласағұни, Қашқари, Иассауи трактаттары, сондай-ақ Алтын Орда дәуірінің даналары: Хорезми, Сарай, Дулати, Жалайри, Әбілғазы т.б. еңбектері – қазіргі ұрпақ мүддесі мен тәрбиесі үшін теңдесі жоқ асыл қазыналар.

Ал Асан Қайғы, Жиёмбет, Ақтанберді, Шалкиіз, Бұқар, Дулат, Мұрат, Махамбет, Майлықожа т.б. сол сияқты күміс көмей, жез таңдай ақын-жыраулардың әр түрлі өмір құбылыстар, адам мен қоғам, жан мен тән, тіршілік тынысы туралы терең толғаныстарының, дана өсиеттерінің қазіргі жастардың білімі мен тәрбиесіне берер пайдасы, қосар үлесі қаншама.

Бір халықтың ғана емес, адамзат тудырған алыптардың қатарындағы ұлы Абай мұрасының, оның педагогикалық көзқарастары мен психологиялық тұжырымдарының алар орны өз алдына бір төбе. Озық мәдениетінің жарық жұлдыздары Шоқан, Ыбырайлармен қатар ХХ ғасырдың басында тәлімдік ой-пікірлермен барша қазақ даласын дүр сілкіндірген Шәкәрім, Ахмет, Халел, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Міржақыптардың ұлттық дәстүрі өз туындыларының негізгі арқауы еткен педагогикалық, психологиялық тұжырымдары қазіргі заман талабымен үйлесе үндесіп жатқандығы белгілі.

Мыңдаған жылдар бойы тірнектеп жиналған халықтың осынау рухани мол мұрасы әлемдік озық үлгілермен астаса келіп, оқу-тәрбие беру, оқыту үрдісінде қазақ әдебиеті пәні шеңберінде оқыту жаңа бағытта жүргізіле бастады. Жалпы білім беретін қазақ орта мектептеріндегі қазақ әдебиеті пәнінің мақсаты – оқушылардың рухани дүниесін байытып, оларға көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру нәтижесінде оқырмандық тұрақты ынта-ықыласты, биік талғамды қалыптастыру негізінде, жеке тұлғаны дамытуға әкеледі.

Сол себепті қазақ әдебиеті пәні оқушы жүрегіне жол тауып, оның зердесіне замана келбетін, өмірдің тылсым тіршілігін, тынысын жеткізетін халқымыздың көркем тарихы, ұлттық сананы тәрбиелейтін, адам мен қоғам жайындағы түсінігі мен тәрбиесін реттейтін өмір оқулығы, ұлттық құндылығы болып табылады.

Қазақ әдеби тілі – ұлы Абайдың, Әуезов мен Сейфуллиннің, Майлин мен Жансүгіровтың, Мұқанов пен Мүсіреповтың тілі. Бақытымызға орай, міне, осы ақын-жазушылардың шығармаларында ана тіліміздің інжу-маржаны алтын сандықтай сақтаулы тұр. Қоржынның екінші басында – қазақ фольклоры, ауыз әдебиетінің асылдары жатыр.

Болашақ ұрпақтың әлі талай таңдай қағып тамсанары да, тарыққанда талғажу етер талшығы да – әдебиетіміздің осындай үздік үлгілері болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – А., 1989
- 2 Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. – Алматы, 1979
- 3 Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы, 1990
- 4 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1992

ӘОЖ 800.025/001

ЖУМАҚАНОВА УЛПАН СЕРИКХАНОВНА
ЖУМАТОВА ГУЛЬЗАТ МУХАМЕТКАРИМОВНА

ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ӘДЕБИ ҮРДІС

Аннотация: мақалада біз қазақ әдебиетінің, жалпы қазақ мәдениетінің даму кезеңдеріне тоқталамыз. Сол бойынша біз әдебиетіміздің қалай дамып және қандай кедергілерден өткенін нақтылаймыз. Қазақ әдебиетінің өте бай және мінсіздігін барынша көреткіміз келеді.

Тірек сөздер: Тіл, әдебиет, Қазақ әдебиеттану ғылымы, интеграциялық үрдістер, тенденциялар

Әдебиет – кешегі күннің шынайы бейнесі, болашағымыздың елесі іспеттес. Сол қазынаны сақтай білген, сол қазынаны рухани қажетіне қарай орынды жарата білген халықтың ғана ұлт ретінде, халық ретінде болашағы бар. Сондықтан да тілі бір, тілегі бір халықтардың ерте кездердегі әдебиетін қайта қарап, бүгінгі әдебиеттану ғылымы жеткен жетістіктерді пайдалана отырып, жаңаша көзқараспен ұлттық әдебиетімізді жаңа деңгейде зерттеу заман талабы. Сондықтан да сол байлығымызды толықтай зерттеп, келер ұрпаққа жеткізу міндетіміз. Қазақ әдебиеттану ғылымы – қазақтың ұлттық көркем әдебиетін зерттейтін ғылым болып табылады. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңі сонау ерте заманнан басталып, қоғам өміріне сай өзгеріске ұшырап, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып жатыр. Қазақ халқының әдебиеті сонау ерте заманнан түркі дәуірінен бастау алды. Содан бері қаншама ғасырлар өтті. Өркениет дамуымен қатар әдебиеттің дамуы қатар жүрді. Қазақ әдебиеті небір оқиғаларды басынан өткеріп, бүгінгі ұрпаққа мұра болып жетті. Ұлттық әдебиетімізді қалыптасуын, зерттелуін негізінен 6 бөлімге бөліп қарастырамыз. Бірінші бөлім ежелгі дәуірден YI-XIV ғасыр аралығын қамтыды. Бұл кезеңдегі ірі шығармалар «Алып Ер Тоңға», Шу батыр, «Атилла», «Көк бөрі» және «Ергенекон» дастандарын бүгінгі қазақ әдебиетінің қайнар-бастаулары деп есептейміз. Бертін келе түрік қағанатының кезіндегі шығармаларға «Күлтегін жыры», «Тоныкөк», «Білге қаған» секілді қаһарман батырларға арналған жырларды жатқызамыз. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін түркі әдебиетін зерттеуге елеулі үлес қосқан ғалым Ислам Жеменей. Орта ғасырлардағы әдебиет өкілдеріне Әбу Насыр Әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Әбу Райхан әл-Бируни, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Ахмед Жүгінеки, Қожа Ахмет Иасауи, Сүлеймен Бақырғани, Қадырғали Жалайыри, Захир әд-Дин Мұхаммед Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулатты т.б. осы тұлғаларды жатқызамыз. Осы кезеңдегі әдебиетті зерттеген ғалымдар С.А.Қасқабасов, С.С.Қорабай, М.Жармұхамедұлы («Оғыз-наме», «Ахмет Иасауи»), Н.Келімбетов («Сақтардың қаһармандық дастандары», «Алып Ер тоңға», «Шуң дастаны», «Ғұндардың батырлық жырлары», «Аттиллаң дастаны», «Көк бөрің дастаны», «Ергенекон» дастаны», «Түркі қағанаты тұсындағы әдебиет»), Ш.Ыбыраев («Қорқыт Ата кітабы»), А.Қ.Егеубаев («Қарахандықтар тұсындағы әдебиет», «Жүсіп Баласағұн», «Махмұт Қашқари»), Т.Қыдыр («Сүлеймен Бақырғани»), («Кодекс Куманикус»), («Сақ-ғұн заманынан жеткен әдеби сарындар», «Хуастуанифт» әдеби жәдігері»), А.Әбдірәсілқызы («Әл-Фараби») Г.Құрманғали («Ахмет Иүгнеки»).

Екінші бөлімге Зар заман ақындарынан бастап, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин мен Шоқан Уәлиханов еңбектерін жатқыза аламыз. Зар заман ақындары өкілдері: Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері, Албан Асан, т.б. Мұхтар Әуезов Зар заман ақындары дәуірін Абылай хан тұсынан Абайға дейінгі жүз жылға ұластырып, Нарманбетпен аяқтайды. Алғаш 1927 жылы жарық көрген Мұхтар Әуезовтың «Әдебиет тарихы» кітабында зар заман ақындары туралы мәліметті қардырған. Әуезовтың ізін жалғаушы Алаш зиялылары зар заман ақындарын толық зерттеді. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қазақтың бас ақыны Абайды зерттеу әлі де жалғасып келе

жатыр. 1933 жылы Абай шығармаларын баспаға шығарған Мұхтар Әуезов «Абай жолы» шығармасын жазуға кіріседі. 1934 жылы Илияс Жансүгіров, Ахмет Жұбанов секілді әдебиет және ғылым қайраткерлері Абай шығармалары жөнінде көлемді мақалалар жазды. Осылардың ізін жалғаған зерттеушілер көбейеді. Б.Байғалиевтің "Абай өмірі – мұрағат деректерінде" монографиясы, Абайдың Шығысқа қатысы жайлы М.Мырзахметұлының "Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары" монографиясы, "Абай және Шығыс монографиясы", Қ.Салғариннің "Тереңге тартқан тамырлар" зерттеуі, С.Оразалиевтің "Абай және Дауани", Ғ.Есимовтің "Хакім Абай", А.Машановтың "Әл Фараби және Абай", Ж.Ысмағұловтың "Абайдың ақындық тағылымы", М.Бекбосыновтың "Абайдың библиографиялық көрсеткіштері" (1965, 1988, 1995) осы сөзімнің дәлелі. Абайды зерттеу Тәуелсіздің жылдарында жалғасын тапты. Бұл кездегі Абай мұраларын зерттеушілер Тұрсын Жұртбай, Таласбек Әсемқұлов, Тұрсынжан Шапай және т.б. Алғашқы ұстаз Ыбырай Алтынсаринды ең алғаш зерттеген ғалымдар М.Әуезов, Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов, Ә.Сыдықов, С.Мұқанов т.б. Шоқан Уәлиханов өзінің қысқа ғұмырында қазақ жеріндегі барлық ғылымға өз елеулі еңбегін қосып, сол ғылымдардың іргетасын қалап кетті.

Үшінші бөлім қазақ кәсіби әдебиетінің қалыптасу кезеңі деп аталады. Ұлттық әдебиетімізді зерттеу ең алғаш Қошмұхамбет Дүйсебайұлы Кемеңгеровтың «Қазақ тарихы»(1924) мен Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышынан»(1926) бастау алды. Осы зерттеулердің жалғасы ретінде Мұхтар Әуезовтың «Әдебиет тарихы»(1927), Халел Досмұхамедовтың «Қазақ халық әдебиеті»(1928), Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті»(1932), С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» шығармалары жарық көрді.

Төртінші бөлімде Алаш зиялыларының ізін жалғаған ғалымдар көбейді. Әдебиет тарихын зерттеудің басы ретінде танылған еңбектердің кейінгі жылдары жекелеген ғалымдардың еңбектері мен ұжымдық зерттеулерде жалғасын тапқандығы 1949, 1955, 1958, 1960 жылдары шыққан «Қазақ совет әдебиетінің очерктері» мен 1948, 1960-1967, 2004-2008 жылдар аралығында жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» сынды кешенді еңбектер зерттеуге негіз болды. Отызыншы жылдардан бастап қазақ әдебиетінің қарқынды басталысы бұл кезде бірсыпыра идеялық-көркемдік мектебінен өткен еді. Әдебиеттің тұтқасын ұстаған аға таланттар ұрпағы қалыптасты. Осылардың творчестволық ізденісі арқасында қырқыншы жылдардың екінші жартысында-ақ ұлттық әдебиетіміз үлкен-үлкен шығармалар туғызды. Соғыс тәжірибесін жинақтауда, халық ерлігінің рухани мазмұны және оның қайнар көзін ашуда «Қазақ солдаты» романының орны үлкен. Онда жаңа заман батырының тәрбиелену, өсу жолы кең бейнеленген. Осыларға жалғас қазақ әдебиетінде жаңа романдар легі дүниеге келді. Ә.Нүрпейісовтің «Күрляндия» (кейін «Күткен күн» болып өзгерілген – 1950) романы бұрын өдебиетте көрінбеген жас жазушының эпиктік талантын мойындатты. Оның кең тынысты романы өмір шындығын қамтуы мен шеберлігі жағынан ұнамды бағаланды. Елуінші жылдардың бас кезінде қазақ әдебиетінде өндіріс тақырыбына арналған жаңа романдар жарық көрді. Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды» (1952), Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» (1953), Ә.Сәрсенбаевтың «Толқында туғандар» (1953) романдары қазақ даласында өндіріс орындарының пайда бола бастауынан бергі ұзақ процестің, қазақ жұмысшыларының туып қалыптасуының көркем шежіресін жасады. Алғашқы екі роман Қарағанды жұмысшыларының бұрынғы және кейінгі өмірін, азаттық жолындағы күресін суреттейді. 1953 жылы осы кезеңнің ең ірі шығармасы Сәбит Мұқановтың шығармасы «Өмір мектебі» жарыққа шықты. Жастар өміріне арналған С.Шаймерденовтің «Инеш» (1953) романы, М.Иманжановтың «Алғашқы айлар» (1950), З.Қабдоловтың «Өмір ұшқыны» (1955) повестері де осы жылдары да жарық көрді.

Бесінші бөлім 1957-1991 жылдар аралығын қамтыды. Бұл жылдар Кеңес дәуіріне дәл түсіп тұр. Ал Кеңес әдебиетінің тарихы күрделі де қайшылықты жағдайларға толы. Сол уақыттағы қиыншылықтар мен бостандықты аңсап жазылған шығармалардың санында шектеу болмады деуге болады. Және де бұл дәуір қазақ мәдениетінің өсіп-өркендеуіне, жалпы өнердің дамуына септігін тигізгені даусыз. Оны 1917 жылға дейінгі әдебиет пен бүгінгі әдебиет дәрежесін салыстыру арқылы да көре аламыз. Бұл кезде қазақ әдебиеті

бірнеше сала мен жанрлардан құрала бастады, әрі әлемдік деңгейге дейін көтерілді. Мақтан етерлік қайраткерлердің есімдері жарыққа шықты. Осы бөлімнің көрнекті өкілдеріне Ш.Сәтбаева, З.Қабдолов, З.Ахметов, С.Қирабаев, Т.Кәкішұлы, Р.Бердібай, Ш.Елеуқенов, Н.Келімбетов, М.Жолдасбеков, Р.Нұрғали, С.Қасқабасов және М.Базарбаев сынды әдебиеттанушылар жатады.

Алтыншы бөлім Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиетке тиесілі. Тәуелсіз жылдарындағы қазақ әдебиетіне мына тұлғалар мен олардың туындыларын жатқызамыз: Нұрпейісов («Соңғы парыз»), Қабдолов («Менің Әуезовім»), Мұртаза («Ай мен Айша»), Мағауин («Сары қазақ»), Жүнісов («Аманай мен Заманай»), Нұршайықов («Жазушы мен оның достары»), Ысқақ («Ақсу туралы аңыз»), Тоқтаров («Абайдың жұмбағы»), Софы Сматай («Жарылғап батыр»), С.Елубай («Тағзым»), Мұратбеков («Ай туар алдында»), Исабеков («Ай-Петри ақиқаты»), Тарази («Қара жұлдызға сапар»), Жұмаділов («Тағдыр»), А.Жақсыбаев («Тірек»), Қ.Исабаев («Шоң би»), Д.Досжан («Құм кітап»), Б.Мұқай («Өмірзая»), Ә.Сарай («Еділ-Жайық»), О.Сәрсенбай («Шеңбер»), және т.б. көрнекті жазушылардың роман, повесть, әңгімелері. Әдебиеттің бұл дәуірінде ұлттық үн мен азаматтық әуен жоғары деңгейге көтерілді. Барлық уақыттың қабаттарының қамтылуы, лирикалық, поэтикалық, баяндаушылық, публицистикалық, сыншылдық көңіл-күйдің ұлғаюы ерекше орын алды. Әдебиеттің ауқымы кеңейді және барлық жағынан өзгерістерге, толықтыруларға ұшырасты деп айтсақ болады. Қазақ халқының әдебиеті көп қиындықтардан өтті, әрі оларға төтеп бере алды. Айтқым келгені өз қасиетін жоғалтпады. Қазіргі таңда әдебиетіміз жоғары деңгейде өзінің орнын берік қалады.

ҚР БҒМ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғалымдары және Қазақстан мен ТМД елдерінің жоғарғы оқу орындарының оқытушылары, Германия, Болгария, Ресей, Әзірбайжан, Индия, Молдова, Словакия, Румыния, Түркия, Чехия әдебиеттану мектептерінің мамандары дайындаған «XX-XXI ғасырлар тоғысындағы әлем әдебиеті очерктері», «Әдеби-көркем диалог», «Ең жаңа шетел әдебиеті», «Интеграциялық үдерістер және қазақ әдебиеті» деп аталатын ұжымдық монографиялар сыни талдау дискурсына негізделген. Әлемдік әдебиеттануда автоинтерпретация мәселелері, қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелерін кешенді зерттейтін мәтін құрылысындағы авторлық элементті анықтау және көркемдік жағынан жүзеге асыру тәсілдері соңғы жылдары назарға алынып келеді. Әлемдік әдебиеттегі озық үдерістер бүгінгі қазақ әдебиетіне өз әсерін тигізбей қоймайды. Алайда, әдебиет зерттеушілері және қаламгерлер көркем әдебиеттегі көркемдік тілдің жоғары болуын әліде қалайды. Осы орайда қазақ әдебиетінде кейіпкерлер іс-әрекетін, мінез құлқын суреттеуде нақтылыққа ұмтылып отырғанын көруімізге болады.

Жалпы алғанда әлемдік әдебиеттегі озық үдерістерден шет қалуға болмайды. Өйткені, әлемдік әдебиетте көркемдіктен гөрі айтар ойдың ашық, іс-әрекеттің айқын болуын қалайды. Бұл оқырмандарда көркемдіктен шет қақпай өту емес, айтар ойдың мөлдірлігін қамтамасыз етудегі туған ой деп түсінуге болады. Сондықтан да, келер ұрпағымыз шетел әдебиеті емес, өзіміздің туған әдебиетімізбен мақтанатындай деңгейге жеткізуіміз керек. Әрине, қазіргі таңда әдебиетіміз бірталай шындрды бағындырып үлгерді. Алайда, әлі де ақсап тұрған тұстары бар. Сол үшін де ұрпақтарымызға сапалы, әрі мақтан етердей нәрселердің қалуы біздің жауапкершілігімізде. Сол себепті, бар күшімізді жұмылдыруымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі Қазақ әдебиеті. – А., «Білім», 1998;

2 Мүсілім Б Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – А., 1997

3 Қазақ әдебиеттану ғылымы. – А., 2000

ӘОЖ 800.025/001

ЗИКИРИНА САЯГУЛ ДУЛАТХАНҚЫЗЫ
КАЖИБАЕВА ГУЛЬДЕН КЕНЕСОВНА

АСҚАР АЛТАЙ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЖАҢА КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

Аннотация: мақалада символ және символдық бейнелерге қысқаша шолу жасалды. Қазіргі қаза әдебиетінің көрнекті өкілі – Асқар Алтай әңгімелеріндегі символдық бейнелер қарастырылды. Сонымен қатар қаламгер шығармаларының сюжеттік, көркемдік ерекшеліктері мен образдар жүйесіне талдау берілді. Символдық бейнелерді анықтау, талдау мақсатында жазушының «Түсік», «Казино», «Киллер-сауысқан» әңгімелері негізге алынды. Қаламгердің мистика-философиялық желі мен символдық бейнелерді пайдалану тәжірибесі айқындалды. Әңгімелерінде қолданылған символдық бейнелердің жаңашыл ізденістері сөз етілді. Асқар Алтай әңгімелеріндегі символдық бейнелердің мәні ашылды.

Тірек сөздер: символ, символдық бейнелер, әңгіме, қоғам шындығы, жаңашыл ізденістер.

Қазіргі қазақ прозасында ерен қолтаңбасымен, ерекше стилімен танылған, қаламы айшықталған, қарымды қаламгер – Асқар Алтай. Оның қазақ прозасында өзіндік із қалдырған, тақырыбы тың, ойы өзекті шығармалары оқырманды бірден еліктіріп әкетеді. Асқар Алтайдың көркем туындыларында өмір шындығы айқын суреттеліп, шығарманың өзегі, іргетасы болып шынайы адам ғұмыры суреттелген. Қаламгер прозаның шағын жанрда өзіндік қолтаңбасы бары хақ. Оның әңгімелерінің сюжеті пен идеясы, кейіпкерлер болмысы, кеңістік пен уақыт байланысы, көркем шығарма табиғатына сай психологиялық сипат, көркемдік тәсілдер жүйесі, символдық бейнелері өзгеше. Қаламгер қазақ әдебиетінде жаңа тың ізденістерге барды. Осы бағытта әңгімелерінде өмір, қоғам бейнесін көрсететін символдық бейнелерді қолдану арқылы тануға тырысады. Күнделікті өмірден, дүниеден жоғары құндылықтарға, мәселелерге қарай жетуге ұмтылатыны танылады.

Символ - бейнелеу. Айтайын дегенін ашып айтпай астарлап, басқа бір нәрсенің бейнесінде суреттеу. Жазушы жасаған сөз образы тура өз мағынасында емес, бейнелеу мағынасында айтылса, символдық образ немесе символ деп аталады.

Символ ұғымы алғаш ежелгі грек тілінде пайда болып, одан латын тіліне еніп, XVI ғасырдың басында неміс тілінің сөздік қорында қолданылған. Бұл ұғым – мағыналық образды, түйсіктік танымды білдіруге қолданылатын терең мазмұндық сипатқа ие. Символ адам санасының даму тарихында қалыптасқан көне категорияның бірі. Символданған бейне, көбінесе нақты мағынадан ажырап, орнына астарлы, айшықты, бейнелі, меңзеулік мәнді иеленеді. Рухани тәжірибелер үрдісінде өмір сүру үшін халықтар дүниетанымдық құндылықтарын мәдени архетиптік, образдық формада құрады. Олардың рухани жадысы табиғат, кеңістік пен уақыт, моральдық адамгершілік құндылықтар, ел мен жер, намыс пен ар-ождан, тілі мен дін сияқты ұғымдарды айқындайтын құбылыстармен айшықталады. Символ халықтардың рухани және материалдық мәдениетінің ақиқат болмысын айқындайды.

Жалпы, символдық бейнелер поэтикалық шығармаларға қарағанда, прозалық туындыларда аз кездеседі.

Асқар Алтайдың әңгімелеріндегі символдық бейнелер жаңашыл қалыпқа негізделген бейнелер. Бұған жазушының «Казино» жинағындағы «Казино», «Түсік», «Киллер-сауысқан» әңгімелері айғақ. Асқар Алтайдың әрбір әңгімесі идеясы мен мазмұн жүйесі бір-біріне ұқсамайды. Оқыс оқиғалар көкірегі ояу адамды селк еткізері анық.

Адамзат өз болмысы мен танымында өтпелі ғұмыр мен өлімді ойлауы – бес күндік жалғанның алғышарты іспеттес. Бұл әдебиетте ертеден желі тартқан тақырып. Мәселен, Абай мен Баласағұн шығармаларында адамдық қасиет пен адамгершілік мұрат терең қозғалады. Екі ақын да адамгершілік қасиеттің негізін ізгіліктен тапқанымен, адамдағы осы қасиеттерді өзге амалы түгесілгенде, арнайы өлімді айту арқылы сақтап қалуға тырысады. Абайдың философиясындағы “адам баласы жылап туады, кейіп өледі” деуі, өзі былай да өлшеулі ғұмырды өкінішке ұрындырма дегені. Бұл философиялық тағылым уақыт зымырай келе жойылып келе жатыр...

Жазушының «Казино» әңгімесінде жаңа заман адамдарының өмірін жаңа тұрғыдан, аталған философиялық тағылымыды бұзып, құдайсыз қоғам мен имансыз адам бейнелері шығарма өзегіне айналған.

«Құдайсыз қоғамға, имансыз адамға бәрі рұқсат... ештеңе жат емес екен. Ал мұндай мұндар дүниеде өртті жүрек, дертті сана ақылға қонақ бермей, асау сезімге ғана бой алдырмақ...» деп басталған әңгіме қазіргі кезде өзекті мәселеге айналған моральдық, рухани құндылықтардан айырылған қоғамды бейнелейді. Әңгіменің басты кейіпкері – «кэнбешниктің» қырықтан асқан баласы Жошы. Жошының тамағы тоқ, көйлегі көк. Таңнан кешке дейін сауық-сайран құрып, баратын жері – Казино. Нәпсі құмарын басу үшін, Казинода жұмыс жасайтын сұлу Есілаймен кездеседі. Жошы бұрын үйленген, сәби де сүйген, неге екені белгісіз, әйел затына деген суық, жат сезім бар бойында. Сол сезім ажырастырып та жіберді. Ол әрекетіне титтей өкінген жоқ. Тіпті бауыр еті – баласына да суып кеткен.

Жошы оқырманға болмысынан қатыгездікке жақын болып көрінгенімен, бұл қатігездіктің дәні бала кезінде себілгенін әңгімені оқу барысында байқауға болады.

Бақсақ, қатыгездіктің дәмін еккен әке-шешесі және сүйген қызы.

Жошы Құдайға сенбейді, өлімнен қорқпайды. Оның имандылықтан бар білетіні – Бісіміллә Рахман Рахым. Одан өзгенің бәрі – нәпсі қалауы. Істеп жүрген тірлігі – арақ ішу, құмар ойыны, экстеми қолдану, зинақорлық – бәрі-бәрі күнәлі істер. Жаратылысынан Жошы жаман адам емес. Күнәлі, жиіркенішті іс-әрекетін саналы түрде істегенмен, оған өзі қатты өкінетінін байқаймыз. Нәпсінің, шайтанның арбауына шырмалып, тек одан шығудың жолын білмейді.

Жошы сынды құдайсыз, имансыз адамдардың жанында шайтан жүретіні хақ, жаман істерге бағыттап, санасыз әрекетке ұрындырып, адам болмысына жаманшылық қасиеттерді бойына сіндіреді. Бір қызығы, адам баласы жаман істерге тез бейімделіп, әдет қылады, ал жақсылыққа бейімделуі сәл қиындау. Әңгімеде Жошы адам тұлғасында келген «сапалақ тұлғамен» тілдеседі.

«...Қып-қызыл оттың ортасы... Жан-жағының бәрі лапылдаған, ұйытқыған жалын...

- Сен кімсің?

-Ажалмын.

Жошының бойына қорқыныш кірді. Қолы дірілдеп, көлігі де қу түлкінің құйрығындай бұлғаң-бұлғаң қақты.

-Өтірік!

-Сенбейсің бе? Онда көзіңе көрнейін.

Оң жағындағы жолаушы отыратын орында әлдебіреу пайда болды. Өзі қырын отыр. Пошымы – адам. Бірақ не әйел, не еркек емес екені – жұмбақ. Жошы енді шыңдап састы. [1, 13 б.]. Бұл сапалақ тұлға – сапалақ тұлғасында келген ажал-шайтан – символдық бейне.

Әдетте шайтан теріс іске итермелеуші, ал, періште оң жолға үгіттеуші символдық бейне ретінде алынатынын бағамдасақ, сондай арбаушымен адамдардың қатар тұруының өзі қоғамдық ортадағы азып-тозу деңгейін көзге ұрады. Шайтан көркем шығармаларды әр түрлі символдық бейнелерде кездеседі. Аталған әңгімедегі шайтанның символдық бейнесі – шыны-адамзаттың, шыны-қоғамның шытынағыш, өзгергіш, бұзылғыш екеніне дәлел.

Ақырында, Жошы жанына күмән мен сенімсіздік қасиеттерін ұялатып, сапалақ тұлға ғайып болады. Шығарманың соңы оқырман қауымына табысталады.

Қай адам, қай қоғам болсын, өз жағдайын өзі өзгертпесе, олардың жағдайын Алла өзгертпейді. Өйткені өмір – бір ғана мүмкіндік. Қатыгездіктен де, жақсылықтан да тұрады. Жарық жалғанды жалпағынан басып, ойға келгенін істеп жүргендер аз емес.

Шайтанға бауыр болмас үшін адам баласы өзін-өзі жақсылыққа бейімдеу керек. Адам баласын азғындыратын жағымсыз істерден бас тарту керек!..

Жазушының «Түсік» әңгімесі кейіпкердің ішкі және сыртқы жан дүниесін, сырын таытқан керемет шеберлік көрініс береді.

Әңгіме басы төмендегідей басталады:

«Түлен түртті пендені...

Түсінде түсік көрді. Түсік – түсік емес, түсікке айналған мұның өзі. Бармақтай ғана жан иесі екен. Ештеңемен ісі жоқ. Жөнімен жүзіп жүр.

Жүзіп жүрген мекені – жатыр. Биттің қабығындай жұқа жатыр іші – жұмбақ әлем. Жұқа жарғақ жарылып кетердей толқып-толқып қояды. Жұмсақ құрсақ баяғы балалық шағында шаңырақта үрлеулі тұрған қарындай шайқала толқығанда, көгілдір әлемде балықтай жүзген бұл бесіктей тербеледі. Бірақ тұншықпайды. Емін-еркін тыныстайды» [1;124].

Шығарманың басты кейіпкері – түсікке айналған Бибол.

Бибол отбасы: әйелі аяғы ауыр Санабике, балалары бол тұра жұрт жел жағынан жүрмейтін, оң жағынан күңкілдейтін күйге жетті. Оның соңы – Биболдың Балкенжедей жас қызға «бүлдіргі» салғаны.

«Бүлінгеннен бүлдіргі алма» дегендей, Балкенжеден бойына бітіп қалған шарана туралы естігенде Бибол «бүлдіргі» деп бұрқанған. Бір «бүлдіргі» аз саған дегендей, Санабике Биболдың әйелі құрсағы да құр қалмапты. Үш бала аздай тағы бір «топалаң» түсіпті. Енді бұл екі оттың ортасында қалды» [1;126], – деген баяндаудан оң мен түстің астасып жатқанын келесі сөйлемдерден білеміз. Өң мен түс астасып кетті. Ақыры бірін болмаса бірін түсіртіп тастауға бел байлайды. Түсікті көзі көрмесе де, Биболдың керек болғыр құлағы естіп, көңілі нілдей бұзылған.

Әңгімеде Биболдың ана жатырындағы ұрыққа айналуы, шығарманың өзегі. Шығармадағы ұрыққа айналған Бибол – ана жатырындағы күнәсіз, кінәсіз «түсіктің» символдық бейнесі. Жазушы символдық бейнені – жас жұбайлардың арасындағы түсініспеушілік және күйеуінің сенімнен шығуын күнәсіз сәбимен шиеленістірді. Қаперлі, санасыз, нәпсіге ерік берген адамзаттың ісінен «қателікке» айналған күнәсіз ұрық. Жатырдағы тар дүние тыстағы дүниемен қоштасардай болып жатқанда, түсікке айналған пендеге жазушы ой салады. Жазушы түсікке айналған пендені қазіргі заманғы мәселелермен байланыстырады. «Жатыр жатсынса, мұны бойға біткен арам без ретінде сылып тастайды екен. Ал арамның аты да, заты да арам. Бұл бірақ арам ба?! Бұл адам еді ғой. Адам еді...»-деп ісіне жаны қайғырады [1, 132 б.].

Түсік жасату, туған баласын тастап кету – қазіргі кездегі басты мәселелердің бірі. Қазіргі таңда отбасы әлеуеті бұзылып жатқаны қынжылтады. Аталған әңгіме сол әлеуеттің бет-пердесін толықтай ашып, адами факторға негізделген қателіктерден бас тартуға дәріптейді.

Әңгіменің қорытындысын кейіпкердің өз дауысынан өзі шошып, түлен түртіп оянғанынан түсінуден аяқталады. Әңгіме түйіні, шешімі жазушының оқырманға жүктеген ойымен тәмамдалады. Бүгінгі күннің тақырыбына жазылған бір ғана әңгімемен бүгінгі

қоғамымыздың шынайы келбетін ғана емес, сонымен бірге осы қоғамның жалған бет-пердесін ашуға болады.

Асқар Алтайдың «Көзжендет» әңгімесіндегі басты кейіпкер Қараш шал сауысқанмен аң аулайды. Мұндай сойқанды тірлікті жас кезінде Памир тауларына дейін жылқы барымталап барған сапарында, әлде «сібірлік», әлде «хансулық» Қосманнан үйренген «өнері». Кейіннен кемпірі өліп, жалғыз ұлы Қайрат қалаға қоныс аударып Қарқараның биіктерін жайлап жұртта жалғыз қалғанда, зеріккеннен бұл да сауысқанымен аң аулапты. Көз шұқуға әбден машыққан сауысқан жануардың жазықсыз жанарын ағызып жібереді. Содан бірер айдан кейін әлгі сауысқанымыз «көзжендет» болып шыға келеді.

«...Жебелеп ұшқан жендет сауысқан құсап жетпістің де желкесіне шығып еді. Сонда да сауысқанмен саятшылық құруын тоқтатқан емес. Көзжендет те аң мен жануардың жанарын оюын қойған жоқ. Күні кеше көк бөрінің көзін оймады ма?! Басын жоймады ма көзжендет... Қайран көзжендетке өкпе жоқ. Иесі үшін арқар мен түлкі түгілі бөрі мен барысқа да түсіп еді ғой!...».

Кейінірек Қараш Алматының тап іргесіндегі Думан ауылына баласы мен екі немересі үшін көшіп келді. Сол кезде аяғы ауыр келіні босанып, көзсіз сәби туады. Көзсіз, қассыз туған нәрестенің бет-жүзі жып-жылмағай. Бұл Қараш шалдың обал-сауапты белден басып, күнәға белшеден батқан ісіне жазасы! Бірақ оны мойындайтын Қараш жоқ. Ала қанат сумақай сауысқанға кінә тағады. Сол сусыл қанат сауысқан себепкер дейді өзін-өзі ақтап...

Әңгіме авторлық түйіндеумен аяқталады: «Соқыр сәби – соқыр адам. Соқыр адам жарық дүние есігін ашыпты. Соқыр ұрпақ қоғамға келіпті. Ұрпақ соқыр болса – қоғам да соқыр. Ал соқыр қоғам, соқыр адам жайлаған дүниеден не күтуге болады? Мүгедек адам да бір мүсәпір. Мүгедек қоғам да бір кісәпір. Кісәпір қоғам не істемейді, не дегізбейді?!»

Асқар Алтайдың әңгімесінде айтылатын «соқыр ұрпақ» (соқыр ұл, соқыр немере, соқыр шөбере), яғни ұлттық топырақтан ажыраған, ұлттық болмыстан алыстаған, ұлттың мүддесін білмейтін, ұлттың мұңын түсінбейтін ұрпақ.

Әңгімедегі көзжендетке айналған сауысқан мен Қараш шал отаршылдық саясаттың бейнесін ашатын тәрізді. Қараш бейнесі – кезінде орыс империясын қазақ даласына әкелген қазақтың, кейін сол империяға талай көрнекті тұлғаларды жұтқызған қазақтың бейнесі болса, көзжендет сауысқан – орыс империясы саясатының символдық бейнесі.

Соқыр ұрпақ сол саясаттың нәтижесі.

Аңшы көзжендет сауысқан жануарлар көздерін ойып алғаны сияқты, орыс империясы да қазақ халқының санасын соқыр қылды. Діннен айырып, тілден алыстатқан көзжендеттік саясат. Қазақ халқының сана-сезімін жаулап, астарлы ақиқатты жасырған саясат. Міне, сауысқан көзжендеттің символдық бейнесінің мәні осында.

Жоғарыда қарастырылған әңгімелер сюжеті жағынан әртүрлі болғанымен, бір-бірімен байланысты. Аталған әңгімелер қоғамның шынайы болмысын бүкпесіз көрсетіп, қоғамның жан ауыртар ащы тағдырын суреттейд. Жазушы шығармаларындағы элеуметтік шындықты оқырман өз танымына сай пайымдай алады. Әр оқырман ойлау деңгейіне сәйкес қабылдап, ішінен қорытынды жасайды. Ал, оқырман түйініне өз септігін тигізетін – символдық бейнелер. Жазушының басқа қаламгерлерден ерекшелігі осында. Жазушы әңгімелерінде қоғамда өзекті болып есептелетін мәселелерге ден қояды. Адамның жеке факторын және ішкі рухани құндылық әлемін саралайды. Оның әрбір әңгімесінің мәні мен мазмұны бір-біріне ұқсамайды. Оқыс оқиғалар көкірегі ояу адамды селк еткізері хақ.

Сырт карағанда өзімізге таныс, қазіргі таңда өмірде жиі кездесетін оқиғаны ала отырып, жазушы шеберлігі осы шағын оқиғаны символикалық түрде үлкен философиялық мәні бар көркем туындының негізіне айналдыра алуынан байқалады. Бұл жерде жазушының жүрек сыры, тебіренісі, айтылар ойдың мәнділігі, көздеген мақсатының айқындылығы өте маңызды.

Ендеше, жазушы Асқар Алтайдың әңгімелері – қоғамның ащы шындығын көрсеткен, қазіргі қоғамда орын алып жатқан келеңсіз дүниелерді бейнелейтін туындылар.

Қазіргі қоғамның басты мәселелерін дөп басып жазған жазушы шығармашылығы оқырман көңіліне қонымды. Сондықтан да әдеби тұрғыдан талдауды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Алтай А. Киллер сауысқан. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2008.-368 б.
- 2 Майтанов Б. Қазіргі дәуірдегі модернизм және постмодернизм // Қасым. – 2011. – №2. – 23 б.
- 3 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. -31 б.

ӘОЖ 82-3 (574)

КАЖИБАЕВА ДИНАРА КЕНЕСОВНА
Б.Ахметов атындағы Павлодар педколледжі
Павлодар, Қазақстан
guldenkgk@mail.ru

АСҚАР АЛТАЙ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ СЮЖЕТТІК ІЗДЕНІСТЕР

Аннотация: мақалада жазушы Асқар Алтайдың әңгімесіндегі сюжеттің өрбу кезеңдері қарастырылды. Әңгімедегі тартыстың даму шегі айқындалды. Мақалада кейіпкердің психологиясы талданады.

Тірек сөздер: абсурд, сюжеттің өрбуі, кейіпкер психологиясы, тартыс.

Қ.Жұмалиев сюжет туралы «шығармадағы адамдардың бір-бірімен, байланысы, қарым-қатысы, күрес-тартыстары – шығармадағы оқиғаның дамуы. Ендеше оқиға қалай болса солай суреттелмейді; бірі оқиға себебі болса, екіншісі оның нәтижесі» [2], – деген. Көркем шығарманың негізгі өзегі тартыс десек, сол тартыстың өзінің де белгілі бір туындау себебі болады. Адамдар арасындағы талас-тартыстың, әр түрлі көзқарастардың, сан түрлі мінездердің соқтығысынан пайда болатындығы да шындық. Міне, осы мәселелердің қазақ әңгімелерінде қаншалықты көрініс тауып жатқандығын пайымдау үшін жазушы Асқар Алтайдың абсурд әлем новеллаларына тоқталдық.

Жазушы Асқар Алтайдың «Казино» атты жинағына соңғы жылдары жазылған әңгімелері жинақталған. Соның ішінде «Казино» әңгімесі де бар. Аталған әңгіменің бас кейіпкері Жошы атты жас жігіт. Шығарманың негізгі оқиғасы да осы кейіпкердің төңірегінде өрбиді. Жалпылама алып қарағанда шығармада соншалықты тартыс та көрінбейді. Қым-қуыт оқиға, қаптаған адамдар бейнесі де жоқ. Дегенмен бас кейіпкердің ішкі сезімі, ой-толғанысы, өзін қоршаған тіршілікке деген көзқарасы алабөтен. Әңгіменің алғашқы жолдарынан-ақ «Құдайсыз қоғамға, имансыз адамға бәрі рұқсат... ештеңе жат емес екен. Ал мұндай мұндар дүниеде өртті жүрек, дертті сана ақылға қонақ бермей, асау сезімге ғана бой алдырмақ» [1] деп басталуының өзі де ондағы болатын оқиғаға, кейіпкерлерінің оғаш әрекеттеріне назар аударуға жетелейтіндей. Өмірінің тең жартысын «Пирамида» казиносында көңге бәс тігіп, сұлу Есілаймен көңіл көтерумен ғана өткізетін Жошының ішкі жан дүниесі әлем тапырық. Материалдық жағынан кемдік көрмесе де, рухани дүниеден жетімсіреп өскен жас жігіт өзін іштей кеміріп, отбасына, айналасына, тіпті қоғамға да жат көзбен қарайтын болған. Оның жан дүниесі сезімнен де, сенімнен де ада. Автордың бейнелеуінше, оның бірінші себебі сүйген қызының бірге өлмек болудан бас тартып, уәдесінде тұрмауы, екіншісі кейіпкердің бес жасында әкесі мен шешесінің бір-біріне пышақ ала жүгіріскендерінде, қызыл қанды көріп шошынуы, осы көріністің мәңгі есінде сақталып қалуы.

Сюжет дегеннің өзі Горкийше айтқанда «адамдардың өзара қарым-қатысы, байланысы, қайшылықтары, жек көру, жақсы көру, әр характердің, типтің өсу, жасалу тарихы» болса, онда жазушы Асқар Алтайдың «Казино» әңгімесінде сюжеттік ізденістің жаңа бір қырына із салғаны айқын көрінеді. Шиеленіскен оқиға мен тартысып жатқан адамдар болмаса да, аталған әңгімеде белгілі бір арқау, желі, тартыс көрінісі бар. Ол басты кейіпкердің қоғамға қарсы шығуы десек артық айтқандық болмас. «Самырсын сасыған ауа, есігінің тұтқасынан төбедегі аспалы шамына дейін алтынмен апталып, табандағы еденінен қабырғадағы түпнұсқа

суретке шейін күміспен күптелген, неше түрлі ағаш жиһаздар мен мүлік-мүкамалдар» мен « орта ғасырлық барокко үлгісінде салынған» [1] сән-салтанатты коттеджде тұрып жатса да өзін «Золотой храм» күзетшісі мен пешка ретінде сезінетін Жошының өзінің кешіп жатқан өміріне жек көрушілікпен, ашу-ызамен қарауы кейіпкердің болашақта жасайтын әрекеттеріне негіз болғандығын көруімізге болады. Еңбек етуге де талпынбаған, отбасын құрып та жарытпаған, бауыр еті баласына да жібімеген Жошының өзінің мағынасыз тірлігін түсінуге санасы жеткенмен, оны жақсылыққа бұруға, өмірден өз орнын табуға шамасы жеткен жоқ. Өйткені онда адам сияқты өмір сүру дағдысында жоқ. Ол «кінәні біреуге арта салуға» бейім. Ал өзінің кінәсін мойындау, қателігін жөндеу деген ұғым кейіпкердің ойына да кіріп шықпайды. Оның қатігездікке толы жүрегі, сансыраған ойы, дертті санасы әйтеуір бір опатты іске жол ашатындығын сезінуге болады. Сөйтіп, қоғамға қарсы шықпаққа бел буады. «Қазір біз кентавр қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан бізге де нағыз кентавр – кесек Кентавр керек. Кентаврға тән алапат күш керек. Кентавр сілкініс қана біздің сансыраған санамызды тоқымдай қағады. Альпіден атылған Везувий вулканындай оятады» [1] деп толғанған бас кейіпкеріміздің өртті ойлары оны тығырыққа тірелген жерінен алып шығар күш сияқты көрінгенмен шын мәнінде нағыз шыңырауға құлап бара жатқанын көрсететін тұс.

Автор аталған әңгімеде кейіпкердің ішкі жан жүніесіндегі тартыс пен оның салдарын өзінше тоғыстырады. Атап айтқанда, қорым басына барған кезінен бас кейіпкердің жанында әлдебір елес пайда болады. Жазушы бұл елестің нақты не екенін ашып айтпайды. Алайда осы елес бейне кейіпкердің бүкіл жан дүниесінен орын алып, ондағы тартыстың күшеюіне және бір шешімге келуіне себін тигізеді. Бұрын өзімен-өзі тартысқа түсетін кейіпкер үшін тағы бір тартыс көзі елес бейне пайда болады.

« - Сен кімсің?

- Ажалмын...

- Менің ішімнен шықтың ба? Сайтан емеспісің?!

- Не десең - о де... Мен бүгіннен бастап сенің қасыңнан табыламын. Керек болса, ішінде отырамын.

- Неге?

- Е-е сорлы! Адамға ең жақын – Ажал. Құдай алыста... тым-тым жырақта. Сондықтан да тағдырың үнемі қыл үстінде тұрады. Ал сенің қасыңда аранымды ашып үнемі мен жүремін. Сен бейшара үнемі үреймен өмір сүресің. Міне, өмірдің шекер балдай дәмі» [1].

Шын мәнінде «құдайсызсың, құдайдың құлы емессің» деп елес бейне айтқандай шығарма кейіпкері Жошының сәбилік кезең мен балалық шақтан-ақ бойын үрей билеген. Отбасындағы қанды көрініс, сүйген қызының опасыз әрекеті оның бойында мәңгілікке сақталып, өмірге, адамдарға, өзіне деген сенімін де сезімін де жоғалтқан. Оның өмірінің мәнінің де, сәнінің де кетуі осы сенімсіздікте жатыр. Өмірді ұстап тұратын ол – сенім. Мәңгілік сенім. Дүниенің басы да, соңы да бар екендігіне деген сенім. Жер бетінде күн кешіп жатқан адамзат баласының тірлігінде белгілі бір мағына бар екендігіне деген сенім. Жаратушының бар екендігіне, оның жалғыз және ақиқат екендігіне деген сенім. Бірақ осы сенім атаулыдан жұрдай адам үшін жер бетінде өмір сүрудің қаншалықты азап екендігін біз бас кейіпкер Жошының әрекеттерінен танып білуімізге болады. Жаратушы тарапынан өзіне берілген жүкті көтере алмай, адами міндетін де атқара алмай жаны күйзелген Жошы үшін өз өмірінің құны көк тиын. Ол оның парқын да бағалай алмады. Бала шақтан болашаққа өзіне-өзі қол жұмсап өлгісі келу ниетімен аттанған ол сол ойдан ғұмыр бойы арыла алмады.

«Тартыс – өмірдегі қайшылықтардың өнердегі көрінісі, адам тіршілігіндегі түрліше қарама-қарсылықтардың, адамға тән әр алуан көзқарастағы, идеядағы, сезімдегі, нанымдағы, іс-әрекеттегі, мақсат-мүддедегі кереғар құбылыстардың өнер туындысындағы жинақталуы, суреттелуі» [3] дегендей «Казино» әңгімесіне негізгі арқау болып, оның өн бойында үзілмей жалғасып отыратын желі бас кейіпкердің өз өміріне, отбасына, жалпы қоғамға деген өкпесі, реніші, ашу-ызасы. Осы орайда оның ішкі жан дүниесімен арпалысы, оны қалай сыртқа шығарарын білмей азаптанып жүргенінде елес бейненің кездесуі. Сан сапалақ ойдың

жетегінде, ой тұңғығына бата жүріп, ішкі арпалыстар мен талас-тартыстарға белшесінен батқан бас кейіпкер тек қоғамға ғана емес, жаратушыға да қарсы шыққанын сезбей де қалды. Тіпті одан өзі де бейхабар.

3. Қабдоловша айтқанда «сюжеттің, оған өзек болған өмірлік тартыстың әрбір иінінде, бұрылысында оқырманға керегі – дәлел, образ үшін психологиялық дәлел, оқиға үшін логикалық дәлел» [3] керек десек, аталған әңгіменің бұл талапқа сай келетінін де бағамдауға болады. Өйткені автор жалаң сюжет қуалап, құрғақ оқиғаны баяндаудан аулақ. Әңгіменің бас кейіпкері Жошының парықсыз өмір кешуі оның мінез құлқының айнасы десек, образдың осы бітіміне оның отбасындағы тәрбиенің жоқтығы, әуел бастан адамдық фундаменттің дұрыс қаланбауынан екендігін байқатса, сюжетке негіз болған тартыстың, анықтап айтқанда, кейіпкер мен елес бейне арасындағы қақтығыстың туындауына себепкер ретінде адамдық ортадан безінген, адамша тірлік етуден бас тартқан, жалқы жүріп, жалқы ойлап, санасын дертті ой жайлап, сол ой бүкіл денесін мендеп күйзеліске ұшыраған кейіпкер Жошы әрекеті алынған.

Әңгіме сюжетінің экспозициясы деп «Пирамида» казиносы мен «сән-салтантты» коттеджде күн кешіп жүрген Жошының өмір сүру формасын алсақ, сюжеттік байланыс ретінде кейіпкердің әжесінің қабірінің басына барған кезін көрсетуге болады. Сюжеттің шиеленісе түсетін жері Жошының жанында елес бейненің пайда болуы, ал шарықтау шегі сол елес бейнемен тіресуге бел байлаған Жошы әрекеті, соның салдарынан опатты ойға бел бууы сюжеттік шешім болып табылады. «Төңіректі әп-сәтте қараңғылық басты. Бұл қаңтардың жаңбырына таңдана есігін аша бергенде, жарқ-жұрқ найзағай ойнап, дүн-дүние көктегі дүлей бір жарылыстан жаңғырығып кетті. Көлігінен асыға шыққан Жошының кенет көз алдында жап-жасыл жай оты көк төрінен найзаша қадалды. Ет жүрегі дір ете шошынып, қарашығы лап ете түскен шыршадан тана алмай қалды... Кісі бойы шырша лаулап қоя берген. Күлтеленген инесі майдай жанған еуропалық Альпі шыршасы Жошыға тірі адам лапылдап жатқандай әсер етті» [1]. Осы бір көрініс оның көз алдынан кетпей, ақыры бір шешімге келуіне де әсерін тигізгені анық. Қоғамның келеңсіз тұстарын айқын ажыратып, түйсіне білген жас жігіттің сол қоғамға сілкініс жасамақ болғаны да түсінікті. «Сайтан билік иектеген сайқал» қоғам мен арсыз тірліктің сайқымазағына айналған Жошының «Кентаврға тән алапат күшті» іздеп жүргенде бар ойлап тапқаны казино мен коттедждің күлін көкке ұшыру болды. Соған қоса өзі де өрттей лаулап жанбақ. Ішкі күштердің, тартыс-таластардың салдарынан күлге айналмақ. Оның өмірін бұзған құмарлық иектеген казино мен салтанатқа, атақ-даңққа бөккен коттедж. Сондықтан да болар Жошының «жастығын ала жатпақ» болғаны. Жер бетінен сайтан иектеген бір құмарлық орны мен байлық пен мансаптың куәсі болған коттедждің күл талқаны шығуынан қоғамға сілкініс жасай алуға бола ма? Бір күнде ғасырлар бойы уланған адам санасын тазарта ала ма? Құдайсыз қоғамның имансыз адамы асау сезімге ырық беріп, асығыс шешім қабылдаған жоқ па екен деген заңды сауал туындайды. Қоғам, өмір, билік пен байлық, атақ пен мансап жайында сол ортаның өкілі болса да, алабөтен ойлардың жетегінде жүріп, өзі сол ойлардың құрбаны болып кеткен жоқ па? Автор елес бейнені кейіпкердің психологиялық дертке шалдыққанын көрсету үшін алды ма, жоқ болмаса оқиға шешімін табуға қажеттілігі болғандығынан қосты ма, ол жағы белгісіз. Десе де, осы бейненің автор тарапынан сәтті шыққанын мойындау керек. Адамдар ортасына сыя алмаған, нағыз адамша күн кеше алмаған бас кейіпкердің ішкі зар мұнына ортақтасып, шерін тарқатуға септігі тиген елес бейне ғайыптан алынбаған болар. Оны бас кейіпкеріміз өзі ойдан шығарды ма, жоқ болмаса оның көзіне шынымен солай көрінді ме, ол жағы да ажыратылмаған. Бірақ осы бір елес бейненің әңгіменің сюжеттік өріміне, кейіпкер әрекеті мен шығарма шешімінің шынайылығына септігін тигізгені ақиқат.

Жазушы Асқар Алтайдың «Казино» әңгімесін бір алып қарағанда көркем әдебиеттің халықтығы мен ұлттығы, көркемдігі туралы қалыптасқан пікірлерге қайшы келетін сияқты. Ондағы кейіпкердің сезім күйі, есалаң әрекеті, тіпті шығарманың шешімі де ала бөтен ойларға әкелері сөзсіз. Көркем шығарманың басты міндеті тәрбиелік маңызы деген түсінік тұрғысынан келгенде де, аталған әңгімеде ерекшелік бар. Дегенмен батыс пен шығыстың

айырмашылығы жоғала бастаған, мынау алмағайып заманда өмір сүріп жатқан қай пенденің болсын санасында, жүрегінде не жатқанын кім біледі. Әркім өз әлінше күн кешіп, өз қалқадірінше қиындықтармен күресуде емес пе. Олай болса «Казино» әңгімесінің сюжетіне де, бас кейіпкердің әрекетіне де таңданудың реті жоқ. Ал әңгіменің сюжеттік желісінің бір ізді болып, басынан соңына дейін бір арқауымен таратылуы, кейіпкер жан дүниесіндегі сілкіністер, адамдар арасындағы қарым-қатынастың ешбір боямасыз сол қалпында берілуінің өзі әңгіменің көркемдігін танытса керек. Күнделікті қарбалас тіршіліктің мидай қайнаған қазанында жүріп қоршаған орта, адамдар, қоғам туралы ойлай беруге мұрша болмасы да анық. Солай болса да, әр нәрсеге сын көзімен қарап, оның парқына жетіп, өзі өмір сүріп отырған қоғамның таразысы бола білу де адамзат баласының басты міндеті емес пе. Ендеше Жошының қоғам туралы, адам туралы, сенім мен сезім туралы ерек ойлары бәрімізге де қозғау салары хақ. Сілкініс қашанда қажет. Ол тың ойларға, жаңа бағытқа жол ашары сөзсіз. Бірақ ол жарылыс жасап, айналаны күлге айналдыру дегендік емес. Әр адам өз көзқарасы, санасы, түйсігі тұрғысынан әрекет етеді. Осы орайда әңгіме кейіпкері Жошының шамасы опатты ойға ғана жетті. Өйткені әуел бастан, ол осы ойға бекінген. Одан құтылатын жолды таба да алмады. Себебі, ол «құдайсыз тірліктің имансыз адамы», «құдайдың құлы емес». Осының өзі адамзат баласына ой тастауы керек. Жер бетінде адамша күн кеше білу үшін «құдайдың құлы бола білу» екендігін сезіну – адам баласы үшін бақыттың бақыты екендігін түйсіну.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Алтай А. Казино. – Алматы. Атамұра, 2008, 367 б.
- 2 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – М: Мектеп, 1969, 55 б.
- 3 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы. Жазушы, 1983, 178-179 б.

ӘӨЖ 82.1(5Қ)

КУЛЬЖАНОВА АЯУЛЫМ АСКАРОВНА
БӨКЕН ГҮЛНАЗ САЙЛАУБАЙҚЫЗЫ

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
ai_kz_01-10@mail.ru

ЯССАУИ ХИКМЕТТЕРІНІҢ КӨКШЕТАУ НҰСҚАСЫ, ОНЫҢ АУДАРЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация: мақалада гасырлар бойы Көкшетау қазақтарының арасында ауызша айтылып келіп, қағазға түскен бұл Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикмат»ының қолжазба нұсқа зерделенеді. Түркітануда Яссауи дастанының кез келген көшірмесі ғылыми жаңалық екендігін, ал өңірімізде табылған бұл нұсқаның отандық ғылым ғана емес, жалпы түркітану саласы үшін ерекше маңызға ие болып отырғаны тілге етіледі. Нұсқаның ең маңызды, басты құндылығы гасырлар бойы Көкше өңірі қазақтарының рухани даму жолында қызмет еткендігі дәлелденеді.

Тірек сөздер: әдеби ескерткіш, ойшыл, даналық, хикмет, дастан

Ислам дәуірі әдебиетінің ірі өкілі, сопылық-мистикалық ағымның негізін қалаушы, ақын, кемеңгер ойшыл – Қожа Ахмет Яссауи. Өміріне қатысты нақты деректер әлі де белгісіз. Нақтырақ айтсақ, 1166 жылы қайтыс болған, ал туған жылы белгісіз. Есімінің алдындағы «қожа» мұсылман дінін таратып, уағыздаушылық қызметіне орай берілген атау, ал соңындағы «Яссауи» ақынның қай жерден шыққандығын көрсетеді. Оның бізге жеткен төл мұрасы – «Диуани хикмат» атты әдеби ескерткіш. Оғыз-қыпшақ тілінде жазылған бұл туынды 149 хикметтен тұрады. Соның 109 хикметі өзінікі дейді ғалымдар. Негізінде ақын өз бәйіттерінде:

Құл Қожа Ахмет әрбір сөзің дертке дәрмен,
Тәліптерге (шәкірттерге) баян етсем қалмас арман.
Төрт мың төрт жүз хикмет айт хақ пәрменімен,

Пәрмен болса, өлгенше жырласам мен, - деп даналық сөздерінің 4400 екендігін ескерткен[1,261]. Бірақ, «даналық сөздердің» түпнұсқасы сақталмаған. Ең ескі нұсқасы XV ғасырдың орта кезінде араб емлесімен көшірілген, ал ең толық нұсқасы – Қазан басылымы болып табылады [2, 189]. Түркі халықтарына ортақ мұралардың жазылуы – сол кезеңдегі мемлекеттің қиын жағдайларға, өлкелер арасындағы алауыздық пен соғыстарға байланысты. Мысалы, Жүсіп Хас Хажиб Баласағұнның «Құтты білік» дастаны Қарахан мемлекеті ішіндегі уәлаяттар мен өлкелердің әкімдері билік үшін қырық пышақ болған кезінде жазылған. Сол сияқты, Ахмет Яссауидің «Даналық кітабы» мұсылман қауымының рухани дағдарысқа ұшыраған кезеңінде жазылған. Қожа Ахмет Яссауи сол дәуірдің басты мәселесі – имансыз халықтың көбеюінде екенін көре білді.

Қожа Ахмет 63 жасқа толғаннан кейін, «пайғамбар жасына жеттім, бұдан әрі өмір сүруім күпірлік» деген оймен жер астын қаздырып, Аллаға құлшылық ететін бір кісілік жертөле мешітін салдырады. Бұл жер асты мешітін жергілікті халық араб сөзімен «халуат» деп атаған. Халуатта ғұмыр кешкен он жылдың ішінде Ахмет Яссауи өзінің «Диуани хикмет» деп аталатын циклды өлеңдерін жазған. «Диуани хикмет» сөзі «хикметтер жинағы» деген мағына береді. «Диуан» әсіресе түркілер арасында көп тараған [3]. «Бақара» сүресінде «Аллаһ қалаған адамына хикмет береді. Аллаһ кімге хикмет берген болса, оған мол игілік тарту еткені. Тек ақыл иелері ғана мұны түсіне алады» – делінген [4]. Ғалымдардың кейбірі хикметті: «Уахидың ғайры мәтлусы, яғни пайғамбарымыз хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сөздері» [5], – деп түсіндірген. Ахмет Яссауи өзінің өлеңдерін Алладан келген аян деп білген. Ғалым Досай Кенжетай: «хикмет» сөзі тілдік тұрғыдан алғанымызда, «ақыл», «парасатты сөз», «дін ілімі», «ең шынайы ілім арқылы ең шынайы болмысты тану» деген мағыналарды білдіреді деген[6, 5].

Кемеңгер ойшылдың дүние қызығынан безуін «Құтты біліктегі» Одгүрмішпен салыстыруға болады. Одгүрміш тәркі дүние жолына түскен дәруіш болып, тау кезіп кеткен. Бес күндік пәни өмірдің күйбең тіршілігіне қайтып оралғысы келмеген ол, патша сарайындағы жоғары лауазымнан, абырой-атақтан, дүние-мүліктен бас тартады.

«Даналық кітабында» негізінен төрт нәрсе мадақталады. Олар: «шариғат» - ислам заңдары мен әдет-ғұрпының жинағы, «тарихат» - сопылықтың идеясы, мұрат-мақсаты, «маърифат» - дін жолын танып, оқып білу, «хақиқат» - құдай және оған жақындау [2, 190]. Филология ғылымдарының докторы, профессор Сәбит Жамбек: «Орта Азиядағы сопылық тарихаттар: нақшбандия, кабурия, кадерия сияқты тарихаттардың арасында Яссауи тарихатының маңызы ерекше болды. Орта ғасырларда бұл ілім Хорезм, Мауреннахр, Анадолияға дейін жеткен. Яссауи тарихатының ерекшелігі исламның дәстүрлік сопылық танымына ежелгі түркілік танымды ұштастыруы, оның симбиозды түрде дамуы болып табылады» - деген[3].

Жергілікті халықтың рухани өмірінде зор рөл атқарған Яссауи хикметтері жетімдерге пана болып, қамқорлық жасау, Алла елшісінің жолын ұстау, ислам дінінің шарттарын орындауға әрекет жасайды. Өмірді мәнсіз, мағынасыз, қызық қуумен өткізбей, қиыншылыққа төзуге, шыдамды болуға, адал өмір сүруге, имандылық пен қайырымдылыққа шақырады.

Ахмет Яссауидің өлеңдерінің тілі қарапайым, формасы жағынан ауыз әдебиеті үлгілеріне жақын. Яғни, қазақ өлеңдерінің табиғатына тән сипаттарды көре аламыз. Әйгілі шығыстанушы Е.Бертельс: «Оның жырлары күні бүгінге дейін қазақ даласынан Кіші Азияға дейін кеңінен тараған фольклорлық лириканың түрлерімен сырттай ұқсас болып отырады. Бұл ерекшелікті сопылық әдебиетте алғаш рет Яссауи бастап тұрақтандырды. Осыдан кейін өзге елдердің дәруіштік поэзиясында да бұл үрдіс жалғасын тапты, сөйтіп жазба поэзия мен фольклордың байланысы бұдан былай жаңа сипат алды» - деген [7, 264-265].

Жырда ауыз әдебиетінің үлгілері ішінен аңыз-әңгімелер ұшырасады. Исмайыл, Ахмед шайқы, Хақим Қожа Сүлеймен, Софы Мұхаммед, Ахмет ата, Жүсіп – Зылиха, Ләйлі – Мәжнүн, Қызыр Ілияс, Фархад – Шырын сынды кейіпкерлер күллі түркі халықтарына ауыз әдебиетінен таныс.

Жыр көбінесе 11-12 буынды болып келеді. Қара өлең ұйқасына тым жақын. Қайталауларын да ұтымды пайдалана білген. Түркітанушы ғалым Әмір Нәжіп: «...араб-парсы тілдерінің элементтері онда аз, бірақ «Құтадғу білікпен» салыстырғанда араб-парсы сөздері басым түсіп жатады, аруз өлең өлшемімен жазылған жыр жолдары да жоқ емес», - дейді [8, 55]. Ақынның өзі еңбегін «Дәптер сәни» деп атаған. Кітаптың басында ол:

"Бісмиллә" деп баян еттім хикмет айтып,

Шәкірттерге дүр мен гауһар шаштым міне.

Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,

Мен "дәптер сәни" сөзін аштым, міне, - деп толғайды. «Дәптер сәни» деп атауының себебін түрік ғалымы Кемал Арслан «Лаухул-махфуз» түсінігімен қарайды. Яғни, ислам түсінігінде бұл адамзаттың тағдыры әу баста жазылып қойылған «Алғашқы дәптер» саналады. Тағы бір түсінік бойынша, жақсылық пен жамандықты жазып отыратын адамның екі иығындағы періштелердің көзге көрінбейтін жазуы. Ахмет Яссауи өз хикметтерін осы дәптерлерден кейінгі «Екінші дәптер» деп атаған болар деген ой қорытады. [9, 253]. Еңбектегі «Мүнәжаттар» жинағында:

Менің хикметтерім Алладан пәрман,

Оқып ұққанға бақ мағынасы: Құран – деп қорытады. Ақын бірінші кітап деп қасиетті Құранды санайды. «Ислам дінін тану, ұстану тек араб тілі мен дәстүрі арқылы ғана жүзеге асуы тиіс» деген ұғымға соққы беріп, асыл туындыны поэзия тілімен жырлап шығуы ғажап. Ахмет Яссауи түркі халықтарына шарифат жолын, пайғамбардың өсиетін түсінікті тілмен жеткізді.

Құнды ескерткішті зерттеп, аудару ісімен қазақ ғалымдары да айналысты. Олардың ішінде Асқар Тоқмағамбетов, Әбраш Жәмішев, Мұхамедрахым Жармұхамедов, Есембай Дүйсенбаев, Сәрсенбі Дәуітұлы, Қуанышбек Қари және т.б. Бұл тәржімашылардың қатарына Көкшетау нұсқасын аударған ғалым Иманғазы Нұрахметті де қосамыз.

2011 жылы Көкшетау қаласындағы «Әдебиет және өнер» мұражайынан «Диуани хикметтің» бір нұсқасы табылды. Мұраның табылуына түрткі болған музейдің директоры Нұрбек Нұралин мен ұжым қызметкерлері. Кітаптың қалай табылғандығы жөнінде өз сұхбатында былай деген: «Әдебиет және өнер» мұражайы 1989 жылы құрылды. Мұражай орналасқан ғимарат басқа меншікке өтіп, мұражайдағы өнер туындылары, жәдігерлер, әртүрлі тарихи қазыналар В.Куйбышев атындағы қалалық өлкетану мұражайына көшіріледі. Жәдігерлерге орын жетіспеді. Әсіресе, арабша сауаты бар жан табылмағандықтан сол тілде жазылған кітаптар керексіз қалды. 2009 жылы мұражайды қайтадан тірілтуге мұрындық болдым. Шағын ғимарат тауып, сонда орналасып, біраз дүниені жинастырдық. Бұл қолжазбаны Шығыстану институтының директоры Әшірбек Муминов ел аралап, құнды заттар жинап жүріп, осы мұражайдағы сирек кітаптарды ақтарып көріп, алғаш «Диуани хикмет» деген болжам жасайды. Артынан қайта соғып нақтыламақ болды. Бірақ әлдебір себептермен қайта іздеген жоқ. 2011 жылы бұл мәселені қайта көтердік. Алматыдағы біраз біледі деген адамдарға көрсеттік. Нақты дерек болмаған соң, қолжазбаны Астанаға әкеліп түрколог ғалым Қаржаубай Сартқожаұлына апардық. Ол кісі түркітанушы Иманғазы Нұрмұхаметұлына жолықтырды. Олар бір күн ішінде қолжазбаның бір бетке жуығын аударды. Қолжазба расында Қожа Ахметтің «Диуани хикмет» еңбегі екені дәлелденді. Иманғазы Нұрмұхаметұлына қолқа салып, қолжазбаны қазақ тіліне аударттық» [10].

Иманғазы Нұрахметұлы қолжазба жайында былай дейді: «Көшірменің қашан, қай жерде, кімнің қолымен жазылғаны туралы нақты дерек жоқ, бас-аяғы жыртылған, сақталуы жақсы емес, тым ескі қолжазба екені белгілі. Сыртқы бетінде «Бекмұхаммет Ахметұлы (Бекмағамбет болуы да мүмкін) деген адамның аты жазылған. Соның аяқ жағында» иесі молла Бекмұхаммет деген сөз бар. Бұл адам хикметтерді көшіріп жазушы ма? Қолжазбаны сақтаушы ма? Ол жағы анық емес» [6, 6].

Қ.А.Яссауи хикметтерінің Көкшетау нұсқасында 59 хикмет бар. Оқуға мүмкін болған 56 хикметті аударып шыққан ғалым Иманғазы Нұрахмет аталмыш қолжазбада хикметтердің бұрынғы аудармалырна кездеспейтін шумақтары бар екенін айтты. Сонымен қатар,

салыстырып қараса, айырмашылықтары көп екенін де дәлелдеп көрсетті. Мысалы: «Ғаріфларда ғаріф болған ғаріфлар» деп басталатын хикмет бұрынғы аудармаларда 10 жолдан тұрса, «Көкшетау» нұсқасында 14 жол [6, 8]. Осы сияқты «Әнтәлһәдидің» Көкшетау нұсқасында 17 шумақ болса, Светқали Нұржанов аудармасында 16, ал Әбибулла Мұхамеджанов аудармасында 144, 145 хикметтер бірігіп 26 шумақты құрайды. Яссауи хикметтерінің Көкшетау нұсқасы қазақ ішінде ауызша айтылып келген нұсқадан көшірілген болуы мүмкін. Қолжазба қай өңірде көшірілсе, сол өңірдің сөйлеу нормасына жақын болып келетіні белгілі. Көкшетау нұсқасында қазақтың ауызекі сөз қолданысы жиі ұшырасады. Мысалы, басқа нұсқаларда «Субхан ием» деген сөз бұл нұсқада: «субхан екем» деп келетіні бар [6, 11].

Ғалым Сәбит Жәмбек: «Ғасырлар бойы Көкшетау қазақтарының арасында ауызша айтылып келіп, қағазға түскен бұл қолжазба нұсқаның орны ерекше. Түркітануда Яссауи дастанының кез келген көшірмесі ғылыми жаңалық. Сондықтан бұл нұсқа отандық ғылым ғана емес, жалпы түркітану саласы үшін ерекше маңызға ие болып отыр. Нұсқаның ең маңызды, басты құндылығы ғасырлар бойы Көкше өңірі қазақтарының рухани даму жолында қызмет еткені болса керек!», – деген болатын.

Сайып келгенде, Ясауи хикметтерінің Көкшетау нұсқасы қазақ ішінде ауызша айтылып келген нұсқадан көшірілген болуы ықтимал. Қолжазба қай өңірде көшірілсе сол өңірдің сөйлеу нормасына жақын болып келетіні белгілі. Хикметтердің Көкшетау нұсқасында қазақтың ауыз екі сөз қолданыс дағдысы жиі ұшырасады. Мысалы, басқа нұсқаларда «Субхан ием» деген сөз бұл нұсқада: «субхан екем» деп келетіні бар, Құдайды «Құдай екем» дей салу қазақта бар. Басқа нұсқаларда: «бір - еу барым» деп келетін жолдың «пәруар жарым» болып келгені тегін болмаса керек. Жоғарыда айтылған «қырық қары» дегендегі «қар» деген өлшемді де қазақтар көп қолданады.

Көкшетаудан табылған қолжазба нұсқаны мен Ясауи хикметтерінің «Көкшетау нұсқасы» деп атауды ұсынамын. Себебі, біріншіден, мұндай үрдіс ғылымда бұрыннан бар. Қолжазбаны кім көшіріп алса, кім оқып баспаға дайындаса сол адамның атымен аталатын дағды бар. Мысалы, «Қозы Қөрпеш – Баян Сұлу» жырының бір нұсқасы А. Фролов нұсқасы деп аталған. А. Фролофтың ол нұсқаға қатысы ел аузынан көшіріп алғаны ғана. В. Радлов нұсқасы деп В. Радлов көшіріп алған нұсқаны айтып жүрміз.

Көкшетаудан табылған қолжазбаның жөні бөлек. Бұл нұсқа ғасырлар бойы Көкшетаудағы қазақтар арасында сақталып келді. Мүмкін Көкше қазақтарының арасында жатқа айтылған нұсқадан хатқа түскен болуы да ықтимал. Ең бастысы Көкше өңіріндегі қалың қазақтың рухани дамуы үшін қызмет еткен нұсқа.

Екіншіден, Ясауи хикметтерінің қазақ жерінен табылған қолжазбалары көп емес. Бұл тұрғыдан, Семейде сақтаулы тұрған нұсқа (ол нұсқа да әлі ескерусіз жатыр - автор) мен Көкшетау нұсқасының маңызы зор. Онда сақталған хикметтердің толық болмағанына, сақталуының нашарлығына қарамастан ғылым үшін үлкен жаңалық. Бұл қолжазбаның Қазақстаннан табылуы үлкен тарихи мәнге ие. Ясауитану саласында мақтаныш етуге болатын құнды мұра. Одан қалса Ясауи хикметтерінің кез - келген көшірмесі түрік әлемі үшін жаңалық. Осы тұрғыдан келгенде «Көкшетау нұсқасының» қазақ ғылымы үшін ғана емес, түріктану ғылымында алар орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қожа Ахмет Яссауи. Диуани Хикмет. – Астана: Фолиант, 2007
- 2 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991
- 3 <https://adebiportal.kz/kz/news/view/465>
- 4 «Бақара» сүресі, 269-аят
- 5 Құранның тысында Пайғамбарымыздың көкейіне қондырылған хабарлар.
- 6 Қожа Ахмет Яссауи «Диуани хикмет» (Көкшетау нұсқасы). – Астана: Фолиант, 2016
- 7 Е.Бертельс. Литература народов Средней Азии// Журнал «Новый мир». 1939.
- 8 Наджиб Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. – Москва, 1989.
- 9 Қожа Ахмет Яссауи. Диуани Хикмет. –Түркістан: Тұран, 2010.
- 10 el.kz сайты 12.03.2015

ӘОЖ: 82.09:821.512.122

ҚАЖЫБАЙ АЯН ТӨЛЕГЕНҰЛЫ

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі

Көкшетау, Қазақстан

yannon-fiction@yandex.kz

АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ М.ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДА КӨРІНІС ТАБУЫ

Аннотация: Абай мен М.Әуезов мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, маңызын жоймайтын зерттеудің қайнар көзі. Хакім Абайдың қазақ халқының рухани ұстазы ретінде танылып, әлемдік көркем ойдың алтын қазынасына айналуы – оның өз мұрасы ғана емес, сонымен бірге М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы жүзеге асты. Бұл ретте ең бірінші тілге тиек етеріміз – Мұхтар әлемінің Абай әлемімен рухани сабақтастық мәселесі.

Әдебиетіміздің қос алыбы Абай мен М.Әуезовтің шығармашылық әлеміндегі көркемдік тұтастық, рухани тамырластық, дәстүр сабақтастығының сан сала арналарын кеңінен сөз ету, екі заңғардың ойшылдық, қоғамдық, гуманистік, суреткерлік ортақ қырларын жан-жақты ашып, дүниетанымының өзектерін, эстетикалық танымдарын талдау барысында Абай дәстүрін анықтап, ұлы ақын мұрасындағы «толық адам» танымының М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында көрініс тапқан қырларын жете зерттеу мен зерделеу мақаланың негізгі мақсаты болып табылады

Тірек сөздер: толық адам, камили инсани, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек

Абай өз шығармаларында *адам болудың талап-тілектерін атап, өзінің гуманистік танымы тұрғысынан өскелең ұрпақтың адамшылық негіздері, бойға ұялатар қасиеттері қандай болмақ деген ойға ерекше көңіл бөледі. Ақын шығармаларында өзекті желідей созылып, ғұмыр бойы танытуға ұмтылған, өмір бойы шарқ ұрып іздегені – толық адам. Абайдағы толық адам – рухани жетілген, кемеліне келген адам. Абайдың толық адам жайындағы танымын ғылыми тілмен оқырманға тереңінен түсіндіріп берген ғалым М.Мырзахметұлының 1982 жылы жарық көрген «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» атты монографиясында алғаш Абайдың исламиятқа қатысы мен мораль философиясына қатысы зерттеліп, бір ізге түсіріледі. Ғалым сөзіне ден қойсақ: «Адамзат қоғамы тарихында адамгершілік идеясы ғасырлар бойы күн тәртібінен түспей келе жатқан ең басты мәселелердің бірі – жеке адамның ақыл, мінез жағынан пісіп жетіліп, яғни толық адам болуы жайлы ойлар пікір күресін тудырып келуде. Гуманист атаулының бәрі де дүниедегі ең асыл, бағалы нәрсе – адам болса, сол адам бойындағы ең басты сипаттары неден тұрмақ дегенге әр заман ойшылдары өз ұғым-нанымы, заман талабы тұрғысынан жауап беріп келді. Бұл іспеттес тарихи сұрау Абай өмір сүрген ХІХ ғасырдағы қазақ қоғамы жағдайында ұлы ойшыл алдына да қойылды» [1, 230].*

«Жалпы, діни-философиялық ойдың даму тарихында «адам» ұғымының алатын орны орасан десек те, оны белгілі бір жүйеге түсіріп, тиянақты түсіндіруге көш басы болған философ – Сократ. Абайдың толық адам туралы танымы сол Сократтан басталатын Платон,

Плотиндердегі сүюші сүйеніш, тірек еткен адам, қытайлардың дао іліміндегі әбден жетілген адам (совершенно мудрый человек), шығыс ойшылдары мен суфизмдегі камили инсани мен бенделіктің кәмалаттығына ұмтылған адам және Ирандағы жәуанмәрттікпен сабақтасып, туыстасып жатады. Абайдың адамгершілікті жырлаудағы ең басты жаңалығы да осы» [2, 259]. Абай адамның рухани жағынан кемелденіп жетілу жолында толық адам ұғымын адамшылық сатысының ең жоғарғы басқышына қояды. Толық адам – Абайдың армандаған, аңсаған мұрат-мақсаттарының ең биік қол жетпес асқар шыңы. Толық адам ғана нұрлы ақылдың иесі бола алмақ. «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» [3, 249]. Абай адам баласына қажетті үш нәрсе *ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек* екенін тереңнен толғап, толық адамға тән қасиетті көрсетеді. Хакім іздеген толық адам осы қасиеттерден туындайтын *талапты, еңбекқор, ізгілікті, мейірімді, қанағатшыл, рахымды, тұла бойы толған ар, ұят, пенделіктен қол үзген имандылық жолындағы абзал азамат*. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», [3, 146], – дегенде Абай толық адам хақында ұстанған көзқарасына сай сипаттарды атайды. Осы үш ұғымнан туындайтын *әділет, рахым, мейірім, ар-ұят, талап, еңбек, өнер* сияқты қасиеттерге ерекше мән береді. Абай адамгершілікті, әділеттілікті ең негізгі моральдық принцип ретінде поэзиялық туындыларында да, қарасөздерінде үнемі атап көрсетіп отырады. Ғылым-білімді уағыздаған ағартушы ақын ақылды, білімді аса жоғары бағалайды. Не нәрсеге болсын ақыл – таразы, дүниенің сырын танып білуде ақылдың мүмкіндігі шексіз мол деп санайды.

«М.Әуезов Абайдың мораль философиясына қарым-қатысы жайлы мәселеге ертедегі әрі соңғы жылдардағы зерттеулерінде ерекше мән бере қараған. Абай шығармаларындағы мораль философиясы туралы ойларының желісін сөз еткенде, Әуезов оларды өзі атап көрсеткен «нравственная личность» мәселесімен тікелей бірлікте, байланыста қарастырған» [1, 94]. Абайтану саласындағы зерттеулерінде Әуезов «нравственная личность», «гармоническая личность» деген терминдік сөзді беріп отырады. Абайдың қарасөздерін зерттеген еңбегінде бұл ойын былай деп береді: «Он жетінші сөзде Абайдың өз тұсындағы және Абайдан бұрынғы үлкен моралист, педагог ойшылдардың көп айтқан пікіріне жанасатын ой-толғау жүргізеді. Ол – толық сапалы адам болудың шарты, гармоническая личность жайындағы ойлар» [4, 227].

Бұл Абайдың 38 қарасөзінде қолданылатын «толық адам» деп аталатын сөздің тікелей баламасына келеді. Кемел адам мәселесі мұсылмандық әлемнің сопылық ағымында XI–XII ғасырда-ақ қалыптасып, шырқау биігіне жетіп, сол негізде 1069 жылы Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу Білік» дастанында толық баяндалып суреттелген болатын. Сопылық «хал ілімі» саласында негізі қаланып, даму жолына түскен сопылық адамшылық ілімді Абай өз заманы талабына орай дәстүрлік жалғастықпен дамыту арқылы қазақ даласында – адамшылықтың толық адам ілімі деп аталатын жаңа түрі дүниеге келді.

«Толық адам сопылық ілімнің адамгершілік негізінен туындайтын «камили инсани» деп аталатын ар ілімімен іштей сабақтасып жатқан қастерлі рухани құбылыс болатын-ды. Толық адам терминін М.Әуезов өзі жасаған алмағайып заманда бір тамыры жағынан, сопылық хал ілімінен туындайтын камили инсани (кемелденген адам) танымымен, Шәкәрім тілімен айтқанда ар ғылымымен ұштасатындықтан, өз қалпында яғни Абай қолданған нұсқасымен атай алмады. Толық адам термині абайтану саласында тек қана 1963 жылдан бастап ғылыми айналымға түсе бастады» [5, 39]. М.Әуезовтің ғылыми шығармашылық зерттеулерінде Абайдың адамгершілік мұраттарының негізіне айналған өте күрделі ұғым мен танымнан тұратын толық адам мәселесі елеусіз қалыпта көркемдік тәсілмен беріліп отырады. Мұның сыры, жазушының өмір сүріп отырған қатал заманындағы таптық идеологиялық жағдайлар мен саяси ахуалдың өршіп, оны партияның қалт жібермей аңдып отыруынан туындаған автордың шарасыздық тәсілі еді. Яғни Абай дүниетанымын терең танып біліп отырған М.Әуезов зерттеулерінде «нравственная личность», «гармоническая личность» деген терминдік сөздермен атап қана өтеді. Ал бұл ойларын автор «Абай жолы» роман-эпопеясында көркемдік тәсілмен өткізіп, таратып келтіреді. Абайдың дүниетанымына

бойлаған адам бұл жағдайды «Абай жолы» эпопеясын оқып отырғанда анық аңғарып отырады. Мысалы, «Абай жолындағы» Бөжей, Құнанбай тартысы, осы күрестің Қарқаралыдағы көрінісін еске алайықшы? Бала Абай от пен судай екі мінездің яғни катігездік пен рахым, шафағаттың ортасында қалыптасып өсіп келеді. Әке жолы суық ақылдың, рахымсыз қаталдықтың өрісін танытса, халық анасы Зере мен Ұлжан әрі Абай нәр алған парсы, түркі тіліндегі кітаптардағы гуманистік ойлар төркіні рахым, шафағатты аялайтын нұрлы ақылда жатыр. «Жолда» тарауында бозбала Абайдың Қарқаралыда Бөжейдің батасын алғанда жан дүниесі тебіреніп тұрып мынадай ойға батады: «Бұл ой Абайға ең алғаш келген ой еді де... және тіпті өз ойы сияқты көрінді. Анығында: «*ақыл, қайрат...*», «*ақыл мен бақыт, байлық*» дегендердің өзара дауы, таласы деген «парсы, түрік» тіліндегі кітаптардан былтырлар бір оқыған нақыл әңгімесі бар-ды. Қазірде Абай соны өмірден тапқанына да дән ырза... Өз ақылымен тапты... Тапты да: «Осының бәрі бір жерде, бір кеудеде, бір адамның ішінде болмаққа лазым...» деп, өзгеше бір сенімді байлау жасады» [6, 89] деген ой толғаныстарындағы кемел адам туралы шығыстық кітаптардан түйген ойы кейіннен эпопея оқиғасының желісінде суреттелетін Абайдың өмір белестеріндегі адамгершілік мұраттары белгі беріп отырады. Абай санасын адамшылық сезімін қалыптастыруда өзі өскен ортасының қос қыртысты табиғаты, тәрбие жолы осы болса, оның адамгершілік ұғымын қанаттандыруда шығыс кітаптары да жәрдем еткенін М.Әуезов эпопеяға негізсіз ендімеген. Абайдың дүниетанымында елеулі орын алған осы гуманистік ойлар желісін М.Әуезов «Абай» трагедиясында, «Абай жолы» роман-эпопеясында ақын образын сомдауда негізгі басшылыққа алған. Себебі «Абай жолы» роман-эпопеясында М.Әуезов Абайды тек ақын, қоғам қайраткері ғана емес, сонымен қатар асқан ойшыл, гуманист ретінде танытады. М.Әуезов Абай шығармаларындағы ақыл, қайрат, жүрек жайлы түбірлі терең танымның ақын санасында сонау жігіттік шағында-ақ өзі таныған әлеуметтік орта мен шығыс кітаптарын оқу арқылы өз бойына дарытып, өзіндік етіп қорытқан ой қазынасы екенін хабарлайды.

Абайдың күллі этикалық, гуманистік танымының негізгі желісін жазушы шығармада кейіпкерлер сөзі арқылы, ақынның ойы негізінде көркем тілмен таратып береді. Абайдың дүниетанымындағы өзекті ойларын М.Әуезов эпопеяда нақтылай түсіп әрі дамыта отырып, өзінің көзқарасын да білдіреді. «М.Әуезов қаншалықты ғылыми терең таным екенін білу үшін айрықша мән беріп отырған ойы Абайдағы толық адам жайлы шоғырланған түбірлі ойдың төркініне, ақын шығармасында уағыздалатын ой желістеріне назар салып көрейікші? Сонда ұлы жазушының не себепті ақын мұрасын таныту жолында осы танымға шешуші мән бере қарап, ғылыми зерттеулері мен «Абай жолында» өз ойын қатар дамытып отыратын себебіне де көзіміз жете түседі» [1, 230].

«Абай жолы» эпопеясының «Қияда» тарауында Құнанбайдың жасы болса жетпіске тақап қалған. Енді ер жеткен балаларының ішінен өз орнына кісі қамдайтын да мезгіл жеткен. Ел арасы болса бүгін қиындап барады. Алыс пен тартыстың басы тағы шығып, Балағаздар сияқты тынышсыздық деген тағы шықты. Осының бәрін ойлап, таразыға салып келіп, жаңа болыстыққа Абайды лайық деп көрген. Құнанбай ел басқару ісіне лайық Абайдың бойынан биік қасиеттерді көретін. Мәселен, «Бірақ алыс жүрсе де, сол Абайда *ақыл мен қайрат*, тіл мен тәлімнің мол екенін әкесі танытын» [6, 263]. Әкесінің Абайға іштей берген бағасы осы еді. Осы қасиеттерін бағалап Құнанбай Абайды ел басқару ісіне лайық деп табады. Жазушы Абайдың бойына толық адамның қасиеттерін әкесінің берген бағасы ретінде дарытады.

«Еңісте» тарауында Оспан Базаралы мен Нұрғаным арасындағы жақындықты Абайға білдіргенде, көңілі астан-кестеңге түсіп, ызалана қорланады. Ет-жүрегі тіліп түсетін аямас құбылыстарға қатты ашуланады. Бұл жайт эпопеяда былай берілген: «Көптен бері Абай бұндайлық: намыс пен ыза, алдану мен қиянат, қимастық пен арлану, ұялып алданудың неше қырлы қысымын көргендей. ...*Әділет* тілеп, шыншыл *жүрекке ар* әмірін бергендей» [6, 379]. Ақын өлеңдерінде жиі айтылатын намыс, ар, ұят, әділет сияқты қасиеттерді жазушы эпопеяның осы оқиға тұсында Абайдың арпалысқан сезімі арқылы қарасөзбен өрнектеп

жеткізеді. Өзінің айналасындағы нәсіл қуған ызаны ойлағанда, Абай таңертең ғана оқып шыққан «Дубровский» тағдырын еске алады. Абайдың әуре-сарсаңға түсіп, іштей күйініп тұрған сәтіне жазушы тағы да ақынның өзінің оқыған кітаптарын еске алдырып, көмекке жаратады. Өмірдегі ақ пен қара, жақсылық пен жамандық атаулы қасиеттер қарама-қарсы келгенде, Абай айтқан жылы жүрек пен нұрлы ақыл қажет екенін білетін М.Әуезов эпопея оқиғасындағы кейіпкерінің ішкі сезім тартысына ақынның толық адам турасындағы танымын көркемдік тұрғыдан жеткізеді. Абайдың толық адам жайындағы танымы «Абай жолы» роман-эпопеясының өн бойынан табылып, шығармада ұзын арқаудай созылып таралып жатады. М.Әуезов Абай мұрасының гуманистік астарын ашу барысында, ақынды өз өлеңдерімен үлкен аренаға алып шығу сәтінде, Абаймен мейлінше үндес, рухани тұтастықта алып келді. Абай толық адам болу үшін адам бойындағы ең негізгі қасиеттер деп ақыл, қайрат, жүректі атаса, М.Әуезов те «Абай жолы» роман-эпопеясында осы үш қасиетке ерекше мән береді.

Адамгершілік жайындағы Абайдың ой байламдарын терең танып білген кемеңгер жазушы осы ой қазығын «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кейіпкерлер тұлғасынан көреміз. Өйткені Абай мен Әуезов арасындағы рухани сабақтастықтың өзекті буыны да дәл осы толық адам маңайында болғандықтан, Әуезовтің Абай «нравственная личность» мәселесін бар тартысының, талап арманының тетігі етеді деп жазған ой байламы да көрсетіп тұр.

«Абай аға» атты тарауда «Кең маңдай, *қайратты* жүзі көкшіл тартты. Реңіне ыза шыққандай. ...*Жүрегінің* басынан удай боп төгілген шер болса, оның бәрі бұл отырғандар туралы ой емес», – деген үзіндіні оқуға болады [7, 43].

Ұзақ жылғы айдаудан оралған Базаралы Семейге келгенде, оны қарсы алған көңілдес ағайын қонақ етеді. Жиренше пәтерінде жиылған топтың ортасында отырған Базаралы басынан өткен қапырық ойларды ойлайды. Жазушы эпопеяда Базаралы бейнесін арыстай сом тұлғалы, бұл өңірдегі ең қымбат жан деп басқа кейіпкерлерден даралап бейнелейді. М.Әуезов Базаралы тұлғасын сипаттағанда, Абайдың толық адам болудағы «үш қасиетін» әсіресе қайрат сөзін көп қолданады, яғни қайратты жүзі мен шерлі жүрегін атайды. Бұндай мысалды «Кек жолында» атты тараудан да кездестіреміз. Дәркембай Базаралыға: – *Қайратың* болса, қажырың жетсе, қамырығың бір халқыңмен болсаңшы... Базаралының қазіргі Дәркембайдан алған қуат сөзі оған қанат бітіргендей. *Қайратты* ер енді қалжың тәрізді бір ой тастап сөйледі: – *Ақылың* ақыл-ақ! Бірақ маған тағы бір ой келеді» [7, 56].

Абай айналасындағы адамдардың бойында ақыл, қайраттың кем болғанын айтып, заманды бұзып отырған осы қасиеттің жоқтығы екенін байқайды. Адамдарды аздыратын қылықтарды «*улы сия, ащы тілмен*» ақын жырлайды. «*Бойда қайрат, ойда сөз, Болмаған соң айтпа сөз*», – Абай қайрат пен ақылдың тапшылығын баса айтқан болса, М.Әуезов бұл мәселені «Абай жолы» эпопеясында реалистік тәсілмен көркемдеп суреттейді. «Абай жолы» эпопеясындағы тоңмойын, томырық Әзімбайға ыза болған Абай былай дейді: «...Онымен жағаласқан жан құрысын... қанша жыл жақсылық жолыңа түсіп, қажыған *қайрат* етіп ең? Бәле деп, жуандық деп, мал деп көз аштың. ...Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол дейді Жақсылық, Аяныш, *Әділет, адал жүрек* керек дейді Жақсылық! Естіп көріп пе ең, сен мұндайды!» [7, 59].

Жазушы Абай айтқан жақсылық, аяныш, әділет, адал жүрек деген қасиеттерден Әзімбайдың жұрдай екенін аса жиіркенішпен айтады. Адамдық қасиеттерден ада болып өсіп келе жатқан Әзімбайдың азуы шыққан қатал, асау, зорлықшыл кейпін жазушы шынайылықпен бедерлейді. Абайдың осы сияқты айналасындағы адамдардың жиренішті қылықтарына ыза болып, оларға адамдық қасиеттер жайлы айтқан толғаулы уағыздары мен ақынның терең ойларын М.Әуезов эпопеяда жиі келтіреді. Шұбар жайындағы Абайдың ойын жазушы былай береді: «Мыналар болса, зорлығы мен көптігін, күші мен кәрін қолымен де батырып жібере алады. Абай жағынан азар болса, көретін жазасы «*ар, ұят, адамгершілік*» деген жөнде. Шұбардың өзіне жол еткен мінезі бойынша, ол «*ар, ұят*» дегендер кеңшілікте,

тыныштықта, келіп кетері жоқ мәжілісте ғана және Абай қасында ғана сөйленетін ермек қана» [7, 98].

Абайдың Шұбарға беретін тағлымы ар, ұят, адамгершілік жөнінде екенін жазушы түсіндіреді. Шығармадағы бұл үзінді Абайдың мына өлең жолына үндес келеді: «Жаман тату қазады өзіңе ор, Оған сенсең, бір күні боларсың қор. *Ары бар, ұяты бар бар* үлкенге сен, *Өзі зордың болады ығы да зор*» [3, 89].

Абай адамгершілік, адалдық мінездерді жастарға үлгі етіп, ар мен ұят мәселесін қозғайды. Абайдың жастарға үлгі етіп, толық адам болудың талап-тілектеріне лайық болып келетін адамның өмірдегі көрінісі өзінің сүйікті ұлы Әбдірахман бейнесі еді. Абайдың толық адамға қойған талабы – қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің бірлігі Әбдірахманның бойынан табылады. Әбдірахман бейнесі гуманист ақынның өмір бойы аңсаған адамгершілік мұраттары хақындағы ойларының негізі, адамзат баласына ортақ асқақ үміті еді. Яғни, оны жүрегі жылы, бойы құрыш, туысы жаннан бөлек жан етіп суреттегенде, ақынның ең бірінші тілге тиек етері – өзі жұртқа бұрын да көп насихаттаған ғылымға берілгендігі. *«Тұл бойың ұят-ар едің»*. Міне, осы бір ғана өлең тармағынан жас жігіттің бүкіл адамгершілік бітімі түгел жеткізіліп тұр. Одан арғы әр нәрсені ойлап істейтін байсалдылығы, нар мінезді тәуекелшілдігі, талапшылдығы. Әбдірахманның қысқа ғұмырында ол – жұртқа үлгі боларлық үлкен істер тындырғаны, өзінің басына біткен тәрбиелі мінез-кұлқы өмірбаянымен байланыстырып жырланады. «Абай Әбдірахманға арналған жоқтау өлеңдерінің көбінде адам болам десеңіз деген шартқа қойылатын басты талаптың бар белгісін бойына ұялатқан қазақ қауымындағы жаңа буынның бейнесін суреттеуге бой ұрған. Сондықтан да: *«Жаңа жылдың басшысы – ол, Мен ескінің арты едім»*, – деп, Әбдірахманды толық адам болуға асық, соны қасиет атаулыны бойына дарытқан жаңа ұрпақтың өнегелі бейнесі ретінде тұлғалайды» [8, 17]. Міне, Әбіштің осы адамдық биік қасиеттерін, оның іс-әрекеттерін М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында кең тұрғыдан ашады. Эпопеяда өзінің жастығына қарамастан, ол үлкен ойдың, кең талғамның адамы ретінде көрінеді. Жазушы Әбішті ел қамын жейтін, жауыздыққа қарсы алысатын адам етіп суреттеген. Бұл ретте роман кейіпкері Әбіш пен оның прототипінің, сол сияқты Абай өлеңдерінде бейнеленген Әбіштің арасындағы ұқсастық, жақындық мол екенін атап айту керек. Абайдың сүйікті ұлы Әбдірахманға арнап шығарған өлеңдері «Абай жолы» эпопеясында мол қамтылған. Бұл өлеңдері арқылы жазушы қайрат, ақыл, жүректің бірлігі бойынан табылған, Абай аңсаған толық адам болудың талабынан шыққан Әбдірахман бейнесін эпопеяда қазақ даласында ешкімге ұқсамайтын жаңа тұрпатты ерекше ғазиз жан ретінде бейнелейді.

Қорыта келгенде айтарымыз, Абай поэзиясында негізінен сөз болатын адамгершілік мәселесі мен талап қоятын адамдық қасиеттері «Абай жолы» роман-эпопеясында жалғасын табады. Абайдың аңсаған, армандаған толық адамын М.Әуезов оқырманға көркем образдар арқылы шебер тілмен жеткізеді. Абай поэзиясының алтын арқауы – толық адам жайлы ойшылдың танымын М.Әуезов дамыта отырып, оған өз көзқарасы тұрғысынан гуманистік мәселелерді өзек еткен прозалық туындыларында кеңінен толғайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: «Ғылым», 1982. – 296 б.
- 2 Әліпханов М. Абай – адамгершілікті жүйелі жырлаған ақын / Абай және қазіргі заман. – Алматы: «Ғылым», 1994. – ББ. 258–275.
- 3 Абай Құнанбаев. Шығ. бір томдық толық жинағы. – Алматы: «Қазмемкөркемәдеббас», 1961. – 692 б.
- 4 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1985. – 20 т. – 496 б.
- 5 Мырзахметұлы М. Абай және Әуезов: рухани сабақтастық / Қазақтың бас ақыны: халықаралық ғылыми-теориялық конф. матер. Құраст. С.Қорабай. – Алматы: «Дәуір», 2004. – 120 б.
- 6 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: «Жазушы», 1989. – I-т. – 608 б.
- 7 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 2 т. – 616 б.
- 8 Мырзахметов М. Абайдың адамгершілік мұраттары. – Алматы: «Рауан», 1993. – 279 б.

ӘОЖ: 821.512.122

ҚАЖЫБАЙ АЯН ТӨЛЕГЕНҰЛЫ
МУРСАЛИМ АЯГҰЛ БАЛАПАҢҚЫЗЫ

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Көкшетау, Қазақстан
yannon-fiction@yandex.kz

1920-ШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ САЯСАТТЫҢ ӘДЕБИЕТТІҢ ДАМУ БАҒЫТЫНА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

Аннотация: қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасып дамуында жиырманшы жылдардағы әдеби сынның және ондағы айтыстардың алатын орны алабөтен. Мақалада жиырманшы жылдардағы әдеби сынның қалыптасуы мен даму жолдарының, бағыт-бағдарларының егжей-тегжейін, сол кезеңде орын алған әдеби айтыстардың, сыншылдық ой-пікірлердің қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесінің негізделуін салыстыра отырып саралау көзделді. 1920 жылдардағы қазақ әдеби сынының өзіндік сипатына тән ізденісі мен іркілісін, дамуы мен дағдарысын саралау барысында, туындаған әдеби айтыстардың ішкі сырына үңіле отырып, нақтылы талдаулар жасауға талпыныс жасалды

Тірек сөздер: әдеби сын, әдеби айтыстар, әдебиеттің көркемдік-идеялық, танымдық-тағылымдық және ғылыми-эстетикалық мәселелері, әдебиеті сынының ізденістері мен іркілістері

1920 жылдары қазақ әдебиетінің негізгі жанрларымен бірге оның сыны да дами түсіп, жан-жақты жаңа саяси жағдайға байланысты әдебиеттің алдында тұрған міндеттерді айқындау ісінде белсенділік танытты. Әдеби, фольклорлық мұраға көзқарас, әдебиеттің жаңа заманда алатын орны, оған қойылатын талаптар, көркем шығарманы бағалау өлшемдері хақында кеңінен пікірталас болып өтті.

Қазақ әдебиеттану ғылымының дамуында жиырманшы жылдардағы әдеби айтыстардың алатын орны ерекше. Сыншылар өз кезеңінде шыққан жаңа шығармаларға әдеби тұрғыдан баға беріп қана қоймай, оны дамытудың сол кездегі мәселелер тұрғысынан талқылап, бағыт сілтеуге талпыныс жасады. Жиырманшы жылдардағы әдеби сынның бай тәжірибесі мен нәтижелері, әдеби айтыстардың іші құпия сырға толы. «1920 жылдары көптеген ұлт қайраткерлері шығармашылықпен айналысумен бірге баспасөз бетінде әдебиет, өнер жайында өз пікірлерін білдірді. Сынға, аудармаға қатысып, сын-айтыстарға қатысқан бұл қаламгерлердің өзіндік жазғандары көп болмаса да, әдебиет ағымына тигізген әсері мол болды. Сондықтан олардың соңында қалған мұралары біртіндеп зерттеліп, әдебиет тарихына енуде» [1, 4], – дейді ғалым Т.Төлегенов.

Төңкерістен кейін Қазақстанда орын алған саяси-әлеуметтік өзгерістер қоғамның әр саласындағы күрделі мәселелерді іс жүзінде шешуге келгенде қым-қиғаш пікірлер туғызды. Большевиктер барлық мәселеге таптық тұрғыдан келіп, пікір қайшылықтарын ушықтыра

түсті. Оқыған зиялы қауым таптық принциптің қоғамдық-экономикалық, мәдени өмірдің мәселелерін шешудің әмбебап құралы ретінде қолданылуына ашық қарсы шыға бастады.

Қоғамның бай, кедей болып қақ жарылуы, большевиктердің барлық мәселені кедейлердің көзқарасы тұрғысынан шешуді ұсынуы мәдениет, әдебиет саласында көптеген қиындықтарды, түсінбеушіліктерді туғызды. Әсіресе, халықтың ғасырлар бойы жасап келген ауыз әдебиетін, әдеби мұрасын таптық тұрғыдан жоққа шығарушылық, сөйтіп, халықты рухани көзіден айырушылық ақылға сыймайтын іс еді. Осыны түсінген көзі қарақты зиялы қауым өз пікірлерін көпшілік алдына ұсынды.

Жиырмамыншы жылдардың бас кезінде қазақ әдебиеті жайлы «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Ақ жол», «Жаңа әдебиет», «Шолпан», «Сана», «Темірқазық», «Лениншіл жас» т.б секілді басылым беттерінде қызу пікірталастар болып өтті. Бұлардың ішінде «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан» сияқты ресми басылымдар негізінен большевиктердің көзқарасын қорғады да қалғандары еркін пікір айтып жатты.

Төңкеріс жеңгеннен кейін соң партияның әдебиет жайлы бағыты белгілі бір бағытта болды да сол кезде әдебиет жайлы айтылған пікірлердің барлығында дерлік белгілі бір ғана бағыттың принципі жатты деуге толық болады. Сол кездегі әдеби сынның жалпы сипатын С.Мұқановтың «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылғы 1-інші наурызында шыққан «Қара тақтаға жазылып қалмаңдар, шешендер», «Ақ жол» газетінде 1925 жылы 4 наурызында шыққан «Әдебиет мәселесі», Ж.Аймауытовтың «Лениншіл жас» газетінің 1925 жылғы № 5 санында шыққан «Мағжанның ақындығы», 1926 жылы шыққан Ғ.Тоғжановтың «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыны», 1925 жылы 22 қазанда «Еңбекші қазақ газетіндегі шыққан «Көркем әдебиет туралы марксистдер не дейді? Жүсіпбек не дейді?» мақаласы, С.Сәдуақасовтың 1919 жылы «Трудовая Сибирь» журналының № 1 санында шыққан «Қазақ әдебиеті», 1925 жылы «Лениншіл жас» газетінің 1 санында «Қазіргі дәуір – іс дәуірі», Н.Төрекұловтың 1925 жылы «Темірқазықтың», № 2 санындағы «Сәкеннің «Асау тұлпарына», 1923 жылы шыққан «Темірқазықтың» № 3 санында «Сәкеннің «Тар жол тайғақ кешуіне», жазған пікірлері, Ә.Бәйділиннің «Көркем әдебиет туралы» «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы № 24, 25, 27 сандарындағы мақаласы, С.Қожановтың 1925 жылғы 2 ақпандағы «Ақ жолдағы» «Жақындық па, жалақорлық па?», Д.Бабасұлының «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы 21 мамырдағы «Әдебиет жайынан», С.Сейфуллиннің «Қызыл Қазақстандағы» 1923 жылғы № 16 санындағы «Әдебиет және оның ағындары», М.Әуезовтің «Шолпандағы» 1922 жылы № 2–3 санында шыққан «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі», Ж.Сәрсембиннің «Ақ жолдағы» 1925 жылы 18 мамырда шыққан «Әдебиетте ұлтшылдық қашан қалады?» секілді түрлі тақырыптарға, түрлі ыңғаймен жазылған мақалалардан анық аңғаруға болады. Тіпті, жекелеген шығармаларға жазылған Д.Кәкітайұлының «Санада» 1924 жылы № 2–3 санындағы «Қорғансыздар», С.Сәдуақасовтың «Еңбекші қазақта» 1926 жылы 8 мамырда шыққан «М.Әуезовтің «Бәйбіше-тоқал трагедиясына сын», І.Жансүгіровтің «Тілшіде» 1923 жылы мамырда шыққан «Абай кітабы» сияқты рецензияларының өзінен-ақ концептуальды ойлардың өзегін көреміз.

Көркем әдебиет туралы пікіралысулар қызып жатқан кезде ҚазАПП ұйымы құрылып, оған қарсылар «Алқаның» төңірегіне топтаса бастаған 1925 жылы маусымның 18-күні РКП (б) Орталық Комитетінің «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» арнаулы қаулысы шығып, онда әдебиет саласында да мәдени революция жасау ауқымында партия ұстанған бағытта түбірлі өзгерістер жасауды ұсынды. Бұл оқиға жүріп жатқан әдебиет жайлы пікірталасқа май құя түсті де әдеби сын саяси сипат ала бастады. Төңкерісшілер көркем әдебиеттен таптық принципті қатал түрде талап етті де ұлтжанды қаламгерлер бұл бағытқа барынша қарсы тұрды.

Әдеби айтыстар негізінен әдеби мұраға деген көзқарастан өрбіді де әдебиет дегеніміз не, оның табиғаты, тап ақыны бар ма, ақын кім, ол кімдерден үлгі алуы керек, қазақта таптық әдебиет бар ма, бар болса, оның өкілдері кімдер, қазіргі әдебиет техникамен байланысты ма, қазақ әдебиетінде қанша бағыт бар, әдебиетіміз қай бағытта дамуы керек деген сияқты сан сауалдар төңірегінде қызу таластарға ұласты. Әдеби айтысқа С.Мұқанов, Ә.Бәйділин,

Ғ.Тоғжанов, Қ.Кемеңгеров, Ж.Сәрсенбин, С.Сәдуақасов, М.Дәулетбаев, Е.Алдоңғаров, Екеу, С.Сейфуллин, Ы.Мұстамбаев, Ш.Тоқжігітов, т.б. белсене араласып, пікірлерін ашық білдірді.

Осындай пікірталастың барысында әдебиет қоғаммен бірге дамып отыра ма деген мәселеде «Ақ жол» газетінде Тікеннің № 556, № 558, 571 сандарында, Пошанның № 574, № 576 сандарында «Әдебиет ісіне техниканың керегі жоқ, қиыстырып, кестелей білсең, онсыз-ақ түрленеді, күшейеді». Ж.Аймауытов «Техника (әдіс өнері) мен әдебиет ол ұстасып жүре бермейтін шағы да болады. Әдебиет озып кетуі де мүмкін. Көш бастауға да мүмкін. Қалып қоюға да мүмкін» деген болатын. Осы пікір кейбір ресмилерге ұнамай қалды да, «Еңбекші қазақ» газеті артынша-ақ «Тікеннің мақаласы туралы» 1925 жылы 30 мамырда ескертпе басты. ҚазАПП-тың ұйымдастыру бюросының мүшесі Ә.Байділдин бұл пікірдің дұрыс емес екендігін дәлелдеп «Еңбекші қазақтың» 1925 жылғы № 24, 25, 27 сандарында бірнеше нөмірінде сериялы мақала жазды. Онда «техникасыз-ақ әдебиет күшейеді» деп жаңадан Америка ашқан. Техникасыз әдебиет күшеймейді. Әдебиет күшеюіне түпкі себепкер – техника» деп, қарсы шықты. Себебі «Әдебиет – салт-сананың бір түрі, салт-сананың түпкі сүйеніші – техника».

Әбдірахман әдебиеттің қоғамдағы орны, міндеті жайлы: «Көркем әдебиеттің әлеуметтік өмірде атқаратын міндеті зор. Көркем әдебиет «тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиіп» оқушылардың сезімі мен ойын тәрбиелейді. Көркем әдебиет адамдардың мектеп пен тұрмыс тәжірибесінен алатын білімін бойға сіңіріп, қосымша білім береді» [2] – деген. Автордың таптық позициясы айқын: «қазақты хан билеген, батыр бастаған, би басқарған замандағы» «көркемдік, әдемілік жаулығын бүркенген зиянды әдебиет жұрнақтарынан» [2] сақтандырады. Кезінде Ә.Бөкейхановқа адъютант болған Ә.Байділдин төңкерістен кейін коммунист партиясына өтіп, өлкелік партия комитеті баспасөз бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып жүріп, әдеби сынға белсене араласуы заңды. Бұл сыншының қызмет бабына байланысты да болу керек, пікірлерінде көркем әдебиетті Маркс – Ленин ілімі тұрғысынан түсіндіру жағы басым.

Қазақта төңкерісшіл, байшыл ақын жазушылар бар ма деген пікіралысудың барысында оған қатысушы пролетариат әдебиетін жақтаушылар және оған қарсылар болып, екіге бөлінді.

Ресми орындар әдебиеттің таптығы принципін өмірге енгізу бағытындағы жұмыстарын өрістетіп жатқан тұста Ташкентте шығып тұрған «Ақ жол» газеті әдебиет жайлы пікір алысуды әдебиеттің таптығы мәселесіне қарай бұрып, көптің пікірін білдірді. «Ақ жолда» жарияланған мақалалар негізінен қазақ әдебиетінде тап ақыны жоқ дегенге сайды. Жүсіпбек Аймауытов: «Тап ақыны әзір қазақта жоқ. Бірақ болуға мүмкін. Қазақ жазушылары, ақындары төңкеріске жолдан қосылды. Бір қанаты төңкеріс рухымен суарылса, екінші қанаты ұлтшылдықпен суарылып қалғаны. «Әдебиетіміздің ендігі беті төңкерісшілдік, бұқарашылдық болу керек. Бұрын ояңған ұлт сезімін тұншықтыру емес, тегістік, теңдік жолына икемдеп, дұрыс жүйеге, қалыпқа түсіру болу керек» [3] 1925 жылғы 1 сәуірдегі «Ақ жол» газетінде жазған болатын. Байқап қарасақ, Ж.Аймауытов жазушыларды тапқа бөлуді емес, бұқарашылдықты ұлтшылдықпен айыптау емес, теңдік жолын ұсынып отыр.

1926 жылы күзде С.Мұқановтың «Көркем әдебиет туралы» «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылы 14–15 қазанда мақаласы шығып, жүріп жатқан пікірталасқа жаңа қарқын әкелді. Сол жылдың сәуір айында өткен өлкелік партия комитетінің пленумында партияның бірінші хатшысы Голощекин жасаған «Қазақстанға Кіші Октябрь керек» деген авантюрлық ұсынысын қолдай отырып, жазылған мақала «Кіші Октябрь керек болса, кіші үгіт те, кішкене айғай да керек» – деп, саяси мақсатты көздегені көрініп тұр. Сәбит осыған дейін әдебиет туралы болған пікірталасуларды «Бұл айтыс «сын» емес ұрыс сықылды еді. Бұл жанжалдың арты тиянақты бір мәселеге тірелген жоқ» [4], – дей келіп, «қазақта тап ақыны бар ма?» деген мәселеде «коменес ақындардың бетін айғыз-айғыз қылдық, тап ақынын жоқ қылып шығардық, ұлтшыл ақындарға жол аштық деп ұлтшыл сыншылар жүрді; «тап ақыны бар, ұлтшыл ақындарға кедергі салдық», – деп коменес сыншылар жүрді» [4], – дей келіп, осы мәселенің маңыздылығын, сондықтан да тиянақты шешу керектігін алға тартқан.

Көркем әдебиет туралы айтыс туралы үлкен айтыс қызу басталып та кетті. Бұған сол кездегі белгілі әдебиетшілер, идеология саласында жүрген ұлтжанды азаматтар қатысты. Бір жылдан аса көп уақытқа созылған айтыстың бір жағында бірлі-жарым болмаса негізінен С.Мұқанов болды да қалғандарының дені оның пікірлеріне қарсы шықты. Осы айтыста Сәбит өз ойларын дәлелдеп, «Көркем әдебиет туралы», «Қошкеге жауап», «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім», «Байдың толғағы», «Әркім өзінше ойлайды» деген көлемді полемикалық мақалаларын жазды. Пікіралысуда С.Мұқанов полемикалық мақаланың шебері ретінде көрінді.

Пікірталасуға Ә.Бәйділин, Қ.Кемеңгеров, Е.Алдоңғаров, М.Дәулетбаев, Ж. Сәрсенбин, С.Сәдуақасов, С.Мұстафаұлы, Ж.Орманбайұлы, Ж.Сыздықов, Екеу, Ы.Мұстамбаев, Ш.Тоқжігітовтер қатысып, келелі ойлар білдірді. Бұл айтыс жиырымасыншы жылдардағы әдеби-сыншыл ойлардың өрісін кеңейтіп, жаңа биіктерге шығарған елеулі оқиға болды.

Әлқисса жиырымасыншы жылдардың басында қазақ әдебиетінің даму бағыты қандай болмақ, қазір қандай дәуірдеміз, кімдерден үйренеміз, пролетариат әдебиеті дегеніміз не, ол бар ма деген тақырыптардың төңірегінде басталған пікір алысулар қыза-қыза келе бой бермейтін коммунист жазушылар мен алаш ордашылардың ара жігін ашып, кейінгілердің саяси тұрғыдан қуындалып, әдебиеттен шеттелуіне алып келді. Жекелеген қаламгерлердің бір-бірімен есеп айырылысу жолына айналды. Алғашқы басталған кездегі шығармашылық сипаты саяси рең алып, идеологиялық құрал ретінде «жікшілдік» туралы айтысқа ұласты. Әдебиеттің шығармашылық мәселелері қағыс қалып, қаламгерлерді саяси тексеруден өткізетін идеологиялық сүзгі рөлін атқарды.

Сөйтіп қатты қарқын алған айтыс отызыншы жылдарға жетіп, бірде саябыр, бірде қатты Қазақстан жазушыларының тұңғыш Құрылтайына шейін жалғасты.

Кеңес үкіметі орнап, бұғанасы беки бастаған соң кеңестік бағыттағы жазушылардың басын біріктіріп, оларға социалистік бағыт-бағдарда басшылық жасап, кеңестік құрылысқа жұмылдырып отыратын ұйым қажет болды. Пролетарлық бағыттағы қаламгерлердің саяси-шығармашылық ұйымын құру жөнінде баспасөз бетінде пікірлер жиі көріне бастады.

Ж.Аймауытов «Бөле жарып келеміз, бәріміздің де көздегеніміз бір қазақтың қамы ғой, сондықтан бұқарашыл жазушылар ұйымын құрсақ қайтеді» – деді.

С.Сәдуақасов пен Ғ.Тоғжанов өлкелік партия комитетінде болған жиналыста «Қазақ кеңес жазушылары одағын» құру жөн деді.

С.Мұқанов жасап, кейін қабылданып, істе басшылыққа алынған ҚазААП-тың платформасы он екі тараушадан тұрады. Алғашқы тарауларда сол кездегі дәуірде сипаттамалар бере келіп, билік пролетариат қолына көшкен таптық қоғамда, идеологиялық күрес заманында өмір сүріп отырғаны айтылады. Бесінші тараушадан бастап идеологиялық жұмыстың бір сасласы ретінде әдебиет саласындағы саясатқа тоқталған. «Таптық дәуірде басқа жұмыстар таптан тысқары болмауы сықылды, тап тілегінен тысқары жайлайтұғын әдебиет те болмайды. Тапшыл әдебиет алдымен өз табынын мақсатымен жалпы адамзаттың бағытын көздейді. Соның үшін одақ қазақтың пролетарияты мен қара шаруасының тәрбиелеуге жарайтығұн әдебиетті ғана өркендетуге күш жұмсайды. Жұмыскер мен қара шаруаның жаңа тұрмысқа қарай беттеген беталысына жәрдемдес болмаған әдебиетті керексіз деп табады» – деп ұйымның алдында тұрған міндеттерді айқындап берген.

Платформада ҚазАПП ұйымының басты міндетінің бірі «жұмыскер қара шаруа әдебиетті байлар әдебиетіне қарсы тұрады. Еңбекшілдік бағыттан теріс әдебиетпен күреседі. Соңғы кезде қазақтың байшыл жазушылары өздерінің пікірлерін астарлап, сөздерінің сыртын көбірек сырлап, білгізбей өткізуге айналып жүр» [5, 195], – деп алашордашыл әдебиетпен күреске аса маңыз берген болды. Сыншылардың «байшыларды» соғып өтуі күнделікті дағдыға айналды. Тұзсыз тағамның дәмі кірмейтін болса, өткен әдебиетті, солардың құйыршықтары ұлтшылдарды сынамайынша сынның «сәні кірмейтін» болды. «Отырса опак, тұрса сопак» дегендей, оларды сынау үшін сынаққа сылтаулар табылып жатты. Осындай тырнақ астынан кір іздеген мақаланың бірі А.Михайловтың Ж.Аймауытовтың «Психология және мамандықты таңдау» кітабына жазған «Бір оқулық

туралы» [6] «Советская степьте» 1928 жылы 28 ақпанда жазған рецензиясы болды. Автор кітапқа пікір айтудың орнына алдымен кітаптың сапасыз басылғандығын, соның өзінің пролетарлық идеологияға жат екендігін айта келіп, содан кейін Ж.Аймауытовтың өзіне тиіскен. Ол Жүсіпбекті қанша кітап жазғанымен де оған кітап тасыған мен отын тасыған бірдей, өйткені «есек барлық уақытта есек болып қала береді» [6] – деп, адамдық намысына тиіп, қорлайды. А.Михайлов кітапты талдап, пікір білдірудің орнына, оның авторына тиіскен. Мақаласын «Аймауытовшылық сияқты құбылыстарды құрту керек» [6], деген ұранды сөздермен аяқтаған.

Алда тұрған міндеттер дегенде, қазіргі әдебиетте ұлтшылдардың, жолбикелердің, солақай пролетарлық бағыттағы қаламгерлерді ұйымдастыру, ұлтшыл-байшылдарға қарсы күресі, үйрену мәселелеріне аса мән беріледі. Қазақтың белсенді мүшелерінің бірі С.Мұқанов сол кездегі сыншылардың сынына қанағаттанбай, қалай сын жазу керектігін үйреткен. «Сынауудың әліпбиін» «Еңбекші қазақта» 1928 жылы 20 ақпанда жариялады. «Қазақтан әзірге үлгі алатын күрделі сыншы шыққан жоқ. Жақсылы-жаманды кейбір мәселелерге тиіп-қашып, сын жазып жүрген Бәділдәұлы Әбдірахман», – дей келіп, орыстың Белинский, Плеханов, Воронский, Авербах, Луначарский, Троцкий, Фрише сияқты сыншыларынан үлгі алуға шақырады.

Сәбит Мұқанов «Мен мынадай сын үлгісін көрсетер едім» деп, шығарма «жазылған кезде қоғам тұрмысы қандай еді», «ақын сүйген тап қай дәрежеде тұрды», шығарма «сойылын соғып отырған таптың шындығына жанаса ма?», «саясаттың қандай әсері тиген, түр мен пішін, ақынның өмірді танып түсінуі қалай, ақын еліктесе, еліктеуіне себеп не», «ақын қалай өскен», «тапшылық мәселесі», жолбике болса, «неге жолбике болды» деген сауалдарға жауап беруі керектігін көрсеткен. Мұндағы талаптардың көпшілігі идеологиялық тұрғыдан екендігі көрініп тұр.

1929 жылдың 19 сәуірінде «Советская степь» газетінде О.Исаевтың, І.Құрамысовтың, Ғ.Тоғжановтың, С.Сафарбековтың, О.Жандосовтың, К.Жүсіпбековтың, Ә.Бәділдиннің «Правда» газеті және Мәскеуде шыққан «Әдеби энциклопедияның» редакциясына жолдаған қарсылық хаты жарияланды. Онда энциклопедияның бірінші томына енген М.Әуезов және А.Байтұрсынов туралы жазылған мақалаларда олардың шығармашылықтарына баға беруде үлкен қателіктер жіберілгенін атап өтіп, онымен келіспейтіндіктерін ресми түрде білдірген. Алдымен М.Әуезов туралы энциклопедияда жазылған «Әуезов Семей губерниясында Колчакқа қарсы күресте белсенді түрде қатысты», «Ол – шығармалары нәзік сезімдерді суреттей білуімен, тарихи шынайылығымен ерекшеленетін қазақ әдебиетінің аса көрнекті қазақ жазушысы», «қазақ әдебиетінде тұрмыс мәселесін алғаш рет көтерген суреткер» деген пікірлерге келіспейді. «Бұл – Әуезов шығармашылығын білмегендіктің салдары», – деп өз түзетулерін ұсынады.

1929 жылы желтоқсан айында өткен өлкелік партия комитетінің пленумында әдебиет майданындағы жағдай арнайы қаралды. Пленум «Қазақта пролетариат әдебиеті бар, бірақ ол жас. Қазақтың пролетарлық әдебиетін нығайту және дамыту, оның бүкіл ұлттық көркем әдебиетке жетекші рөлге ие болуы үшін қазақ және шығыс ұлттары коммунистері арасында қазіргі дәуірде пролетариат көркем әдебиетін жасаудың мүмкіндігіне сенбеушілік, күдікпенушілік атаулыны үзілді-кесілді жою керек», – деген қаулы алды.

Қорыта келгенде, жиырманшы жылдардың бас кезінде өкімет басында жүрген Нәзір Төреқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Сәкен Сейфуллин, Смағұл Сәдуақасов сияқты қайраткерлер әдеби сынға белсене араласып тұрды. Сондай-ақ түрлі қызметтерді жүрген Қошке Кемеңгеров, Ыдырыс Мұстамбаев, Шәймерден Тоғжігітов секілді азаматтар әдеби процесте белсенділік танытты. Әдеби сынның ауыр жүгін Ғаббас Тоғжанов, Әбдірахман Бәйділин, Елжас Бекенов, Хамза Жүсіпбеков, Ерғали Алдаоңғаров, Аманғали Сегізбаев, Әбдірахман Айсарин, Құлмырза Өтепов, Әлібек Қоңыратбаев, т.б. көтерісті. М.Әуезов, Б.Майлин, І.Жансүгіров, Б.Кенжебаев, С.Мұқанов т.б. жазушылар да әдебиет майданының қақ ортасында жүрді.

Жиырманшы жылдары көркем әдебиетке қойылған талаптар өте ауыр болды. Жаңа мен ескінің көрінісін қалай жырлау керектігі басты мәселе болды. Жиырманшы жылдардағы қазақ қалам қайраткерлеріне сын да, мін де көбейді. Осы жылдардың басында қазақ әдебиетінің даму бағыты қандай болмақ, қазір қандай дәуірдеміз, кімдерден үйренеміз, пролетариат әдебиеті дегеніміз не, ол бар ма деген тақырыптардың төңірегінде басталған пікіралысулар қыза-қыза келе бой бермейтін коммунист жазушылар мен алаш ордашылардың ара жігін ашып, кейінгілердің саяси тұрғыдан қуғындалып, әдебиеттен шеттетілуіне алып келді. Жекелеген қаламгерлердің бір-бірімен есеп айырылысу жолына айналып, алғашқы басталған кездегі шығармашылық сипаты саяси рең алып, идеологиялық құрал ретінде «жікшілдік» туралы айтысқа ұласты. Әдебиеттің шығармашылық мәселелері қағыс қалып, қаламгерлерді саяси тексеруден өткізетін идеологиялық сүзгі рөлін атқарған жағдайлар да кездесті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Төлегенов Т. XX ғасыр басындағы қазақ әдеби сыны және Ыдырыс Мұстамбаев: филология ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дис. автореф.: 10.01.02 – қазақ әдебиеті / Т.Қ.Төлегенов. – Алматы: [б.ж.], 2007. – 23 б.
- 2 Байділдин Ә. Тікеннің мақаласы туралы // «Еңбекші қазақ». – 30 мамыр, 1925. – №24; 25; 27.
- 3 Аймауытов Ж. Тап ақыны әзір қазақта жоқ // «Еңбекші қазақ». – 4 сәуір, 1925.
- 4 Мұқанов С. Көркем әдебиет туралы // «Еңбекші қазақ». – 14–15 қазан, 1926.
- 5 Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. – Т.11. Өмір мектебі: роман / С.Мұқанов. – Алматы: «Жазушы», 1977. – 475 б.
- 6 Михайлов А. Бір оқулық туралы // «Советская степь». – 28 ақпан

ӘОЖ: 809.43. 434. 2 (5Қ)

ҚАЖЫБАЙ АЯН ТӨЛЕГЕНҰЛЫ
РАХМЕТ ЕРКЕАЙМ МҰСУЛМАНБЕКҚЫЗЫ

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Көкшетау, Қазақстан
yannon-fiction@yandex.kz

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ

Аннотация: мақалада қоғамдық ойлау жүйесінің қуатты көзі мен көсем сөзіне айналған публицистика жанрының тектік тамыры мен даму тарихы, жанрлық және көркемдік ерекшеліктерінің қалыптасу жолдары мен көркемдік әдіс-тәсілдер жүйесі қазақ әдебиеті мен журналистикасының дамуына сүбелі үлес қосқан жазушы, публицист, этнограф Ақселеу Сейдімбектің көркем-публицистикалық мұрасы негізінде пайымдалады. А.Сейдімбектің публицистік шеберлік қырларын ашу барысында публицистің очерктеріндегі өмір шындығын ашудағы батыл көзқарастарының көрініс табуына назар аударылады. Жалпы автордың публицистік шығармашылық даралығына байланысты жайттар қарастырылған

Тірек сөздер: публицистика, этнографиялық, проблемалық, публицистикалық, портретті, оқиғалы очерк, журналистік шеберлік

Қазақ публицистикасының қисыны мен тәжірибесіне арналған еңбектердің көбі кеңестік кезеңде туып, қалыптасқан. Профессорлар Т.Амандосов, М.Барманқұлов, Қ.Бекхожин, Б.Кенжебаев, Ш.Елеукеновтер өз еңбектерінде публицистика туралы толымды пікір-тұжырымдарын айтқан. Қазақ публицистикасының өкілдерін жеке зерттеу нысанына айналдыру үрдісі әсіресе соңғы жылдары қолға алынып, бірнеше монографиялық зерттеулер шоғыры өмірге келді. А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, С.Қожанов, Х.Досмұхамедов, Н.Төреқұлов, Б.Майлин, С.Ерубаев, М.Әуезов, Ә.Әлімжанов, Ғ.Мүсірепов, К.Смайылов, С.Мәуленов, Ш.Мұртаза, Е.Букетов т.б. публицистердің шығармашылығына қатысты ондаған ғылыми зерттеулер жазылды.

Акселеу Сейдімбек шығармаларының басым көпшілігі публицистикалық жанрада жазылған. Сондықтан алдымен публицистика жанрларының табиғатына тоқталсақ артық болмас. Сөз жоқ, кез келген жанр туралы ұғымда белгілі дәрежеде шарттылық болады. Мұндай қасиеттен публицистикалық жанрлар да шет емес. Олай болса, зерттеп отырған тақырыптың мән-мағынасын саралап тануға дәс беретін табиғаты туралы ұғымды орнықтырып алу қажет.

Көркем әдебиеттің жанры ретінде публицистиканың жанрларының төл қасиеті, оның дерекшілдігін (документальность, подлинность) атап өткен жөн. Олай болса, әлеуметтік өмір көріністерін тәптіштеп таңбалаған Шумердің сына жазуларынан бастап, байырғы түркілердің эпикалық сарынға толы тасқашау жазуларына дейін, ортағасырдағы жылнамашыл жазбалардан бастап, бүгінгі жазбалардағы жаңалықтар тасқынына дейін, баршасынан нақтылы бір әлеуметтік ортаның айғақ-дерегін табуға болады. Бұл тұрғыдан келгенде публицистика жанрларының бастау тегін (генезис) тым-тым байырғы замандағы жазба жәдігерліктермен сабақтастырып зерттеудің де қисыны бар. Әрине, бұл мәселе – өз алдына бөлек арна тартатын ғылыми ізденіс саласы. Оның үстіне, публицистиканың бүгінгі қалыптасқан болмысы, мағыналық қасиеті және категориялық сипаты өзінің жанрлық табиғатына жауап беретін материалдар төңірегінде ғана ой өрбітуді қажет етеді. Ал, публицистиканың бүгінгі қалыптасқан болмысы XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы қоғамдық қатынастардың алмасу кезеңімен тұспа-тұс келеді деп айтуға болады.

Уақыт пен әлеуметтік ортаның, адам мен қоғамның «жанды» шежіресі ретінде публицистиканың рухани мәдениет аясындағы мән-маңызы айрықша зор. Бұл тұрғыдан келгенде публицистика қоғамды шыңдайтын, талғамды жетілдіретін мәдени-рухани ықпалды «құрал» деп қарап, оның эстетикалық және ағартушылық қасиеттеріне ғылыми зердемен ден қойып отыру қажет.

Публицистика – ақиқат өмірдің суреті және оның негізгі арқауы – шындық. Публицистикалық шығармада өмірлік фактілер мен құбылыстардың бәрі де бірдей талғаусыз алынбайды, белгілі бір мақсатқа қызмет ететін айғақ-деректер ғана кәдеге жарайды. Қай заман публицистикасы болсын өмір құбылыстары мен оқиғаларды сол дәуірдің әлеуметтік көзқарасы тұрғысынан саралайды. Публицистика да сөз өнерінің үлкен бір саласы. Ол – көркем әдебиетпен бірге туып, қалыптасып, өсіп-өркендеп келе жатқан шығармашылықтың ерекше бір тармағы. Бұл тұрғыдан келгенде, біз зерттеу нысанына алған А.Сейдімбектің шығармалары публицистика жанрларының ішіндегі көркем де мазмұндысы очерк жанры болып келеді. Очерк дегеніміздің өзі – өмірде орын алған шынайы деректер мен құбылыстарды дәл, нақты сипаттайтын, қысқа әрі жедел, көркем публицистикалық жанр. Қазақ әдебиетінде бүгінгі талғам-талап өресіндегі очерктің жанр ретінде пайда болуы, қалыптасуы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алады.

Қазақ халқының этникалық түп-тамыры мен азаматтық тарихы қай дәуірден басталып баяндалса, бұл халықтың әдебиеті мен тілі сол кезден бастау алуға тиіс деген тұжырымдаманы ұстансақ, онда байырғы жазба мұраларды да ертедегі әдебиеттің қайнар көзі ретінде қарастыруға әбден болады.

Публицистикалық очеркте материалға ерекше әлеуметтік, саяси тереңдік бере отырып, публицистикалық бастама негізгі орын алады. Публицистикалық очерк өмірді көрсетуде қарапайымдылыққа, келтірілген суреттің қоғамдық ойын мазмұндауға бейім, мұнда образдық жүйе екінші орынға қойылады. Публицистикалық очеркке Т.Б.Дырысов былай анықтама береді: «Публицистикалық очерк – әлеуметтік-саяси құбылыстардан, өнеркәсіп пен ауыл-шаруашылығының, мәдениеттің түйінді мәселелерінен келелі ой қозғау, пікір айту үшін таптырмайтын форма. Очеркист оқушылармен сыр шертеседі, ой мен сезім арқылы өз дәуірінің тынысын оқушыға жеткізуге тырысады» [1, 91], – дейді. Сонымен публицистикалық очеркте ойлау, сараптау, толғау басты рөл атқарады. Өз пікірінің шындыққа сай екендігіне оқырман көзін жеткізу үшін жазушы сұрақтар қоя отырып, оған жауапты өзі қайтарып, болған оқиға дәйектерін суреттейді. Мұнда сюжет емес, публицистикалық тапсырма ұйымдастырушы элемент болып саналады. Өмірдің әр қырын

автор көкейіндегі сұрақпен байланыстыра отырып, шығармадағы публицистика әрқашан бірінші орында тұрады.

«Публицистикалық очеркте автор әлдеқайда кеңірек көсіле алады, оқушысының санасы мен сезіміне бірдей әсер етуге тырысады, оқушымен тікелей әңгімелесіп, шүйіркелеседі, өзі суреттеген картина турасында ойласуға шақырады» [2, 19], – дейді 1962 жылы № 3 санында шыққан «Қазақ баспасөзі» бюллетені журналындағы мақалада.

Адамның қолымен жасалған өнердің ішіндегі ең өміршеңі әдебиет десек, әдебиет жанрларының ішіндегі сан-салалы мол мүмкіншіліктерге ие, өмір болмысына артық бояу жақпай, шындық шеңберінде нақты да дәл суреттейтін очерк жанры десек қателеспеспіз. Қазақтың тарихын, әдебиеті мен мәдениеті, әдет-ғұрпы мен салт-санасын, тілі мен ділін қарапайым халыққа таныту мен насихаттауда очерктің атқарар рөлі айрықша. Очеркке қойылар талап – нысанасы дәл, мағлұматтары айқын, нақты өмірде болған оқиғалар тізбегінен тұратын, сол оқиғалар белгілі дәрежеде дәлірек бейнеленетін, қатысушылары өмірде болған адамдар. Сонымен қатар очерк жанры бейнелі түрде елестете баяндау және бейнелі хабарлау функцияларын да атқарады. Очерктің өзге жанрлардан тағы бір ерекшелігі – жиі өзгерістерге ұшырап, әр дәуірдің талабына сай бейімделіп отыратын қасиетке де ие. Очеркте де бейнелеу, көркемдеу құралдары кеңінен пайдаланылады, белгілі бір идеяны көркем де әсерлі етіп жеткізуде таптырмайтын құрал деуге болады. Очеркші туындысының пәрменді, жақсы болуы үшін әлеуметтік, мәдени, саяси қырағы болуымен қоса сол кезең ағымына сай тақырып таңдай білуі аз, жазылатын очерктің композициялық құрылымы, сюжеті, тілдік, стильдік құралдары үйлескен жағдайда ғана шығарма шеберлік шыңына көтеріледі. Академик М.Қаратаев очерк жанры туралы былай дейді: «Қазақ әдебиетімен бастан бірге жасасқан көркем публицистика әр кез өзінің елгезек, ұшқыр, алғыр, өскелең жанр екенін танытты. Мұның түп тамыры алыста, туысқан орыс әдебиетімен ұштасып, жалғасып жатыр. Очерк пен публицистика қай кезде болмасын әдебиеттің алғы шептегі барлаушысы, тыңнан жол салатын, жаңа тақырыптардың көзін ашатын жаңашыл жасағы, жауынгер құралы. Әдетте жақсы, көркем очерктердің құятын үлкен арнасы – үлкен проза» [3, 10]. Ал академик З.Қабдолов: «Шағын эпостың әңгімеге жақын тұрған бір түрі – очерк. Бұл да қысқа көлемді шығарма. Мұнда да үлкен шындықтың кішкене бір бөлігі, өмірінің аздаған эпизоды нәрлі тілмен әртүрлі суреттер арқылы шебер тартымды бейнеленуі тиіс» [4, 322], – дейді.

А.Сейдімбектің шығармашылығында елеулі орын алатын жанр очерк жанры. Публицист очерктеріне жалпы қазақ очерктерінің пайда болу, қалыптасу жолымен сабақтасып жатқан шығармашылық айғақ тұрғысында зер салуға болады.

Өмірмен ілісіп отыратын очерк жанры 1970-жылдары да дәуір туғызған жаңалықтарды, жақсы адамдарды ел-жұртқа таныстыру мақсатында көп міндеттер атқарды. Сол кезеңдегі қазақ очеркінің басты зер салған мақсаттарының бірі – алып істер мен елеулі оқиғаларды дер кезінде өз оқырманына жеткізіп, жаңа қырынан көрсету болды. 1970-жылдары көптеген қазақ жазушылары очерк жанрында қалам сілтеп, сол кезең адамдарының рухани жан дүниесі, бүкіл болмыс-бітімі, ой-өресін осы очерктер арқылы танытуға талпыныс жасады. Бұл бір жағынан сол очеркшілердің қоғамдық-әлеуметтік, әдеби-эстетикалық көзқарастарын кеңінен танытса, екіншіден, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге септігін тигізіп отырды.

А.Сейдімбектің 1970-жылдары жазған очерктері қазақ халқының өмірінде болып жатқан сан қилы оқиғалар, заманның рухани көркі туралы болып келеді. Публицист ретінде өз кезеңіндегі өмірдің өзекті мәселелеріне үн қосып қана қоймай, журналистиканың күрделі жанрларының бірі – очерк жазуда да өзінің білімділігін, әдеби эзірлігін байқата алған талант иесі.

Автордың журналистік шығармашылығындағы назар аударатын, рухани мұра ретінде қабылдап, қызығып оқитын бір саласы – оның тарихи-әлеуметтік мәселелерге байланысты жазған публицистикалық шығармалары дер едік. Автор публицистикалық очерктерінде алған тақырыбын терең зерттеп, көрген, білген, көкейіне түйгендерін оқушысына ұсынып отырған.

Публицист ойынан туған әрбір очеркі өз заманының толғағын толғап, қазақ елінің көкейкесті мәселелерін алға тартуға арналып отырған.

А.Сейдімбек очерктің барлық түріне қалам тартқан, соның ішінде этнографиялық, проблемалық, портретті, оқиғалы очерктерінің шоқтығы биік және мәні терең шығармалар деуге болады.

Жазушы очерктерін талдау барысында жазушы шеберлігінің негізгі үш қырына тоқталуды жөн көрдік. Олар: деректерге тіл бітіру өнері кез келген публицистік шығарманың жүрегі – факті десек, фактілерді «сөйлетуге» келгенде суреткер ұтымды тәсілдерді тыңнан тауып қолданады. Бұл тұжырымға дәлел ретінде оның – «Кеніш» кітабын алсақ та жеткілікті. Бұл кітапта автор Қарағанды тарихы мен жетістіктерін айғақтайтын нақтылы деректерді тізбектеп жеткізбестен, оны кейіпкерлердің аузына салуды жөн көреді.

Осы тұста жалпы шығармашылық қызметін публицистикадан бастаған А.Сейдімбектің өзіне тән жазу мәнерінің бет-пердесі ашылады. Жазушының қашан да көлемді деректі әдеби шығармаға барар жолда сол тақырып төңірегінде бірнеше көркем очерктер мен мақалалар жазатындығы. Автордың публицистикалық жанра жазған еңбектері алдымен баспасөз бетінде жарияланып, кейіннен әртүрлі жинақ болып жарық көріп келген. 1979 жылы шыққан «Кеніш» [5] кітабын кезінде оқырман қауым жылы қабылдаған екен. Оған баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар дәлел. Жазушының бұл кітабындағы очерктерінің өзегі – өмірлік қым-қиғаш оқиғаларды жедел таразылап, саралап, сыни көзбен ақиқат безбеніне салып игеруге күш-қуат жұмсағаны айғақ. Бұл кітапта өсіп-өркендеген Қарағандының тарихы мен жеткен жетістіктері, жарқын болашағы туралы кеңнен толғанады. Сол кезде Қарағанды Кеңестер Одағы бойынша кен өндіруден үшінші орын алғаны, республикадағы ең ірі өндіріс ошағы болып отырған орта екендігі нақты дәлелдер мен дәйектер арқылы жеткізіледі. «Ғылым мен білім ордасы» деп аталатын бөлімде сол кездің өзінде Қарағанды өңіріндегі студенттер мен оқушылардың саны үш жүз мыңнан асатыны, олар үшін терең білім беретін жеті жоғары оқу орны мен жиырма төрт арнаулы орта білім беретін білім ошақтары қызу жұмыс істеп жатқаны кеңінен әңгімеленеді. Қаладағы жоғары, орта білім беру орындарында мыңға тарта ғалымдар еңбек етіп жатқанын нанымды суреттеледі.

Жазушы көркем очерктің негізгі нысанасы етіп өмір, өмірді алға апарушы адамдар туралы жазады. Ол кезде жазылған көркем очерктерінің негізгі тақырыбы – еңбек адамдарының қалыптасу процесі, өздерін өмірдің, дүниенің иесі деп таныған идеясы әр саладағы адамдардың образын бейнеледі. Баспасөз беттерінде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, сол кездегі идеологиялық жұмысты, мәдениет мәселелері, ғылым, бесжылдық жоспарларының орындалу жолындағы істері төл тақырыпқа айналды. Бұл кезеңде көркем очерк едәуір адым жасап, дәстүр тұтуға тұрарлық көркемдік табыстарға қол жеткізді.

«Қарағанды саңлақтары» аталатын бөлімде Саймак, Тәттімбет, Дайрабай, Баубек, Қыздарбек, Әбді, Әшімтай, Мәди сында күйші-орындаушылар Құлтума, Қақпан, Кенішбай, Айна, Зейнеп, Шашубай, Исабек т.б. талай ақындар мен шешендердің өмірі мен шығармашылығы туралы сыр шертіледі. Сонымен қоса, қазіргі Қарағандыда өнер көрсетіп көпшілік көңілінен шығып жүрген әнші, күйші, композиторлар туралы да айтылады.

Осы бөлімде академик Әбілқас Сағынов туралы очерк «Ақ тілеудей ақша қар жауған күн еді» деп аталып, ғалымның алғыр ойы мен адамгершілігі, ғалымдық, ғұламалық жолы туралы терең сыр шертеді. Кеңес Одағының батыры Нүркен Әбдіровтің анасы Бағжан апай туралы «Батырдың анасы» атты очеркте де ана туралы шынайы, жылы мағлұматтар беріп қана қоймайды, қоғамда ана орны мен ролін кең түрде сөз етіледі.

Қазақ әдебиетінің басқа жанрлары сияқты кеңес дәуірінде, әсіресе, 1960–1980 жылдары очерк жанры сан жағынан да, сапа жағынан да ілгері адым жасады. Очерктің жаңа түрлерін өмірге әкелу, оның көркем түрінде өмірдің ақиқатын жинақтап, қорыту – осы кезеңдегі очерк нұсқаларына тән сипат. Қазақ халқының білімге, ғылымға құлаш сермегенін, мәдениетке кенелгенін жинақтап көрсететін көркем очерктер де осы кезең еншісіне тиеді. Бұл тұста

қазақтың дәстүрлі музыка өнері мен оның тұлғалары, дәстүрлері туралы шығармалары – көпшілік түсінетін, жатық тілмен жазылған ғылыми-танымдық мәні бар еңбектер.

Жазушы Ақселеу Сейдімбектің «Серпер» атты кітабы 1982 жылы жарыққа шыққан. Бұл кітабы туралы Е.Шәймерденов: «...жазушының жаңа кітабы – «Серпер» де сәтті дүние. Ол автордың публицистік қырынан кең танытады. Ең алдымен, «очерктер және деректі әңгімелер» деп айдар тағылған бұл кітапта тәжірибелі журналистің әр кезде жазғандары жайлы жай ғана жинақтала салмаған. Олар тақырыбына қарай топталып, кітаптың үлкенді-кішілі үш бөлімін құрайды» [6], – деп баға береді. Шындығында да бірінші бөлімде республика тарихында орны бар Қарағанды өлкесі туралы, ондағы Қазақстан Магниткасының жағдайы, Ертіс-Қарағанды каналының жайы мен Екібастұз энергетикалық кешенінің құрылысы туралы, осы жасампаздық әрекеттердің адамдардың санасына қалай әсер етіп жатқандығын кеңінен әңгімелейді. Екінші бөлімде есімдері елге танымал адамдар туралы сыр шертеді. Бұл бөлімде көбінде еңбек адамдары туралы портреттік очерктерге орын берілген. Үшінші бөлімде ғылым мен өнер адамдарының парасатты пайымдаулары мен проблемалық пікірлері келтірілген. Жинақта негізінен оқиғалы, портреттік, проблемалық очерктер баршылық. Соның ішіндегі «Сонар» оқиғалы очеркке жатады және кең тынысты кеніштегі құрылыс атаулыға жастардың жиналуы, ондағы алғашқы шойын алу оқиғасы қызықты баяндалады. Очерктің сюжеті жас жұмысшының еңбек жолын бастауы мен Қазақстан Магниткасының туған күнімен тарихқа енуі. Кітаптағы «Алғашқы адамдар» мен «Қарлығаштар» тың төсіндегі өркенді өзгерістерге, қой шаруашылығында істейтін жастардың алғашқы қадамдарына арналған. «Ат шаба ма, бап шаба ма?» деген проблемалық очеркте қас жүйрікті тану мен оны білгірлікпен баптаудың қиындықтары, республикамызда ат спортының кенжелеп қалуы туралы. Автор бұл проблемадан шығудың жолдарын іздестіреді. Бүгінгі ат спортын ұлттық ойындармен байланыстыра қарауды, бұрынғы ата-бабаларымыздың бай тәжірибесін пайдалана отырып, атбегі, бапкер ақсақалдардан үлгі-өнеге ала отырып, тәжірибелерін қабылдау туралы нақты ұсыныстарын айтады.

Бұл жинақтағы портреттік очерктерге көп орын берілген. Соның ішінде түйеші Қ.Ерболғанов («Ойсылқара»), Ш.Ынтықбаев («Өмір, мен саған ғашықпын»), дихан В.А.Дитюк («Тың тарланы»), академик Ә.Сағынов («Ақша қар жауған күн») және күйші Шәміл Әбілтаев туралы («Шәмілдің Шайтанкөлі») жазылған портреттік очерктерде бұл кейіпкерлер бөлекше болмыс-бітіммен, өзіндік характерлерімен суреттелген.

А.Сейдімбек шығармашылығын бажайлай зерттеп үңілсек, қазақтың дәстүрлі әдебиеті, музыкасы, бейнелеу өнері, қол өнері, сахна өнері, сәулет өнері, экологиялық мәдениеті, моральдық-этикалық ахуалы туралы очерктерді өндірте жазып, әдебиет жанры саласына мол үлес қосқандығын айту артық болмас.

Қорыта айтқанда, А.Сейдімбектің көркем очерктерінде көркемдік құралдардың рөлі ерекше, өмірлік шындықты жан-жақты, терең ашып көрсетуде септігін тигізетін көркемдік элементтерді орынды пайдаланған. А.Сейдімбек қаламынан туған көркем очерктер тарихтық тұрғыдан да, таным тарапынан да маңызды және әдеби-мәдени мүлкіміздің ажарлана түсуіне үлес қосқан деуге болады.

Қазақ көркем очерктерінің түрлері жаңарып, жаңғырған уақытта өмірге келген автор шығармаларында бұрынғыдай тек автор атынан баяндау азайып, очерк оқиғасын баяндау тәсіліне жаңа өзгерістер еніп, бірде бас кейіпкер, бірде күнделік, бірде хат түрінде жазатын үлгілер де кездеседі.

А.Сейдімбек көркем очерктеріндегі образ жасау тәсілдері, көркемдік құралдар мен суреттеу, бейнелеу құралдары өзгергені байыпталып, автордың тақырыптық жүйелері, сөздік қоры, сөйлем құраудағы амал-тәсілдері, ой өрнектілігі, көркемдеу құралдарын қолданудағы үйлесімдері, алдағы уақыттағы өсер, өркен жаяр дәстүрі де кеңінен қарастырылды.

Автор очерктеріндегі өмірді көркем нақышпен бейнелеуі, образдылық, портрет, сюжет, композиция, пейзаж, диалог т.б. шығармашылық ізденістер жан-жақтылығымен ерекшеленеді.

Жазушының көркем очерктеріндегі өмір шындығы, жазушы қиялынан туған, өмір шындығынан қорытылып алынған типтік образдар мәселесі, очерктегі кейіпкердің ішкі жан-дүниесі, көркем очерктегі жазушы немесе очеркшінің ізденістері, мұраты, ойы бір-бірімен жалғасып жатқан тұтас тарап екені де ескерілді.

Автор негізінен көзімен көрген, зерттеген оқиғаларын, өмірдің нақты дәйек-айғақтарын ала отырып, осы құбылыстарды, оқиғаларды шығармашылық елегінен өткізіп барып очерк жазғанына көзіміз жетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Бідырысов Т. Шеберлік бастауы. – Алматы: «Мектеп», 1984. – 240 б.
- 2 «Қазақ баспасөзі» бюллетені. – № 3, 1968.
- 3 Қаратаев М. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: «Жазушы», 1974. – 357 б.
- 4 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Мектеп», 1976. – 219 б.
- 5 Сейдімбек А. Кеніш. – Алматы: «Жалын», 1979. – 240 б.
- 6 Шаймерденов Е. «Серпер» туралы сөз // Коммунизм нұры. – 10 маусым, 1983

ӘОЖ: 821.512.122

ҚАЖЫБАЙ АЯН ТӨЛЕГЕНҰЛЫ
ОРАЗҒАЛИ НАЗЕРКЕ ТӨКЕНҚЫЗЫ

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Көкшетау, Қазақстан
yannon-fiction@yandex.kz

ЖАМБЫЛДЫҢ СУЫРЫП САЛМАЛЫҚ (ИМПРОВИЗАЦИЯ) ӨНЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПОЭТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

Аннотация: мақалада XIX ғасырдың екінші және XX ғасырдың бірінші жартысындағы әдеби процесі жетекші ықпалды орын алған дәстүрлі ауызша авторлы поэзия алыбы – Жамбыл Жабаевтың (1846–1945) поэтикалық әлемі қазіргі заманғы әдебиеттану қисындары аясында жаңаша қарастырылу барысында, Жамбылдың лирикалық-дидактикалық өлеңдерінің, айтыстарының және дастандарының ұлттық сипаты, көркемдік ерекшеліктері ғылыми-теориялық тың тұжырымдармен байыпталған. Ақынның шығармашылық әлеміндегі көркемдік тұтастығын, Жамбылдың суырып салмалық өнерінің психологиялық-поэтикалық табиғатын, шығармашылығындағы ұлттық-этнографиялық болмыс және көркемдік ерекшеліктерін егжей-тегжейлі ашып, эстетикалық танымдарын, ой тереңдігін, сөйлеу тіліндегі шеберлігін арнайы зерделеу – мақаламыздың негізгі мақсаты болып табылады.

Тірек сөздер: поэтикалық әлем, суырып салмалық өнер, ұлттық-этнографиялық болмыс, эстетикалық таным, ақпа-төкпе ақындық, Жамбыл дәстүрінің ақындық мектебі

Халық өнерінің ежелгі замандарда қалыптасқан үлгілері өнер тұтастығына негізделіп жасалғаны мәлім. Халықтың ортасындағы жекелеген дарынды, талантты тұлғалардың алуан түрлі өнер түрлерін біртұтас жинақтай меңгеруі де дәстүрлі құбылыс болып қалыптасады. Халық әдебиетіндегі лирикалық, эпикалық шығармалардың авторлық нақтылықпен жасалуы ұжымдық сипаттарға ауысқанда да жаңғыра сақталуында үнемі сол әуелгі ежелгі қалыптасуындағы өнер тұтастығы, сипаты ұмытылмаған.

Жамбыл – қазіргі әдебиеттану ғылымындағы жаңа көзқарастармен тиянақтала тұжырымдалған ғылыми саралаулар аясында танылған ақын. Қазақ әдебиетінің тарихында авторлық тұлғасы сақталып, ауызша жасалып, дүниеге келген туындылары өзгерістерге ұшырамай сақталып келген тұлғалардың мұраларын қазіргі уақытта «Жыршы ақындар поэзиясы» тіркесімен атаймыз. Академик З.Ахметовтің осы мәселенің жаңаша қорытындыланған пікірін біз өз мақаламыздың арқауына аламыз: «Жыршы ақындар поэзиясы – ауыз әдебиеті дәстүріндегі ақындық поэзия, қазақ әдебиетінде

бірнеше ғасырға ұласып келетін поэзиялық өнердің үлкен арнасы. Бұл термин шартты түрде жазба әдебиеті және ауыз әдебиеті деген ұғымдардан ажыратылып алынып отыр. Жыршы ақын дегенде жазба әдебиетінің өкілі жазушы, ақын екеуін бөліп қарау жағын құнттау үшін керек» [1, 99].

Жамбыл – суырып салма ақын. Суырып салмалық өнердің табиғатындағы ауызша айтылып, төгіле жырланып тұрған шығармалардың тақырыптық-идеялық, композициялық тұтастығы, жанрлық пішіні көркемдік-стилдік жақтарынан жымдаса, өріле қосылып, туындыға тән көркемдік қасиеттер биігінен көрінуі – ерекше дарындылықтың, таланттылықтың жемісі. Сондықтан, Жамбылдың ауызша жыршы ақындық өнері туралы өзі жырлағандай дара шығармашылық шынайы қалпын танимыз.

Жамбыл – халық әдебиеті үлгілерін жасаушылардың дәстүрлі өкілдерінің бірі. Өзінің бойындағы туа біткен табиғи дарынын, қабілетін елдің ортасында танытқанынан кейін, ол халықтық мәдениеттегі жан-жақты өнерпаздық болмыс бітімімен ерекшеленеді. Жамбылдың күнделікті қарым-қатынастардың өзінде өлеңмен сөйлейтіні, қанатты, ұшқыр ойлы тіркестерді қолданатыны, домбыра әуені мен өлеңді сөзді қосыла өретіні – ақындық шабыт нәтижелерін бірнеше синкретті өнер қосындылары арқылы дүниеге әкелетіндігін дәлелдейді.

Жамбыл – халық тарихының, тұрмыстық-салттық дәстүрлерінің асқан білгірі. Ол – көкірегі ояу, көзі ашық дана ойшыл. Халқының материалдық және рухани мәдениеті тарихындағы этностық-этнографиялық қазыналарды жетік білетіндіктен, өлеңдерін шығарғанда сол мол деректілік байлығы көркем сөзді жыр кестелерімен өріледі. Халқының пайда болуы, қалыптасуы, дамуы тарихындағы елдің ата-тектік жүйесі, тұрмыс-салттық дүниетаным сырлары, еңбек, шаруашылық кәсіптеріне байланысты дәстүрлер, ата-бабалық тәңірілік, бақсылық наным-сенімдер және т.б. мәселелер Жамбыл жырларының халықтық өнер дәстүрлері синтезі жағдайындағы мазмұнын байқатады. Ақынның суырып салмалығы, жыршылығы – әлемдік мәні бар әдеби-фольклорлық құбылыстардың бірі. Осы мәселелерді жекелеп пайымдау арқылы оның шығармашылығының жаңа сырларына қанығамыз.

Жамбыл ақындығының негізгі сипаты – ауызша ақындық. Домбырамен сырласа, соның үнінен шабыты қоза, жыр тасқынын селдететін Жамбыл ақындығын оның өзінің жырларындағы сөздері де дәйектей түседі:

*«...Сия-сауыт, қаламсыз
Дәптер, кітап, қағазсыз,
Ой қозғаған домбыра,
Болған кезде Жамбылдың,
Домбырамен жазуы,
Жырланып еді осы жыр
«Жырламайын!» – десем де,
Ел тілегі қоймайды» [2, 196].*

Ауызша ақындықтың суырып салып айтатын сәттерінде тыңдаушылардың ынтасына, ықыласына байланысты болатын алғышарттар бар. Жамбыл дәстүріндегі ауызша ақындық өнердің негізінде қиял мен шабыттың тоғысуы, өнер иелерінің адамгершілік, имандылық ұялаған мінез-құлқы, азаматтық мұраты – бәрі де шешуші қызмет атқарады.

Ұлы суреткер М.Әуезов «Жамбылдың айтыстағы өнері» мақаласында: «...кейін Жамбылдың әлемге даңқын шығарған ұлы жырларына бұрынғы айтыс ақыны болған өнерінің жалғасы, қатысы бар ма?» дей отырып, Жамбылдың ақпа-төкпелік, суырып салмалық өнерін туғызған жырларының шағын шумақты түре қайымдық айтыстарынан үлкен сүрелі айтыстарға өскенін сипаттайды. Айтыс

үстіндегі шабыт қозу психологиясының Жамбыл ақындығындағы көркем тілді реалистік, сатиралық бояулы әртүрлі жанрлық үлгілерді жасай алатын шеберлігін дәлелдейтінін атап көрсетеді: «Мұндағы Жамбыл гротеск, шарж, мысқылдың неше атасын тапқандай. Қадалған жерінен қан алмайды, жан алады. Мазағына ілінгеннің басына қарай қаптағанда, қатты соққан құйындай, үзігін, туырлығын желпілдете түңлік ұшыра соқтығып, ыршытып түсіреді. Оқтай өтімді күлкі табады. Бұл ретте әр теңеуінің өзі, жай ақынның жайшылықта күн толғанса таппайтын, аузына түспейтін дөп теңеулер болады. Сондай ызалы сайқымазақта, әжуада, мысқыл, қалжында Жамбыл тапқырлығы елден ерек. Жамбыл «Өлең не күлдірмесе, не жылатпаса – өлең емес нәрсіз сөз, зәрсіз оқ есепті» дейтін. Сол сипатының бәрі Жамбылдың өзінде бар еді. Жамбыл суретші болса шарждың, пьеса жазушысы болса комедияның, гротесктің барып тұрған шебері болар еді» [3, 177]. Демек, өмір бойы күнделікті тұрмыстық тұтас мазмұнында ұйқасты сөз тіркестерімен бейнелі мағыналы, астарлы ойлы ақ өлеңдік әуезді шешендік кестелерімен төгіле сөйлеп, ағыла жырлап өткен жүз жылдық ғұмыр иесін баураған қуат-шабытты көңіл-күй. Жамбылдың импровизациясы, суырып салма, ақпа-төкпе ақындық шабыты көңіл-күйден қуат алып, салмақты, жүйелі ой мазмұнын, әрине, бейнелі сөз тіркестерімен өрнектейді. Ақын қандай көлемдегі өлең болса да сол сәттегі өзіне тән шығармашылық шабытты қалпын сезімінің әрқилы толқыныстарымен буырқанған, бұрсанған деңгейінде танытады. Осындай шабыт бұған сәтіндегі өзінің романтикалық тұлғасын өлеңдеріндегі бейнелі оралымдар арқылы шынайы суреттейді. Мысалы, кейде ақын өзін және ақындық күшін жаратқан осынау ғажайып тіршіліктегі табиғаттың дүлей құбылыстарына (таудың биіктігі, өзеннің ағысы, желдің соғуы, жаңбыр, найзағай, арыстанның ақыруы және т.б.) баламалайды: «Сөйлесем өлеңімді түптен бермен, Құйылар сөз нәсер көктен, жерден, Үстіңе жайдың оғын жайлатармын» (Жамбыл мен Құлмамбет айтысынан); «Дауысым аққан судың сарынындай», «Мен сөйлеймін адырдың ішіндей боп» (Жамбыл мен Сарбас айтысынан); «Енді Жамбыл сөйлейді, ескен желдей гүлейді», «Өлеңнің дария кенімін», «Еділ менен Жайықтай зырқырап Жамбыл сөйлесін, өрге жүзген қайықтай», «Еңсеңді үзіп кетермін, аспаннан түскен жасылдай» (Жамбыл мен Шашубай айтысынан); «Толқындай сөзді сапырып, арыстандай ақырып», «Нажағайдай сөзімді, жарқылдатсын алдыңда», «Өлеңмен шын тасысам, ағып бір жатқан селдеймін» (Жамбыл мен Досмағамбет айтысынан).

Жамбыл суырып салма, ақпа-төкпе ақындық шабыт буып, жыр төгетін сәтіндегі адуынды қалпын кейде батырдың, бес қарудың қаһарлы кейіпіне баламалайды: «Мылтықта түтеп тұрған мен бір пестон» (Құлмамбетпен айтысынан); «Шын қызсам сөзім – жалын, домбырам – найза, құрсаулы сауыт болар маған шекпен» (Досмағамбетпен айтысынан). Кейде ақын өзінің жеті қабат көкке ұшқандай, бәйгенің мәңгі алдын бермейтіндей қуатын пырақ, тұлпар ұғымымен береді: «Құйындай көкке шапқан мен бір пырақ» (Досмағамбетпен айтысынан); «Ағыным ақбоз аттың арынындай», «Бәйгі атынан кем емес, екпіндесе шабысым» (Сарбаспен айтысынан).

Ақындық тіл – өрнекті, әсерлі бейнелі сөз қолданысы. Жамбылдың әсемдік сезімі толған көкірегінен шыққан сөздерінің қуатын бейнелеулері аса сәнді де мәнді, мүлдем тың қолданыс: «Ал, Жамбылдан сөз шығар, асылдан ұшқан қылаудай», «Нар кілемнің түйіні» т.б. Немесе, өзінің ақындық сөз қуатының психологиялық әсерін, қуатын мейлінше ықпалды, әсерлі бейнелеумен береді:

«Айтулының бірімін

Нар кілемнің түгімін.

Қызыл тілін безеген,

Найзасын тасқа егеген!

Алды артыңды буамын

Сені асырмай кезеңнен!» (Шашубаймен айтысынан) [2, 152].

Суырып салма, ақпа-төкпе ақындық шабытының қозуы – ұлы Жамбылдың қартайға шағында да сөнбеген құбылыс. Мысалы, 1921 жылы бір тойда Нұрила есімді 25 жастағы ақын келіншекпен

Кенен, Үмбетәлі, Бармақ есімді ақындар айтысады. Бәрінен басым түскен сол ақын әйел тыңдап отырған ұлы Жамбылдан төрелік-қазылық сұрайды. Айтысты тыңдап отырған Жамбылдың да делбесі қозып, әуелі үш ақынды да Нұриланың жеңгенін айтады да, өзінің де айтысқысы келіп отырғанын білдіреді. Бұл – сөз сайысы майданын көріп сол майданның жеңімпазымен ақтық жекпе-жек шайқасына ынтыққан шабытты көңілдің аласұра алабұртуы. Жетпіс бестегі жыр тұлпары Жамбыл жиырма бестегі жұлқынған Нұриланың үш ақынды сайыста даусыз жеңгенін «Жүйрік озды жүйріктен құлаштаған» деп бағалайды. Өзінің де шабыты қозған ішкі психологиялық алапат сезім бұлқыныстарының қуаты жан-жүйесінің еркін билеп шыдатпай тұрғанын еріксіз білдіреді:

«Ерден басып екпінді жолың озды,

Өлеңінің көбісі шілдей тозды.

Шапырашты мен Жамбыл «Қарасайлап»

Ұмтылғанда үстіңе перім қозды.

Күнжыңдап домбыраға менің арқам,

Аузымнан ақтарылды өлең дарқан» [2, 165].

Жазушы И.Г.Эренбург Жамбылдың суырып салмалық өнері табиғатына тәнті болған әсерін эстетикалық таным тұрғысынан бейнелейді. Ежелгі замандық ұлы жырау-ақын Гомердің дәстүрлі жалғасы жағдайындағы ақын тұлғасына баға беріледі: «...алғаш көргенде Жамбылдың түрі, түсі көзіме көне жыр жазылған папирус қағазындай көрініп кетті. Тірі адам емес, кәдімгі мәңгілік жыр жолдарын жазған папирус қағазына соншама ұқсаған. Папирус өте ертеде перғауындар әулеті қағаз ғып тұтынған қамыстың мықты түрі... Хатшысынан: «Сонда бұл шал өлеңсіз *С* *Ө* *З* сөйлемей ме?» – деп сұрадым. Хатшысы: «Тамақ ішкісі келсе, жатқысы келсе, сыртқа шығам десе, әдеті сол, домбыраға қосылып өлең ғып айтады. Қара сөзбен тілдеспейді», – деді. «Қара сөзді ұмытып қалған ба, сонда бұл шал?» – деп сауал қойдым. «Ұмытып қалған», – деп жауап берді хатшысы. «Қайран қаламын, баяғы өлең сөздің ұйқасы, ырғағы, оралымы мына ақынның қанына сіңіп кеткен», – деп тұжырамын» [4, 45]. Демек, Жамбыл – өмір бойы көңіл-күйінің сан сырлы ояныстарында сілкіне тұлғаланған табиғи бітімі ғажайып жаратылыс иесі.

Жамбылдың шығармашылық тұлғасы – тұтастай суырып салмалық өнер құдіретінің көрінісі. Ішкі жан дүниесіндегі қайнап жатқан толғанысты ойлардың жарыққа шығу сәттері – жарқылдаған ұшқындары, алаулаған оттары, тұтас қызуы бет қаратпас бейне жанартаудай әсерлі. Сыншыл да өткір, бейнелі оралымдарымен өрнектелген астарлы философиялық тұжырымды толғаныстардың тереңдіктері, замандық құбылыстар мен адамдардың алуан сырлы келбеттері – бәрі де ақын жүрегінен атқылаған жыр жанартауының өмірдің найзағайлы аспанымен астасқан суреттер! Демек ұлы Жамбылдың суырып салмалық ақындығындағы сөзді де сазды да тұтқиылдан айтатындығы – оның ішкі жан жүйесіндегі бұлқынып, толықсып қайнап жатқан қат-қабат ойларының қабаттаса, тізбелене атқылауының жүйелене жырлауының көрінісі. Жамбылдың философиялық әуенді толғауларының да, сыршылдық бояулары қалық лирикалық және сыншылдық тілі өткір сатиралық өлеңдері де, айтыстарының да, эпикалық дастандарының да – бәрінің де осы суырып салмалық қасиетінің табиғатына негізделе дүниеге келгені анық.

Жамбыл – қазақ сөз өнері тарихындағы бұрынғы-соңғы көрнекті ақындар дәстүрін жетік білген ақын. Қазақтың төл әдебиетінің арғы-бергі тарихындағы ақын-жыраулардың, жыршылардың шығармаларынан өмір бойы үлгі алады.

Ақын-жыраулардың халықтың тарихымен бірге жасайтын құдіреті азаматтық биіктік, ел тағдыры жолындағы жанкештілік, өнер жолындағы даралық шеберлік – бәрі де Жамбылдың өнеге тұтар құбыланамасы, шығармашылық мұраты. Сондықтан өзін үнемі солардың өнерін жалғастырушы тұлға ретінде сезіне жырлайды:

*«Пірім бар жыр нөсерін аспанда атқан
Сұңқардай саңқылдаған ер Сүйінбай,
Ілгеріде Шөже, Балта заманда өткен,
Асекең (Асанқайғы дегені – авт.) Бұқар жырау арманда өткен,
Солардың аруағы маған қонып,*

Ел мұңын жырмен толғап нөсерлеткем» [2, 81] (Жамбыл мен Досмағамбет айтысынан). Сонымен қатар, Жамбыл Құлмамбет, Майлықожа, Құлыншақ, Орынбай, және т.б. ақындармен кездескен, өнер жолындағы шығармашылық байланыста болған. Жиырма бес жастағы кезінде қазіргі Оңтүстік Қазақстанды, Қаратау атырабын аралайды. Осы сапарында Қылышбай Ержанұлы, Сауытбек Ұсаұлы, Нұралы Нысанбайұлы т.б. ақындармен танысады. Ақын Шәді Жәңгіровті де іздеп барады, бірақ кездесе алмайды. Осы сапар туралы мынадай тың дерек бар: «Осы жолы ақын Майлықожа, Балқы Базарға кездесіп, бірнеше күн той-думанда бірге болады. Құлыншақ ақыннан «Шора батырды» жаттап алады. Балқы Базармен ұзақ айтысады. Айтысқа төрелік еткен Майлықожа: «Қалқам, сенікі жөн, тоқта енді» – деп, Жамбылдың арқасынан қағып, ақындығын аса жоғары бағалайды. Осы жолы Жамбыл Майлықожаны өзіне ұстаз тұтып қайтады» [5, 4].

Жамбыл осы оңтүстік сапарында Ақтамберді Сарыұлы жыраудың өмірімен танысады. Шу, Талас, Қаратау атырабындағы аталған ақындардан басқа Сауытбек, Қожантай, Өзбек, Жидебай, Балқыбек, Келімбет және т.б. ақындармен, жыршылармен танысады, кейбірімен айтысады.

Жамбыл – қазақ сөз өнерінің тарихындағы ұлы Абайды да, жауынгер ақын Махамбетті де айрықша бағалаған. Абайды сырттай естіп, өлеңдерін тыңдайды. Абайдың баласы Әбдірахмен ауырып, Алматы қаласында жатқанда Жамбылдың оның көңілін сұрай келгені М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында әсерлі суреттеледі. Сол Әбдірахман қайтыс болғанда Абайға арнап жұбату өлең де жолдайды. Абайдың ақындық, азаматтық тұлғасын толық таныған Жамбыл өзінің бағалауымен «Абайдың суретіне» деген өлеңінде реалистік-романтикалық ойлармен жырлайды:

«Мынау тұрған Абайдың суреті ме?

Өлең сөздің ұқсаған құдіретіне

Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған,

Өр Абайдың төтеген кім бетіне?

Терең ойдың түбінде теңізі бар,

Тесіле кеп қарасаң көңіл ұғар.

Сол тереңге сүйсініп жан үңілмей,

Есіл сабаз ызамен өткен шығар» [6, 17]. Ал, Махамбет ақын туралы да реалистік таныммен жырлайды. Ақындық және жауынгерлік қуатын азаматтың ар, халқының тағдыры жолына арнаған жанның әлеуметтік және шығармашылық тұлғасы тұтасқан тұлғасын айқын суреттейді:

«Махамбет ақын жырымен,

Құрым найза қырымен.

Көтерген халық туымен,

Хан Жәңгірден қорықпай.

Белдескен ер бетпе-бет.

Жауына күшті жекіріп,

Хан бетіне түкіріп.

Бақыты үшін халықтың

Бел бүкпестен кеткен ед» [7, 231]. Демек, Жамбыл ақындығының қайнар көзі – туған халқының ақын-жыраулары, жыршылары. Ақындық өнердің тек қана отбасы мен ошақ қасында ғана емес, халықтың қазіргісі мен болашағы үшін рухани азық, өмір суруге көмекшілік қызметін ол шын түсінді. Сондықтан, ақындық өнерінің әртүрлі оқиғаларға, жеке адамдарға қатысты жерлерінде Жамбыл ақын атаулының тағдырына тән азаматтық жауапкершілік сезімін басынан кешіреді. Ол да бүкіл шығармашылығын өмірден өткенше адамзат бақыты үшін арнады.

Жамбылдың даңқы әбден танылып кемелденген кезеңінен бастап оның дәстүрін ұстанған өзіндік әдеби мектеп, шығармашылық дәстүр жолындағы көрнекті ақындар шоғыры дараланғаны мәлім. Мысалы, Доскей Әлімбаев, Үмбетәлі Кәрібаев, Төлеу Көбдіков, Нұрлыбек Баймұратов, Шашубай Қошқарбаев, Нартай Бекежанов, Саяділ Керімбеков, Қазанғап Байболов және т.б. ондаған дәстүрлі ақындар поэзиясы Жамбыл мектебінің Қазақстан тарихындағы халықтық тағылымын дәлелдеді. XX ғасырдың 30–60-жылдарындағы Жамбыл дәстүрінің ақындық мектеп дәстүріндегі танылуында аталған көрнекті тұлғалармен қатар жазбаша әдебиеттегі қаламгерлердің де шығармашылық ықпалдасуы сабақтаса дамыды. Қазақтың классик жазушылары Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов және т.б. көрнекті қаламгерлер Жамбыл және оның дәстүріндегі халық ақындары шығармаларының дәстүрлі айтыс өнері арқылы халықтық сипатын сақтауына айрықша ықыласпен қарады. Жамбыл дәстүріндегі айтыс ақындарының Қазақстанның жазбаша әдебиеті дамуы үдерісімен сабақтаса өркендеуіне қолдарынан келгенінше зор үлес қосты. Олар көркем әдебиеттің классикалық үлгілерінің дамуында суырып салма өнерінің психологиялық ықпалды орны болатындығын таныды. Яғни, біздің жазбаша әдебиетіміздің классикалық деңгейде танылуында, дамуында ұлттық діліміздің байырғы көркемдік негізі суырып салма өнерінің ықпалды орын алатындығы айқындалады. Бұл мәселеде біз қазіргі әдебиеттану ғылымындағы жаңашыл ғылыми тұжырымдарға да назар аударамыз. Профессор Б.Ердембеков «Абайдың әдеби ортасы» деп аталатын монографиясында классик, хакім Абай шығармашылығының көркемдік негізі суырып салма өнері екендігіне байланысты бағалы тұжырым жасаған: «Абай – ақын. Ақын болғанда – нағыз суырып салма. Жалпы Абай жазба әдебиеттің өкілі дегенімізбен, Абай заманының жазба әдебиетімен бүгінгі жазба әдебиеттің арасы жер мен көктей. Ғасырлар бойы халқымыздың бойына сіңірілген қасиет – өлеңді ауызша және табан астында суырып айту қазақтардың басқалардан ерекшелігі ғана емес, артықшылығы да. Абайдың нәр алған үш рухани көзінің бірі ауыз әдебиеті болғанда, оның ішіндегі айтыс өнері Абайға аса жақын еді. Айтыстың түп төркіні айтысу, сөз барымтасынан шыққанын ескерсек, сол сөз барымтасы табан астында, қолм-қол құйылатын нағыз өлең болуы керек деген талабы тағы бар. Демек жазба поэзиясының өкілі бар да, айтыскер ақын бар. Екеуі ақындықтың екі қанаты сынды. Абай заманында өлең-жырдың дені ауызша, суырып салма түрде шығарылғандықтан, нағыз ақындық осы суырып салмалық қасиетпен өлшенген, бағаланған. Абайдың өлең жазу машығында да сол қанға біткен, нағыз ақынға тән суырып салмалық жатқаны даусыз» [8, 259].

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: «Ана тілі», 1996. – 240 б.
- 2 Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. – 1-т. – Алматы: «Ғылым», 1996. – 312 б.
- 3 Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: «Жазушы», 1985. – 18-т. – 448 б.
- 4 Жабаев Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1982. – 1-т. – 336 б.
- 5 Боранбайұлы Ж. Жамбылдың Оңтүстікке сапары // Ана тілі. – 1996. – 1 ақпан. – № 5.
- 6 Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. – 2-т. – Алматы: «Ғылым», 1996. – 384 б.
- 7 Жабаев Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1982. – 2-т. – 440 б.

ӘОЖ 821.512.122

ҚАДЫРОВ ЖАНБАЙ ТҰРАРҰЛЫ,
ЕРСАИНОВА МӘНШҮК ЖОЛАМАНОВНА
ШАПАУОВ ӘЛБИ ҚАБЫКЕНҰЛЫ

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Петропавл, Қазақстан

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан
zhkadyrov_777@mail.ru

СӘБИТ МҰҚАНОВ ПРОЗАСЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ

Аннотация: мақалада С. Мұқанов поэтикасы қарастырылады. Жазушының шығармаларына тән өмірлік материалдың мол қамтылуы, өмір шындығы мен этнографиялық бояудың, кейіпкерлердің ойлау жүйесі, тіл байлығының өз дәуіріне сай шығу ерекшеліктері талданады. С. Мұқановтың алуан түрлі кәсіп иелерінің жарқын бейнесін тартымды бейнелеудегі шеберлігі баяндалады. Автордың «Балуан Шолақ», «Адасқандар» шығармаларындағы халық тарихы мен тағдырын сабақтастыра суреттеуі эпикалық жүйеде қалыптасқан қаламгер дағдысын аңғартады.

Тірек сөздер: әңгіме, очерк, инверсиялық ырғақ, реалистік проза, кейіпкер характері, көркем образ, прототип.

Жиырмамыншы жылдары әңгіме жанрында С.Мұқанов әр кезеңде сирек те болмаса шеберлік мектебі саналатын әңгіме жанрына ат басын бұрып отырған. Әңгімелерінен суреткерлік нышан («Әсия», 1925), өтпелі дәуір шындығы («Азғын», 1927; «Кер заман», 1928; «Әменгерлік азабы», 1928), өндіріс тақырыбы («Суалмас сауын», 1933; «Алтын аймақ», 1934-37), Ұлы Отан соғысы оқиғасы («Тіл алушылар», 1942; «Батыр қыз», 1944), көтерілген тың («Аспаз») сырына қанығамыз. «Аспаз» туындысы кезінде Отарлық «Работница» журналында жарияланып, басылымның жылдық жүлдесін алған. Повесть жанрында жазушы өндіре еңбектенгенмен, әр кезеңде «Ақбөпенің сыры» (1927), «Достар» (1937) шығармаларын жазады. «Балуан Шолақ» – жиырмамыншы ғасыр басында тіршілік кешкен, өз көзімен көрген аяулы өнерпаз өмірінен жазылған шығарма. «Болашақтың баласы», «Жарқын жолмен» – балаларға арналған повестер. Мұның алғашқысында баланың жоқшылық, таршылықта өткен өмірі бейнеленсе, соңғысында бақытты балалық шақ жайында жазылады. Сәбит Мұқанов – кең тынысты романшы ретінде дүние жүзіне мәлім. Қазақ халқы өткен ірі тарихи, саяси-әлеуметтік кезеңдерінен көптеген эпикалық шығарма жазған С.Мұқанов қазақ романистикасын және бір белеңге көтереді. Өрелі туындылармен қазақ әдебиетін байытты.

Сәбит Мұқанов – проза саласында да қазақ кеңес әдебиетіне елеулі үлес қосқан жазушының бірі. Оның «Ботакөз», «Сырдария», «Мөлдір махаббат» романдары мен «Өмір мектебі», «Есею жылдары» атты өмірбаяндық трилогиясы, көптеген очерк, әңгімелері қазақ кеңес әдебиетінің даму тарихында айрықша орын алған шығармалар.

Прозалық шығармаларын жазушы алғаш әңгіме, очерк, публицистикалық мақалалардан бастады. Алғашқы кездегі «Әсия», «Кер заман», «Әменгерлік азабы» тәрізді шығармалары жазушының үйрену, творчестволық жаттығу тәжірибелерін аңғартқандай.

Сәбит Мұқанов әңгімелерінің ерекшеліктерін түйіп айтар болсақ: біріншіден, өмірлік материалды мол қамтиды; екіншіден, өз кезеңінің өмірлік шындығын, этнографиялық бояуларын қос-қабат көрсетіп отырады; үшіншіден, кейіпкерлердің ойлау жүйесі, тіл байламы өз кезеңіне сай шығуына зер салады.

«Балуан Шолақтың» негізгі арқауы – қазақтың ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген атақты әнші, ақын, композитор, балуан дегендей – бір басына алуан

өнер жинаған өнерпазы – Нұрмағанбет Баймырзаұлы өмірі. «Соқтықпалы, соқпақсыз кезде» өмір кешкен Ақберген өнерпазының есімінің аңызға айналып Балуан Шолақ аталуына өз перзентіне деген халық махаббаты жатады.

Қолына қалам ұстап, жазушы атанғанның баршасы бірден кез келген тақырыпты игеріп жазып кетуге дерменді бола бермейді. Жазушының өмірде көп зерттеп еншілейтін тақырыбы болады. Ал Сәбит Мұқанов талантының бір ерекшелігі – ол қамтып, зерттеп қалам тартпаған тақырып сирек. Қай тақырыпты нысанаға алса да оны халық тарихы мен тағдырына сабақтастыра қамти суреттеп кең полотно жасау, эпикалық жүйеде қалыптасқан қаламгер дағдысы. «Балуан Шолақ» та осындай творчестволық мәнерде жазылған. Бұл – бір Нұрмағанбет өмірін суреттеумен шектелмей, қазақ халқының революция алдындағы тұтас тіршілік-тынысын елестетерлік шығарма. Туынды бізге осындай кең тынысымен, бай мазмұнымен қымбат.

«Балуан Шолақ» әдебиетіміздегі өнерпаз тағдырына жазылған тұңғыш көркем шығарма емес. Бұл туындының алдында поэзияда – «Сұлушаш», «Құлагер», «Күй», «Көкшетау» поэмалары, прозада – атақты «Абай» романы бар. Соған қарамасатан өнер тақырыбы, өнерпаз тағдыры жайлы алғашқы прозалық шығармалардың бірі болып дүниеге келген «Балуан Шолақтың» дербес қызықты творчестволық сыр-сипаты бар. Халқымыздың рухани өмірінде атқарған үлкен рөлі бар.

Ұлы Отан соғысының ауыр күндерінде жазылған шығарманы халықтың сүйіп қабылдауында – «Балуан Шолақ» табиғатындағы романтикалық – патриоттық пафостың көп себебі бар еді. Сәбит Мұқановтың қаламгерлік табиғатында уақыт ағымы, уақыт талабы деген мәселе бірінші орында тұрады. Жазушының Балуан Шолақ тақырыбына әйтеуір бір айналып соғары анық-ты. Ал, қыркыншы жылдары жедел жазып, бұл шығармасын жылдам жарыққа шығаруында – оның уақыт талабына жауап беру, жауынгерлерге патриоттық тақырыптағы шығармасымен ықпал ету мақсаты жатыр. Уақыт ағымымен қатар жүзетін жазушы соғыс жылдары туған көркем шығармасына өзінің отаншылдық идеясын терең сіңірді. «Балуан Шолақтың» бағасын арттыратын қасиеттерінің бірі деп біз шығарманың Ұлы Отан соғысы жылдары сан-мыңдаған совет жауынгерлерінің фашизмге өшпенділігін, туған Отанға мейір махабат сезімін туғызуын айтар едік. Архивтік деректерге қарағанда «Балуан Шолақ» майданда жауынгерлердің сүйіп оқитын шығармасына айналған. Жауынгерлер қан майданда жүріп «Балуан Шолақты» Н. Островскийдің «Құрыш қалай шынықты», А. Бектің «Арпалыс» секілді шығармаларымен қатар оқып, рухтанса керек [1, 119].

Жазушы Балуан Шолақпен 1913 жылы, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Мареевка деген жерде жүздеседі. Өнін тыңдайды. Өнерін қызықтайды. Сонда бала көңіл ақын, әнші, балуан болсам – Балуан Шолақтай болуға тырысармын-ау деп аттанады. Жазушы өзінің мемуарлық «Өмір мектебі» атты трилогиясының алғашқы кітабында Балуан Шолақпен кездесуін әсерлей суреттеп, өнерпаздың портретін жасайды. «...жауырыны кең, төсі жалпақ болғанмен, дене құрылысы асып кеткен ірі емес ортадан аз-ақ биік еткен, бұл топта одан да биік те, денелі де кісілер бар... кескіні бірсыдырғы көркем екен: имектеу зор мұрынды, қалық қабақты, қою қасты, үлкен қара көзді, ат жақты, қою ұзын қара мұртты, дөңгелектеу қою қара сақалды...» дейді [2, 233].

Балуан Шолақ өмірінен шығарма жазылуына халық ақындарының әсері болды дейтініміз – Жамбыл Сәбенді еркелетіп үнемі Балуан Шолақ дейді екен. Балуанның әнін айтқызып, сүйсіне тыңдар екен. Сондай-ақ Сәбең Шашубаймен жиі хат жазысып, Кененді сапарларға бірге ертіп жүрген.

«Балуан Шолақ» 1942 жылы тұңғыш жарық көруінде «Батырлық поэма» аталды. Бұл алғашқы нұсқаның инверсиялық ырғақ – бітімі, ой ағыны ақындық стихияны сездіретіні де рас еді. Бірақ реалистік прозаның талғам-талабы бұл жанрлық анықтаманы көтере қоймағандай. Кейін өзгертілді. Көптеген зерттеулер, жөндеулерден соң шығарма 1956 жылғы басылымында повесть делінді. Ал 1972 жылы он алты томдық таңдамалы шығармалар жинағының үшінші кітабына «Аңыз» болып енеді.

«Балуан Шолақ» таза тарихи пландағы шығармалар санатына жатқызуға келе бермейді. Сәбит Мұқанов Балуан Шолақ өмірі жайлы ел аузында сақталған аңыз, әңгімелерге еркін сүйенеді. Сондай-ақ ең бастысы – жазушы Балуан Шолақтың өз ән-өлеңдеріне көбірек жүгінеді. Творчество психологиясы арқылы жазушы сол ән-өлеңдердің тууына себепкер тарихи-әлеуметтік жайларды барлап, бақылай білген. Сол творчестволық процесті аңғару арқылы – оның авторы, балуан Шолақ тұлғасына барлау жасайды.

«Балуан Шолақ» – дүниеге келген кезінен күні бүгінге дейін оқушы талғамына жауап беріп, тәрбиелеп келе жатқан шығарма. Бүгінгі оқырмандық аясы әбден кеңіген «Балуан Шолақ» одақтас республикалар мен шетел тілдеріне аударылып, жарық көрді.

Жазушы Сәбит Мұқановтың өлеңмен жазылған «Сұлушаш» романынан кейінгі әдебиеттегі ірі адымды, айтулы туындысы – «Адасқандар». Бұл – бүгінде «Мөлдір махаббат» аталып, жас оқырманға ғашықтық ғаламатын ұғындырып жүрген романның алғашқы нұсқасы. Аталмыш туынды да өзінің тақырыптық ерекшелігі, жанрлық жаңалығы, формалық тосындығы, лабораториялық жазылу сырларымен оқушысын бір алуан сырға кенелтетін шығарма. Өзінің әлеуметтік-психологиялық талдау мәнерімен, шымыр оқиғалық болмысымен қазақ совет прозасындағы алғашқы жақсы, үздік үлгілердің бірінен саналады.

Жазушы романда жастар өмірін бейнеледі. Қазақ даласындағы жиырмасыншы жылдардың әлеуметтік үлкен мәні бар проблемасы – қазақ жастарының оқуы, қазақ қызының теңдік алуы, жаңаның жарқырап өмірге енуі, ескінің қасарысқан мінезі романда шынайы көрініс тапқан. «Адасқандар» романының желісі өзіміз ұнататын оқыған «Мөлдір махаббат» романына ұқсас. Бірінші бөлім – Бүркіттің сыры, екінші бөлім – Бәтестің сыры. Алғашқы бөлімде «Ақын», «Боран», «Жирен жорға», «Лашын», «Қант» тараулары сезімді, тартымды жазылған. Екінші бөлімдегі «Еркекшора», «Өсек», «Әзәзіл», «Қырық қыз», «Ұзақ жол», «Кездескен кесір», «Ұмытқан достар», «Адастым» секілді тараулар Бәтестің бүкіл трагедиясын береді.

«Адасқандар» – ақын Сәбиттің атына прозашы деген лауазымды қосқан тұңғыш романы. Сюжетті, сюжетсіз саяси лирика, науқандық өлеңдер жазып, поэмаға қадам жасай бастаған Сәбит Мұқановтың бір жанрдан келесісіне ойысуы, онда да шеберлік мектебі саналатын әңгімеде әбден ширап болмай романға ден қоюы да ірілік және осы шығармада алға қойған мақсатпен абыроймен алып шыққанын көреміз. Мұнда жазушыға септесетін қандай сыр бар? Алдымен жазушының өскелең дарыны. Одан соң – таптық санасының ерте оянуы, тақырыпқа таптық тұрғыдан келуі. Сондай-ақ романға арқау болған өмірлік оқиғаның сүбелілігі жазушыға септесті.

Сәбит Мұқанов оқиғаға таптық тұрғыдан келді. Сол себепті де сот процесінде талап қойыңқырап сөйлеген секілді шығармада да Сұлтанбекті (Бүркіт) бай баласы деп шеттете қарады. Осының өзі ол кезде үлкен жетістік болатын. Тек прототип тағдырына тереңірек үңіліп, жан сезіміне бойлаңқырағанда, махаббат желілерін аша түскенде құба-құп еді.

Қай-қай шығарма да жарық көрген уақытымен таразыланады. «Адасқандар» жарық көрген 1931 жылы қазақ әдебиетінде қандай сүбелі, қандай сүйекті шығармалар бар еді? Роман сыншылары «Адасқандар» романы дүниеге келгенде қазақ прозасының қоржыны бос еді дегісі келеді. Бұл – жазушыны жалғыз шапқан жүйрік ету. Ойлап отырсақ, ол кезде де бірсыпыра сүйекті шығармалар бар екен. Бірақ, қазір олардың бірін білсек, бірін білмейміз. Алайда «Адасқандардың» мықтылығы сонда – ол тәжірибелі қаламнан туған талай-талай шығармаңыздың алдына түсіп қос ғашық жырын жырлап, мұнын мұндады. Сол кезде оқушы біткен «Адасқандар» романын сұрап жүріп, іздеп жүріп оқитын халге жеткен екен [3, 256-257].

Ойды қорыта келе, роман сол кезең талғамымен таразылағанда толығып туған. Сыншы ғалымдардың айтуынша жазушының осы шығармада өмірлік материалдан дұрыс қорытынды шығарып, әділ көрсеткен бір мәселесі бар. Сот процесі материалдарымен танысқандар Мұстафа Көшекөв жазықсыз өлтірілген секілді әсер ететіндігін айтады. Мұндай шешімге Сәбит Мұқанов та келген екен. Солай дей тұра Сәбит Мұқанов оның ұнамсыз әрекеттерін де танып, реалистік шыншылдықпен суреттейді. Таптық тілегі, таптық жүрегі

жазушының қаламын қанша тартқылағанымен Мұстафаның моральдық тұрғыдан өзін-өзі өлтіргендігі шығарманың көркемдік шешіміне айналды. Бұл – жазушы үшін үлкен жеңіс, алған бір асу болып табылған [4, 111-112].

Сонымен қатар шығарманың сол кездегі формалық жаңалығын да айтуымыз керек. Отызыншы жылдары күнделік-сыр формасында жазылған реалистік шығарма қазақ әдебиетінде туа қойған жоқ-ты. «Адақандардың» әдебиетімізге әкелген бір жаңалығы осында жатыр. Бұл ретте жазушыға Сұлтанбек дәптерінің әсері болғаны сөзсіз. Сөйте тұра осы күнделік формасының авторды адым аштырмай тұсайтын кездері де бар. Мәселен, Мүсәпірдің характерін ашу үшін автор Бүркітке ұзақ-сонар әңгіме айтқызады. Қосақ арасында жүретін жанама кейіпкер Еркінге арнайы «дәптер» ашады. Бұл – автордың жаңалықты форманы игеріп кете алмауынан туындайтын кейбір кемшіліктер. Бұл – форманы өзіне, айтар идеясына бағындырудан гөрі, форманың ырқына көніп кетушіліктің әсері деп білеміз. Жазушы романның екінші басылымында «Еркіннің сыры» аталатын тарауды алып тастап, ол оқиғаны Бүркіттің хаты арқылы береді. Бұл – сығымды, ұтымды шықты [3, 118].

Романда Бүркіт бейнесі бір есептен – феодалдық байлықтың құрбаны болып бейнеленеді. Бүркіт бойында айтқаны болып, ішкені табылып, кедейді ығытына жүргізіп үйренген жанның психологиясы бар. Саяси-әлеуметтік жаңа өзгерістер тұсында ондайлардың көбі жол таппай адасты, содан келіп өзін-өзі құрбандыққа шалды емес пе? Бүркіт те осындай типтің бірі. Жазушы шығарманы «Адақандар» немесе «Бай баласы» деп атағанда мәселенің осы жағын да ескерген секілді.

Жазушының кейіпкер характерін ірі қамтитынын Бәтес бейнесінен де аңғарамыз. Қарапайым қазақ қызының «Қызыл отау» арқылы басына бостандық алып, астанаға аттанып бара жатқанын, жолаушылармен бірге оқуға бел байлап шығуын қалай ірілік демейсің? «Адақандар» – Бәтес сыры, оның қазақ қызы ретіндегі трагедиясы жүрекке өте жылы әсер етеді. Расын айтсақ, алғашқы нұсқада әдемі, күрделі берілген Бәтес сыры «Мөлдір махаббатта» қасаң тартып кеткенін байқаймыз. Бәтес кім? «Адақандарға» дейін ұлы Октябрь революциясы жеңісі арқасында өз бас ботандығын алып, жаңа өмір үшін күресте әке-шешесімен кетісуге дейін барған қазақ қызының образын жасаған роман қазақ әдебиетінде болды ма? Шағын жанрларда бәлкім ондай бейнелер бірен-саран шығар. Ал роман жанрында қазақ қызының осындай күрес жолын көрсеткен тұңғыш шығарма – «Адақандар» болса керек. Бәтес – түн түнеткен бостандық таңына ұмтылған, сол жолда кіммен де күреске еркін барған қазақ қыздарының жиынтық бейнесі.

Ал, көркем образ ретінде Мүсәпір – жазушының аярлық пен адалдық жайлы концепциясын арқалап жүрген күшті образдардың бірі.

Айтылған жетістіктер «Адақандар» романының уақытынан оза жазылған жақсы туынды болғанын айғақтайды. Кезінде романды қазақ әдебиетші, сыншыларының бір парасы жақсы қабылдады да, бір парасы сыншыл көзқараспен қарады [3, 83-89].

Өз кезінде жұрт назарын аударған шығарма 1935 жылы орыс тіліне басылып шықты да «Комсомольская правда» газеті романның идеялық ұстамсыздығын атап көрсетіп, қатты сынға алды. Жазушы сол тұста айтылған сындардан тиісті қорытынды шығарып, кемшіліктерін жөндеп, толықтырып қайта жазып, 1959 жылы «Мөлдір махаббат» деген атпен жаңадан жариялады.

С.Мұқанов қоғамның барлық топтары өкілдерінің аса бай портрет галереясын жасады десек артық айтқандық болмас еді. Оның кітаптарында әсіресе халықтың өз ішінен шыққан қарапайым адамдардың, ер көңілді, адал бейнетқорлардың: аңшылар мен малшылардың, ұсталар мен ер-тұрман шеберлерінің, етікшілері мен тігіншілердің, зергерлер мен кілемшілердің - өз ісмерлігін мақтан тұтатын және оның үстіне суырып салма ақындығы мен ділмар шешендігі бар, әнші-жыршылығы бар алуан түрлі кәсіп иелерінің образдары өте-мөте тартымды шыққан. Мәселен, саяткер аңшы Ораз бен Аткалтірдің, жаны сұлу халық шеберлері Қабдол мен Хасеннің, Жабайдың, сондай-ақ дарынды домбырашы, ертегішілердің жарқын бейнелері ұмытылмай есте қалады. Солардың арасынан шоқтығы асып, ерекшк көз тартатындары – Ақан сері мен Балуан Шолақ. Олар – Сарыарқада жиырмасыншы ғасырдың

бас шенінде өмір сүрген, ел арасында атышулы өнер ардагерлері, әрі ақын, әрі композитор, әрі әншілер. С.Мұқанов оларды жас кезінде көргендіктен, бірінші кітабында олар жайын аса қызғылықты әңгімелейді, солар арқылы революцияға дейінгі халықтың дарынды ұлдарының қайғылы-қазалы тағдырын бейнелі суреттермен көз алдымызға елестетеді.

Еш уақытта қайталанбайтын, ешбір теңдесі жоқ осы парасатты жандар арқылы Сәбит Мұқанов халық даналығының рухани асыл қазынасын, оның толқын боп атылғалы тұнып тұрған ішкі тегеуірін күштерінің молдығын айқара ашып көрсете білді [5, 17].

Жазушы басқа бір топты да ерекше сүйіспеншілікпен суреттейді. Олар – қазақтың революцияға дейінгі үркердей ғана демократияшыл интеллигенциясы: Баймағамбет Ізтөлин, Спандияр Көбеев, Мырзағазы, Хамит, Ғабит Мүсірепов. Баймағамбет Ізтөлиннің бейнесі айрықша айқын, ерекше сүйіспеншілікпен суреттелген, әңгіме арқауына оның өлеңдерінің еніп отыруы да сәтті шешім болып шыққан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Ергөбеков Қ. Сәбит Мұқанов тағлымы. – Алматы: Жазушы, 1990. – 290 б.
- 2 Ергөбеков Қ. Жан жылуы. – Алматы: Жалын, 1981. – 282 б.
- 3 Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1980. – 416 б.
- 4 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: 2002. – 528 б.
- 5 Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: 2003. – 497 б.

ӘОЖ 821.512.122

ҚАДЫРОВ ЖАНБАЙ ТҰРАРҰЛЫ
ИСКАКОВА ЛИНА ҚҰДАБАЕВНА
ШАПАУОВ ӘЛБИ ҚАБЫКЕНҰЛЫ

М.Қозыбаева атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Петропавл, Қазақстан

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

Көкшетау, Қазақстан

zhkadyrov_777@mail.ru

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАҚЫРЫП ЖӘНЕ ИДЕЯ

Аннотация: мақалада Бауыржан Момышұлының әр жылдары жазылған, жарияланған мақалаларының тақырыптары, онда көтерілген идеяның ұтымдылығы және ерекшелігі қарастырылады. Мақалада автор өз ойын дамытып, аргумент және факт арқылы дәлелдеуі, автор ұсыныстарының, оқырманды барлық ой жүйесі мен дәлелдерден туындайтын қорытындыға әкелуі, мәселе және оның шешу жолдарының, нақты фактілік белгілердің берілуі сараланады.

Сондай-ақ, Бауыржан Момышұлының қазақ әдебиетіндегі әскери әдебиеттің қалыптасуындағы рөлі және жазушының әскери тақырыптағы типтік образ жасаудағы шеберлігі мен стиль даралығы, өзіндік публицистикалық ерекшелігі айқындалады.

Тірек сөздер: әскери әдебиет, публицист, тақырып, идея, характер, типтік образ, стиль, ой түйіні, ой толғаныс, шеберлігі, мақала пішіні.

Публицистикалық ойдың бастауы автор шығармашылығының тылсымында, дарынында жататыны бесенеден белгілі. Көсемсөзші қоғамдағы өзін толғандырған мәселелер жайлы ой өрбітетіні және бар. Өмірлік бақылау, аңғарымпаздық, тәжірибе – қаламгерді шығарма жазуға итермелейтін жағдайлар осылар. Сөйтіп, публицистің жан-жақтылығы, өзі жазып отырған тақырыпты терең біліп, меңгеруі – шығармашылықтағы тақырыптық ізденістің бастауы, қаламгер шеберлігінің басты көзі.

Публицистикадағы тақырып таңдау автордың шығармашылық жемісіне тікелей әсер етері белгілі. Мақаланың сәтті шығу-шықпауы, оқырманның оны қабылдау-қабылдамауы осы тақырып таңдаудан басталады. Біздіңше, публицист Бауыржан Момышұлы мақала тақырыбын өте сәтті таңдай білген. Кейіп тұрған мәселені назарынан тыс қалдырмаған. Және осы тақырыпты жан-жақты ашып, ары қарай өрбітіп, мәселе шешімін тауып, оны болашақпен байланыстырған.

Қаламгер шығармашылығындағы тақырып, онда көтерілген идеяның ұтымдылығын ерекшелеу үшін Б.Момышұлының әр жылдары жазылған, жарияланған мақалаларын алайық.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 15 санында (1965 жыл, 9-сәуір) жарық көрген «Ерлікті жырлайық» мақаласында: «Совет-герман майданында соғыстың 1418 күні мен түнге созылғаны белгілі. Дүниежүзілік екінші соғыстың өне бойында күллі ауыртпалықтың басым көпшілігі совет халқының мойнында болғаны да мәлім. Біздің елімізде соғыс зардабын тартпаған бірде-бір семья жоқ деп айтуға әбден болады. Соғыстың басынан аяғына дейін герман қарулы күштері мен оның Европадағы сыбайластары әскерлерінің 60-70 проценті совет-герман майданында болды. Демек, дұшпанның басты күшін біз талқандадық, оның бел омыртқасын біз үздік», - деп бастайды герман фашизмі талқандағанына жиырма жыл толуында.

Орыс зерттеушісі А.Тертычный: «Мақала – ең алдымен өзекті, маңызды процестер, оқиғалар мен құбылыстарды талдауға арналған» [1, 157], - дейді. Міне, публицист те әскери тақырыптың әлқиссасын осылай бастап, мәселені талдауды жөн көреді. Сондай-ақ зерттеушінің айтуына қарағанда, автор мақаланың негізгі бөлігінде шешімін таппаған мәселенің мән-мәнісін ашып көрсетіп, талдау жасайды [1,157]. Ал қорытындыда проблеманың шешілу жолдары, оған аудитория қандай үлес қоса алатыны көрсетіледі.

Публицист Бауыржан Момышұлы да мақаланы бастағаннан мына мәселені көлденең қояды: «Бүкіл прогресшіл адам баласы үшін Совет Одағының Ұлы Отан соғысындағы тарихи жеңісінің маңызы ұшан-теңіз екенінде дау жоқ. Соған қарамастан, көптеген буржуазияшыл бұрмалағыштар қайткен күнде де біздің Қарулы Күштеріміздің фашизмді талқандауда басты рөл атқарғандығын бүркемелеп, оның дүниежүзілік тарихи маңызын төмендетіп көрсетуге тырысады. Олар, тіпті, өз елдерінің аса көрнекті мемлекет қайраткерлерінің бұл туралы сол кезде айтқандарын да ұмытып қалған болып көлгірсінеді» [2, 178]. Беларусь ғалымы Б.Стрельцов мақаладағы проблемаға жан-жақтан талдау жасап, әртүрлі аспектіде қарастыру қажет деген пікір білдіреді. «Мақалада бәрі фактіден бастау алады. Ой, одан туындайтын дәлелдер тізбегі өзінен-өзі пайда болмайды. Автордың ой қорытуы нақты фактілік белгіден басталады. Бұл белгі автор көзқарасына қарама-қайшы немесе тиісінше сәйкес келеді. Сөйтіп, оқиғаға баға беріледі» [3, 108].

Сондай-ақ, зерттеушінің ойынша, «автор өз ойын дамытып, аргумент және факт арқылы дәлелдей түсіп, ақыр аяғы оқырманды барлық ой жүйесі мен дәлелдерден туындайтын қорытындыға әкеледі. Бұл қорытынды ашық формада жасалуы мүмкін. Қорытынды – автор ойының жүйесіндегі логикалық нүкте. Қорытындыда автор ұсыныстары қоса берілуі мүмкін» [3,110]. Дәл осындай қорытындыны публицистің жоғарыдағы мақаласынан байқадық. Автор қорытынды ойларын келтіріп қана қоймай, проблеманы шешу жолдарын, өз ұсыныстарын да айтып өткен.

«Біздің қатарластарымыз, біздің замандастарымыз көрген қиыншылықтар, бастан кешкен қайғылы да қуанышты оқиғалары ұшан-теңіз. Бұл қатал да қаһарлы күндердің шежіресін қазіргі жастарымыз, болашақ ұрпақтарымыз айқын білуге тиіс, оларға соғыс сұрапылын көзімізбен көрген мына біздер, аға буын қарт жауынгерлер бейнелеп, түгел жеткізуге міндеттіміз. Жастар біздің естеліктерімізден, біздің қаламымыздан туған романдар мен повестерден, әңгімелер мен хикаялардан өздеріне қажетті тағылым алып, Отанын шын сүю, қажет болса ол үшін жанын қию рухында тәрбиеленуге тиісті» [1, 180], - екенін ескертеді де «... жиырма жылда қазақтың советтік әскери әдебиеті қалай өрбіп өсті, соғыс тақырыбы, жастарды патриоттық, жауынгерлік рухта тәрбиелеу мәселесі қалай көтерілді, енді соған көшелік...» деп екінші мәселенің ұшын шығарады.

Бауыржан Момышұлы дәл осы зерттеу мақаласында қазақ әдебиетіндегі әскери тақырыптың барлық жанрлары бойынша әлі жас екенін, оның бірсыпыра нақты, тарихи себептері бар екенін тілге тиек етеді. Мәселен, «Революцияға дейін қазақтар әскерге шақырылған жоқ, патша өкіметі оның қолына қару беруге сенбеді. Ал, 1916 жылы майданның қара жұмыстарына жігіттер алу туралы патша жарлығы қазақ халқының заңды ызасын туғызып, қыр елі түгелімен көтеріліске аттанды» [1,180], - деп тарихқа шолу жасайды. Қазақтың әскери-жауынгерлік сана-сезімінің шарықтап өсуіне, ерлік дәстүрі, басқа ұлттармен қатар, қарулас сапта дұшпанмен бетпе-бет соғысуы, содан кейін қазақ жастарының соғыс тақырыбындағы әдеби шығармаларды қызыға оқитын болғанын айтып, мұнымен қазақ халқының әскери көркем әдебиетінің туып, қалыптасқанын жеткізеді. Мақалада автор Т.Жароковтың «Шекарада», Өтебай Тұрманжановтың «Пулеметші», Қ.Жұмалиевтің «Қырдағы күрес» поэмасын, М.Әуезовтың «Шекарада», Ғ.Мүсіреповтің «Аманкелді» атты драмалық шығармаларын, әңгімелері мен өлең, дастандарын ауызға алады. Сөйтіп қазақ әдебиеті мен публицистикасының шарықтау кезеңдерін жазады.

«Қазақ әдебиетінде әскери-патриоттық тақырыптың шарықтай өрістеген жылдары – Ұлы Отан соғысының күндері. Бұл жылдары қазақ әдебиетінің барлық жанрлары: проза да, поэзия да, драматургия да, очерк пен публицистика да қарулы солдаттай өре тұрып, дұшпанға лап қойды. Соғыс тақырыбы содан бері өткен ширек ғасырдың ішінде кең өріске шығып, жақсы-жақсы туындылар берді...» деп тақырыпты аша түседі. Совет Армиясының қатарына республикамыздың жазушылары сапына 25-30 сержант пен офицер қосылғанын, олардың шығармашылығының құндылығын, яғни өзі көріп, өзі бастан өткізген оқиғаларды жазғандығын қуанышпен жеткізеді. Олардың жауынгер характерінің қалыптасуына сүбелі үлес қосқандығын, жекпе-жек, қоян-қолтық ұрыстың көріністерін жақсы суреттегенін айта отырып, тылда жүрген кейбір жазушылардың жазған туындыларының кемшіліктерін көзге шұқып тұрып көрсетіп, екіжақты салыстырады. Дәлдіктен, нақтылықтан, шынайы өмір бейнесінен айырылып қалғанын ашына айтады. Жасандылыққа, жалғандыққа барып ұрынғанын да жеткізеді. Дәл сол кездегі әскери публицистика болсын, әдебиетте болсын ұтымды туындылар мен, кемшін кеткен шығармаларды бөліп-жарып береді. Неліктен қателікке жол берілді, оның басты себептері қандай, жауап іздеп тақырыпты аша түседі.

«Әскери әдебиет саласында еңбек етіп жүрген жолдастарымыздың шығармаларында кездесетін жақсылық, кемшілік жақтарын әлі де зерттей қарап, тиісті баға беретін, келер шығармаларына биік талап қоятын ретіміз бар. Әсіресе, жағымды, жағымсыз қаһармандардың бейнесін жасауда олақтығымыз мол. Кейде біз олардың характерлері мен типтік образдарының қоғамның терең қабаттарынан басталатынын, мінез-құлқының, жандүниесінің қалыптасу диалектикасына өскен ортасы әсер ететінін ұмыта береміз. Әсіресе, біздің жазушылардың батыл шеше алмай жүрген мәселесі – жағымсыз геройлардың бейнесін жасау...» [1, 184], - деп түйінді таратады. Тәжірибесі аз адам жағымсыз жайлардың неден туатынын бірден аңғара алмай қалатынын, совет адамының барлық қасиеттерін бір образдың басынан табуға болмайтынын, образдың универсалдығы шығарманың шынайылығына күмән туғызатынын, кейбір шығармаларда соғыс философиясы өзінің көркемдік бейнесін таба алмай қалғанын, әскери шығармаларда кең өрісте қамтыла алмай жатқанын баса айтады.

«...Соғыс тақырыбындағы көркем әдеби шығарманың басты міндеті – соғыс тәжірибесін көркем жинақтау, жауынгердің ерлік характерінің қалыптасуын, еңбек адамының майдан даласындағы өзгеру құбылысын, сондай-ақ майданнан оралған жауынгердің еңбек сапына барғанда бейбіт тұрмысқа қайтадан үйренісуін суреттеп көрсете білу болып табылады» [1, 187], - дейді автор. Сондай-ақ, қорытындысында Совет Армиясы ардагерлерінің өмірбаянының жастарды әскери-патриоттық сезімде тәрбиелеуде үлкен мәні бар екенін, соғыс тәжірибесін, халықтың жаппай ерлігі туралы хикаяларды тек соғыс документтерінен ғана емес, ең алдымен, адамдардың тағдырларын зерттеу арқылы тауып, шебер пайдалану қажеттілігін алға тартады. Соғыс туралы материалдар әлі де көп зерттеуді, жазушының көркемдік қорытуын, шебер қаламын күтіп тұрғанын, соғыс туралы қазақ әдебиеті өзінің бастау бұлағын халық эпосынан алатынын айтып «совет адамының ерлік, қаһармандық бейнесін көркем шығармада бейнелеу – қаһармандық дәуірде өмір сүріп отырған совет жазушыларының ең басты, ең қасиетті борышы» [1,188] деп қорытындылап, нүкте қояды. Міне, автор қортынды ойларын келтіріп қана қоймай, проблеманы шешу жолдарын, өз ұсыныстарын осылай айтып өткен.

«Публицистика ең алдымен бүгінгі күннің жұрт назарын аударып отырған, түсіндіруді, пікір айтуды, шешуді қажет етіп отырған қоғамдық-саяси мәселелерін көтереді, соған әлеуметтік талдау жасайды. Сол туралы жұрттың қандай пікір, қандай позицияда болу керектігін аңғартады. Сөйтіп қоғамның ілгері дамуына ықпал жасайды» [2, 183]. Автор бұл мақаласында «Еліміздің шалқар шежіресінде ерлер есімі мәңгі сақтаулы, талайына ескерткіштер орнады, көбісі туралы кітаптар да жазылды, ел аузындағы аңыздар да аз емес. Бірақ кейбір батырлардың есімі туып-өскен қалың көпшілікке ғана емес, тіпті, оның өз өлкесінде де бейтаныс боп, елеусіз қалып бара жатқаны еріксіз өкінтеді» деп өз сөзін дәлелдей түседі. «Қазақстандық жауынгерлердің арасынан 369 адам Совет Одағының Батыры деген абыройлы атақ алды. Олардың бірқатары туған отбасына оралмай, өмірін Отаны үшін пида етті. Бірқатары атамекеніміздің асыл топырағын адал қанымен суғарып, мәңгі мүгедек боп қалды. Енді бір тобы аман-есен елге қайтып, үйіріне қосылып, қазір халық игілігі үшін еңбек етіп жүр», - дейді мақалада көтерілген мәселенің мәнін ашу үшін. «Біздің Қазақстан – қаһармандар елі деп мақтануға моральдық хақымыз бар. Өйткені біздің қаһармандық істеріміздің табиғатының өзі бөлекше: ол – біздің қоғамның елдік, ерлік бейнесіне біткен жаппай батырлық» - дейді сонан соң материалға көтеріңкі рух бітіріп. «Алып соғыстың алғашқы жылында-ақ біздің 28-ші панфиловшы – Қазақстан жігіттерінің көрсеткен жауынгерлік кереметтілігі жаппай ерліктің бейнесі болса, тың дала еңбеккерлерінің, оңтүстік мақташыларының, малшыларымыздың таудай табыстары да жаппай қаһармандық жол жерде тумас еді». Мұнымен автор оқырманның санасына мақтаныш сезімін ұялатып, ұсынысын айтып, халықтық міндетті жеткізеді. «Әрине, барлық батырдың бас-басына көк тастан ескерткіш қойып, олар туралы кітап үстіне кітап жазылсын деген ойдан біз аулақпыз. Өйткені қаһармандықтың өзі дардай даңқ пен ерен есім үшін жасалған жоқ-ты, ерлік туған сәтте ер ойында ескерткіш те, кітап та болған емес. Ол кезде совет адамы – қарапайым жауынгер тек Отан алдындағы өз борышын өтеуге тырысты, еңбекте болсын, соғыста болсын, біздің адамға тән артық бір қасиет – әлеуметтік парызды аяғына дейін адал өтеп шығу. Ал, бірақ ердің есімін де, ерлігін де естен шығармай, құрбандарымызды қадір тұтып, қастерлеп өту – баршамызға ортақ міндет».

Әр публицистің өмір танымы, білім дәрежесі, ойлау өрісі әрқалай болатыны, көсемсөзшілердің шеберлігі мен таланты да бірдей емес екені белгілі жайт. Сол тәрізді әр публицистің өзіне тән шеберлігі мен стильдік өрнегі болады. Қаламгер Бауыржан Момышұлы қандай тақырыпқа қалам тербесе де, өзіндік жазу мәнері, ой түйінін ашу тәсілі, тақырып тарқатудағы шеберлігі, бағамдау, байыптау, мәселені елеп-екшеп, оқырман ойында әбден қорытуы, бір сөзбен айтқанда, стиль даралығы анық аңғарылып тұрады.

Көсемсөзшінің қалыптасу, есею кезеңіндегі шығармашылығын ерекшелейтін бірден-бір нәрсе – оның сезімталдығы, жанашырлығы, жігерлілігі, батырлығы, Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілігі. Мұның бәрі оның публицистикасында айқын аңғарылады. Бұл қаламгер

шығармашылығының басты идеясы екенін танытады. Әрбір шығармасының негізінде осы қасиеттер ерекше байқалады. Мәселен, 1965 жылдың 14 желтоқсанында жазылған «Біз революционер ұрпағымыз» атты мақаласында осы қасиеттерді анық әрі айқын байқаймыз.

Ата мұрасына, ата дәстүріне дақ салдырғанымыз жоқ. Ананың ақ сүтін, атаның ақ батасын ақтап, олардың дәстүрлерін жаңа жағдайда жаңарттық, ұлғайттық, байыттық, молайттық – космосқа ұштық, айға құшағымызды жеткіздік. Бұл – әкелер, ағалар ерліктерінің нәтижесі. Ерлік елеусіз қалмасын, ол қастерлінсін, кескіндене кеңісін, ұрандана ұлғайсын, ерлік дәстүрі ескірмесін, күннен-күнге жарқырай түссін, жаңарсын. Келешектен-келешекке, ұрпақтан-ұрпаққа үлгі өнеге болуға жарасын. Бүгінгі жаңа ұрпақ ерлікті, айбындылықты алға апарсын. Ерлік тәрбиеден туады, ол әрқашанда есте болсын».

Бұл ретте публицистің мақала пішінін ұтымды тапқанын да айтып өту керек. Әуелі ерліктің қадір-қасиетін суреттеп, қадір-қасиетін суреттеп, артынша оны ұрпаққа үлгі етіп көрсетуге үгіттеген. Ой толғанысты екі бөлімге жіктеп, әңгіме тиегін ағытады. Екінші бөлімде ә дегеннен басты мақсатты, парызды айқындайды. «...Жас азаматты тәрбиелеу – біздің идеологиялық жұмысымыздың маңызды да қастерлі, маңдай алды мақсаттарының бірі. Жастар – біздің болашағымыз. Болашақ – жастардікі. Біздің барша қауымның басты бағдарлы тілегі – бүгінгі жас ұрпақтың бойына азаматтық борыштың нәрін ана сүтіндей сіндіре білуде. Ол – біздің аталық, аналық, ағалық қасиетті борышымыз» [2, 192]. Осындай мақсатты қоя отырып, міндеттің мәнін аша түседі, негізгі парызды ашып айтады. «Қазіргі замана жағдайына сәйкес жастарға идеялық тәрбие беру және шынықтыру, олардың патриоттық санасын өсіру, үлкен азаматтық дәрежеге баулу, совет қоғамының алдында әр уақытта жауаптылық сезімін олардың ойына, бойына сіңіру – басты міндет ...Азаматтық қасиетке баулу жеке-дара іс емес... Отанды қорғау, Советтік қарулы күштер қатарында қызмет ету – Совет азаматының қасиетті, абыройлы парызы» [2, 192].

Автор, әсіресе, мақалада негізгі мәселені шебер көтерген. Тәрбие мәселесін жан-жақты ашуға тырысқан. «Әскери тәрбие проблемасы – бұл адамды жөргектен найзалы бетпе-бет шабуылға дейін тәрбиелеу проблемасы. Әскери тәрбиенің де тұңғыш мектебі – семья. Тұңғыш тәрбиеші – ана. Міне, әңгіменің төркіні осы жерден басталады. Жастайынан жасыған жаумен жағаласуға жарамайды». Әрмен қарай автор өз ойын өмірден түйген тәжірибесінен туған мақал-мәтелмен өрбітеді.

Бауыржан Момышұлының осы тәсілі өзіндік публицистикалық ерекшелігін танытады. «Мақал-мәтел – өмір тәжірибесі. Қиналған, қысылған сәттерің мен шақтарың, сол қысылшаң кезден қалай құтылғаныңды ойыңмен өрнектеп, сөзбен кестелесең, тұжырымдап қысқа бейнелесең, нақылға айналады. Қол астында пәлендей мың солдат болып, оның пәлендей семьясының тағдыры және сенің мойныңда болса, ойланбай отыра алмайсың. Сонымен бірге солдатты өлімге жұмсау да оңай емес. Қарамағымдағы жауынгерлер маған тек бағынышты ғана болған жоқ. Олардың ішінде ақылгөйлері де көп болды. Кейде солардың ауыздарынан маржандай асыл сөздер атқылап жатады. Мен елден естігендерімді оймен елеп-екшей бердім. Екшегенімді ерінбей қағазға түсірдім» [2, 199], - дейді Бауыржан Момышұлы. Міне, осы тұжырымын талдауға түскен дәл осы мақалада ұтымды пайдаланған. Мәселен, «Балаң жақсы болып өссін десең, жастайынан жасытпа. Жүгенсіз өскенді жобаға түсіру қиын. Балаңды жөргегінен жөнге салып өсіргін. Ақылыңды әдісіңе жолдас ет. Әділетсіздік – әлсіздік, есептілік те – ерлік. Мамандықтың кілті – машықтануда. Ұқыптылық өрге тартады. Сергек ой – ер серігі. Елдің атын ер шығарады...» [2, 196].

Мақаланы жазу барысында публицист мәселенің маңызын шағып, оған тұжырым жасайды. Қорытып, оқырманға ой салады. Мәселені ашық көрсетіп, оның шешімін айқындайды. Ұсыныс білдіреді. «Бұл орайда не істеу керек?» деген сұраққа жауап іздейді. «...әрбір үйде семья реликвиясының бұрышы болуға тиіс... жас ұрпақты әскери-патриоттық рухта тәрбиелеуде мектеп пен жоғары оқу орындары орасан үлкен жұмыстар істеуіне толық мүмкіншіліктері бар... Отан қорғауда қайтыс болған батырларға мемориалдық тақта орнату қажет-ақ... Совет Одағының Батырлары, азамат соғысының ардагерлері өмір сүрген үйлерге мемориалдық тақталар, ескерткіштер орнату, клубтарда революциялық және жауынгерлік

даңқ бұрыштарын ұйымдастыру қажет. Елді пункттерге, көшелерге, учасоктерге Отан үшін мерт болған ерлер атын беру туралы мәселені батыл көтеретін уақыт жетті». Өткен мен бүгінді байланыстырып «Әскери міндетін өтеуге аттанып бара жатқан жастарды салтанатты түрде шығарып салу, Отанға адал қызмет ету аманатын тапсыру, сол сияқты күнделікті (аудандық, облыстық) баспасөзде жерлестеріміздің қаһармандығын паш ететін материалдарды үзбей жариялау, ерлік күндерді ерекше атап, музейлерде революциялық, жауынгерлік даңқ залын ашу қажет» екенін ескертеді. «Еңбекте – жалқаулыққа, ұрыста – қорқақтыққа, қоғамда – әдепсіздік пен тәртіпсіздікке жастардың қаны қас болып тәрбиелену үшін үлкен құралдың бірі – қасиетті дәстүрімізді, мейлінше, насихаттай білу» деп нық түйіндейді. Расында да, «публицистика белгілі бір күннің, белгілі бір дәуірдің тарихын сол күннің, сол дәуірдің саясатымен, философиялық көзқарасымен байланыстыра отырып жасайды» [4, 27] дегенге осы тұста және бір рет көз жеткіздік.

Қазақ көсемсөзі жанрының өзіндік даму жолын саралап, оның өсіп-өркендеуін кеңістік пен уақыт аясында, жаратылыс үдерісі контекстінде жаңаша қарастырған зерттеуші Кәкен Қамзин мақалаға былай деп анықтама берген: «Біздіңше, мақала дегеніміз – авторды, қоғамның белсенді бөлігін толғандырған саналы ой мен оның қағаз бетіне түскен таңбасының үйлесімі, құнды, байсалды пікірдің көсемсөз жанрына айналуы». «Мақала» сөзінің түп-төркінін «мақал» деген сөзден шыққанын айта келе зерттеуші мынандай тұжырым жасайды: «Мақаланың өң бойын идея көктеп өтетіні рас. Идея дегеніміз – құбылыс, оқиға, белгілі бір зат туралы жинақталған ой. Жинақы көзқарас пен ұтымды пікір мақал мен мәтелге тән сипат. Индивидуалдық һәм әлеуметтік сананы, адамгершілік, рухани әлемнің көсегесін көгертетін идея да сонда... Мақал мен идея ғайыптан, ойда жоқта жарқ ете түспейді, оның арғы жағында, тасасында жеке факті немесе фактілер тізбегі, дерек, оқиға, құбылыс тұрады». Сондай-ақ, зерттеуші К.Қамзиннің ойынша, мақалада басқа жанрларға қарағанда публицист позициясы айқын да нақты байқалады. «Қаламгер өз ұстанымын барынша қорғай біледі, оппонентке батыл да байыпты уәж келтіреді. Бір сөзбен айтқанда, сүйегі мақалдан өрбіген мақаланы жан-жақты дайындығы бар көсемсөзші, дедукция әдісін жетік меңгерген шебер журналист жаза алады» [5, 240]. Бауыржан Момышұлының қаламынан туған дүниелерде осындай екпінді қадамды аңғара аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Тертычный А. Жанры периодической печати. – Москва: Аспект Пресс, 2006. – С. 157
- 2 Момышұлы Б. Соғыс қателікті кешірмейді. Көптомдық шығармалар жинағы. 14-том. – Алматы: Өнер, 2009. – 304 б.
- 3 Стрельцов Б. Основы публицистики. Жанры. – Минск: 1990. – С. 108
- 4 Жақып Б. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. Генезис, эволюция, поэтика. – Алматы: Білім, 2004. – 368 б.
- 5 Қамзин К. Қазақ көсемсөзі жанрларының кемелдену үдерісі: Монография. – Алматы: Экономика, 2009. – 400 б.

ӘОЖ 821.512.122

ҚАДЫРОВ ЖАНБАЙ ТҰРАРҰЛЫ
ТОПЫШЕВА АСИЛЬ БАЯНОВНА
ТУРОВСКАЯ ЕКАТЕРИНА ИВАНОВНА

М.Қозыбаева атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Петропавл, Қазақстан

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан

zhkadyrov_777@mail.ru

Ж. АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ

Аннотация: мақалада Ж.Аймауытов шығармаларындағы әйелдер бейнесі қарастырылады. Кейіпкер мінез-құлқын, ішкі сезімін білдіруде дәрекі эмоционалды сөздер,

яғни қарапайым сөздердің шебер қолданысы айқындалады. Ақбілек образы негізгі кейіпкер ретінде жан-жақты ашылып, логикалық, психологиялық дәлелдермен үлкен психологиялық образ дәрежесіне көтеріледі. Жазушы Ақбілектің сезімін психологиялық параллелизммен шебер жеткізгені нақты мысалдармен сипатталады. Монолог арқылы Ақбілектің ішкі арпалысы, тартысы көрсетіледі.

Тірек сөздер: психологиялық параллелизм, психологиялық образ, кейіпкер мінезі, кейіпкер тілі, экспрессивтік-эмоционалды сөздер, диалог, монолог, қарапайым сөздер.

Ж.Аймауытов әр түрлі әйелдер бейнесін шеберлікпен жасаған. «Ж.Аймауытов сомдаған әйелдер бейнесінің нанымдылық күші жоғары. Жазушы түсінігінде әйелдер жақсылықтың да, жамандықтың да бастау-бұлағы. Жазушы негізінен қазақ жағдайындағы жаулық жамылған жандардың тіршілік-дағдысын сыйына дәріптеу орнына сыни көзбен мысқылдай, әшкерелей, сықақ ете суреттеуге бейім» [1, 39].

Мысалы, «Саулы Бозінген» деген әйел оқиға желісінде Ақбілек ақтардан қашып келе жатып бір ауылға тоқтағанда көрінеді. «Бозінген» бүкіл ауылды құлақтандырып барып, Ақбілекті көруге келеді. Өзінің екіқабат боп ұзатылған Айтжанымен салыстырады. *Күмсінай:*

- Барғанмен көре алмассыз, ұйықтап қалды, - деп еді, ол сөз Бозінгеннің құлағына бит шаққан құрлы кірген жоқ, қол-аяғы жерге тимей, шошалада сүт пісіріп жатқан қара кемпірге барып, көзін ашып-жұмып естіген хабарын айтты.

Бит шаққан құрлы кірген жоқ – қарапайым тұрақты тіркес, ауызекі тілді жиі қолданылады. Бұл жерде Бозінген мінезінің бір қыры ашылады.

Шапанының өңірін қайырып, әдібін көрді, көйлегінің сүйегін байқады, жеңсіз камзолының жиегінің, қалтасының қақпағын, кебіс, мәсісін – бәрін шұқылап көріп болған соң, маңдайына шашырай салбырап тұрған шашын ақырын сырғытып:

- Өзі де қыз десе – қыз екен! – деп қорытынды шығарды.

Шапаны биқасап, әдібі батсайы, жеңсізі дүрия, көйлегі бәтес екенін айтысып...

Бозінгеннің бақталас, дүниеқор, көрсеқызар мінездері де қимыл-әрекеті арқылы көрсетіледі.

«Бозінген отбасының әйелі емес, бір болыс елдегі әңгімені үйде отырып біліп отыратын, еркектердің партиясына да, дау-шарына да кірісіп кететін, сақ құлақ, еті тірі көшелі кісі зой. Және біздің «Бозінген» еркектермен дойбы, карта, асық ойнайтын, насыбай ататын, қонаққа өлең айтқызбай жібермейтін, бозбала келсе, екі езуі жиылмайтын сері кісі зой. ... таза көрпелері салтақ-салтақ боп, төсек-орны жуырда жиналмай, қоқып, ыбырсып жатар еді».

Жазушы Бозінгенді мақтап отырған жоқ, кекетіп отыр. Жақсы әйел «Бозінген» атанбайды ғой. Бозінген – әйелдер арасында кездесе беретін шаруаға қыры жоқ, өсек-аяң, қыдыруды жақсы көретін, еркекке жеңілтек әйелдердің бір үлгісі.

Ал Өрік – нағыз тасбауыр өгей шешелердің жиынтығы. Оның портретінің өзі сөйлеп тұрғандай: *«Ақбілек жаңа шешесіне көз қырын салды. Көзі тікишген, жұқа қабақ, қаймақ ерін, таңқы мұрын, тымырайған, қайқаңдау, қара сұр адам екен. Үйге жылан кіріп келгендей Ақбілектің жүрегі су ете түсті».*

Өріктің қандай адам екенін түрі айтып тұр. Ауыл әйелдері де оның шеше боп жарытпайтынын, көк долы екенін аңғарады. Өрік келе шаруаны қолға алады, бір сабақ жіп бермейтін сарандығын көрсетеді. Балаларға мейірімсіз болады. Өрік бейнесін жазушы өзін сөйлету арқылы ашады. Кейіпкер қолданған қарапайым сөздер оның ой өрісі мен мінезін даралайды. Мысалы, Жүсіпбек Аймауытов шығармаларындағы кейіпкер тіліндегі қарапайым сөздер кейіпкер мінезін ашуға қызмет етеді.

Мысалы,

- Сенің-ақ жылыншығың құрып тұр ма? Неткен бала өзі! – деп Сараны төбеге бір ұрды...

- Ой қағынды! Ой, түйнеме келсін! Добалдай боп, көзің шығып кетті ме, Көк шешек! – деп...

- Тәйт әрі, албасты қатын қар! Сенікі не? Сен неге қыстырыла қалдың! Менен тумады дейтін шығарсың... Қарғамақ түгілі отқа тастап жіберсем де, менің қолымнан алатын кісі жоқ. Балаға ара түскенді көрсетпе! Паһ! Бауырың екен көрдік [2, 291].

Өріктің аузынан шыққан дөрекі, эмоционалды сөздер, яғни қарапайым сөздер шоғыры оның адуынды, ұрысқақ, қатал адам екендігін ашуға ерекше қызмет етіп тұр. Қағынды, түйнеме келсін, көк шешек, албасты деген сөздер қарғыс мәнді сөздер Кейіпкер тіліндегі «Бауырың екен көрдік. Паһ!» деген сөйлемдердің де экспрессивтік мағынасы ерекше. Қаламгер Өріктің бейнесін ашу үшін қарапайым сөздерге стильдік жүк артқан

Ара түскен Ақбілек:

- Ойбай-ау! Ұят қой! Пәленшенің қатыны дейді ғой, - деп тағы бірдеңе айтпақ болып еді, Өрік одан жаман дәуірлеп:

- Қатыны болсам, не ғыптын? Ойнас қылыптын ба? Өтірік айтыптын ба? Құдайға шүкір, оң қолым таза, аузым оймақтай? Құдай сендей абиыры кеткеннен, орыс салдақылағаннан сақтасын! – деп бастырмалатып, аузынан көбігі бұрқырап жатқанда, Ақбілек шыдай алмай, еңіреп шыға жөнеледі» .

Ақбілек пен әкесін араздастыра түседі. Ақбілектің аяғы ауыр екенін білу үшін түймеңді салып шық деп өтірік қамқорсыған болады. Өзіне камзол пішпек боп, Ақбілекке «түймеңді салшы, қиғанын көрейін» деп аярлық істейді. Тіпті болмаған соң Ақбілек ұйықтап жатқанда ішін ұстап көреді. «Ақбілекпен өштігі әуелде өткен күнін көксеуден туса да, жүре-жүре ол себеп ұмытылып, енді тек өштіктің қызығына түскендіктен өшігуші еді. Жығылғанды жұдырықтау оған өнер, мақтан есепті көрінуші еді. Үйткені адам – айуанның айуаны ғой. Кімнің басына күн туса, соны табалауға, мұқатуға, одан әрі батпаққа батыруға құмартып тұрады: табаласа, аяғымен таптаса, сонда айызы қанады. Әсіресе, ел мақтаған, кірсіз адамды кірлеуге жаны өш болады. Үйткені кір көңіл адам кірсізді көре алмайды, күндейді; өзіндей қылуға тырысады».

Өрік келте ойлайтындығын, ақылы шولاқтығын көрсетті. Кейін Ақбілек оқыған боп өзгеріп қайтқанда Өріктің қарауға беті болмайды. Қалай қарасын? Ақбілек жаны қысылып толғатып жатқанда Мамырбай екеуі үйлерінен қуып шықпады ма? Сонда Өрік: «Сені жайратып отыра алмаймыз, сенің қағанағыңды жуатын адам жоқ» деген болатын.

«Экспрессивтік-эмоционалды сөздер барлық стильде бірдей қолданыла бермейді. Олар негізінен сөйлеу тілі мен көркем әдебиетке тән» [3, 256]. Жазушы кейіпкерлерді сөйлету арқылы тыныс-тіршіліктерінен, өмірге деген көзқарастарынан, мінез-құлықтарынан хабар береді. Кейіпкер тілі арқылы оның образын әр қырынан көрсетеді.

«Нағыз жазушы кейіпкерлерін өздері беріп тұрған образға сай сөйлетеді. Кейіпкер сөзі оның бейнесін жасауға тікелей қызмет ететін көркемдік тәсілдің бірі болып саналады» [4, 47].

Кейіпкердің дөрекі сөзі мінезінің тұрпайылығын әшкерелеп, оқырманның жиреніш сезімін күшейтеді. Қаламгер прозасындағы сөйлеу тілі элементтері, қарапайым сөздер кейіпкер мінез-құлқын білдіруімен қатар кейіпкерлердің ішкі сезімін, қатты ашу-ызасын беру мақсатында қолданылған.

Бірақ Өрік байға бауыр басқандай, дүниені бала қылғандай, өз балаларын, өткен күнін ұмытуға да айналып бара жатыр еді. Оның күйтегені, көбінесе жаңа өмірдің қызық-шыжығы еді. Ақбілекпен өштігі әуелде өткен күнін көксеуден туса да, жүре-жүре ол себеп ұмытылып, енді тек өштіктің қызығына түскендіктен өшігуші еді [2, 295].

Мәтіндегі көрсетілген қарапайым сөз Өріктің мінезін ашып тұр. Өрік кекшіл, жас қыз, өзінің өгей қызы Ақбілекке жасаған қылықтары оны ұнамсыз бейне етеді. Себебі Өрік анасы жоқ жетім қызға қамқор болу орнына әкесіне жамандап, оған күндес адам тәрізді қарайды. Өз балаларын ұмыта бастауының өзі Өріктің қатыгездігін айқындайды.

Өріктің мінез – ерекшелігін ашуға қызмет еткен. Өрік ас салуға да шеберлік көрсетті – дегенде кекесін мағына беру үшін қызмет етеді. Мәтіндегі да, де шылауын алып тастасақ Өріктің мінезі толық ашылмайды, онда Өрік пысық, қолынан бәрі келетін жақсы кейіпкер болып шыға келеді.

Өрік Ақбілектің аяғы ауыр екені білінгенде қуанғаннан жүрегі жарыла жаздайды. *«Бұ хабарды естігенде, Өрік өлген байы тіріліп, екі баласы қолына тигендей қуанды. Дүниеде әйел бір-бірімен өштеспесін. Әйел өштессе, аяу дегенді білмейді. Қайдағы жараның аузын жұлып алатын нәзік, жанды жерді аңдиды. Әйел шақса, шаяннан бетер шағады. Әйел өмірі кешірмейді»* [2, 279].

Жазушы Өрік мінезін аша отырып, оның қатігездігіне баға береді.

Ақбілек образы прозада негізгі кейіпкер ретінде жан-жақты ашылған. Жазушы Ақбілек бейнесіне қатысты оқиғалардың бәрін логикалық, психологиялық дәлелдермен бере білген. Ақбілек бейнесін С.Қирабаев пікірімен айқындауға болады: *«Әрине, Ақбілектің бұл күйге жетуі оңай бола салған дүние емес. Жазушы оның қайшылықты тағдырын жеңілдетпей, үлкен психологиялық образ дәрежесіне көтере білді»* [5].

Негізгі кейіпкер Ақбілек – роман басында уайым-қайғысыз жүрген ерке қыз. *«Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі – жас түлегі, айы-күні – сұлу қызы, алтын сырға, күміс шолты сылдырлатып, былдырлатып, ақ көйлегін көлеңдетіп, қызыл, жасыл көрпелерін қағып үйге әкелген еді»* [2, 145].

Ақбілек екі кештің арасында бақытсыздыққа ұшырайтынын қайдан білген. Тауды паналап жүрген қашқын ақтар Мұқаштың көрсетуімен Ақбілекті тауға алып кетеді.

Бірінші рет көріп тұрған өңшең орыстардың ортасында Ақбілек қара мұрт орысқа назар аударады. *«Олар күліп жаңылдап отырғанда, төрде жатқан ұзын бойлы, аққұба, қара мұрт орыс оянып, қырынан жатып, Ақбілекке көз салды. Ол өзгелердей сөйлескен де, күлген де жоқ, көп күліп жатқанда, біреу сазарып отырса, оның жаны жұмбақ қой. Жұмбақ нәрсе адамды құштар қылмақ қой. Әлде өзіне бастас қылғысы келді ме, немесе одан бір жылы сөз күтті ме, болмаса әйелге біткен жеңсікқойлық мұны да жеңді ме, әйтеуір қапаста қапаланып, жалынарға жан таба алмай отырған Ақбілектің көзі еріксіз қара мұртқа түсті»*.

Ақбілектің қара мұртқа үмітпен қарауы одан бір көмек күткендікті білдіреді. Кейін өзі үшін екі орыстың жекпе-жекке шыққанын естігенде Ақбілекті мақтаныш сезімі билейді: *«Алды-арты тұйық, қараңғылық, не болары белгісіз... сонда да Ақбілек тірі, Ақбілек сұлу... Ол елден асты. Қазақ тұрсыз, атағын орыс естіп, іздеп келіп, алып қапасты... орыс біткен бұған бола қырқысты...»* [2, 160]. Ақбілек бұл істің Мұқаштан келгендігін білмегендіктен осылай ойлады.

Жазушы осында жалпы адам баласының өмірдің кез келген жағдайына көндігетінін айтып отыр.

Ақбілектің көзқарасынша Қара мұрттың өзіне бәйек боп, жас баладай күтуі ерсі, таңсық. Қазақ ғұрпында еркектің әйелге олай кішіреймейтінін білетін Ақбілек Қара мұрттың мінезін оғаш көреді. Ұлттық ерекшелікті көреміз.

Ақбілек жас болса да ширақтығымен өзін қара мұрттың мылтығынан аман алып қалады.

Мені өлтірме! Қасықтай қанымды қи! Мен саған тағы керек болмасымды қайдан білесің? Мен түсімде саған еріп қала барып жүр едім. Сен бұл жолдан аман-есен қайтасың, елге аман барасың...- деді [2, 173].

Ақбілектің қасқырларды көргенде ойына бірден от жағу келмейтіні нанымды берілген. Қолындағы таяғын сермеп, айналып жүргенде аяғы күлге тиіп кетіп, шоқ шашырағанда ғана есіне от түсуі жазушылық шеберлікті білдіреді.

Еліне қарай кетіп бара жатқан Ақбілектің сезімін жазушы психологиялық параллелизммен шебер жеткізеді: *«Асуға шыға бергенде, артына бір қарады. Аяқ астында томардай томпып қостар тұр. Анау тау жылғасындағы ағаш, анау көгал, анау сай-сала, анау орқаш-орқаш тас Ақбілектің адамгершілігін аяққа таптаған, абыройын төккен жер. Оларға көзі түскенде күйінген,*

өкінген, жиренген - әйтеуір өзегін өртеген бір жаман сезім пайда болды. Төрдегі таза төсенішті былғап кеткен күшікті желкесінен ұстап, өз тезегіне өзінің тұмсығын тигізсең, қандай жеріп, қыңсылап, кейін шегінеді. Артына қарағанда, Ақбілек те сол күшік тәрізді болды. Қарағысы келмеді, теріс айналды» [2, 177].

Осы үзінді роман жанрының психологиялық екенін айқындай түседі. Намысы тапталғаннан кейінгі қыздың қорлануын жазушы бейнелі суретпен көз алдымызға дәл келтіреді.

Ақбілектің аяғы ауыр екенін жазушы әуелі нақты айтпайды, жанамалай білдіреді. «... тағы бір өрге шыққанда аяғы қорғасын құйғандай ауырлап кеткен тәрізденді; сүйектері сынып бара жатқандай болды. Ақ сүйек ойнағанда ор қояндай орғып, бір қажымайтын аяғы түскірге не болды?» [2, 177]. Қыз тәжірибесіз болғандықтан екіқабат екенін білмейді. Қыздың аяғының ауырлап кетуі – деталь. Жазушы Пушкиннің «бәрін айтпау» деген қағидасын ұстанған.

Жолда бір ауылға тоқталғанда да қыз кедейдің үйіне барғанды қалайды. Себебі көпшіліктің көзіне күйсіз қалпында түскісі келмейді, бейсауат жүрісінен де қысылады. Мұнда да қыздың байыптылығы, ақылдылығы білінеді. Аулына келе жатып Ақбілек өзінен жирене бастайды: «Енді бұрынғы нәрестедей уыз денесі былғанып, арамданып қалған тәрізді, бұрынғы кіршіксіз, аппақ кеудесіне енді қара құзғын ұя салып кеткен тәрізді; күнә-сұмдықты білмейтін ақ жүрегі арамдықтың неше атасын біліп, бұрынғы қыз басы қатын боп қалған тәрізді: бұл былғанған дененің кірі, жанның күнәсі өмірі тазармайтын тәрізді. Өз аулының тауына, жеріне жақындаған сайын таза жерді басуға өзінен-өзі ұялып, атылып өліп кетпей, қара мұрттың мылтығына бекер-ақ жармасқан екем деген өкініш пайда болды; ит жалап кеткен ыдыстай, өзінің денесін де арам деп білді...» [2, 194]. Бұл монолог Ақбілектің ішкі арпалысын, тартысын білдіреді. Ақбілек аулына келгенде біраз уақыт ауыл адамдары оған бәйек боп, жаны ашитындай, сыйлайтындай көрінеді. Ақбілек «жұрттың көзқарасы маған өзгермепті, менен ешкім жиренбейді екен» деген ойда болады.

Сінлісі Сара мен інісі Қажікенді күтіп, бауырмалдығын көрсетеді.

Бірақ Ақбілекте басқа қайғы пайда болады. Әкесі бұрын қызы дегенде өліп тұратын болса, енді қарамайтын, сөйлемейтін болған. Онсыз да қорланып жүрген Ақбілекке әкенің суып кетуі ауыр тиеді. «Әкесінің қабағы қашан жадырар екен, қашан жылы қарар екен, қашан тіл қатар екен?» – деп сарылып, сарғайып күтеді. Жар дегенде жалғыз әкем мені жек көрсе, енді мен кімге сыямын?» деп қайғырды» [2, 242].

Ақбілек қанша қайғырғанмен, әкесі қарамайды, қызы да күдерін үзіп, үй шаруасымен айналысады.

Жеңгесі Ұрқия Ақбілекке жұрттың «орыстар не істеді екен, орыстан кейін не боп қалды екен?» деп ойлайтынын айтады. Ұрқияның өз ойы да осы болатын. Ақбілек жеңгесіне бастан аяқ баяндап береді.

«Оңаша болса: жеңгесі Қарашат жайынан оны-мұны сұрап қояды. Ақбілек дүние көрген кісі боп, кейде қарамұрттың қылықтарын асыңқырап айтатын да болды. Өткен күндер бір түрлі жиренішті болса да, айта-айта жиренішті жақтары ұмытылып, сұлу жақтары көбейіп, ертегі тәрізденіп кетті» [2, 244].

Кеше ғана арын таптап жұртқа масқара қылған қарамұрт туралы Ақбілектің кексіз, тамсанып әңгімелеуі туралы Б.Майтанов былай дейді: «Ажал тырнағынан құтылғанына қуанған Ақбілектің қарамұртты мүлде естен шығара алмауын көрсетуде көлгірсушілік жоқ» [1, 37].

Қайткенде де Ақбілек Қарамұртқа ызаланбайды. Тіпті Бекболат келгенде де оның саусақтарын Қарамұрт саусақтарымен салыстырады. Сөйтіп жүргенде аяғы ауыр екені білінеді. Ақбілекке бұл жаңа дерт болады.

Жазушы әйелдер психологиясын жетік біледі. Ақбілек ұзақ азаптанып, Көркембай кемпірдің жаман үйінде ұл босанады. Бірақ оған қуанатын Ақбілек емес. Аналық сезімін туғанға дейін көрген азап, қорлығы тұмшалап тастағандай. Кемпірге баланың көзін жоғалт дейді.

«Ақбілек те Ескендірден (сәбиін білмей тұрып) қашқан. Ұяттан қашқан. Моральдық фактор үстемдік көрсеткен. Бәрінен бұрын өзін сүйген. Өзін аяған, әкесін, жақынын аяған. Ақбілек бейнесі сонда да тартымды. Оған себеп – жазушының ұлттық орта, психология талаптарын айқын сезіне біліп, кейіпкерін жағдай мен мінез бірлігі тұрғысынан сенімді түрде суреттеуі» [1, 38].

«Жығылған үстіне жұдырық» дегендей Бекболат та *«екіқабат екенің рас болса, түңілейін»* деп хат жазады. Әйтпесе ол Мамырбайдың бермеймін дегеніне қарамай Ақбілекке үйленбек боп жүреді. *«Бір қайғының үстіне бір қайғы жамылып, Ақбілек ең соңғы алданышынан айрылғандай, ойын қара тұман басты; кешегі баладан неге өліп кетпедім екен деген ой тағы келді. Өзін бұл дүниеге керексіз, артық адамдай көрді»* [2, 283].

Бұдан кейінгі Ақбілектің өмірі бес жыл өткен мезгілден кейін шегініс арқылы Кәмиламен диалог арқылы баяндалады.

Ауылдағы жанашыры жеңгесі Ұрқия болса, қалаға оқуға келген соң туған жеңгесі Мағиша қамқоршы болады.

Ақбілек Семейде, Орынборда төрт жылдай оқиды. Басқа қыздар секілді жігітпен жүрмейді. Жеңгесінің ақылын тыңдайды. Жеңіл жүріске салынып кетпей, білім алып шығады. Оған салмақтылық, шыдам, ерік-жігер керек.

Ақбілек әуелі Ақбала деген оқығанға көңілі кетіп, екеуі үйленбек боп жүреді. Бірақ Ақбала Ақбілектің жағдайын естігенде бас тартады. Балташ деген оқыған жігіт Ақбілектің басынан өткенін білсе де үйленеді.

- *Сенің өткен күндегің маған керек емес, адамшылығың керек. Өткенге сен жазалы емессің, - дейді Балташ* [2, 313]. Ақбілек Балташпен некеге тұруға барғанда баяғы Қарамұртты көреді. Ақбілек оған кештім дегендей басын изейді.

Ақбілек Балташпен еліне бара жатып жолда бір ауылға түседі. Кірген үйлері Бекболаттікі боп шығады. *«Бекболатпен жолыққан күндер замат көз алдына елестеп өтті. Әйтсе де өткен күнге өкінген жоқ. Бұрынғы арман қылатын тұрмыс енді аяқ астында қалғандай, өзі басқа бір жаңа, жарық дүниеге көшкендей. Бір жоғары көңіл пайда болды. Бекболат бұрынғыдай емес, сақал, мұрты да көбейіп, бет-аузы да ажымданып, бойы да аласарып, қораш боп қалғандай көрінді»* [2, 319].

Ақбілек бұрын үйінде жүргенде Бекболатқа қосылсам деп, көз алдына бақытты тұрмысты елестетуші еді. Енді уақыттың өзі оларды қайта жүздестіріп, Ақбілектің жоғарылап кеткенін, Бекболатты менсінбейтіндей халге жеткенін көрсетіп отыр.

Кезінде қорлық көріп, Ұрқиядан басқаға керек болмай кеткен Ақбілек енді оқыған, жар тапқан әйел боп келе жатыр. *«Ақбілек Алтайға шыққанда, баяғы апасын өлтіретін, өзінің абұйырын алатын, өгей шешенің қорлығын шегетін, Көркембай кемпірдің көр үйшігінде жаны көзіне көрінетін, алай-түлей, қараңғы күндер барса келмеске біржола кеткендей, анау алыста, етекте біржола қарасы өшкендей боп көрінді. Ақбілек бейнеттен, қорлықтан, күнәдан құтылып сонау жеті қат көктегі ғарышқа апарып, жүрегін алтын легенге салып жуғандай, анадан жаңа туғандай тәрізді. Оның жүрегін жуып, тазартқан леген – аяулы жаны, Қаратаудай қайратты, ай мен күндей ғылым еді»* [2, 320].

Бұл үзінді – роман идеясы, түйіні. Ақбілек оқудың арқасында жаңа адам боп өзгерді, көзі ашылды, жар тапты. Бұрынғы күйіктен із де қалмады.

Ескендірдің өз баласы екенін білгенде Ақбілекті аналық сезім балқытады, өлтірмей алып қалғанына Ұрқияға риза болады. Кейін өз қолына алмақ болады. «Кезінде көзін құрттыға санаған Қарамұрт пен өзінен туған баласы – Ескендірге деген махаббат – аналық ұлы мейірім шуағы. Қасірет тозағының аспанынан бақыт жұлдызы шыға ма? Әкесін сүймей, оның перзентін шаттық көру қандай ғажап! Түсініп бағыңыз. Адам жаны неліктен төзімді, неге жұмбақ? Небір қияметті көтеретін адам жүрегі қандай берік?! Қаншама қайшылық бір адамның жанына қалай сыймақ? Керемет қасіреттен кейін баянды қуаныш табыла ма? Бүгінгі қуаныш кешегі қасіретпен қайтіп үйлеспек? Ақбілек тағдыры алдымен осы тақылеттес жан жүйе болмысына тән кермек сауалдарды алға тартуымен нанымды» [1, 37].

Жазушы Ақбілек бейнесіне қатысты оқиғалардың бәрін логикалық, психологиялық дәлелдермен бере білген.

Ақбілектің аянышты, ауыр халін бейнелеу үшін оны аңның әдемісі құралайға, дәрменсіз күшікке теңесе, төңірегіндегі жұртты қорқынышты жан алғышқа теңеу арқылы Ақбілектің қайғылы халін тереңдете көрсете білген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: 1996.
- 2 Шалабай Б. Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: 1997.
- 3 Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы: 1997. – 224 б.
- 4 Қирабаев С. Ж. Аймауытов өмірі мен шығармашылығы. – Алматы: 1993. – 220 б.
- 5 Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: 1989. – 588 б.

ӘОЖ 821.512.122

ҚАДЫРОВ ЖАНБАЙ ТҰРАРҰЛЫ
ШӘРІПБАЙ ӘЛИЯ СӘКЕНҚЫЗЫ
МАЛИКОВА АННА ИВАНОВНА

М.Қозыбаева атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Петропавл, Қазақстан

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан

zhkadyrov_777@mail.ru

ТҰРСЫНХАН ӘБДІРАХМАНОВА ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ

Аннотация: мақалада Тұрсынхан Әбдірахманова поэзиясының көркемдігі қарастырылады. Тұрсынхан Әбдірахманованың поэзиясындағы көркемдік әдіс, әдеби ағым, сөз саптаудағы бейнелеуіш құралдар, көркемдік құрылымдардың қолданысы сараланып, жеке қаламгерлік стилі айқындалады. Ақынның табиғат лирикасына арналған өлеңдеріндегі табиғатқа адам кейпін беріп суреттеуі ақынның өзіндік ерекшелігін байқатады. Дала өмірін тың бейнелеумен берудегі шеберлігі сипатталады.

Тірек сөздер: табиғат лирикасы, қаламгер стилі, көркемдік әдіс, әдеби ағым, бейнелеуіш құралдар, көркемдік құрылымдар, стиль, ұлттық өрнек, лирикалық қаһарман.

Қазіргі поэзиядағы стиль мәселесін сөз еткенде Қ.Мәшһүр-Жүсіп тұжырымдарына қосыла отырып, лирикалық қаһарман сипатына, суреткердің сөз қолдану ерекшелігіне назар аудару қажет. «Қазақ ақындарының қаншалықты толысқан суреткер екенін айқындау үшін, стиль де, көркемдік әдіс те жалаң алынбай, үнемі бейнелілік тұрғысынан саралану қажеттігі де дау туғызбайды» – деп ой түйеді ғалым [1, 440].

Бейнелілік стильмен тікелей байланысты. Оны стильдің көрсеткіш құралы десе де болады. Өмірді көркем бейнелеу үшін, ең алдымен, ақынның сол өмірді бейнелеу үшін таңдаған әдісінің негізінде айқындалады. Қай ақын болмасын әдіске сөз сомдау үстінде төселеді.

Кез келген ақынның стиль жағынан, бейнелеуіш құралдарды қолдануы жағынан өзара ұқсастық, айырмашылықтарын ажыратуда шығармашылық істе пайдаланған көркемдік әдістері шешуші рөл атқарады. Бұдан ақындардың идеялық-эстетикалық ерекшеліктері айрықша танылады. Шынайы таланттардың жазу машығы өзгелерден оқшау, дара көрінеді. Қолға алғаннан-ақ, кімнің жазғанын қапысыз аңғаруға болады. Мәселен, Абай, Мағжан, Мұқағали стилі десек, оны айтқызатын – айрықша айшықты, өзгелерден ерекше, дара бітімді қолтаңбалары.

Бір дәуірде шығармашылықпен айналысқан қаламгерлер тобына тән стиль мен жеке қаламгер стилі арасындағы ортақтастық көркемдік әдістен туындайтын әдеби ағымға тікелей байланысты.

Қай ақынның болмасын стилінің байлығы – көркемдік ізденіс нәтижесінің жемісі. Ақынның суреткер ретінде марқайып, айрықша стиль танытуына, шеберлік шыңына жетуіне өзінен бұрынғы ақындар мектебі, өз ортасы, заманы айрықша әсер етеді. Сонымен бірге жеке ақынның тұтастай қазақ лирикасының биігін межелеуде көркемдік әдіс, әдеби ағым, сөз саптаудағы бейнелеуіш құралдар, көркемдік құрылымдар, бір сөзбен айтқанда стиль шешуші рөл атқарады.

Талантты ақын Т.Әбдірахманова халқына деген сүйіспеншілікті, табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынасты, махаббатты, достық пен адамгершілікті негізгі нысанаға алып, қазақ поэзиясының көкжиегін кеңейтіп, ерекше еркін тыныспен, пішіндік, мазмұндық ізденістер нәтижесінде туған көптеген жыр жинақтарымен әдеби қауымның ықыласына бөленді. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Ән» деген атпен 1956 жылы жарық көрсе, кейіннен «Әнге ән» (1962), «Танисыз ба, бұларды?» (1963), «Шырқау» (1966), «Көгершін көңіл» (1968), «Кілт» (1972), «Мерей» (1981), «Наз көңіл» (1984) т.б. өлеңдер мен поэмалар жинағы басылды.

«Мен тұрғыластар бүгінгі жастар секілді өлең жазуды махаббат тақырыбынан бастаған жоқпыз-ау деймін. Мұның субъективтік жақтарымен қатар объективтік заңдылығы да болады. Ол Отан тағдырымен байланысты.

Ақын творчествосындағы үлкен бір арна және негізгі арна – қоғам өмірі, адам тағдыры, достық, адамгершілік, биік парасат туралы ой толғаған лирика деп ойлаймын. Тұтанып өшкен шырпының өміріндей ғана өмірі бар өлең жазбай, бірдің болмаса бірдің көңілінде, көкейінде жүретін, біреу болмаса біреу ғибрат алатын немесе «адамдық борыш өтедім деме, сен өзге көңілде бір қуаныш отын жақпасаң» дегендей, бірдің болмаса бірдің көңілінде әлдебір сәуленің, шуақтың тууына, қуаныш отының алауына себеп, әлденеден сақтандырып, әлдебір жақсы ниеттерге жетелерлік өлең жазу – әрбір ақын мұраты» [2].

Ақын өлеңдерінің тақырыптары сан алуан. Соның ішінде табиғат лирикасына арналған өлеңдерін қарастырсақ, «Көкше» өлеңінде:

Көкше қандай!
Көктем қандай!
Май қандай!
Айнакөлдi айдан қиып қойғандай.
Түкті кілем тоқып шебер өрнегін,
Оқжетпестің етегіне жайғандай!
Қия таста ақ қайың мен қарағай,
Қалай қиып өтерсің бір қарамай.
Маужыратып тау мен тасты талдырып,
Шырқап тұрған бейне Біржан – Сарадай.
Бұйра толқын Бурабайда Жұмбақтас,
Сырға берік тымырсық қыз тіл қатпас.
Ерке толқын мойынына оралып,
Жалынса да шімірікпес, міз бақпас [3, 110].

Бұл өлеңнің тармақтарындағы әр детальда сурет нақтылығы ғана емес, сонымен бірге сол шырайлылықтардың бірінің салтанатын бірі аялап, құп жарасуы бар. Мәселен, түкті кілем шебер өрнегін тоқып Оқжетпестің етегіне жаюы қандай жарасымды?! Сонымен бірге ақ қайың мен қарағайлардың тау мен тасты маужыратып Біржан-Сарадай шырқап тұруы, сырға берік тымырсық қызға баланған Жұмбақтастың мойынына ерке толқындардың оралуы – бәрі біріндегі сәнділікті екіншісі өрістететін белгілер.

Ақын шынайы суретті түйсік қабылдауымен әрлендіріп, әсерлендіріп, жан бітіре бейнелеген.

«Түн тынысы» өлеңінде:
Жазғы түн.
Жасыл құрақ көл жағасы.
Көлде тұр келісті бір көңіл нашы.

Дірілдеп айдынында ай сәулесі,
Жиектің жылтылдайды меруерт тасы.
Қараймын қызыққаннан күміс көлге,
Көл қадап алғандай көп күміс теңге.
Тоғысқан ай нұрымен бу мұнарын
Дерсің бір тоқып тұрған күміс перде.
Маужырап, мүлгіп мақпал түн ұйықтапты,
Манаурап бар табиғат тұнып қапты [3, 112].

«Дірілдеп» сөзі арқылы көлдегі әсем қозғалысты аңғартады. «Күміс көл» дегендегі «күміс» сөзі су тазалығының белгісі, әрі рең әсемдігі деуге болады. «Маужырап, мүлгіп мақпал түн ұйықтапты, Манаурап бар табиғат тұнып қапты» дегендегі маужырап, мүлгіп, манаурап сөздері табиғатқа адам кейіпін беріп жандандырып тұр.

Ақын назарына жиі ілігетін табиғаттың көркем мезгілі – көктем. Көктем тақырыбына қалам тартқан ақын көп. Әр ақынның өзіндік жырлау мәнері, өзіндік танымы мен талант қуатын ескерсек, Т.Әбдірахманова өлеңдеріндегі көктем келбеті көз алдымызға өзіндік сипатымен келеді. «Көктем» өлеңіне тоқталайық:

Тағы да көктем келді
Жас мырза көктем көрікті,
Бойжеткен дала
Бойына гүлдер өріпті.
Кербез Алатау
Ақ сусар әсем бөрікті
Сүйіншісіне сыпырып бастан беріпті [3, 114].

Жансыздарға жан бітіріп, адам әрекетін беру арқылы көктем мезгіліндегі құбылыстарды көз алдымызға әкеледі. Осыған дейін қазақ поэзиясында қысты адам кейпінде суреттеу өріс алған. Т.Әбдірахманова көктемді «жас мырза» бейнесіне ендіріп, жанданған даланы «бойына гүл өрген бойжеткен қызға» балайды. Кербез Алатауға да адам әрекетін беріп, тау басындағы қарды «ақ сусар бөрікке» ұқсатып, оның еруін көктемнің келгеніне қуанған Алатаудың сүйіншіге бөркін беруі деп қиыстырған. Ақын қиялы, түйсігі, сезімі өзінше кестеленіп, әдеттегі оқиғадан өзгеше оқиға өрілген. Көктем бейнесін адам кейпінде көрсете білу ақын шеберлігінің айнасы десе де болады.

Махаббат тақырыбына арнаған өлеңдері де баршылық:
Мен сені ұнатып едім,
Ең биік мұратым едің.
Сол сырды мен білдіре алмай,
Сен сезбей тұратын едің.
Құрбымнан көз алмайтынсың,
Мәніңді ұғатын едім.
Онымен киноға кетіп,
Сан кештер жылатып едің [4, 32].

«Ең биік мұратым» деуінен жігіттің қызға көптің бірі ғана емес екендігі байқалады. Сырды білдіре алмауынан қыз сабырлылығының айнасы, әрі ұлттық өрнек. Олай дейтініміз қазақ қыздары көбінде өз сезімін алдымен жария етпейді. «Құрбымнан көз алмайтынсың» деген тармақтан жігіттің лирикалық қаһарманға деген сезімі жоқтығы аңғарылады. «Сан кештер жылатып едің» дегеннен қыз сезімінің шынайылығы көрінеді.

Ақынның кеңес заманында саяси билікті еш бүкпесіз батыл сынаған өлеңдері де бар:
Дүние-ай, ой жетпесті көз көреді,
Кездейсоқ қара киік кез келеді.
Жанында жақсы дос боп жүрген жандар
Қас болып аяқ асты өзгереді.
Қоғамға тәуелсіз боп өмір сүру
Болмайды, болған да емес керек ұғу...

Бастықты қой, бастыққа жақындарға
Жағынып та молайды қабақ құру...
Тұрады қоғам бүгін осылардан
Ертеңге ұрпақ үрдіс қосып алдан.
Өрбиді хамелеондар молайып,
Болады сонда қандай ғасыл арман.
Жұртым-ау, не боп барады мына заман?
Ар, ұят, адамшылық тұралаған
Билеген зымиян, сұм, залымдармен
Қоғам боп қалай ғана тұрады адам [4, 73].
Сөз сөйлесе, айтатыны –
Әділет, ар, ынтымақ.
Үзіледі, үздігеді,
Жан жүйені жұлқылап.
Ал осыны өз қолымен
Өткерер сәт келгенде,
Бұлғақтайды, сырғақтайды,
Май қасықтай жылтырап.
Сөзін сөйлеп, сілтейтұғын
Шоқпар болсаң, қамқорың,
Онсыз аяқ баспайды әсте,
Жібермепті қалт оны...
Өзі қалып қалтарыста,
Аттандырып тобырын,
Тізе бүгіп, бас имесең,
Қаздырады қабірің [4, 37].

Ештеңеден тайсалмай қоғамдағы келеңсіздіктерді еш бүкпесіз ашық айтуының өзі ақынның батылдығын, қайсарлығын көрсетеді.

Т.Әбдірахманова лирикасы дегенде, оның шытырман сезімді ізерлеп ашу, әсемдік атаулыны, әсіресе табиғаттағы зейнеттілікті нақыштауға шебер ақын екендігіне көз жеткіздік. Жұмбағы мен сыры мол дала өмірін соны сурет, тың бейнелеумен бере білген ақын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Мәшһүр-Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2007. – 442 б.
- 2 Әбдірахманқызы Т. Мені жетелеген өз табысым // Ана тілі. – 11 шілде, 2002.
- 3 Әбдірахманова Т. Мерей. – Алматы: Жазушы, 1981. – 304 б.
- 4 Әбдірахманова Т. Сыр бөлісемін. – Алматы: Жазушы, 1990. – 192 б.

ӘОЖ 82-93=894.342

[МОЛДАБАЕВА ӘСИЯ](#)
КАЖИБАЕВА ГУЛЬДЕН КЕНЕСОВНА
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан
asiusha_93@mail.ru

ТЫНЫШТЫҚБЕК ӘБДІКӘКІМҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ДАРАЛЫҒЫ

Аннотация: мақалада Тыныштықбек ақынның дара стилі қарастырылды. Бүгінгі постмодерндік поэзияға ақынның өз бояуын қосқаны, ешкімге ұқсамайтын суреткерлік бай қиялы дәлелденді. Қазақ әдебиетіне Тыныштықбек Әбдікәкімұлы әкелген жаңалығы сөз етілді. Постмодерндік поэзияға тән ерекшеліктер аталды. Мақалада ақын поэзиясының әдебиеттану ғылымында әлі зерттеу қажетілігі айтылды.

Тірек сөздер: постмодернизм, постмодерндік стиль, мәтін астары, эмоцияны ойнату тәсілі, транслиризм, психолиризм.

Постмодернизм кешегі модерндік қазақ әдебиетінің орнын басқан басты ағым болып табылады. Ол ХХ ғасырдың соңында әдебиетке өзіне ғана тән ерекшеліктерімен енген, қыры мен сыры көп құбылыс. Постмодернизм жөнінде қазақ әдебиеттанушыларының көзқарастары әр түрлі екендігі байқалады. Алайда бұл ағымның қазіргі әдебиетте өріс алып бара жатқандығын жоққа шығаруға болмайды. Әдебиеттанушы, зерттеуші Әбіл-Серік Әбілқасымұлы «Постмодернист қаламгерлер батыстағыдай эстетиканы милеттік этикадан аластатып отырған жоқ. Қайта постсоцреализмнен өрбіген модернизмді ұлттық жосықтағы постмодернмен жалғастырды. Постсоцреализм мен модернизм жетістіктерін өзіне қабылдап ала білді, алаш эстетикалық ортасында лақундар маркстік идеология тәрк еткен мәдени танымдық тәжірибені мансұқтайды. Бұл мансұқтау оған беріле қызмет еткен әдебиетшілер тобының кейбіріне ұнамай, постмодернге әдеби лағынет айтқызуы да мүмкін», - деген болатын [1, 1].

Постмодернистік бағытта біраз ізденістер мен сынақтар жасалынып жатқанын және олардың бәрі саналы түрде емес, шығарманың ішкі көркемдік тұтастығынан туындап, ішкі үндестігінен, табиғи заңдылығынан шығып отырғанын да көрсетеді [2,1]. Қазақ әдебиетінде осы бағыттың өкілдері ретінде Тыныштықбек Әбдікәкімов, Есенғали Раушан, Серік Ақсұңқарұлы, Маралтай Райымбекұлы, Ақберен Елгезек, Ерлан Жүніс, Ұларбек Нұрғалым, Ырысбек Дәбей, Азамат Тасқараұлы, Гүлнар Салықбай және т.б. қаламгерлерді атауға болады.

Постмодерндік сарындағы қазақ поэзиясында өзіндік дара стилі бар ақын – Тыныштықбек Әбдікәкімұлы. Оның поэзиядағы үлесі, шығармашылығы, стильдік ерекшелігі жайлы қазақ ақын-жазушыларының пікірлері әртүрлі.

Белгілі әдебиет теоретигі, сыншы Бақытжан Майтанов: «Қазіргі қазақ ақындарынан постмодерндік ағымға мейлінше жақын тұрған – Тыныштықбек Әбдікәкімов. Оған өлең құрылымы мен поэтикалық жүйе, өзіне ғана ұқсас ойлау жүйесі куәгер», – деп бағалайды [3, 4]. Тыныштықбек ақынды қазақтың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбайұлы Төлеужан Ысмайылов, Мұқағали Мақатаев, Тоқаш Бердияров, Төлеген Айбергенов, Жүмекен Нәжімеденов, Өтежан Нұрғалиев сынды алдыңғы буындағы тума таланттардың ізбасары ретінде әспеттей отырып: «Бұл әлгілердің ешқайсысын сол қалпында қайталамайтын, қазақ өлеңінде ара-тұра ұшырасып қалып жүрген талай-талай соны соқпақтарды соңына дейін жеткізіп, айдын жолға айналдыра алған аршынды, сонысымен де көзіңе сойқан елестейтін айбынды ақын. Бұрын-соңды болмаған ақын... Қазақша айтқанда, біртүрлі ақын» [4, 21], – деп Тыныштықбек Әбдікәкімұлының ақындық тұтас болмысындағы айрықша өзгешелікті даралап айтады. Бұл даралық – ақынның өлең өрісі мен өресіндегі стилінде.

Филология ғылымдарының докторы Амантай Шәріп «Алқоңыр дүние аңсары» мақаласында ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Алқоңыр дүние» кітабын Мемлекеттік сыйлыққа әбден лайық деп санап: «Тыныштықбектің жырлары ХХ ғасырдағы урбанды тіршіліктен аулақта жатқан қиян түкпірдің қаймағы бұзылмаған қалпын тамылжыта суреттеген пасторалды-идиллиялық өрнектерден бастап, ХХІ ғасыр табалдырығында өрістеген постмодерндік идеялармен суарылған күрделі ассоциативті толғамдарға дейінгі аралықты зор шапшаңдықпен бойлап өтті. Ол өзінің тосын дүниетанымы мен жаңа көркемдік жүйесі арқылы әдебиет әлемінде бұрыннан бар дағдылы стереотиптерді, үйреншікті шаблондарды тас-талқан етіп, тыңнан түрен салды. Мұнысына біреу таңырқады, біреу тамсанды, біреу

тосырқады – әйтеуір бей-жай қараған ешкім жоқ. Оны «біртүрлі» ақын деп қоя салған жарамайды – шама-шарқыңша түсініп, талдап көрген абзал», - дейді [5, 3].

Нағашыбай Қабылбек «Тыныштықбек – өлеңде әулие ме?» мақаласында «Талай ақын таптауырын қылған, езіп-жаншыған тақырыптарға басқа қырынан келіп, мүлде бөлек ой айта білу нағыз ақынға ғана тән мінез Тыныштықбекте» [7, 1], - деп қаламгердің екі-үш өлеңің дәстүрлі түрде талдап «ақынның жақсылығын» асырады да «...алайда керемет өлеңдердің ішінен іргелі ақынның қаламынан шықты деуге келмейтін шумақтар да кездесіп қалады» [7, 1], - деп мына өлеңдерді көрсетеді.

Мысалы:

Отқа күйген, нұрға күйген, жарыққа...

Пәруана... бойындағы шалық па?

От пен Оттың, Нұр мен Нұрдың сүйісі – ол!

“Жынды көбелек” – түк ұқпайтын халыққа.

Жанымды жеп қоймас үшін күйе-мұң,

Күн Нұрының етегінен сүйемін...

Жерлеймін мен пәруананың да сүйегін,

Саумалына шомылдырып биенің.

Ынтығысып пәруана-Ойлар Басыма,

Қош үстеуде Ақылымның қошына...

Сүйегімді жерлеп ертең халайық,

“Жындыкөбелек” деп, жазып қояр тасыма.

Осы жырдан не түсінуге болады? Айтар ой да, алдыға қойған мақсат–мұратта көмескі. Тағылымдық ешнәрсе көрінбейді», - деп жазады [6,1]. Алайда бұл өлең астарында постмодернизмге тән мәтін ішіндегі ой бар. Ақын қазіргі қоғамдағы сөз иелерінің қадірінің кеткендігі, ойлы сөзді тыңдайтын жұрттың жоқтығын айтып қынжылады. «Отқа күйген, нұрға күйген, жарыққа пәруана», «От пен Оттың, Нұр мен Нұрдың сүйісі», «Жындыкөбелек», «Күн Нұрының етегінен», «Саумалына шомылдырып биенің», «пәруана-Ойлар» сынды сөз өрнектері тек Тыныштықбектің көркемдік әлеміне тән.

Сондай-ақ:

«Бұл – Құдайдың жоғы ма, бары ма:

Елім деген, Жерім деген Жаныма

(тұтас болмысы жарадан көрінбейтін)

Шыбын екеш шыбын да тышып кетуден ерінбейді!

Әй, ызылдақ ұғынық-Ой!..

Тышса, тышып-ақ кетсінші,

Ол да – Елім мен Жерімнің шыбыны ғой!

Тағы да:

Жалған Дүние – ұрғашы? Ол – ашына?..

Жұмбақ па ғұмыр мәні?

Сенбеймін мен адамның баласына.

Бәрі де – құбылмалы.

Берер деп те тоспаймын Жұмақ аян.

Бар менің бөлек дінім.

Сайтанымның пиғылынан біле қоям,

Не істемеу керектігін [6, 1], -

деген сияқты өлеңдерін «түсініксіз, күңгірт дүниелер», - деп байлам жасайды. Бірақ постмодернизмнің ерекшелігін қабылдаған адам ақынның айтқысы келген мәтін астарындағы ақпаратты ұғынады. Қаламгер түсініксіздік, барлық конвенсиялық беделдерге қарсылық, бөгделену, сұрықсыздық сияқты постмодерндік амал-тәсілдерді мақсатты түрде пайдаланған. Ақын өлең өруде, шындықты жеткізуде әсерлей оқырманын жирендіре отырып суреттеу, эмоцияны ойнату тәрізді тәсілдерді қолданып, өзіне ғана тән авторлық штампты қалыптастырады.

«Постмодернистік сезімталдық» маңызды ережесі көркемдіктің аздығы, оның ішінде теориялық ойдың поэтикалығы туралы тезис болады. Тиімділік принципін постмодернистер «парасат империализмінің» көрінісі ретінде қарастырады. Жазушы постмодернистер үшін барлығынан тәртіп пен мағына табуға талпынудан артық жат нәрсе жоқ. Олардың басты құндылықтарының бірі интерпретацияланған еркін ойын болып саналады.

Тыныштықбектің астарлы мағынаға құрылған өлеңдері таптаурын түсініктерге түңілгеннен туындаған. Ақын поэзиясының айырықша қасиеті де – өмір шындығын бейнелеуде кең мүмкіндіктерінің барында. Мысалы:

Ай, осы мінезім-ай!..

Толғақ қысқандай ышқына толғанып отырғанымда,

Кенеттен,

Санам ішінде аяғы ауыр Ой Періштесі босанып!..

Бұрқырай жөнеледі әулиеге тән қош анық!..

Ғайыптан,

Жаз жапырақтары да жайқалта шұғыла тоқысып Күн асты,

Ұмай қаздары алты құбылаға көркем сермелеп құлашты!..

Заматта,

Шамдары да адасып жүрген Түнге енем!..

Ай ернінен де сүйген жын көрем!..

Әлдеқайда алып ұшып өзімді, ажалға да көнбейтін мұңлы Өлең,

Күзге де өтіп үлгерем!..

Топ ете түсем, топырақ пен аяз қызыл ұйыққан Қысқа да!

Айналып та кетем,

Көмейінен Көктем тыныстаған алып Құсқа да!

Көңілге жарқ-жұрқ елестеп тәңірлік Маусым да Бесінші!..

Гүлдер де жұпарына дейін шешінсін!..

Со кезде...

Құдайды да тыңдай қалам, не сөз айтар екен деп!

Сайтаным да ымдай қалам, қайтер екен деп...

Солайша ышқына толғанып отырғанымда,

Кенеттен,

Санам ішінде удай мәй ішіп,

Қойнынан алма алып бере қойғысы келеді маған,

Жайнаңкөз бір қыз, майысып...[7, 1].

Тыныштықбек ақынның шығармашылығындағы айырмашылық идеялар мен шындықтардың қаншалықты бірігуімен анықталады. Сөздерден үйреншікті, жалған, қалыптасқан мәндерді бөліп, оларға көп мәнді жаңа және толық мағыналық береді. Ақынның алдыңғы өлеңіндегі //толғақ қысқандай ышқына толғану//, //санам ішінде аяғы ауыр Ой Періштесі босанып//, //жаз жапырақтары да жайқалта шұғыла тоқысып Күн асты//, //Ұмай қаздары//, //адасып жүрген Түн//, //ай ернінен де сүйген жын көрем//, //ажалға да көнбейтін мұңлы Өлең//, //топырақ пен аяз қызыл ұйыққан Қыс//, //көмейінен Көктем тыныстаған алып Құс//, //гүлдердің жұпарына дейін шешіну//, //Санам ішінде удай мәй ішіп// сияқты үйреншікті мәндегі сөздерге, сөз тіркестеріне әсерлілік, образдылық беру үшін жаңа мағына, жаңа қолданыс береді.

Голландиялық зерттеуші Доуве Фоккем: «Постмодернистер қандай да бір иерархиялық (сатылық) тәртіпті немесе өмірдегі қандай да бір басымдықтар жүйесін орнатуға тырысу мүмкін емес және пайдасыз деп есептейді, — деп жазады [8, 617]. Тыныштықбек Әбдікәкімов поэзиясынан шығармашылық еркіндік, мәтін астарындағы түсінуге қиын ой, фрагменттілік арқылы ащы шындықтың берілуі, сурет ішіндегі сурет, транслиризм, психолиризм сияқты әдіс-тәсілдер аңғарылады. Ақын эстетикалық және этикалық қағидалардың бұзылуына кескіндеме концептуализм құбылысын көбіне пайдаланады. Ол

ескі әлемнен жаңа әлем құрастыруға, ескі мәннен жаңа мағына тудыруға, жаңа құндылықтар ойлап табуға ұмтылады. Ақынның мына өлеңі бұған мысал бола алады:

Жалпы, маған, құс үнінен қымыз ішу ұнаған...

Жанталасып, болашақты жақындатпақ бұл ағаң:

кеше көрген түстерімді экраннан қызықтап,

Бастың ішін нұрландырса түйірлер мен сызықтар...

түнек тұнған түкпірлерге дұғалардан шам жағып,

біразырақ тыңдаймын да еріккендер қалжағын,..

уақытқа бағынуды қойып алып мен мүлде, нәпсілерде

пайда болған ашкөз жұмбақ теңбілге жылан мыйы

сәулесінің сазын ойнап...

Расында,

қара әуен құбылулы табыттардың қасында, Мәңгі Ғұмыр

формуласын шоқпен қарып тәніме, бұл әлемнің

топастығын дәлелдеймін әлі Мен [4, 141]!

Шын мәнінде өлеңнің нағыз тұтастығында барлық тәсілдер өзара байланыста болып, бірыңғай көркемдік құнға бағынып тұрғандығын аңғару қиын емес. Ақын классикалық сюжеттерді қайта қарап, өңдеп барып, өзіне тән авторлық таңбаны жасайды. Тыныштықбектің //құс үнінен қымыз ішу//, //Бастың ішін нұрландырса түйірлер мен сызықтар//, //дұғалардан шам жағып//, //ашкөз жұмбақ теңбілге жылан мыйы сәулесінің сазын ойнап//, //қара әуен құбылулы табыттардың қасындағы Мәңгі Ғұмыр формуласы// сынды сөз қолданыстарынан арпалысқан сезімінің жарқылын байқауға болады.

Ақын өлеңдеріне тән ерекшеліктер: философиялық тереңдікке құрылып, тосын ой, ұғым, соны образдар мен метафораларда, ұлттық таным ерекшелігіндегі елең еткізерлік дара сөз өрнектерінде, мәтін астарындағы «идея ішіндегі идея» оқырманның қабылдауына күрделі келуінде және ол күрделелік қазақы ұғымдардың көркем үлгілерімен өрілуінде.

Қазақ постмодернизмінің манифесіндей болған Тыныштықбек Әбдікәкімовтің «Өмір - өгіз, Уақыт - доңыз, доңыз боғын домалатқан мен осырақ қоңыз» дегендейін өмірді бейдәстүри бағалау үрдісі қазақ әдебиетіне ХХІ ғасырда дендеп енді.

Қазақ әдебиетіне өзіне тән үнімен, ырғағымен, биязы қалпымен келген Тыныштықбек Әбдікәкімовтың шығармалары жастарды қазақ халқының құнды дәстүріне негізделген белсенді өмірлік ұстанымына ықпалын тигізері сөзсіз. Мұндай шығармалар бүгінгі күні еліміздің болашағы, жас мемлекетіміздің тірегі болатын қазақстандықтардың жаңа буынын тәрбиелеуде таптырмас құрал бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Ә.Әбілқасымұлы. Постмодернизм – бізді арбаған бір сиқыр // <https://adebiportal.kz/kz/news/view/1998>

2 <https://lektsii.org/14-26829.html>

3 Майтанов Б. Қазіргі қазақ поэзиясы және постмодернизм//Қазақ әдебиеті. – Алматы: -№41, 2011. – Б.16

4 ӘбдікәкімовТ. Шығармалары. Ырауан. Т. 1. – Астана: Фолиант, 2013. – Б.344 бет.

5 ШәріпА. Алқоңыр дүие аңсары// Астана ақшамы. - 2018. - №101 - 25 тамыз. - 8 б.

6 ҚабылбекН. Тыныштықбек – өлеңде әулие ме? // <https://adebiportal.kz/kz/news/view/19076>

7 Әбдікәкімұлы Т. Күйініп жүрсем де, күрсінбеуге тырысам ...// <http://alashainasy.kz/>

8 Постмодернизм: Энциклопедия / Сост. А.А.Грицанов, М.А.Можайко. – Минск: Интерпрессервис; Книжный дом, 2001. -Б.767.

ӘОЖ: 821.512.122

МҰРАЛБЕК МЕЙІРГҮЛ
Шәкәрім атындағы Семей университеті
Семей, Қазақстан
merei_96_kamet@mail.ru

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ТАҚЫРЫБЫ

Аннотация: бұл мақаланы жазудағы басты себеп, қазақ халқының бас ақыны Абай Құнанбайұлының тәрбие тақырыбында жазылған шығармаларын талдай отырып, қазіргі және келешек ұрпақты қайткенде ұлтқа қызмет ететін тұлға ретінде қалыптастырып шығаратынымыз хақында ой тастау. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген хакімнің ұлы сөзі бүгінгі тақырыбымыздың бірден-бір арқауы, қазақ халқы ежелден бей-жай қарамайтын перзент тәрбиесіне Қазақтың Абайы тұрғысынан келу біздің негізгі мақсатымыз. Қырық бес қара сөзі мен жауқазын жырларында, шебер аудармаларында, поэмаларында белең алатын тұлға қалыптасуының түрткі себептері бүгінгі таңда тың тыныспен зерттеліп, ұрпақ санасына құйылса, ол біздің ұлт ертеңіне қосқан өлшеуісіз үлесіміз болар еді.

Көзі ашық, өресі биік оқырманның назарына ұсынатын түйін ой алыстан арбаламай-ақ, өз ғасырының маңдайына симай кеткен, тауға да, тасқа да барып жар салса, өз дауысы жаңғырық боп естілген ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында ұлт үшін «Қалың елім, қазағым қайран жұртым» деп өткен Абай Құнанбайұлының келешегіміз үшін керек келелі кеңестерінің бір сытырасы сіздерге ұсынуға тырыстық. Оқырман өзіне қажетін табар деген ойдамыз.

Тірек сөздер: тәрбие, адамгершілік, білім, хакім Абайдың қара сөздері, өлеңдері, аудармалары.

Тәрбие тал бесіктен... Есте жоқ ерте замандардан бері қазақ халқының берік ұстанымына айналған осы нақылдың халық санасына нық бекуіне нендей күш, нендей бір философиялық түсінік себеп болды екен? Немесе бұған түрткі болған ұлт жанашырларының ғақлия сөздері болар... Ал «Ұлт жанашыры» деген ұғымға кеп тоқталсақ, Құдайға шүкір біздің қазақта ел қамы деп жанын беруге даяр ұл-қыздар қай ғасырда да жетерлік болған. Десек те тәрбие мәселесін тағы да ұлы көштің басында тұрған хакім Абайдан артық ешкім жеткізе алмас. Әсіресе қоғамның әр түрлі саяси-әлеуметтік мәселелерін толық қамти білген қырық бес қара сөзден тұратын ғақлия сөздері сұрағына жауап іздеген кез-келген жанның өміріне сара жол сала алары сөзсіз. Ал Абай өзіміз жоғарыда айтып өткен «Бала тәрбиесіне» қара сөздерінде қандай философиялық ойлар айтты екен, соған тоқталсақ.

Алдымен «Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам?» деп «Бірінші қара сөзінен» бастап, бала бағудың да Толағайдай ауыр жүгі бар екенін тілге тиек етеді. Бұл ойының астарында да ата-ананың бала алдындағы ең бір ұлы парыз-міндеттері жатқан жоқ па?!

Одан ары «Оныншы қара сөзінде»: «Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады?» деп сөз бастайды. Бұл жай сөз емес, сұрақ, артқыға, келер ұрпаққа қойылар, ойландыраар сұрақ. Оқырман қалай жауап берер еді? Оны хакімнің өзі былай деп тарқатады: «Өлсем орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді». Иә, дұрыс. Перзентті болуды армандайтын кез-келген пенденің ойы осы болар. Дегенмен Абай: «Осыданбасқасы бар ма? Балам орнымдыбассындемек не сөз? Өзіңненқалғандүниеиесізқалардейсіңбе? Қалған дүниеніңқамын сен жемекпеедің? Өліп бара жатқанда өзгеден қызғанып айтқаның ба? Өзгеге қимайтұғын сенің не қылған артықшаорның бар еді? Баланың жақсысы - қызық, жаманы – күйік. Баланың не түрлі боларын біліп сұрадың? Дүниеде өзіңнің көрген қорлығың аз болды ма? Өзіңнің қылған иттігің аз болды ма? Енді бір бала туғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге мұнша неге құмар болдың?

Артымнан балам құран оқысын десең: тірлікте өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды? Егер жаманшылықты көп қылған болсаң, балаңның оқыған

құраны сені неге жеткізеді? Тіршілікте өзіңе-өзің қылмаған істі, өлген соң саған балаң кәсіп қылып бере ала ма? Ахирет үшін бала тілегенің - балам жасында өлсін дегенің. Егерде ержетсін десең, өзі ержетіп, ата-анасын тұзақтан құтқарарлық бала қазақтан туа ма екен? Ондай баланы сендей әке, сенің еліңдей ел асырап өсірмек пе екен?

Қартайғанда асырасын десең: о да – бірсөз. Әуелі - өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетемісің, жоқ па? Екінші - балаңмейірімді болып, асырарлық болыптуама, жоқ па? Үшінші - малың болса, кімасырамайды? Малың жоқ болса, қайасыраутолымды болады? Баланың мал табарлық болары, мал шашарлық болары - ол да екіталай» депалдыңғытілек-арманның бос әурешілік екенін түсіндіреді.

Айтылған қара сөздің қандай философиялық ой, тағлымға әкеле жатқаны санасының сәулесі бар жанға түсінікті боп келе жатқан болар. Ал оны топшыламастан бұрын, ғұламаның өз сөзіне қайтып оралайық.

«Хош, құдай тағала бала берді, оны өзің жақсы асырай білесің бе? Білмейсің. Бұрынғы өз күнәнді өзің көтергеніңмен тұрмай, балаңның күнәсіне тағы да ортақ боласың. Әуелі балаңды өзің алдайсың: «Әне, оны берем, міне, мұны берем» деп. Басында балаңды алдағаныңа бір мәз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің? «Бокта!» деп, біреуді боқтатып, «кәпір - қияңқы, осыған тимеңдерші!» деп, оны мазаттандырып, әбдентентікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде, молданың наразаның деп, хат таныса болады деп, қу, сұм бол деп, «пәленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді» деп, тірі жанғасендірмей жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыркүтесің бе?».

Абай Құнанбайлы тәрбие мәселесіне тек қара сөздерінде ғана тоқталды деуімізге болмайды. Өлең-жырлары, аудармалары мен поэмаларында да адам жан дүниесінің ізгілікті іздеуі, адал өмір сүруі туралы сөз қозғалады. «Егер қолымда закон қуаты бар ада болсам, адамның мінезін өзгертуге болмайды деген адамның тілін кесер едім» дейтін нық сенімі оның өз шығармалары арқылы келешек ұрпақты дұрыс жолға салсам екен деген арман тудырған болса керек. Ал өзі сүйіп оқыған орыс әдебиетінің классиктерінен де мысал өлеңдерді аударып отырып, тың бір жол бастады. Одан кейінгі жылдары сол дара жолды жалғаған Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов сынды халық қаламгерлері мысал жанрын одан ары дамыта түсті. Абай аудармасы жалаң немесе тура аудару емес, әрқашан түйін сөздерді қазақ халқының таным-түсінігіне қарай екшеп әкеліп, құнды ой айтып отырған.

«Ғылым таппай мақтанба», «Өлсем орным қара жер сызбай болмай ма?», «Адам бір боқ көтерген боқтың қабы», «Ойға түстім, толғандым» т.б. өлеңдері мен «Ескендір» сынды ұлы туындылары хакімнің адамзаттың ойын, ниетін жақсы жаққа қарай өзгертуге жасаған батыл қадамдары еді.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,
Қалымды дәп сермесем, өстер ме едім?
Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім...

деген өлең жолдары ақынның өз балаларын тәрбиелеуде білім көзін ашу ең маңызды және қажетті шешім екенін түсінгенін, ал өзі қаншама кітап, шығармаларды оқи жүріп, білім сауатын ерте ашқан жан болса да, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деуі өнер-білімді іздеген үстіне іздеп, бұдан да көп білуге тырысуым керек еді деген ойдан шықса керек.

«Адамның көзі тек бір уыс топыраққа қана тояды, одан өзгесіне пенде жүрегі қанағатсыздық танытып, ақылы соңында жүретінін, айла-шарғысы жер жағанды жаулауды ниет еткен Ескендірдің өзі де бұл өмірде мәңгілікке қалған жоқ, оның көзі де тек топырақ жамылып қана, жұмылды» деген философиялық ойды негізге алған «Ескендір» поэмасы

айтпай кетуге болмайды үздік шығарма. Бұнда да ақын айтқысы келген пікір біреу-ақ, ол – мал таппақ, дүние жимақ, ел жауламақ бәрі де уақыттық қана ермек немесе өз өміріне жасаған қиянат. Ал ізгіліктің жолын қуып, бар күш-жігерімен ел танып, жер танып, білім жимақ нағыз пенденің жан қалауын орындайтын негізгі шарт екені оқырманға түстінікті болар.

Ал қара сөздеріне қайта оралсақ, Абай тілге тиек еткен: «Адам баласы туғанда екі түрлі мінезбен туады, бірі – ішсем, жесем, кисем деп туса, екіншісі – көрсем, білсем, оқысам деп туады» дегеннің өзі де бүгінгі психология дейтін, физиология дейтін ғылым салаларының «Адамның жан қалауы мен тән қалауы» деп зерттеп жүргенінің нақ өзі емес пе? Дегенмен, Абай тек жалаң ғылыми түсінікке ғана қадалып қалған жан емес, оның айтпақ ойы одан да терең: тәннің қалауын жанның қалауына бағындыра білген, білім алып, дүние танымын кеңейтуді ойлаған жан ғана кемел тұлға болып қалыптаса алады.

Хакім Абай өз шығармашылығында адамзаттың, перзенттің тәрбиесі тұрғысында аз қалам тербеген жоқ. Оның өлеңі, мысал аудармалары, дастандары болсын өз алдына бір төбе. Ал осы қазақтың бас ақынының өмірлік тәрбие-түсінігіне әсер еткен Зере әже тағлымы, Құнанбай қажы әке мен Ұлжандай ұлық аналардың ақ батасы емес пе? Оқудан енді ғана оралған бала шәкірт Абайға «Алдымен әкеңе барып амандас!», - дейтін Ұлжанда, өзі түзде жүрсе де айбаты бір қара шаңырақты ұстай алатын Құнанбайдай әке денемесе отағасы Абай үйге келгенде балаларын дәл әкесіндей өнер-білімге жақын, алғыр етіп тәрбиелеп ризашылығына бөленетін Әйгерімдей асыл жардың тек әңгіме кейіпкеріне айналғаны ма? Жоқ, осы ұлылық, тектілік біздің халықтан ұзап алысқа кете қойған жоқ. Сананы тұрмыс билеп, көз алдымыз сәл ғана бұлдыр тартқаны болмаса, біздің қоғам да әлі талай Абай, Шәкәрім, Мұхтарларды дүниеге әкелері сөзсіз. Тек оның бір ғана шарты ұлы Абай айтқандай: «Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер-білімінде. Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан. Әсіресе, олардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады» деген тәрбиенің үш тағанын нық ұстай білсек екен.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Атамұра», 1995.
- 2 Абай Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: «Жазушы», 1995.
- 3 «Қалың елім қазағым қайран жұртым» өлеңдер мен поэмалар жинағы. – Алматы: «Атамұра» баспасы.
- 4 «Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла...» шығармалар жинағы. – Алматы: «Алматыкітап».
- 5 «Абай тағылымы» әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 1986.
- 6 <https://abaialemi.kz> сайтындағы Абай қара сөздерінің электронды нұсқасы.

ӘОЖ: 821.512.122

МЫРЗАҒАЛИЕВА АҚБОТА СЫРЫМҚЫЗЫ

Шәкәрім атындағы Семей университеті

Семей, Қазақстан

bota9628@mail.ru

**БЕЙСЕНБАЙ КЕНЖЕБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ
ОРНЫ**

Аңдатпа: мақалада ғалым Б. Кенжебаевтың қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге арналған мақалалары қарастырылады. Әдебиеттанушы ғалым Б. Кенжебаев әдебиет тарихын көне түркі дәуірінен бастаудың ғылыми және әдістемелік негіздерін айқындауда әдебиеттанудағы озық ғылыми тәжірибелерді терең білгірлікпен ұштастырып, көркемдік ойлаудың тарихи бастауларын дәлелдеген еңбектердің маңызы сараланады. Қазақ әдебиетінің тарихын тарихи сабақтастық тұрғысынан зерттеп, оның ежелгі дәуірлерінен бастап жүйелеудегі Б. Кенжебаев концепциясы әдебиеттануда бірден-бір жетекші де басты ұстаным болып қала беретіні көрсетіледі.

Тірек сөздер: Орхон-Енисей, «Дивани лұғат-ат Түрік», «Кодекс Куманикус», «Мұхаббат нама», қазақ әдебиеті тарихы.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Кенжебаев аты барша қазаққа таныс. Жиырмамыншы ғасырдың басындағы қазақ демократиялық әдебиеті өкілдерінің өмірі мен шығармашылығын тұтас зерттегені Б. Кенжебаевтың ең күрделі еңбегі болып табылады. Б.Кенжебаевтың ғалым ретіндегі аса бағалы істерінің бірі оның қазақ әдебиетінің тарихын күллі түрік халықтарына ортақ болып табылатын сонау V-VIII ғасырларда жасалған Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастау қажеттігін негіздеп дәлелдегені еді.

Б.Кенжебаев «Дивани лұғат-ат Түрікке» қатысты Махмұт Қашқари өмірі, қызметі туралы топшылау жасап, кітаптың жазылу мерзімін анықтайды. Ол сөздіктен қазіргі қазақ тілінің қорындағы талай сөздер табады. «Кодекс Куманикус» туралы да зерттеу осы ыңғайда жүргізілген. Сөздіктің жасалуына алғышарт ретінде «Дәшті Қыпшақ» өлкесі төрт тараптағы мемлекеттердің түйісер тұсы болып, көрші елдердің қыпшақ тілін үйренуге ықыласын аударуы саналады. Ғалым, әдетте, тарихи кіріспеге тоқталып, екінші кезекте негізгі объектіні талдайды. «Мұхаббат нама» жайлы зерттеуге қолжазбаларды салыстыра қарау арқылы шығарманың авторын, туған жерін, көздеген мақсатын іздестіреді. Поэма кейіпкерлерінің прототипі, сюжеті, идеялық мазмұны лингвистикалық қасиеті, Хорезмидің қаламгерлік аңсары туралы байламдар түйеді [1, 56].

Бүгінде қазақ әдебиетінің зор жетістігі деп бағаланатын «Абай жолы» роман - эпопеясының алғашқы кітаптары жарыққа үлкен қиындықтар мен шыққанын елдің көбі білмейді. Ал сонау қырқыншы жылдардың бас кезінде романның бірінші бөлімі төңірегінде талас-пікірлер көптеп орын алған болатын. Романға тағылған басты «кінәнің» бірі қазақтың өткен өмірін әсерлеп суреттеген дейтін тұжырымға саятын «қазақ халқының бақыты кеңес заманында ғана ашылды, ал одан бұрынғы дәуірде мақтарлық дәнеңе жоқ» деп даурыққандық дауысы ол кезде тым күштірек шығатын. Қолжазбаны кітап етіп жариялатпаймыз деп шеп құрғандардың айбатына қарамай, «Абай» романын жарыққа шығарған да Бейсенбай Кенжебаев еді.

Абай шығармашылығы туралы зерттеуде ақынның қазақ поэзиясына қосқан үлесі, жаңашыл бағыты, өнер мазмұнын байытудағы еңбегі ұтымды көрсетіледі. Үлкен арнаға түскен алып бәйтерек сынды ұлы классиктің қазақ поэзиясындағы лириканың соны түрлеріне қоныс беруі, ежелгі дәстүрді дамыта жалғастыруы, өлең техникасына байланысты реформаторлық қадамы нанымды дәлелденеді. Жанр төңірегіндегі ойлар қазақтың көркем проза, көркем публицистиканың алғашқы нышанын Абай қара сөздерінен табуға тіреледі де, оның Ыбырай әңгімелерімен қатар ұлттық топырақтағы прозаның аяқталуына басқыш болғанын анықтайды [2, 88].

Қазақтың классик ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығын жүйелі зерттеген де, сол үшін ең көп қиянатқа ұшыраған да Бейсенбай Кенжебаев болғаны әдебиет жұртшылығына мәлім.

Б.Кенжебаевтың алғашқы ғылыми-зерттеу еңбегі – “Сұлтанмахмұттың ақындығы” деп аталады. Осы тұрғыда оның Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасын зерттеу жолындағы бастан кешкен қиындықтарына тоқталмай кетуге болмайды. Алдымен, ол жоғарыда аталған еңбегі үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысына ілікті. Одан соң “Б.Кенжебаевтың, С.Торайғыров творчествосын зерттеудегі қателіктері”

деген арнайы мақала да жазылды. Бұл туралы ғалым өзінің күнделігінде: “Мен өзім элеуметтік өмірімде сынға, талқыға көп түстім. Әсіресе, қырқыншы, елуінші жылдары, жиырма жыл бойына дерлік үздіксіз орынды-орынсыз сыналып, айыпталып, соққы көріп жүрдім”, - деп жазады.

Б.Кенжебаев ізденісінің алтын діңгегі - XX ғасыр табалдырығын аттай бере “Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды” армандаған, қазақтың ұлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров мұрасы. Сұлтанмахмұтты зерттегені үшін ғалым ұлтшыл да атанды, қызметтен де қуылады, қисық сын тоқпағын да жейді.

Б.Кенжебаев – Сұлтанмахмұт өмірінен алынып жазылған «Асау жүрек» деп аталған әңгімелер жинағының да авторы. Очерктерін, әңгімелерін, нақыл, сықақтарын «Тірлік» деген атпен бір кітап етіп әзірлеген. Ғалымның «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» атты монографиялық еңбегі кейбір стилистикалық кемшіліктері мен тақырыптық талдауының көптігіне қарамастан, оқушылардың қазақ әдебиеті жөніндегі мағлұматын кеңейте түсетін, жоғарғы оқу орындарына көмекші оқу құралы есебінде жасқанбай ұсынатын, ал зерттеушілерге үлкен проблемаларды қолға алуға түрткі салатын, өнеге беретін құнды еңбек, қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған зор үлес деп табамыз [3, 37].

«Асау жүрек», «Шұғылалы күндер суреті» атты деректі көркем шығармалар жазған жазушы. Д.Панфиловтың «Бейбітшілік үшін күрес», Б.Полевойдың «Нағыз адам туралы аңыз», Ф.Гладковтың «Балалық шақ», Мальцевтың «Шын жүректен» секілді шығармаларын әлем жазушыларының көптеген әңгіме, новеллаларын қазақ тіліне аударып, жоғары баға алған.

Ал, Б.Кенжебаевтың “Жылдар жемісі” деп аталатын екінші бір кітабы болса, әр жылдары жазған сын мақалалары мен очерктері енген жинақ екі бөлімнен тұрады. “Шығарма шырайы” аталған бірінші бөлімде қазақ әдебиетінің қалыптасып, дамуында өзіндік рөл атқарған “Қалың мал”, “Тар жол тайғақ кешу” сияқты туындылар сөз болады. Ал, “Қаламдастар, замандастар” бөлімінде өзі көзін көрген, қызметтес, пікірлес болған әдебиетіміздің ірі қайраткерлері туралы естеліктер айтылады.

Б.Кенжебаев қазақ әдебиетінің қалыптасуында кеңірек сөз болған қазақтың тұңғыш романы деп келген Спандияр Көбеевтің “Қалың мал” романына зерттеу жүргізеді.

Революциядан бұрын Спандияр Көбеев “Қалың мал” романын жазған кезде қазақтың ақындары арасында, баспасөзінде халыққа түсініксіз, жат, ескі араб, парсы, шағатай тілдерінің сарқыны бар еді. Ақын, жазушылардың бірқатары шығармаларын сол тілдегі сөздерді неғұрлым көбірек жазуға тырысушы еді, бұл өзі бір салт, сән сияқты болған, - дейді автор.

Алайда, сол кезде белең алған шولاқ үрдіске қарамай, Спандияр Көбеевтің романды қазақ тілінде, яғни халықтың сөз мәдениетін, сөзді әшекейлеу, сөздік қорды тереңірек пайдаланғанын тілге тиек етеді. Сондай-ақ С.Көбеевтің қазақтың мақал-мәтелдерін шығармада орынды қолданғанын келтіреді [4, 75].

“Ат сатсаң, ауылыңмен”, “Бәтуамен кескен бармақ ауырмайды”, “Ит жегенше, иесі жесін” , “Сөз сөзден туады”, “Бітер істің басына, жақсы келер қасына”, “Орамал тонға жарамайды, жолға жарайды” сияқты т.б. нақыл сөздерге жүгінетінін айта келіп, романда жазушының тілі жатық, оқушы сүйсініп оқитындығын айтады. Сонан соң Спандияр Көбеевтің бірді-екілі мақалды халық аузында айтылған қалпында келтірмегендігін айтып қынжыла баяндайды. Оны мына мысалдан көруге болады: “Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ” деген мақалды “Күш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ” деп келтіреді. Күші қазандай қайнаса, күресуге дәрмені-күші болады ғой. Ал, мақал іші қазандай қайнап, күресуге дәрмен күші болмағанды айтады. Сонымен қатар шығармада жергілікті, кәсіптік сөздер мен сөйлемдерді біраз кірістіргендігін баяндайды. Олар: “Мазак”, “Тіске сызды болғандай”, “Бие бауда”, “Кіледі коюдың өзі бір сүре болды”, “Сенек”, “Әптер-тәптер”, “Кібіт” т.б. Осы сөздердің орынсыз қолданғандығын, оның оқушыны жаңылыстыратындығын айтады.

Жалпы, Б.Кенжебаев бұл шығарманы зерттеуде жоғарыдағыдай бірді-екілі кемшіліктері болғанымен, “Қалың мал” романы қазақтың сол замандағы көптеген жастарына зор әсер еткендігін, ой-санасын оятып, ескілікке, ескі ғұрып-әдетке, дәстүрге қарсы күреске, қазақ әйелінің бас бостандығы, теңдігі үшін күреске құлшындыратындығын әсерлі жазған.

Бұдан біз зерттеушінің қай шығарманы болсын терең талдап, зерделі оймен оқушы қауымға ой айтатындығын, қаламының ұшқырлығын байқаймыз.

Қазақ әдебиетін дамытуда Сәкен Сейфуллиннің “Тар жол тайғақ кешуінің” тарихи маңызы зор екендігін жұртшылық танығаны ақиқат. Солай бола тұрса да, бір өкінішті нәрсе, кейбір еңбектердегі жалпылама сипаттамалар болмаса, “Тар жол тайғақ кешу” туралы арнайы монография, ғылыми терең, жан-жақты зерттелген еңбек әлі жазылмаған деген пікір айтады Б.Кенжебаев жоғарыдағы “Жылдар жемісі” аталатын кітабында.

«Тар жол тайғақ кешу» роман да емес, мемуар да емес, Қазақстанда сол кезде кеңес өкіметін орнату жолындағы күрес туралы жазылған очерк кітабы деген дұрыс. “Тар жол тайғақ кешу” көркем очерктер циклі,- дегенді айтады.

Профессор Б. Кенжебаев ондаған монографиялық зерттеулер жазды. Солардың ішінде “XX ғасыр басындағы қазақ халқының демократ жазушылары”(1958) деген еңбегі ерекше аталады. Онда сол тұстағы қазақ даласының қоғамдық - мәдени жағдайына шолу жасалынған. С.Торайғыров, М. Сералин, С.Көбеев, С.Дөнентаев, Б.Өтетілеуов, Н. Орманбетов, Ә. Ғалымов, Ә.Тәңірбергенов творчествосы зерттелген [5, 96].

Б.Кенжебаевтың бұл еңбегіне дейін олардың ақындық, жазушылық, журналистік қызметі, қоғамдық – ағартушылық демократтық көзқарастары жан-жақты толық ашыла қоймаған-ды. Монография туралы кезінде орталық баспасөз орындары жылы лебіздер білдірген. “Қазақ әдебиетінің тарихында” ғалымның бұл еңбегі: “XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің жай-күйін тереңдеп зерттеуге жол ашты” деп жоғары бағаланған. Әдебиетіміздің халықтығы, реализмнің даму жолдары, жаңа романтикалық нышандар, дәстүр мен жаңашылдық тәрізді теориялық мәселелер де Б. Кенжебаев назарынан тыс қалған емес. Қазақ өлеңдерінің поэтикалық түзілісі сараланған зерттеу де бар. Мұнда ол батырлар жыры мен Махамбет, Шернияз өлең, толғауларын, қазақтың қара өлең құрылысын қарастырған.

Әдебиет тарихын халық тарихымен байланыстыра қарау, әдеби мұраны салыстыра талдау – Б.Кенжебаевтың ғылыми-зерттеу еңбектеріндегі басты принцип.

Б. Кенжебаев XIX ғасырдағы әдебиет өкілдеріне ден қойғанда, Абай, Ыбырай және елеусіз келген Ақмолла ақынға тоқталады [6, 82].

«Ақмолла ақын» туралы мақала қалтарыс қалып, көзге шалынбай жүрген ақындар мұрасын таныту мақсатымен жазылған. Ақмолла нанымындағы діннің ізі қараңғы елді надандық түнегінен құтылуға, ғылым-білім қууға үндеуіне бөгет пе? Б. Кенжебаев ұсынған ағартушы ақындар, «ағартушы-демократ ақындар» деген термин Ақмолла Мұхамедияров творчествосын әділ бағалауға әкелген [7, 91].

Табиғатында таза еңбектен, көзі жеткен шындықтан шегінбейтін, дұрыстығын дәлелдей алатын, халықтың биік мүддесін өзінің жеке басының мүддесі үшін құрбандыққа шалмайтын, дарынды, қабілетті шәкірттеріне ғылымының асыл мұратын түсіндіруден жалықпайтын мейірімді ұстаз болған Бейсенбай Кенжебаевтың өмірлік және ғылымдық жолы – ғылым әлеміне қадам басқандардың қай-қайсысына да өнегелі жол. Б.Кенжебаевты шәкірттері мен адал әріптестері тірлігінде қалай құрметтесе, қазір де оның ұстаздық беделі төмендеген жоқ деп айта аламыз. Бұл күнде әдебиетіміздің белгілі тұлғалары болып қалыптасқан қаншама суреткер мен зерттеуші, сыншы өздерінің Б. Кенжебаевтан тағылым алғанын биік мәртебе санайды. Б. Кенжебаевтың еңбектері қазақ әдебиеті жүріп өткен жолдың шежіресін танытқандай. Сондықтан да ғалымның әр туындысы замана келбетін, қаһармандар тұлғасын нанымды ашатын дәуір куәлігіндей қымбатты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Кенжебаев Б. Қазақ тілі мен әдебиетінің тарихы туралы // Лениншіл жас. – 1962. – 20 қараша.
- 2 Тұрсынбек Кәкішев, «Әдебиеттануға қосқан үлес». Алаш туы астында (мақалалар мен зерттеулер). – Астана, 2004.

- 3 КенжебаевБ. Асау жүрек. – Алматы:Рауан.1995.
- 4 КенжебаевБ, Жылдар жемісі.«С.Көбеевтің романы туралы». –Алматы, 1984.
- 5 М.Жолдасбеков Нысанбек Төреқұлов, «Биік тұлға». Алаш туы астында (мақалалар мен зерттеулер). – Астана, 2004.
- 6 Майтанов Б.« Ғылыми мәдениет». Алаш туы астында (мақалалар мен зерттеулер). – Астана, 2004.
- 7 Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973. – 167 б.

ӘОЖ: 821.512.122

НУРТАЕВА ГУЛНУРА АБДУРАШИТОВНА
Л. Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
nurtaeva1985@inbox.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МОТИВТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ СИПАТЫ

Аннотация: қазіргі қазақ поэзиясындағы мотивтердің көрініс табуы. Поэзияны мотивтік талдаудың еркілігі. Мотив сөзінің теориялық анықтамасы. Мотив философиялық, психологиялық тұрғыда қарастырылады. Қазіргі қазақ поэзиясын зерттеуде Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңді айтамыз. Оған дейінгі бастау алған сарындар қазіргі кезеңге дейін өз маңызын жоймай, жалғасып келуде. Әсіресе, солардың ішіндегі тұрақты сарындар. Қазақ поэзиясы қазақ тарихымен де тікелей сабақтасып жатады. Қазіргі поэзияны тану үшін, арғы бабалар мұрасына үңілуді талап етеді.

Тірек сөздер: мотив теориясы, қазіргі қазақ поэзиясы, мотивтердің қолданылу сипаты, мотивтік талдау, сарын сөз, сарын түрлері.

Мотив теориясы – қазіргі әдебиеттанудың қарқынды дамып жатқан тұсы. Қазіргі кезеңде ол әртүрлі бағыттағы көзқарастардың жиынтығын қарастырады. Бұл термин лирикалық және нарративтік мәтіндерде оның айрықшалығы, бөлінген мотивтер белгілерінің бірдей еместігін түсіндіреді. А.Н. Веселовскийдің зерттеуінен бастасақ, мотив екі түрлі түсіндіріледі: сюжет жасаушы ең кіші бірлік және «мәтіннің формальды–негізді, тұрақты компоненті», мағыналы мәтін бірліктерінің жинағы ретінде. Қазіргі көзқарастарда бірінші тәсіл басым. Мәтіндік бірліктердің семантикасымен байланысты мотивті түсіну әрі қарай зерттеуді талап етеді. Соңғы кездері автордың поэтикалық әлеміндегі мотивтерді қарастыру актуальді. Поэтикалық әлем қазіргі әдебиеттануға ХХ ғасырдың 60- жылдарында пайда бола бастады. Қазіргі таңға дейін нақты анықтамасы жоқ. Ол терминсіз қолданылып келді, «жазушы шығармашылығы» деп жиі аталып келді. Қазіргі кезде әдебиеттанудағы поэтикалық әлем екі тенденцияға қатысты қарастырылады: бірі шығарманың ішкі әлемі ретінде, екіншісі «поэтикалық жүйе» ретінде.

А.Н. Веселовский, осындай мотивтердің әр-алуан тайпалар арасында туатындығын айта отырып, олардың біркелкі келетінін, не олардың ұқсастығын алмастырумен түсіндіруге болмайтындығын, керісінше олардың тұрмыстық тіршілік шарттары мен оларда қалыптасқан психикалық үдерістердің біртектілігімен түсіндіру керектігін ескертеді. Сондай-ақ, ғалым мотивтің мынадай қарапайым формуласын көрсетеді. «a+b: жалмауыз кемпірдің сұлу қызды жек көруі, оған өміріне қәуіпті тапсырма беруі». Осы формуланың әр бөлігінің түрін өзгертуге, әсіресе b-ның өсуге қабілетті екенін дәлелмен көрсетеді. А.Н. Веселовский тұжырымдауынша, мотив өсіп, ұлғайып, сюжетке айналады, сюжет мотивтер жиынтығы болып табылады[1,301].

Бірақ, мотивтің әдебиеттану термині ретіндегі мән-маңызын тайқындау оңай соқпайды. Ғұлама А. Байтұрсынов мотив терминін арнайы қолданбағанымен, ауыз әдебиетіндегі мазмұны, мағынасы, қызметі жағынан мотивке жақын мәндегі ұғымдарды қарастырады: «Сарындама (сарын сөз) саласы. Сарындама үш тарау: 1. Салт сөзі. 2. Ғұрып сөзі. 3. Қалып сөзі. Салт сарынымен, яғни салт жөнімен айтылатын сөздер салт сөзінің

табына жатады: мәселен, мысалдар, ділмәр сөз (афоризм), тақпақтар, мақалдар, мәтелдер [2, 125]. Сондай-ақ, ғұрып сөзі деп ғұрып сарынымен яғни ғұрып бойынша істелетін істерге байлаулы сөздер айтылады. Мәселен, той бастар, жар – жар, беташар, неке қияр, жарапазан [2,131]. Қалып сөзі деп тұрмыс қалпында болатын істер сарынымен айтылатын сөздерді айтады. Мәселен, бал ашқанда, ауру баққанда, бақсылардың жынын шақырғанда, тісті емдегенде, құрт шақыру, мал бәдік болғанда, адамға күләпсан шыққанда, бәдік ия күләпсан көшіру. Бала ұйықтатқанда айтатын бесік жыры – осылардың бәрі қалып сөздің табына жатады» [2, 138].

Сарын сөзіне алғаш рет түсініктеме берген теориялық еңбек Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиеттанушы» болса, орыс ғалымдарының ішінде А.Н.Веселовский мотив теориясын тереңірек ашып берген. Көптеген зерттеушілер А.Н.Веселовскийдің еңбектеріне сүйенеді. Мотив пен сарын ұғымдарын анықтау әлі де ізденуді талап етеді. Кейде екеуі бір ұғым ретінде келсе, кейде мүлдем басқа функцияларды атқарып тұрады. Бұған зерттеу барысында көз жеткізе аламыз.

Мотивтің әдебиеттегі қолданысына тоқталсақ. Мотив латынша «moveo» сөзінен шыққан, «қозғаушы, итермелеуші» деген мағынаға келеді. Сөздіктерде мотивке «адамды белгілі бір іс-әрекетке бастайтын, ішкі субъективті себеп, оның қажеттіктері мен мүдделерін білдіруге бағытталған саналы, мақсатқа сәйкес әрекет. Пиғыл, мақсат, ынта ұғымдарымен үндес. Мотивті жүзеге асыру тұлғалық әрекетке бағыт береді» деген анықтама беріледі [3, 574]

Әдебиет терминдері сөздігінде мотив – белгілі бір жағдайларда қалыптасқан, тарихи өмір негізінде пайда болған тұрақты мағыналар жиынтығы. Мотив көркем шығарманың аса бір өнімді, тиімді элементтерінің бірі. Поэзияда мотивтің мәні – көп міндет атқаратын, жиі кездесіп отыратын, ерекше мағыналық жүкті көтеретін, арнайы тірек сөздер. Мотив – тақырыптық сарын, қалыптасқан, дәстүрлі, тақырыптық әуен, оқиға желісіндегі кезең. Бірнеше жазушы шығармасында, әр түрлі әдеби нұсқаларда, әр дәуірдің әдебиетінде белгілі бір сарындар қайталанып отырады [4, 232].

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясын зерттеген С. Ержанова, Б.Майтанов, Ш. Елеуқенов, Г.Орда, Н.Ақыш, А.Қалиева т.б. ғалымдар болды. Солардың ішінен сарындарды, мотивтерді зерттеген ғалымдардың еңбегін қарастырамыз.

Сәуле Ержанова «Қазіргі қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында» атты еңбегінде поэзиядағы мынадай сарындарды түсіндіреді: көктүріктер сарыны; жыраулар сарыны; зар заман сарыны; ағартушылық сарын; сыншылдық сарын.

Азаттық идеясы Махамбет ақынның шығармашылығындағы **ең басты мотивтік айқындаушы** күші болды. Оған дәлел ретінде О.Тұржанның «Махамбет өлеңдерінің поэтикасы» еңбегін атауға болады. Бұл мотив зар – заман ақындарының шығармашылығында да өз жалғасын тапқан. Әрі қарай, ол идеяны жырлап қана қоймай нақты жүзеге асырудың жолдарын көрсете білген - Алаш зиялылары. Тарих сахнасына шыққан қазақ интеллигенциясының өкілдері болды. Олардың шығармаларында **күрескерлік рух** пен жалпы **ағартушылық сарын** бар деп айтуға болады [5,15].

Жыраулар әдебиетін жалғастырушы Нұрлан Мәукенұлы – жаңа дәуірдегі қазақ әдебиеті өкілдерінің ішіндегі талант қуаты зор ақындардың бірі. Ақынның жан-дүниесіндегі сопылық ілімнің аскеттік өмір стилін ұстануы байқалады. Шығармашылығындағы өмірден **бас кешу** немесе дүниенің барлық қызығынан **бас тарту сияқты сарындар** соны білдірсе керек.

Негізінен алғанда тәуелсіздік жылдарындағы поэзиялық шығармалардың көркемдік сипатына басты арқау болған – азаттық идеясын көтерген тарихи-рухани құндылықтардағы **сарындар мен көркемдік әдіс – тәсілдер** екенін көруге болады. Егемендік жариялағаннан кейінгі поэзиялық шығармаларда **көнетүркі сарыны**, жыраулар әдебиетінің үлгісі, Мағжан Жұмабаев бастаған романтикалық-символистік бағыт көптеген шығармашылық иелерінің айқындаушы стилі ретінде қалыптасты. Осы реттен алып қарағанда шынайы азаттық идеясы

өлмейтінін, оның жердің айналу бағыты сияқты қайта айналып, өз жолын бір басып өтетінін көреміз [5,18].

Көнетүркілік сарын қазіргі әдеби шығармаларға көптеп ене бастады. Күлтегін, Тоныкөк, Білге Қаған жазбаларындағы елдік, халықтық рухтың сақталуы өз алдына да, ондағы сарынның жетуі бөлек дәлелдеуді қажет етеді. Тәуелсіздік шығармашылық иелерінің ой саумалдау кеңістігінің кеңеюі мен сана бостандығына жол ашты. Сол арқылы ақындарымыздың көнетүркілер сарынына бойұсынуы жиілей бастады. Осы бағытта поэзия жазып, жетістіктерге жетіп жүрген ақындар ретінде Т.Медетбек, Ұ.Есдәулет, Н.Айтов, С.Ақсұңқарұлы, Н.Мәукенұлы, Е. Раушанов, Ж.Аймұхамбет т.б. атауға болады.

«Қазіргі қазақ поэзиясындағы бірпара қаламгерлердің шығармаларынан аңғарылатын жаңаша дүние қабылдау, толғану, айнала сырын әдеттегідей ерекшелігі бар назармен пайымдауға бейім үрдістер жайында пікір бөлісеміз» [6,40].

Б.Майтанов «XXI ғасыр поэзиясының модернистік және постмодернистік даму үрдістері» атты мақаласында бірнеше ақындардың өлеңдерінен мотивтерді анықтап берген. Мысалы, Әбубәкір Қайранның **сыншылдық сарыннан** арылмайтындығын, патриоттық пафостан да мүлде сырт қалмайтындығын, соған қарамай «Шам» өлеңінде аллегорияға барғандығын айқындайды. «Тірі өлік» өлеңінде ақын күйеу жолдастар мен қыз жолдастардың қылығын қазіргі уақыттың өрескел мінезіне сай натуралистік әрекетті юмор аралас суретті деталь арқылы өрнектейді. Интертекст мазмұны толысады. Метонимия қызметіндегі түр - түстік нысан және этнопсихологиялық штрих эпикалық назар ауқымын аңғартады. Жер мен оны мекен ететін адамзат ыңғайлас құбылыстар. Биіктік әрдайым аласадан қуатты. Әйтпесе, арыстан неге айға шабам деп, мерт болады. «Кір мәшине секілді», «теңселіп» тұрған дүние, «сынап секілді жүрек, жаңа ғасырдан үркетін «торғай ес», «атом боп жарыла» алмайтын, «бір тамшы» ғана пенде өзін «адаммын» деп айтуға дәрменсіз, өйткені ол – « тірі өлік!». Мұнда **экзистенциалистік сарын** байқалатындығын атап көрсеткен. Заида Елғондинова шығармашылығында космогониялық түсініктер енгенін айтады. Бұл дүниедегі пенде алыс дүниедегі аруаққа табынады, оларды пір тұтады. «Кәрі дүние, кейуана, кір арымаған» - дейтін З.Елғондинова ұлттық рәсімдегі үлгімен жалған өмірді мәңгілік өмірден төмен қояды. Аруақтар қателеспейді. Ақынның жырларында Ташкент қаласындағы шаттық, Алматыға **махаббатпен оралу мотиві** жиі ұшырасады. З. Елғондинованың өзге символистерден ерекшелігі – бар кінәні айналасына артуға әуестік танытпауда, қайшылық пен ащы да тәтті мұнның қайнарын өз жүрегінің Әбілхаят суынан іздестіруінде.

Есенғали Раушановтың «Көк өскін» өлеңінде:

Не тынды,
Күн өтуде күйбеңмен.
Өмір деген өгей шеше секілді
Туған әкең үйленген.
Дінсіз, кәпір мен емен,
Менде де бар соққан жүрек дамылсыз.
Иттей дос боп, имандай сенер ем,
Қыл аяғы өтірік те дарынсыз.

Енді өлеңдегі екінші түрлі мотив бой көтереді. Белгілі бір дәрежеде сыншыл көзқарас үстем, сонымен бірге жалығу, **күдер ұзу сарыны** да модернистік көңіл-күймен үйлесіп жатады.

Гүлнар Салықбайдың «Өмір - сұр ән» өлеңінде:

Өмір - сұр ән.
Көңіл тұман.
Кір көше,

Кір көшеде қайыршы жүр бірнеше - деп, ашық білдіреді. Ақын поэзиясында символистік бейнелілік пен **экзистенциялық жатсыну** бар. Жатсыну жалпылық сипат алған. Жалғыздық архетипі - барлық көңілдің бағы да, соры да. Бағы дейтініңіз – соны

сезіну арқылы кісі өзінің орнын, айналасын таниды. Сори дейтінінiз - өмірдің мәні аттан түседі. Символдық нышандар Г.Салықбай өлеңіндегі экзистенциалдық мазмұн таңбаларын ашуға жорық жасайды.

Ақын Әбубәкір Смайыловтың «Із туралы аңыз» атты баллада жанры талаптарына лайық ұзақ өлеңінен Аллаға табынуының қажеттілігіне байланысты **ақиқат мотивін** келешек сынақтарға жоғары дәрежеде дайындайды. Өмір сапарындағы адалдық қақында ой қозғайды. «Көз» концепті ар- ұяттың символы міндетін атқарады. Жеке адамның көзімен Аспандағы көздің кездесу медетін елестету жердегі тіршілік нәтижесіне зор талқының **психологиялық салмағын** саралау актіне жалғасады. Ақын әр адамның жаратушы алдындағы теңдігін зерделегенде асқақ демократизм ұстанымын қолдайды.

Ғылыми әдебиеттерде акмеистерді бастапқы уылжыған дүниеге ғашық етіп сипаттайды. Аманжол Әлтаев өрнектегендей шың басынан «Күнге қарай» «құт қадам» жасау. Табиғат тозаңсыз. Көркемдік мекеншақ жұмаққа жақын. Алайда мұндай бақыт Адам ата мен Хауа анамызға ғана бұйырған. Олар бақытын бағалай алмағаны аян. А.Әлтаев «**күнә» мотивін** сана үдерісіне араластырмаған. Аңсайтыны - тазалық, асқақтық.

«**Күнә мотивін**» қолданған ақындардың бірі Маралтай Райымбекұлы «Өзім барам!» атты жырында әрекет бағдары белгілі болғанымен, алысқа қомданған көңілдің алғышарты ашық айтылмайды.

Өзім барам!

Сол жаққа қарай-қарай көзім талған.

Кез еді талған Ертөстіктей,

Құсадан жер бетілік мезі болған.

Мұнда жердегі хикметтен жалығушылық, бәрібір күмән тудырмайды, ақын «күнә мотивін» өзіне қатысты қолданады. Ақын тұлғасын соншалық мінсіз санамаған. Оны сонда да пайғамардың қатарынан көруге ұмтылады. Өйткені екеуіне де «өмір тар». Бұл пікірді де пайғамбарға байланысты үйлестіру қандай дәлелді екенін пайымдау оңай емес. Шайыр басқа уақыт пен кеңістіктен өзіне жақын адамдарды табарына сенімі мол. **Жұмақ мотиві** үстем. Ол қиянда. Тіршілікке базынасы бардың бәрі де жұмақты аңсайды. Лирикалық қаһарман сонда өзін еркін ұстайды. Мұндай **акмеистік сарындағы** туындысында А.Әлтаевтың лирикалық қаһарманынан іркілу мен тартынушылық байқалса, М. Райымбекұлының кейіпкері өктем. М. Райымбекұлының назасынан қоғамдық кінәраттар әрі жекелік айып сарыны байқалса, А.Әлтаев та өзгелерге қатысты екіұдай көрініс бермейді. Сонда да оларға рухани мәселелерге ем табу үшін басқа уақыт пен кеңістік, тосындық болжам бойынша тартыссыз орта қажет болған [6,53].

Илияс Мұқаевтың өлеңдерінде де сәтті шумақтар асып-төгілмесе де кездеседі.

Қайыңмен, гүлмен, бәрімен сырласқам,

Олар да емес жігерлі.

Есіңе ал, - деп ем – өткенді,

Мұңлы аспан

Көз жасын төгіп жіберді.

Бұл жолдардан аңғаратын негізгі мотив **өткен өмір** болса, ақын өткен шақтың трагедиялық табиғатын көз жасын төккен аспан арқылы бейнелейді. Бейнелі тіркестер қозғалыста барынша жандана түскен.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы мотивтердің қолданылу сипатын қарастырдық. Мұндағы түйгеніміз, поэзия жанрын зерттеуде еніп келе жатқан термин «мотив» туралы түсінік қалыптасты. Ендігі кезекте күтіп тұрғаны мотивтік талдаулар, мотивтік қатар, мотивтік жүйе. Мотивтік талдау поэзияны ерекше бір қырынан көруге септігін тигізеді анық. Мотив – қозғау, ал поэзиядағы мотив - ойға қозғау салу, идеяға қозғау салу. Ол кішкентай бөлшек болсын, ең кіші сюжет болсын, тіпті бір ғана сөз болсын поэзиядағы айтпақ болған ойды, жеткізбек болған идеяны қозғап тұрады. Бір көркем туындының дүниеге келуіне арқау болады десек те артық айтқанымыз емес. Сондықтан да поэзияны мотивтік тұрғыда талдау әрі қарай ізденуді талап етеді. Поэзия дегенде елең етпейтін жүрек болмас, өйткені ол

жүректен туындайтын дүние болғандықтан, жүректерге жетіп жатады. Сондықтан да көркем туындыларды зерттеу әрбір талапты жастың қызығушылығын арттырады анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Веселовский А.Н. Историческая поэтика / Вступ. ст. И.К. Горского; Сост., коммент. В.В.Мочаловой. – М.: Высш.шк., 1989. – 406 с.
- 2 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208б.
- 3 Қазақстан. Ұлттық Энциклопедия. 6 том. – Алматы: Қазақ Энциклопедиясы, 2004. – 696 б.
- 4 Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 232 б.
- 5 Ержанова С.Б. Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында. Оқу құралы. – Алматы: Білім, 2010. – 320 бет.
- 6 ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011жж.). – Алматы: «Арда», 2011. – 640 бет .

ӘОЖ: 821.512.122

НУРЖАКСИНА МАХАБАТ ҚАРАТАЙҚЫЗЫ
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан
makosya_06@mail.ru

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ЖАРАЛЫ ЖАН» ӨЛЕҢІНІҢ ИДЕЯЛЫҚ- КӨРКЕМДІК ҚЫРЛАРЫ

Аннотация: мақала қазақ әдебиетінің заңғар тұлғасы Мағжан Жұмабайұлының шығармашылығына арналған. Автор ақын поэзиясының жарқын үлгісі «Жаралы жан» өлеңін поэтикалық, көркемдік тұрғыдан талдайды. Ақын туындысына деген өзіндік пікірін білдіреді.

Тірек сөздер: ақын, ұлттық рух, әдебиет, жан, символ, лирикалық бейне

Әдебиет – ұлттың рухани күші. Әрбір әдебиетші, қаламгер ұлттық руханият қызметкері. Олардың шығармалары, шығармашылық ізденістері халық игілігіне арналады. Яғни ақын-жазушылар қандай көркемдік жанрада жазса да, өз халқының тағдырын, бақытын жырлап, жырымен елін кемелдікке жетелейді. Олай болса, әдебиет – қоғамның көркем де ашық бейнесі. Тарихта бодандықты бастан кешпеген ұлт аз. Сондықтан да барша халық әдебиетінде азаттық идеясын арқалаған мұралар ұлттық патриотизм мен ұлтшылдық дінгегі ретінде қастерленеді. Қазақ әдебиетіндегі еркіндік ұраншылдары дегенде сап етер ой, әрине, Алаш қайраткерлері екені сөзсіз.

ХХ ғасыр басындағы күрескерлік кезең сардарлары. Бұл кезеңдегі қаламын қару еткен әдебиетшілер қауымы – қара сөздің қамын ғана ойламай, ел болу, жер мәселесі, әлеуметтік-саяси ахуал, оқу-білім саласында да аянбай тер төгіп жатты. Осы топ қатары Ә. Бөкейханов, Қ. Кеменгеров, А. Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев және басқа көптеген белгілі қайраткерлер тізімімен жалғаса береді. Мәселен, Ахмет Байтұрсынов «Маса» жинағы мен Міржақып Дулатұлының «Оян, қазағы» заман мен тағдыр сұранымына сай қажетті ұранға айналып еді.

Осы кезеңнің ең көрнекті, жаңа өрнекті бастаушыларының бірі Мағжан Жұмабаев болды. Белгілі әдебиеттанушы ғалым Шериаздан Елеукенов: «Мағжанның бірден ұлт ақыны боп қалыптасуына өмірдің өзі мәжбүр етті» [1,292] – деген пікір білдіреді. Шынында да, хандық билік жойылып, қазақ билігі шағын ауылдарды басқарған болыстыққа дейін құлдырады. Болыстар ел мүддесін ойламай, өзара қырықпышақ болды. Ел билігінен айырылған қазақ бара-бара жер билігінен айырылды. Ең шұрайлы жерлер сырттан келген келімсектерге беріліп, төл халық шөл, құмды, тастақ жерге ығыстырылды. Колхоз құрамыз деген сылтаумен халқымыздың мал мен жаны қасақана аштан қырылды. Нәтижеде халқымыз өз елінде азшылықта қалды.

Мағжан Жұмабаев осының бәрін көріп, жан-жүрегінің сүзгісінен өткізіп ашынып өсті. Білмеймін не боларын, қайран көлім,

Жарайды тең болмаса күн мен түнің,
Итиіп қара шекпен келіп қонса,
Басыңнан құсың ұшып кетер сенің [2,16].

Зар илеген ел ахуалы арқасына аяздай батпаса, ақын мұндай мұнды өлең жазбас еді.

Поэзия жанрын қолға алған тұста Мағжан Жұмабайұлы ұлы Абай дәстүрін байыту, ұлттың әлеуметтік құрамына байланысты мәселелерді, тұтас ұлттың қамы, ер бірлігі, берекесі, әйел бостандығын аңсау, әлем кеңістігіне қадам басу тақырыптарын қарастыра білді.

Бүгінде ұлтшыл, сыршыл ақын шығармашылығы кеңес кұрсауынан құтылған тұстан бері кеңінен зерттелу үстінде. Оған Шериаздан Елеукеновтың «Мағжан Жұмабаев» зерттеу еңбегі, Дандай Ысқақұлының «Әдебиет алыптары» кітабы, Жамал Боранбаеваның «Сөз зергері Мағжанның әдемі өрген өрнегі» атты ғылыми диссертациясы, белгілі ғалым Қуандық Мәшһүр-Жүсіповтың «Мағжан романтизмі» атты зерттеулері айқын дәлел бола алады.

Әрине, өз кезінде батыс әдебиетінің соны дәстүрін қазақы мақамға сала білген Мағжан Жұмабаев жаңашылдығын өз замандастары да мойындап талқыға түсірген. Мәселен, Жүсіпбек Аймауытов «Мағжанның ақындығы туралы» ауқымды мақала жазып «Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей «тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін» үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді» [2,198] – деген образды пікір білдіріп, заңғар жазушы Мұхтар Әуезов «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін... Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Еуропалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Мағжан мәдениеті зор ақын...»[3,294] – деген лебіз білдірген.

Белгілі сыншы ғалым Айгүл Кемелбаева «Мағжан әлемі» кітабында: «Мағжанның ақындық жаратылысын суреттеуге сырлы сөз, байыпты бояу таппай қиналасың. Жұмақ құсындай құлпырған, махаббат сезіміндей тылсым поэзия. Мағжанның суреткерлік құбылысын тануға әдемі, салтанатты теңеулердің бәрі тарлық қылып, адыра қалатын тәрізді. Мағжанның көркемдік көкжиегі Тайбурылдың шабысындай. Оның күн дидарлы нұрлы өлеңдерінің жалғаны, осалы жоқ, құдды табиғат стихиясындай. Сондықтан ол туралы табынбай, шабыттанбай сөз айту неғайбыл дүние. Мұхтар мен Жүсіпбек Мағжанның өлеңі хақында тебіренбей, майдай ерімей сөз айтқан емес. Мағжан феноменін ақ-адал түйсінген Мұхтар мен Жүсіпбек жүрекжарды лебіздерін ұрпақ санасына құйып кетуді парыз санаған. Өйткені ол үшеуі шындағы ұялардан түлеп ұшқан жас қырандардай әдебиет көгіндегі заманы бір, тілегі бір, рухы бір алыптар тобынан болды» – осындай керемет сын-пікір ақын парасат-пайымын айқындай түседі.

Мағжан Жұмабаев поэзиясы, прозасы, көлемді поэмалары – қайсысы болмасын өз алдына бөлек дүние. Мысалға «Жаралы жан» өлеңіне тоқталып көрелік.

Ақынның «Жаралы жан» өлеңінде – сар далада қансырап жатқан жан – яғни бүкіл қазақ халқының бейнесін алады. Мағжан Жұмабаев аталмыш өлеңде туған жер мен оның перзенті адамды параллель қояды. Ақын туған жері мен атамекенін қалай сүйсе, халқын да соншалықты сүйеді. Ақын поэзиясындағы халық отарлаудың қатты қыспағында болса да, өр, ер рухы биік, ат құлағында

Белгілі бір нақты суреттерге сүйене отырып, мүлде бөлек, тосын ортаны әспеттеу сол қалыптының неғұрлым әсерлі бейнелеуін негіздейді. Мәселен, осы өлеңдегі рең, ажарды білдіретін сөздерді өзара салыстырсақ, солардың өзінде біріндегі түске екіншісі не үйлесіп дамытылып, не қарсы қойылуы нәтижесінде белгілі бір әсерлілік өріс алады. Мәселен, алғашқы тармақты «сұлап жатқан» өлікке баланған даланың сарылығын, оның бетін жапқан селеулердің ақтығын алайық. Көп ретте көріктілік үлгісі боп алынатын сары, ақ та белгілі бір көріністі нақыштауға қызмет етумен қатар, біртүрлі шырайсыздық шарпуына бөленгені анық. Себебі, өлікке ұқсағандықтан да, даланың сарылығы, кебінге сай алынғандықтан да,

селеудің ақтығы біртүрлі шырайсыздық шарпуына бөленгені анық. Шығармада одан әрі өлім алдында жанталасқан жаралы жан сөзін естиміз:

Соқпа, сорлы жүрегім,
Шірігенді, ақ білегім!

Мұндағы «ақ» сөзі білекті ажарлау, сол арқылы лирикалық бейнені өлімге қимау сезімін арттыруға септігін тигізуде. Себебі, әйтеуір бір көзге көрінбейтін бұлдыр тұлғаны емес, сымбат салтанаты ақ білекті көргесін де, біз оны жоғалтқымыз келмейді. Демек, алдыңғы шумақта «кебіндей ақ селеулер» тіркесінде біртүрлі солып семген «ақ» сөзі бұл арада керісінше зейнеттілік дәлелі ретінде әшекейлене түскен. Сол тәрізді лирикалық бейне толғанысы арқылы берілген:

Сауықшыл есіл елім-ай!
Сарыарқа сайран жерім-ай!
Күмістей таза суы бар
Айдын шалқар көлім-ай!

Жолдарындағы «күмістей» сөзі де судың рең әдемілігін ашумен шектелмеген. Бұл сөздің сонымен қатар соншалық әсем судан лирикалық бейненің қол ұзу мүмкіндігіне аяныш сезімін оятуға, демек, тағы да жаралыны өлімге қимауды дамытуға бастайтыны анық. Сондай-ақ осы сезімге жалғастырыла өрнектелген:

Қара шаш қайран жарым-ай,
Қарашығым, жаным-ай!
Құлағыма келеді
Алыстан ащы зарың-ай! –

Тармақтарындағы «қара» сөзіне көңіл бөлсек, тағы да дағдылы өлшем жетегінде кетпей, керісінше әсер туғызып тұрғанын аңғаруымыз керек. Мәселен, көбіне «ақ» дегенде әдемілік, «қара» дегенде, керісінше көріксіздік ұғымын кезіктіріп келсек, мына үзіндіге «қара» сөзі әсемдік белгісі ретінде алынғанын көреміз. Бұл әсемдік, шаштың қара болуы арқылы нақты көрінуі, сондай перизатынан айырылуы мүмкін лирикалық бейне қасіретін аша түсуге жетектейді. Белгілі бір сөздің белгілі бір сурет жасау арқылы мағынасы кеңеюін «қан» сөзін қолдануынан да байқауға болады. Оған мысал,

Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,
Сәуле емес, қан шашып тұр күні батқан.

Батқан күннің сәуле емес, қан шашуы. Күннің әдетте тек сәуле шашатынын ескерсек, осынша биіктен қан шашуының өзі-ақ – соншалық үрейлі көрініс. Бастапқыда күннің қан шашуы нақты сурет дегеннен гөрі де шартты әсірелеуге жақын. Ал одан кейін лирикалық бейненің ауыр жағдайын бейнелеу кезіндегі

Қызыл қан сорлы адамның шыбын жаны,
Шапшып тұр жүрегінен ыстық қаны.

Шапшыған ыстық қанның нақты көрініс екені белгілі. «Шануу» сөзі қанның соншалық көп мөлшерде кетіп жатқанын, демек, жаралының көз жұмар сәті жақындай түскенін білдіреді. Шығармада одан әрі қиналған жаралы сөзінен де қан ағуы тоқтамағаны көрінеді:

Қуат кеміп барады,
Көл болды мынау аққан қан.

Бұл жолдардағы «қан» сөзінің «аққан» сөзінен кейін келіп, шумақ соңынан орын, екпіннің басым салмағын қабылдауы да азап ауырлығын шегелей түсуге ықпал жасап тұр. Бұл ауыртпалықты жүректі жара жеуі де («Жүректі жара жеп барад») бейнені күрделі ете береді. Дерексіз ұғым жараға ауыз біткендей, жүректі жеуі апат деңгейін аша түседі. Оған қоса:

Қиналдың-ау, шыбын жан,
Тоқталсаңшы, ыстық қан!
...Түсті ғой қысым жаныма,
Тұншықтым ғой қаныма! – жолдары мойын бұрғызады.

Аз суға тұншығу мүмкін еместігін салмақтасақ та, қанға тұншығу оның соншалық көп мөлшерде аққанын дәл де, әсерлі жеткізе білген. Бұл айқын көріністер лирикалық бейне сезімін нақты бейнелеумен ұштасады:

Тұлпарға мініп бір шапсам,
Болмас еді басқа арман!

Бұл тілек үнемі ат үстінде жүрген қазақ азаматына лайық, демек, ұлттық өрнегі сақталған сезім болумен қатар, сондай бейнеге көңіл бөлген лирикалық қаһарманның күрескерлік рухын да танытады.

Мағжан өлеңдеріндегі қайғы-мұң мәселесіне де арнайы көңіл бөлгіміз келеді. Күн бар жерде көлеңке болатыны тәрізді, қуаныш бар жерде қайғы да жоғалып кете қалмайтынын, тіпті қайғыра білмеген адамның шаттықты бағалауда да кенже қала беретінін түсінеміз.

Мағжанның жүрек сырын жеткізетін құралы – оның поэзиясы. Ақынның жүгінері де – жүрегі, сырласы да – жүрегі. «Жүрегім, мен зарлымын жаралыға» деп жырлаған ақын үшін «жүрек» – өмірдің символы.

«Жаралы жан» – өлеңінде ақын «жүрек»-ті бірде ыза-кек, бірде шарасыздық, енді бірде күш-қайрат, мейірім бейнесінде шебер қолданған.

Қысылған сорлы адамның шыбын жаны
Шапшып тұр жүрегінен ыстық қаны.
Іші өртеп, жүректі елжіретед ...
Жүректі жара жеп барад,
Жасаған-ау, қалай шыдайын?!
Сокпа, сорлы жүрегім,
Шіріген-ді, ақ білегім!

Мағжан шығармашылығында ұлттық, батыстық-шығыстық символдың ақын жүрегінен қорытылып шыққан жан сөзі мен ешкімге ұқсамайтын даралығы бар.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінен көрінген символистік тәсіл ақын шығармашылығында Сарыарқаның ызғарлы көктемнің арасынан басын көтерген бәйшешектей болды. Себебі, осы кезеңде 1906 және 1914 жылдарды қамтыған орыс революциясының ызғары, қазақ даласына да сезіліп, өз өктемдігін жүргізе бастаған.

Ақын шебер қолданған символдардың бірі – «у».

Азамат! Анау қазақ қаным десең,
Жұмақтың суын апар, жаным десең.
Болмаса, ібіліс бол да у алып бар,
Токтатам тұншықтырып зарын десең!

«Жаралы жан» өлеңінде у қайғыға тұншыққан жанның дертіне автор дауа іздей отырып, шарасыздық халді бейнелеген. Жүсіпбек Аймауытов өз мақаласында осы өлең жолдарына мынадай пікір білдірген: «Азамат болсаң, қазағыңа пайда тигіз, үйтпесең «ібіліссің» деп ауыр міндет артады. Азаматқа сын тағады. Қазақ азаматы саясат жүзінде пікірі шынықпаған бала екенін көреді, белгілі пікір, жол тұтына алмай, бас қамын ойлап, боялып жүрген кейбір азаматтарды сөгеді» [2,209].

«Жаралы жан» шығармасында ақын батыста қаптаған жандардың қазақ даласына да жетіп, бәрін бүлдіріп жатыр; шыбын жан қысылып, қуат кеміп, аққан қан көбейіп барады; «мынау қарға, құзғынның бердің-ау, тәңірім тілегін» – деп тәңіріге жылайды. «Жүректі жара жеп барад, Жасаған-ау қалай шыдаймын?!» деп күйзелген ақын:

Сауықшыл есіл елім-ай!
Сарыарқа сайран жерім-ай!
Күмістей таза суы бар
Айдын шалқар көлім-ай! –

деп елінің бұрынғы берекелі кезін аңсайды.

Тұлпарға мініп бір шапсам,
Болмас еді басқа арман! –

деп армандайды. Ақын қазақты «Қайғылы сар даланы күңіреткен, Зарына адам шыдап тұра алмаған» жаралы жанға теңейді. Сол әлсіреп жатқан жаралы жанды азаптан құтқаруға «оқыған азаматтарды» шақырған ақын:

Азамат! Анау қазақ қаным десең,
Жұмақтың суын апар, жаным десең.
Болмаса, ібіліс бол да у алып бар,
Тоқтатам тұншықтырып зарын десең!.. –

деп қатты-қатты сөздер айтуға дейін барады ақын. Бодандықтағы қазақ елін:

Жалқау жел өзін өзі зорға сүйреп,
Жан-жақты жүргендей-ақ жындар билеп.
Ың-жың дауыс келеді құлағыма,
Перілер ән салысып, тұр ма күйлеп?..–

деген күйінде көрген ақын осы халді тәңіріге жылап тұрып жеткізіп, одан рақым күтеді.

Мағжан поэзиясы елді сүюге, өз Отанының тарихымен мақтануға үйретеді. Мағжанды ақын еткен қасиетті шындық пен жанды-жансызға деген айырықша махаббатты сездіретін жүрек лүпілі.

Расында, ақын бауыры кең тұлпардай көсілетін арналы жүйеліліктің ақыны, қара өлең құдіретін биік деңгейге көтерген ақын. Абайдың шексіз шеберлігінің кілтін іздеуден жалықпаған ақын. Мағжан символизмі қазақ әдебиетін Абайдан соң тағы бір белеске көтергені дау туғызбайтын ақиқат.

Мағжан Жұмабаев 1922 жылы жарық көрген «Педагогика» еңбегінде: «Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт» [4,103] деген бүгінгі күнде де ең маңызды мәселені баса айтқан. Өткеннен тағылым алмай, келешектен үміт күту бекершілік. Келешек ұрпақ, Мағжан Жұмабаев сынды арыстардың мұрасын танып-білмей, қазақ елінің қамын жеп, ел үшін еңбегін сарп ете алмас деп ойлаймын. Ұлылардың ұлағатын тани білсек, өзімізге өнеге етсек, жарқын болашақ есігін айқара ашары айдан анық!

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Елеукунов Ш. Ғасырмен сырласу. – Астана: Елорда, 2004. – 482 б.
- 2 Жұмабаев М. Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер. /Құрастырған Ж.Сүлейменов. 2006, – 428б.
- 3 Бес арыс: естеліктер, эсселер, және зерттеу мақалалар. – Алматы: Жалын, 1992. – 544 б.
- 4 Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана: «Фолиант», 2004. – 304 б.

ӘОЖ 82:809.434.2

РАҚЫМЖАН ОРАЛСЫН ҚАЛИҚАЙДАРҚЫЗЫ
АХМЕТЖАНОВА АЯУЛЫМ САМАТОВНА

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Көкшетау, Қазақстан

Oralsyn90@mail.ru, Akhmetzhanova01@list.ru

М.ӘУЕЗОВ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Аннотация: мақалада жазушы шығармаларындағы көркемдегіш құралдардың ішіндегі теңеулердің қолданысы талданды. Бейнелеу тәсілдерінің барлығы да бастауын теңеуден алады. М.Әуезов тілдік тұлғасындағы бейнелі теңеулер эпитеттік сипатта қазақ

дәстүрлі үлгісінен туындаған, бұрын қолданылмаған тың теңеулер болып келетіндігі айтылады.

Тірек сөздер: тұрақты теңеулер, мәдени код, лингвомәдениеттану.

Белгілі бір халықтың көркем әдебиеті басқа халықтардың әдебиетінен, ең алдымен, өзінің образдар жүйесімен, сөз бейнелеу тәсілдерімен ерекшеленеді. Әдебиеттегі образдар жүйесі және сөз бейнелеу тәсілдері – ұлттық характердің ең басты көрсеткіштері. Бұларсыз ешбір ұлт әдебиеті өмір сүре алмайды. Көркем әдебиет үшін, әсіресе, ұлттық тілдің маңызы зор.

Түрдің өзінің көріну тәсілдері, жүзеге асу жолдары, өмір сүру заңдылықтары болады. Сол түрдің көріну тәсілдерінің бірі – теңеу категориясы. Теңеу категориясы – бүкіл бейнелеу, көркемдеу тәсілдерінің ішіндегі ең бастысы, ең пәрмендісі. Бейнелеу тәсілдерінің барлығы да бастауын осы теңеуден алады

Қазақ тіл білімінің тұңғыш зерттеушісі А.Байтұрсынов «Теңеу заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей – ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді» [1]. деп көрсетеді.

М.Серғалиев «Теңеудің стильдік қызметі әр алуан, бір ыңғайда, негізінен аз сөзге көп мағына сыйғызуды мақсат етсе, тағы бір жағдайда автордың астарлап сөйлеуіне мүмкіндік береді. Сол астарлап сөйлеудің өзі жинақылықтың арқасында болып отырады» деп, теңеудің көркем әдебиет тілінде алатын орнын айқындайды. Мысалы, *Ескендір. Бір кездері жалыны жалау атқандай, үміті мол, қызығы көп жастық бар еді зой!* (М.Әуезов, Т.10. Шығ. жинағы, 177 б.).

Зерттеушілер: «Тұрақты теңеулер – ежелден қалыптасып, тілде әбден сіңісіп кеткен образды конструкциялар. Сол себепті де тұрақты теңеулер көркем әдебиетте де, фольклорда да, тіпті сөйлеу тілінде де бейнелеу, мәнерлеу тәсілі ретінде өте жиі қолданылады», – деген тұжырым жасайды [2].

Қазақ тіліндегі әр алуан сөз тудырушы аффикстердің ішінде компаративті мағына беру үшін қолданылатын аффикстер тобының бірі – **-дай/-дей, -тай /-тей** аффиксі. Бұл – зат есімнен сын есім мен үстеу тудыратын өнімді жұрнақ. Мысалы, «судай сапыру», «алмастың **түймедейі, түйедей** тастан абзал», «азу тісі **балгадай** осы жыртқыштар ғой», «**Тайғақтың асуындай** осы кесір асудан ер кім болды, ез кім болды?», «жалыны алау атып аспан құшқан **өрттей** өр», «ала мінез қаптамай ма егінді басқан **арам шөптей**», «қорытылуы жетпеген **қорғасындай** қалпымыз, **шемендей** басып жатыр», «қайнаған **болаттай**», «алдынан өткен мысыққа қараған **бүркіттей** қадалып қалу», «**арыстандай** болып арқасына міну», «ұшқыннан өрт **шыққандай**», «қабандардың жымын аңдып жатқан **жолбарыстай**», «оқ **нөсердей** жауып тұр», «**тудай** толқып», «**ертегідей** жорық», «қарлы суық жартас құздан жоғарылап ұшып, биік мөлдір көк аспанда алтын күннің шұғыласын құшып, ақ қанаттарымен жанасып, сүйкесіп табысқан **ақсұңқарлардың кездесуіндей**», «**қалың сел қаптағандай**» т.б.

Тіліміздегі өлшем атауларының ұзындық, арақашықтық, салмақ-көлем өлшемдерін этнолингвистикалық сипатта зерттеген К.Күркебаевтың тұжырымдауынша: «Халқымыздың ментальдық танымында шамадан тыс азғантай көлем мөлшерді білдіруде, түрлі нысандардың белгілеріне салыстыру мәніндегі **-дай/-дей, -тай/-тей** жұрнақтарының жалғануы арқылы да болжам мәнді өлшемдік ұғымдар қалыптасқан» [3]. Мысалы: *ине жұтқандай, алақандай, ат төбеліндей, пұшпақтай* т.б.

М.Әуезов тілдік тұлғасындағы бейнелі теңеулер эпитеттік сипатта қазақ дәстүрлі үлгісінен туындаған, бұрын қолданылмаған тың теңеулер болып келеді: «**мұрнын тескен тайлақтай**», «қаңтардағы күйіне келген **бурадай** болып», «бар жауың **жымдай** болып, тақымын қысады», «қоянды қуған **қасқырдай**», «мұтылып қу **томардай**», «жап-жалғыз қу **сояудай**», «Шер ыршытты **шабақтай**», «жел аударған **қаңбақтай**», «күні еңкейіп, көлеңке басқан **бейуақтай**», «панасыз ел **баладай**, өсиетің **тездей**», «сөзінің басы **таудай**», «аяғы

қылдай», «өткел сындай», «су сепкендей», «боранды түнде қасқыр шапқан жылқыдай», «ұшқыннан өрт шыққандай» т.б. [4, 57].

-ша/-ше жұрнағы арқылы жасалған теңеулер тобы да кездеседі: *«қасқырша өз күшігіңді өзің жейсің бе?»*, *«қойша бауыздамақ»*, *«мәдениетті жұртша»*, *«қырсыққан итше»* т.б.

М.Әуезов драмаларында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын өлшем бірліктеріне қатысты теңеулер де бар: *шолақ байталдың құйрығындай тобықты, тасқын судай, найманды даңды судай ағызып, ақылың асқар таудай* т.б. Даң сөзінің синонимі – *азан-қазан, айқай-шу, дабыр*. Автор қолданысындағы *найманды даңды судай ағызып* деген тіркес «найманды шулатты» дегенді білдіреді.

М. Әуезов тілдік тұлғасында адамды сипаттауда, оның ішкі жан дүниесін танытатын, мінез-құлқын бейнелейтін, іс-әрекет, қимылын суреттейтін теңеулерді жиі кездестіреміз: *«қаны суық өгей шеше», «ай мен күндей қарындасым», «аюдай ақырған төркіні жуан күндесің»* т.б. Яғни автордың рухани дүниетанымы ғаламның тілдік бейнесін жасауда ой иесінің үлес-салмағын танытады. «Жалпы тілден, соның ішінде теңеулерден халықтың саяси-әлеуметтік өмірі, рухани дүниесі, дүниетанымы, әдет-ғұрпы, мекендеген ортасы, кәсібі, қала берді бүкіл тарихы көрініп тұрады» [5].

В.Маслова теңеудің табиғатын лингвомәдениеттану ғылымының өзекті мәселесі деп есептейді: «Халықтық діл (менталитет) және рухани мәдени тіл бірліктері алдымен олардың бейнелік мазмұндары арқылы жүзеге асады» [6, 134] осы тұрғыдан келгенде, «Қарагөз» пьесасындағы Сырымның аузымен айтылатын сөздегі теңеу автордың айрықша шеберлігін көрсетеді:

Сырым. *Менің көзіме де көңіліме сол он қос жылқыда күңіреніп кеткен көп қыздың қайғы-қасіреті шұрқырап, шер күңіреніп жүргендей* (М.Әуезов, Т.9. Шығ. жинағы, 140 б.).

Тілдік тұлға – тілдің ғана емес, тіл бойындағы халықтың таным-мәдениеті мен дүниетанымының тұтынушысы. Ол әсіресе тілді шығармашылық деңгейде меңгерген элитарлық тілдік тұлғаның басты ерекшелігі саналады. Ұлттық элитарлық тілдік тұлғаның айқын белгісі: уақыттың сынына төтеп беріп, қай уақыттың да талабына жауап бере алады. Осы тұрғыдан, кезіндегі ұлы Абай сияқты М.Әуезовтің де «еленбеген ерекшелігі» – ұлттық болмысы. Ұлттық әдебиет халықтың әдеби тілімен жазылып, өн бойында мәдени код жатады. Оны әр қаламгер түрліше пайдаланады. М.Әуезов мәдени кодты – ұлттық қасиетін танытатын драмадағы кейіпкерлер тілінде теңеулерді былайша берген: *жүрегі мұздай қату, қос қанатым жетілгендей, ішкен кісі иттей қатып барып, жиырма күнде өледі, европа білімі – екі жүзді семсер тәрізді, қара жерден алтындай дән шықпай ма, су сепкендей басқан* т.б.

М.Әуезов тілдік тұлғасындағы жануарлар, құстар және өсімдіктер әлеміне қатысты теңеулерінде халықтың ғасырлар бойы түрлі құбылыстарды өзара салыстыра зерттеу, бір-біріне теңей сөйлеу тәжірибесін кеңінен қолданылады: *қоян қуған құтаяқтай, қыз-қырқылжың тұлкідей, қоянды қуған қасқырдай, тағыларша тауда табысып, тараспайық, таласқан құзғындай боп көрген жемді* т.б. *Бақ талайы баршындай: баршын – он жастан асқан құс* [7]. Сонымен қатар *баршын* «көк, қара көк түсі басым құс» дегенді де білдіреді.

М.Әуезов суреттеуінде төрт түлік малға қатысты теңеулер көптеп кездеседі: *Сонда қалың қол бассыз қалып, боранды түнде қасқыр шапқан жылқыдай ықпасын ба?* Төрт түлік малдың қатысымен жасалған теңеулер адамның мінез-құлқы, түр-әлпеті, сыртқы пішіні, қимыл-әрекеті т.б. ерекшеліктерімен бейнелі және визуалды салыстыру, ассоциация негізінде пайда болған [8]:

Еңлік. Е, мына тасты құшақтап жатқаның не, тасбақадай тарбиың? (күледі) (М. Әуезов Т.9. Шығ. жинағы, 173 б.).

Суреткердің тілдік тұлғасындағы теңеулерді зерттеу барысында оның көркем сөздің мағынасын ашып қана қоймай, ата-бабамыздың ғасырлар бойы жинаған тұрмыс, салт, тарихын да сипаттайтыны аңғарылады. Халық санасында қалыптасқан, басқа ешкімде

кездеспейтін, қаламгердің сөз өрнегіне ғана тән өзіндік ерекшелігімен ұлттың тілін дамытатын бұл теңеулер ұлттық дүниетанымды байытатыны сөзсіз. Көрнекті тілдік тұлғалардың тілінде қалыптасатын мұндай жүйе – заңды құбылыс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 205 б.
- 2 Коңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Алаш, 2005. – 511 б.
- 3 Кушкимбаева А.С. М.О. Әуезовтің тілдік тұлғасының вербальды-семантикалық деңгейі // Абай ат. ҚазҰПУ «Хабаршы». – Алматы, 2012. – № 4(42). – Б. 55-59.
- 4 Күркебаев К.Қ. Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты (ұзындық, арақашықтық, салмақ – көлем өлшемдері негізінде): филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2003. – 126 б.
- 5 Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Сөздік – Словарь. – Алматы, 2002. – 257 б.
- 6 Өтебаева Э.А. Қазақ тіліндегі -дай, -дей, -тай, -тей тұлғалы теңеу мәнді тілдік бірліктердің этнотанымдық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2010.
- 7 Ермекова Ж.Б. М. Жұмбаевтің тілдік тұлғасы: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2010. – 141 б.
- 8 Большая энциклопедия Кирилла и Мефодия. – 2007 // <http://www.km.ru>.

ӘОЖ: 821.512.122

САҒЫНДЫҚОВА ЗӘУРЕШ ЖАМБУЛОВНА,
КАМАШЕВА БАГЛАН ШЕКЕШОВНА
НҮРМҰҚАНОВА ЖУМАГУЛЬ ЖАДЕНОВНА
С.Жүнісов атындағы №18 орта мектеп-лицейі
Көкшетау, Қазақстан
z.sagyndykova72@mail.ru

ҮКІЛІ ЫБЫРАЙДЫҢ ӘН МҰРАСЫ

Аннотация: Үкілі Ыбырайдың әншілік, сазгерлік мұрасы жайлы мағлұмат бере отырып, өлеңдеріне талдау жасалды. Оның көркемдік ерекшеліктері қарастырылды. Үкілі Ыбырай өлеңдерінің тағылымдық мәні ашылды.

Тірек сөздер: әнші, сазгер, айтыс ақыны, композитор, көркемдік.

Ақын, аса көрнекті композитор, кезінде алдына жан салмаған әнші Үкілі Ыбырай... Оның «Үкілі Ыбырай» атануының себебін «Өзім жайлы» атты өлеңінде бабамыз өзі айтып кетіпті:

“Аралап талай елдің дәмін таттым,
Сұлудың асқақ әнмен бабын таптым.

Қалаған Сәмекеден қара қалпақ,

Қос буын шекесіне үкі тақтым”, – десе қара қалпақтағы қос буын үні домбырадағы қос буын үнімен достасып, бірге үндесе желбірегендей көз тартып “Үкілі Ыбырай” атанды.

Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы осы күнгі Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданына қарасты № 5 ауылында 1860 жылы дүниеге келді. Кеңес үкіметі кезінде бұл ауыл “Өскен” деп аталды. Бұл күнде “Үкілі Ыбырай” ауылы атанарына сенімім мол. Жалғызтаудың бауырын жайлаған Жақсылық қарауылынан шыққан ақынның ата тегі Деріпсал Сәбденнен тарайды. Үкілі Ыбырайды сипаттағанда Сәкен Сейфуллин:

“Әні бар “Тәкку” деген аңқылдаған,

Аққудай айдын көлде саңқылдаған.

“Кідігай”, “Қалдырған” мен “Маңмаңкерді”,

Бірғалтса керней даусы қарқындаған”, – деп Шаляпинге теңейді. Үкілі Ыбырайдың композиторлық, әншілік мол мұрасы жайлы жазылған еңбектер баршылық, мен жыр жинағын шығарғаннан кейін ақындық ерекшеліктерін сөз етпекке бой ұрдым. Қазақстанның халық ақыны, Үкілі Ыбырайдың төл шәкірті Молдахмет Тырбиұлының айтуынша, ол алдына жан салмаған әншілігімен қатар, қай сайысқа салсаң да дес бермейтін білімдар, тапқыр,

ағынды айтыс ақыны. Оған қоса қаламгерлігі де мол, араб, парсы тілінде оқи білген, өте зерек болған көрінеді. Ыбекең хат танығаннан кейін қолына түскен кітапты жаттап аларлық өнер көрсетіпті. “Мұңлық-Зарлық”, “Қыз Жібек”, “Жүсіп пен Зылиха”, “Тотының тарауы”, “Сейфул Мәлік”, “Мың бір түн” іспеттес лира-эпостық, батырлық һәм ғашықтық жырлары мен қисса-дастандарды жатқа өз әуенімен айта білген. Әсіресе, “Ер Тарғын” мен “Мың бір түнді” әнге қосып жатқа айтуға жалықпапты. Кейде қара сырнаймен, кейде үкілі домбырасымен қоса шырқап, поэзияның желісіне қарай ән мақамының өрісін жатық үйлестіре білгені үлкен өнер. Ұзақ дастанды әндеткенде, кейде қолындағы домбырасын жерге қоя салып, тақпақтатып кетіп, отырған жерінен ілгері-кейін жылжып қызғылықты қимылдармен жалық-тырмас даланың дара әртісінше тыңдаған жанды жіпсіз байлағандай баурапты.

Жас кезінде әрлі сөз, ұлғая келе мәнді сөз, аш-ынғанда зәрлі сөз таба білген Үкілі Ыбырайдың тілінде ақындық ерекшелігінің басты арқауы жатыр. Ақынның тіл байлығы шерлі сөзі мен зерлі сөзін қоса жекеше талдауды талап ететін үлкен қазына. Ол ержүрек, тапқыр да айтқыр, тіксілтегіш қайсар ақын.

Үкілі Ыбырайдың тіл өрнегіне аздап қана назар аударсақ, оның мейірімі мен қайырымы тартып, өзгеден айырымы ашық көрініске жолығамыз. “Тәкку” деген сөздің өзі де қазақтың поэзиясы мен бүкіл тіл әлеміне алтын айдардай болып кірген ғажайып. “Үлпікер сүт бетінде балдай қаймақ”, – десе, “үлпікері” үздік тілдің белгісі ғой. “Қарақат көзді, сым саусақ”, – теңеуге жүйріктігі. “Көк зеңгір, жасыл жартас Жалғызтауым”, – дегені қандай әсем. “Қайқақтамай көтерер, досы үшін тау-тасын”, – дегені де нағыз қазақы тіл. Ал: “Бір атым насыбайдан көңіл қалар, айта бер, айтсаң сағың сынбағанға”, – дегені тереңдіктің көрінісі. Майталман ақынның қай өлеңін алсақ та, ұлттық суреткерлікті білдіретін бояуы ашық, ояу сөзді, ішкі маңызы мен айтар ойға дәлме-дәл келтіріп, тап басқыштығына қайран қаламыз. Тіл мен жаққа құр сүйену емес, өткір тілі әсем әндеріне де дәйек болып ескек желдің табиғи сыбырындай поэзия әлемін кеңейте түсуге сенімді семсер міндетін атқарды.

Ыбырайдың ақындық талантынан, әншілік дарынының да бөле жаруға болмайды. Ол алдындағы ұстаздары Біржан сал, Ақан серіге еліктеп алғашқы өлеңдерін де әнімен қоса шалқытты. Уыз туындылары ғашықтық сарында, әзіл-күлкі ауқымында дәстүрлі лириканы байытқаны анық. Қа-зақтың ежелгі салты бозбалалықтың қызығын күйттеу Ыбырайға да бастау берді. Шөбектің Мұқанының Мәлике атты сұлу қызын, бір жиында Ақан серінің ойынды басқару салты мен нұсқауы бойынша, алқа топта бірінші болып қасына өлеңмен шақырыпты.

“Бозбалаға бұл бір сын жеке-жеке,

Өркімнің қасындағы сәулесі ерке.

Бұйрығы ханзаданың екеу емес,

Жаныма келіп отыр, ей, Мәлике”, – деген өлеңі сонда туыпты. “Ханзада” деп отырғаны

Ақан сері ғой, ол кісіні ағайын ел іші әуелі “ақ жігіт” деп атап, артынан “Ақан аға” деуге көшті. Ал, бұл Мәликеге байланысты шумақтың жарық көруіне ол кезде жігіт ағасы болып қалған Ақан серінің жастардың ойынын бастап беріп, бірінші кезекті сенімді шәкірті Ыбырайға сілтеуінде жатыр. Жас Ыбырай: “Көсем қиында, шешен жиында” дегендей, көш бастап, өзі міндетін атқарыпты. Ол нағыз ішкі сенім мен қанына туа біткен жүректіліктің белгісі. Міне, сол сәтте шыдай алмай буыны босап, күміс шолпысын әсем үнмен сылдырлата, сызыла басып, сиқырлы сылқым Мәлике сұлу ашық ажарын жайната түсіп, жас ақын Ыбырайдың қасына отыра кетіпті. Сол ғажайып жастық шақ деген асыл дәурен озған сайын өлеңі де маңызданып, жанға жайлы, көңілге жылы тиер дәрежеге жете бастайды.

“Ән салып сері болып талаптандым,

Ақылын тыңдау қайда барлық жанның.

Он үш жаста ән салып ел алдында,

Жолына түспей кеттім дүние-малдың”, – деп өзінің ана сүтімен ере келген ақындық, әншілік өнеріне белді бекем бұғанын ұғымға жеңіл, жинақы тілмен осылайша қиыстырыпты.

Әкесі Сандыбайға тартып ұста болмады, немере ағасы Әбілге еліктеп саясатқа кіріспесе де, ақындықтың сұрша құсы жебеп өнер жолына сиқыр күшпен еліктетті.

А.С.Пушкиннің “Ескерткіш өзіме орнаттым келмес қолдан” деген өлеңіне шейін бірнеше “ескерткіштер” болған. Бірақ Пушкиннен кейін бола қойған жоқ. Ыбырайдың “Жиырма бесі” де заманындағы аттас өлеңдердің ең сүйкімдісі болып кең тарап кетті. Бұл күнде байтақ елдің қай түкпіріне барсақ та Ыбекеңнің “Жиырма бесі” алдымыздан шығады. Әсіресе, Қайрат Байбосыновтың және оның шәкірттерінің орындауында есту бір ғанибет.

“Гәкку” жайлы талай сырды шертер едім, бірақ әнін де, тамаша сөзін де байтақ ел түгел біледі ғой. Шынайы сезім мен шалқар шабыт түйіскенде, шықтай мөлдір шындық сырын шашпай-төкпей ашық айтудың үлгісіндей тамаша туындысы осы. Бұл өлеңі Абайдың ғашықтық тақырыбына жазылған әйгілі толғаныстарын амалсыз ойға оралтады, дана жүректердің махаббатшыл нәзік лүпілдері де алыстан ұласып жатқандай сезім білдіреді.

“Қарақат көзді, сым саусақ,
Ләбізің сенің бал қаймақ.
Жолыңа сенің сарп етпей,
Неге де керек малды айдап.
Қарақат көзді, ақ білек,
Айтайын бір сөз үлгілеп,
Қайғың алды денемді,
Жүректің басын тілгілеп.
Етің аппақ қояндай,
Қызығыңа тоям ба-ай,
Алыстан аңсап келгенде,

Не қыл деп жатсың оянбай”, – деп наздана тебіренгені ақынның жан қияр ғашыққа деген үздігіп тұрған құмарлығы, ынтықтығы һәм өзінің де осал еместігі қатар көрініп тұр. Сырт қарағанда қатандау, қысаңдау, сәл бәлсінгендей көрінгенмен: “Не қыл деп жатсың оянбай”, деудің өзінде де бал ләззаттың үзім шырынын тезірек татуға құлшынғандық жатыр.

«Алтыбасар» әнінде де ғашық болған бойжеткенге:

Ей, қалқа, талпынушы ең бала құстай,
Ауылыңа талай келдім ала қыстай.
Бір жаман мал бердім деп алар, кетер,

Тұйғыннан жем айырған қара-құстай, - деп сүйгеніне қосыла алмай, қалың малдың құрбаны болған талай қазақ қызының тағдырын суреттегендей.

Жорықта сес көрсеткен батырлардай асқақтап, ақындардың өздерін-өздері көтермелеулері дағдылы үрдіс. Ыбекең де бұл бәйгеден озық келген намыскер. Тілге тиек болар “Қайран Гәкку” деген өлеңінде:

“Қыздан да қылықтымын жүрген жерде,
Ханнан да қадірлімін туған елге.

Ақ тамақ, шұбар бауыр қоңыр қаздай,

Сала алмас “Гәккуіме” ешбір пенде”, – деп, мәреге жетерде алдына жан салмас Құлагерше еркін қарқындайды. “Ханнан да қадірлі” болса да, ел алдында қыздай тәлімді қылығын көрсетуі ұрпаққа тәлім деп білемін. Дарияның ішкі ағыстары мен сыртқы толқындары табиғи араласып жат-қандай ақынның ішіндегі қызу құйылымдар ерік бермей жұлқынып сыртқа шығады, асау толқындарға айналып бірде бұрқанып, бірде сылқым ғана сылдырлап “құлақтан кіріп, бойды алады”. Адамның жан дүниесі мен тән сезімін ашық көрсетуде Ыбырайдың өзіндік ерекшелігі бар ерен ақын.

“Қалдырған” атты өлеңі туған елге деген аманат атанған соңғы сөзіндей ел ішінде түгелдей жатталды. Осы күнде Қазақ елінің қай түкпіріне барсаң да алдыңнан шығады. Бұл өлең алғы буын ағалар мен соңғы түлек інілерді жалғастырып тұрған, өмірдің мархабаты мен мехнатын жасырмай көр-сетіп, жасы ұлғайғанда тәубеге келгендей ғақыл сөзі іспеттес татымдылығымен ел жүрегінен қоныс тепті. Одан кейін:

“Қызығың дүние өткен күн,

Кейінгі қуып жеткен күн.

Байланбаған асаудай,

Сырт айналып тепкен күн”, – деп өмірінің шуағы өтіп, шөлейтті келеңсіз кезеңдері тебірендіре бастағанын үлкен күрсініспен айта білуі нағыз шеберлік. Өйткені, “Сырт айналып тепкен” заманның зардабына қазақ халқының көніп отырғанына жаны ашиды, қиындыққа арқа жонын тосып, жауапкершілікті өз мойнына алып отыр. Бұл үлкен астарлы өлеңде түгел айтып сілкілемей, ымдап қана сілтеу бар. Бұл да үлкен ойлы ақынның азаматтығын айғақтайды.

“Жолдас болсаң жақсымен,

Терең ойлы, ақылы кең.

Кішіпейіл сыр шашпас,

Мінез, білім келсе тең”, – деп, өмірдегі үзеңгілес, сырлас, сыйлас болар жолдасың қандай болуын жырласа, мінезге білім сайлығы қажеттілігін әдемі келтірген. Бұл мың түрлі сарында ерте де, кеш те айтыла беретін тақырыптың ол кездегі поэзиямызға қосылған ойлы үлесі деп түсінерлік туынды.

Келер жылы 160 жасқа толғалы отырған ақтангер ақынның қайда жатқаны да белгісіз. Біржан сал, Ақан сері секілді өз заманының еркесі болып, әндетіп дабылдатып өтсе де ақынның өмірінің соңғы кезеңі ХХ ғасырдың отызыншы жылдары әкелген зұлматтың күрсауында өтті. Голощекиншіл «ұр да жық» белсенділердің «асыра сілтеген» әрекеттерді елді ашаршылыққа ұшыратты. Ұжымдастырудың зардабынан байғұс қазақтың жайлауында жаны, қыстауында қаны шықты. 1929-1932 жылдарғы қырғын аштықты көзі көрген ақтангер ақын ел мұңын ашық айтып, сұқ көзге түсті. Ащы тілі шымбайларына тиген ауылдағы шенділер соңына шырақ алып түсті. 1933 жылы Қазақстанды басқаруға Л.И. Мирзоян келіп, жағдайды түзей бастағанша, 1932 жылы Үкілі Ыбырай “халық жауы” атанып, атылып кетті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Тоғысбаев Б. Сужикова А. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. – Алматы: «Алматы кітап» ЖШС, 2005 - 610 б.

2 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық жинақ. – «Аруна htd», ЖШС, 2005. – 610 б.

3 Ғашықтық әндер. – Алматы: «Өнер», 1976, – 132-134 б.

ӘОЖ 371.3:792

СЕРКЕШБАЕВА ГҮЛЖАНАТ НҰРМАҒАМБЕТҚЫЗЫ

МЕРГЕН ГҮЛЖАН

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі

Көкшетау, Қазақстан

Gulzhan.mergen@mail.ru

МАҒЖАН МЕН ЖҮСІПБЕК – ЖАН ДҮНИЕНІҢ ЖИҢАНКЕЗДЕРІ

Аннотация: Мағжан Жұмабаев пен Жүсіпбек Аймауытов шығармаларындағы әйел психологизмі психологиялық мотивировка жағынан шебер суреттелген. Талант тарландарының қайсыбірінің шығармаларында болмасын кейіпкерлерінің рухани дүниесінің көңіл босатар мұнтаздай таза мұңы, сол кезеңдегі ауыр тауқыметін,

ұядай жылы да нәзік сезімін жиі ұшырата аламыз. Азаттық аңсаған жандар, адал махаббат жолында құрбан болған қазақ қыздары, бұдан да зор ауыр тауқымет кешкен қазақтың бұйығы әйелдерінің жан сезімі көркем жеткізілген.

Тірек сөздер: Рухани жан дүниесі, психологиялық мотивировка, Ақбілек, Күнікейдің жазығы, Шолпанның күнәсі, махаббат, бала, әйел психологизмі

XX ғасыр басындағы әдебиетті осы әлемдік, мәңгілік тақырыптың етек алған белең кезеңі ме дерсің?! Осы ғасырдағы талант тарландарының қайсыбірінің шығармаларында болмасын кейіпкерлерінің рухани дүниесінің көңіл босатар мұнтаздай таза мұны, сол кезеңдегі ауыр тауқыметін, ұядай жылы да нәзік сезімін ұшырата аламыз. Бірақ, олардың рухани жан дүниесін психологиялық мотивировка жағынан шебер суреттеуде барлығы да Жүсіпбек, Мағжан, Мұхтар сынды әдебиет тарландарымен тең түсе алар ма екен?!

Әдебиет сынының белді қайраткер сыншысы Бақытжан Майтановтың пікірінше: «Психологиялық мотивировка жасау үшін жазушы кейіпкер іс-әрекетінің үйлесімділігі, екінші сөзбен айтқанда, сол уақытқа, жағдайға сәйкестігі өзінің характер болмысына лайық адамның ой-өрісінің ерекшелігіне орай табылатын көркемдік шешімнің логикалық қиындығын таба білу керек. Сонда ғана оқырман қауым жазушы шығармашылығындағы кейіпкер іс-әрекетіне шүбәсіз сенеді» – дейді [1, 37].

Жазушылардың қайсыбірінің шығармасында да азаттық аңсаған бұл жандар, адал махаббат жолында құрбан болған қазақ қыздары, бұдан да зор ауыр тауқымет кешкен қазақтың бұйығы әйелдерінің жан сезімін жеткізе отырып, олардың еркіндікке жетуін өз қуанышындай көреді.

«Отан отбасынан басталады» дегендей, әйелді қоғамдық ортаның ұйытқысы ретінде танытады. Ерлер жағы өздерімен өздері, салт ат, сабау қамшымен жан-жақта жүргенде, төңірегін уыздай ұйытып, балаларын асырап, үйлік ұйымының басын құраған да – әйел. Осы әйелге теңдік бермей, күйкі халде күң қып ұстау тек бір адамға ғана емес, барлық қоғамға жасалған қиянат екенін түйіп айтады. Өйткені, адам қоғамындағы адамгершілік – ана тәрбиесінің нәтижесі. Ал, өмірде «әділет, мархабат, махаббат» деген нәрсенің атын естімеген ананың адамды адамдыққа тәрбиелеудегі өрісі қандай болмақ?! Демек, адам бойындағы жаман қылық, жат мінездің бәрі бас бостандығы жоқ, сондықтан екі үйдің арасындағы пыш-пыш өсек, ғайбаттан әрі асып ешқайда бара алмай қалған бұйығы, рухани мүгедек әйелдің сорлылығына байланысты екенін дәлелдей келе, «Әйел басындағы тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесігіңді түзе!» – деп ойшыл тұжырымдарын жасайды [2, 327].

Француздың атақты жазушысы Дюма үшін тарих жеке тағдыр тақырыбына салынған суреттерді ілегін қабырға болса, ал, Аймауытов шығармаларын оқып отырғанда, керісінше, жеке адам тағдыры – қабырға, ал, тарих соған ілінетін сурет іспеттес. «Ақбілек» романын мұқият оқыған адам кейіпкердің өмір жолы, тағдыры арқылы сол дәуірдің қалтықсыз шындығын анық көреді.

Ж.Аймауытов қазақ прозасында әлемдік әдебиетте ғана ұшырасатын үлкен жаңалық әкелді. Оның бірі – авторлық объективті, яғни, бейтарап поэзияны ұстай білді де, екіншісі, өмірдегі құбылыстарды қолмен ұстағандай суреттеп, адамның жан дүниесіндегі ой қайшылықтары мен сезім қайшылықтарына терең бойлап, психологиялық прозаның негізін салды.

Романның оқиғасы басталар басталмастан-ақ былғанышты қорлық пен зорлық көрген Ақбілектен қандай кейіпкер жасауға болатынына көз жеткізу оңай емес. Бірақ, жазушы Ақбілекті тамұқ отынан алып шығып, «жүрегін алтын легенге салып жуғандай, анадан жаңа туғандай» жанын тазартып алып келгенде, оқырман да Ақбілек тағдырына мүлдем басқа көзбен қарағандай болады. Ақбілек бейнесінің артықшылығы – оның психологиялық тереңдігінде, табиғилығында, нанымдылығында, тарих оқиға ағымында образ логикасының заңды дамып, дұрыс шешімін табуында жатыр.

Ақбілек пен жұбайы Балташтың ара қатынасы бұрынғы қазақ әйелі басында, әйел мен ердің арасында болмаған жай. Жаңа өмір әйелді осыған жеткізді, әйел мен ерді бір қатарға қойды. Кешегі жуас, бұйығы, ұялшақ Ақбілек өнерлі жастардың қатарына қосылған, тек «ақсақалдың ғана баласы емес, көптің баласы» атанды. Әрине, Ақбілектің бұл күйге жетуі оңай бола салған жоқ. Жазушы оның қайшылықты тағдырын жеңілдетпей, үлкен психологиялық образ дәрежесіне көтере білді. Қыздың ақ солдаттарының қолына түскен кездегі, қара мұртпен кездесулеріндегі жан күйзелісі романда жарқын суреттелген. Осындай күйзелістерде ол жаттың қолына түсіп, масқара болғанын намыс көріп, қатты күйініп, күйзеліп, ел бетіне қараудан жасқанып өзіне тек өлім тілейді. Бірақ, біз жас қыздың жан дүниесі тебіреніп, өмірден түңіліп, күйрей жаздаса да, болашақтан зор үміт күтіп, әділетке сенімін жоғалтпаған, тірліктің мазағына күйсе де, келер қуаныштан, қонар бақыттан үміт үзбеген адамның ақ адал жан сырын ұғамыз.

Аймауытовтың әйел тақырыбына жазған келесі шағырмасы – мазмұны мен болмыс бітімі жағынан Ақбілектен мүлдем өзгеше шығарма «Күнікейдің жазығы». «Күнікейдің жазығы» повесін оқып шыққан әрбір оқырманға Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» повесіндегі Шолпан бейнесінің көз алдына оралмауы неғайбыл.

«Күнікейдің жазығы» мен «Шолпанның күнәсі» повестері бір қарағанда тақырып мазмұнынан ұқсастық тапқанымен, ой-иірімінен күнә мен жазықтың арасында үлкен айырым жол тұрғанын аңғаруға болады. Әйел тақырыбына жазылған шығармалардың көпшілігінен өз теңіне қосыла алмай, кертартпа әменгерлікке лағнет айтып, мойнына түскен теңсіздік ноктасынан біржола құтылу жолында жүректері қан жылаған қазақ әйелдерінің мұң-зарын көрсек, ал, бұл екі шығармадағы әйелдер тағдырының жөні мүлде бөлек. Бұл екеуі де – өзі сүйген адамына қосылған ерікті, азат әйелдер. Ал, сонда бұлар бұл өмірде неге бақытсыз? «Тағдырдың әр адамға берер өз сыбағасы болады» дегендей, сол тағдырдың тағдырлас, мұңдас екі әйелге тартқан сыбағасы қандай еді?!

Шығарманың басында басты кейіпкер кедей қызы Күнікей еті тірі, пысық болып өседі. Өзінің жаратылысы ешкімнен кем емес екенін, өз көңілін бай қызына бермейтінін жазушы нақты детальдар арқылы көрсетеді. «Шешеге қарап қыз өсер» дегендей, Күнікейдің еті тірлігіне, жанарының ойнақшып тұруына шешесі Шекердің ықпалы жоқ деу мүмкін емес. Баланы іспен емес сөзбен, үлгімен емес ақылмен үйретпекші адам сорлы емес пе? Шекер өзіне құдай жұқтырмаған байсалдылықты қызына оқыды. Ал, қызы болса өсе келе оқығанды емес, көргенді тоқыды. «Бозбаламен неге өзі ойнайды?» деген сұрақ Күнікейдің ойына беки берді. Он төртке аяқ басқан соң-ақ көзі жанып тұрған Күнікей анасынан құрық әкетті. Осы кезеңге дейінгі жас қыздың сезімін:

«Ол кезде Күнікейдің бала кезі,

Сүю мен жек көруден таза кезі.

Сонда да:

Мені сүйген жігітте не арман бар?

Айтып тұрған секілді отты көзі», – деп жазушының

өзі айтқандай, осы жолдар кейіпкердің сүттей ақ, көңілі пәк, мөлдір жаратылысын білдірмей ме? [3, 235]. Мұнда авторлық симпатия бар. Қыздың сәбидей сүйкімді адалдығы, өзінің бойжеткеніне сенбей таңырқауы, жұрт алдында қысылу сезімі бар. Бірақ, заманы, ортасы, отбасы тәрбиесінің әсері жас қызды өзгертпей қоймады.

Повесть басталғанда Күнікейдің жалғыз қараңғы үйде күйзелісте жатқанын көре аламыз. Маңында ешқандай адам жоқ, иесіз қалған үйдің ішінде жалғыз ауру әйел. Неге олай, күйеуі қайда? Туған-туыс, балалары қайда? Күнікейдің серігі әйнектен ескен жел болды. Күнікей жалғыз жатқанда қос қарлығаш ел болды. Адамзатқа не болды? Күнікейден безгендей, Күнікей мәңгі өлгендей, суық топырақ көмгендей. Баласы қайда Күнікейдің «апалап» бір уақ келетін? Жұбайы қайда Күнікейдің қияметтік жолдасы? Күнікей бүйтіп жатқанда жастық қойып басына, қолынан сусын беретін. Елі қайда Күнікейдің келіп-кетіп жүретін? Жазығы не еді әйелдің...

Жазығы сол атам заманнан келе жатқан шариғат заңын бұзып, атастырған күйеуін менсінбей өз еркімен Байманды сүйіп қосылуында екен. Бірақ, сүйіп тиген жары сертін бұзып, «сәби сүйе алмадың» деп Күнікейден безіп, жаңадан үйлену қамында жүрген көрінеді. Бұл Күнікейдің тән ауруына жан ауруын жамап, жүрегін жаралайды. Дәл осы сәт Шолпанның тағдырын еске түсірелік. Шолпан кім? Ол да Күнікей сияқты өз теңіне қосылған бақытты әйел емес пе еді?! Мал орнына сатылып, сүймеген жанға жар болатын қазақтың сансыз қыздарының ішінен дараланып, өзінің сүйгеніне тиген Шолпан бастапқы кезде махаббат буымен бала керек қылмады. «Балалы болсам, әдемі өмірім бұзылады» – деп ойлайтын еді [4, 117].

Күн шығыстан ақ жібектей таң атып келе жатқан мезгілде, өзге адам сәждеге құлап, маңдайын топыраққа бұлғап, тасқа ұрып тәңірден бақытты тұрмыс, өшпес байлық, кетпес бақыт тілесе, ал, Шолпан күрсіне-күрсіне жаратқанға «бала бере көрме» деп жалынып еді. Затында баланы жек көргендіктен емес, ерімен арасындағы жібектей нәзік махаббат жібі үзілмеу үшін, сол ізгі махаббатқа басқа бір жан келіп, тап бас салмау үшін бала болмауын тілеп еді.

Жас жүректің ұйытқыған жалау тілегі қабыл болды ма? Иә, қабыл болды, өйткені Шолпан бала сүйген жоқ. Арада 3-4 жыл өтсе де, сүйген жары Сәрсенбайға Күнікейдің Байманының әрекеті түгілі, ойы да келген емес. Өз сыры өзінде жатыр ма кім білсін?! Бірақ, көрші балаларының қылықтарын, іс-әрекеттерін айтып, мәз болып келетін Сәрсенбайдың жүзін көргенде Шолпан өткен ойына қатты өкініп, жүрегі қан жылайтын. Осы түннен былай қарай Шолпанның бар тілегі бала болды. Талай түндерде өкініштен көзден ғана емес, жүректен де ыстық жас төкті. Күн сайын сәждеге құлап, тек бір-ақ тілек тіледі. Ол өмірінің мәніне айналған бала ғана болатын. Тәспіғын санап «сұхбаналлах» айтты. Бірақ, бола болмады. Шолпан өзінің бұл жолға түсу себебі, тек бала үшін екендігін ешкімге айтқан жоқ. Тіпті жанынан жақын жары Сәрсенбай да білмеді. Ауыл-аймақ Шолпанға: «пірәдар келін, пірәдар жеңге, пірәдар абысынымыз» деп те ат қойды. Үлкен де, құрбы да, бала-шаға да күлді. Бірақ, Шолпан жүрегіндегі жараны ешкімге айтқан жоқ. Теңіз терең емес, адамның жаны терең деген осы емес пе?! Не керек, жақын-жаттың ортасында жалғыз болды. Бітеу жара болып, жалғыз өртенді, жалғыз жылады, Тәңірден медеу сұрады. Бірақ та бала болмады. Бала, бала... сол бала үшін қандай ессіздік істемеді есті Шолпан?!

Күнікей мен Шолпан тағдырының екінші ұқсастығы – сол ортақ мәселе бала. Ақбілек үшін сол бір кездерде керек етпеген нәресте, тағдырлас, мұңдас екі әйел үшін қол жетпес шыңның биігінен сағымдай бұлдырап көрінуінде еді. Аспандағы ай боп көрінген сол бір сәбидің болмауы екі жас сұлудың өмірін тәрк етті. Бірақ, Шолпанның Күнікейден бір өзгешелігі ол тағдырдың дегеніне бағынбай шың биігінен бұлдырап, күлімсіреп көрінген сәбиге қолынан келген тірліктің бәрін жасап, өзіне жақындата бастағандай болды. Бірақ, бұл ананың тірлігі шариғат заңын бұзған, қисық жолмен келген күнәлі тірлік еді. Сол кешірілмес күнәнің салдарынан сүйген жарынан талақ болып, сегіз жыл айдай арманы боп кеткен жас сәбиін жарық дүниеге де әкеле алмай, өзімен бірге бақилыққа ала кетеді.

Осы шығармадағы Шолпан, Күнікей сияқты бас қаһармандардың тағдыры, мінезі, сезімі, іс-әрекеті өмірдегі көптеген таныс тіпті, бейтаныс кісілерді еріксіз еске түсіріп отырғандығымен оқырман қауымға жақындай түседі. Өзіндік мұңдылығымен, табиғилығымен мәңгі есте қалатын, өмірде көптеген прототиптері бар образдар.

Сондықтан, біз бұл шығармаларды реалистік психологизм принципін басшылыққа ала отырып жазылған көркем, шыншыл туынды деп есептейміз. Осы принцип бойынша кейіпкер жанарындағы нұр мен мұңның құлпырып құбылуын қалт жібермей, адам жүрегіндегі күйініштің табын айнытпай жеткізуде үлкен шеберлік танытқан Мағжан мен Жүсіпбек сынды талант тарландарымыздың құдіреттілігіне қалай танданбауға болады?! Бұл жазушылар – әдебиет көгінде алыстаған сайын биіктей түсетін жұмбақ та, шоқтығы биік жарық жұлдыздар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987. – 37-б.
2. Әуезов М. Адамдық негізі – әйел // Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1997. – 327-б.
3. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы, I том. – Алматы: Жазушы, 1996. – 235-б.
4. Жұмабаев М. Шығармалары, I-II том. – Алматы: Жазушы, 1996. – 117-119 бб.

ӘОЖ 811 (5Қ)

ТАСҚЫНБАЙ БЕЙБІТ НҰРЛАНҰЛЫ
СМАГУЛОВА НУРГУЛ КАИРБЕКОВНА
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан
Smaghulova13@mail.ru

С.МҰРАТБЕКОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ АУЫЛ ТАҚЫРЫБЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Аннотация: мақалада С.Мұратбековтың прозасындағы ауыл тақырыбының көтерілуі, жазушы әңгімелеріндегі ауыл адамдарының образын мүсіндеу ерекшеліктері, адами құндылықтардың көрінуі қарастырылған. Қаламгердің «Күсен-Күсеке» әңгімесіндегі Күсен бейнесі, оның адамдық болмысы, рухани жан-дүниесінің жоғарылығы жан-жақты көрсетілген. С.Мұратбековтың шығармалары Мағзом Сүндетовтың «Ұста», Д.Исабековтың «Ақырамаштан наурызға дейін» әңгімелерімен бірлікте талданған. Мақалада қаламгердің шағын жанрды игерудегі өзіндік бағыты, образ сомдаудағы суреткерлік шеберлігі қамтылған.

Тірек сөздер: ұлт болмысы, образ, диалог, көркем психологизм, рухани құндылық.

70-ші жылдары «ауыл тақырыбының» өзекті болғаны туралы көп айтылса да, пікір әр түрлі екенін байқаймыз. Жалпы қазақ прозасында, ауыл тақырыбының өріс алып, кең қанат жайып дамуына көптеген себептер бар екені анық. Кеңес үкіметі тұсындағы ұжымдастыру кезеңінің трагедиясы, оның ұлт болмысына тигізген салқыны, ұлы Отан соғысынан кейінгі әртүрлі жалаң реформалардың салдарынан туған қоғамдағы, адам өміріндегі қарама қайшылықтар ауыл тіршілігінен анық байқалған еді. Сондай-ақ ғылыми-техникалық төңкеріс процестері кеңінен құлаш ұрып, өзгеше қарқынмен шарықтаған тұста ауылдың байырғы тұрғындарының ішкі жан дүниесінде ғасырлар бойы қалыптасып қалған дегенмен ауыр әрі материалдық жағынан тиімсіз тұрмыстан «тез арада бойларын аулақ сала алмаған» өзгеше бір күйзеліс бар екенін қаламгерлер тез танығанын байқаймыз.

Сонымен қатар, бұл тақырыпқа жазушылардың ат басын бұрмай өтпеулерінің тағы бір қыры туралы жазушы С.Мұратбеков өзінің жүрек жарды сырын былай деп ақтарады: «Біздің ұрпақ кеңес дәуірінде тудық та, кеңес үкіметі қалыптастырған ауылда өстік. Тәрбиеміз де кеңестік саясаттың бағытында болды. Дүние жүзі мәдениетімен де сол саясаттың тұрғысынан танысып, сол саясат тұрғысынан бағаладық. Тоталитарлық жүйе елді діннен аластап, елді ана тілімізден айыру хаупі төнген кезде, тіліміздің негізі ауылда тұрғандықтан ұлттық қасиеттеріміздің ең жақсы дәстүрлері сақталды. Қазақ жазушыларының басым

көпшілігі ауылда туатындығы да сондықтан. Демек ұлттығымыздың ұйытқысы болған ауылға деген махабатымызда ерекше» [1].

Жазушының бұл пікірі оның өз шығармашылығының негізіне айналғанын байқауға болады. С. Мұратбеков ауыл өмірін бейнелегенде, оның тұрғындарының адамдық болмысына көп көңіл бөледі. Адами құндылықтары ұрпақ бойына қалыптастыруда ұлттың ұйытқысы ауыл тәрбиесінің орны ерекше екенін көрсетеді.

С. Мұратбеков сомдаған кейіпкерлердің ішінде өзінің адамгершілік болмысымен жоғары тұрған «Күсен-Күсеке» әңгімесіндегі Күсен бейнесі әлеуметтік салмағы жағынан күрделі бейне. Күсен ой көзімен қараған адамға комикалық герой емес, езу тартқыза отырып, еңсегі көтеретін, ойламаған жерден ойландыратын ойлы образ. Күсен өз ақшасын қалай жұмсау немесе қалай сақтау керек екенін ешкімнен кем білмейді. Бірақ ол үшін ақшадан жоғары, ақшаға сатып ала алмайтын асыл нәрселер бар. Күсен үшін адамға жақсылық жасаудан оған қуаныш сыйлаудан артық еш нәрсе жоқ. Жазушы адамгершілік проблемасын көтереді. Күсенді мазалайтын жағдай, ағыл-тегіл молшылықтың, барлық пен байлықтың кезінде көңілдің тарылуы, сезімнің жұтаң тартуы, шынайы сүйіспеншіліктің азайуы. «Қалай сонша көп үлестіріп қойдым екен», - деп көпке дейін таңдайын қағып, өкінумен болды. «Байқап-ақ ұстаған сияқты едім» ысырап кеткен ақшаға іші удай ашып жатыр. «Машина сатып алатын ақша еді-ау» - деп қояды. [2, 370]. Одан соң кейіпкер өзі сияқты шопандардың машина сатып алғандарын, орталықтан көп бөлмелі үй алғандарын есіне алады. Қызығып та, қызғанып та ойлайды. «Солар қалай жеткізеді екен? Әй, бірақ олар құсап тістей қатып жинағаны құрысын. Жә, аштан өліп, көштен қалмасаң болды да, одан артық не кеек. Балалар жетсе, әлі бәрі болады», - деп жұбатады өзін» [2, 370] деген жолдар осыған дәлел. Күсен үшін балалар ер жетіп адал азамат болса болғаны. Адалдықты, азаматтықты ешкім ақшаға сатып ала алмайды. Ол осыны түсінеді.

Өз ортасынан рухани құндылықтары арқылы жоғары тұрған Күсенді көп адам түсіне алмайды. Түсінгілері де келмейді емес, түсініктері жетпейді. Күсеннің бар мақсаты адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстау. Оның ойынша, адамдықты, азаматтықты ешкім ақшаға сатып ала алмайды. Материалдық игілік бірінші орынға шыққан заманда өмір сүріп отырған Күсеннің бұл ойы оның адамдық болмысын танытады. Себебі адам баласы байлық үшін өмір сүруге бет алды. Ал сол жолда олар көптеген рухани құндылықтарды тәрік етпек. Адам байлық үшін қызмет етіп, оның құлына айналған тұста Күсен сияқты адамдардың өмір сүруі, тіршілік етуі адамгершіліктің ешуақытта аяққа тапталмайтынын көрсетеді.

Қанша дегенмен Күсенге де бір сәт пенделік ой келеді. «Рас, колхоз басшылары, әлгі ферма меңгерушісі келіп кеткен сайын «Орден аласың» деп емеңсітіп кетеді, пендешілік-ай, десеңізші, соған кәдімгідей желігіп қалады. Көңіл түкпірінде бұғып жатқан ойына от тастаған ферма меңгерушісінің сөзіне елігіп, әрі-сәрә күйге түсіп, сан алуан жан толқынысын бастан кешіреді. Соңғы күндері бір құштарлық пайда болды, омырауына жарқыраған орден таққысы келеді. Кейде түсіне де кіретін боп жүр, орден алып соны омырауына қалай қадарын білмей жатып оянады. Сондай түстерден кейін көңілі секмденіп қалады. Апыр-ай, сол орденді Біліспай қу қағар-ау, осы, дегенде арқасы мұздап кетеді» [2, 363]. Бірақ Күсен бойындағы адами құндылықтарды осындай ойлардың бірі де жеңе алмайды. Жазушы өз кейіпкерінің рухани болмысын жан-жақты сыннан өткізген. «Ақша көрсе, періште жолдан таяр» деген мақал тегін айтылмаған. Ал Күсен қойны-қонышы толған ақша тауып отырса да, ешуақытта өз нысанасынан тайған емес. Оның айналасында ой-өрісі әртүрлі адамдар өмір сүріп жатыр. Әр қайсысы өзінше Күсенге әсер етеді. Оның да санасында кейде қайшылықты ойлар кездеседі. Бірақ әңгіме соңына дейін ол өзінің адамгершілік қасиетін сақтап қалады. Жазушы мүсіндеген Қаһарман өмір күрделілігін өз тұрғысынан түсіндіруге тырысқан суреткер мұратының көрінісі деп есептейміз. Сонымен қатар, Күсен тұлғасында халқымызға тән кеңпейілділік, мейірімділік, қонақжайлылық секілді ұлттық қасиеттер көрінеді. Әңгіме кейіпкерінің шебір өрілген болмысын ғалым-сыншы Қ. Алпысбаев былайша түйіндейді: «Күсен бейнесі Сайын Мұратбеков қаламынан туған жан айдыны мен сезім иірімінің терең тұлғасы. Шап-шағын әңгіменің бойында нар жүгіндей

салмақ жатыр. Сағыздай созар құлық болса, кішігірім роман жасауға (жазуға емес-ау) болар еді. Бүгінгі интеллектуалдық серпін мен рухани жаңғырудың мағына ғана емес, көлемге де қатысын сезе білудің өзі- таланттылық дер едік» [3, 363].

Ауыл тіршілігі, оның тұрғындарының психологиясын Дулат Исабеков те өте шынайы, әсерлі жазады. Бір ғана «Ақырамаштан наурызға дейін» әңгімесінен –ақ жазушы шеберлігі танылғандай. Бұл туындының ерекшелігі – басынан аяғына дейін езу жиғызбайтын күлкілі ситуация, сол ситуацияларда әр қырынан ашылып отыратын комедиялы образдар. Күнделікті өмірдегі адамдар арасындағы қарым-қатынастар арқылы көрінетін әрқилы мінездер, арамызда әлі орын алып келе жатқан бюрократизм, әрдайым бейпіл сөзге машықтанып кеткен әдеттер күлкі болады. Зілі жоқ, жеңіл күлкі, халықтық юмор. Бірақ көтерген жүгі ауыр. Мұның бір шеті этикамен ұштасып жатыр. Әңгіменің басталуында еңбек процесін сүйкей салды суреттегенмен, біраз мағлұмат береді. «Қызыл топырақтың астынан қос құлақ боп қылтып көрінген қоза жарықтық, бейнет атаулыны жет бетіне өзімен бірге түгел ала шығып, қыр басындағы ауыл адамдарына сонау ақырамашқа дейін ес жиғызбайды», - деген бір сөйлемге көп бейнет пен келетін мақтаның еккеннен, жинағанға дейінгі сипаты сиып тұр. Екіншіден, әңгіменің юморлық сипаты бірден оқушы назарын аударады. «Біраз уақыт өтіп адамдар есжиып, тынығып алғаннан кейін, біріне-бірі қатынап, қонақ болып, аралас құралас боп, оның арты тойға, той жанжалға, жанжал төбелеске, төбелес бітімге жалғасып», - қызықтың қызу кезеңі басталып кетеді. Падашы Кемпірбай мен почташы Отардың арасында кенеттен туған жанжалдың тарихы бір тұтанып, басылып, қайта өршіп жолдастық сотқа дейін шарықтау шегіне көтеріледі. Даудың басы Киевте оқып жатқан баласынан күтіп жүрген послыканы сұраған Кемпірбайға Отардың теріс қарап отырып «жоқ» дегенінен басталады. Комедиялық ситуация осы арада өрбиді. Құлқын сәриден сәскеге дейін күтіп ауыз ашарға дайындалып жүрген адамға жаңағы «жоқ» деген жалғыз сөз қамшыдай тиеді. Сарылып күткен послыка келгенде Отардың әртүрлі сылтау айты бере қоймауы Кемпірбайдың төзімін мүлде тауысып, жүйкесіне тиеді. Енді қатты сөздер айтуға мәжбүр етеді. Оның аузынан «қызталақ» деген сөз шыққан сәтте –ақ, сыныққа сылтау таба алмай тұрған почташы да, қыңыр кетіп, даудың аяғы акт жасаумен тынады. Бірақ араға көлденең екі адамның араласуы даудың бетін Отар мен Кемпірбайдан бұрып басқа бағыт алады. Кемпірбай послыканы алғанда тартыс бір сәт бәсеңдейді. Бірақ актіні жыртпауы жанжал отына қайтадан май құйғандай орши түседі. Комедиялық жағдай төрелік айтқан піркәншік Мүсір мен звеновой Орысбайдың арасында қызықты! Ендігі жерде екеуіне басу айтушы, алғашқы даудың себепкері Кемпірбай мен Отар боп шығады. Осылайша ситуация алма кезек ауысып, әңгіменің композициясы қызықты құрылған. Мұнда басы артық бос сөз жоқ. Кейіпкерлердің бәрі де - жасы да кәрісі де нығыздап, бұлтартпайтындай дәлелді, ұтымды ой, ұшқыр сөзбен бірін бірі матап тастайды. Кейіпкерлер сөзі де характерді ашатындай сипатта алынған. Екі жақ боп жанжал шыққан жерде жеке бастың кемшілігін айтып кету кеміс емес, олай болса ошақ басының ұрысынан қашықтамай ұсақ сөз боп шығар еді. Жазушы шындықтың бетін ашады. Мысалы, почташы Отардың мемкемедегі қызметінің сиқын Кемпірбайдың мына сөзі дәлелдейді:

- Қай, бастық мына сен бе? Өзің кетсең өрмекшіден басқа жан кірмейтін, ит байласа тұрғысыз қаңыраған қуысты кеңсе деп, өзіңді бастық деп есептейсің бе? Өзіне-өзің бастықсың ба?» [4, 366].

Осы үзіндіде Дулаттың сөзді ойната білегін, сөз қуаты орынды пайдаланатын шеберлігін «өрмекшіден басқа жан кірмейтін» деген аз сөзбен терең мағына бергенінен тануға болады. Немесе «Төреші боп төбелесіп кеткен» екеуінің өтірік куәлігін суреттегенде Кемпірбайдың сөзімен: «Өздерің үйде жатқанда құлақтарың машинада жатпаса, мен боқтап болғаннан кейін келіп едіңдер ғой» деп «екі куәнің» аузына құм құяды. Жоғарыда айттық екі жақтан жұмыстағы олқылықтарын бетіне басқан жері ұрсыс деуден көрі тіліп түсетін ащы шындық. Сынай отырып әрі ауыл тірлігін, еңбектегі олқылықтарды адам мінезіндегі әрқилы өзгеріс сәттерді, психологияны нанымды да қызықты бере білген. Әңгімеде деталь, штрихті ойната білген. Дулат Исабеков әңгімелерінде халықтың зілсіз, әзіл оспағы мен мысқыл

аралас тіл өрнегі шебер қиюласқан. Мұнда кейіпкерлер сөзі емес, баяндаушы атынан берілетін суреттемелер юморға толы. Мысалы, «жайшылықта ертеден қара кешке дейін ауыз жаппай, жатарда үйіне темір жақ боп оралатын [4, 363] немесе: «Дау қызып, екі кеңірдек», екі кетпеннің сабындай болады [4, 364] деп әсірелеп баяндаса, кейіпкерлердің диалогтері әрқайсысын мінездеп ерекшелендіре түседі. Бәрі шетінен «сен тұр мен айтайын», сөзден біріне-бірі есе жібермейді. Мысалы:

- «Отар шалқасынан түсті. Акт жасаймын», - деді. «Немене? Акт?» - Иә әкемді боқтағаныңыз үшін жауап бересіз.

- Әй, ит-ау боқтасам боқтаған шығармын. Әкең менің құрдасым,

- «Құрдас-мұрдаста шаруам жоқ, боқтағаныңыз рас [4, 366].

Осы арада жазушы ұлттық мінездің де кейбір сипатын жанап кетеді. Ол құрдас адамдардың арасындағы қатты қалжың. Ондайда біріне бірі өкпелеу емес, бірінен бірі қайткенде асып түсіп үстем болу, есесін жібермеу. Халық: «Әкесі құрдастың баласы құрдас», - дейді. Сол себепті Кемпірбай өзін кінәлі санап тұрған жоқ. Ақталмайды да, қайта кекетіп:

- «Есқара екеуіңнің шешелеріңнің қойнына акты түнеп шыққан шығар», - дейді. Мұның бәрі бірін-бірі шымшып, шымбайына бататын, бірақ астарында зілді кек жоқ, мысқыл сөздердің қуат-құдіретінен туып, шиеленіске айналса, шешуі де жайдары аяқталады. Басты тұлға Кемпірбай тіл мен жағына сүйенген пәлендей ділмар адам емес. Бірақ сөзден ұтылмайды. Парасатты, ақылды адам. Әңгімеде әсерелеу түріндегі теңеулермен қатар («темір жақ», «кетпеннің сабындай») метонимиялық бейнелі сөздер орнына пайдаланған детальдық қызметін атқарып, әрі ықшам, әрі әсерлі көрініс жасап тұр. Мысалы: «сорайған мойын мен қолағаштай мұрын, адыраңдаған көз бен қалқиған құлақтар есік, терезеден анталап тұр», - дегендегі әр адамның келбетінің көзге түсер бір сипатын ғана алып, сол арқылы әр белгілі ситуацияны, әрі кейіпкерлердің сырт пішіндері мен психологиялық сәттерін де бейнелейді. Мұнда да метонимиялық бейнелеу әрі әсірелеумен берілген. Себебі юмор жүрген жерде әсірелеудің болуы заңды да. Бірақ шамадан асқан, нанымсыздық туғызатын қалың бояу емес, сөз қуатын үдетіп әңгіменің комедиялық екпінін арттыратын. Сөйтіп, тұлғаны мүсіндеп, шығарманың идеясын айқындайды.

Қарапайым ауыл адамының тұлғасын Мағзом Сүндетов «Ұста» әңгімесінде бейнелеген. Мұнда шиеленіскен оқиға желісі, қақтығысқан характерлер жоқ. Жорабай ұстаның ұстаханасындағы бір күнгі жұмыс мерзімін алып ықшам ғана әңгімеден шынайы көрініс жасаған. Сырт қарағанда Жорабайдың еңбегі мардымсыз көзге ілінбейтін секілді, бірақ осы еңбегі арқылы ұста кеңшар өмірінде, әсіресе пішен шабу науқаны кезінде баға жетпес көмек көрсетеді. Темірді қамырша илейтін шебер ұста шілденің ыстығында, көріктің дозақтай отына күйіп, бар жан-тәнімен беріліп істейді. Ақша үшін емес, рухани қажеттіліктен. Зейнет жасынан асып кетсе де жан бағудан қашып қоғамға пайдалы мүше болуды қалайды Ауылдастарының күнделікті ұсақ-түйек жұмыстарын ақы-пұлсыз істеп бергендегі еңбегінің өтеуі солардың ризалығы мен жылы лебізі. Табиғатында біреуге қатты сөйлеп, көңіл жықпайтын Жорабай айналасына тек қана жақсылық ететін жаны дарқан, қарапайым адам. Жорабайсыз ауылдастарының да күні қараң секілді. Ол құрдасы Қоғабайдың пайдакүнем пасықтығына жаны қас. Оның жөндеуге әкелген арбасын да қолым тимейді деп бас тартады. Бірақ бұл қикарлығы ұзаққа бармайды. Қоғабайдың: «Сөзімді тастамас, тістесіп өскен санаулы құрбымның бірі деп келдім», - деген бір-ақ ауыз сөз оның жүйкесін босатып, Қоғабайдың ісін тындырып береді. Кейде осы мінезіне өзі іштей зығырданы қайнап жүрсе де, басқаша болу оның қолынан келмейді, еңбекте ысылып, қалыптасқан табиғаты, Жорабайды адалдыққа, ізгілікке жетелейді. Жорабай өмірінің толмас олқыжағы, баласының жоқтығы, жұмыстан қайтқанда: «сонадайдан үйі көрінсе де серпіле қоймайды. Домаланған ақ күшік жүгіріп шығып еркелей аяғына орала кетті. Енді міне алдына кеп аунап жатыр», - деп жазушының күшікті суреттеуінде мән бар. Шығарма бойында баласы жоқ дегенді ашып айтпай осы көрініс арқылы жеткізеді. Алдынан арсалаңдап немересі шықса келісті болар еді. Жорабайдың көп жағдайда қабағы қатыңқы болатынының да осындай себебі бар. Жазушы Жорабайдың зқайыбымен арасындағы шағын диалогтен

оның мінезінің тағы бір қырын ашады. Әйелімен сөйлескенде дөрекілеу, қатал болып көрінгенімен, екеуі бірін-бірі сыйлап ұғысқан секілді әсер қалдырады. Жұмыс басына тамақ әкелдің, - деп әйеліне ренжіген қалпы тек сырт көз, іштей оған әбден риза. Бірақ соны білдіруді теріс көреді, әйелі де оны қабағынан танып жылы шыраймен қарайды. Бұған дау айту қиын, юмор аралас шағын ғана осы диалогте екі адамның да бейнесін ашатын штрих бар.

Шынайы өмір аясында үнемі жақсылыққа жақ болып тіршілік ететін, оны ту етіп ұстап адами құндылықтары алдында жаман қасиеттердің тізесін бүктіретін замандастармен қатар басқа мақсат-мүддені алдына қойып соның жолында ұсақталып, аянышты тірлік кешіп жатқандар қаншама. Аталмыш кезең прозасының ауыр жүгін көтерген суреткерлер нысанасынан бұл жайт тыс қалған жоқ еді. Қоғам дамуын, заман ағымын өзінше түсінген, жалпақ дүниені белшесінен басамын деген кейбір шолақ белсенділер, бәрін уысымда ұстаймын деген кейбір басшылар, қайтсем жанымдағыны шалып қаламын деп жүрген пасық ойлы жандар психологиясы, тар дүниетанымдар өткір де ашық суреттеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қазақ әдебиеті. – Алматы, 2008

2 Мұратбеков С. Жабайы алма. – Алматы: Жазушы, 1981. 493 б.

3 Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары. – Алматы:РБК, 1995. 227 б

4 Исабеков Д. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1993. – 464 б.

ӘӨЖ 81.01

ТАГУДРЕТОВА БОТАГОЗ БЕЙБИТОВНА
КУЛИБЕКОВА ЖАНАР СЕИЛБЕКОВНА
ҚАМБАР АРУЖАН ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Петропавл, Қазақстан

t.bota_90_10@mail.ru

МАҒЖАН ЖӘНЕ СӘКЕН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҮНДЕСТІК

Аннотация: қазақ әдебиетінің төрінен ойып тұрып орын алатын, жарық жұлдыздары М.Жұмабаев пен С.Сейфуллиннің шығармаларын оқырман қауым тамсана, сүйсіне оқитыны белгілі. Осы ретте мақалада Мағжан мен Сәкеннің лирикалық поэмаларындағы, эпикалық туындыларындағы, өлеңдеріндегі сөз қолдану ерекшеліктері салыстырылып, үндестіктері айқындалады. Мағжан мен Сәкен шығармаларындағы лирикалық кейіпкерлердің психологиялық портреті суреттеледі. Екі ақынның шығармашылық шеберлігі мен ақындық болмысы зерделеніп, әдебиет әлеміндегі лайықты орны бағамдалады.

Тірек сөздер: лирика, поэма, эпика, өлең, лирикалық кейіпкер, психологиялық портрет, рухани үндестік.

«Қазақ әдебиетінің асыл жауһарларының ішінде бірі сыршылдығымен, бірі шыншылдығымен айрықша көзге түсетін талантты ақындардың бірі Мағжан болса, екіншісі Сәкен еді» деп айтқандай-ақ, қазақтың маңдайына біткен осындай дара тұлғалар туған жері мен елінің бостандығы жолында аянбай күресті, ақтық демі қалғанша «Алашым» деп ұлттың азаттығын алдыңғы орынға қоя білді. Екі ақынды сөз ету үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ақындардың поэзиясындағы сюжет қоюлығы, кейіпкерді сомдау шеберлігі қатар өріліп, өлең астарындағы терең мән мен мазмұн бір-бірімен астасып жатыр. Мағжан мен Сәкеннің шығармалары, ондағы лирикалық кейіпкерлер ғана емес, екі ақынның тағдыр жолы да ұқсас. Мағжан бастан кешірген қиындықтар, жазықсыз жала жабылуы да көп ұзамай Сәкеннің де басына түсен. Ақындардың «Сауықшыл есіл елім-ай, Сарыарқа сайран жерім-ай!» деп туған жері туралы жырлаған ыстық сезімдерін екі ақынның «Сағындым» атты өлеңінен көруге болады. Мағжандай ақынмен қатар тұратын сыршыл сезімге толы, қазақ

поэзиясындағы лирик ақын Сәкен де туған даласы Сарыарқаны сағына жырлаған. «Сағындым» өлеңінде:

Мал бағып, шауып ойнаған,
Үйреткен асау байлаған...
Сарыарқа сары белі бар,
Өрісті шалқар белі бар

жүрген шақтарын сағынып, табиғат аясындағы сезімнің сұлулығы мен тұрақтылығын, оны ардақтау, қадірлеу идеясын жеткізеді. Ал,осындай сыршыл ақындар - Мағжан мен Сәкеннің өлеңдерінде қандай үндестік бар? Өлеңдерінде ақын адамның ішкі сезімі қалай жеткізілген?

Мағжан мен Сәкен – елін сүйген, жерін сүйген, өз тарихын сүйген, еліміздің ірі тұлғалары.Олардың өлеңдерінен біз бұл сарындарды анық та қанық байқауымызға болады. Мағжан мен Сәкеннің көп өлеңдері түркілік сарында жазылып, ондағы мақсат тойымсыз, көрсеқызар Азияға көз салып отырған Еуропаға өздерінің қарсылықтарын білдіріп, бізде де әлі күш бар деп қорқыту. Сәкеннің «Азия» деген өлеңінде:

Сұм Еуропа! Арам, залым тас болдың,
Бүліншілік, жауыздыққа бас болдың.
Адамзатқа жол көрсеткен ерлерге,

Неге мұнша, Еуропа қас болдың?! [1, 52],- деп Еуропаға арамдыққа, жауыздыққа, бүліншілікке неге құштар болдың дегендей ашық сауал тастайды. Міне, осы өлеңі үшін С. Сейфуллинді Е.Ярославский 1923 жылы III партконференцияда теріс, астарлы пиғыл жатыр деп айыптаған болатын. Түркілер бірлігін ту еткен Мағжанда да осындай әуен жетерлік. Мағжанның «Пайғамбар», «Күншығыс», «Түркістан» деген өлеңдері Сәкеннің жоғарыда келтірілген топтамаларымен үндес.

Қисық көзді Күншығыс,
Бұл тұруың қай тұрыс?

Серпіл енді, алыбым!- деп, жақсылық атаулының бәрі де Шығыстан келмек, Батыстан торлаған қоюқара бұлтты Шығыстың жарық сәулесі ғана толқындамақ. Бұл өлеңінде ақынның туған жерге, өз топырағына, Шығысына деген ғажайып сүйіспеншілігі, перзенттік патриотизмі айқын көрінеді. Күншығысты соларға қарсы жүрелік деп үгіттеген ойынан олармен қатты ұстасқандарын көру қиын емес. Қос арыстың күнбатысқа өштеніп, олардың арам пиғылдарына қарсы үндеуі, ақындар шығармаларынан айдан анық, тайға таңба басқандай көрініп тұр [2, 30].

Қазақтың өнер – білімге жетілу, өз пайдасын ешкімге жегізбеу, жерінен айырылмау мәселелерін саяси-азаматтық лирикаларына азық еткенін көреміз. Әдебиетті қаншама эстетикалық дүние дегенмен, өмір керегін айтпаса, жазбаса әлеуметтік мәні солғын боларын екі ақынның шығармаларынан байқаймыз.Жинақтарындағы өлеңдердің тең жартысы ел тағдырына, қазақ жайына арналған.

Сәкен өлеңдері «Туған жерім, өз елім», «Нұра», «Түс», «Қазақ сабағы», «Надан бай», «Оқымаған қазақ», «Інішегіме» деп аталуының өзінен-ақ көп сырды аңғаруға болатындай. Ағартушы-демократтық ой-пиғыл жалғыз Мағжанға ғана емес, бүкіл XX ғасыр басындағы қаламгерлердің толғауларына ұқсап жатқанымен өз даусын, өз үнін, өз танымын аңғартатын сәттер жиі кездесіп жатады. Мағжан өз өлеңдерінде қазақ арасындағы әр түрлі келеңсіз мінез-құлықты, әрекетсіздік пен жалқаулықты, сауатсыздықты сынайды.Елін білім алуға,өнер үйренуге шақырды.

Қырылысып өзді-өзімен қазақ сорлы,
Жерінен аузын ашып қалып жатыр...
Жетті енді қам жер мезгіл жатпа бекер
Ойламау келешекті түпке жетер-
десе, Сәкен «Кім басшы – аға халыққа» деген өлеңінде:
Басшысы жоқ адасқан қара халықты
Кім бастайды қараңғыдан жарыққа?!-

деп қамығып келешектен үміттенеді. Өздерінше ақыл да айтады, бірақ олардың ой пікірі «Қазақ» газеті бетіндегі жалынды публицистика деңгейінде көтеріле алмай жатқанымен, ойланар тұстары жоқ емес. Оның қандай сұсты, даулы, дүбірлі болғанын 1911 – 1914 жылдарда «Айқап» пен «Қазақ» беттеріндегі жер жөніндегі текетірестерден айқын байқалып, қазақмынезімізге таң боламыз [1, 68].

Мағжан өлеңдерінде шамадан тыс қайталанып жырланатын жайлар мен әлеуметтік енжарлығы, әсіресе Қызылжардағы оқиғаға онша мән бермеуі Сәкеннің қаламына еріксіз жол бергендей. Семинарияда үш жыл бірге оқып, әлеумет мәселесінде бірге табысып, бірде кетісіп жүрген пенделердің қылтың ете қалатын мінездері шығармаларынан көрінбей қалмады. Мағжанның сол кезде шығарған өлеңдеріне көз салсаң Сәкеннің ащы сатирасына негіз болған арналарды аңғарамыз.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?

не болмаса:

Өзім - күнмін, өзім - от

Сөзім – қысық, көзімде – от

Өзіме өзім табынам.

немесе

«Дәрігер, дәрі, бақсы» деп

Алмаңдаршы мазаны.

«Тірліктен өлім жақсы» - деп

Сұраймын өзім қазаны, не болмаса, 1921 жылы 7 тамызда Александр Блок дүниеден өткен кезде жазған:

«Әйел» - идеал, кемпір – ажал.

Тұр Блокқа үңіліп.

Сөнді енді өмір,

Бітті енді жыр,

«Әйел» қалды жыр болып,- деген жолдардың қай-қайсысы болсын төңкеріс жолына түскен, әсіресе әлемдік революцияны қалаған жанға мүлдем түсініксіз болуы ғажап емес. Осы ой екпіні Сәкенге «Бір ақынның сандырағын» жаздырды. Бұл енді әншейінгі әзіл-қалжың, эпиграмма емес, саяси әлеуметтігі былай тұрсын, әдеби эстетикалық ұстаудың нақ өзі еді.

Ауру ақын

Ыңқылдайды төсекте

Блок, Бальмонт

Жастығының астында-

Иманшарты,

Әлі де әл көп,

Ақ орамал басында .

Сөйлейді шалқып

«Мен - отпын, жанамын!

Мен - отпын,

Мен - нажағай -

Мен - оқпын.

Мен - құдаймын!

Адресі айқын Мағжанды келеке етпек болған шығарма екені айдан-анық. Осындай мінез, қылық қазақ ақындарының ішінде Мағжаннан басқада кездеспейтіні тағы анық. «Үйренісіп қалған жау атыспаққа жақсы» дегендей, қазақтың екі ұлы ақыны заманның ең бір тар, қиын кезінде осылай кездесіп, ойларын ашық айтудан тартынбайды [1, 212].

Қос ақын да поэма жазудың асқан шебері. Сөз саптаулары да керемет. С. Сейфуллиннің шағын лирикалық поэмаларының ішінде «Аққудың айырылуы» мен «Лашын әңгімесі» - орны бөлек, қымбат туындылар. Өмірде сұлулықты, пәктік пен шынайы

сезімді, адалдықты ардақ тұтқан ақын осындай адамдық эстетикалық идеалын қос аққудың поэмасында паш етсе, жаралы лашын мен бала лашынның бір – біріне іңкәр сезімдерін суреттеу арқылы көркем танытуды мақсат еткен. Ақын ұғымында сұлулық, шын ғашықтық, сезім мөлдірлігі – қастерлі, асқақ қасиеттер, түсінікті болса, аққу халық түсінігінде сол сұлулық пен пәктікті танытатын қасиетті ұғымның бір өлшемі. Сондықтан да, Сәкен ақын қос аққудың махаббат күйін романтикалық биіктікте көтере жырлай отырып, сұлулық пен адамдық мөлдір сезімді, айнымас адалдықты дәріптейді, әсемдікті сезінбейтін, қасиеттіні қастерлей алмайтын сұр мергендей қатыгездікті айыптайды. С. Сейфуллиннің эпикалық туындыларының ішінде дәл «Көкшетаудай» халық арасына кең тараған жоқ та шығар. Төңкеріс ту қылған азаттық, теңсіздікті дәріптеген, идея шалғар аймақтар сияқты қазақ жеріне де әр түрлі жолмен, түрлі сипатпен, қамыртқы-қайғылы иіріммен келіп жатты. Тарихта кері шегіну жоқ десек те, бұхара қауым ізгі әлем, жұмақ дәурен үшін деп алға ұмтылғанында дау жоқ. Сәкеннің Көкшетау поэмасында Көкшенің табиғатын әсем де, бейнелі етіп суреттейді. Басты кейіпкер Абылайхан бейнесін жауыз, қатыгез, озбыр бейнесінде көрсетеді [3, 125].

М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасында Көкшетау көрінісін мұнландыра, күңіренге сыр шертеді. Көкшені аралағанда көздің жауын алатын бұл суреттерді көріп, айнытпай қалай түсірген деп қайран қаласың. Өз шығармаларында кешегі өткен батыр бабаларымыздың ерлігін жырлады. Абылай, Кенесарыны жырға қосты. Сол арқылы халқының қайратын ұштап, санасын оятуды ойлады. Поэманың оқиғасы бір кездегі қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік заманнан алынған. Сол таң-тамаша ететін пейзаж Абылайдың қонысы. Ал, Абылай хан поэмада кең ойлы данышпан, елге қорған болған хан ретінде көрінеді. Бұл поэмада қалмақ қызының аты аталады. Оқиға желісін Мағжан жай ғана баяндап шықпайды. Биік романтикалық сарынға құрылған бұл поэмада батырлық та, достық та, адамгершілік мейірім де, ашу-ыза да бар. Поэманың бас кейіпкері Баян батырдың өзі шығармада екі сипатта көрінеді. Оқиғаны баяндау барысында тау мен суды, күн мен аспанды, табиғат құбылыстарын, кейіпкерлердің көңіл күйімен, қалмақ қызының сұлулығымен астастыра отырып, поэмадағы әр түрлі характерлер қақтығысын ширата бейнелейді. Сонымен қатар, ақынның шеберлігі, өлең өрімі, сөз көркемдігі, образды суреттеу, романтикалық асқақтық тәрізді қасиеттер де поэмада кеңінен көрінеді.

Мағжанның әсіресе махаббат лирикаларының бүкілхалықтық сипат алып, жатталып кетуіне, қазақ халқының жаңалыққа құмар психологиясы қатты жұмыс істеген. Абайдан ауызданған, бірақ, тұщына алмай қалған халық Еуропалық үлгідегі махаббат өлеңін бұрын естіп, оқып көрмегендіктен бірден «жұтып қойды», ақын даңқын аспандатты. Мағжанның бұл өлеңдері оқушының көкейіне ғана емес, тілінің ұшында, зерттеушілердің оңды-солды алатын цитаттарында жүргендіктен, бірді-екілі мысалмен шектеліп, дау айтар жағына көбірек тоқтасам, шындық шырайын ашуға сепігін тигізер деп ойлаймыз.

Мағжан әйел теңсіздігі мен әйелге деген махаббатын қағаз бетіне түсіруден ешқашан жалықпаған қаламгер. Бұл тақырыптағы өлеңдерін зор шеберлікпен, сырлы сезіммен кестелей білген.

Сентиментализм әсері, әсіресе, әйел теңсіздігіне арнап жазған өлеңдерінде ұшырайды. «Домбыра», «Зарлы сұлу», «Жәмила», «Шын сорлы», «Жас келін», «Алданған сұлу» деген өлеңдерінде әйелдің халін өте ауыр көрсетіп, әйелмен мұңдасқандай, әйелді аяғандай, есіркегендей мұң бар, зар бар. «Сен сұлу» өлеңі дүниедегі бар әсемдік пен сәндікті, асыл мен ардақтыны, құмарлық пен ынтызарлықты бір ғана нақ сүйерге құрбан ету қазақ поэзиясының мәдениетін көтерудегі бір биіктік болса, дыбыстан образ жасау, өз сырын жасырмай айқара ашу арқылы орасан зор эстетикалық әсерлікке жету, сөйтіп көркем сөздің қуатын аспандата беру әрине кез-келген ақынға бұйыра беретін бақыт емес. Сондықтан Мағжан өлеңдерінің жұрт жүрегінде жатталып қалатындығы, бірінші, керемет көркемдігінен, жұтып қоярдай жұмырлығынан, екінші, физиологиялық шындығынан, әрбір жанға түсініктілігінен, адамзат тәжірибесінің ешкімге жат еместігінен.

Хор сипатты қарындас

Оттай сұлу ыстық жас
Құшақта да қойынды аш,
Бұғақтан бір сүйейін!

Соңғы шумақ болмаса лирикалық кейіпкерлерді арсыз да, бетсіз, трамвайлардағы көп халықтан ұялмай құшақтасып, шам түбінде сүйісіп тұратын бүгінгі халықтың бірі ме деп қалғандайсың [1, 198].

С.Сейфуллиннің шығармашылығында да махаббат лирикасына арнаған еңбектері орасан зор. Ақынның «Тау ішінде» өлеңін алып қарар болсақ,

Ә - әй, сүмбіл шаш,
Тәтті сөзің,
Қара көзің
Білгейсің келгенімді жалғыз өзім...

Бұл өлеңнің тарихы бойынша, 1918 жылы азамат соғысы кезінде, Сәкен тау ішінде қашып жүрген сәтінде жазған. Өлең мазмұнына зер салсақ, аталмыш өлең тек махаббат тақырыбында ғана арналмаған, табиғаттың көркем бейнесі де суреттелген [4, 50].

Мағжан мен Сәкеннің есімдері халық жадында мәңгі жатталып қалды. Сермесен семсерің, қорғансаң қалқаның болам деп халық үшін отқа түсіп, оққа ұшқан ақындар аттары айдай әлемге танылып, төрткіл дүниені шарлап кетсе де, олардың ұлылығын ұғына қалдық, таныдық, білдік дей алмаймыз. Өйткені ол ақындар – біртұтас әлем. Мағжан мен Сәкен біз үшін, бүгінгі ұрпақ үшін ғана емес, өзінің замандастары үшін де толық ашылмаған жұмбақ адам. Қос ақынның құпиясы таусылар емес. Мағжан мен Сәкен сынды ақындардың болмысын одан әрі зерттеу – бүгінгі ұрпақ еншісінде. Ұлы ақындардың есімі қашанда халық жүрегінде мәңгілік сақталатыны шүбәсіз. Мағжан мен Сәкен қазақ әдебиетінің қос шалқары. Қазақ поэзиясында өзіндік жаңашылдығы мен дәстүр қалыптастырған, соны ізденістері арқылы өзіндік өнерпаздығына ғана тән әдеби әдістер әкелген ақындар.

Мағжан мен Сәкен қазақ лирикасына сыңғырлаған нәзік әуез нәрін құйып, ұлттық рухты ұлттық сезімнен қуат алған өзгеше үнмен жырланады. Оның рухы, биік өршіл жырлары тәуелсіздіктің туын биікке желбіретер рухани күдірет. С.Сейфуллин мен М.Жұмабаев өлеңдеріндегі сөз қолдану шеберлігі екі ақын мұрасын етене жақындастырады. Сонымен қатар, туған жерге, халқына деген махаббатын жырға қосып, елге деген сағынышын білдіру, қазақ топырағындағы жырымен өрнек үлгісін паш ете отырып, махаббатын сағынышы арқылы білдіру Сәкен мен Мағжан жырларында үндестік тауып тұрғандай. Осы арқылы бізге ел мен жерді қастерлеп, қадірлеудің жарқын үлгісін көрсетіп кетті. Қос ақын біздің бетке ұстарымыз, қазақ әдебиетінің аламан бәйгесіне күдіксіз, мақтана қосар сандал керіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Кәкішұлы Т. Мағжан - Сәкен. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. –232 бет.
- 2 Өмірсейітова Н. Мағжантану. – Петропавл: 2010. - 30 бет.
- 3 Сейфуллин С. Көкшетау. Жыр дастандар. – Алматы: Жазушы, 1994.- 296 бет.
- 4 Кәкішұлы Т. Сәкен аялаған арулар. – Алматы: Атамұра, 2004.-55 бет.

ӘӨЖ 004.81: 159.9

ТАЛАСПАЕВА ЖАНАР СЕРКЕШҚЫЗЫ
БЕЙСЕМБИНА ЖАДЫРА ЖАНДОСОВНА

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Петропавл, Қазақстан

talaspaeva@inbox.ru, j.jandoskyzy@mail.ru

Ғ. МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аннотация: мақалада Ғ.Мүсірепов шығармаларының негізінде әйел тілінің ерекшелігі, мінез-құлқы, бейвербалды амалдарды қолдануы қарастырылады. Әйелдердің қоғамдағы

рөліне, мінез - құлқына байланысты қуану, ренжу, ашулану, таңырқау сияқты сезімнің әр қырынан болатын сөйлеу ерекшеліктері қарастырылады.

Тірек сөздер: әйел тілінің ерекшеліктері, әлеуметтік орта, ұлттық болмыс, рухани және материалдық мәдениет, елдің ұйытқысы.

Ұлттық тілдің ең жоғарғы сатысы әдеби тілді дамытып, жалпыхалықтық әдеби тіл үлгілерін өз шығармашылығы арқылы жетілдіретін де көркем сөз иелері екені сөзсіз. Осы орайда көркем сөз шебері Ғ.Мүсірепов прозаларының тілін зерттеу арқылы жазушының әдеби тілді жетілдіру мен дамытудағы рөлін айқындаудың, көркем туындыларындағы тілдік құралдардың көркемдік қызметтерін ашып, олардың ұлттық мәдениетті көрсетудегі рөлін анықтаудағы еңбектерінің мәні зор екендігіне көзіміз жете түседі.

Осы орайда суреткердің қазақ әйеліне тән қылық пен сөз саптау ерекшелігін жеткізу шеберлігін талдауға мән бердік. Жазушы тілінің даралығын ұлттық мәндегі сөздер мен тілдік қолданыстарды жұмсауынан, әйел адамға тән ойлау және сөйлеу қызметінің ерекшеліктерін қолдануынан анық аңғарамыз. Қоғамдық санада ерлер мен әйелдердің сөйлеу мінез-құлқындағы тұрақталған стереотиптер бар. Мәселен, ерлер сөйлегенде көбіне, ойын ашық және тура білдірсе, әйелдерде көпсөзділік басым, жанама тілек, өтінішке жиі барады. Ерлер “терезені жап” десе, әйелдер “тонып қалдым” дейді. Жыныстар арасындағы сөз қолданыстағы маңызды мәдени, психологиялық құбылыстардың бірі - бұл жеке сөздер, айтылымдар мен мәтіндердің тыйым түрінде келуі. Тыйым сөздер ұлттық мәдениетте әйелдерге қатысты болып, кейін психологиясында орнығып, тілдік қабілетінде көрініс табады [1].

Осындай ерекшеліктердің болуына орай ерлер мен әйелдердің мінез-құлықтарында да біршама айырмашылықтар болады. Сондай-ақ, мұндай ерекшеліктер олардың сөйлеу әрекетінде көрініс табады.

Ерлер мен әйелдер өмірде болып жатқан жағдайға, оқиғаға түрліше көзқараспен қарайды. Ер адамдардың әйелдерден сөз тандау, бағалау қасиеті бөлек болады. Бағалаудың, сөз формаларының түрліше болуы олардың жынысына байланысты [2,19-26 бет].

Ғ. Мүсірепов халықтың рухани және материалдық мәдениетін, салт-дәстүрін, төл тарихын, дүниеге көзқарасын, ұлттық болмысын таныту, ұлттық рухты бойына сіңіру әйел-ананың жан-дүниесінде тұтасып, жинақталғанын шығармаларына алтын арқау етіп өреді. Жазушының әйел туралы туындылары біріктірілген «Қазақ әйелі» циклі оқырмандарға Нағима, Ақлима, Күләш, Майра, Ұлпан т.б. әйел-аналар бейнесі арқылы қазақ әйеліне тән дүниетанымды танытады.

Ғ. Мүсірепов ескі мен жаңа заманның тартысын «ер мен әйел» қарым қатынасы арқылы ұлттық болмысқа сай етіп шебер бейнелейді:

Жұман ұзын қара бурыл аттан түсе қалды да, үлкен ақ үйін тіктіре бастады. Қаңтарулы аты қасында, қамшы мен шылбыр белінде. Көпей бәйбішенің қай жерден қапы кетерін аңдып, ақырып қалуға әзір отыр. Бұл мінезге он бесінен үйреніскен бәйбішесі баяу қозғалса да, бабын тауып, мін тақтырар емес [3,592].

Ерінің бір ескерткенін ендігәрі қайталанпауға дағдыланған сылаң тоқал Айғанша қысыр жыландай жүйткіп жүр. Кілем-көрпе төсеулі, күмістеткен сары ала тегене сапырулы, керектінің бәрі бар, артық еш нәрсе жоқ. Көшіп шыққаннан бергі он екі күннің ішінде (Игілік) биден бір хабар алмаса да, дәл бүгін осы арадан кездесетінін білгендей, Айғанша бәрін бапты ұстапты [3,10].

«Ер мен әйел» қарым қатынасын ұлттық болмысқа сай етіп шебер бейнелейді:

«Үйге кіре бере қара саба жарылып кетті...Адалбақан уықтың қарына дұрыс бекітілмегендіктен, Жұманға қарай құлап, бір ашасы шекесін тырнап кетті. Осының бәрі аз болып отырғандай, жиенімсіп, еркінсіп қалжақтап Сейіт келе қалыпты.

Бүгін бұл үйдің жылқышыларына да бірдеме болған сияқты. Іңір түсе қалып еді, құрық жаудырып жылқыны әлдеқайда қуып бара жатқандары естіледі...

Осының қайсысынан бастап бәйбішеге байланысарын біле алмай отырғанда, Жұманның қолына бәйбішенің өзі ілінді, қапысыз ілінді...

Ерінің ашуын алғысы келіп, өзіне ең жақын ұстайтын сауыншы әйел Күңшеге Көпей бәйбіше:

- Қол тиірменді әкеліп, құймақ жасай қойшы, - деп еді, Күңше далада ұзағырақ айналып қалып, қайта кірді де:

- Анасы-ау, қай түйеге артылып еді? Таба алмадым, - деді.

Онсыз жарылғалы отырған Жұман қол тиірмен сияқты кесек себепті құр өткізе алмай:

- Біреу жеп қойғаны да! Жұтып жібергені де! Сенің нәрсең табылушы ма еді! Қай түйеге артқаныңды қайдан білейін деп ең сен көк ми! – деп, Көпей бәйбішені орынсыз жазғырып, алқымына келіп тірелген ашуға булығып, әрең тоқтады. Аузына қай сөз түссе де, қайтарғысы келмеп еді, ашу буды да, қор қылды» [3, 19-20].

Ашу қысқан ерінің көңілін табуды ойлаған ақылды бәйбішенің бейнесін қалыпты тұрмыстық өмірді көрсету арқылы шебер суреттеген. Қазақ халқының ұлттық болмысында ананы отбасының қамқоршысы, елдің ұйытқысы, береке-бірліктің бастаушысы деп санаған.

«Ашық қара көзді, келте мұрындау, сұңғақ бойлы Айганиша кергіп-керіліп отыра да алмайтын еді. Әр кезде желе жортып үй жабдығында жүреді. Астыңғы ерні әлі шиедей қызарып тұратын жас әйел қазірдің өзінде бәйбішедей сыланатын болды. Бұл өңірде ерімен қатар отырып, тамақты бірге ішетін әйел де – осы ғана. Бар қылығы бойына жарасып тұрады деген атаққа шығып бара жатқан әйел де – осы» [3, 27]. Қазақ әйелінің бойына біткен жарасымдылық пен сұлулықтық үйлесіп келіп, қылықты, іскер бәйбішенің образын тудырады.

Жазушы «ана» концептісіне тірек болатынын «ана» сөзінің ассоциация арқылы берілуіне жиі барған. Белгілі бір ұғымды білдіруде жазушы бұрынғы тәжірибелер мен жаңадан қабылданған түсініктер арасындағы байланысты берік ұстанған. Сан ғасырлық әдебиетімізде әйел ананың жан жүйесі, сырлы әлемі, нәзіктігі мен сұлулығы, даналығы мен адамгершілігі ерекше тақырып ретінде қалыптасты.

Ал мына мысал қазақ халқының әйел мен бойжеткен қыздың көпшілік жиналған жердегі әдеп нормасының тілдік дәйегі болып табылады:

- *Ие, жай келген жоқсың зой. Апаңның дені сау ма? Ұялатын боп, бой жетіп қалыпсың зой өзің!..* – деген *Айганишаның ақырын сыбыры еміс-еміс қана естіледі де, Назыкештің бірдеме дегені күрең тақияға тағылған бір шоқ үкінің дірілінен ғана байқалады* [4, 28].

Қаламгер кейпкерлерін әр қилы адамдармен қарым-қатынасқа түсіріп, олардың өздеріне лайық философиялық ой-түйіндерін тұжырымдатады. Сол арқылы өз қаһармандарының характерін жасайды. Мысалы, - *Жоқ, Есеней, сен көлеңке күндік жерге түсетін бәйтерексің, мен сенің саяңда шырылдаған бозторғайым.* Бұл сөйлемдегі бәйтерек пен бозторғай сөздері Есеней мен Ұлпан бейнесін тағы бір қырынан аша түсетін тамаша ой өрнегі. Өмірден көргені мен түйгені мол ақнардай асыл ананың жарқын бейнесін оның тек өзіне тән ой-сана дәрежесін көрсететін салиқалы, парасатқа толы сөздері арқылы айқын аңғарамыз. Суреткердің ауыстырудың ұлғайған түрін жасаудағы мақсаты сөзді құбылту арқылы ұғымды тереңдету, ой образын үстемелей, өсіре келе оның әсерін күшейту. Әр сөздің сырын тереңінен түсініп сарабал пайдаланатын Ғ. Мүсірепов бұл тәсілді әрі ұтымды, әрі әсем қолдана білген.

Жалпы әйел адамдар ер адамға қарағанда эмоциясын ерекше білдіре алуымен қоса, оны тілдік қатынас арқылы жеткізе алу мінезімен де бөлек. Әсіресе қуану эмоциясын білдіретін вербалды және бейвербалды әрекеттердің куәсі боламыз. **Қуану** – адам мінез-құлықтарының, алған әсерінің жоғарғы деңгейі. Бұл процесте субъектіге адам жеке және эмоционалды бағасын береді. Қуану сәтінде олар ішкі сезімдерін, алған әсерін бүкпей қасындағыларға айқын көрсетеді. Адамдар арасында қуану түрлі деңгейлі, бірнеше өлшемді болады [3, 47-58бет].

Әдетте қуану кезінде әйелдер “Аллаға” ризалығын білдіріп, барлық жақсылықтың келуі соның жіберген “рахымы” деп түсінеді. Сондықтан, қуану сәтінде әйелдер **“Құдайға”, “Жаратқанға”** қатысты сөздерді жиі айтады. Қатты қуанған сәттерінде жылап та алады.

Мысалы:

–Құдай-ау, аузы-мұрнынан шығып толып тұр зой! Әйелдер екі сандыққа кезек-кезек жүгіріп естерінен танып қалды (Ғ. Мүсірепов. “Ұлпан”).

Әйелдердің қуанып жатқанын, я мұңайып тұрғанын ажырату қиынға соғады.

Мысалы: Мүсіреп келіп жеткенде Ұлпан әлі көз жасын тия алған жоқ еді.

Ықылықтап, өксіп қалады. Құдай-ау, не болды маған?...

Мүсіреп иттеріне де, қасқырға да бұрылмай Ұлпанның қасына келеді (Ғ. Мүсірепов “Ұлпан”).

Барлық жастағы әйелдер қорқыныш пен қайғыны, қуанышты еркін білдірсе, ерлер мұндай эмоцияның түрлерін жасырады. Әйел адамдар эмоцияға тез беріледі. Өз ойын бірден жеткізіп, әрдайым пікірін білдіріп отырады.

Қазақ әйелдеріне тән қасиеттердің бірі – ұялу. Ал қазақ халқы үшін, әсіресе қазақ әйеліне ұят ең алдыңғы қатарда тұратын қасиеттің бірі. Қазақ халқы қыз баласының тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Себебі әр қазақ болашақ ана, адал жар тәрбиелеу барысында қыз баланың әрбір қылығына үлкен мән берген. Өзге адамдармен тілдескенде де қыздарға ақырын сөйлеп, ер адамдарға қарсы қаратып отырғызбаған. Егер әйел адам ерсі қылық көрсеткен болса, жақсы жолға түсіру барысында **“ұятсыз”, “көргенсіз”** сөздерін тәрбие құралы ретінде пайдаланған.

Мысалы:

–Не дейді!? “Ойбай-ай, көргенсіз-ай!”

–Елімнің жер суын, бала шағасын көре жүрейін де, – деді Ұлпан даусын азғана жұмсартып. – Әрі әкетіңіз (Ғ. Мүсірепов “Ұлпан”).

– Жогал көргенсіз сотқар! – деді Ұлпан. Үй ішінде екі жерде жанып тұрған бестік шамдардың әлсіз жалыны қаша жөнелгісі келгендей есікке қарай бұлқына жапырылады (Ғ. Мүсірепов “Ұлпан”).

Ерлер мен әйелдер қоғамда болып жатқан жағдайларға, оқиғаларға түрлі әсер алып, одан әр түрлі қорытынды шығарады. Ондай ерекшеліктердің бірі – **ашулану, ренжісу, дау-жанжал, кектесу, ұрыс** кездерінде байқалады. Белгілі бір оқиғаға ашуланған кезде әйелдер қарғыс сөздерді, тұрпайы лексиканы қолдану арқылы қарсыласына тойтарыс береді. Мектеп жасына дейінгі, балабақшадағы тәрбиеленуші ұл балаларды бақылай отырып, қыздарда қорқақтық пен өзін-өзі қорғай алмаушылық әрекеті көрінеді. Олар жанама вербалды агрессияға барады. Яғни, өсек айтады, қарғыс тұрпайы сөздерді қолданады. [4, 153 бет].

Мысалы:

– Ант ұрғанның қарғысы қандай жаман еді! Қалмақ басқырдың ауылы деуге аузы қалай барады екен?

– Өз басына келсін! Жер жастанғыр балалары қандай сотқар еді!

Ұлпан келіннің амандығын тілейік. Сазайын талай тартқызар әлі!... (Ғ. Мүсірепов “Ұлпан”).

–Кет әрі, ұятсыз... Кет!– деп, жалаңаяқтарымен құмды осып, жерді тырналап жатып, басын шайқады (Ғ. Мүсірепов “Ұлпан”).

–Бұзақы, сайтан... – деді маған. Бірақ, төрт тағандап жүре алмады, қолдары бүгіліп құлай кетті (Ғ. Мүсірепов “Ұлпан”).

... –Әй залым! – деді Ұлпан. -Әй залым! Маған көрсеткен қорлығың өз басыңа келсін! Бұл дүниенікі ол дүниеге кетпейтін. Сибаннан көресің көресіңді (Ғ. Мүсірепов “Ұлпан”).

– Ойбай, ақ патсан, тимейін марыңа тимейін. Ендігәрі көз тіксем бесікте жатқан бөбегімді көрмейін! – деп аңшы Мүсіреп қарғана бастады.

Ойбай-ай! – деді. – Албасты басқыр, неғып тұрсың жүгірмей!... (Ғ. Мүсірепов “Ұлпан”).

Ашпа аузыңды, жықтыр үйіңді! Көш жайлауға! Ызаланып келген Ұлпан әр сөзімен тоқпақтай соққылап жаншып тастады (Ғ. Мүсірепов “Ұлпан”).

Торсанның бейітіне ешкім келіп құран оқымайды екен. Бұл енді қорлаудың үлкені. Бейітінде тым болмаса бір шыбық шанышқан белгі де жоқ, бет тақтайлары көрініп опырылып жатыр. Балалары әкесін көмген күні, ұмытып та болған. Осының бәрін ел Сибан Ұлпанның қарғысынан деп есептейді (Ғ. Мүсірепов “Ұлпан”).

Бұл келтірілген мысалдар арқылы әйелдердің ашуланғанда ішкі сезімдерін күшпен емес, сөзбен жеткізіп отыратындығын аңғаруға болады. Өйткені әйелдер өзге адамға күш көрсете алмайды. Ашу үстінде айтылған күш көрсетуге қатысты сөздерді күндесін қорқыту, сескендіру үшін айтады. Сөздің артында ешқандай жаман пиғыл болмайды. Бұндай жағдайлар көбінесе ұрысу кезінде жиі байқалады. Бірақ, олардың ашуы тез қайтады. Әйел заты сезімтал болып келеді. Олар қайғы-мұңдарын ішінде сақтап жүргеннен гөрі, бар құпиясын басқа біреулерге ақтарып, мұңын басып, шерін тарқатқанды жақсы көреді.

Әйел адамдар қарым-қатынасындағы тағы бір ерекшелігі – қаратпа сөздерді қолдануы. Әйелдердің қолданатын қаратпа сөздері ерлерге қарағанда өзгеше болады. Қазақ этикетіндегі қаратпа сөздер қатары мен түрлері мол екені белгілі. Әйел адам өмірінің көп бөлігін отбасы қамқорлығына, бала тәрбиесіне арнайды, себебі олар табиғи тумысынан тәрбие беру үрдісіне бейім болады. Балаға деген махаббатын, мейірімін көрсету үшін жақсы көру мәніндегі еркелету лексикасын көп қолданады.

Қазақ халқы үшін мал шаруашылығы ата-бабаларымыздың ең негізі кәсібі болғаны мәлім. Әсіресе, төрт-түлікті бағалап, ерекше құрмет тұтып, оларға қамқорлық көрсеткен. Сәбилерін жақсы көргенде, еркелеткенде малдың төлдеріне теңейді.

Төлдерге теңеудің ішінде көп кездесетіні – жылқының құлынына теңеу. Әсіресе, жаңадан тәй-тәй басқан, сәбидің жүрісі құлынның ойнақшыған шабысына, сүйкімділігіне ұқсап, ана көзіне сәби сол тайдың құлынындай болып елестейді. “Құлыным”, “ақ тайлағым” лексикасы тек еркелеткенде ғана емес, қарапайым қарым-қатынаста қаратпа сөз түрінде де айтыла береді. Мысалы:

– *Күнім, құлыным! Өкпем, жүрегім!... Шәйзанның аң-таң қалғаны сонша, әуелі шешесін тани алмай қалды. [3, 542].*

Төрт түліктің ішіндегі киелісі түйенің ботасына теңеу де жиі кездеседі. Бота өзінің бұйра шүйдесімен, маң-маң басқан жүрісімен, мөлдіреген үлкен көздерімен сүйкімді көрінеді. Әйелдер көбінесе *ботаға* қыз баланы жиі теңейді. *Ботакөз, Ақбота* есімдерін қыз балаға қою содан қалған. Мысалы:

– *Ана мен тонып қалдым, – деді. Бұл оның күндегі әдеті. Қорқамын дейді, тоңдым дейді, әйтеуір бір сылтау тауып шешесінің қасына біраз еркелеп жатып кетеді.*

– *Келе ғой, ботам – дейді Ұлпан. Біжікен келген бойы бет аузын шешесінің кеудесіне көміп жіберіп, аймалай берді (Ғ. Мүсірепов “Ұлпан”).*

Сондай-ақ қойдың төлі қозыға теңеу де көп кездесетін еркелету лексикасының түрі. Әйелдер “қозым”, “қоңыр қозым” немесе “қошақаным” деп баласын еркелете береді. Әсіресе шашы бұйра баласын “қозым” деп жиі айтады.

Ертеде қазақ халқы көкке табынған, тәңірге жалбарынған. Аспандағы жарық беретін күн, ай, жұлдыз аспан планеталары символ болған.

Аналарының “күнім”, “жарығым”, “сәулем” деп еркелетуі сәбиін тазалықтың, өмірдің нұры деп есептеуінен. Мысалы:

Қолымен жерге сүйеніп отырып:

– *Мынаны қарашы, сәулем қалай әдемі ұйықтайды, – деді. (Ғ. Мүсірепов “Ұлпан”).*

Еркелетуде бұлардан басқа әсем, қымбат асыл тастардың, оның ішінде алтынға теңеу де жиі кездеседі.

Көзінің қарашығына қатысты “қарашығым” еркелету лексикасы бар.

“Айналайын” еркелету сөзі ескі діни ырымдармен байланысты айтылады. Бұл сөз Индо-герман тұқымдас халықтардың ертедегі жырларында сиқырлау, дуалау деген мағынада қолданылған. Айналайын сөзі жақсы көру, еркелету мәнінде қалып қойған. Мысалы:

Айтолқынның бәлденіп – баптанып болуына қарамай Шынар Ұлпан тобына барып қосылып қалды. Құшақтаса кетердей өлгенше қарап келіп еді, Ұлпан да сондай күйде екен.

– Сенбісің-ей, айналайын?–деді (Ғ. Мүсірепов “Ұлпан”).

Айналайын-ай, қандай бауырмал едің!– деп Несібелі Шынардың бетінен сүйді. – Өмірің өссін, қарағым. (Ғ. Мүсірепов “Ұлпан”).

Баланың кескініне және тұрпатына қарап “кішкентайым”, “қара шұнағым”, “тәттім”, “шыбыным” деп сын-сипатын білдіретін еркелету сөзі бар.

Баласының әрбір қылықтары басқаға ұнамаса да, өзінің көзіне сүйкімді болып көрініп, әрбір жасаған қылығы үшін ана оны еркелетеді. Бұзақылығы, тентектігі өзіне ерсі көрінбегендіктен оны “тентегім”, “бұзығым” деп те жақсы көрген.

Ана жүрегі кең, ана өзінің мейіріммен, жылуымен, сөзімен өзіне әр адамды баурап алады. Ақыл кеңесімен түзу жолға салады, балаға жылы шыраймен қарағанның өзі күннің шуағына жылынғандай болады. Ана аспандағы күн сияқты бәріне ортақ нұрын шашып тұрады. Жазушы осы жолдарда ана жүрегінің кеңдігін, шексіз екенін терең бейнелейді.

Ғ. Мүсірепов әйел жанына тән көркемдік, даналық әлемін әйелдің өн бойына жинақтаған. Демек, қазақ әйелінің дүниетанымы, табиғи ұстанымдары, өмір сүру болмысы басты образ арқылы бүкіл қазақ елінің табиғатын, адамдардың түрлі қарым-қатынасын, әлеуметтік ортаның қатысымдық сипатын білдіреді. Көркем мәтінде кейіпкер тұлғасының шебер бейнеленіп, ашылуы оларды жанды әрі сенімді етіп көрсетеді, жазушы өзінің туындысындағы кейіпкерлердің шынайылығына сендіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Гордон А., Мужское и женское в языке. Интернет, [http:// babcedavka. nihny. ru/ philosophy- 013. html](http://babcedavka.nihny.ru/philosophy-013.html).

2 Крючкова Т.Б. К вопросу о дифференциаций языка по полу говорящего// Восточное языкознание, – Москва, 1976. с.19- 26.

3 Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. Үш томдық. – Алматы: Жазушы. 1980.

4 Мүсірепов Ғ. Оянған өлке. – Алматы: Роман. 1962, 592 бет.

5 Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. - Алматы, 1999, 195 б.

6 Мүсірепов Ғ. Ұлпан:Роман. – Алматы: Атамұра, 2003

ӘОЖ: 821.512.122

ТУРГАНБЕКОВА АСЕМГУЛЬ ТОКТАМЫСОВНА

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Павлодар, Қазақстан

aktogai0305@mail.ru

АЛАШ ЖОЛЫ – АЗАТТЫҚТЫ АҢСАҒАН АРМАН ЖОЛЫ

Аннотация: мақалада ХХ ғасыр басындағы қазақтың ұлттық идеясы – «Алаш» идеясы, қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы қозғалысы, ұлт зиялыларының жанкешті еңбегі әдеби-тарихи үдеріс тұрғысынан зерделенеді.

Тірек сөздер: Алаш, бостандық, еркіндік, көшбасшы

ХХ ғасырдың бас кезінде Қазақстанда әлемдегі басқа отарлық тәуелділік пен феодалдық мешеуліктің қыспағына түншыққан елдердегідей дағдарысты жағдай қалыптасқан еді. Ресейлік, әскери-монархиялық басқару жүйесінің озбырлығы, қазақ жерін орыс мемлекетінің өз меншігіне айналдыруы, соның салдарынан ішкі Ресейден қоныс

аударушылар легінің күрт өсуі, қазақ бұқарасының зорлықпен құнарлы жерлерден ығыстырылуы, дәстүрлі қазақ шаруашылығының терең тоқырауға ұшырауы, ұлттың мәдени өркендеуіне қарсы қойылған түрлі кедергілер - осының бәрі сол ауыр жағдайдың көріністері еді. Яғни қазақ қоғамына ұлт ретінде біржола жойылып кету қаупі төнді, ал оған көнбеген жағдайда өз мүддесін қорғау мақсатында белсенді күреске шығу мәселесі қойылды. Өз ретінде ұлттық мүдде үшін әрекетке көше қалған күнде қалыптасқан жаңа саяси жағдайға лайық күрес құралдарын игерген, сондай-ақ соңынан халықты ерте алатын қоғамдық саяси күшке сұраныс аса зор болғандығы түсінікті. Қазақ қоғамында ондай саяси күштің қалыптасып келе жатқанын 1905-1907 жылдардағы оқиғалар көрсетіп берді. Ол күш-сан жағынан аз болғанымен, бірақ саяси күрес қазанында қайнап, тез ысыла бастаған ұлт зиялылары еді [1, 52].

Осы кезеңде басында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатов тұрған ұлттық саяси элита жаңа өрлеу жолына түскен ұлт-азаттық қозғалысқа нысаналы сипат беру мақсатында газет-журналдар шығару, азаттыққа үндеген кітаптар бастырып тарату, мемлекеттік Дума жанындағы мұсылман, түрікшілдік қозғалыстарына атсалысу сияқты саяси күрес әдістерін игере бастайды. 1911 жылдан шыға бастаған «Айқап» журналы, 1913 жылдан жарық көріп, жалпыұлттық басылым дәрежесіне көтерілген «Қазақ» газеті, 1917-1918 жылдары жарық көрген «Бірлік туы», «Сарыарқа» газеттері ұлт-азаттық күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті[2].

Алаш қозғалысының басты мақсаты – қазақ еліне өзін-өзі басқару мүмкіндігін беретін мемлекеттік жүйе құру, яғни оның ұлттық мемлекеттікке құқы бар екендігін метрополияға мойындату, ал түбінде дербес мемлекеттікке қол жеткізу, қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударушылар толқынын тоқтату, әлемдік озық тәжірибеге сүйене отырып қазақ қоғамын жаңа өмір сұранысына сай өзгерту, демократиялық принциптерді қадір тұтумен бір мезгілде, әсіресе, білім мен ұлттық мәдениеттің өркен жаюына жол ашу болды.

Алаш идеясы – ХХ ғасыр басындағы қазақтың ұлттық идеясы болатын. Рухани-мәдени кеңістікте Алаш қозғалысы әлемге танымал жәдитшілдіктің Қазақстандағы көшбасшы бағыты еді. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес-тін. «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш». Кереге – мемлекет құрылысы, Алаш – идеология. Тоқтам осы болатын.

ХХ ғасырда қазақтың азаматтық тарихындағы ең ұлы идея - Алаш идеясы болғаны анық. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасы да – осы идея.

Алаш идеясындағы қайраткерлердің жемісті еңбек жылдары – ақыл һәм жүрек айбатымен күрескен кезеңі 1907 жылдан 1937 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты қамтиды. Тағдыр мен тарих оларға осындай мерзімді ғана қиыпты. Одан кейінгі жайы белгілі: айдалды, атылды, ресми тарихтан, ел жадынан аты өшірілді. Ұлт лидерлері шықты: Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Барлыбек Сырттан, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытов. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін осынау тұлғалардың әрбірі, бүгінгі тілмен айтсақ, мемлекет басқаруға қабілетті Президенттей еді.

ХХ ғасыр басындағы ұлттың ояну кезеңінің жалынды жаршысы, Сұлтанмахмұт Торайғыров Алаштың ардақты азаматтарына жан даусымен Алаш деп ұран салды. Ол барлық ерлерді бостандық, еркіндік, ел қамы үшін күресуге, бірігіп тізе қосуға, бір тудың астына Алаш ұранымен бірігуге шақырды. «Алаш ұраны» - Алашорданың гимні. «Алаш ұраны» - «Алаш» партиясының адамзат баласының көзі көріп, құлағы естімеген өзгерістерді өткеріп жатқан қазақтың ұраны еді.

1917 жылдың 20 наурызында Петроградтан Әлихан, Мұстафа, Міржақып «Алаш ұлына» атты мақала жолдап, онда: «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бүгін теңелдік. Неше ғасырдан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған, жауыз үкімет өзгеге қазған оры өзіне көр болып, қайтпас сапарға кетті», - дейді. Осы қуаныш лебі Сұлтанмахмұт өлеңінде де жалғасты. "Алаш ұранындағы":

Құрт аурудай жайлаған,

Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,
Елімізді лайлаған,
Ерімізді айдаған,
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы

Жасасын, Алаш, жасасын! – деп ақынның жігерлене жыр кестелеуі сол заман ақиқатын көз алдымызға елестетеді.

Алаш қауымы арасынан ат төбеліндей азаматтар суырылып шығып, болашағы бұлдыр көшпелі қазаққа бағдаршам болған еді. Қазақ халқының өз мемлекеттігін құру жолындағы қозғалысын ұлттық интеллигенция басқарды. Ол топтың басында ұлт зиялысы, публицист әрі саясаткер, патшалық Ресей Мемлекеттік Думасының мүшесі Әлихан Бөкейханов тұрған еді.

1905 жылы Мәскеуде өткен Земство және қала қайраткерлерінің съезіне қазақ халқының өкілі ретінде қатысып, сөз тигенде Әлихан Бөкейханов былай деген еді: «Мен Оралдан Алтайға дейін, Сібір темір жолы жүйесінен Омбыға дейін ірі аумақты алып жатқан төрт миллион халықтың өкілімін... бізде... қазақтілді мектептер қуғын-сүргінге ұшырауда, цензура бізді де жаныштауда. Шаруалардың бастықтары (көбісі бұрынғы ротмистрлер) іс қарағанда қазақ тілін пайдалануға жол бермейді. Қырғыздардың таяу уақыттағы ең зәру мәселесі ана тілін пайдаланудағы еркіндік, ол әсіресе алдымыздағы сайлау үстінде қажет, сондықтан мен съезден жергілікті тілдердің құқығына байланысты барлық шектеулерді қолма-қол алып тастауды ұсынған жолдастардың ұсынысына қосыламын...». 1923 жылы Әлихан Бөкейханов Дінше Әділұлына жазған хатында: «Кітап жазып, газет-журналға мақала шығарып, Алашқа қызмет қылмасақ, басқа жол бөгеулі», - дейді. Ұлттық мемлекет құру жолында жазықсыз құрбан болған Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың атқарған ісі, кейінгі ұрпаққа қалдырған аманат-мұрасы еш ұмытылмайтыны анық [3].

XX ғасырдың басында пайда болған Алаш қозғалысының ең көрнекті өкілі – Ахмет Байтұрсынұлы. Тұтас буынның төл басы болған Ахмет ұлт азаттығы жолында күрестің басшыларының бірі болды. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді. XX ғасырдың басындағы қазақ оқығандарының тәуелсіздік жолындағы күрескерлері мен зиялылары осы кітаптардан демеу алды. Халық енжар күйінен арылып, қазақ рухы көтерілер ме екен деген ұлы мақсат өз қызметін атқарды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913-1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатұлымен бірігіп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды.

Тұңғыш салихалы газет шығарудағы Ахмет Байтұрсынұлының ерекше еңбегін осынау қиын-қыстау кезеңде үзеңгілес болған әріптестері аса зор бағалады. М.Дулатұлы: «Публицист ретінде А.Байтұрсынов ешқандай қаражат қоры болмаса да, 1913 жылдың басында Орынборда шын мәніндегі тұңғыш қазақ газеті – «Қазақтың» негізін қалап, оның бетінде қазақ халқының мұң-мұқтажын батыл сөз етіп отырды», - деп шын көңілден мақтанышпен жазды. А.Байтұрсынұлы ұйымдастырған «Қазақ» атты тұңғыш бейресми ұлттық газеттің патша әкімшілігінің көңілінен шыға бермегендігін, қазақтың мұңын мұндап, жоғын жоқтаған сара жолы, өзіндік көзқарасы бар, саяси бедері айқындалған беделді басылым екенін тарих растайды [2].

Алаш арыстарының арасында есімі Ахмет Байтұрсынұловпен бірге аталатын тұлға – Міржақып Дулатұлы. Міржақып патша отаршылдығына қарсы шығып, жер мәселесін, дін мәселесін көтерген қазақтың зиялықауымының алдыңғы қатарынан орын алады. Ұлтты ояту ісінде аянбай қызмет еткен ақын Алаш қозғалысының барлық істеріне өзінің өшпес ізін қалдырған. 1909 жылы қазақ даласын дүр сілкіндірген үш кітап шықты. Оның бірі – Абайдың өлеңдер жинағы, екіншісі – Ахмет Байтұрсынұловтың «Қырық мысалы», үшіншісі –

«Оян, қазақ!» атты Міржақып Дулатұлының Қазақ елінің манифесіне айналған публицистикалық-лирикалық жинағы. «Оян, қазақты!» ел қазақтары сол кезде құрандай жаттаған еді. Міржақыптың «Оян, қазағы» оның атын алты алашқа таратты. «Оян, қазақ!» жинағы Қырым, Кавказ, Түркияға дейін тарап кетті. Осы өлеңі арқылы халқын оянуға шақырған Міржақып бар ғұмырын, білімін халқының пайдасына арнайтынын келесі жолдар арқылы да білдіреді:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты қаңқам мен сенікі, -
Пайдалан, шаруаңа жараса, Алаш!

Ресей империясының отарлық саясаты, атақонысы мен мал-мүлкінен, дәулетінен айырыла бастаған халқының мұң-зары, ауыр тұрмысы Міржақып Дулатовты саяси күрес жолына шығарды. Ол «Қазақ» газеті бетінде саяси-әлеуметтік мәселелерді көтеріп, отарлық езгі тепкісіндегі қазақ елі туралы тынбай жазып, зорлыққа қарсы тұруға, күресуге үндеді.

XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының ең жарқын өкілдерінің бірі – Мұстафа Шоқай. Мұстафа өзінің бүкіл ғұмырын, күллі қажыр-қайраты мен ақыл-ойын туған халқының ғана емес, тұтас Түркістан аумағындағы түбі бір түркі жұртының бірлігі мен тәуелсіздігі, өз алдына дербес мемлекет болуы жолындағы күреске арнады, соңғы демі біткенше: «Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат, бір мухаббат уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек!...» - деп өтті. Мұстафаның барлық ниеті – баспасөз арқылы өз елінің бірлігіне қызмет ету болған. Ол Швейцария мемлекетінің үлгісімен федерация құрғысы келген. Осы арманын шындыққа айналдыру жолындағы күресте небір қысылтаяң сәттерді бастан өткерген Мұстафа Шоқай - шетелге эмиграцияға саяси күресті жаңа жағдайда жалғастыру үшін барған түркістандық тұңғыш тұлға [2].

Алаш идеясы – қазақтың ұлттық идеясы, ұлттық бірегейлік идеясы, мәдени-рухани қайта өрлеу идеясы.

Қорыта айтсам, Алаш зиялыларының, Алаш қайраткерлерінің бізге, жас ұрпаққа, елімізге сіңірген еңбегін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Еліміздің тәуелсіздігі үшін, жерін, тілін, тілін сақтап қалу үшін өз өмірлерін құрбан еткен Алаш қайраткерлерінің еңбегі еш ұмытылмақ емес. Ұмытылмайды да. Бұл адамдардың жасаған ісі тарих қойнауында мәңгілік алтын әріптермен жазылған. Жас ұрпақтың, яғни біздің мақсатымыз енді осы ақтаңдақтар аңсаған тәуелсіздігімізді баянды ету, еліміздің, жеріміздің барынша жайнап, жарқырап дамуына титтей де болса өз үлесімізді қосу. Алаш қайраткерлерінің рухына тағзым ете отырып, олардың ерлігі жадымызда мәңгі сақталатынын, олардың жасаған істері әлі талай зерттеулерге негіз болатынын айтқым келеді. Бұл бір күннің немесе бір жылдың жұмысы емес, ғасырдан ғасырға жалғасын табатыны сөзсіз.

Алаш туы астында,
Күн сөнгенше сөнбейміз.
Енді ешкімнің Алашты
Қорлығына бермейміз!
Өлер жерден кеттік біз,
Енді мәңгі өлмейміз!

Жасасын, Алаш, жасасын! – деп ұрандаған Сұлтанмахмұттың өлеңі де алаш қайраткерлерінің мәңгі өлмес бейнесін санамызға бекіткендей. Алаш зиялыларының арманы қазіргі таңда толық жүзеге асты. Тәуелсіз қазақ елі бірқатар жетістікке қол жеткізді. «Мәңгі ел» идеясымен қаруланған мемлекетіміз Алаш зиялыларының жүзеге асыра алмаған идеяларын өміршең етуде.

Алаш арыстарының әдебиет саласында да қалдырып кеткен мол мұрасы – бізге қалған мирас. Ол шығармалардың барлығында қазақ деген халықтың қамын ойлаған арыстардың көкірек шері, ұлтқа деген махаббаты, азаттық идеясы көрініс табады. Бұл шығармалар арқылы біз ұлтжандылықтың дегеннің не екенін терең түсініп, елі үшін, жері үшін жанын құрбан еткен азаматтардың осы саладағы теңдессіз еңбегін көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2004.
- 2 «Аңыз адам» журналы. №24, желтоқсан, 2014ж.
- 3 Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Көп томдық. 4-том. – Астана: «Астана полиграфия» АҚ, 2007

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ

ӘОЖ 81'373.2

БАЙЫСХАН АРАЙ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ai.kz.best@mail.ru

МИФОНИМ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖІКТЕЛІСІ

Аннотация: мақалада тіл біліміндегі мифоним ұғымына берілген анықтамаларға талдаулар жасалады. Ғалымдардың мифонимдерді өзіндік ерекшеліктеріне қарай жіктеулеріне тоқтала отырып, әрқайсысына тән ерекшеліктер айқындалады. Мифоним терминінің ішінен бөлініп шығатын мифоантропоним, мифоперсоним, мифотопоним, мифоуосмоним мифозооним, мифофитоним секілді терминдердің әрқайсысының мағыналық ерекшеліктеріне түрлі мысалдар арқылы түсінік беріледі.

Тірек сөздер: лингвистика, ономастика, мифоним, миф, мифоантропоним, мифоперсоним, мифозооним, мифокосмоним, мифотопоним, мифофитоним

Қазақ халқының өзімен бірге жасасып келе жатқан қазыналарының бірі – аңыз-әңгімелер және мифтер. Бұлар есте жоқ ескі замандарда пайда болып, әрленіп, түрленіп, бірақ жоғалып кетпей бүгінгі күнге жеткен. Аңыз-әңгімелер мен мифтерден халқымыздың тұрмыс-тіршілігі мен өмір салтын, дүниетанымы мен ұғым-түсініктерін тануға, солар арқылы ұлтымыздың бет-бейнесін, болмыс-бітімін байқауға болады. Сонымен бірге аңыз-әңгімелердің барлығында белгілі дәрежеде шындық жататыны белгілі. Әрине, ғасырлар бойы айтыла-айтыла келіп, ол шындықтың бүркемеленіп көмескіленіп келетіні де рас. Кейде, тіпті бір ғана аңыздың өзін әркім әр жаққа тартып, өз жеріне, өз ата-бабаларына қарай бұрмалап, міншіктеуге тырысатын жағдайлар да ұшырасады. Сондықтан болар, бір ғана аңыздың бірнеше нұсқалары кезіксе, оған таң қалуға болмайды [1,687]. Сонымен қатар бұл аңыздар бізге мифонимдерді жеткізуші бірден-бір дереккөз болып табылады. Мифонимдерді дұрыс түсіну үшін біз әрине миф ұғымына жүгінеміз. Миф ұғымын алғаш ғылыми тұрғыдан қарастырған С.Қасқабасов: «осы күнге дейін біз қазақ фольклорында миф жанры бар деп

айтпаппыз. Көбіне мифологиялық түсініктер, мотивтер, кейіпкерлер бар деп жалпылама түрде айтып, сырғып өтеді екенбіз. Оның басты себебі, біздің ойымызша, миф жанрын европалықтарша түсінгендіктен. Әдетте миф десе ойымызға ежелгі Греция мен Римнің тамаша әңгімелері түседі. Міне, сол өлшемнен келеміз де, қазақ фольклорында миф жоқ дейміз, тіпті бар ма екен деп іздемейміз», – деп миф жанрының әлі де жұмбақ жақтары көп екенін атап көрсеткен. Ғылымда мифке берілген анықтама өте көп. Анықтамалардың көпшілігі антика дәуіріндегі дамыған мифологияға арналған және мифтің атқаратын қызметіне (түсіндірмелі, психологиялық, әлеуметтік т.т) оның дінмен, өнермен, философиямен, әр түрлі ырымдармен, ертегімен және эпсана-хикаятпен арақатынасына байланысты негізделген. Егер анықтаманы жиынтықтап айтсақ, үлкен екі топқа бөлінеді: біріншісі – миф дегеніміз дүние туралы фантастикалық түсінік, әлемде билік жүргізетін құдайлар мен рухтардың ғажайып образдарының жүйесі (системасы), екіншісі – миф дегеніміз құдайлар мен алыптар жайындағы ауызекі әңгіме [2,71]. Бұл анықтамадан біз мифонимдер деп тек қиял-ғажайып образдарды танимыз деген ой қалыптаспауы керек. Себебі кез-келген мәселеге байланысты көзқарастар әртүрлі болып отырады. Мысалға, Әбдуәли Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздігінің» «Қоғам» бөлімінде миф ұғымына «көне дәуірдегі адамдардың дүниенің пайда болуы, табиғат құбылыстары, құдайлар мен ғажайып батырлар туралы шығарған аңыздары» – деп анықтама береді. Алайда оны діни мифтер, қиял-ғажайып мифтер, космогониялық мифтер деп 3 топқа жіктейді. Бұлайша жіктеудің ерекшелігі космогониялық мифонимдермен байланысты болып тұр. Себебі халықтың сонау ерте кезеңдердегі дүние құбылыстарына, олардың жаратылыстарына деген қызығушылығының нәтижесінде түрлі мифтік әңгімелерге арқау болып туындаған космогониялық атаулар әрине мифонимдер құрамына кіреді. Ғалым өзінің аталған еңбегінде бірнеше мифонимдерге талдау жасап, оларға анықтама береді. Мысалға, қазақ халқының түрлі мифтерінде жиі кездесетіні «мыстан кемпір» атауын алып, оның сыртқы бейнесін сипаттап береді [3,711].

Ендігі кезекте мифонимдерді жүйелеу мәселесіне келсек, алғаш болып мифоним ұғымына теориялық анықтама берген А.В.Суперанскаяның пікірі бойынша, оған шын мәнінде ешқашан болмаған адам, жануар, өсімдік, халық, географиялық және космографиялық нысандардың атаулары кіреді. Оның ішінде саяси діндер мен демоницияда (жоғары және төмен, мейірімді және қараниет сынды түрлі рухтардың атаулары) жарқын көрініс беретін теонимияның (құдай атауларының) орыны ерекше. Дегенмен ғалым мифонимдерді антропонимдік атауларға ұқсас кейіпкерлер мен титандар атауы, антропонимия мен теонимияның арасында аралық жағдайда тұрады деп көрсетеді. Мифологиядағы атаулар, мифологияның өзі тәрізді адамзат тарихының алғашқы кезеңін зерттеушілер үшін айтарлықтай қызығушылық тудырады. Себебі бұл кезде адам өзін қоршаған ортадан әлі толық ажыратпаған, анимистикалық танымда болған еді. Ол өзін қоршаған заттардың бәрінде адамға ұқсас жан бар деп ойлады. Бұған қоса жан материалдық тұрғыда шынайы болып елестеді; оның өзі тиесілі затқа сәйкес пішіні, кескіні болды. Осыған сәйкес фетишизм – заттарға немесе олардың ғажайып күшіне деген сенім, зоолатрия – жануарларға табыну, терротейзм – жануарларды пір тұту сынды алғашқы діни көзқарастар пайда болды. Суперанский өз еңбегінде мифоним ұғымын теориялық тұрғыдан жан-жақты аша отырып, аңыздар мен мифтерде осы өмірде ешқашан болмаған, бірақ оның осы өмірде бар екеніне адамдар еш күмән келтірмеген заттар мен кейіпкерлер өте көп кездесетінін айтады. Осындай атау ретінде Өмір ағашы, Жақсылық пен жамандықты тану ағашы сынды мифофитонимдерді келтіреді [4,185].

Бұндай классификация жасау Н.В.Подольскаяның «Словарь русской ономастической терминологии» деген еңбегінде де кездеседі. Ғалым мифонимдерді мифоантропоним (нақты өмірде кездесуі мүмкін адам бейнесіндегі кейіпкерлер аты), мифоперсоним (тек мифтерде кездесетін қиялдан туған кейіпкерлер аты), мифотопоним (адам болуы мүмкін деп елестеткен құбылыстар нәтижесінде туындаған географиялық нысандардың атаулары), мифозооним (шынайы өмірде кездеспейтін, адам танымында болуы мүмкін тіршілік

иелерінің атауы) мифофитоним (факт жүзінде жоқ, тек адам қиялында туындаған өсімдіктер атауы) сынды топтарға жіктейді. Теонимдерді ғалым жеке алып қарастыра отырып, оның себебін кез-келген мифте, әсіресе ертегілерде құдай атаулары кездеспейтінімен түсіндіреді. Теонимдер жалқы есімдер арасында ерекше категория құрайды дейді ғалым. Еңбек сөздік ретінде жазылғандықтан ғалым «М» дыбысынан басталатын терминдер құрамында мифоним, мифоантропоним, мифоперсоним, мифотопоним, мифозооним, мифофитоним атауларына анықтама береді. Мысалы: мифоним (мифологиялық жалқы есімдер) – мифтердегі, эпопеялардағы, ертегілердегі ономастикалық кеңістікті құрайтын кез-келген салаға байланысты атаулар деп көрсетілген. Ол грек тілінен *mif* – миф, ертегі және *onim* – атау сөздерінен құралған. Н.В. Подольская мысал ретінде Гомердің «Илиада» дастанында Ахиллес соғысқа шығар алдында, оның атының тілге келетінін айтып, бұл метафора да емес, мысал да емес миф дейді. Себебі ат сөйлеу қабілеті мен ақыл-ой қабілетіне ие болады [5,84]. Және мұнда кездесіп отырған Ахиллес атау ретінде мифоним.

Мифология саласына байланысты алғаш болып жазылған ғылыми еңбектердің бірі 1990 жылы Москвада басылған «Мифологический словарь» атты энциклопедия болды. Энциклопедияда әліпби ретімен мифологиялық туындыларда кездесетін онимдерге анықтама беріліп, туыстас тілдердегі ұқсастықтары мен айырмашылықтары сөз боған. Мысалға, Жалмауыз кемпір атауына назар аударсақ – қазақтарда, қырғыздарда (желмогуз кемпир) қарт кемпір бейнесіндегі, сирек жағдайда жеті басты шайтан. Жалмауыз кемпір – адамжегіш, балаларды ұрлаушы; ол су бетінде өкпе болып жүзіп жүреді де, адам жақындаған кезде жеті басты кемпірге айналып, ол адамды қинап, ұлын беруге мәжбүр етеді (Ер Төстік ертегісі) Жалмауыз кемпір туралы сюжет мыстан кемпір туралы ертегілерге ұқсас болып келеді де, көбіне жаратушы ана туралы мифке барып саяды. Бұл кейде шаман-сиқыршының, әулет отығының иесінің, «өлілер әлемінің» өкілі ретінде, қамқоршының және белгілі бір зат немесе құбылыстың иесі кейпінде де көрінеді [6,212].

Ал қазақ тілі ғылымында мифология саласын зерттеуге 1992 жылдан бастап алғаш қадам жасалды. С.Қондыбай осы жылы «Қазақ мифологиясына кіріспе» деген еңбегін жариялады. Бұл еңбек 2005 жылы орыс тілінде «Казахская мифология. Краткий словарь» деген атпен қайта басылды. Мұның ерекшелігі қысқа әрі нұсқа, сөздік үлгісінде берілген. Арғы қазақтардың тарихын және қазақтардың мифтік шығармашылығын 3 кезеңге бөліп көрсеткен. Сондай-ақ еңбек 2008 жылы «Қазақ мифологиясына кіріспе» деген атаумен толықтырып, қайта жаңартылып басылды. Бұл еңбектің алдыңғы сөздікпен салыстырғанда басты құндылығы сол қазаққа тән мифтік кейіпкелер мен мифтік танымға байланысты атауларға анықтама, түсінік берілген. Мысалға, Түлен атауына берілген анықтамаға назар аударсақ: «Қазақ тіліндегі «түлен түрту» деген сөз тіркесінің жын-шайтанға қатысты айтылуына қарап, мифтік реконструкциялауға болатын ұғым, яғни Түлен – белгісіз сипатты мифтік кейіпкер. Қосымша ретінде саха-якут тіліндегі «түлүөн» - «қырсық, әбігер» сөзін келтіруге болады» [7,46].

Тікелей ономастикалық мақсаттағы еңбек болмаса да 2002 жылы басылған «Қазақтың мифтік әңгімелері» атты еңбекте мифтік туындылардың космогониялық мифтер, тотемдік мифтер, антропогондық мифтер, эсхатологиялық мифтер [8,3-8] сынды топтарға бөлінетіндігі туралы айтылып, әр қайсысына қысқаша түсінік берілген. Бұл жіктеліс кейінгі біздің классификациямызға қажетті материал болып отыр. Еңбектің тағы бір құндылығы мифтік аңыздардың 21 тақырыптық топқа бөлініп берілуінде.

Мифология саласына байланысты келесі бір құнды еңбек 2003 жылы Москва қаласында басылған «Мифы народов мира» атты энциклопедия. Еңбек 2 томнан құралған. Әліпби ретімен мифтік туындыларда кездесетін онимдерге тілдік тұрғыдан анықтама берілген. Мысалға, **Мыстан кемпір** – қазақ мифологиясындағы сұрықсыз жалмауыз. Мыстан кемпір барлық батыр қаһармандардың жамандыққа ұшырауының себепкері ретінде, балаларды ауыстырып жіберу, сайыс кезінде желаяқты алдау арқылы озып кетпек болу, жер асты патшалығындағы тұтқындарды жалмап жіберу сынды оқиғалармен көрінеді. Мыстан кемпір (жалмауыз кемпір де солай) туралы танымның соңғы кезеңі қамқор ана бейнесіне

келіп саяды. Мыстан кемпір бейнесі негізінен қиял-ғажайып ертегілерде сақталған. Қырғыздарда мыстан кемпір – бес адамның қанын сорған, кәрі кемпір, жын-перілердің қатарынан шыққан кейіпкер. Мыстан бейнесі бұдан өзге Шығыс сiбір татарларының (мус-кортка) және Қалмақ АССР-нда тұратын татарларының (мустан-башлык), сондай-ақ өзбектердің (мастон-камфир) қиял-ғажайып ертегілерінде кездеседі [9,189].

2006 жылы Алматы қаласында К.Ғабитханұлы «Қазақ мифологиясының тілдік көрінісі», – деген еңбегін жариялады. Еңбекте мифология саласына байланысты онимдік атауларға сай талдау көп кездеспесе де, лексикалық қорда мифонимдердің алатын орны ерекше екені атап өтілген. Сонымен қатар «Абжыландай арбады» тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы Абжылан атауына тілдік талдау жасалған [10,83].

Мифология саласы ғылыми тұрғыдан енді ғана қолға алына бастағанын қазақ ономастикасының даму жолынан-ақ көріп отырмыз. Ж.Ә.Айтмұхамбет 2010 жылы «Мифтің поэтикадағы қызметі» деген еңбегінде мифология саласына байланысты құнды пікірлер келтірсе, 2013 жылы «Мифопоэтика» және 2016 жылы Астана қаласында жарық көрген «Миф. Мифология. Мифопоэтика» атты монографиясында бұл деректерді толықтыра түседі. Автор өз еңбегінде «Мифология – барлық халықта өткен адамзат сана-сезімінің алғашқы тарихи формасы... Тұрпайы көзқарас ықпалынан өту кезеңінде ғылым адамзат дүниесіне мифология деп аталатын ауқымды әрі жан-жақты құбылысты алып келді. Бұл – әлем халықтарына түгел қатысты адамзат санасының өте ерекше қабаты. Бұл қабат қазақ халқының рухани мұрасында ерекше байқалады. Оның іздері фольклорда, ескі аңыз-әңгімелерде, тілде сақталған» – деген тұжырым жасаған [11,7]. Сонымен қатар еңбекте қазақ мифологиясында жиі кездесетін мифтік қаһармандар мен адамзат танымының алғашқы баспалдағы саналатын әлемді үштік құрылымда елестетуге байланысты туған топонимикалық атауларға көбірек тоқталған. Фольклорлық туындылардан көптеген мысалдар келтірілген.

Келесі бір құнды еңбек 2016 жылы жарық көрген «Қазақтың мифтік кейіпкерлері» – деген еңбек. Бұл еңбектің басты ерекшелігі мифтік кейіпкерлерді сипаттайтын мәтіндер мен фольклортанушы ғалымдардың тұжырымдары негізінде жасалған талдаулар енгізілуінде. Сонымен қатар мифтік әңгімелер мазмұны жағынан, кейіпкерлердің оброздық ерекшеліктері жағынан олар: тотемдік кейіпкерлер, шамандық кейіпкерлер, демонологиялық кейіпкерлер, хтоникалық кейіпкерлер, ілкі қаһармандар, трансформацияланған кейіпкерлер сынды бірнеше топқа жіктелген [12].

Біз осы жіктеулерге, басқа да ғалымдардың анықтамасына сүйене отырып мифонимдерді төмендегідей мағыналық топтарға жүйелеп отырмыз.



Кесте -1

Бұл жіктелістерге толығырақ тоқталып өтсек:

1. **Мифоантропонимдер** ұғымын кең көлемде алып, оны бірнеше шағын топшаларға бөлдік. а) Мифоантропоним (шағын топша атауы ретінде) – адам өзі шынайы өмірде болады деп елестеткен оброздар негізінде қалыптасқан мифтерде, мысалдарда кездесетін адамзат атауы [5,84]. Бұған біз Күнікей, Ертөстік, Бапы хан, Алпамыс сынды кейіпкерлер мен ерекше қабілетке ие Таусоғар, Желаяқ, Саққұлақты енгізіп отырмыз.

ә) **Мифоперсонимдер** – тек мифтерде, мысалдарда, ертегілерде кездесетін ғажайып кейіпкерлер атауы [5,84]: Бекторы, Жалмауыз кемпір, Мыстан, Жезтырнақ, Албасты, Төбекөз, т.б. (*Жезтырнақ – қазақ мифтерінде сұлу әйел бейнесінде келетін жез мұрынды және жез тырнақты зұлым шайтан. Жезтырнақтың жойқын күші және өте қатты дауысы бар, өз айқайымен ол құстарды және кішкентай жануарларды да өлтіріп жібереді. Жезтырнақты жеңген аңшылар жайлы мифтер сақталып қалған. Соның біреуі бойынша кеш қарая аңшылар отының басына аңшы тамақты бөліп жеуге шақыратын жас әйел шығады. Тамақ ішу барысында оның қолын жеңімен жауып отырғанын көрген аңшы алдында отырған жезтырнақ екенін сезеді. Ол кеткен соң аңшы от басына бөрене тастап өз киімімен жабады да, өзі қаруын алып ағаш басына шығып кетеді. Түнде жезтырнақ қайтып оралып бөренені шаба бастағанда аңдып отырған аңшы көздеп тұрып шайтанды атып түсіреді. Осыған ұқсас мифтер қырғыз халқында да джез тырмак немесе джез тумшук деген атаумен жиі кездеседі. Ұқсас оброздар түмендіктерде (шулбус) және буряттарда (му-шубун) бар*) [6,212].

б) **Пірлер**: Ерте заманда қазақтар кез-келген заттың, малдың да пірлері болады деп ұққан. Мысалы, қойдың пірі – Шопан ата, түйенің пірі- Ойсылқара, жылқының пірі – Қамбар ата, сиырдың пірі – Зеңгі баба, қойдың көсемі – Сексек деп білген. Міне, осы пірлерге сиынып, малының көп болып өсіп-өнуін тілеген [13,297]. Сол сияқты өзге де жаратылыстың пірлері Ұмай ана, Баба түкті Шашты Әзиз т.б

2. **Мифотопонимдер** – адамзат шынайы бар деп елестеткен жер-су атаулары [5,84]: Сорқұдық, Шыңырау, Сумер тауы, Сүткөл, Тамұқ, Ұрмая (*Кәусар - (арабша мол), мұсылман мифологиясындағы жұмақта ағатын бұлақтардың бірі. Құранды зерттеушілер әдетте оның суы «қардан ақ және балдан тәтті» – дейді. Құранның ескі нұсқасында алтын көпірлердің арасында тұңғықта ағатын рубиндер мен інжулерге малынған су. Тағы бір нұсқа бойынша жұмақтағы барлық өзендер Кәусарға келіп қосылады*) [6,277].

3. **Мифокосмонимдер** - аспан денелерінің атауларының шығуына байланысты қалыптасқан атаулар. Мысалға: Үлпілдек, Қыран. (*Ертеде Қыран атты жігіт пен Үлпілдек деген қыз көңіл жарастырмақ болып келе жатса, алдарынан Жетіқарақшы шығып қызды ұрлап, ешкім жете алмасын деп, көкке алып кеткен деседі*) [14].

4. **Мифофитонимдер** –адам санасында болуы мүмкін деп саналған мифтік қасиетке ие өсімдік атаулары [5,84]: Зәулім бәйтерек, Көктікен, Бақыт ағашы

5. **Мифозоонимдер** –а) шынайы өмірде кездеспейтін жануарлар атауы [5,84]. Жеті басты айдаһар, Абжылан, Кер Балық, Жұтпа, Делбеген

ә) **Мифогиппонимдер**: Мифтерде кездесетін жылқы атаулары. Хангил, Шалқұйрық, Тайбурыл, Пырақ т.б. (*Аршындап Бурыл гүледі. Тау мен тасты көрмеді, Табаны жерге тимеді*) [15,33])

б) **Мифоорнитонимдер**: Мифтерде кездесетін құс атаулары. Самұрық, Құмай, Қарақұс т.б (*Сол сәтте көк төсінде ұшып келе жатқан екі құсты – Ұмай мен Құмайды көреді*) [8,24].

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. – Алматы: Сардар баспа үйі, 2013. Т.2: Қоғам, – 728 б.
- 2 Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
- 3 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. – Алматы: Сардар баспа үйі, 2013. – 728 б.
- 4 Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. Ответственный редактор Реформатский А.А. – Москва: Просвещение, 1973. – 363 с.
- 5 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва:Наука, 1988. – 191 с
- 6 Мифологический словарь/ Гл. ред. Е.М.Мелетинский. – М.: Сов. М 68 энциклопедия, 1990. – 672 с.
- 7 Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы:Арыс баспасы, 2008. -376 бет.
- 8 Қазақтың мифтік әңгімелері. – А.,: Ғылым ғылыми баспа орталығы, 2002. – 320 б.
- 9 Мифы народов мира. Энциклопедия. Том 2. – Москва:Большая Российская энциклопедия, 2003.
- 10 Ғабитханұлы К. Қазақ мифологиясының тілдік көрінісі. – Алматы: Арыс, 2006. –168 б.

- 11 Айтмұхамбет Ж.Ә. Миф. Мифология. Мифопоэтика: Монография. – Астана: Фолиант, 2016. –184 б.
- 12 Қазақтың мифтік кейіпкерлері/ Құрас. С.Итеғұлова – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2016. – 276 б.
- 13 Ел аузынан: Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. Құраст. Б.Адамбаев, Т.Жарқынбекова. Әдеби өңдеп, баспаға әзірлеген Ә.Шынбатыров. – Алматы: Жазушы, 1989. – 368 б.
- 14 Жүністегі К. Жұлдыздар қазақы танымнан неге алыс жатыр // Егемен Қазақстан. – 2005. № 55-58. – 5 б.
- 15 Бабалар сөзі: Жүз-томдық. – Астана:Фолиант, 2006. Т.35: Батырлар жыры. – 392 б.

ӘОЖ 821.512.122

БАЛГАРИНА БОТА АШИМОВНА
ТАЛАСПАЕВА ЖАНАР СЕРКЕШОВНА
ЕСМАТОВА МЕНДІҚЫЗ ТІЛЕУЖАНҚЫЗЫ

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Петропавл, Қазақстан

Balgarinab@mail.ru

СОЛТҮСТІК Өңірдің Жер-су атауларының тарихы

Аннотация: мақалада Солтүстік Қазақстан облысының жер-су атауларының пайда болу, қойылуында жергілікті халықтың тарихы берілген. Өңірлік жер-су атаулары гасырлар бойғы тірлік-тынысы, әдет-ғұрып, салт-санасы ана тілімен тығыз бірлікте дамыған. Ондай атаулар көптеген гасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, тарихи жалғасын тауып келеді. Топонимдер қоғам мен адамзат дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Осы мақалада жер-су атауларын зерттеген отандық әдебиет зерттеушілері Тайшыбай З., жазушылар Есенберлин І, Мұқанов С., т.б. еңбектері негізге алынған.

Жер-су атауларының шығуы, пайда болуы жағынан әртүрлі дәуірлерге тән топонимдерді бойында берік сақтап отырған. Олардың ішінде басты, негізгі топонимдер ана тіліміздің негізінде жасалған атаулар.

Тірек сөздер: топонимика, ономастика, гидронимдер, оронимдер, ойконимдер.

Жер-су аттарының шығу тарихы мен мағынасын білу қызық. Әркімнің өз туған жерін сүюі әбден заңды. Әр халық елінің атауларын өз тілінде қоюға тырысады, бұл да орынды. Шынымен де, ел тарихындағы қазақ халқының өзінің жер-су, елді мекендерге қойған атаулары халқымыздың тапқырлығы шіркін-ай! Олай дейтініміз, әр атаудың соңында үлкен тарих немесе әлде бір қызықты атауларға қарап, олар туралы бір ой түюге болады.

Атаулар туралы мағлұматтарды *ономастика* деп аталатын ғылым саласы зерттейді. «Ономастика» (гректің «onomastikus» - атау беру) – тіл ғылымының жалқы есімдері, олардың шығу тарихын, ұзақ уақыт тұрақты қолдану нәтижесінде түрленуін, дамуын, таралуын зерттейтін саласы. Жер-су атауларын зерттейтін ономастика бөлімі *топонимика* деп аталады. Топономика гректің *topos* - орын + *онома* - есім, ат деген сөздерінен алынған. Ол өзен, су, құдық, бұлақ, көл, теңіз аттарын (гидронимдерді); тау, сай-сала, қырат, жоталар, асулар, орман-тоғай, жайлау аттарын (оронимдерді); елді мекендердің аттарын (ойконимдерді) жан-жақты зерттейді. Әрбір атаудың өз тарихы, дүниеге келу себебі бар.

Біздің облыс орталығы Қызылжар – Петропавл қаласының кең қолданылып жүрген қазақша атауы. Оның бұлай атауын алғаш естіген адам «Ә, бұл қала, сірә бір өзеннің қызғылт құмдауыт жарлы жиегінде орналасқан ғой» деп ой түйеді. Шынында да, Есіл өзенінің жарлы он жағасында «Қызылжар» деп аталатын ежелгі қазақ қонысы болған. 1752 жылы Ресей мемлекеті «Әулие Петр» деген әскери бекініс салған.

Жерлесіміз, академик жазушы Сәбит Мұқанов өмірінің негізгі бөлігі, шығармашылық және қоғамдық қызметі Қызылжармен байланысты болған. Алғаш рет 1918 жылдың тамыз айында Омбыға барар жолда қалаға тоқтаған. Есіл жағасындағы қаланың өзіне әсері туралы «Өмір мектебі» деген кітапта жазып қалдырған.

Жазушының еске алуынша, қалаға кіре берісте жерлесі Бәкен Тұрсынов оған «Қызылжар» («Красный яр»)-ды көрсетті. Бәлкім, қазақтар ертеден бұл жерді Қызылжар деп атаған болар. Бірақ жас Сәбитке «Абылай ханның ақ үйі», «Романовтар үйі», шіркеулер, мешіттер, су тартатын мұнара және басқа да сол кездегі таңғаларлық көрнекті орындар үлкен әсер еткен. Табиғатынан бақылауға бейім Сәбиттің көзіне әлеуметтік айырмашылық: қаланың орталығындағы бай көпестердің сәнді үйлері және кедейлердің аянышты, кішігірім үйлері түскен [1, 79].

Солтүстік өлкеде жер-су аттарының орынсыз өзгеруі, шамамен 230-250 жыл бұрын басталған болатын. Айталық, отарланған елді мекендердің қазақша атауларын орысшамен айырбастау туралы әскери губернатор Г.Меньшиковтың бұйрығы 1774 жылғы 1 қаңтардан орындала бастады.

Қоныс аударушылар қазақ жеріне аяқ басысымен, сол жерге өз тілінде ат қоятын. Сөйтіп, ежелгі *Ащыкөл, Тұщыкөлдер – Горькое, Пресное* болып шыға бастады.

Өлкеміздің топонимикасы көне замандардан бері қарай осы өңірде болған айтулы оқиғалардан хабар береді. Тәуелсіздік алғаннан кейін орысша аталып кеткен аудан аттарының Айыртау, Аққайың, Қызылжар деген тарихи атаулары қайта жаңғырды. Бұл атаулар сол жерлердің ерекшеліктерін білдірсе, басқа аудандардың Мағжан Жұмабайұлы, Жамбыл, Ғабит Мүсірепов, Шоқан Уәлиханов, Шал ақын ауданы аталуы – қазақ тарихындағы қадірлі есімдердің құрметтелуі. Мамлют ауданының атауы 1786 ж. Мамлют Валгузин негізін салған елді-мекеннің атын сақтап отыр.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, ономастика мәселесі мәдениет пен сауаттылықтың, тарихи жадының маңызды мәселесі ретінде қаралып, тарихи атаулар қалпына келтіріліп жатыр.

Абылай Жолы – Петропавл жәрмеңкесі арқылы өтетін сауда, керуен жолы. Жолдың бірнеше тармағы болған. Мал айдайтын жолдардың қазіргі Тайынша, Аққайың және Қызылжар аудандарынан өткен.

Саумалкөл ауылы. Ауылдың аты аумақтық географиялық ерекшелігіне байланысты. Ауыл Саумалкөл көлінің жағалауында орналасқан. Көлдің суы қышқылтым болғандықтан, осылай аталған болуы керек. 1923 жылға дейін ауыл Кривоозерное, кейін Володарское деп аталған. 1997 жылдан бері «Саумалкөл» деп аталады.

Антоновка. Ауылдың негізі 1896 ж. қаланған. Ауылдың аты алманың «Антоновка» сұрыпымен байланысты. Украинадан қоныс аударған тұрғандар өсіруімен айналысқан бұл алма түрі тіл үйірген дәмімен және хош иісімен ерекшеленеді.

Әулие Ата. Есіл ауданында, Бұлақ ауылының маңында, Абылай ханның серігі, Солтүстік Қазақстан облысында туып-өскен Құлсары батырдың кесенесі орналасқан.

Құлсары Күлеке батырмен бірге бірнеше рет Ресейге мемлекетаралық мәселелер бойынша елші болған. Шекаралас мемлекеттермен келіссөз жүргізу ісін Абылай Құлсарыға тапсыратын болған. Ел аузында оның батырлығы, шешендігі, көрегендігі жайлы әңгімелер көптеп сақталған. Батырды халық «әулие» атап кеткен.

Явленка – Есіл ауданының орталығы, 1876 ж. Ресейден көшіп келген шаруалар негізін қалаған елді-мекен. 1884 ж. губернатор Явленка деген атауды бекіткен.

Бұлақ – ауыл қасында ағып жатқан емдік қасиетке ие бұлаққа байланысты аталған.

Сергеевка – Шал ақын ауданының аудан орталығы. 1899ж. алғаш қоныс аударған 70 жасар Сергей Мисюрин болғандықтан, осылай аталып кеткен.

Соколовка - 1759 жылы Тобыл уезінің Соколов аулынан көшіп келгендер қоныстанғандықтан, осы атау берілген.

Долматово – Долматово көлінің маңында 1760 ж. негізі қаланған елді-мекен.

Гайдуково – 1870 ж. елді-мекеннің құрылуына және онда көшіп келгендерді қоныстандыруға ат салысқан офицердің тегімен аталған.

Горбуновка – 1830 ж. елді-мекенге алғаш қоныстанғандар – Горбуновтар болған.

Петерфельд – неміс тілінен аударғанда «Петр даласы» деген мағына береді. 1908 жылы неміс қоныс аударушылары Петр Рыбалов деген көпестен сатып алған жерлеріне қоныс салып, оған көпестің атын берген [1, 81-82].

Жер-су атын өзгерту – жай әуесқойлық емес, сол маңайда бұрын ешқандай халық мекендемеген, демек иесіз жерге қазық қағуға болады деген жымысқы саясатпен әдейі жасалған шара екені мәлім. Сонымен қатар, қазақы атаулардың өзінің транскрипциясын өзгертіп, адам танымастай қалыпқа түсіргендікті де қосу керек (Мысалы, *Шабакты – Чебачье, Тереңкөл – Торангул, Тоқыш – Токушино, Асан – Асаново* т.с.с.).

Кеңестік дәуірде колхоздастыру, тың игеру науқандарына байланысты өңірдің байырғы елді мекендерінің атаулары аяусыз өзгертілгенін айтып жеткізу мүмкін емес. Оған қоса қызыл империяның саясатына сай, идеология мүддесіне орай ешқандай мәні жоқ, даңғаза қазақша атаулар енгізілді. «Жаңа тұрмыс», «Алғабас», «Жаңа талап», «Жаңалық», «Орталық», «Бірлік», «Мәдениет» т.б. атаулар бұрынғы тарихи топонимиканы ел санасынан өшірді, басқасы жаппай орысша болып кетті [2, 56-58].

Артына өлмес жол мұра қалдырған Шал ақын, Сегіз Сері, Үкілі Ыбырай өскен өңір. Ақ қайынды, көгілдір көлді өлкенің жасампаз еңбек адамдарын Мағжан Жұмабаевтың, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің, Н.Шуховтың, Павел Васильевтің өз шығармаларының арқауы етті. Есіл өзені — облыстың ең басты су арнасы. Кеңес дәуірінде «Есіл» атауы «Ешим» болып бұрмаланып келді. Есіл өзені Сарыарқа жері, Қарағанды облысындағы Нияз тауынан басталып, Омбы облысындағы Усть-Ишим селосы тұсында Ертіс өзеніне құяды. Жалпы, ұзындығы 2450 шақырым, Қазақстандағы ұзындығы 1719 шақырым. Ресейдің Түмен, Омбы облыстарынан өтеді. 1950 жылдардың ортасында Есілде кеме жүзген. Есіл бойында Астана, Есіл, Қызылжар қалалары орналасқан.

Өзен атауы көне түркі тілінде «көк» деген мағынаға ие. «Есіл» сөзі «ер, сөз, дерт» сөздерінің мағыналарын күшейтуге қолданады. Осыған байланысты «есіл дүние ысырап болды», «есіл ер-ай!» «саған қор болған есіл ат», «тыңдамасқа айтқан есіл сөз» деп айтылады. Мағынасы «айхай, әттең, дариға, қайран, шіркін» сөздеріне жақын болғаны тегін емес. Есіл өзенінің атауы қазақтың «есіліп, бұралып ағады» деген анықтамасына толық сай келеді.

Сәбит Мұқановтың «Есіл бойында» әңгімесінде Есілдің тамылжыған тамаша табиғатты суреттелген, үйірер жеміс-жидегі, шалғыны, сағымы да көз алдымызға елестеп, көңілді жадыратады.

Атақты Асан қайғы бабамыз желмая мініп желдіртіп, Сарыарқаны аралап жүргенде, әр жерге байланысты сын-толғауын айтқан екен. Ұзын аққан Ертісті көргенде: «Мына шіркіннің баласы тойдым деп қарап отырмас, қарным ашты деп жылап отырмас. Сиырдың мүйізі, доңыздың құлағы шығып тұрған жер екен», - депті. Ал Есіл өзенін көргенде: «Жары мен суы тең, жарлысы мен байы тең болатын жер екен», - депті.

Тіпті осы өңірді жаз жайлауына, қыс қыстауына айналдырған, әділдігімен үш жүзге аты жайылған Жабайұлы Тоқсан би: «Есілдің арғы бетіндегі Қарауыл төбеге жерлендер. Түбінде осы жер тоғыз жолдың торабына айналады. Сонда ұрпағым еске алар» деп, ұрпақтарына өсиет қалдырған екен. Есіл өзенінің атауы қазақ халқында «есіліп, бұралып ағады» деген анықтамасына сәйкес келіп тұр.

Зарқын Тайшыбай білікті зерттеуші, елге танымал үлкен ғалым ономастика мәселелеріне арналған «Атамекен атаулары» еңбегінде жазған: Облыстағы жер-су атауларының, қазіргі жайына көз салсақ, «*Ново-жаңа*» деп басталатын 39 топоним бар екен және олар түгелге жуық, елді мекендер, тек бір көл мен бір төбешіктің ғана «*жаңа*» екені байқалады. Осыған керісінше «*старо-ескілердің*» саны 15, бұлардың екеуі ғана қоныстар. Қалғаны көлдер, батпақтар, күрөзектер.

Бұл арада ұлттың талғамы, ұлттың ерекшеліктерге ғана тән сараптау және екшеу үрдісінен жаңылмайтын мінез байқаймыз. Яғни, топонимдерден халықтың тұрмысы, этномәдени тіршілік салты жаңылмай, көрініс тапқан.

Мысалы, *Шешемтүскен, Төлепбергентұған, Қарыққұдық, Қойсойған, Қояншықпас, Талдықыстау, Болысқыстаған, Атабайдың Қаратерегі, Сарқанның Орағашы, Құлтуманың шілігі* т.б. басқалармен шатастыруға болмайтындай, нағыз қазақы құдықтар, қыстаулар, теректер, шіліктер екенін қиналмай танымыз [2, 234].

Біздің Петропавлда халық топонимикасы да ерекше тараған. Сонымен қатар ол қаланың кең аумағын да, шағын объектілерін де қамтиды: *Жұмысшы, Былғары зауыты, Заречный, Солтүстік* шағын аудандары. Жеке атаулар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, жүздеген жылдар жадында сақталады, бірақ аз өмір сүргендері де бар.

Ежелгі және солтүстік халық топонимі - қалада болған тайга аңшыларының факториясы. Ол XIX ғасырдың ортасынан 1934 жылға дейін болған. Мұнда аң терісін (ақ түлкі, бұлғын, тиін және т.б.), сондай-ақ тайгалық аңның терісін (аю, сілеусін, қасқыр, түлкі және т. б.) айырбастау және сату үшін келген ханты-мансиялық аңшыларды қабылдады. Сол факторияның іздері Булаев тас жолы бойында жыртылды және орман алқабының жасыл желектері жайқалып өсті. Мещанский - "мещанин" сөзінен, яғни "қала тұрғыны" дегенін білдіреді. XIX ғасырда Мещан орман қазіргі ЖЭО-2-ге жетті. Қазір мұнда жаңа үйлер, ғимараттар бой көтерді.

Жұмысшы кенті. Вокзалдың алдында, жол жүру жолдары мен қамыс батпақтарынан кейін Жұмысшы кентінің төрт қысқа көшелері орналасқан. Негізінен, онда темір жол торабының білікті кадрлары: паровоз жүргізушілері, кондукторлар, мамандар мен жұмысшылар қоныстанды. Соғыс жылдарында (1941-1945 жж.) елдің батыс аудандарынан көшірілген қоныс аударушылардың келуі есебінен жұмысшы кенті аса қарқынды өсіп, кеңейді. Бүгінгі күні Жұмысшы кенті 1936 жылмен салыстырғанда он есе өсті. Ұшқыш-ғарышкер, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры В. А. Шаталов сол ауданда туып, соғыс жылдары оқыды.

Есілдің сол жағалауы да зерттеуден тыс қалған жоқ. Мұнда екі поселкі: *Былғары зауыты және Заречный* орналасқан. Сол жағалаудағы алғашқы қоныстар-маусымдық жұмысшылары болды. Олар жергілікті кәсіпкерлерге жалданып, көлдердің және су құймалардың суық суында, жүн, ішектерді, қойлардың терісін және мал шаруашылығының басқа да өнімдерін жуумен айналысты. Артель жұмысшылары уақытша салған қораларда, жер үйлерде, шалаштарда көктемнен бастап күзге дейін тұрды. Ал кейбіреулері осы жерде тұрақты тұруға жайғасты. Мұнда бір мезгілде мал сою, сабын қайнататын жұмысшы адамдардың ондаған қоныстары пайда болады. 1834 жылы Зенков Былғары зауыты құрылысының басталуымен тұрақты тұрғын шағын аудан пайда болды.

Заречный да жартылай салынған жер үйлер мен қаланың лас, шеткері, қара түкпірлері негізінде пайда болды. Оны қылмыстық-арестандық элементтердің жер аударылып келіп қонысы деп атай бастады. XX ғ. 30-40 жылдарына дейін мұнда баспанасыз, құжатсыз, тақыр кедейлер тұрды. Кейіннен әскери команданың казармалары мен қамаудағыларды ұстау аймағы, офицерлік және басшы құрамның үйлері шағын ауданға айналды. Қаланың кейбір атауының тарихы ерекше.

Черемушки. Мәскеуден әкелінген термин. Соғыстан кейін бұрынғы елдің астанасында халықты тұрғын үй құрылысына тарту идеясы пайда болды. Мәскеуліктердің бұл идеясын көптеген қалалар қолдады. Петропавлда осындай халық құрылыстары пайда болды. Қазір олар қала тұрғындарына қызмет етеді, "хрущевкалар" деп аталады. Жергілікті "Черемушки" ауданы — Интернационал көшесінің бас жағында, № 2 орта мектептің маңында орналасқан.

Молодежный-құрылыс училищелерінің түлектерімен салынған өздері тұратын үйлердің тобы. Жамбыл көшесіндегі бұл үйлерде осы күнге дейін тұрғындар өмір сүруде.

Бензострой - бейресми атау. Ол қаланың шығыс бөлігіндегі темір жол бойындағы бірнеше көшелерді біріктіреді [3, 1].

Көлдердің атауларында түркі және славян гидронимдері басым. Гидроним – гректің *hydro* - су деген сөзі, яғни су нысандарының атауы.

Солтүстік Қазақстан облысында 3 мыңнан астам көл бар, олардың алаңы 4800 шаршы километр. Облыс аумағының 3,9 пайызын алып жатыр.

Көбіне оларда жаратылыс ерекшеліктеріне қарай көл, өзен атауына байланысты топонимдер жиі кездеседі: Ақбаскөл, Ақжанкөл, Арқакөл, Батпақкөл, Бекболаткөл, Бөрінің көлі, Жалғызкөл, Жаншора көлі, Жаңакөл, Жаркөл, Жекекөл, Кінкенекөл т.б

Бұдан басқа, шамамен XVIII ғасырдың екінші жартысында орысша аталғандар: Горькое, Солёное, Пестрое, Кривоозерное, Питное, Широкое.

Кейде кісі аттары көрініс береді: Илиханов, Пономарев, Шитов, Марошкин, т.б. Өсімдіктер мен жануарлардың атауымен аталған көлдер жиі кездеседі: Текекөл, Камышное, Рогозянка, Волчье, Собачье, Кобылье, Қоянды көл.

Солтүстік қазақстандық көлдердің орташа аумағы бір шаршы километрге тең – мұндай су көздері 10 пайыздай. Аумақтары 750,3 шаршы километрден 29,8 шаршы километрге дейін бірте-бірте кему беретін кейбір көлдердің тізімі: Сілетітеңіз, Әлкен Қараой, Шағалалытеңіз, Теке, Кіші Қарой, Қалибек, Имантау, Алабота, Қақ, Әлкен Торанғұл, Меңгесер, Шалқар, Становое. Айдындардың тереңдігі әртүрлі. Мәселен, Шалқардың тереңдігі 15 метр. Жақсы Жалғызтау — 10,3 метр, Имантау — 10, Меңгесер 0,8 метр, Көпшілігінің тереңдігі — 1,5-2,5 метр. Су көлемі айдынның аумағына, тереңдігіне және жыл мезгіліне байланысты. Осы көрсеткіш Шалқар көлінде орта есеппен 267,0 миллион текше метрді, Меңгесерде 16,4 миллион текше метрді құрайды [4, 1].

Көлдер қамысқа, су өсімдіктеріне, шымтезек шөгінділеріне бай. *Жаманкөл, Меңгесер, Снежинка-Кривое* көлдерінде емдік лай бар.

Жер-су атаулары – халық қазынасы, өткен өмір айнасы. Халқымыздың “Өткенінді білмейінше, болашағыңды болжай алмайсың” деген сөзі тегін айтылмаған.

Тұңғыш Президентіміздің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көтерілген «Туған жер» бағдарламасы арқылы шынайы патриотизмді қалыптастыру болып табылады. Елбасымыз қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдары басшыларымен сұхбатында: «...Қазақта «Жеріңнің аты-еліңнің хаты» деген сөз бар. Халық жерге ат қою арқылы елінің тарихын да жазып отырған. Тәуелсіз мемлекеттің бір белгісі оның ұлттық нышандары десек, сол ұлттық нышандар елді мекендердің, көшелердің, алаңдардың аттарынан да көрініп тұруға тиіс...», – деген сөзі көңілімізден шыққаны хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Ибраева А.Ф., Мәлікова С.З., Тайшыбай З.С., Өлкетану. Солтүстік Қазақстан облысы. – Астана: Арман - ПВ баспасы, 2018. – 192 б.

2 Ахметжанова Г., Мәлікова С., Оспанов К., Тайшыбай З. Атамекен атаулары, издательство Северный Казахстан. – Петропавл қ., 2015. – 338 б.

3 polis.mypiter.kz/blog/istoria

4 <https://el.kz/kz/news/archive/content-12129>

5 Қалиев Ғ.Тіл білімінің терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы:Сөздік-словарь, 2005. – 439 б.

6 Дияров Б.Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. – Астана, 2013, – 196.

7 Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы: Сөздік-словарь ЖШС, 2010. – 354б.

ӘОЖ 821.512.122

ЕСМАТОВА МЕНДІҚЫЗ ТІЛЕУЖАНҚЫЗЫ

МАКАШЕВА СӘУЛЕ МЫРЗАБЕКОВНА

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Петропавл, Қазақстан

Saule_95_5@mail.ru

ТӘКЕН ӘЛІМҚҰЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТЕҢЕУДІҢ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация: мақалада Тәкен Әлімқұлов шығармаларының тіл ерекшелігі, халық тілінің сөз байлығының қаншалықты және қалай пайдаланғандығы, қазақ халқының тіл мәдениетінің, сондай-ақ, әдеби тілін дамытуға қосқан үлесі, жазушы тіліндегі көркемдік тіл құралдарының лингвистикалық табиғаты туралы жазылған. Сонымен қатар, жазушы

шығармаларындағы кездесетін теңеулерді кейіпкер бейнесін беру ерекшелігіне де тоқталынып, мысалдармен дәлелденген. Т.Әлімқұлов шығармаларындағы көріктеуіш құралдарының эмоционалдық-экспрессивтік сипаты, сонымен қатар оның тілдік тұрғыдан қолданылуы туралы деректерді келтірілген. Әңгіме, проза жанрын жасаудағы шеберлігі нақты мысалдар арқылы көрсетілген.

Тірек сөздер: теңеу, проза, тіл ерекшелігі, көркемдеуіш құралдар, қаламгер тілі, құбылту түрі, кейіпкер.

Жалпы халықтық тілдің негізгі сөздік қорын, сөздік құрамын, тілдегі көріктеуіш құралдары қаншалықты, қалай пайдаланды, оларды қаншалықты, қалай байытты, ұстартты, оның сол байыту, ұстартуы қаншалықты заңды, жарастықты, соны тексереді. Жазушы адам ойын, сезімін, әсерін, ісін тіл арқылы бейнелейді. Себебі тіл көркем шығарманың негізгі элементтерінің бірі, жазушының негізгі құралы екендігі мәлім. Қаламгер өз шығармасында тілдің негізгі сөздік қорын шебер пайдаланып, сөздік құрамға әсер етіп, тілімізді жаңа сөз өрнектері арқылы байытып, дамытып отыруға тиіс, яғни әрбір жазушының өзіндік сөз қолданысы болады.

Көркем әдебиет стилі немесе көркем сөз – ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнер. Тіл көркем шығармада ерекше эстетикалық қызмет атқарады. Өйткені «көркем әдебиет оқушының эстетикалық талғамын жетілдіріп қана қоймай, сөзді стильдік өрісіне сай, талғап жұмсауға үйретеді».

Көркем әдебиет стилі дегеніміз проза, поэзия, драматургия салаларында жазылған көркем шығармалардың стилі (тілі).

Көркем шығарма тілі мен әдеби тіл арасында принципті ерекшеліктер болады. Бұл олардың әрқайсысының атқаратын қызметінен туындайды. Әдеби тіл адамдардың күнделікті қарым-қатынас жасауының құралы ретінде коммуникативтік қызмет атқарады, ал көркем шығарманың құрылымында басқаша қырынан танылады. Тілдік құралдар арқылы оқырманына әсер ете отырып, эстетикалық және көркемдік мақсатта қолданылады. Осыған орай, әдеби тіл нормасы мен көркем әдебиет тілі арасында да ерекшелік болады. Әдеби тілде нормаға жатпайтын тілдік дерек әр қаламгердің алдына қойған мақсатына сәйкес келіп, эстетикалық қызмет атқарады.

Қазақ халқы ауызекі сөйлеу барысында көркемдеуіш-бейнелеуіш сөздерді жиі қолданатынымен ерекшеленеді. Көркемдеуіш-бейнелеуіш сөздерді қолданудың бекітілген жалпы ережесі, тәртібі жоқ. Әр қаламгер өз қалауынша жұмсайды. Бұл да қаламгер шеберлігіне қатысты. Әр қаламгер өзінше сөз саптап, өзіндік көркемдік амал-тәсілдерді қолданады. Осы арқылыөзоқушысынтабады.

Қаламгердің тілдік шеберлігі, стилі өмір шындығын бейнелеудегі өзіндік қолданысымен айқындалатыны белгілі. Ғалым Е. Жанпейісов осы орайда былай дейді: «Жазушы тілдегі бейнелеу құралдарын әралуанк өркемдік бояу бере пайдаланады. Бұл орайда ауызекі сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздер де, мақал-мәтелдер де, эпитет пен теңеулер де, тілдіңб асқа да барлық бейнелеу құралдары шығарманың жалпы идеялық, тақырыптық арқауын алайық жаңа бір мағыналық астаралып, стильдік функциясы арта түседі. Ауызекі сөйлеу стилінде, әдеби тілде де әдетте жиі айтылатын тіл құралдарының үйреншікті номинативтік мағынасы ақын-жазушылардың тілінде әртүрлі дамып отырады» [1, 17].

Қазақ халқы ауызекі сөйлеу барысында көркемдеуіш-бейнелеуіш сөздерді жиі қолданады. Көркемдеуіш-бейнелеуіш сөздерді қолданудың жалпы ережесі, тәртібі жоқ. Тілдің көркем амал-тәсілдерінің қатарына, әдетте, эпитет, теңеу, метафора болып келетін тұрақты тіркестер жатқызылады.

Әр қаламгер бұларды өз қалауынша жұмсайды, бірі теңеу мен метафораны қолданса, кейбір қаламгерлер өз шығармашылығында эпитет пен кейіптеуді жиі пайдаланады. Бұл да қаламгер шеберлігіне, ерекшелігіне қатысты. «Жалпы творчестволық шеберліктің өзінде шек болмайтыны сияқты әрбір сөздің, тіліміздегі жалпы бейнелегіш-көріктеу құралдарының қай-

қайсысының да көркемдік мәнінде шек болмайды. Бейнелегіш көріктеу құралдарының, кейбір жеке сөздердің, тіркестердің стильдік бояуы, көркемдік функциясы, эмоционалды-экспрессивтік нақышы қолданылу процесінде ылғи өзгеріп, жаңғыра түседі. Бұл – кең мағынада алғанда, көркем әдебиет стилінің өзіндік табиғатынан, көркем әдебиеттің алдына қойылатын негізгі міндеттен келіп шығатын құбылыс» [2, 14].

Әр қаламгер өзінше сөз саптап, өзіндік көркемдік амал-тәсіл қолданады. Осы арқылы оқушысының жүрегіне жол салады.

Автор шығармаларында кейіпкерлерінің бейнелерін түрлі тәсілдермен суреттейді. Кейіпкерлерінің жан дүниесін ашуда, тұлғасын көрсетуге барын салады. Көркемдегіш құралдарды пайдалана отырып, сөзбен бейнелі сурет жасау оңай емес. Шығармаларындағы бейнелеуіш сөздер қазақ халқының тұрмысына сай қолданылады. Қаламгер сөздерді айшықтап, ажарлау үшін көркемдегіш амал-тәсілдерді жиі пайдаланады. Сондай көркемдегіш амалдардың бірі – теңеу. Теңеу – қазақ көркем сөз тарихында ежелден келе жатқан бейнелеуіш тәсілдердің бірі. «Көркем шығарма тілі теңеусіз болмайды, бірақ теңеулердің де теңеулері бар: кәнігі (үйреншікті, дағдылы, жалпытілдік) теңеулер, бейнелі (образды) теңеулер, астарлы, екітанымды теңеулер, әжуа-сықақпен келген теңеулер т.т.» [3, 160]. Теңеу тілге мағыналық және мазмұндық көркемдік беретіні белгілі. Теңеу туралы қазақ тіл білімінің тұңғыш зерттеушісі А.Байтұрсынов: «Теңеу заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді», – деп пайымдаған [4, 363]. Қазақ тіл білімінде теңеу категориясын жан-жақты терең зерттеген Т.Қоңыров: «Теңеу дегеніміз ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы», – деп тұжырымдап, теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын ашып, жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, оның түрлерін қарастырады [4, 7].

Көркем әдебиет тілінде теңеудің алатын орны туралы М.Серғалиев былай дейді: «Теңеудің стильдік қызметі әр алуан, бір ыңғайда, негізінен аз сөзге көп мағына сыйғызуды мақсат етсе, тағы бір жағдайда автордың астарлап сөйлеуіне мүмкіндік береді. Сол астарлап сөйлеудің өзі жинақылықтың арқасында болып отырады».

Көптеген зерттеушілеріміз теңеуге қатысты өз көзқарастарын, пікірлерін білдірген: Теңеу – құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі. Әр нәрсені салыстыру негізінде жасалатын бейнелі сөздер құбылту түрлері аз емес. Олардан теңеудің айырмасы – мұнда салыстыру айқын, тура көрінеді.

Теңеу – поэтикалық және лингвистикалық жағынан күрделі, семантика-стилистикалық сипаты қызық, көп аспектілі тілдік құбылыс. Теңеу категориясының маңыздылығы оның таным құралы ретінде философияда, стильдік тәсіл ретінде әдебиеттану ғылымында, ал тіл білімінде тілдің бейнелі конструкциясы ретінде зерттелетіндіктен айқындалып, ашыла түседі. «Теңеу категориясы – бүкіл бейнелеу, көркемдеу тәсілдерінің ішіндегі ең бастысы, ең пәрмендісі. Бейнелеу тәсілдерінің барлығы да өз бастауын осы теңеуден алады». Қазақ тіл білімінде жалпы теңеулік конструкциялардың жасалу жолдарына қатысты айтылған пікірлер де бар. Ғалым Т. Қоңыров қазақ тіліндегі теңеулердің он түрлі жасалу тәсілдерін анықтайды:

1. –дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін жұрнақтарының көмегімен;
2. –ша, -ше жұрнағының көмегімен;
3. шығыс септігі жалғауының (-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен) көмегімен; *қойдан жуас, сүттен ақ*
4. секілді, сияқты, тәрізді, іспетті сөздерінің көмегімен;
5. бейне сөзінің көмегімен; *бейне піл тұмсығындай.*
6. тең сөзінің көмегімен;
7. ұқсас сөзінің көмегімен;
8. параллелизм тәсілі көмегімен; *Бұқар барсаң, қолаң бар, Қолаңды көр де, шашым көр.*
9. аралас тәсілдің (бейне және –дай, -дей; бейне және секілді) көмегімен;

10. қосалқы тәсілдер көмегімен [4, 11].

Қазақ теңеулерінің 70% - дан астамы дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін тәсілдері арқылы жасалады екен. Екінші орынды сияқты, сықылды, секілді, тәрізді тәсілі алады, бұларға теңеулердің 10-15% - ға жуық үлесі тиеді. Үшінші орынды –ша, -ше жұрнағы арқылы жасалатын тәсіл алады [4, 394].

Ұлттық болмыс пен танымды бойына сіңірген тылсым дүние сырын бейнелейтін тілдің көркем әдебиетіндегі образдар жүйесі, бейнелеуіш, көркемдеуіш тәсілдері ұлт мінезінің басты көрсеткіштері болып табылады.

Әр қаламгердің өзіне тән стильдік өрнегі, қолданатын тәсілдері болады. Кез келген қаламгер осы өзіндік жазу машығымен ерекше, сонысымен өзгеше. Т.Әлімқұловтың шығармаларында теңеудің мол ұшырасуы қаламгердің өзінше бір ерекшелігін айқындайды. Онда өнімді қолданысқа түсетін теңеулер -дай,-дей, -тай, -тей арқылы жасалғандары. Бұл жұрнақтар тікелей түбір зат есімдерге де, табыс септікті тәуелдік жалғаулы сөздерге де, -қан, -кен, -ған, -ген жұрнақты есімшелерге де жалғана береді:

1) -дай, -дей, -тай, -тей арқылы жасалған теңеулер:

Бейне дым қылшаң жұтқандай, көкірегі ашып барады («Сарыжайлау», 276.).

Балға қосылған уды ішкендей, уылжыған іші өртеніп барады («Сарыжайлау», 356.).

Автор осы теңеулер арқылы адамның жан дүниесінің күйінішін, адамның шаң жұтқандай, тұншыққан қалпымен салыстырады, ал **уды ішкендей**, яғни Тәттімбеттің іші Сарыжайлауды есіне алғанда бір өртеніп, бір ашиды. Естеліктерінің тәтті де, ащы да жақтары бар екендігін түсінеміз.

Той осы бақтың ішінде болды.Көпті көріп көнектен өткен бәйбішедей кәртаң бақ жүз қаралы адамды қабылдады («Құлқын»,148 б.). Бұндағы теңеу көнектен өткен бәйбішедей бақтың қаншалықты ескі және көпті көргендігін анықтап тұр.

Қарны қозының қарнындай бұлтиған екі жігіт тамақ сіндірмек үшін ұзақ серуен жасады («Махаббатың тұрағы қайда?», 158 б.) Кейіпкерлердің жағдайы қарны қозының қарнындай бұлтиған деген теңеу арқылы беріліп тұр.Оны тойған қозыға балайды.

Қай теңеуді алмайық, суреттеліп отырған нәрсені не құбылысты тура біздің көз алдымызға әкеліп, олар туралы дәл нақты ұғым қалыптастырады. Мысалы: **Құмастына көмулі жатқан қызыл шоқтай әсеретеді** («Сарыжайлау», 296.). *Көмулі жатқан қызыл шоқтай* деген теңеу бірде жасырын жатқан жайдың әсерін анықтап Тәттімбеттің Сары қызға деген махабатты Сарыжайлауда қалған, бірақ оның есіне түссе, ол оның жан дүниесіне ыстық, жана алмай қалған шоқ тәрізді әсер етеді.

Сары аурудың сандырағындай соңғы сағым толқынданып, күйшіге шәйі орамал бұлғады («Қараой», 336.). Бір құбылыстың белгілері негізінде екінші құбылыстың белгілерін, сезімдерін ашу. Бұл ретте теңеу белгісіз затты белгілі затқа айналдырып, шығармадағы авторлық идеяға қолма-қол көркемдік шешім тауып тұрғандай. Сары аурудың сандырағындай. Адам сары аурумен ауырғанда, денесі қызып, сандырақтайды, оның санасы бұлдырлаған тұманға айналады. Сол сияқты адамның сағымы да бұлдыр-бұлдыр болып келеді, адам басынан кешкен сағымы үзік-үзік елес сияқты болады.

Сонымен қатар, жазушы шығармаларынан көңілді көтеріп, сезімді селт еткізер бейнелі, жанды суреттерді кездестіруге болады.

Тамдардан көтерілген жіңішке түтін шудадай ширатылып, көкке сіңіп жатыр («Сарыжайлау», 26 б). *Аққауданға сары түлкі аунағандай,шырайлы көріністер кербездей көлеңдеп, бейнелі пішін мен көңілге құйылған шақ бақыттың белгісіндей* (Сонда, 306.).

Ат төбеліндей әкім ат түгіндей қалың елді тоз-тоз қылды деуге сенгісі келмейді (Сонда, 326.). *Таң көктемнің таңындай толық сыпатты. Күн де көктемнің күніндей айдарланып, сансыз алтын найзасын шашағымен шашырата шықты.*

Сауыры жалтиған шексіз даланың ішке бүккен бүйрегіндей дөңгеленген Қараойда, Махамбеттің жалғыз үй отырғанына үш айдың жүзі («Қараой», 36 б.).

Автор табиғаттың әсем бір көрінісін беруде тағындай, күніндей, бүйрегіндей сияқты теңеулерді қолданады. Жаңа атып келе жатқан таң сұлулығы, шетсіз-шексіз кең даланың бір кішкентай бөлшегіндей Қара ойдың көрінісін осылайша береді.

Махамбет бүркіттей түйіліп, аспанға қарайды («Қараой», 38 б.). Жүйріктей жүйткіп, жорғадай тайпалатын ырғақтардан құралсын («Сарыжайлау», 41 б.). Қақпанға түскен көкжалдай көзіне қан толған Исатай сол күйінде көрініс берді («Қараой», 52 б.). *Бүркіттей* деген теңеудің қолданылуы өте орынды. Бүркіт – көкке еркін самғайтын құс. Ол еркіндіктің символы тәріздес. Өр ақын Махамбет мінезіне бұл теңеу шебер қиыстырылған. Бүркіттің биікке самғайтыны тәрізді Махамбет те биік мақсаттарды көздеуші. Өр Махамбет пен бүркіт ұқсас.

Құлақ құрышын қандыратын күй құдыретін жүйріккі, жорғаға теңеп отыр. Жүйрік, жорға – бәрі де қазақ танымына жақын атаулар. Қазақ таным-түсінігінде төрт түлік мал киелі екендігі белгілі. Жүйрік ат, жорға ат – табаны жерге тимей шабатын жылқы малының дүлдүлдері. Сол себептен де домбырадан күйдің толассыз төгіліп, шалқуын осы сөздерге теңеген.

Көкжалдай теңеуін қолдану арқылы жазушы Исатайдың қаһарланып, ашуға булыққан кезін көрсетіп тұр. Яғни қақпанға түскен көкжалдың ашуы қандай болса, Исатай да сондай күйде. Көкжал – қасқырлар тобырын бастаушы, Исатай халықты бастаушы. Бұл екеуінің де күйзелісі бір.

Солтүстіктен күнгейге қарай көшкен бұлт көк ала шегірткедей тұтаса қаптап келеді («Күрең өзен», 64 б.).

Бұл арада автор торлаған бұлтты шегірткеге теңеп отыр. Соның нәтижесінде оқушысына мазасыз, табиғаттың тынымсыз құбылысы көрініс береді. Шығармаларында *дай, -дей, -тай, -тей* жұрнағы арқылы жасалған теңеулер көптеп кездеседі. Жазушы әңгімесіндегі теңеулер қайталанып келіп қолданса да, өң-ажарынан, қанық бояуынан арылмай белгілі бір стильдік қызмет атқарып тұр.

Теңеудің стильдік қызметі әр алуан. Бір ыңғайда, негізінен, аз сөзге көп мағына сығууды мақсат етсе, тағы бір жағдайда автордың астарлап сөйлеуіне мүмкіндік береді. Сол астарлап сөйлеудің өзі жинақылықтың арқасында болып отырады. *Күл астында көмулі жатқан қызыл шоқтай әсер етеді* («Қараой», 52 б.). Айталық, осындағы теңеу *шоқты* әр мағынада жұмсауға болар еді. Әлбетте, ондай теңеу қызба, тызетпе мінезді беруге оңтайлы. Бұл жерде соның ыңғайы байқалады. Бірақ жанып жатқан шоқ емес, көмулі шоқты келтіріп отырғанын ескерсек, қулық, жымысқылық қарекеті айтылып отырғаны білініп тұрады. Демек, әркім байқай бермейтін мағыналық нәзіктікті байқай білуі-жазушының тіл шеберлігіне тікелей қатысты айтылуға тиіс нәрсе.

«Қалың орманның ішінде, қаракүңгірт көлеңкеде, тұмандағы ақбоз үйдей ағараңдап тұрған ақ тас Бүркітбайдың жадында қалыпты» дейді автор бір жерде. Осындағы ақ тасты ақбоз үйге теңеу бір жағынан, ол екі заттың түстерінің ұқсастығынан болса, екіншіден, кейіпкердің жан күйін де білдіреді. Себебі оны жадында сақтағанда, тасты жақсы көріп, ұнатып сақтады, сондықтан жазушының айдаладағы тасты басқа бір дөңкиген елеусіз затпен теңестірмей, мәңгі баспана үймен теңестіруі орынды көрініп тұр.

Сонымен қатар, жазушы шығармаларындағы кездесетін теңеулерді кейіпкер бейнесін беру ерекшелігіне қарай, суреттеу қызметіне қарай екі топқа бөлеміз. Олар: көңіл-күйге, мінезге қатысты теңеулер деп бөлінеді. Мәселен,

...тілім-тілім болған беттеріне тұзы жоқ сары май жағып, киіз үй ішінде таң бозындай алагеуім сәуле шашып тұрған ошақ отына аяқ-қолын жылытып, қайнап жатқан қазанға мең-зең қарап, белгісіз бір себеппен жылап отыратын ауру қатындар елестейді («Оралу», 71 б.).

Аттырма жүргізетін Багила деген келіншек бетін шиедей етіп тырнап тастапты («Оралу», 74 б.). *Сенің де бір айналшық жегендей шырайналып, ісіңнің*

өнбейтіні-ай, - деп кейіді тап бір сау күніндегідей («Құлқын», 13 б.). *Тай-құлындай бірге өскен Сейсен өліп жатқанда жаннан қорқып жүрейін бе?* («Сарыжайлау», 61б.). *Күмістей аппақ сақалына сорғалаған жасты саусағымен қалай қағып қалып отырғанын байқап қалдым* («Оралу», 74 б.). *Арыстай азаларының бәрінен айырылып, жалғыз қалған бейшара әкем жанбасының мынау тіршілікте қанша қымбат екенін менен гөрі жақсырақ білген болуы керек* («Сарыжайлау», 24 б.). *Кешкілік Әбекеңнің балалары тары нанжеп, мәресәреболып, жеңгеміздің де төбесі көкке жеткендей қуанып, бір көтеріліп қалды* (Сонда, 25 б.). *Осы кезде жылан шағып алғандай орнынан ата жөнелген Ордабектің жан-дүниесі адам аярлық еді* («Құлқын», 349 б.).

Теңеулерден кейіпкердің сыртқы бейнесін анықтасақ:

Не мынаны ішесіңдер, не дін жолын қуған қожамолданың құйыршығымыз деп мойындайсыңдар – екінің бірі, - деп Кенжебек шегір көзі тікенектей қадалып, тұрып алды (Сонда, 27 б.). *Жапағы құлағы қалқизан, қалақтай, мұртты қара екен* («Құлқын», 18 б.). *Жаюлы сөреден құрт алып үлгерген аяқ-қолы шидей, көзі қитар, алтылар шамасындағы ұл бала табалдырықты кесіп тұра қалды* (Сонда, 295 б.). *Жын иектегендей көздері кілмейіп, бір-біріне көпіріп, мақтана бастады. Кенет Кенжебек мәлік болған сиырдай ала көзденіп бізге қарап тұрды* (Сонда, 27 б.).

Бұл келтірілген теңеулер кейіпкердің мінез ерекшелігін көрсетіп, ішкі сезімін, көңіл-күйін сездіреді. Сонымен, жазушы тіліндегі теңеулер өзгеше өрнектер тудырып, шынайы суреттер туғызған. Халық арасында ерте кезден қалыптасып, құлаққа сіңімді болып кеткен бұл теңеулердің де өзіндік ерекшеліктері бар. Ал автор көбіне-көп теңеулерді өз тіліне ыңғайлап алған.

2) -ша, -ше жұрнағы арқылы жасалаған теңеулер:

Қалмақтан құтқарған ала тулы Абылайдың тұқымы азып, билеп-төстеуші төрелер жаман сиырша жатағын жеуді шығарды («Қараой», 31б.).

Күні кеше аю отының асылынан дәм татқан Мәкеңнің бозбасша жынданғанына кемпірі куә! («Сары сыбызғы», 167 бет). *Дүние жүзіндегі ызақор адам кешкі қараңғылықта сәбише* өксіді («Қараой», 93 бет). *Малдас құрып отырған Махамбет жығылмады. Бір тізелеп түрегеле беріп, басымен Ықыласты бұқаша сүзіп жіберді* («Қараой», 25бет). *Сайын сахарасының сыбызғыша сыңсып тұратынын еститін құлақ одан да аз* («Сары сыбызғы», 174б.).

3) ұқсап сөзінің көмегімен:

Керме иықты адамның көлеңкесі қанатын қомдаған бүркіттің көлеңкесіне ұқсап тұрды («Сарыжайлау», 28б.). *Болашақ күй Сарыарқаның үстінен бұралаңдап ұшқан жібек орамалға ұқсап тұрды* (Сонда, 27б.). *Сарыжайлаудың күнгеінде, дулығалы батырға ұқсас заңғарлардың құшағынан қысылып, сылдырап ағатын бұлақ болушы еді* («Сарыжайлау», 30 б.). *Асқа тіккен алтын жамбыға даұқсап кетеді* («Қараой», 45 б.). *Қара желдің басы қара жыланға ұқсаса, құйынның құйрығы аламанның өзінеұқсап кетеді* («Қараой», 75 б.). *Екі жағы сүйірленіп суға тірелетін ақ жар есігін айқара ағып тастаған ақ ордаға ұқсап тұр* («Көк қаршыға», 40 б.).

Желдің желпуімен ағаштан үзілген жапырақтар әуеде қалбағайлап, жерде дөңгелеңгенде, түйгын құлатқан құсқа ұқсап кетеді («Көк қаршыға», 47б.).

Бір сәт бұғағы бүлкілдеген татар қызына, бір сәт қыл қобыздың талмаураған сазына ұқсап кетеді («Көк қаршыға», 48 б.). *Қиғаш салған сыбызғыға ұқсас нәзік сәуле дірілдеп, талмаурап үзілді* («Сары сыбызғы», 175 б.).

Т.Әлімқұлов шығармасын жетілдіріп, рухани әлемімізді жаңа әдіс-тәсілдермен, бейнелік оралымдармен, жаңа сөз тіркестерімен образдық үлгілермен толықтырған. Т.Әлімқұлов шығармашылық әлеміндегі бейнелі суретті образдардың мәні қазақтың ғана емес, жалпы адамзаттық ақыл-ой дүниесімен астасып жататындығымен құнды.

Т.Әлімқұлов шығармасына тағы да тамсанып, таңырқап қараймыз. Тағы да оның қаншалықты айтылғанымен, соншалықты жұмбағы көбейе түскен сөз өнеріне ой көзін тігеміз.

Қаламгердің ерекшелігі әдеби тілдің даму заңдылықтары тұрғысынан талдап, халық тілінің сөз байлығының қаншалықты және қалай пайдаланғандығы, қазақ халқының тіл мәдениетінің, сондай-ақ, әдеби тілін дамытуға қосқан үлесін анықтауға ұмтылу, жазушы тіліндегі көркемдік тіл құралдарының лингвистикалық табиғатын анықтау өзекті болып танытады. Белгілі бір кезеңге тән, сол кезең тілі туралы мағлұмат беретін – көркем шығарма, яғни әдебиет. Сондықтан әр кезеңдегі жазушылардың көркем туындыларын тану, зерттеу әдеби тілдің кезеңдерін айқындауға мүмкіндік жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 32 б.
- 2 Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы, 2004. – 560 б.
- 3 Сыздықова Р. Сөз күдіреті. – Алматы, 2005. – 272 б.
- 4 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1998. – 395 б.

ОӘЖ 378.1.147

ЖАНАБАЕВА ЗАРИНА МАНАРБЕКОВНА
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан
zer_zarina95@mail.ru

МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ – МӘТІН

Аннотация: мақалада жаңадан қалыптаса бастаған мәтін лингвистикасы саласы жайлы түсінік берілді. Мәтін лингвистикасы саласының зерттеу объектісі – мәтінге залымдарымыздың алуан түрлі анықтамалары ұсынылды.

Тірек сөздер: мәтін, мәтін лингвистикасы, диалог, монолог, коммуникация.

Мәтін – өзіндік ерешеліктерге, заңдылықтарға ие аса күрделі семантикалық-құрылымдық жүйе. Мәтін арқылы барлық тілдік құралдар жүзеге асатындықтан, ол ерекше күрделі тілдік таңбаға жатады. Осыған байланысты мәтінге талдау жүргізу мен оны тану, мәтіннің түзілімі мен құрылымын саралау, мәтінжасам барысындағы тілдік құралдардың қызметін анықтап, терең білу қазіргі заманның ең маңызды мәселесіне айналып отыр.

Адам баласы мәтіннің өзіне тән болмыс-қасиетін зерттеуге сан ғасырлардан бері ұмтылып келе жатса да, оның бүгінгі күн талабынан зерттеуді қажет етіп тұрған тұстары әлі де көп. Аталған бағытта жаңадан қалыптаса бастаған қазақ мәтін лингвистикасы жас болса да біраз тәжірибе жинақтады. Қазіргі таңда ғылымның тоғысқан, жаңа салаларының пайда болып жатқан кезеңінде қазақ мәтіні лингвистикасы мәселелерін жан-жақты зерттеу аса қажет.

Мәтін лингвистикасы ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптаса бастаған, соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан тың сала.

Қазақ тіл білімінде Р.Сыздық, Т.Қордабаев, Б.Шалабай, М.Серғалиев, Б.Мүсрепова, С.Құнанбаева, Ж.Жақыпов, О.Бүркіт, А.Жұбанов, Г.Смағұлова, З.Ерназарова, С.Мұстафина, Г.Әзімжанова, Н.Құрманова, К.Мухлис, А.Таусоғарова, Б.Райымбекова, Ф.Жақсыбаева, Ж.Қайшығұлова, М.Ахметова т.б. мәтін лингвистикасы мәселесіне бірнеше ғылыми зерттеу еңбектері мен мақалаларын, оқу құралдарын арнады.

Мәтін лингвистикасы саласының зерттеу объектісі - мәтін. Алайда бүгінгі күнге дейін мәтін деп нені тану керектігі толық айқындалмай, мәтінге алуан түрлі анықтамалар беріліп жүр. Аталған ерекшелік мәтіннің айырықша күрделі тілдік құбылыс екендігімен және әрбір зерттеушінің ұстанымымен байланысты қарастырылады. Мәселен, З.Я.Тураева: «Мәтін – әр түрлі лексикалық, логикалық, грамматикалық байланыстардан тұратын құрылымдық-мағыналық бірлік ретінде қызмет ететін күрделі тұтастық», – деп анықтайды [1, 11]. Ал А.И.Новиков мәтінді Н.И.Жинкиннің тұжырымдамасы негізінде тіл, сөйлеу, интеллект факторларының бір-бірімен өзара байланысқан біртұтас кешені деп қарастырып, мәтіннің

басты белгісіне сыртқы және ішкі формалардың бірлігін жатқызады. Бұл жерде сыртқы форма – тікелей қабылданып ұғынылатын тілдік құралдардың жиынтығы мен автордың түпкі ойын жүзеге асыратын олардың мазмұндық жағы болса, ал ұғынылатын нәрсе оның ішкі формасын құрайды. Ішкі форма – берілген барлық тілдік құралдардың жиынтығымен тұтастай сәйкес келетін, адамның ақыл-ойында жүзеге асатын ойлаудың түзілісі [2,4-5].

Ғалым М.М.Бахтин мәтінді объективті әлемнің субъективті бейнесі [3,308] және кең мағынасында екі сананың қарым-қатынасқа түсуінің бір жолы деп қарастырады [3,301].

Г.В.Колшанский қолданысындағы мәтін – сөйлемдердің тәртіпсіз жай ғана тізбегі емес, ол – қарым-қатынастың тұлғалық және мағыналық бірлігі деп анықтайды [4,65].

И.П.Сусов: «Мәтін – өз табиғатынан екі жақты. Бір жағынан, ол тілдік жүйенің негізгі бірлігіне, яғни тар мағынасында тілге жатады, ал екінші жағынан, қарым-қатынас әрекетіне жатады. Мәтін тілдік қатысым мен тілдік жүйенің арасынан орын алатын жай ғана нысан емес: ол тең дәрежеде тілдік болмыстың осы екі аймағына да қатысты болады», – деп өте орынды айтқан [5, 90-91].

И.Р.Гальперин: «Мәтін – бұл жазба құжат түрінде объектіленген және сол құжатқа сәйкес әдеби тұрғыдан сұрыпталған, тақырыбы бар, лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық амал-тәсілдердің әр түрлерімен байланысып жататын, айқын бағыт пен прагматикалық мақсатты иеленген ерекше тұлға-бірліктерден (күрделі фразалық тұтасым) тұратын аяқталған сөйлеу әрекетінің туындысы», – деп атап көрсетеді [6,18].

Түркологиядағы тілші-ғалымдардың мәтінге берген анықтамаларына тоқталып өтсек, мәселен, қырғыз мәтінінің қатысымдық құрылымын зерттеген С.Ж.Мусаев мәтінді «қимыл - әрекеттегі тіл» деген тұжырымды ұстана отырып анықтайды.

Ғалым Ф.Ш.Оразбаева тілдік қатынасты іске қосатын бірліктерге тоқтала келіп, мәтінді «... ойлау, хабарлау, баяндау, қабылдау, пайымдау құбылыстарымен байланысты, адамдар арасындағы тілдік қатынастың іске асуына негіз болатын қатысымдық жүйелі тұлға» ретінде танып, мәтінді тілдік қатынастың мазмұндық тұтастығымен ерекшеленетін бүтін жүйесі деп таниды [7,25-26]. Сөйлеу тілін прагмалингвистикалық тұрғыда зерттеген З.Ерназарова: «Мәтін деп сөйлеуші мақсатына сай аяқталған ойды білдіретін бір немесе бірнеше сөйлемдер тізбегін айтады. Тілдің иерархиялық құрылымында мәтін семантика - синтаксистік құрылым ретінде жоғары деңгей болып есептеледі. Ал сөйлеу бірлігі ретінде мәтін сөйлесіммен салыстырғанда бүтіндік сипатқа ие. Ол ортақ мақсаттағы бірнеше сөйлесім тізбегі болуы мүмкін», – деп ой түйеді [8, 158]. А.Жұбанов өз еңбегінде мәтінді тілдің негізгі бірліктерін – морфеманы, сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді қамтитын күрделі бірлік деп таниды [9,5].

Ал 1974 жылы М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Манасбаев, М.Томановтардың авторлығымен жарық көрген «Қазақ тілінің стилистикасы» атты оқулығында сөздің (речь) ауызша және жазбаша деп екіге бөліп қарастырылатындығы, олардың ерекшелігі анықталып, жазбаша сөздегі ойдың қағазға жазылып жеткізілетіндігі жөнінде мынадай пікір ұсынылады: «Сонымен жазу – ол белгілі бір текст. Бұл түрлі текстер (газет, журнал, кітаптардағы материалдар) әр жай, күйді білдіріп хабарлайды. Тілдік белгілерді сұрыптап қолдану заңдылықтары әдетте айтылатын ойдың мазмұнына байпанысты. Ойлау жұмысының нәтижелерін тіл сөз (речь) арқылы бейнелейді. Ал сөз арқылы жеткізілетін ой мен оның мазмұнының арасында тығыз байланыстылық болады». Аталған ой тұжырымнан мәтін – тіл жүйесін қолдану арқылы қағаз бетіне түскен сөздің бір түрі және сөйлеудің хатқа түскен көрінісі түрінде айқындалып тұрғаны байқалады.

Лингвистикалық сөздіктерде мәтінге төмендегідей анықтамалар ұсынылған:

«Мәтін – тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланыстығы негізінде түзілген ізбе-ізділігі» [10,270].

«Мәтін – латынша *textus* байланысу, қосылу, тұтасып кету. Басты қасиеті тұтасым және байласым болып саналатын мағыналық байланыстармен біріккен таңба бірліктерінің тізбегі» [11,507].

«Тіл білімі» сөздігінде мәтін:

1. Тілдің өмір сүруінің феноменологиялық алғашқы тәсілі (З.Шмидт);

2. Жүйеленген, тұтасқан, тиянақталған және мағыналық жақтан өзара байланысқан сөйлемдердің тізбегі;

3. Коммуникацияға қатысушыға тән сөйленімдердің (высказывание) бірізділігі.

4. Ауызша немесе жазбаша сөйлеу туындылары [12, 374].

Ауызша жеткізілген сөз болсын, немесе қағаз бетіне түскен туынды болсын барлығы да мәтін ретінде танылады. Ауызша сөйленген сөзден бастап, ұлттық әдеби тіліміздің бірден-бір көрсеткіші болып саналатын көркем әдебиет шығармалары да мәтін тұрғысынан қарастырылады. Себебі олардың бәрі – адамның ақыл-ойы нәтижесінде белгілі бір ақпаратты хабарлау мақсатында жүзеге асады. Ой бір тақырып бойынша дамиды.

Мәтін – әрі жазбаша, әрі ауызша формада қолданыс табатын монологтік әрі диалогтік сөйлеу түрі. Монолог (грек, monos - бір, logos -сөз) – белсенді сөйлеу қызметінің нәтижесінде тікелей қабылдауға арналған сөйлеу түрі. Монолог тек қана ауызша сөйлеу ыңғайында бола бермей, жазбаша түрде де кездеседі. Екі жағдайда да (ауызша және жазбаша) негізгі ерекшелігі – бір адамның сөйлеуі немесе бір адамның ойы [10, 279].

Диалог (грек. сөйлесу, әңгімелесу) – екі адамның тіл қатысуы. Диалогке қатынасушы адамдардың сұрақ-жауап немесе, керісінше, жауап-сұрақ түріндегі сөздері жағдайға және сол диалогтің алдында немесе одан кейін айтылған сөйлемдерге байланысты. Диалог ауызекі сөйлеу тілінде де, көркем әдебиет шығармасында да көп кездеседі [10, 96].

Мәтін атауы, жоғарыда аталғандай, сөйлеудің сан алуан формаларында пайдаланыла алады. Сонымен қатар мәтін лингвистикасында бұл терминді макро және микро мәтіндерді бейнелеу мақсатында да қолдану үрдісі айқындалған. Бірақ ғалымдардың көпшілігі мәтін деп белгілі бір тәртіппен құрылған, ұйымдасқан сөйлеуді таниды. Яғни, жүйелі байланыстардың нәтижесінде құрылатын мәтіннің берілу жолдары да сан алуан болады. Осыған орай мәтін жазбаша әрі ауызша формада, монолог әрі диалог түрінде кездеседі және кез келген мәтін қандай формада көрінсе де, қатысым қызметін атқарып, хабарды жіберуші (адресант) мен хабарды қабылдаушының (адресат) бірлігінен тұрады.

Қазақ тіл білімінің атасы – Ахмет Байтұрсынұлы мәтінді шығарма сөз деп көрсетіп, сөйлеудің бірлігі ретінде қарастырады. Осы орайда, ғалым: “Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып шығарма деп айтылады. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі шығарма болады”, – деп айтқан [13,344]. А.Байтұрсынұлы мәтіннің (шығарманың) тақырыптан, ал мәтін (шығарма) мазмұнының үш мүшеден, демек, аңдату, мазмұндау, қорытудан тұратындығын түсіндірген. Мәтіннің қатысымдық қызметін тудыруға қатысатын айтушы ойының өзге үшін бағытталатынын алғашқылардың бірі болып атап көрсетеді.

Қ.Жұбановтың еңбектерінде қазіргі тіл біліміндегі терминдік атаулармен берілмесе де, мәтін мәселесі жайлы пікірлердің кездесетіндігі анық сөз болады. Мысалы, Қ.Жұбанов мәтінді сөз деп таниды. Ғалымның мәтін жайлы ой-пікірлері тілдің күнделікті қолданыстағы қызметіндегі ерекшеліктерінен пайда болатындығы айқындалады. Мәтін қарым-қатынасты жүзеге асырудың бірден-бір құралы деп түсінген ғалым мәтіннің ауызша және жазбаша түрлерін бөліп көрсетіп, олардың өзгешеліктерін де байқайды. Бұл туралы Қ.Жұбанов: “Сөз бұйымын дұрыс жасап шығу үшін оның жасалу жолын білу – жазылатын сөзге ала-бөле қарау. Өйткені ауызекі сөйленетін сөздің андай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар, – деп, паралингвистикалық зерттеу нысанасы ым-ишара секілді кинестикалық амал-тәсілдерді т.б. атап көрсетеді де, ойын былайша сабақтайды:” – Жазулы сөзде бұл кемшіліктердің бірі де жоқ. Кітаптың сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады; қалай оқылса, солай түсініледі, немесе түсініксіз күйімен қалып қояды. ... Сондықтан, әсіресе, жазылатын сөздің қалай құру тетігін білу өте қажет” [14,148]. Бұдан біздер ғалымның мәтінді жүйелілік сипаты бар құбылыс деп түсінгендігін көреміз. Бұл көтерілген мәселелер сол кезде мәтін лингвистикасының ауқымында қарастырылмаса да, қазірдің өзінде тіл білімінің осы саласы үшін өзекті, әрі құнды.

Қорыта келгенде, оқушылардың жазбаша тілін дамыта оқыту үшін, ең біріншіден, олардың мәтін жөнінде білімін, түсінігін, мәтіннің құрылымдық ерекшелігі жайлы біліктілігін қалыптастыру қажет.

Мәтіннің негізгі белгілерін анықтауда ғалымдардың пікірлері түрліше. Біреулер ауызша және жазбаша сөйлеу формаларын мәтін деп атаса, көпшілігі тек жазбаша сөйлеу нәтижесін мәтінге жатқызады. Алайда, мәтіннің мүшеленуі (бөлшектенуі), мағыналық тұтастық және құрылымдық байланыс сияқты белгілерін барлық зерттеушілер мақұлдайды. Мәселен, Г.Смағұлова мәтіннің белгілі бір құрамнан тұратынын айта келіп: «Мәтін – тіл жүйесіндегі өзінің мәні мен болмысына сай, сөйлемдердің жай ғана тізбегі емес, мағыналық – құрылымдық күрделі тұлға. Ол – логикалық, грамматикалық, байланыстарға негізделген, тиянақты мазмұнға ие біртұтас қарым-қатынас бірлігі», – деп анықтайды [15,96].

Тіл ғылымында қазіргі кезге дейін зерттеу нысаны болып жүрген сөз, сөз тіркесі, сөйлем, морфологиялық, лексикалық тұлғалар, фонетикалық құбылыстар – мәтіннің құрамына кіретін тілдік бірліктер. Осы орайда қарағанда қазіргі қазақ тілі білімінде мәтінді құрылымдық, мағыналық, қызметтік жағынан жан-жақты зерттеу әлі де кенжелеп келе жатқан өте маңызды мәселелердің бірі екенін мойындамасқа болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Тураева З.Я. Лингвистика текста (текст: структура и семантика). – Москва: Просвещение, 1986. – С. 127.
- 2 Новиков А.И. Семантика текста и ее формализация. – Москва: Наука, 1983. – С. 215.
- 3 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. 2-е. Изд. – Москва: Искусство, 1986. – С.445
- 4 Колшанский Г.В. Контекстная семантика. – Москва: Наука, 1980. – С. 152.
- 5 Сусов И.П. О двух путях исследования содержания текста // Значение и смысл речевых образований. Межвузовский тематический сборник. – Калинин, 1979. – С. 90-103.
- 6 Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – Москва: Наука, 1981. – С. 139.
- 7 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі (Оқу құралы). – Алматы:Б.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 2000. – 208 б.
- 8 Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 215 б.
- 9 Жубанов А.К. Основные принципы формализации содержания казахского текста. – Алматы, 2002. – С.250.
- 10 Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.
- 11 Текст // Языкознание. БЭС. – Москва, 1998. – С. 507.
- 12 Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.
- 13 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. –Алматы,1998. –362 б.
- 14 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. –360 б.
- 15 Смағұлова Г.Н. Мәтін лингвистикасы. Оқу құралы. –Алматы:Қазақ университеті, 2002. – 112 б.

ОӘЖ 378,1.147

ИСКАКОВА ГУЛГУЛ ЖЕНИСОВНА
ШАЛАБАЙ БЕРДІБАЙ

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,
Көкшетау, Қазақстан
g.ristina@mail.ru

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ АВТОР МОДАЛДЫЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕ

Аннотация: мақалада автор модалдылығы мәтіннің негізгі категорияларының бірі ретінде қаралады. "Автор бейнесі", "субъектілік модалдылық", "автор модалдылығы" терминдердің ара-қатынасы мен ерекшеліктері жайлы сөз қозғалады. Көркем мәтіндегі субъект категориясының мәтінтүзушілік қызметіне, мәтін астарының имплицитті-коммуникативтік сипатына талдау жасау мәтінтүзімнің коммуникативтік-прагматикалық аспектісін айқындауға көмектеседі. Көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық сипатын айқындауда автор сөзі мен кейіпкер сөзінің, композициялық

баяндау формаларының коммуникативтік-прагматикалық қызметіне талдау жасаудың мәні зор.

Тірек сөздер: модалдылық категориясы, субъективтік модалдылық, автор модалдылығы, идиостиль.

Мәтіннің тілдік ұйымдастырылуын зерттеу, яғни мәтіннің негізгі бірліктерін, баяндау тәсілдерін анықтаудың маңызы зор. Егер мәтін құру мен қабылдауға қатысты негізгі ұғымдардың бірін назардан тыс қалдырсақ, зерттеуіміз толық және діндеген мақсатымызға сай болмайды. Ол – мәтіннің барлық бірліктерін біртұтас мағыналық және құрылымдық тұтастыққа бекітетін авторлық модалдылық ұғымы болып табылады.

Тілдік модалдылық тіл біліміндегі зерттеудің ұзақ уақыт бойы нысаны болып келеді. Модалдылық категориясы тілдің әмбебап құбылысы болып табылады. Ол тілдің түрлі деңгейлерінде (морфологиялық, синтаксистық және интонация арқылы) көрініс табады. Бұл категория күмәнсіз мәтін сипаттамасында да көрініс табады. Модалдылықты жүзеге асыру аспектілерін зерттеумен көптеген ғалымдар айналысқан. Сондай тілші ғалымдардың арасында А.В.Бондарко, В.Г.Адмони, Е.В.Пугачева, Д.А.Парамонова және тағы басқаларды атап кетуге болады.

Модалдылық категориясы сөйлеушінің айтылған ойдың мазмұнына (субъективті модалдылық) қатынасын және оның шындыққа (объективті модалдылық) қатынасын білдіретін санат ретінде анықталады.

Модалдылық категориясы әр түрлі лексикалық, грамматикалық тәсілдер арқылы беріледі. Модалдылықтың тілдегі көріністерін айқындайтын тәсілдерге рай, жақ, шақ түрлері, сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі, кейбір шылау, модаль сөздер, демеуліктер, сөйлем типтері, интонация жатады. Модалдылық категориясы объективтік және субъективтік деп бөлінеді.

Объективтік модалдылық сөйлемде предикативтілікпен өте тығыз бірлікте көрініп, сөйлем мазмұнының шындыққа (реальды-ирреальды) қатысын сөйлеуші тарапынан жүзеге асырады. Сөйлеуші өз сөзін объективтік шындыққа көзқарасы негізінде құрайды. Модалдылық категориясы мен предикативтілік тығыз байланысты болғанымен, олардың өздеріне тән өзгешеліктері бар. Предикативтілік сөйлемнің мағыналық топтарға бөлінуіне әсер етпейді, ал модалдылық – сөйлемнің типтік жағынан түрленуіне әсер ететін құбылыс. Объективтік модалдылықты білдіретін тәсілдердің бірі — етістіктің рай категориясы. Рай категориясы синтетикалық және аналитикалық формалар арқылы беріледі (барғайсың, барсам екен, барғым келеді).

Модалдылық пен рай категориясы өзара байланысты болумен бірге өзіндік ерекшеліктері бар дербес категориялар деп танылады. Сөйлемнің модалдылығы мен райдың модалдылығы бір емес. Сөйлемнің модалдылығы айтылған пікірдің барлық жағына қатысты болса, райдың модалдылығы етістік баяндауышқа қатысты болады да, сөйлемнің модалды болуына әсер етеді. Рай, шақ және жақ формалары тығыз бірлікте келеді. Сөйлемнің мазмұны барлық уақытта жаққа қатысты іс-әрекетті шаққа байланысты көрсеткенде ғана ол объективтік шындыққа сай ретінде көрінеді.

Субъективтік модалдылық сөйлеушінің сөйлем мазмұнына әр түрлі жеке көзқарасын білдіреді. Субъективті модалдылық жасайтын тәсілдерге демеуліктер, модаль сөздер жатады [1].

Көркем мәтіндегі субъект категориясының мәтінтүзушілік қызметіне, мәтін астарының имплицитті-коммуникативтік сипатына талдау жасау мәтінтүзімнің коммуникативтік-прагматикалық аспектісін айқындауға көмектеседі. Көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық сипатын айқындауда автор сөзі мен кейіпкер сөзінің, композициялық баяндау формаларының коммуникативтік-прагматикалық қызметіне талдау жасаудың мәні зор. Осы орайда, "мәтін модалдылығы", "автор модалдылығы", "субъективтік модалдылық" категориялары жайлы сөз қозғап, ара жігін ажыратып алудың маңызы зор.

Тұңғыш рет "мәтін модалдылығы" категориясын И. Р. Гальперин енгізгені белгілі. Ол "мәтін модалдылығы" категориясының мәнін бірқатар белгілер арқылы көрсеткен: субъективтілік, мәтінде ол грамматикалық емес, функционалдық-семантикалық сипатқа ие, мәтіннің әр түрлі фрагменттерінде әркелкі келіп, кейіпкерлердің сипаттамасы арқылы берілуі, мәтінді бөліктерге бөлуде, автордың сентенциясы, мәтіннің жекелеген бөліктерін өзектендіру және т.б. арқылы көрінеді [2, 115]. Сондықтан мәтіннің модалдылығына арналған жұмыстардың көпшілігінде "авторлық модалдылық" және "субъективті модалдылық" ұғымдары негізгі болып табылатыны әбден заңды.

Ғылыми әдебиетте авторлық модалдылық терминінің пайда болуы ең алдымен Л.Г.Барлас [3], В.А.Кухаренко [4], М.И.Откупщикова [5] сияқты ғалымдардың жұмыстарымен байланысты, алайда аталған терминнің мазмұндық көлемі әлі күнге дейін айқындалмаған. Десек те, аталған ғалымдардың зерттеулері авторлық модалдылық терминін екі жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Яғни "авторлық модалдылық" термині тар мағынада "автордың интенциясын жүзеге асыру ретінде қарастырылады" [6, 11]. Бұлай талдаудың бір кемшілігі "авторлық модалдылық" терминін "автор бейнесімен" байланыстырып қарау арқылы мәтін мазмұнын бағалаудың барлық түрлерін, оның ішінде көркемдік, модалдық (автор бейнесі құрылымындағы интенционалды, эмотивті мағыналарын) және экстенционалды(мәтін мазмұны арқылы оқырман санасына енетін эмотивті мағыналар) толық көлемде қамти алмайды.

Лингвист-ғалымдар тұрғысынан "авторлық модалдылық" терминін кең мағынада қарастыру анағұрлым өнімді екенін атап өткен жөн. Кең мағынада "авторлық модалдылық" көпжоспарлы категория ретінде түсіндіріледі, автор бейнесімен ғана шектелмей, мәтіннің барлық деңгейлері арқылы қалыптасатын кейіпкер бейнесін және синтаксистік құрылымын қамтиды [7, 29].

Алайда, әлі күнге дейін ғалымдар "авторлық модалдылық" пен "субъективті модалдылық" терминдерінің ара-жігін ажыратуда пікірлері тоғыса бермейді. Тіпті кейбір зерттеушілер аталған терминдердің айырмашылығы жоқ дегенге сайып, субъективті модалдылық терминін пайдалануды жөн көреді.

Десек те, аталған терминдердің айырмашылықтары айтарлықтай айқын, өйткені субъективтік модалдылық, авторлық модалдылыққа қарағанда, тек мәтінде ғана емес, сонымен қатар сөйлем-пікір деңгейінде де іске асырылады, субъектінің (сөйлеушінің) қандай да бір сипатталатын жағдайға (мүмкіндік, ықтималдылық, нақтылық және т.б. жағдайлары) қатынасын белгілі бір тілдік құралдардың жиынтығы (оқшау сөздер мен сөз тіркестері, оқшауланған конструкциялары және т. б.) арқылы субъективті реңкпен объективті-модалды мәндерді бере алады. Салыстырайық: "Мен, әрине, бұл романды оқып шығамын", "Ол менің туған күніме келетін шығар", "Ол, мүмкін, бұл оқиғаны ұмытар", "Жаңбыр болатын сияқты". Сонымен қатар, объективті-модалды мәндердің өзі, ең алдымен модалды етістіктер мен предикативтердің(қалау, қажет, керек және т.б.) көмегімен әрекет пен әрекет субъектісі арасындағы қарым-қатынаста жүзеге асырылатын жағдаяттық модалдылық мәндерді(мүмкіндіктер, қажеттілік, ниет) көрсетеді [8, 215]. Егер іс-әрекет субъектісі бірінші жақта айтылса, субъективтіліктің реңкі айқын байқалады. Салыстырайық: "Мен бұл жұмысты мерзімінде орындауға тиіспін", "Мен жиналыста сөйлегім келеді", "Мен оған болған жағдай туралы айтып беруге міндеттімін" және т. б.

Тұтас мәтін қарастырылған жағдайда бұл мәндер субъективті-бағалаушытық сипатқа ие болады. Демек, авторлық модалдылық категориясы автордың жеке ерекшеліктерімен, оның эмоциялық-этикалық өзгешелігімен, аксиологиялық көзқарастарымен, әрі авторлық бағалаумен анықталады. Егер И.Р.Гальперин ұсынған мәтіндік ақпараттың типологиясына сүйенсек, ғалым аталған терминді былайша түсіндіреді: "мазмұндық-деректік ақпарат құралдары сипатталған құбылыстар арасындағы қарым-қатынастарды жеке-автор тұрғысынан түсінуі, олардың себеп-салдарлық байланыстарын түсінуі, олардың халықтың әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өміріндегі маңыздылығын, жекелеген

тұлғалар арасындағы қарым-қатынасты, олардың күрделі психологиялық және эстетикалық-танымдық өзара әрекеттесуін автор тарапынан түсінуі" [2, 28].

Н.С.Валгина «Мәтін теориясы» кітабында авторлық модалдылықты барлық мәтіннің бірліктерін біртұтас мәнді және құрылымды тұтастыққа бекітетін «мәтінді құру мен мәтінді қабылдаудың ең маңызды элементі» деп атайды [9, 67].

Мәтіннің модалдылығы – мәтінде автордың хабарланатын ақпаратқа қарым-қатынасының, оның тұжырымдамасының, көзқарасының, ұстанымының, оның құндылықтар бағдарының, оқырманға хабарлау үшін тұжырымдалған өрнегі. Мәтінге берілетін авторлық бағалау әрқашан ойды жеткізудің тиімді тәсілдерін іздестірумен тығыз байланысты. Бұл қарым-қатынасты білдіру және бағалау тәсілдері әр автор үшін әр түрлі, өйткені оқырманға мәтін арқылы жеткізілетін ойды беру тәсілдерінің мақсаты, бағыты әр түрлі. Жалпы модалдылық автордың мәтіндегі ақпаратқа қарым-қатынасының көрінісі ретінде мәтінді жеке бірліктердің жиынтығы ретінде емес, тұтас шығарма ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Мұндай қабылдау жекелеген сөйлеу бірліктерінің сапасына емес, олардың тұтас мәтіндегі функцияларын анықтауға негізделеді.

Мәтінді тек тақырыптың формальды ұйымдастырылуы, тақырыптық, грамматикалық тізбектер (пікір тіркесімі) ретінде қарастыруға болмайды. Мәтін шын мәнінде осы тізбектерден тұрады, бірақ оның құрылымы мыналарды қамтиды: мәтін белгілі бір мақсатты көздейтін мазмұндық элементтерден тұратын тұтас құрылымы, автордың интенциясын, автордың қарым-қатынас шарттарын және жеке бағдарын, яғни ғылыми, зияткерлік, қоғамдық, адамгершілік, эстетикалық және т. б. ескеретін формальды және мазмұндық элементтердің бірлігі.

Модалдылық категориясымен "автордың бейнесі" ұғымы тығыз байланысты. Бұл ұғым филология ғылымына бұрыннан белгілі. Әсіресе, XX ғасырдың 30 жылдары В.В.Виноградов аталған терминнің мәнін ашуға көп көңіл бөлді. "Автор бейнесі" ұғымын толық ашу үшін "сөйлеуші", "баяндау субъектісі" сияқты ұғымдарды нақтылап, ара-жігін ажыратып алу қажет.

Сөйлеуші (сөз өндірушісі) – баяндау субъектісі – автор бейнесі – мұндай иерархиялық жіктелу "автор бейнесі" ұғымын жан-жақты түсінуге көмектеседі. Берілген қатардағы бірінші ұғым – сөйлеуші жайлы ғылымда нақты түсінік қалыптасқан. Әрбір мәтін, көркем шығарма белгілі бір нақты тұлғаның туындысы. Кез келген газеттегі мақала, очерк, фельетон; кез келген ғылыми еңбектің, сондай-ақ көркем шығарманың авторы болады немесе қосалқы авторлары да болуы мүмкін. Алайда, нақты автор шығарманы жазуға кірісерде белгілі бір мақсатты көздейді, не біреуден тапсырма алады (мысалы, газет тілшісі).

Осы сәттен бастап шығармашылық жұмыс басталады: тапсырма бойынша берілген материалды жарыққа шығару үшін автор оған сәйкес пішінін (сана-сезімде, қиялда қалыптасқан идеялар, мазмұндар), яғни осы материалды ұсыну нысанын іздейді. Қалай жазу керек? деген сауал туады. Шығарма автордың жеке қасиеттері, өмірлік қағидаттарынан бастау алғанмен, автор өзін жасыруға, көрсетпеуге тырысады. Мысалы, алдыңғы қатарлы журналист өзінің жазбасын автор атынан емес, редакция мүддесінің тарапынан ұйымдастыруы тиіс. Жазған мәтінінен ол өзін шеттету үшін "біз" есімдігін қолданады (біз ұсынамыз, біздің пікірімізше және т.б.) немесе сипатталған тұлғаға қатынасын жақсыз формада беруге тырысады. Бұлай жасау автор, яғни мәтін құрастырушысының көзқарасы бойынша, айтылған пікірдің объективтілік дәрежесін күшейтеді. Бірқатар ғалымдар өз шығармасында жасырынбай, бірінші жақтан баяндап, өз пікіріне оппонент іздейді.

Тіпті кез келген ресми құжаттың тікелей құрастырушысы бар, алайда ол мәтінді баяндауда өз мәтінінен толығымен шеттетілген. Осылайша, материалды ұсыну нысаны арқылы баяндау субъектісі құрылады, яғни тікелей "мен", ұжымдық автор, шеттетілген автор және т.б.

Шығарманың тікелей авторы (мәтін субъектісі) өз мәтінінде бірде автор-баяндаушы, бірде автор-сипаттаушы, бірде автор-хабарлаушы және т.б. болады. "Авторлық нысан" әрқашан көп ізденісті қажет ететін категория болып табылады. Кейбір жағдайларда бұл

ізденістер күрделі шығармашылық үдеріске ұласады, мысалы, көркем әдебиетте, ал басқаларында – ол көбінесе жанр және мәтін түрі арқылы анықталады. Ең күрделісі – көркем шығармада баяндау субъектісін ұсыну. Өйткені бұл жерде сөз тудырушы, яғни нақты автор (жазушы) өзі таңдаған өмірлік материалын оқырманға жеткізудің ең тиімді, сенімді тәсілдерін іздейді, әрі оқиғаға өзінің адамгершілік көзқарасы, әлемнің көрінісі, өзінің қиялы сияқты ұғымдарды бір жерге тоғыстыру қажет.

Авторлық модалдылық – автордың тілдік тұлға ретінде әлемнің тілдік бейнесін жасаушы, яғни мәтін құрастырушы семантикалық категория. Авторлық модалдылықты зерттеуде жазушының идиостили сияқты негізгі мәтіндік категорияға жүгінуге тура келеді, өйткені автордың тілдік тұлға ретінде әлемнің тілдік бейнесі оның шығармаларының тілі арқылы көрініс табады. Авторлық модалдылық шығарманың мазмұндық-концептуалды ақпаратында көрініс тауып, автордың өзіне ғана тән ерекшеліктерін, жазу стилінің ерекшеліктерін қалыптастырады, өйткені стиль форма ретінде әрқашан мазмұнмен, оның ішкі мағынасымен тығыз байланысты. Осылайша, жалпы авторлық модалдылық және идиостиль категорияларының қатынастарын мәтін құрылымындағы мазмұндық және формальды қабаттардың арақатынасы ретінде белгілеу заңды болып табылады.

Авторлық модалдылықты жүзеге асыру құралдары ретінде автор шығармасының тілін сипаттайтын идиостилистикалық ерекшеліктер кешенін атауға болады. Осылайша, "авторлық модалдылық" және "идиостиль" категорияларын мәтін құрылымындағы мазмұндық және формальды қабаттар ретінде қабылдауға болады.

Тілші-ғалым О.Е.Вихрян авторлық модалдылық құрылымында үш деңгейді ажыратып көрсетеді: ментальді-идеологиялық, композициялық және лексикалық-грамматикалық.

Осы деңгейлердің арақатынасы олардың компоненттерінің байланысына қатысты. Ментальды-идеологиялық деңгейдегі компоненттер (бейнелер, идеялар, семантикалық өрістер, семантикалық доминанттар) авторлық модалдылықтың мазмұнды қабатын білдіретін композициялық (қайталаулар, сақиналық композиция және т.б.) және лексикалық-грамматикалық (коннотативті семантикасы бар лексемалар, модальды модификаторлар) деңгейлердің формальды құралдары болып табылатын компоненттерімен ажыратылады [10, 81].

Көркем шығармалар тіліндегі авторлық модалдылық мәтіннің лексикалық-грамматикалық және композициялық деңгейлерінің элементтері арқылы жүзеге асырылады, сондай-ақ бейнелер, тақырыптар, авторлық идеялар мен концептілер сияқты мәтінді қабылдау нәтижесінде анықталатын прагматика-идеологиялық бірліктерде көрсетіледі. Бұл жағдай авторлық модалдылықты кең, көп қырлы және көп деңгейлі категория ретінде сипаттайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. –509 б.
- 2 Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. –М., 1981.
- 3 Барлас Л.Г. Источники текстовой выразительности//Проблемы экспрессивной стилистики. –Ростов н/Д, 1987.
- 4 Кухаренко В.А. Интерпретация текста. – М., 1988.
- 5 Откупщикова М.И. Синтаксис связного текста. – Л., 1988.
- 6 Стратийчук Е.Ю. Персональность как текстообразующая категория художественного текста: на материале русского и английского языков: автореф. дис. канд. филол. наук. – Ростов н/Д, 2006.
- 7 Маркова Н.А. Прагматические особенности художественного текста//Принципы изучения художественного текста: сб. науч. тр. – Саратов, 1992.
- 8 Русская грамматика: в 2 т. –М., 1980.
- 9 Валгина Н.С. Теория текста. –М., 2004.
- 10 Вихрян О.Е. Языковые средства выражения авторской модальности в романе И.А.Бунина «Жизнь Арсеньева»: автореф. дис. канд. филол. наук. –М., 1990.

МЕТАФОРALARДЫҢ КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ ОРНЫ

Аннотация: тілдің көркемдігін арттыруда метафораның қызметі маңызды. Метафора уақыт пен кеңістікте, тілдік құрылым мен қолданыста көрінеді. Метафора қызметінің екі түрі: біріншісі, оның объектіге атау болуы; екіншісі, көркем сөзді қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады. Тіл бірліктерінің жасалуында бейнелілік басты рөл атқаратындығы сөз етіледі. Ғалымдардың метафораның когнитивтік лингвистикадағы орны жайлы сөз қозғаған еңбектері зерделенеді. Метафораның алуан түрлілігі, танымдық қызметі жайлы айтылады.

Тірек сөздер: метафора, парадигма, метафоралану, когнитивтік лингвистика, онтологиялық метафора, таным, фрейм, концептуалдық метафора.

Әрбір ұлттың, халықты танудың кілті, мәдениет ескерткіші – өзінің ана тілі. Сондықтан да тіл – осы тілде сөйлеуші халықтардың түсінісу, пікір алысу құралы ғана емес, тіл – халықтың рухани көзін біріктіруші қуат.

Қазақ лингвистикасының елеулі мәселелерінің бірі тілдің ғасырлар бойы табиғи даму процесінде оның ішкі даму заңдылықтары арқылы қалыптасқан жүйелілігіне сүйену, сөйтіп жалпыхалықтық сипат алған, өмірге қажет сөз үлгілерін сұрыптап алу.

Метафоралар да қазіргі кезде антропорталықты ғылыми парадигманың ішіне енуде. Өйткені метафоралы ойлау – нысаналар арасындағы логиканы қатар орнататын шығармашылық потенция.

Метафора және метафоралану – «сөз мағынасының ауысуы». Метафора – тұжырымдау мен танудың бір үлгісі. Ол – жаңа ұғымдарды жасай отырып, жаңа білімнің қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Тілдің дәстүрлі теориясында метафора ойдың емес, тілдің ғана құбылысы деп танылып келеді. Когнитивистер алғашқылар қатарында метафораның әлемдік бейнені танудағы, оның концептуалды сипатын айқындаудағы қызметін сұрыптаған ғалымдар қатарында М.Реддидің есімін атаған орынды деп есептейді. Осы ғалымның зерттеуінен бастап, метафораның зерттелу аясы кеңейіп, адамның ұқсату әрекеті тек салыстыру мақсатында ғана емес, әсер ету, шынайы болмысты өзгеше қабылдау бағытында да ұғынылды деп көрсетеді. Бүгінгі күні метафора танымдық құрылғы ретінде ғана емес, абстрактылы ұғымдарды нақтылауға көмектесетін құрал есебінде қарастырылып, қоршаған әлемді танудың, ол туралы тұжырымдаудың нақты көрінісі, амал-тәсілі тұрғысынан сипатталып отыр, сондықтан тілшілер когнитивтік метафораның шығу тегін адамдардың әр түрлі тұлғалар мен объектілер арасындағы ұқсастықтарды құрастыра білу қабілетінен өрбітеді [1, 281].

Бір ұғым бір объектінің екінші объект арқылы сипатталуымен ерекшеленетіндіктен, ғалымдар оны жекелеген құбылыстар табиғатынан гөрі күрделі ой кеңістігіне сәйкестендіре зерделейді, олар танымдық үдерісте орын алатын ой-қорытындылар метафора арқылы бір-бірімен байланысқа түсе келе, нақты және абстрактылы бірліктердің үйлесу заңдылықтарын саралауға септігін тигізеді.

Ойлау жүйесінде құрылған метафораның танымдық қызметін білумен қатар, қазіргі тіл ғылымында оны «абстрактылы тұжырымдарды саналы түрде қабылдаудың тәсілі, абстрактылы ойлауға мүмкіндік беретін механизм» ретінде қарастыру керектігіне өзгеше мән берілуде [1, 282].

Когнитивистер «адам ойлайтын, әрекет ететін жүйе табиғатынан метафоралық күйде болатындықтан, метафоралық таным адамның күнделікті өмірінде тек тілге ғана емес, оның ойы мен әрекетінде де әсер етіп, толығымен кірігіп кеткен» дейді. Осы мақсатта

ғалымдардың когнитивтік лингвистикадағы орнын анықтап, Э.Оразалиева өзінің монографиясында метафораның келесі түрлерін бөліп көрсетеді:

- онтологиялық метафора – эмоцияны, оқиғаларды, әрекеттер тізбегін белгілі бір зат немесе субстанция ретінде қарастырудың амалы. Когнитивті терминдер сөздігінде оған «абстрактылы ұғымдардың кеңістіктегі шекарасын анықтау» деген анықтама берілген [2,56].

- бағдарлы метафора – бір-біріне қатысты дәрежеде ғана айқындалатын әрі кеңістіктегі бағдарға негізделген тұжырымдар жүйесі, мұнда «жоғары – төмен, іші – сырты, терең – таяз, орталық – шеткі» сияқты қарсылықты ұғымдар қолданылады. Айталық, ағылшын тілінде жақсы атаулының барлығы жоғары деңгейдегі көрсеткішті құрайды: денсаулық, бақыт, сана; ал оның қарсы мағыналары төменгі деңгеймен өлшенеді; ауру, бақытсыздық, жамандық, т.б.

- концептуалдық метафора – ерекше хабарлы құрылымды құрайтын, білім туралы мәлімет беруге, оның жадыдағы көрінісін сұрыптауға мүмкіндік беретін амалдардың бірі.

Аталған метафоралардың әрқайсысы образ нысанын құрайтын ұғымдар мен олардың ара қатынасындағы ұқсастықтарға ие болмаса, баламаларға негізделе жасалатындықтан, когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде оның қосымша тағы төрт түрі аталады. Олар:

- құрылымдық метафора;
- хабарды жеткізу құралы ретіндегі метафора;
- «контейнерлік» метафора.

Бірінші жағдайда әр түрлі салаларға қатысы бар объектілер туралы тұжырымдау, оларды бір-біріне ауыстыру әрекеті жүзеге асса, екінші кезекте аталмыш ұғым қатысымдық негізде сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы тілдік құрылымды толықтыратын «мағыналар қозғалысы» ретінде танылады. Үшіншіден, «контейнер» ұғымының өзі білдіріп тұрғандай, жаңа мағыналар тізбегінің «контейнерлерді», яғни нақты тілдік бірліктерді толтыруы негізге алынады. Ал соңғы өзгешелік сөйлесім әрекетінің көлемді мағыналық бірліктерін кіші мағыналар қосындысынан жинақтау арқылы жасалады [2, 56].

Ғалымдар келтірілген метафоралардың ішінде кеңінен қолданылып жүрген түріне концептуалды метафораны жатқызады. Олар әр түрлі екі саланың, яғни нақты және абстрактылы ұғымдардың байланысына негізделген, сезім арқылы қалыптасатын тәжірибеден абстрактылы құбылыстарға бағытталған бұл процесті адамның ментальды жүйесіндегі өзгешелігі арқылы әрі сол ойдың ұсынылу үлгісіндегі әркелкі сипаты негізінде дәйектеп түсіндіреді. Нәтижесінде бір тұжырым арқылы бір-бірінен ерекшеленетін алуан түрлі мағынадағы метафоралар жасалуы мүмкін.

Мысалы, қазақ тіліне тән изафеттік құрылыстағы анықтауыштық сөз тіркесі - матасқан метафоралар көп кездеседі: *көкірек, көңіл көзі, көңілдің тоты, халық тізгіні, жұрт тізгіні, нәпсінің тілі, гашықтық оты, гашықтық дерті, жер желіні, ғылым шамы, адамзаттың мәуесі, таңның құзғыны, күннің шырағы*, олар әр алуан мағынаны дәйектеп түсіндіреді.

Құзғыны ұшты таңның алауланып,

Шырағы күннің шықты жерден жанып...

(Мұса Байзақов, "Ұры мен жолбарыс").

Метафоралар әлем туралы тұжырымдауға көмектесе отырып, әр түрлі құбылыстар мен заттар арасындағы ұқсастықтарды дәйектеуге, соның негізінде жиналған білім мен тәжірибені бір саладан екінші салаға ауыстыра қолдана білуге мүмкіндік береді, сондықтан оның табиғатын ғалымдар «когнитивтік санадағы логикалық операциялардың динамикалық көрінісі, ой тудыру моделі» деген анықтама негізінде түсіндіре талдайды [3, 25].

Көптеген тұжырымдар, ойлар сезімге негізделеді, олар көбіне метафора арқылы көрініс табады. Сол себепті көзге көрінетін әлем туралы деректерді метафораның көмегімен көзге көрінбейтін ұғымдарға ауыстыруға болады. Өйткені тек образ ғана кез келген ой түйінін артық сөзсіз, нақты сипаттай алады.

Әр метафоралы қолданыс сөздер мен мағыналардың таңданарлық тіркесін құраумен бірге, хабар берудің де, мәлімет жеткізудің де ерекше тәсілі бола алады. Сондықтан когнитивистер оны адамға тән ұғымдық жүйенің маңызды бөлігі, ойлау әрекетінің ажырамас көрсеткіші және лексикалық қорды толықтыру амалы деп айқындайды. Метафоралану

процесі адамның бойындағы образды ойлауға, оның шығармашылық қабілетіне тікелей қатысты болғандықтан, адам бейтаныс әлемді қабылдап қана қоймайды, сонымен қатар нақты және абстрактылы объектілер арасындағы ортақтық белгілерді есепке ала отырып, әр алуан сезім мүшелері арқылы заттарды танып айқындау мүмкіндігіне де ие болады. Демек, метафоралану кездейсоқ жүзеге асатын үдеріс емес, ол белгілі бір объективті және субъективті заңдылықтар мен факторларға бағынған өзгешелік болып табылады. Концептуалды метафора өзіне қажет материал мен дереккөздерін көпшілікке танымал салалардан, мағыналардан ала алады, сол арқылы оның өз ұстанымдары мен қағидалары қалыптасады.

Метафора қажеттілігін өтеудегі белсенділігі тілдік жүйеде байқалады. Метафораның тілдік сипаты туралы Б.Қасым: «Тілдік метафоралар – туынды сөздерде метафоралық қасиеттер күңгірттеніп, соның нәтижесінде жаңа лексемалардың пайда болуы. Метафора аталым тұрғысынан бейнелілік қасиетінен өтіп, тек ұғымға атау беру қызметіне көшеді», - дейді [4, 65]. Метафораның басты шарты – ұқсатудың заттың сан қырлы белгілеріне: түр, түс, пішін, көлем, қасиет, қызметке негізделетіні де тілші еңбектерінде айтылады.

Метафора қызметін ұлттық танымдық болмысымен де байланыстыра саралау мүмкіндігі мол. Бірқатар сөз жекеше тұлғада тұрып-ақ көптік ұғымды білдіре алады. Нұртуғанның «Қарасай-Қази» дастанында: Қалипаның Қарасайға айтқаны: Қарасай топырақ жасын берсін саған, Жеткерсін жаратқан хақ талабыңнан! – деп жырлайды. Мұндағы «топырақ жасы» тіркесі көптік категорияда қолданылып, адамзаттың өмір жасымен байланыстырып, танымдық метафора жасап тұр. Жан лексемасы танымдық метафораларды жасауда өте белсенді. Жанайқай, жанкүйер, жаназа, жансерік, жансарай атауларының жасалуында құрастырушы сыңарлардың астарындағы пайым, түсінік өзге бір жаңа ұғымдарды тудыруға арқау болған. Мағына жүгін арқалаушы «жан» ішкі дүние, дем беруші рухани күш ретінде өзге сөздермен тіркесе отырып метафораланған. Мысалы: ішкі рухани дүние жансарайы аталымында рухани дүние «әсем де салтанатты, ерекше ғимарат, зәулім» сәулет ескерткіші сараймен ассоциациялы ұқсатылады. Ал, жансауға тілдік бірлігінде сауға сөзінің сөздіктегі лексикалық мағыналары «а) соғыстан түскен олжадан не ауланған аңнан берілетін сый; ә) араша мағынасында» [5, 716].

Прагматикалық мақсатта қолданылған метафоралар экспрессиялығымен, бағалауыштығымен ерекшеленеді. Бірліктердің бейнелілігі тіл қолданушының бағалауынан метафоралы қолданылатын аталымдар әр түрлі көңіл күйде, мақсатта жұмсалады. Тілдік қолданыста, әсіресе метафоралануда белгіленген стандарттан ауытқушылық көбінесе жағымсыз мағынаны тудырады. Мысалы: «Кенжеғара өзі де сол арамтамақтардан құтылуға асық еді» (Ғ.Мүсірепов). Арамтамақ аталымы жағымсыз мағыналы бірлік. Тіл қолданушыға стандартты жағдай «тамақтың адалдығына» қарама-қарсы «тамағы арам» ақпараты уәждемелік белгі ретінде адам мақсат-фрейміне ауысады.

Бейнелі бағалауыштық метафораларға экспрессиялық та тән болады. Мысалы: «Қатыны өлген қаңғыбасқа тигені несі?» деді жұрт сонда» (Ш.Мұртаза); «Үлкен ағамның үйленгеніне аттай сегіз жыл. Бір шикіөкпе дегенге зар еңірейді» (М.Мағауин). Қаңғыбас, шикіөкпе аталымдары қолданысында әртүрлі эмоциялық-экспрессиялық реңк бары байқалады.

Образдылық көбінесе сөздің өзінің тура мағынасынан көшіріп, ауыспалы мәнде жұмсауда жақсы танылады. Бұл – метафора, перифраз, аллегория, символ тәрізді амалдармен жүзеге асады. Метафора – затты не құбылысты өзіне ұқсас сөзге зат не құбылысқа балап, солардың атымен ауыстырып атау... [6, 130], - деп ғалым Р.Сыздық атап көрсеткендей, метафоралану процесінің өзі танымдық әрекеттің негізінде бұрыннан таныс сөз мағынасының ауысуы арқылы жүзеге асатындықтан, нәтижесінде әр түрлі концептуалды салалардан жинақталған құрылымға сүйенген жаңа ментальды кеңістік қалыптасып орнығады.

Бүгінгі күні когнитивтистер адамның концептуалды жүйесі оның «ойлау жүйесіне орнатылған» конвенционалды метафоралық жобалардан құралған деп есептейді, соның

арқасында адам автоматты түрде және керек кезінде оларды «сана арқылы шығарып алу қабілетіне ие болады, демек, жадыда сақталған деректер сөйлеушінің ұлттық танымының азырамас бөлшегін құрайды» деген қорытындыға келді [7, 25].

Аталған ұғымдар тіл мен танымның өзара тығыз байланысқан табиғатын сипаттаумен қатар, лингвистикалық зерттеулердің өзекті де маңызды бағыттарын жаңа қырынан талдап түсіндіруге мүмкіндік береді.

Сөздердің когнитивтік аспектіде зерттелуін интерактивті әдіс арқылы, яғни метафоралануға негіз болатын нысан мен оның екіншілік атауының арасындағы байланысты анықтау арқылы олардың табиғатын зерделеуді ұсынады. Осы әдісті пайдалана отырып, төмендегідей белгілерді анықтауға болады:

- метафоралы ойлауда басты және қосымша субъектілер болады;
- бұл субъектілерді жүйе ретінде қарастыруға болады;
- метафора механизмінде басты субъектіге ассоциациялы жасырын (имплицитті) мағына үстелінеді;

- бұл жасырын мағыналар қосымша субъектімен байланысты жалпыға белгілі ассоциациялар, ал кейбір жағдайда жеке авторларға ғана тән ассоциациялар болуы мүмкін.

- метафора көмекші субъектілердің белгілерін имплицитті (жасырын) түрде өзіне қабылдайды. Осыған сәйкес, метафора басты субъектіге тән белгілі бір қасиеттерді ерекшелеп, енді бірлерін кейін ысырады;

- бұл сөз мағынасының өзгеруіне әкеледі;

- мағына өзгеруіне қойылатын талап, ереже жоқ. Соған сәйкес метафоралардың әрқайсысы өзгешелігімен ерекшеленеді.

Метафоралар екі нысан арасында жүргізілетін әрекет ретінде танылады. Олар күнделікті өмірде жиі қолданылады. Когнитивистер метафораны когнитивтік феномен ретінде бағалайды, яғни адам өзіне етене таныс, нақты заттар арқылы дерексіз ұғымдарды ойлап шығарады. Адам ойлау қабілетінің тілге қатысты төрт ерекшелігін американ ғалымдары Дж.Лакофф пен М.Джонсон көрсетеді:

1) Адам ойлауында және танымдық жүйенің құрылуында адамның сыртқы әлемді танудағы физикалық және әлеуметтік тәжірибесі басты рөл атқарады. Осы ретте, «тәжірибені» кең көлемде, яғни тарихи, әлеуметтік, лингвистикалық параметрлерді және перцептуалды (қимыл-әрекет, қозғалыс) әрекеттерді есепке ала отырып түсіну қажет.

2) Ойлауда бейнелер арқылы метафора метонимия күнделікті тәжірибелік дәлелі жоқ ұғымдарды таңбалайды.

3) Ойлау гештальттік (құрылымдық) сипатқа ие.

4) Ойлау экологиялы, яғни қоршаған ортаны қабылдаудағы тәжірибеміз бен абстрактілі ұғымдар өзара байланысып жатады

Кез келген халықтың өмір-тіршілігі белгілі бір кеңістікте көрініс тауып, оның тілінде таңбаланады. Сондықтан сөз өзінің номинативтік функциясымен қатар, оған тән ұлттық-мәдени таңба ретіндегі танымдық қызметімен де ерекшеленеді. Сөздің дәстүрлі атауыштық қызметінен белгілі бір объект және осы объектіні сипаттайтын белгілер таңбасына ауыса алатыны бұлардың өн бойындағы экстралингвистикалық ақпараттың жоғары деңгейде шоғырлануымен түсіндіріледі. Көбіне-көп ол ұлттық-мәдени, тарихи және тағы да басқа ассоциациялардың кешенді түрде көрініс табуымен байланысты екенін когнитивистер баяндайды.

Метафора өзге тәсілдер сияқты тілдің дамуына қызмет етеді. Когнитивтік көзқарас шеңберінде метафоралану әрекеті адамның білім қорына жасаған операциялары деген пікірлерді ғалымдар келтіреді. Метафора құрылымдық үлгі ретінде қарастырылады. Ғалымдар ұсынған фреймдер мен сценарийлер туралы түсінік метафораның жасалуын түсінуге баспалдақ болады. Адамның қажетіне қарай пайдаланар ақпарат сол құрылымды еске түсіру арқылы сана қалтарысынан алынады. Метафорада жинақталған білім арасында ауысу жүргізілгендіктен, ұқсату әрекетіне қатысып тұрған нысандарды фрейм деп қарастырады. Фреймді олардың санадағы беретін ақпараттар жиынтығы ретінде тануымыз

керек. Фрейм метафораға қажет таңбаны ұсынады. Таңба ұқсастық нәтижесінде мақсат – фреймге ауысады. Бұл ауысуға себеп болатын ұқсату. Ол адамның санасындағы нысандар бейнесін елестету, еске түсіру арқылы жүзеге асады.

Мәдениет пен өркениеттің, тілдік құбылыстардың дамуы, тілдің қызметі мен мәні – бұлар қоғамдық тұрғыдан алғанда біркелкі болып көрінбеуі мүмкін. Тіл – өзіне ғана тән заңдылықтарға сүйене отырып, пайда болып дамитын таңбалардың жүйесі. Ұлттық мәдени ерекшелік сөз мағынасының өн бойында көрініс табады. Метафораларды лингвокогнитологиялық аспектіде зерттеу олардың өзара байланысын анықтауда маңызды саналады. Ұлттық мүддеге негізделген таным мен түсінікті тілдік құралдар арқылы анықтау пайымның деңгейінде жүзеге асады.

Әлемнің тілдік бейнесінде болмыс құбылыстарының дәл суреттелетіні, ал онда шындық болмыс жайлы стихиялы түрде қалыптасқан көзқарастар қарастырылатыны түсінікті. Әлемнің тілдік бейнесі екі негізгі қызмет атқарады: дүниенің ғылыми бейнесінің негізгі элементтерін білдіреді; тілдік тәсілдердің көмегімен әлемнің ғылыми бейнесін түсіндіреді. Түрлі тілдерде әлемнің тілдік бейнесі өзгеріп отырады. Бұл тек адамға ғана қатысты экспрессия, модалдық, эмоция және т.б. құбылыстар болып көрінгенімен, оны айнала қоршаған дүниенің әр ұлт өкілінің өзіне тән ерекшеліктерімен қабылдайтынын түсіндіруге болады.

Метафора – болмыстағы белгілі нысанның сыртқы не ішкі ұқсастығының болуынан атаулардың ауыспалы мағынада жұмсалуды. Сөздің мағыналық құрылымының дамуымен байланысты метафоралық құбылыстар мен олардың лебіндегі қолданысына өзгешеліктер мен айырым белгілер болатыны анық. Метафора құбылысының лебіндегі орны ерекше, мағынаны кеңейтетін, сөздердің жаңаша қолданысын туғызатын – осы тәсіл.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы және дамуы. – Алматы: Ан Арыс, 2007. – 310 б.
- 2 Краткий словарь когнитивных терминов // Под общей редакцией Е.С.Кубряковой. – Москва, 1996. – С. 245.
- 3 Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша). // Филология ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 2006. – 30.
- 4 Қасым Б. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. – Алматы: 2001. – 205 б.
- 5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 6 Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
- 7 Шаймерденова Н., Авакова Р. Язык и этнос. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – С. 248.

ӘОЖ 801.4:804.435

ҚАЖАҚПАР ӘЙГЕРІМ ЕРМЕКҚЫЗЫ

Ж.Мусин атындағы жоғары қазақ педагогикалық колледжі

Көкшетау, Қазақстан

aigera.k.e@mail.ru

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ФОНЕТИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Аннотация: қазіргі тілдік жүйеміздің негізі болып табылатын дыбыс талай кезеңдерді басынан өткізіп, дами отырып бізге жеткен. Дыбысқа қатысты жүзеге асатын әрбір өзгерістер, құбылыстар заңдылыққа айнала отырып, қазіргі түркі тілдерін дамытты. Тіліміздің фонологиялық жүйесі ұзақ уақыт бойында дами отырып қалыптасқандықтан дыбыстарға байланысты өзгерістер де сан алуан дамуды басынан кешірді. Сондықтан олардың негізгі себебін анықтау қиынға соғады. Дыбыстар сәйкестігінің бір буынды сөздерден бастап көп буынды сөздерде де, афикстер құрамында да кездесуі оның көнеден келе жатқан заңдылық екендігін дәлелдейді. Түркі тілдерінің түбі

бір болғандықтан, оның сөздік құрамында айырмашылықтардан гөрі, әлбетте, ұқсастықтар көп.

Тірек сөздер: түркі тілі, грамматика, фонология, түркітанушы, қазақ тілі, семантика, аффикстер

Тіл бір ғана дәуірдің жемісі емес, ол – талай ғасырдың, талай дәуірдің жемісі. Тілді және оның даму заңдылықтарын тек қоғамның тарихымен, оны пайдаланушы халықтың тарихымен тығыз байланысты зерттегенде ғана түсінуге болады. Қазіргі кезде біз қарым-қатынас жасап, бір-бірімізбен пікір алмасып жүрген тілдердің шығу тегі өте ерте кездерге барып тіреледі. Тілдің негізі болып есептелетін сөздердің қоры мен олардың бір-бірімен байланысқа түсетін грамматикалық құрылысы өте тұрақты болғандықтан, біздің заманымызға дейін көп өзгеріске ұшырамай келіп жеткен. Қазіргі кездегі тілдердің қайсысын алсақ та, оның негізгі сөздік қоры мен грамматикалық құрылысынан баяғы заманнан келе жатқан көптеген ерекшеліктерді кездестіреміз. Осындай ерекшеліктер қазіргі қазақ халқы мен түрік халықтарының әдеби тілде де, ауыз екі сөйлеу тілінде де ұшырасады.

Тіл үнемі жетілу үстінде болғандықтан, сапалық өзгерістерге ұшырайды. Бұл оның дыбыстық, мағынылық жүйелерін де қамтиды. Тіл дыбыстары үйлесімділік, әуезділік, мәнерлік принципін негіздеп отырып өзгеру барысында сәйкестер түзеді.

Тіл тарихы тіл құрамындағы жеке элементтердің тарихы ғана емес тілдік құралдар жүйесінің, солардың өзгеріп, дамуының тарихы. Тілдің фонетикалық жүйесінің тарихы немесе тарихи фонетика жеке дыбыстардың немесе жеке фонетикалық құбылыстардың өзгеру, даму тарихы ғана емес, ең алдымен фонетикалық заңдылықтар, фонетикалық құбылыстар жүйесінің тарихы болып табылады. Тарихи фонетика бүгінгі тіліміздің фонетикалық жүйесінің құрылымы мен жүйелік заңдылықтарының қалыптасуын, даму ерекшеліктерін түсіндіруі қажет. "Даму ерекшеліктері" дегенде бір тілдің өзімен ұялас, өзімен түбірлес жеке тілдерден, тілдер тобынан ерекшелену, айрықшалану, соның нәтижесінде дербестену жоддары еске алынады.

Қазіргі таңда түркі тілдерін зерттеушілер түркі тілдерінің үндіеуропа тілдеріне ықпалына жиі назар аудара бастады. Мәселен, белгілі түркітанушы К.Мұсаев түркі-иран мәдени-тілдік байланыстары жөнінде көлемді мақаласында көптеген ирандық, үндіеуропалық сөздердің реконструкцияланған түбірлері түркі тілдерінде тірі екенін айта келіп: «Түркі тілдерінің иран тілдеріне ықпалы ғасырлар бойы үнемі болып отырды. Түркі тілдерінің иран тілдеріне әсері өте аз зерттелген. Бұл, бір жағынан, түркологияның жастығымен түсіндіріледі, екінші жағынан – ұзақ уақыт бойы түркілердің санасына парсы тілдерінің түркі тілдерінің қарағанда сапасы жоғары, ал түркі тілдері - сапасы төмен тіл дегенді сіңіруден», - дейді. Қазіргі түркі тілдерін тарихи-салғастырмалы тұрғыдан қарастыру қажеттілігін де білдірсе керек. Демек, түркітанудың келешегі түркілердің өткен заманын «бізге кім ықпал етті» деген біржақты принциппен емес, керісінше, «біз кімге ықпал еттік» деген принциппен де жүргізілетін зерттеу нәтижелеріне байланысты болу керек. Бұл проблеманы кезінде көрнекті ақын, тілтанушы О.Сүлейменов «А3 и Я» (1975) кітабында алғаш рет көтерген [1, 34-35].

Қазан төңкерісінен кейін түркі тілін зерттеу Мәскеу мен Ленинградта (Санкт-Петербург) кеңінен етек алды. Республикаларда институттар, академиялар ашылып, үлкен қалаларға шоғарланды. Мәскеу мен Ленинградта шоғырланған тілшілер жалпы және теориялық түркітанымға қатысты мәселелерді зерттеді. В.А.Богородицкий (1879-1941) көрнекті орыс тіл білімінің, Қазан мектебінің өкілі, түркі тілдерінің фонетикасын салыстыра зерттеген және олардың генеологиялық жақтан классификациясын жасаған ғалым. Е.Д.Поливанов (1891-1938) жалпы тіл біліміне байланысты көптеген құнды пікір айтқан ғалым. Ол алтай тіл бірлігін талдап, түркі, монғол, корей және жапон тілдерін зерттеген, өзбек тілі диалектологиясының негізін жасаған. Н.К.Дмитриев (1898-1954) – түркі тілдерінің тарихына байланысты түрік және башқұрт тілдерін жан-жақты зерттеген және жалпы түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи зерттеулерге басшылық жасаған, құнды пікірлер айтқан.

Көрнекті орыс түркітанушысы. Н.К.Баскаков (1905-1993) бүкіл түркі тілдері бойынша құнды еңбектер жазған, қарақалпақ, ноғай, ұйғыр, алтай, тува т.б. тілдерді жан-жақты зерттеп, теориялық еңбек жазған, бірнеше тілдердің диалектілік ерекшелігін тексеріп, сөздігін жасаған көрнекті ғалым. Орыс ғалымдарымен қатар жеке-жеке ұлт тілдерін зерттеуде өндіре еңбек еткен және еңбек етіп жатқан жергілікті ұлт ғалымдары да аз емес. Олардың біразын біз тек өздері зерттеп жүрген түркі тілдері бойынша ғана атап өтеміз. Қазақ тілі бойынша: А.Байтұрсынұлы, С.Аманжолов, К.Аханов, І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Т.Қордабаев, Ө.Айтбаев т.б., қырғыз тілі бойынша: Б.Юнусалиев, Б.Орузбаева, Т.Ахатов, Ә.Жапаров т.б., ноғай тілі бойынша: Н.Баскаков, М.Милых, түрік тілі бойынша: Д.А.Магазаник, А.Н.Кононов, Р.А.Аганин т.б.

Түркі тілдерін зерттеу мәселелеріне тоқтала отырып, тілдің зерттелу тарихын білеміз. Тілдер әр кезең сайын өзеріске ұшырап отырады. Осы жайды, жағдайларды тіл білімін зерттеушілердің еңбектерінен көре аламыз. Жалпы алғанда, тарихи даму тұрғысынан түркі тілдері бір-бірінен окшаулануда. Әрбір тілдің сөздік қоры үздіксіз жаңа ұғымдар мен терминдермен сол тілдік қорда немесе кірме сөздермен толықтырылып отырады да арнайы лексиканы бір-бірінен ажырата, айыра түседі. Түбі бір болғанымен, қазіргі кезде түркі тілдеріндегі сөздер алшақтана бастады. Себебі әдебиетінің, ұлттық мәдениет айырмашылығы, адам саны, шекарасына байланысты. Мәдениет, білім беру жоғары оқу орындарында мамандықтардың көбеюіне байланысты да түркі тілі дами түсуде.

Түркі тілдерінің түбі бір болғандықтан, оның сөздік құрамында айырмашылықтардан гөрі, әлбетте, ұқсастықтар көп. Бірақ сол ұқсас деген сөздің өзінде ең алдымен тарихи-фонетикалық өзгерістер көзге ұрып тұрады. Алдымызға қойған мақсатымызға орай, XI ғасыр мұрасы Құтадғу билик (Бақытты болуға бастайтын білім) пен XII ғасыр мұрасы һибат-ул хақайық (Ақиқат сыйы) ескерткіштер тіліндегі зат есімдерді толығынан іріктеп алып, оларды қазақ тіліндегі ортақ тұлғаларымен жан-жақты салыстырдық. Талдау нәтижесі көне зманағы және жаңа заманғы зат атауларының арасындағы фонетикалық тұрғыдай мынадай ерекшеліктер бар екендігін көрсетті [2, 55-64].

Сөз басындағы Й-Ж сәйкестігі. Ескі ескерткіш тіліндегі й дыбысынан басталатын зат есімдер қазақ тілінде әрдайым ж дыбысынан басталып отырады. Құтадғу билиг пен һибат-ул хақайық ескерткіштерінің тіліне ортақ й дыбысынан басталатын зат есімдердің бір бөлігі мыналар: йол ҚБ, һх(жол), йүк ҚБ, һх(жүк), йүз ҚБ, һх(жүз), йигит ҚБ, һх(жігіт), йел ҚБ, һх(жел), йалған ҚБ, һх(жалған), йанут ҚБ, һх(жауап), йер ҚБ, һх(жер), йығач ҚБ, һх(ағаш) т.б. й дыбысынан басталатын зат есімдердің бір бөлігі (йула (шырақ), йүн (жүн), йурт (жұрт), йыпар (жұпар), йаш (жас), йай (жаз), йулдыз (жұлдыз), йашық (күн), йолчы (жол көрсетуші), йаруқ (жарық), т.б.) Құтадғу билиг ескерткіштерінде ғана ұшырасса, енді бір бөлігі (йугүрүк (жүйірік), йылан (жылан), йигилик (жілік), йегу (ас), йазуғ (жазық), т.б.) һибат-ул хақайық ескерткіштерінде ғана ұшырасады.

Й дыбысынан басталатын зат есімдер кей жағдайда қазақ тіліндегі баламаларынан й-ж сәйкестігі арқылы ерекшеленсе (мысалы, йүз-жүз, йол-жол, йел-жел, йалған-жалған, йер-жер, т.б.), кей жағдайда екі, одан да көп дыбыстық өзгерістер арқылы ерекшеленеді (мысалы, йағы-жау, йай-жаз, йаш-жас т.б.).

Қазақ тілінде ж ұяңнан басталатын сөздер өзге түркі тілдерінде й үндісімен ғана емес, басқа да дауыссыздармен алмасып, бірнеше сәйкестік түзе алады. Мысалы, қазақ тіліндегі жыл сөзі өзбек тілінде – йил, якут тілінде – сыл, тува тілінде – чыл, чуваш тілінде – сул, қарашай-балқар тілінде – дзыл. Сонда тіларалық ж~й, ж~с, ж~ч, ж~с, ж~дз сәйкестіктер түзіледі. Түптеп келгенде негізі бір, сөзбасында аса көп ұшырайтын бұл сәйкестіктерге түркологтар ерте кезден назар аударған, архетипін табуға тырысқан.

М.Томановтың пікірі бойынша, фонетикалық жүйе бойынша жеке түркі тілдерінде мынадай жағдайларда дыбыстық өзгерістер болады: а) сөздің бірінші буынында кездесетін дауыстылар мен сөздің келесі буындарында ұшырайтын дауыстылар екі түрлі жүйе құрайды. Бірінші буында ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып жұптасатын 8 дауысты дыбыс жұмсалады.

Семантика тіл білімінің барлық салаларымен тығыз бірлікте қаралатынын дәлелдеп жатыу артық. Тіл – кешенді жүйе. Тілдің өзі, түптеп келгенде, ойды жеткізудің құралы. Ал саналы ойды нақты таңбамен бейнелегенде, оның мағынасы айқын көрініс береді. Сөз – ойдың таңбалық бейнесі. Сөз мағынаға ие болмаса, өзінің қасиетін жоғалтады. Сөздің мағынасы таңбалар арқылы бейнеленеді. Сөз – лексикалық, грамматикалық мағынаға ие болады. Әртүрлі тәсілдермен жаңа туынды атау жасалады. Сөз – сөйлемде өзінің ерекше мағынасында жұмсалады. Сөз мәтін ішінде қолданыс тауып, ойды жеткізудің құралына айналады. Яғни кешенді жүйенің негізгі салалары ретінде тіл білімінің барлық салалары бір-бірімен тығыз бірлікте зерделенеді.

Семантика гнесеологиялық, онтологиялық аспектіден зерттеле алады. Сөздің терең мағыналық құрылымының қалыптасуының онтологиялық негізі бар, адамзаттық ізі бар. Сөз мағынасы генетика-семантикалық ілім арқылы анықталуы қажет.

“Мағына” түсінігі ауқымды әрі кең. Сондықтан оны әртүрлі бағытта зерттеуге болады. Тілдегі барлық бірліктердің өзіндік мағынасы бар. Ең кіші тілдік бөлшек саналатын дыбыстардың да тарихи тұрғыдан зерделенгенде, өзіндік мағынасы болғанын айқындауға болады. Қазіргі тілімізде қолданылып жүрген морфемалар мен сөздердің, сөз тіркестері мен сөйлемнің әрқайсысының өзіндік терең мағыналық құрылымы бар [3, 8-10].

Кез келген тілдегі сөз семантикасын айқындау – күрделі іс. Өйткені сөз мағынасының құрылымын құрайтын көптеген майда мағыналық бөлшектер болады. Жалпы тіл білімінде сөздің мағыналық бөлшектерін шартты түрде макрожүйелі сыңарлар және микрожүйелі сыңарлар деп бөлу үрдісі бар. Ендеше, келесі кестеден түркі тілі мен қазақ тіліндегі сөздердің мағынасын көре аламыз:

Түркі тілінде кездесетін сөздер	Мағынасы	Мысал	Қазақ тілінде кездесетін сөздер	Мағынасы
Көк	Аспан, жер	Йерки көкки йаратқан.	Көк	Аспан, жер
Бодун	Ел-жұрт	Бодун һәм етилди ели.	Халық	Ел-жұрт
Бөри	қасқыр	Бори қошнысын йемес.	Бөрі	Қасқыр

Түбір сөздерде өзгешеліктер аз болады. Сөздердегі өзгешеліктер, ерекшеліктер бағзыбір әріптердің орнына басқа бір әріптер алмасып келгенде, яки түсіп қалғанда көрінеді. Мысалы оғыздар мен қыпшақтар есім мен етістіктің басында келген «и» әріпін «І-әліпке», яки «ғ, ж» жыбысына алмастырады. Түріктер «жолаушыны» «jelkin – иелкін» десе, оғыздар мен қыпшақтар «elkin – елкін» дейді; түріктер «жылы суды» «jылығ сув – ылығ сув» дейді; сол секілді түріктер jinju – иинжү» десе, олар жінжү – жінжү» дейді; түріктер «жүкті түйені» «juғdu – иуғды» десе, оғыздар мен қыпшақтар «жуғdu – жүғдү» дейді. Ал, арғулар сөз ортасында, не соңында келген «-и» әрпін «-н» әрпіне алмастырады. Мысалы, түріктер «қойды» «қој – қой» десе, арғулар «қон – қон» дейді. Түріктер кембағалды «шығаж – шығай» десе, олар «шығап – шыған» дейді. Түріктер «қажу пәң – қайсы нәрсе» десе, олар «қану...» дейді.

Сөздердегі әріптердің түсіп қалуына келсек, есімдіктердің және іс-әрекеттің жиі қайталанатындығын білдіретін етістіктердің ортасында келетін «-ғ (ғ)» әрпін оғыздар мен қыпшақтар барлық жерде түсіріп тастайды.

Есімдерге мысал: түріктер «ала қарғаны» «читғиқ – чүмғүқ» десе, олар «читиқ-чүмүқ» дейді; түріктер «тамақ», ауызды» «тамғақ – тамғақ» десе, олар «атақ – тамақ» дейді.

Етістіктерге мысал: түріктерге «ол үйге барып жүретіғүн адам» деген мағынадағы «Ol әvige бараған ol (ол еvге бараған ol) – Ол үйге барған ol» десе, оғыздар сол мағыналы бараған

ol – бараған ол» дегенді «baran ol – баран ол» дейді; түріктер «ол құлын ұра беретін адам» деген мағынада « Ol er құлыны ураған ol – ол ер құлына ұраған ол» десе, оғыздар сол мәндегі «uraған – ұраған» сөзін «uran – ұран» дейді.

Айтқанда жеңіл болсын деп оғыздар есімдегі «-г (g)» әрпін түсіріп айтады; есім мен етістіктердегі «ғ (ƒ)» әрпінің орнындағы «-г (g)» әрпін де түсіріп тастайлы.

Д.Х.Вебстер мен В.Зибелл және С.А.Якобсон құрастырған эскимос тілдің сөздіктерінен айтылуы жағынан да, мағынасы жағынан да түркі тілдерінің көпшілігіне, оның ішінде қазақ тіліне де ортақ дәл сондай сөздермен сәйкес: ata – ата, әке; atiga – аттасым; ataataga – атам; akkaga – ағам; aana -ана; aanada –әжем; aullaktuk – аулақтау; kayak – қайық; annun – аң; kirgavik– қырғи; tattigak – тырна; anmaak, akmak – шақпақ (тас); manna – мына; erte – ерте; emuk – ему сияқты сөздерді кездестіреміз. Сонымен қатар ата, ана, қайық деген сөздер эскимос тілімен туыстас алеут тіліне де ортақ екені дәлелденіп отыр. Мұндай материалдар тек эскимос немесе алеут тілдерімен ғана шектелмейді .

Жадыхат тіліндегі етістіктерді мынадай лексика-семантикалық топтарға ажыратуға болады: Қозғалу етістіктері: дүш—түсу; дүшәр «бирниш э киши ишлэсэ дүшәр өзгэләрдән» (бірнеше кісі істесе өзгелерден түседі). Дүшмэз «бирнич э киши ишлэсэ дүшмэз өзгэсиндән» (бірнеше кісі істесе түпейді өзгесінен).Қолжазба тілінде оғыз элементі қолданылған. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштері мен қазіргі қыпшақ тілдерінде «түш-» тұлғасында.

Сөйлеу етістіктері: айыт — айту; айдағай «ол киши айдағай» (ол кісі айтсын). айдурды «айдурды йа ики мәләкләр» (айтатын еді: Ей екі періште!). айытды «айытды ба’зылар» (кейбіреулер айтты). Ықлым заманнан бері қолданылып келе жатқан бір етістік. Қазіргі түркі тілдерінде тек оғыз тобына кіретін тілдерде қолданыла бермейді. Ал қыпшақ тілдерінде жақсы сақталған. Сөздің бастапқы түбірі ай- (сөйлеу), -ыт өзгелік етіс жұрнағы. Сөз аяғындағы өзгелік етіс жұрнағы дауысты дыбыстан басталатын жұрнақ жалғанғанда ұяңдалады. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштерінде айыд-//айыт-//айт-//ийид- секілді бірнеше тұлғада кездеседі [4, 165-178].

«Алпамыс» жырында Тайшық хан дуана болып келген қызына:

Берейін саған осыны

Айуан тілін аңғарар

Сөзіңнің жота жосыны, – дейді. Мұндағы жота жосын деген сөздер «сөзіңнің жөні» дегенді аңғартады. Жосын –йосун сөзі көне түркі тілдерінде «тәртіп, әдет» дегенді білдірген. Қазақ тілінде жосын сөзінің жосық түрі активтеу, ол «жөн, бағыт, жоба» деген мағыналарда жұмсалған. Жөн-жосық болып қосарланып та келеді. Мұның жосын варианты көне жырларда, өткен ғасырларда жасаған кейбір ақын-жыраулардың тілінде оқта-текте ғана ұшырасады. Ал қырғыз тілінде көбінесе жосун түрінде қолданылады. Мағынасы — «рет, тәртіп, жөн, жосық». Осыдан туған жосуундуу («халық дәстүрін ұстаушы, оны жақсы білетін адам»), жосуунсуз («тәртіпсіз, көргенсіз») дегендер де қырғыздың қазіргі тілінде қолданыстағы сөздер.

Сөйтіп, жосын сөзі – жосық сөзінің варианты болып, «жөн, рет, тәртіп» және «әдет-ғұрып,салт» мағыналарында қолданылатын сирек сөздердің бірі.

Жосын сөзі кейбір диалектілерде қолданылатындығын айта келіп, Ә.Нұрмағанбетов былай дейді: «Дәстүр, әдет-ғұрып. Бұрынғы келе жатқан жосынды білмейді екенсің. Монғолдарда – ес, қалмақтарда – йосун, ал манчжур тілінде – йосу – дәстүр, әдет-ғұрып. Манчжурлар бұл сөзді қытай тілінен ауысып келген» деп көрсеткен. Енді бір жерде йосо, йосу тұлғалары – сенім, сену, дәстүр мағыналарына ие екендігі және оның бұл тілдерге монғолдардан өткендігі белгілі».

Осы деректерге қарағанда, тіліміздегі ерекшелік болып көрінген «жосын» сөзінің төркіні – монғол тілі болса керек және сол тілден көршілес отырған түркі, тұңғыс-манчжур тобындағы кейбір тілдерге ауысқан деуге болады. Ғалымдардың пікірлеріне қарағанда, ортақ көзқарастар байқалады. Тілімізде қолданылып жүрген жөн-жосық қос сөзінің түсініксіз сыңары «әдет-ғұрып, салт, тәртіп» деген мағынада қолданылып тұрғандығы айқын көрініс береді [5, 4-10].

Сөздің мағынасы толық айқындалып, тыңдаушыға түсінікті болу үшін, ең маңызды жайт – сөз мәнінің дұрыс айтылуы, толық ұғынылуы болса керек. Сөз – таңбаның екі жағы бар екені аян: оның дыбыстық көрінісі және мағыналық сипаты. Бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Дей тұрғанмен, күні бүгінге дейін тіл білімінде сөздің формальдық сипаты тереңдей зерттелгенімен, мағыналық сипатына назар аударылмағаны жасырын емес. Сөздердің өзгеріп даму тарихынан, әсіресе олардың мағыналық жақтан даму тарихынан, адам ойлауының табиғат құбылыстары мен қоғам құбылыстарын ғасырлары бойы танып-білуге ұмытылып күш салуының тарихы көрінеді деген пікірді орынды деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. – Алматы: Қазақ ССР-ының «Ғылым» баспасы, 1974. –126 б.
- 2 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі (он мыңнан астам сөз қамтылған). – Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1977.
- 3 Құрымжанов Ә. Жалпы тіл білімі және түркі тілерінің өзекті мәселелері. –Алматы. 1997.
- 4 Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. ЕҒЕУБАЙ. – Алматы: ХАНТ баспасы, 1997, 1-том, 30 б.
- 5 Сыздықова Р., - Алматы : Мектеп, 1980 . - 232 б

ӘОЖ 821.512.122

ҚАНТАЕВА ГУЛЖАН ЖУМААХМЕТҚЫЗЫ
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Gul_jan_95kz@mail.ru

Ғ.МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация: ғылыми мақала жазушы Ғабит Мүсірепов шығармалары тіліндегі бірыңғай мүшелердің көркемдік ерекшеліктерін анықтауға арналған. Жұмыста бірыңғай мүшелерді қарастырғанда, оның құрылымдық жақтарына ғана назар аудармай, оның болмысты бейнелеудегі мазмұндық қырларын ашуға талаптандық. Бірыңғай мүшелердің синонимдік, антонимдік қатарда келуі де қаралды. Оны кешенді түрде теңеу, эпитет, метафора сияқты көріктеу амалдарының қатарында жан-жақты зерделедік. Мақалада қазақстандық ғалымдардың зерттеу нәтижелері ғана емес, сондай-ақ шетелдік Г.А.Золотова, Н.Д.Арутюнова, Ю.Д.Апресян, И.П.Сусов, М.Ю.Олешков, А.В.Бондарконың зерттеулеріндегі тұжырымдар да көрініс тапты. Ғ. Мүсірепов бірыңғай мүшелерді өз ойын көзқарасы мен дүниетанымын, жағдайларды көркем түрде суреттеуде, шығармаға экспрессивті- эмоционалды реңк беру мақсатында қолданған. Жазушы троптарды көркем суреттеудің бір құралы ретінде ұтымды, айшықты түрде пайдаланған. Тілді байыту, көркемдеу тәсілі жалғасы тауып отырғандығы Ғ. Мүсірепов шығармасы бірыңғай мүшелердің қолданысынан аңғаруға болады.

Тірек сөздер: функционалдық, семантика, сөйлем, мағына, бірыңғай мүше, коммуникативтік, стиль, экспрессивтік

Функционалдық бағыт синтаксис саласын зерттеуге тың жол ашты деуге болады. Функционалды грамматика мен функционалды семантикалық өріс теориясы белгілі ғалымдар И.И. Мещанинов, О. Есперсен, И.А. Бодуэн де Куртенэ, В.В. Виноградовтардың еңбектерінен бастау алып, одан әрі Г.А.Золотова, Н.Д.Арутюнова, Ю.Д.Апресян, И.П.Сусов, М.Ю.Олешков, А.В.Бондарконың зерттеулерінде жан-жақты жазылып, дамытылды.

Ал қазақ тіл білімінде функционалдық бағыт өз деңгейінде қарастырылып келеді. Бұл бағыттағы зерттеуші ғалымдар сөйлемнің болмысты бейнелеудегі қызметін басты орынға шығарып, келесіде құрылымдық-функционалдық арақатынастарын салыстыра зерттеуге де баса көңіл бөліп келеді. Қазіргі таңда тіл құрылымдық және функционалдық негізден басқа да бағыттарда да дамып келеді. Атап айтқанда, тіл білімінің синтаксис саласының өзі логикалық, семантикалық, коммуникативтік, прагматикалық сияқты бағыттарда зерделенуде. Осы орайда Ж.Жақыпов, З.Ш.Ерназарова, Т.Ермекова, Б.Сағындықұлы, А.Алтаева, Ж.А.Құсайынова, Ж.Сәдуақасұлының зерттеу еңбектері мен мақалаларын атап өтуімізге болады.

Бұдан басқа Б.Қапалбеков, О.Жұбаева, А.Жаңабекова, А.Солтанбекова функционалды бағыт категорияларын зерттеп, аталған функционалды-семантикалық категориялардың жеке мәселелеріне байланысты ғылыми мақалалар жариялады.

А.В.Бондарко грамматикалық категорияның семантикасына баса назар аудара отырып, кез келген функционалды-семантикалық категорияны анықтауда оны негізгі тірек ретінде ұстанады. Ғалым функционалды-семантикалық категорияны тілдік категорияның ерекше түрі ретінде сипаттап, принциптерін, берілу жолдарын: «мағынадан – тұлғаға қарай, яғни мағына-дан осы мағынаны беретін түрлі деңгейдегі құралдарды анықтайды [1].

Г.А.Золотова «Коммуникативные аспекты русского языка» деген еңбегі жай сөйлем синтаксисіндегі типтік мағыналар идеясын танытуға бағытталған. Автор жай сөйлемнің барынша кең таралған семантика- грамматикалық үлгісін былай өрнектейді: «субъектінің әрекеті», «субъектінің қалпы», «субъектінің ерекшелігі», «субъектінің біліктілігі», «субъектінің сапасы» [2,31]. Жалпы алғанда, Г.А. Золотованың бағыты сөйлемнің құрылымын, семантикасын және коммуникативтік сипатын қосып, тұтастай функционалдық синтаксистің іргесін қалауға негіз болды.

Қазақ тіл білімінде сөйлемнің функционалды мүмкіндігін коммуникативтік тұрғыдан анықтаған Ж.А.Жакупов болды. Ғалым «Қазақ тілі функционалдық синтаксисі» деп аталатын зерттеу еңбегінде синтаксисті құрылымдық тұрғыдан қарастыру қазақ тілі білімінде дәстүрлі, орныққан негіз екенін айта келе, құрылымдық зерттеудің өзіндік ерекшелігі синтаксистік бірліктердің құрылысын, құрылымдық схемасын көрсетіп беру, талдау жасау деп қарастырады. Синтаксистік бірліктерді зерттеудің семантикалық аспектісі арнайы, кең әрі терең зерттеуді қажет ететіндігін, бұл жерде ұстанатын негіз – сөйлеу семантикасы мен тілдік семантиканың тығыз байланысы, бір-біріне әрекет ете алмайтыны туралы қарапайым қағиданы есте ұстаған дұрыс. Сөйлемге коммуникативтік тұрғыдан қарау дегенді сөйлемнің функционалды мүмкіндігін қарау, контекст арқылы динамикалық тұрғыдан түсіндіру деп қарастырады [3, 18].

Демек, сөйлемді синтаксистік әрі коммуникативтік аспектіде қарастырумен ғана шектеу – оның табиғатын ашып, тереңірек тануда жеткіліксіз болады екен. Сөйлемнің сөйлеуде жұмсалатын қызметі функционалды грамматикада қарастырылады. Сөйлеудегі қызметі оның семантикалық қызметіне, ал сөйлемдегі қызметі құрылымдық қызметіне негізделеді. Семантикалық қызмет пен құрылымдық қызметтің өзара байланысы синтаксисте байқалады. Яғни, тілдік орта мен сөйлеу ортасының өзара байланысы, бір қызметке бағынуының көрінісі – бұл сөйлем. Құрылымды негізге ала отырып, тілдік форманың объективтік шындыққа қатынасын, оған сөйлеушінің көзқарасын мағыналық мазмұнымен байланыстыра отырып, тілдік жүйенің тілдік ортада «қызметке» бағынып, жүзеге асуын зерттейтін функционалды грамматикада қарастырған жөн деп ойлаймыз. Біз осы ыңғайда Ғабит Мүсірепов шығармаларындағы бірыңғай мүшелердің көркемдік ерекшеліктеріне тоқталғанды жөн көрдік.

Ғ.Мүсірепов стилі өмірді терең, көрікті ашады. Әр сөзі, әр тіркесі шебер қиысып, мәнерлесіп келіп сымбаттанып кетеді де, көп көрініс көз тындырады. Ғабит стилі – суретке толы. Өйткені жазушы айналаға үлкен суреткерлік сезіммен қарап, образ арқылы қабылдайды.

Ғ.Мүсіреповтың әлеуметтік, қоғамдық зор мәнді мәселелер жайында толғанатын, әрдайым өзі өмір сүрген бүгінгі қазақ қауымның іргелі толғақты мәселелерін, проблемаларын тербейтін жазушы. Қоғам өміріндегі ең сүйікті, өзекті, шешуші мәселелер – халықтың елдік, экономикалық, мемлекеттік, мәдени рухани тіршіліктері жазушы шығармаларында бірыңғай мүшелер арқылы көрініс тапқан. Мысалы: Үш жүз мың адам басқа тіршіліктен *баз кешкендей, ас-су татпай, ыстық-суықты елемей, ұйқы-тыныштық дегенді ұмытып*, көшеге шығып отырған күйінен қозғалған жоқ [4, 38]. Немесе: Бас-аяғы осы, *даусыз-дамайсыз, көлденең қазақтың бір сөзі қыстырылмай*, Қарағанды мен Нілді сатылып та қалды [4, 41]. Адамның қуаныш, қайғы дейтіні – *ішер ас, киер киім, мінер ат, бала-шағасынан бастап, ел-жұрт, Отан, уақыт, өмір, заман* сияқты құшағына сыймастар да сыйысып тұратын кең шиыр[4, 477].

Қаламгер дерексіз зат есімдерді бірыңғай мүше ретінде жұптап қолдану арқылы өз ойын жеріне жеткізге білген. Мысалы: *Рақымсыздық пен қорқақтық, менмендік пен жалыншақтық* сияқты мінездер шындап келгенде бірі биік қияға, бірі төмен жыраға бітпейді, егіз өседі [4, 476]. «Қайта *олақтық пен долаңдық* өз жағымыздан көп кездеседі де, көбінесе өзіміз ұялып қаламыз,- деді [4, 37]. Ақ, пен қара, қызыл мен көк, күрең мен қына сары біріне-бірі еппен тоғысып, бәрі жымдасып тұр [4, 101].

Әдетте дерексіз зат есімдердің өзі де эмоционалдылық-экспрессивтілік туғызатыны зерттеу әдебиеттерінен белгілі. Мына бір сөзқолданысқа назар аударып көрелік: *Күндеу мен бәсеке* апалы-сіңлілі нәрсе. Олай болса жақсы қасиетке жатады,- деді [5, 56]. Бұл жерде дерексіз зат есімдердің жағымсыз мәнін контекст жоққа шығарып тұр.

Үй ішілік үлкенді-кішілі *қуаныштар* да *қайғы-қасіреттері* де естияр ерлі-зайып адамдардың *ойларында* да, *жүректерінде* де жігін ашпай бірге тоғысып жүреді. Бұл бұзыла білмес үй ішінің ең сенімді белгісі [4, 476]. Бұл мысалдағы жалпылап тұрған *сенімді белгісі* қолданысы.

Шығарма тіліндегі экспрессивтік пен баяндау дәлдігі синонимдер арқылы жүзеге асады. Өмірлік көріністерді толыққанды етіп суреттеу, кейіпкерлерінің ой-сезімдерін жеріне жеткізе дәл беру синонимдердің нәзік мағыналық айырмашылықтарын тап басып, сөз теңізінен керектісін ғана таңдап ала білетін жазушының қолынан келеді [5, 82].

Жазушы шығармаларында сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің синонимдік қатармен келуі кең көрініс береді. Әншейінде *ықшам, оңтайлы* жас дәл керекті жерде ордандап, қыз қасына жанаса алмай келе жатыр [4, 73]. Енді бірде автор синонимдерді қабаттастыра қолдану арқылы тосын қолданыс түзген: *Мықыраймай, бүкіреймей, түзу өскен* [4, 12]. Жан-жағына *сабырмен, салмақпен қарап*, сол белінде тұрған адамды ауған күннің тыныш шұғыласы жаңа қуаныш, *жаңа күлкісімен, жаңа тілек, жаңа істерімен* келе жатқан жас ұрпаққа қызықтары қаратады.

Ғ.Мүсірепов шығармаларында бірыңғай мүшелерді тұлғалану жағынан қиыстыра қолдану барысындағы антонимдік сипаттағы сөздер жиі ұшырасады. Бірыңғай мүшелер әрқашан жеке-жеке толық тұлғалана келіп оқырманға, тыңдаушыға күшті әсер етеді. Жазушы шығармаларынан үзінді: Қоғам, *үлкен бе, кіші ме* ойлы ма, өнерлі ме, сол қоғамның алыс-жақын арманына *ортақпысың жоқпысың*, өзім деген әміршің өзіңнен, өзгенің *қайғы-қуанышына қалтқысыз ортақ ете ме, жоқ па* – бәрібір әркімнің сол қоғам ішінде өз үйірі, өмір ішінде өз түкпірі, *өз қайғысы, өз қуанары* бар [4, 233].

Сондай-ақ бірыңғай мүшелердің қатарын бірыңғай бастауыш, бірыңғай толықтауыш, бірыңғай анықтауыш, бірыңғай пысықтауыш шоғыры құрайды. Мысалы: *Тау қырқалары, бұлт етектері* тұтана бастағандай қызара бастады[4, 101]. Жалақы дегенді білмейтін ауылдың ескі дәстүрі жайлаудай кең болса, санаулы *ақшасымен, кірімен, кезімен, есеп шотымен* келген базар да, завод та, обырдың өрісін *кеңіте түспесе, тарылтқан жоқ*,

молықтыра түсті, қызықтыра түсті [4, 95]. *Орманды, таулы, көгалды, сулы* жерде өскен көпшілік құм деп тітіркене келетін қазақ даласы емес, араб сахарасы екенін аңғармай қалады [4, 95]. Бәрі *кінәратсыз, қитықсыз* жақсы өтіп жатыр [4, 40]. Әрі *қорынып ығысып, әрі жарамсақтанып, әрі ұялған иттей* қипақтап айтты [4, 97].

Қыран көзді, қаһарлы қара мұртты, атақты қолбасшыны бірден таныдым [4, 271]. Осында төрт бірыңғай анықтауыш бар: қыран көзді, қаһарлы, қара мұртты, атақты. Бәрі де — зат есімдерге -ді,- лы,- ты жұрнағы жалғану арқылы жасалған туынды сын есімдер.

Туған жер, өскен ел, жақын жандарды сағынғанда, әр кезде жақсы жағдайда көргін келеді. Бұл сөйлемдегі бірыңғай толықтауыштар: *туған жер, өскен ел, жақын жандарды* — бәрі де табыс септігінде, бірақ табыс жалғауы тек ең соңғы тура толықтауышқа жалғанған да, ол басқаларына да ортақ болған. Бірыңғай мүшелерді осылай, мағыналық, тұлғалық жағына қарап сөйлем құрай білуге де белгілі дағды керек. Кей тұста бірыңғай мүшелерді қос сөздер құрайды. Мұндай қолданыстар қаламгер шығармаларында молынан кездеседі. Мысалы: *Кіріс-шығыс, пайда –шығынның бірін* елемейтіндей көрінетін Игілік бұл далада теңдесі жоқ, есепқор еді [4, 94]. Бұрын бақташы отыратын бұлақ бастарында *үлкен-үлкен* үйлер салынып, *ұзын-ұзын* завод мойындары көрінеді [4, 68].

Жазушының дербес қаламгерлік еңбегінің нәтижесі ретінде –ып, -іп, -дай, -дей, -мақ, -мек жұрнақтары қосылған тұлғаның сөйлемдегі қызметіне мысал келтірелік: *Қық-қықтасып, сықылықтасып, төбет иттей үре күлісіп тұрып*, жандайшаптар Сандыбайдың бір құлынды биесін ұттырып жібергендеріне мәз болысып қалды. Көшпелі ел жайлауға *бармақ*, күздікке *келмек*, мал тісі қайда айдаса, иесі соған ере *бермек* [4, 100]. Мұндай қолданыстар кейіпкердің мінез-құлқын, ішкі жан дүниесін ашу үшін жұмсалады.

Жазушының сөз қолданыс ерекшеліктері олардың өзіндік стильдерін қалыптастырады. Ғ.Мүсіреповтың синтаксисінде ой қазбаланып, жан-жақты қамтылу көзделетіндіктен, теңеу, эпитет, метафора, метонимия, синекдоха сияқты көріктеу амалдарының қатарында бірыңғай сөздерді ұластырып жұмсау жиі кездеседі. Мысалы: Шекесі шығыңқы *домалақ бастар*, бүйірі *солыңқы ұзын бастар*, *қуық шеке сопақ бастар*, *қыжыр-қыжыр қыртысты бастар*, *кере қарыс ойлы маңдайлар*, *тайқия біткен сорлы маңдайлар*, өнерге біткен *ашық маңдайлар*, өнерсіз, еті қалың *маңдайлар* екі жыл бойы алдымнан кеткен жоқ [4, 54]. *Көп бастар* шұлғысып, *көп сақалдар* шошандасып қалды [4, 10]. Неше көз шықты, неше *бас* жарылды, кімнің иесі күйе кетті [4, 90].

Немесе: *Тоқпақтай тиетін тоқпақ жілік, «күрзідей» тиетін ортан жілік, шоқпардай тиетін асықты жіліктер жарқ-жұрқ етіп, әр жерден өре тұра келді. Бәрінің көздегені келген батырдың шекесі сияқты.* Мұнда кейіпкерді суреттеуде синекдоха ұтымды қолданылған. Тағы бір мысал келтірелік. Мысалы: Не көргені аз *топас көзге*, не *жарамсақ көзге* алтын да күміс сияқты көрінетін бояуларды Сандыбай бақалшыдан алған [4,100]. Оларға тілейтіні *қорғасындай ауыр, мұздай суық* сезіледі [4, 43]. Әдетте, кез келген көркем шығармада етістіктерді эксперссонид етіп жиі қолдануы көзге түседі. Шенқұмар, мансапқор топтың әмір иесіне жағынымпаз бір бейшара мінезі де осы: *күрессе – жығылады, ойнаса – ұтылады, қалжыңдасса – жеңіледі. Ұтылар жағына, жеңілер жағына* өзі бейімделе береді [4,102].

Бірыңғайлық қатарда идиомаланған, фразеологиялық тіркес, мақал мәтелдермен

күрделеніп келген тіркестер де кездеседі. Мысалы: *Жауластыру – жалшыдан, елдестіру – елшіден. Орынсыз арын, болымсыз ашулар...Жұманның дауындай: қайнамайтын, піспейтін неткен қазан!* – Есней-ау, - деді Ұлпан тұра беріп, - Есней-ау, неше күннен бері мен осы үйдің *отынымен кіріп, күлімен шығып*, қара жұмысында жүрмін ғой! [4, 168]. Отынымен кіріп, күлімен шығып – бар үй бейнетін, бейнетін арқалады, барлық ауыр салмақты өзі көтерді. Бұл фразеологизм әйел не келіншекке қатысты айтылады, барлық туыс-бауырларының көңілін тауып, барлық үй шаруашылығына байланысты жұмыстарды атқарады деген мағынаны білдіреді.

Сөз зергері өз туындыларында қоғам өмірін, заман тынысын шынайы суреттеу арқылы сол дәуірдің адамдарының сан қырлы портретін жасады. Мысалы, «... Желкесі жап жалпақ,

кеудесі қаңқайған. Кеудесімен тұтасып кеткен күждей мойында бір қазан етті бас. Екі көздің құйрығы екі елідей қысылған. Қара табақтай жалпақ бетті. Таңқиған саңырақ танау, *таңқы мұрт, бұйра қара сақалды*. Арам майы сыртына шығып, киген киімі жып-жылтыр, ала дамбалдың ауы өмір бойы тізесінен кетпейді. Семіз балтыры мәсінің қонышын сөгіп жібереді де, бір жағы қайрылып, үнемі жалбырап жүреді» [4,15]. Бұл «Тулаған толқында» повесіндегі – *Оспан болыстың портреті*. Осы бейнелі сурет кейіпкердің сыртқы портретін ғана емес, оның адами қасиеттерінен де хабар беріп тұр. Тағы бір мысал: Бұл – *жұмсақ қоңыр дауысты, кербез киінетін*, езу тартқанына дейін ақсүйек екенін көрсетіп тұратын, Орал тауында алтын заводтары бар Рязанов деген кісі еді [4, 102]. Жалпы жазушы тілі өте бай, құнарлы. Жазушының суреттеуі еріксіз езу тартқызады және сол суретті жан бітіріп көз алдыңызға алып келеді. «... Иін ағашпен су әкеле жатқан келіншектер Оспанның көлеңкесін дәл бсынан басып өтіп барады. Әдейі басатын сияқты. Көлеңкенің Оспандікі екенін таныған ересек әйел «көтек» деп ыршып кетті. Сөйткенше болған жоқ, үйге қарай жөнелген Оспан, көлеңкесін келіншектердің аяғының астынан өзі суырып әкетті» [3, 17].

Жазушы қай тақырыпқа қалам тартса да сөзбен өрнек салып, сол тақырыпты оқушысына бейнелі сурет деңгейінде жеткізудің шебері. Жазушының әңгімелері туралы айтқанда оның ана туралы шоғыр әңгімелерін айтпай өте алмаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Бондарко А.В. Теория значения в системе функциональной грамматики. – М., 2002.
- 2 Золотова Г.А., Онипенко Н.К., Сидорова М.Ю. Коммуникативная грамматика русского языка. – М., 2004. – 541 с.
- 3 Жақыпов Ж. Қазақ тілі функциональдық синтаксисі: филол.ғыл.докт... дисс. – Алматы, 1999. – 225 б.
- 4 Мүсрепов Ғ. Таңдамалы шығармалар жинағы. 3 томдық. – Т. 1. – Алматы: Жазушы, 1980.
- 5 Амандықова Г.Я. Қазақ көркем әдеби тіліндегі перифраздар. – Алматы, 1999.

ӘОЖ 811.512

МУСИНА АЙГҮЛ ДӘУЛЕТЖАНОВНА
МУСИН ЛАИС ҚАПЕЗҰЛЫ

Көкшетау қаласындағы «Педагогикалық шеберлік орталығы»
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан

musina.aigul@mail.ru, Lais68@mail.ru

ЛАТЫН ГРАФИКАЛЫ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ НҰСҚАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖАЙЫНДА

Аннотация: бұл мақалада бүгінгі күні елімізде елеулі орын алып отырған, ұрпақтың болашақ өміріне мәдени, рухани негіз болғалы отырған латын графикалы қазақ әліпбиі нұсқаларының лингвистикалық болмысын сипаттауға арналған. Авторлар өз тұжырымдарында ұсынылған қазақ әліпбиінің дыбыстық құрамына, фонемографиялық жазу типіне, емлелік сипатына, диакритикалық таңбалар түрлерінің ерекшеліктеріне пайымдау жасайды.

Тірек сөздер: әліпби, латын, графика, диакритикалық таңба, диграф, апостроф, акут, емле, диарезис, умляут, седиль.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттілігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп анықталды.

Ал тарихи шешім Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығымен бекітілген «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қаулысымен қабылданды. 2018 жылғы 19 ақпан № 637 қаулысымен Қазақстан Республикасы Президенті «Қазақ әліпбиін кириллицадан латын жазуына аудару туралы» жарлыққа өзгерістер енгізіп әліпби нұсқасы жаңа редакцияда қабылдады.

Нәтижесінде латын графикасына төл тілімізді негіздеуге жауапты заңды тұлғалар анықталып, комиссия жұмысын бастады.

Аздаған уақыт аралығында ресми түрде латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің үш нұсқасы көпшіліктің талқысына ұсынылды. Біріншісі – 25 таңба мен сегіз диграфтық символ және екіншісі – 32 таңбалық. Оның ішінде 9 таңба апостров жүйесімен бейнеленген, үшіншіде – 32 таңба (акут таңба мен диграф).

Алғашқысы қоғамдық қызу талқыға түсіп, жүздеген ұсыныстар берілді. Әсіресе, сингормониялық типті қазақ тілінің төл *ә, ө, ү* дауысты дыбыстарын *ae, oe, ue* диграфтармен берілуі қоғам мүшелерінің түсініспеушілігін тудырды.

Осы ұсыныс туралы 2013 жылы-ақ Қазақстан Республикасының тіл білімі, ақпараттық технология саласының ғалымдары, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен профессорлық құрамы «Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшірудің өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми- практикалық конференцияда фонетист-ғалым З.Базарбаева: «Ұсынылған жобалардың ішінде қазақ тіліндегі төл дауыстылар әріптердің қосындысымен берілгендері де бар: мысалы, *ә* таңбасы *ae* әрпімен, *ө* таңбасы *oe* әрпімен, *ү* таңбасы *ue* әрпімен, *қ* таңбасы *kh* әрпімен, *ғ* таңбасы *gh* әрпімен беріледі. Дегенмен аталмыш фонемаларды қосынды әріптермен бергенде мәтіндердің көлемі көбейіп, тілдің негізгі үнемдеу принципіне қарсы шығады. Сондықтан қосынды таңбаларды, диграфтарды алмау керек. Диакритикалық таңбалар да мейлінше аз болу керек» деп қарсы пікір білдіреді [1,69].

Ресми ұсынылып отырған екінші нұсқада қазақ тілінің төл дыбыстары мен кей универсал дыбыстар *ә/a', э/g', и,й/i', ң/n', ө/o',ш/s', ч/c', ұ/u', у/y'* үтір дәйекшелі яғни апострофпен таңбаланған. Әліпби нұсқасының үштен біріне жуығы апострофке негізделген. Жалпы графикалық таңба саны – **32 әріп**.

Үшінші нұсқада да **32 таңба**. (6 акут таңба мен 2 диграф)

Адамзаттың тілі – дыбыстық тіл. Яғни қарым-қатынас құралы дыбысқа негізделген. Басты бірлік – дыбыс. Қазақ тілі де ұрпақтан ұрпаққа мирас ретінде беріліп келе жатқан мұра, өзіндік дыбыстық құрамы мен жүйесі бар.

Бүгінгіге дейін әр жылдары жарық көрген қазақ тілі оқулықтарында дыбыс құрамы біріздендірілді деп айта алмаймыз. Орта білім жүйесінде 12 дауысты, 26 дауыссыз дыбыс, жалпы дыбыс саны – 38 деп, кей оқулықтарда 37 дыбыс: 12 дауысты, 25 дауыссыз деп анықталады. Жоғарғы оқу орнының білім бағдарламасында 11 дауысты, 25 дауыссыз деп анықталады. Мәселен, Н.Оралбаева, Ғ.Мадина, А.Әбілқасымов Қазақ тілі (практикалық курс) оқулығында 38 дыбыс, оның 12-і дауысты, 26 – дауыссыз дыбыс [2,8-13]. Кірме дыбыстарға *э, и, у, в, ф, ч, ц* жатқызамыз.

Қазіргі қазақ фонологиясында А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты ғалымдары бүгінгі қазақ тілі фонемалар жүйесін эксперименталды тәсілмен анықтауда. Мәселен, 2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис» жинағында қазақ тілінің төл дауысты дыбыстарының жүйесі 9 дауысты дыбыстан құралады. Олар: *а, ә, ы, і, е, ұ, ү, о, ө*. Монофтонг (жалқы): *а, ә, ы, і, ұ, ү*; дифтонг (егізек): *о, ө, е*.

Сондай-ақ, қазақ тіліне енген кірме әріптер жеке дауысты дыбыстардың таңбасы емес. Олар арқылы қазақ тіліндегі қысаң дауыстылар мен үнді (й,у) дауыссыздарының тіркесі белгіленетіндігі (и – *ый,ий*; у – *ұу,уу*; я – *йа,йә*; ю – *йұу, йүү*) анықталып, ми – *мый*, сирақ – *сыйрақ*, бу – *бұу*, суық – *сұуық* т.б. мысалдар келтіріледі [3,14-21].

Қазақ тілінің төл дауыссыз дыбыстарының жүйесі 17 дыбыстан құралады. Олар: *б, д, з, ж, з, й, қ, к, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ш*. **К - з, қ- з** дыбыстары бір дыбыстың үндесім варианттары ретінде көрсетілген [3;21].

Осы дыбыстық иірімдер туралы фонетист-ғалым Әлімхан Жүнісбеков те 2013 жылғы «Жазу реформасы» атты мақаласында қазақ тіліндегі кірме дыбыстар саны, төл дыбыстардың ерекшелігі жайлы жан-жақты талдап, қазақ әліпбиінің 26 таңбалық өз латын нұсқасын ұсынғандығы белгілі [1.36-47]. Ғалым ең жанға бататыны, орыс тілінің «игі ықпалы» деген сылтаумен, өткен ғасырдың 50-жылдары төл сөздеріміздің жазылу емлесіне қосылған **и,у** тәрізді таңбалар (дыбыс емес) болды. Оқулық пен оқу құралы біткен осы күнге дейін түгел жапсырмадан арыла алмай келеді деп күңірене ой толғайды.

Алайда бұл зерттеу нәтижелері әр білім беру деңгейлеріндегі оқулықтардан көрініс таппайды. Яғни ғылыми анықталған заңдылықтар айналымға енгізілмейді. Бұдан ғылыми салааралық байланыстың жоқтығын байқауға болады.

Осы тұрғыда ресми ұсынылған латын ғаріпіндегі үш үлгінің дыбыстық құрамына көз салайық. **Бірінші үлгіде дыбыс саны – 35.** Дауысты дыбыс – 10 (а, е, і, и, о, ұ, ы, ә, ө, ү), дауыссыз дыбыс – 25. *У/w* - дауысты да дауыссыз. **Екінші үлгіде дыбыс саны – 34.** Дауысты дыбыс – 10 (*и,й* бір таңбалы), дауыссыз – 24. Осы үлгіде «*и*» дыбысы алынып қалған. Неге екені белгісіз... Қандай принципке негізделген... Егер де кірме дыбыс ретінде алынса, «ч» аффрикат кірме дыбысы да алынуы керек еді. **Үшінші үлгіде – 34.** Дауысты дыбыс – 10, дауыссыз – 24.

Осы тұрғадан келгенде алфавит түзбей тұрып қазіргі қазақ тіліндегі дыбыс санын ресми бекіту керек.

Кез келген халықтың ұлттық жазуының сауаттылығы, ең алдымен, емле заңына негізделетіні белгілі. Емле ережелері басшылыққа алынатын негізгі құжат болып табылады.

Латын графикасына негізделген қазақ емлесінің негізгі ережелері жобасы 2018 жылдың қыркүйек айында білім беру, ғылыми-зерттеу орталықтарына сараптамаға жіберілді.

Сараптама ұсыныстарын қабылдай отырып 2018 жылдың 6 желтоқсанында Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия мақұлдаған жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері айналымға енді.

Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері саны – 107. Қамтылған тараулар: әріптер емлесі, түбір сөздер емлесі, бөлек жазылатын сөздер емлесі, бірге жазылатын сөздер емлесі, дефиспен жазылатын сөздер емлесі, бас әріп емлесі, қысқарған сөздер емлесі, шеттілдік сөздер емлесі, сөздердің тасмалдануы. Жалпы тарау саны – 9.

Енді осы емле ережелерімен танысу барысында ой салған кейбір мәселелерге тоқталайық. Мәселен, дауысты, дауыссыз дыбыстар емлесі ережелерінде - қосар дыбыстарды (*ұу/үү, ый/ий*) дара әріппен (*у,и* әріптерімен) таңбалаудың үлгісі ұсынылды;

- қазақтың әдеби тіліндегі емлесі қиын сөздердің орфографиялану ерекшеліктері көрсетіледі;

- латын негізді жаңа әліпбиде жоқ *ё, й, ц, щ, э, ю, я, ь, ь* әріптерінің жазылу баламасы берілді;

Дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптер:

а, á, о, ó, у, і, u, ú, е.

Дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер:

б, d, f, g, ĝ, h, ђ, j, k, l, m, n, њ, p, q, r, s, t, v, ý, z, sh, ch.

Ал жаңа әліпбиде 11-ші ретте **І,І** әрпі (*и,й*) таңбалайтыны көрсетілген.

Сондай-ақ *ı, ú* әріптерінің емлесі бөлігінің §7. **уI** (ый), **иI** (ий) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында **I** әрпімен жазылады: *igilik, iman; kım, tıyn, sıa, sıaqtı; bı, tarıhı; instıtıýt, kını, granıt.*

Е с к е р т у. Қосар уI (ый) әріптері тек syI (сый), tyI (тый) түбірлерінен жасалған сөздерде жазылады: *syılyq, syıymdylyq, syıú ; tyıym, tyıylú , tyıú ;* §8. **уú** (ұу), **úú** (үу) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында **ú** әрпімен жазылады: *ú yldıryq, ú yz, ú ildeú ; tú ys, qú yrshaq, gú il, tintú ir; oqú , sú , jazú , kely , bary.*

Бұл жерде де **-ый, -ий; -ұу, -үу** дыбыс тіркестерін таңбалайтын дауыссыз **I, ú (ú, y)** әріптері буын құрай ала ма? Және «Ереженің негізгі ұстанымы үшін **фонематикалық принцип** басшылыққа алынды» ұстанымы ескерілмейтіндей көрінеді... Емленің негізге алатын фонематикалық принцип – фонеманың негізгі реңкі сақталып жазылатын емле ұстанымы саналатыны анық.

Сонымен бірге осы бөлімдегі §9. **ю** әрпі **ıú** әріп тіркесі түрінде жазылады: *ayı , bary , oıú , jayı , sú ıú .* *Е с к е р т у.* **ı** әрпінен кейін тұрған **ю** әрпінің орнына **ú** жазылады: *qıú , jıú .* §10. **я** әрпі **ıa** әріп тіркесімен жазылады: *qııan, ıag ın, saıa.* *Е с к е р т у.* **ı** (ı) әрпінен кейін тұрған **я** әрпінің орнына **a** жазылады: *qıar, sıa, jarıa.*

Бұл жерде де сөздерді буынға бөлу мәселесі қалай шешіледі.? Мысалы *qıar- қияр (қи-ар)* болу керек еді. *қы-йар.*

Ал түбір сөздердің емлесі тарауындағы қосымшалардың жалғануы ережелерінің §15. Түбірдің соңғы буынында үнді дауыссыз дыбыстан кейін тұрған **у, і** әріптері тәуелдік қосымшасы жалғанғанда түсіріліп жазылады. Мысалы: *ayıł – айлы, daıys – daısy, erın – ernı, halıq – halqu, orıyn – orny, ğırıp – ğırpu, qırıq – qırqu (қырқын беру), kórik – kórki (бем-ажар), árıp – árpi, narıq – narqu (бағасы), parıq – parqu, qulyq – qulqu, oıyn - oıynu.*

Е с к е р т у. Мағынасына нұқсан келетін сөздерде у, і түсірілмей жазылады. Мысалы: *qulyq – qulyǵy; kórik – kórigi (ұстаның құралы); qalyp – qalyby (нанның қалыбы); qırıq – qırıǵ u (сандық мағына); narıq – narıǵ u (термин)*

Осы жердегі **ауыл-аулы** болуы ретсіз көрінеді. Себебі сонау кеңес дәуірі жылдардағы қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде (1988 жылғы), егемендік алғаннан кейінгі 2007 жылғы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты даярлап ҚР-ның Мемлекеттік терминология комиссиясы мақұлдаған (жауапты редакторы ҚР ҰҒА академигі, профессор Р.Сыздық, 56-бетте), 2013 жылғы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мақұлдаған (жауапты редакторы филология ғылымдарының докторы, профессор Нұргелді Уәли, 86-бетте) орфографиялық сөздіктерде осы сөзге үшінші жақ тәуелдік қосымшасы жалғанғанда сын есім болып ұғынылуы мүмкін екендігі ескеріліп, **ауылы** болып сақталып жазылуы ескеріліп еді.

Ал ағымдағы жылдың күзінде мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың отандық тілші-ғалымдарға ақуд диакритикалық таңбалы нұсқаға әлі де болса оң өзгерістер енгізіліп, көпшілікке ұсынылса деген үндеуінен кейін латын қазақ әліпбиінің нұсқалары ұсыныла бастады. А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты ғалымдары қараша айының басында отыз екі таңбалық жаңа нұсқа ұсынды.

A a	Ğ ğ	L l	S s
Ä ä	H h	M m	Ş ş
B b	İ i	N n	T t
Ç ç	ı ı	Ŋ ŋ	U u
D d	Y y	O o	Ü ü
E e	J j	Ö ö	V v
F f	K k	P p	W w
G g	Q q	R r	Z z

Байқап отырғанымыздай, алдымен, әліпби жүйесіндегі әріптердің реттік орындары өзгерген. Екіншіден, қазақ тілінің заңдылығына сәйкес дауысты дыбыстардың сингормониялық сынарлары қатар орналастырылған. Сондай-ақ алдыңғы нұсқадағы диграфтар (*sh, ch*) жоқ. Тағы ерекше көзге шалынатыны диакритикалық таңбалардың басымдығы. Мәселен, әріп үсті қос нүкте:

- **ü,ë,ï** әріптік тіркестерді бөлектеп оқу таңбасы (грекше *diaeresis* немесе *dialytika* және французша *trema* (трема) грек, роман және басқа да тілдерде.

- **ä,ö,ü, умляут** – кейбір дауысты дыбыстардың жіңішкеруін белгілейтін неміс және басқа да герман жазуларының таңбасы. Сондай-ақ фин, эстон, венгр, словак, түрік тілдерінде де бар.

Біздің нұсқамызда осы диакритикалық таңбаның қайсысы сәйкес? Біздіңше, диарезис термині. Себебі ол таңбалар тілімізде бір дыбыстың жіңішке айтылуы емес, жеке-жеке фонемалардың көрсеткіші.

Әріп үсті нүкте: ағылшынша **«*title*»**.

і - «i» және j- «j» фонемаларының әріптері.

Келесі, u- сипатты, яғни доғал сипатты әріп үсті таңба:

-**ğ, «ғ»** фонемасының әрпі. Түрік тілі әліпбиінде бар таңба.

«Седиль» диакритикалық таңбасы:

ç- қазіргі француз тілінде қолданылады. Мысалы, *фасад* сөзінің айтылуында. Сонымен бірге, қазіргі түрік тілінде **c,ç,s,ş** таңбалары [дж], [ч], [с] және [ш] дыбыстарын таңбалайды екен.

Осы орайда айтарымыз, тіліміз анық, жазуымыз оңтайлы болсын десек, келелі мәселелерді ортаға салып, келісіп пішкен дұрыс. Сонда ғана жаңа әліпбиіміздің дыбыстық-әріптік жазуға қатысты дыбыс саны мен әріп саны тең болса *идеалды жазу*, дыбыс санынан әріп саны көбірек болса, *жаман емес жазу*, әріп саны дыбыс санынан аз болса, *феноменалды жазу* қағидаттары тұрғысынан қай қатардан көрінері өзімізге байланысты болары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшірудің өзекті мәселелері. –А.: «Сарыарқа» баспасы, 2013. –160 б.

2 Н.Оралбаева, Ғ.Мадина, А.Әбілқасымов Қазақ тілі (практикалық курс). –А., «Қазақ университеті», 1993. – 336 б.

3 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. –Астана, 2002.

ӘОЖ 81.512.122'42

МУХАМЕДЖАНОВА ГҮЛМИРА ТАСТЕМИРОВНА

АҚМАҒАМБЕТОВА БИБИГҮЛ ЕРСАЙНОВА

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Петропавл, Қазақстан

ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Аннотация: мақалада тілдің бейнелік қабаты болып саналатын тілдік құралдардың зерттелу жайы қарастырылған. Тілдік құралдар сөздің дәлдігін, дұрыстығын, экспрессивтілігін анықтап, сөзге көрнекілік пен әуезділік береді. Аталмыш мақалада қазақ тілтануымындағы ғалымдардың еңбектерінде тілдік құралдарға берген зерттеулері берілген.

Тірек сөздер: тілдік құралдар, лексикалық қабат, көріктеуіш құралдар, бейнелеуіш.

Тіліміздегі көріктеуіш құралдар – маңызды лексикалық қабат. Әдеби тіліміздің әрі мәдени болмысымыздың көрсеткіші. Бүгінге дейін тілдік құралдардың қолданысы мен түрлі мақсаттарда ақпарат беру мүмкіндігінің дәрежесін саралауға арналған көптеген ғылыми еңбектер, монографиялар, диссертациялық жұмыстар жазылып, жарық көрді және бұл бағыттағы зерттеулер әлі де өз жалғасын таба беретіні анық. Өйткені қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамып, мәдениеттердің тоғысуы биік деңгейге көтерілген заманында, тілдік құралдардың да дамымай бір орында тоқтап қалуы мүмкін емес. Осыған байланысты ұлттық танымның негізгі арқауын жаңа заман сұраныстарына бейімдеп, тілдік мәдениетіміздің сол кезде қалыптасатын жаңаша сипатын саралауға бағытталған жұмыстар міндетті түрде жарық көріп отырады деп сенеміз. Осы зерттеулердің алдында тұрған келесі бір міндет – әуелі А.Байтұрсынұлынан бастау алатын, Р.Сыздықтың ұстанымына сүйене отырып, біз «көріктеуіш құралдар» тұлғасында қолданып отырған терминді бір ізге түсіру болады деп ойлаймыз. «Көріктеуіш құралдар» ұғымының аясына қандай тілдік құралдар топтасады? – бұл да арнайы қарастыруды талап ететін сұрақ. Дегенмен, оларды алдағы тараулардың еншісіне қалдыра тұрып, бүгінге дейінгі бұл мәселенің қазақ тіл білімінде зерттелуіне тоқталайық.

Көріктеуіш тілдік құралдардың қазақ тілі білімінде зерттелуі А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алады. Қазақ тіл білімінің негізін салушы А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде алғаш рет көріктеуіш құралдардың теориялық негізіне шығарма сөздің «көрнекілігі» тұрғысынан назар аударған болатын. Яғни сөздің ауыспалы және жанама мағынасы, тілдік құралдар – бәрі де осы аталған тақырып аясында қарастырылады. А. Байтұрсынұлының зерттеулері бойынша сөздің стилистикалық айшықтарының функционалды прагматикасы поэтикалық тілдің бейнелілігіне («көрнектілігіне») бағытталады. Ғалым еңбегінде көркем тілдің стильдік ерекшелігі былайша көрінеді: «Шығарма тілі екі түрлі болатындығы жоғарыда айтылған еді. Оның бірі ақын тілі деп, екіншісі әншейін тіл деп аталады деп едік. Бұл екі тілдің арасындағы айырмасы мынау әншейін тіл көбінесе сөздің дұрыстығын, анықтығын тазалығын, дәлдігін талғайды. Ақын тілі сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне, көрнекті, әуезді болу жағын да талғайды» [1, 255]. Көрнекілік пен әуезділік көріктеуіш құралдардың көмегімен жүзеге асатыны белгілі, сондықтан ғалымның ғылыми тұжырымдарын көріктеуіш құралдарға берілген сипаттама ретінде қабылдауға болады.

А.Байтұрсынов сонымен қатар, «Сөздің дұрыс, таза, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз заттарды деректі затша, бернесіз заттарды бернелі затша сипаттайды, жансыз затты жанды заттай ғамалдайды. Ақ көңіл, шолақ ақыл, арам ой деу, яки күн бүркіп тұр, найзағай ойнайды, су қайтты деу. Мұндай сөздер жалғыз әдетті түрінде емес, әдейі де айтылады... Осы сияқты өң берілген сөздер көрнекі тіл делінеді», – дейді [1, 259]. Яғни оның «көрнек тіл» деп атап отырған терминінің мағынасы біз қозғап отырған көріктеуіш құралдарға балама болады. Троп пен фигура түрлерін алым бірлікте қарап, термин атауларын түгел қазақша ұсынады. «Көрнекі тіл» деп атаймыз дейді де, «көріктеу», «меңзеу», «әсерлеу» деп үшке жіктейді. Көріктеу тәсіліне көріктеу (эпитет), көркейту, лақаптау, ал меңзеу тәсіліне: теңеу (әншейін теңеу, әдейі теңеу), ауыстыру (метафора), бейнелеу, бернелеу, алмастыру (метонимия), кейіптеу (олицетворение), әсірелеу (гипербола

мен литота), әсерлеуге: арнау (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау), қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, бүкпелеу, кекесіндеу (зілсіз кекесін, зілді кекесін).

З.Ахметов, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, Қ.Өмірәлиев т.б. сынды белгілі әдебиетші ғалымдардың еңбектерінде тілдік құралдардың кейбір түрлері әдебиеттану ғылымының ауқымында қарастырылып, нақты тұжырымдар жасалды. Тіл-тілде көріктеуіш құралдардың сырларына үңілу ізденістері тілші ғалымдардың да назарынан тыс қалған жоқ. Қазақ лингвистикасының синхронды-диахронды дамуына үлес қосқан тілші ғалымдар да өз зерттеулерінде көріктеуіш құралдар туралы тұжырымдар жасап отырады. Ө. Айтбаев, Ө. Болғанбаев, М. Балақаев, Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, Ғ. Қалиев, Е. Жанпейісов, О. Бүркітов, Р. Барлыбаев, Ө. Қайдар, Б. Қасым, Т. Қоңыров, Ғ. Мұсабаев, М. Серғалиев, Р. Сыздық, Г. Смағұлова, С. Сәтенова, М. Томанов, Н. Уәли, Б. Шалабай, Р. Шойбеков, Б. Хасанов, Г. Сағидолда және т.б. ғалымдардың зерттеулерімен қатар Ж. Дәркенбаева, Г. Зайсанбаева, З. Ержанова, Ж. Исина, Ж. Өмірбекова, Ж. Қоңыратбаева, С. Қалиева, Х. Қожахметова, А. Кәріпжанова, А. Махметова, Г. Мұхаметқалиева, М. Мамаева, Т. Мықтыбаева, Б. Нағасбекова, Ф. Оспанова, Э. Өтебаева, А. Сыбанбаева, Қ. Тұрарбекұлы, К. Сарышева, Б. Уызбаева, Ө. Хазимов және басқа да жас зерттеушілердің диссертациялық жұмыстарын осы қатарға жатқызуға болады.

Қазақ тіл біліміндегі жекелеген зерттеулер ішінде мынандай ғалымдардың еңбектеріне тоқтала кетуге болады: К.Ахановтың (омоним), Т.Қоңыровтың (тенеу), М.Серғалиевтің (синоним), Б.Хасановтың (метафора), Г.Смағұлованың (фразеологизм) т.б. Бұлардың әрқайсысының теориялық жағынан да, практикалық жағынан маңызды екені даусыз. Десек те, ізденіс барысы тілдің көріктеуіш құралдарын кешенді түрде қарастырған зертеулердің тапшы екенін көрсетіп отыр.

1958 жылы жарық көрген К.Ахановтың «Қазақ тіліндегі омонимдер» зерттеуі қазақ тіліндегі омонимия мәселесін, омонимдердің сыр-сипатын айқындауды мақсат еткен. Мұда омонимдердің зерттелу дәрежесі, омонимдердің жасалу жолдары мен классификациясы ұсынылған. Омонимдерді зерттеудің теориялық және практикалық мәнінің зор екендігін сөз етіп, олардың пайда болу жолдарын, омонимдік қатар, түбір және туынды омонимдер, лексикалық және лексика-грамматикалық секілді түрлерін жасап берген қазақ тіл біліміндегі алғаш еңбек [2].

Көріктеуіш құралдардың көп зерттелген түрі – фразеологизмдер. Өткен ғасырдың 40 жылдары бастау алады. Қазақ фразеологиясын зерттеуге қомақты үлес қосқан ғалым І.Кеңесбаев болатын. Ғалым фразеологизмдерді танып-білудің мынандай басты үш белгісін атап көрсетеді: 1) қолдану тиянақтылығын; 2) мағына тұтастығын; 3) тіркес тиянақтылығын басты арқау етеді [3]. І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты қомақты еңбегі қазақ тіл білімінің жаңа бір белесі болатын. Мұнда тіліміздегі көріктеуіш құралдардың бір тарауы - фразеологиялық тіркестердің алуа түрі қамтылды [3]. Лексикологияға арналған зертеулер мазмұнынан да көріктеуіш құралдарға қатысты мәселелерді көреміз. Осы бағыттағы К.Ахановтың, С.Исаевтың, Ғ.Әбухановтың, Ө.Болғанбаевтың, А.Айғабыловтың ізденістерінде тілдік құралдардың өзіндік болмысы туралы біршама мәселелер қамтылды.

Көріктеуіш құралдар теориялық жағынан стилистика саласында едәуір зерттеулерге негіз болды. Өйткені стилистика тіл ғылымының басқа да салалары секілді тілдік құралдарды, тілдік бірліктерді зерттейді. 1966 жылы жарық көрген М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаев сынды бірқатар ғалымдардың бірігуімен жазылған «Қазақ тілінің стилистикасы» еңбегі тілдік құралдарды лингвостилистикалық тұрғыда қарастырған алғашқы еңбектердің бірі. Бұл еңбекте функционалды стильдер тұрғысынан эмоционалды-экспрессивті бояу туғызатын лексикалық, синтаксистік, морфологиялық, фразеологиялық тілдік бірліктер мысалдар арқылы дәлелденіп, талданады. Осы бағыттағы еңбектердің қатарына М.Балақаев пен М.Серғалиевтің «Қазақ тілінің мәдениеті» Р.Сыздықтың «Абай шығармаларының тілі», «Абайдың сөз өрнегі», Б.Момынованың «Шәкәрім поэзиясының тілі» т.б. жатқызуға болады. Дұрыс сөйлеу, сөзді дұрыс жұмсай білу шеберлігін үйрететін тіл мәдениетіне қатысты еңбектерде көріктеуіш құралдар кеңінен

қарастырыла бастады. М.Балақаевтың «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту», «Қазақ әдеби тілі және оның нормалары» еңбектерінде көріктеу амалдары – образды ойды беру мен дәлме-дәл, нақты жеткізу үшін қолданылатын көркем әдебиет және публицистика тіліндегі тәсілдер екендігі айтылады. Автор «Қазақ тілінің стилистикасы» атты еңбегінде синтаксистік категория мен синтаксистік тұлғалар – адам ойын жинақы, тиянақты түрде білдірудің ұйымдастырушы бөлшектері де, сөйлем – ойды білдірудің негізгі формасы ретінде көрсетіп, синтаксистік синонимдер, хабарлы, лепті, сұраулы сөйлемдер, сөйлем мүшелері, қайталама сөздер мен бірыңғай мүшелер, қаратпа, қыстырма сөздер, толымды және толымсыз сөйлемдер адам өз ойын дәлме-дәл айтуда, ой айқындылығы, сөз әсерлілігі үшін қажет деп санайды [1].

Р.Сыздық өзінің «Абайдың сөз өрнегі» атты еңбегінде өлеңнің көркемдігін поэтикалық тілі көрсететіндігі, поэзия тілін талдауда бейнелілік мәселесіне, оның фоникалық құрылымын сөз ету қажеттігін айтады. Ғалым көріктеуіш құралдарды үш тарауға бөліп қарастырған. Атап айтсақ, «Сөз – өлеңнің арқауы» бұл бөлімде образдың эстетикалық өрісін тудыратын көріктеу құралы эпитетке тоқталған. Эпитетке «адамның, заттың, құбылыстың бір белгісін: сырын, сипатын, қасиетін атап көрсететін сөз, бірақ осы қызметте келетін жай анықтауыш сөзден эпитеттің айырмасы бар» деп анықтауыш пен эпитеттің ерекшеліктерін анықтап береді. *Тұрақты, тұрақсыз, тавтологиялық, метафоралық, синкреттік* секілді түрлерге бөліп, образдың әсерлі болуын, экспрессиясын күшейтуде маңызды рөл ақтаратындығы жайлы сөз етеді. Бұл бөлімде ақын шеберлігін танытқан эпитетке қоса етістікті көріктеу құралы ретінде алып талдайды. Автор сөз соңында құбылту деп атап жүрген троп түрлерінің, яғни эпитет, метафора, литота, перифраз, эвфемизмдердің барлығында экспрессивті элементтер екеніне тоқталады. Бұларды сол әсерлілігіне қарай *экспрессив* деп атап, қандай тәсілмен жасалса да, экспрессивтер көркемдеуіш-бейнелуіш қызмет атқарады деп тұжырымдайды. «Сөз таңдау», «Сөз құбылту», «Сөз үндестіру» бөлімдерде белгілі бір стильдік жүк арқалап тұратын синонимде, сөз-символдар, поэтикалық экспрессияның ұтымды құралы – фразеологизмдер мен перифраздарға, дыбыс гармониясы, дыбыс үндестігін анықтап берді. Әсіресе, аллитерация мен ассонанс, анафора мен эпифора терминдеріне тоқталып, нақты анықтама береді.

Н.Уәлидің «Сөз мәдениеті» еңбегінде көріктеуіш құралдарды адам сөйлеген кезде жұртты ұйытып, тыңдаушының айызын қандыратын бірден-бір тәсіл екендігін айтады. Бұнда тәсілдер тек сөзге бояу дарыту ғана емес, сондай-ақ өмір құбылыстарын бейнелі түрде танытудың аса маңызды тәсілдері ретінде көрсетеді. Алайда, ғалым тіл әсерлілігі тек көріктеу амалдарынан ғана тұруы шарт емес, қарапайым сөздер де орайын тапса ойдың мінділігін де, нанымдылығын да білдіре алады деген пікірге келеді.

Ғалым М.Серғалиев «Көркем әдебиет тілі» атты зерттеу еңбегінде М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, И.Байзақовтың («Құралай сұлу» поэмасы), С.Шәймерденов, Т.Әлімқұлов, З.Шашкин, М.Қаратаев, Қ.Найманбаев секілді қазақ жазушыларының тіліндегі алуан түрлі қолданыстар мен көріктеуіш құралдардың сөзбен сұлу сурет салу шеберліктерін ұштаудағы өзіндік орнын көрсете отырып, тілдік талдаулар жасады. Екінші жағынан қаламгерлердің тіліндегі әрқайсысының өзіне тән стильдік ерекшелік қазақ тілінің жаңа сапалы белеске көтерілгенінің айғағы [4].

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Байтұрсынұлы А. 5 томдық шығармалар жинағы. Т.1, – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.
- 2 Аханов К. Қазақ тіліндегі омонимдер. – Алматы: қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1958. – 128 б.
- 3 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: «Ғылым», 1977. – 712 б.
- 4 Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Астана: «Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы», 2006. – 369 б.

ӘОЖ 371.687:81'1

РАХЫМ АРАЙЛЫМ ҚАЙЫРГЕЛДІҚЫЗЫ,
АМАНТАЙ ЖҰЛДЫЗ АҒЫБАЙҚЫЗЫ

ТІЛДІК ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ПЛЕОНАЗМ ҚҰБЫЛЫСЫ

Аннотация: мақалада қазақ тіліндегі плеоназм құбылысының анықтамасы мен ерекшеліктері қарастырылады. Плеоназмның түрлері, мысалдары келтірілген. Тілдік бірліктердің лингвистикалық қайталануы сөз етілген. Плеоназмның дағдылы фразеологиялық тіркестердің құрылысын өзгертуінің бір түрі ретінде де қолданылуы талданған.

Тірек сөздер: плеоназм, семантика, фразеологиялық тіркестер, синонимдік қайталау, лексикология, стильдік ерекшелік.

Жалпыадамзат тілі қоғам тарихымен тығыз байланысты. Қай халықты алсақ та, оның басынан өткен қилы-қилы кезеңдері сол халықтың тіліне ізін қалдырмай тұрмайды. Себебі: сөз тарихы тіл тарихымен тығыз байланысты. Осы қатынастық сырын ашу – тілші ғалымдардың алдында тұрған үлкен міндет. Қазіргі қазақ тіл білімінде тілдік құбылыстардың бір қатары терең зерттелгенімен, әлі де зерделеуді қажет ететін мәселелер бар. Соның бірі – плеоназм құбылысы. Плеоназм (грек. Pleonasmos - артықшылық) – лексикалық не грамматикалық мағынаны жеткізу үшін қолданылатын құралдардың молдығы. Плеоназм – мағыналық жағынан сәйкесіп, үйлесіп, тіркескен, алайда логикалық тұрғыдан қисынсыз, шұбарлық тудыратын сөз орамы.

Осы терминге байланысты ғалым О.С.Ахманова: «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» былай деп екі анықтама береді:

1. Ойды жеткізудегі сөздің артық қолданысы бұл тіл бірлігінің үйреншікті қасиеті.
2. Синонимдік сөздердің жиынтығы ретіндегі сөйлеудің түрі. [1.47].

Плеоназм лексемалардың қайталануынан (лексикалық плеоназм) және грамматикалық тұлғалардың қайталануынан өз көрінісін табады. Табиғатына қарай плеоназм түрлері мынадай болуы мүмкін:

- 1) міндетті плеоназм – тілдік жүйеге немесе нормаға сай болу қажеттілігінен туындайды;
- 2) факультативті, стилистикалық плеоназм – сөйлемнің эксперессивтік мақсатына байланысты жасалады.

Дей тұрғанмен соңғы уақытта плеоназмдарды сөздер мағынасының байыбына бармастан дұрыс қолданбаудың салдары деп те қарастырып жүргендер баршылық. Сөздердің мағынасына аса мән бермей қолданудағы салғыртыққа келесі тіркестер мысал бола алады: түпсіз терең тұңғиық, жоғарыға көтерілу, ақшалай қаражат, бірге біріктіру т.б. Бұл мысалдарда сөз тіркестері құрамындағы сөздер бірдей мағынананы беріп тұрғандығы айдан анық, алайда оның қолданысқа еніп, әбден үйреншікті болғаны соншалық, тіпті олардың плеоназмның айқын мысалы екенін ажырата алмаймыз. Үйреніп қалғандықтан бізге жалаң айту қиынға соғады. Және біз үшін үйреншікті емес. Мұндай ақаулар біздің тілімізде жетіп артылады.

Семантикалық плеоназмдар семантикамен, сөздің лексикалық мағынасымен байланысты. Мұндай плеоназмдардың құрамына жиі кірме сөздер кіреді. Себебі неде екенін болжау қиын емес. Адам басқа тілден енген сөздің мағынасын жете түсінбей, мағыналас сөзді тіркестіре айтады. Бұл құбылыс *периссология* деп аталады. Айталық, ең көп таралған мысалдар:

Баға прейскуранты. Прейскурант (нем. preiskurant, Preis - баға және фр. courant - ағымдағы) - тауарлар бағасының анықтамалығы.

Уақыт хронометражы. Хронометраж (грек. *chronos*-уақыт және *metreo*-өлшеу) – циклдік қайталанатын қолмен және машиналық-қолмен операцияларды орындауға арналған уақыт шығындарын зерттеу әдісі.

Ішкі интерьер. Интерьер (фр. *intérieur* < лат. *interior*-ішкі) - сәулеттік және көркем безендірілген ішкі кеңістік.

Атмосфералық ауа. Атмосфера (грек. *ἀτμός*- "бу" және *σφαῖρα* — "сфера") – жердің ауа қабығы.

Бірінші премьерасы. Премьерасы (фр. *première* — "бірінші") - бірінші көрініс, бірінші қойылым.

Мұндай мысалдарды тізе берсе, өте көп: *басқа альтернатива, бос вакансия, ең оптималды, шаш депиляциясы, мемориалдық ескерткіш, халық фольклоры, бүкілхалықтық референдум, қосымша бонус, әсерлі триллер, жергілікті абориген, халықтық демократия, ерекше феномен, негізгі лейтмотив, болашақ перспективалар, танымал илягер, алдын ала анонс, қатаң табу, монитор экранынан скриншот жасау.*

Кейде тіл тасымалдаушылары туған тіліндегі сөздердің лексикалық мағынасын дұрыс түсінбейді: *наурыз айы, ең ақырында, кері оралу, алғаш рет танысты, уақытша кейінге қалдыру, негізгі мәні, шынайы ақиқат, қысқа сәт, кері шегіну, қайтадан қайталаңыз, толық жойылған, алдын ала жоспарлау, бірлескен кездесу, өз көзімен көру, өз құлағымен есту, баспалдақпен жоғары көтерілу/төмен түсу* [2.124]

Соңғы уақытта құрамында аббревиатуралар кездесетін CD-диск, ERD-диаграмма, IT-технологиялар, RAID-массив, VIP-тұлға, GPS жүйесі, SMS-хабарлама бар плеоназмдар жиі қолданылуда. Бұл жағдайда қайталаудан құтылу қиын, өйткені негізгі лексикалық мән тек бір әріппен кодталған. Және латын әріптерінен құралғандықтан және онда шифрланған сөз, шетел, көбінесе ағылшын тілінде болады. Өрнек құрамындағы қазақша баламасы түсініктеме рөлін атқарады.

Плеоназм тілдік ауытқушылық ретінде хабарлама авторының құзыреттілігінің стилистикалық және семантикалық жеткіліксіздігіне нұсқайды. Дегенмен, кейбір плеоназмдар сөз мағынасын күшейтеді. Оның лексика-экспрессивті мағынасын күшейтеді. Мәселен: *Мен ол оқиганы өз көзіммен көрдім. Оның онсыз да қабырғасы қайысып, омыртқасы майысып жүр.*

Плеоназм құбылысы жазушы қаламының дағдылы фразеологиялық тіркестердің құрылысын өзгертуінің бір түрі ретінде де қолданылады. Бұл жалпытілдік қолданыстағы фразеологизмдердің лексикалық құрамын жаймалап қолдану әдісі болып табылады. Шклярров фразеологизмдердің плеоназм құбылысы деп бейнелі және прагматикалық әлеуеті жоғары жаңа бірліктерді атайды, себебі ол тірек компонентінің өзгеріссіз қалуының нәтижесінде бұрынғы фразеологиялық тіркестермен байланысын үзбейді. Мысаы: *Тас пісетін уақыт қой, еттің еті бір бөлек, сүйегі бір бөлек, сорпасы бір бөлек боп әбден «есеңгіреп» пісіпті* (О.Әубәкіров, 49 б.) [3.104]

Құрылымдық жағынан плеоназм мағыналық тілдік бірліктердің қайталануынан құралады. Тілдік бірлік сол қалпында бірнеше рет қайталануы мүмкін, яғни ол – тавтология немесе редупликация деп аталады. Ал, егер мағыналық жағынан бір-біріне жуық сөздер тіркесіп келсе, ондай мұндай тіркестер – синонимдік қайталану, көпсөзділік деп аталады.

Синонимдерді жекелеп, жалғыз жарымдап жұмсаудан гөрі плеонастикалық тәсілмен жұптап қолдану әлдеқайда мәнерлі болып ұғынады. Мысалы, көркем әдебиетте немесе поэзияда байтақ жер дегеннен гөрі ұлан байтақ жер деп айту эмоциялық-экспрессивтілік тұрғыдан күштірек мән туғызып, жақсы әсер қалдырады. Сол сияқты ғажайып оқиға дегеннен таңғажайып оқиға оқиға дегеннің мәні басымырақ.

Плеоназм заттың лингвистикалық қабаттасып қатар қолданылу нәтижесінде бір мағыналы білдіріп қалыптасып кеткен екі сөз. Өзара мағыналас екі сөз плеоназм әдісімен ұдайы қатар айтыла келе бір сөз есебінде қолданылады.

Қатар тұрып қолдану нәтижесінде бір мағынаны білдіріп, қалыптасып кеткен екі сөз плеоназм әдісімен ұдайы айтыла келе бір сөз есебінде қолданылады. Мысалы: *зәулім биік, қырмызы қызыл, кәрі шал* т.б.

Лингвистикада плеоназм құбылыстарын түсіндіруде біраз қайшылықтар бар. Бұл мәселе І.Кеңесбаев, Ә.Болғанбаев, К.Аханов, Г.Әжібекованың еңбектерінде біршама қарастырылған. Мемлекеттік тіліміз қазақ тілінің қолданыс аясы күннен-күнге артқан сайын оған деген қажеттілік те өсіп келеді. Қазақ тілін дамыту бағыты оның мемлекеттік мәртебесін іске асыру қажеттілігімен айқындалады. Қазақ тілін ғылыми салада дамыту үшін іске асып жатқан шаралар жеткілікті десек те, әлі толыққанды шешілмеген мәселелер де бар. Соның бірі плеоназмдық тізбек. Құрылымдық жағынан плеоназм мағыналас тілдік бірліктердің қайталанауынан құралады. Тілдік бірлік сол қалпында бірнеше рет қайталануы мүмкін [4.75].

Қазіргі қазақ тілінде плеоназмдар жүйесінің қалыптасуы тек заңдылықтарына ғана емес, сол сияқты экстралингвистикалық құбылыстарға да байланысты. Олар қоғамдық өмір мен тілдік қатынастарға әлеуметтік өзгерістерді де көрсетіп отырады. Тіліміздегі плеоназмдық құбылысты анықтау, күшейту, нақтылау үшін ғана емес, көркем әдебиет пен фольклор тілінде ойды мәнерлеп, бейнелі түрде жеткізу мақсатында стилистикалық мәтін ретінде де қолданудың мәні зор.

Қорытындылай келе, қазақ лексикологиясы қай жағынан болсын нәтижелі еңбек пен атқарылған іс-шаралар нәтижесінде едәуір биікке көтерілді деуге болады. Дегенмен, басы ашылмаған, сараланбай, жүйеге түспеген дүниелер әлі де көп. Көркем прозада, поэзияда, сонымен қатар, ауызекі сөйлеу тілінде де қайталау жиі кездеседі. Белгілі бір сөздердің бір сөйлемде, не абзацта жиі қайталануы бұл ақын-жазушының ойын күшейту немесе бір нәрсеге, жағдайға оқырман назарын ауларту ұғымында жасалады. Қайталау немесе плеоназм – стильдік тәсіл. Сондықтан тілдік қолданыстағы әрбір сөзіміздің жүйелі, мазмұнды, орынды болуына назар салып жүргеніміз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Абдрахманова А.Ж. Қазақ тіліндегі әлем бейнесі. ҚазҰУ хабаршысы. №1 (135). 2012ж.
- 2 Салқынбай А. Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік: -Алматы:Сөздік-Словарь,1998.-164 б.
- 3 Шкляр В.А. Современный русский язык. Лексика. – М.Просвещение, 1977 – 337 б.
- 4 Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1979. – 116 б.

ӘОЖ 371.687:81'1

СЪЕЗ АХБОТА

ҚАЖАҚПАР ӘЙГЕРІМ ЕРМЕКҚЫЗЫ

Ж.Мусин атындағы жоғары қазақ педагогикалық колледжі

Көкшетау, Қазақстан

Ahbota@inbox.ru

ТЕЛЕДИДАР ТІЛІНДЕГІ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аннотация: тіл білімінде соңғы жылдары БАҚ-тың тілін ғылыми тұрғыда қарастыруға ерекше көңіл бөлініп келеді. Әсіресе, мерзімді басылымдар тілі тіл білімінің әртүрлі деңгейлерінің нысаны болып, жан-жақты зерттелуде. Теледидар тілі мәселесін қозғауда адресант-мәтін-адресат факторы да өзінің маңыздылығымен ерекшеленеді. Адресатқа да, адресантқа да – бәріне ортақ әрекет – байланыс, қатынас. Ал байланыс, тілдік қатынас тіл арқылы іске асады. Мақала теледидар тіліндегі тілдік бірліктердің прагматикалық мақсатта жұмсалуды зерттеуге арналып отыр. Теледидар тілінде эфемия құбылысы мен табу сөздер өзара тығыз байланысты екенін атай отырып, нақты мысалдармен дәлелдеу.

Тірек сөздер: теледидар, адресант-мәтін, адресат факторы, аудио-визуальды-теледидар, саяси эфемизмдер, БАҚ құралдары.

Теледидар – бүгінгі таңдағы адамзат өмірінің ажырамас бөлшегі. Әрбір қоғам мүшесі өзіне қажетті ақпаратты қысқа мерзімде күнделікті теледидардан алып отырады, екіншіден, мемлекеттің қоғамда жүргізіп отырған саясатын, идеологиясын таратуда теледидар маңызы зор.

Бүгінгі күні халықтың мәдени, рухани өмірінен үлкен орын алып отырған, қоғамның жетекшілік нұсқауларын насихаттайтын ең пәрменді бұқаралық құрал – теледидар хабарларының міндеті әртүрлі. Күніне бірнеше рет берілетін соңғы хабарлардан бастап, әдеби, мәдени, саяси, оқу-ағарту, сан салалы өндіріс пен шаруашылыққа байланысты, спорт, т.б. тақырыптарға арналған мәселелер теледидарда дәстүрлі жүргізілетін хабарлардың негізгілері болып саналады. Демек, теледидар қамтымайтын, оның көп салалы жоспарларына ілінбейтін өмірдің еш саласы жоқ. Осындай ел өмірін жан-жақты қамтитын теледидар хабарларында қазақ тілінің қолданылу аясы да кең, коммуникативтік қызметі де маңызды.

Қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдері тұрғысынан саралағанда теледидар тілі әдеби тілдің публицистика саласына жататыны дау туғызбайтын мәселе. Бұл жөнінде ғылыми әдебиеттерде де бұрыннан айтылып жүр. Зерттеу еңбектерінде теледидар тілінде «көркем әдеби тіл стилі, оның жанрлары, ғылыми стильдің, тіпті кеңсе, іс-қағаздары стилінің де, бұларға қоса ауызша сөйлеу стилінің, оның да әр түрлі жанрларының белгілері бар екендігі аталып, демек қазіргі кезеңдегі радио, теледидар тілінің стилі - тек қана публицистика стилімен шектеліп қоймайды, онда қазақ әдеби тілінің бүгінгі даму сатысындағы басқа да функционалдық стильдерінің, ауызша сөйлеу тілі стилінің, олардың әртүрлі жанрларының сипаты бар», - деген қорытынды жасалады [1,121].

Қазақ тіл білімінде бұл тақырыпқа әлі де аз көңіл бөлініп келеді. Теледидар тілін зерттеуге арналған арнайы, жүйелі теориялық еңбектердің аз болуы зерттеу жұмысын жасауға кедергі жасайды. Қазақ тілінде теледидарға қатысты берілген мақалалардың көпшілігі тіл тазалығына байланысты. Қазақ теледидар тілінің стилін, тіл тазалығын, тіл нормаларын сақтау ерекшеліктеріне байланысты мәселелерді Р. Сыздықова, М. Серғалиев, Ш. Құрманбайұлы, Н. Уәлиев, Б. Омарұлы, Г. Смағұлова сынды ғалымдар мен қоғам қайраткерлері ғылыми мақалаларына арқау етті.

Теледидар тілі мәселесін қозғауда адресант-мәтін-адресат факторы да өзінің маңыздылығымен ерекшеленеді. Адресатқа да, адресантқа да – бәріне ортақ әрекет – байланыс, қатынас. Ал байланыс, тілдік қатынас тіл арқылы іске асады. Адамдар арқылы өзара байланыс болмаса, сөйлесім әрекеті де жүзеге аспайды. Байланыс – тілдік қатынастың негізін жасайтын, оны іске асырушы өзек, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың қажетті шарты. Осы тұрғыдан алғанда қарым-қатынас орнату барысында хабар жеткізуші - *адресант*, ал хабарды қабылдаушы – *адресат* болады. Адресант өз сөзінің тигізер ықпалын болжай отырып, өзінің түпкі мақсатына жету үшін тыңдарман/оқырманның қабылдауына тиімді баяндау стратегиясын ойластырады және адресаттың білім дүниелерімен санасады. Адресаттың іс-әрекеті белсінділік таныту, ден қою, назар аудару, қабылдау фреймдерін қалыптастыру болып табылады. Адресат “түсіну стратегиясын” басшылыққа алады. Түсіну стратегиясы, бірінен кейін бірі ретімен айтылған таңбалар тізбектерінің қандай мағынада екенін түсінуден басталып, сөйлеушінің нені айтпақ болғанын ұғынумен, ой елегінен өткізумен аяқталады. Сөзді мұқият ұйып тыңдаушының “образын” жасау – сөздің ойдағыдай өрбуіне ықпал ететін негізгі шарттардың бірі. Аталған мәселелердің барлығы хабар тілінің лингвопрагматикалық аспектілерін айқындауда үлкен рөл атқарады. Тіл жалаң коммуникативтік қызмет атқарып қана қоймайды, белгілі бір жұртқа ойды жеткізудің әртүрлі жолын айқындайды. Ал теледидар тілі қоғам өміріне, қоғам мүшелерінің күнделікті тіршілігіне тікелей араласып, қоғамдық пікір тудыруды мақсат етеді демекпіз. Яғни диктор белгілі бір жаңалықты жеткізе отырып, оған өз бағасын береді. Осы екі мақсатқа сай хабарда қолданылатын сөздің ерекшелігі де айқындала түседі. Телехабар тілінің прагматикалық аспектілерін зерттеп, бұл стильдің идеологиялық мақсатта үгіт-насихат жүргізу, психологиялық әсер ету мүмкіндіктерін ғылымның психоллингвистика, әлеуметтік

лингвистика салаларымен ұштастыра зерттеу, сөйте отырып, тілдің қоғамдық қызметіне ықпал ететін саяси, әлеуметтік, идеологиялық факторлар мәселесін жан-жақты анықтауды осы бітіру жұмысының басты мақсаты етіп алдық.

Ақпараттық бағдарламалардың қоғамдық мәні өте зор. Ол халыққа қызмет етеді, яғни халық қажеттілігін өтейді. Елімізде, таяу шет ел, шет елдерде болып жатқан саяси, әлеуметтік, мәдени жаңалықтар легін күнделікті жеткізіп отыру – теледидар, басылым, радионың тікелей қызметі. Мұның ішінде, әсіресе, телеарнада берілетін ақпараттық бағдарламалардың орны ерекше. Ол халыққа аудиалды, визуалды тұрғыда әсер етеді. Ақпарат жеткізудің негізгі құралы теледидардың маңыздылығы жөнінде ғалымдардың өзіндік көзқарастары бар. Мысалы, орыс ғалымы В.В. Егоров: «Теледидар дегеніміз – бұл тек бейне мен дыбыс жеткізудің техникалық тәсілі ғана емес, ол сонымен қатар бағдарлама жасау барысындағы өзіндік талаптары мен оларды адамның түйсінуіне қатысты психологиялық әсер етуінің заңдылықтары бар ақпарат жеткізудің ерекше саласы», – десе [2, 196], А. Юровский: «Басқа ақпарат құралдары, басқа өнер түрлері немесе публицистикамен салыстырғанда теледидар басым жағдайда адамға қоғамның, халықтың рухани тұрмысымен тыныс алуына, басқа адамдармен етене араласып, олардың ойы, іс-әрекеті, мақсаты мен арманы туралы білуіне мол мүмкіндік береді. Міне, оның қоғамдық мәні де осында. Кез келген өнер салалары сияқты теледидар саласы да қоғамның қызығушылығынан, оның қоғамдық қызметінен тыс өмір сүре алмайды», – деп жазды [3, 118].

Қоғамдық өзгерістерге байланысты тілімізде туған жаңа сөздер, жаңа ұғымдарды қазір толық түсініп болу мүмкін емес. Адам өміріне енген жаңа ұғымдар халық ұғымында толық ізін қалдырып, айқын бейнеленіп бірден сіңісіп кете қоймайды. Осы жағдайларда да ұғымға қойылатын ат кездейсоқ болмайтыны белгілі. Көбінде тіпті бір ұғым бірнеше атпен де аталып жүреді. Терминдік лексиканы қалыптастыруда сол дәуір баспасөзінің орны ерекше. Өйткені қандай да болмасын жаңалық алдымен баспасөз, радио, теледидар арқылы жарияланады. Мерзімді баспасөз сол қоғамдағы әлеуметтік саяси, ресми қаулы-қарарларды өз беттерімен жариялап тұратын ақпараттар ағыны. Осы мәселе тұрғысынан Б.Қ. Момынова: «Қазіргі кездегі өркендеп дамыған бұқаралық ақпарат құралдары оқылатын (визуалды) мерзімді басылымдар, тыңдалатын (аудиалды-радио), аудио-визуальды-теледидар, деректі кино болып үш түрге бөлінеді. Бұлардың коммуникативті құрылымдарындағы кейбір айырмашылықтар болмаса, атқаратын қызметтері ұқсас», – дейді [4, 15].

Теледидардың халыққа саяси, мәдени және эстетикалық әсер етуі оның бұқаралық-саяси қызметіне тікелей қатысты. Теледидарда берілетін ақпараттар ағымының өзіндік уақыты және сол уақытқа қатысты атауы болады. Мәселен, тәулік мезгілдеріне қарай «*Ақпарат арнасы – таңғы жаңалықтар*», «*Күндізгі жаңалықтар*», «*Кешкі жаңалықтар*», «*Түнгі жаңалықтар*», «*Қорытынды жаңалықтар*», «*Соңғы жаңалықтар*» деп аталады. Ақпараттық бағдарламалар құрылымы жағынан шағын мәтінге ұқсас. Ақпараттар легін журналистер дайын мәтін ретінде дайындайды, ал оны экраннан диктор оқиды.

Журналист құнды материалды, яғни ақпаратты құқықтық, саяси, эстетикалық, діни, этикалық, көркем қызметтегі бағыттардан алады. Бұл құнды категориялар қоғамда жасалады. Журналист оны мәніне, халқына, сұранысына қарай нақты факті ретінде қолданады. Ол ақпарат жасау барысында қалың аудитория мүмкіншілігін ескереді. Бұл – басты шарт. Ол өз материалын қарапайым ауызекі сөйлеу тілімен құрастырғанның өзінде «*өліп қалды*», «*соғыс басталды*», «*өртеніп кетті*», «*атып кетті*», «*түрмеге түсті*», «*бандит*», «*қарақшы*» деудің орнына бүркемелеп, басқаша атайды. Мысалы: «*өліп қалды*» – *қаза тапты*, «*соғыс басталды*» – *дүмпу болды, бас көтерді*, т.б. Сөздерді бұлай қолдану қазіргі қазақ тілінде *саяси эвфемизмдер* деп аталады.

Эвфемия құбылысы мен табу өзара тығыз байланысты. Әдетте табу дегеніміз – әлдеқандай себептермен (наным-сенім, саяси, әкімшілік, т.б.) тыйым салынған атаулар басқаша сөзбен аталады, ауыстырылады. Адамның өзге де заттар мен құбылыстардың аттарын өз атымен атамай, басқаша ат беру ең алдымен ерте замандағы мифологиялық ойлаудың формасымен тығыз байланысты. Бұл құбылыс, ғалымдардың түсіндіруінше, ерте

замандағы адамдар заттың, нәрсенің бөлігі, бөлшегі, олардың тұтас өзін ауыстыра алады деп түсінген.

Эвфемизмнің тұрақты белгілері, біріншіден, тыйым салынған сөздерді (мифологиялық, діни, саяси, әкімшілік, идеологиялық, т.б.) басқа атаулармен ауыстыру, екіншіден, белгілі бір тілдік ұжымда айтуға ұят саналатын сөздерді (кейбір дене мүшелері, жыныстық қатынасқа байланысты атаулар, физиологиялық зат алмасумен байланысты кейбір атаулар, т.б.), үшіншіден, сөйлеуші ұғымында, түсінігінде «дөрекі», «әдептілікке» жатпайды-ау деген сөздерді басқаша сөздермен (қарапайым лексика) ауыстыру, төртіншіден, тыңдаушыға «жайлы», «жағымды» болып көрінетін сөздерді таңдау, талғау. Міне, бұл аталғандарды эвфемизмдердің тұрақты белгілері деп атауға болады. Әрине, қоғамдық сананың өзгерілуі, мысалы, мифологиялық ойлау жүйесінің орнына прагматикалық ойлаудың басым сипатқа ие болуы, сондай-ақ діни сананың орнына ғылыми сананың орнығуы эвфемизмдердің өзгеруіне, ескіруіне, жаңарып-жаңғырып отыруына қатты әсер ететін фактор екені сөзсіз. Сондай-ақ эвфемизмдердің мағыналық-семантикалық тұрғыдан бірде көнеріп, бірде жаңарып отыратын ерекшелігі ең алдымен қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістермен де тығыз байланысты.

Түптеп келгенде, эвфемизмдер – тілдің сөздік құрамын байытады, синонимдік қатарын көбейтеді;

- функционалдық-стильдік айырымдарды тереңдетеді;
- тіл мәдениетін, адамның жеке мәдениетін қалыптастыруға әсер етеді;
- сөз этикеті нормаларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Міне, бұл айтылғандар эвфемия құбылысын екі өлшемде – жан-жақты және тереңдете зерттеудің өзектілігін көрсетеді.

Әдеттегі эвфемизмдер жеке адамдар арасындағы коммуникативтік қолайсыздықты (коммуникативтік дискамфорт) болдырмауды көздейді де, жеке бастық қатынасқа тән сипатқа ие болады. Ал телеақпараттық хабарлардағы эвфемистік формалардың әлеуметтік сипаты басым болады. Мысалы, жеке коммуниканттар арасында адресатқа *«еңбек ардагері»*, *«құрметті демалыстағы адам»*, *«зейнеткер»*, *«қария»* деп сөйлеу *пензионер* деуден әлдеқайда сыпайы форма болып табылады.

Ақпараттық хабар тілінің басым бөлігін саяси эвфемизмдер құрайды. Мұның басты себебі, саяси қоғам, халық өмірінде болып жатқан әлеуметтік мәселелерді бағалауыштық мәнде жеткізу, екіншіден, қоғамда болып жатқан қылмыстық істер, кереғар қылықтарды халық санасына ишараттап беру, үшіншіден, журналистердің уақыт ұту мақсатында дайын қалыптарды қолдануы. Алғашқы аталған екеуі кейде жаңа ұғымдар туындатып, байыптап, дамытуға әрекет жасаса, үшіншісі, керісінше, тілдің дамуына кедергі жасайды. Қоғамдық өмірдің әр алуан саласына тән терминдер, номенклатуралық атаулардың эвфемизмге айналуы тележурналистердің меншігінде.

Мерзімді баспасөз, теледидар, радио хабарлары тілінде жиі жұмсалатын, тұрақты қолданылатын сөз орамдарының ерекше түрі бар. Олар – эвфемистік перифраздар. Олардың біразы мына тәрізді: *«қанатты метал»* – алюминий, *«қара алтын»* – мұнай, *«ақ алтын»* – мақта, *«ақ ұлпа»* – қар, *«дала аруы»* – жүгері, *«теңіз алыптары»* – киттер, *«қыр баласы»* – ауыл баласы, *«солтүстік еркелері»* – страустар, *«Алла үйі»* – мешіт, *«саналы сандық»* – компьютер, *«темір тұлпар»* – машина, *«Алтайдың ар жағынан келген қандастар»* – оралмандар, *«ащы су»* – арақ, *«нәзік жан»* – әйелдер, *«солтүстіктегі алып көршіміз»* – Ресей, *«жәудір көз»* – жетім, *«алыс-жақын елдер»* – таяу шет ел, алыс шет ел, *«ауыр темір»* – лом, *«темір тор, тікенек сымның ар жағы»* – түрме, т.б.

Австралияның оңтүстігінде теңіз алыптары (киттер) қырылуда («Хабар»).

Онсыз да ата-баба тәжірибесінен білетін қыр баласы осы кәсіптен мол пайда табамын деп ойлайды («Елден хабар», М. Баймолда).

Солтүстік еркелерін (страустар) Африкадан солтүстік аймаққа әкелу екінің бірінің қолынан келмейді («Қазақстан», СҚО, А. Қабекеева).

Төрт дөңгелекті көлік шығарудан жапондықтар алты құрлықтың алдында келеді («НТК»).

Ақпараттық хабар тілінің басым бөлігін саяси эвфемизмдер құрайды. Мұның басты себебі, саяси қоғам, халық өмірінде болып жатқан әлеуметтік мәселелерді бағалаушылық мәнде жеткізу, екіншіден, қоғамда болып жатқан қылмыстық істер, кереғар қылықтарды халық санасына ишараттап беру, үшіншіден, журналистердің уақыт ұту мақсатында дайын қалыптарды қолдануы. Алғашқы аталған екеуі кейде жаңа ұғымдар туындатып, байыптап, дамытуға әрекет жасаса, үшіншісі, керісінше, тілдің дамуына кедергі жасайды. Қоғамдық өмірдің әр алуан саласына тән терминдер, номенклатуралық атаулардың эвфемизмге айналуы тележурналистердің меншігінде [5, 280-305].

Тіл мен қоғамның өзара тығыз байланысы – екі жақты байланыс. Біріншіден, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. Тіл жоқ жерде адамдардың қоғамда бірлесіп еңбек етуі, қоғамдық өндірісті ұйымдастыруы, оны дамытуы мүмкін емес. Демек, қоғамның өмір сүруі, адамдардың бірлесіп еңбек етуі үшін қатынас құралы, пікір құралы – тіл қажет. Тіл – адам баласы қоғамының өмір сүруінің және дамуының қажетті шарты. Екіншіден, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Қоғам – тілдің өмір сүруінің басты шарты.

Бұқаралық ақпарат құралдарының тілін тіл ғылымында әдеби тілдің функционалдық стильдерінің ішіндегі публицистикалық стильге жатқызамыз. Қалың көпшілік публицистика деп мерзімді басылымдарды ғана қарастырады. Ал дұрысында публицистикалық стильге газет, журнал, радио, теледидар, деректі фильмдер тілі жатады. Публицистикалық стиль деген ұғым негізінен қарым-қатынастың ерекше типі болып табылатын БАҚ-тың тілі деген түсінікпен тәркіндес болып келеді.

Қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдары саяси, қоғамдық пікірді туғызуда ақпарат тарату тәуелдігі, бұқаралық сипаты мен пәрменділігі арта түсіп, «төртінші билік әлеміне» айналды. Ақпарат құралдарының жетілуіне сай ақпарат өрісі кеңейе түсті. Мұның өзі әдеби тілдің жалпы лексикалық жүйесіндегі көптеген лексика-морфологиялық бірліктердің газет, микрофон материалдары тілінде сақталуына, «мамандандырылуына», стандарттар мен үйреншікті сөз орамдарының көбеюіне түрткі болады.

Ақпарат жеткізуші БАҚ құралдарының қызметтері ортақ болғанымен, олардың ақпаратты жеткізуде бір-бірінен айырмашылығы бар. Электронды ақпарат құралдары (теледидар, радио) ақпаратты аса бір ұшқырлықпен жедел түрде, яғни оқиғаны болған жерінен сол сәтінде жеткізуімен ерекшеленеді [6, 14].

Бүгінгі таңда БАҚ тілін зерттеудің қоғамдағы орны айрықша. Әсіресе, аудио-визуалды ақпараттық құрылым болып табылатын теледидардың қоғамдық санаға және тілдің лексика-фразеологиялық, функционалдық-стильдік жүйесіне тигізетін әсері ерекше. Осыған байланысты теледидар тіліндегі тілдік құбылыстарды жете зерттемей, оның оқырманға әсерін, ықпалын білу, қоғамдық пікірді қалыптастырудағы, қоғамдық сананы көтерудегі орнын айқындау мүмкін емес. Осы мәселені басшылыққа ала отырып, зерттеу жұмысымызды теледидар хабарларының тілдік ерекшеліктерін анықтауға арнадық.

Шет ел, орыс тіл білімі және отандық тіл білімінде де БАҚ құралдарының ішіндегі ең көп әрі жан-жақты зерттелген саласы – газет тілі. Теледидар мен радио осы саладан кеш дамуына қарай, зерттелу жағынан да кенже дамып келе жатқан сала екендігін айтамыз. Ал орыс тіл біліміндегі С.В. Светананың «Телевизионная речь» атты еңбегі – теледидардың сөйлеу тілін зерттеген алғашқы да маңызды еңбек болып табылады. Бұл еңбекте теледидар тілінің ерекшелігі жан-жақты ашылып зерттелмегенімен, теледидардың тілі «сөйлесім» ретінде қарастырылған.

Қазақ тіл білімінде теледидар тілі арнайы зерттелмегенімен, оның стилін, тіл тазалығын Р. Сыздықова, М. Серғалиев, Н. Уәлиев, Б. Омарұлы, Б. Тілеухан мақалаларына арнайы тақырып етті.

Теледидар – ақпарат таратудың ұшқыр (мобильді) органының бірі. Осыған орай қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу жүргізілмей, назардан тыс қалып келе жатқан теледидар тілін

бөлшектелген түрде емес, тұтас жүйе және құрылым ретінде қарастыру тың зерттеуді талап ететіндігіне көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Сыздықова Р., Ниеталиева Қ. Радио мен теледидар тілі // Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі / Жауапты ред. Р. Сыздықова. – Алматы: ҚазССР-нің Ғылым баспасы, 1987. – 198-121 бб.
- 2 Егоров В.В. Телевидение и зритель. – М.: Мысль, 1977. – С. 196.
- 3 Юровский Л.Я. Телевидение – поиски и решения. – М.: Искусство, 1983. – С. 118.
- 4 Момынова Б. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы): Филол. ғыл. докт. дис. – Алматы, 1999. – 15 б.
- 5 Ахметов Ә. Қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Мектеп, 1995. – 280-305 бб.
- 6 Омашев Н. Қазақ теледидары және оның ұлттық табиғаты // Қазақстан мектебі. – 1994. – № 3. – 14 б.

ӘӨЖ 004.81: 159.9

ТАЛАСПАЕВА ЖАНАР СЕРКЕШОВНА
АБДРЕШОВА ПЕРИЗАТ РАХАТОВНА

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Петропавл, Қазақстан

pikon1986@mail.ru; talaspaeva@inbox.ru

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР МЕН АҢЫЗ ӘҢГІМЕЛЕР НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАР

Аннотация: сан ғасырлар бойы халқымыздың дүниетанымы мен әлемді қабылдауынан туған, ой елегінен өткен, тарихи және аңыздық әңгімелерге негізделген ономастикалық атаулар пайда болды. Қазіргі тілдік зертеулерде тіл фактілері адаммен, оның ойы, әлемді қабылдауы, танымдық қызметімен тығыз байланыста қарастырылуда. Осындай тілдік фактілердің біріне халық, ұлт танымның, пайымның негізінде пайда болып, қалыптасатын ұлттық этнониммен тығыз байланыста қарастырылатын ономастикалық атауларды жатқызуымызға болады. Тарихи тұлғалар мен аңыз әңгімелер негізінде жасалған ономастикалық атаулар ұлт болмысын, тарихын, қалыптастыруда, сақтауда ерекше орын алуы бұл мәселенің өзектілігін көрсетеді. Сондықтан біз осы мақаламызда тарихи тұлғалар мен аңыз әңгімелер негізінде жасалған ономастикалық атауларының сипатын, пайда болу жолдарын, олардың түп-төркінін қарастырамыз.

Тірек сөздер: ономастика антропонимия, тарихи тұлға, аңыз-әңгіме, атаулар, ұлттық дәстүр, жалқы есімдер, есімдер, түркі тілдері.

Ономастикалық атаулардың ұлттық мәдениет ерекшеліктерін танытуда атқаратын қызметі ерекше. Себебі ономастика өзінің бойына лингвистикалық, тарихи-әлеуметтік, өркениеттің және мәдени деректерді жинаған ерекше лингвомәдени бірліктер жүйесі ретінде халықтың бітім-болмысы мен өмірге көзқарасынан хабар береді. Қазақтың кең даласы – мәдениет пен тіл бірлігі, әдет-ғұрып, салт-сана тұтастығының негізі. Осымен байланысты антропонимика (кісі аттары) – тіл тарихын, ұлт мәдениетін зерттеуде құнды да бағалы мұра.

Ономастика грек сөзі «ономия» (грек тілінде «онома» есім, ат) *onomastika* – ат қою өнері, яғни атауларды зерттейтін ғылыми сала [1, 428]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде осындай анықтама берілген.

Ономастиканы (кісі аттарын, жер-су, ру-тайпа аттары т.б.) зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері мен тілмен сабақтастықта қарастырылатын ұлттық этномәдени, әлеуметтік сипатын анықтаудың қажеттілігін В.В.Радлов, В.В.Бартольд, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов, Н.К.Дмитриев, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, Қ.Жұбанов, І.К.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Ә.Қайдар, Т.Жанұзақов, Ә.Абдрахманов, Е.Жанпейісов, Қ.Рысбергенова, Г.Мадиева т.б. ғалымдар өздерінің еңбектерінде жан-жақты көрсетті.

Біздің қарастырып отырған тақырыбымыз осы ономастиканың антропонимика саласы қарастыратын тарихи тұлғалар мен аңыз әңгімелер негізінде жасалған атаулар.

Тарихи этникалық үрдісті сипаттайтын, рухани - тарихи ақпарат көзінің бірі - антропонимдер жүйесін лингвомәдени, әлеуметтанымдық тұрғыдан анықтаудың мәні ерекше. Кісі аттары – тіл тарихын, ұлт мәдениетін зерттеуде құнды да бағалы мұра, себебі антропонимдер жүйесі адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Олардың кейбір топтары қазақ ауылының ертедегі тіршілік іс-әрекетінен және шаруашылық күйінен мағлұмат береді.

Халқымыздың өткен дәуіріндегі тарихын, көрші елдермен жасалған мәдени қарым қатынасын және әдеп-ғұрыпын танып білуде де бұлардың атқарар рөлі аса зор. Өйткені ол атаулардың бәрі – халық тарихы, қоғам өмірімен, адамдардың жеке басы, іс-әрекетімен біте қайнасып, ғасырдан-ғасырға ұласып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, кейінгі буындарға мирас болып отырған мәдени мұра, өшпес шежіре, халықтың шынар ой, ұшқыр қиял, данышпандық зердесі мен ұлттық мінез-құлқы, барша болмысының көрінісі [2, 3], - деп Телқожа Жанұзақ өз зерттеу еңбегінде осы тақырыптың маңыздылығын нақтылай түседі.

Әр этностың өмір сүру сипаты ұлттың рухани ерекшеліктерімен анықталуы арқылы ана тілінде сақталады. Себебі тілде әр ұлттың өзіндік ойлау ұғымдары мен бағыт-байламдарын сипаттайтын лексика қалыптасады. Ономастика халықтың жады екені белгілі. «Ана тілі» газетінде жарияланған «Ономастика және тарихи дәстүрлі атаулар» тақырыбындағы конференцияда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Абайтану ғылыми зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері Мекемтас Мырзахметұлы осы мәселе жайлы былай дейді:

«Қазақ халқының тарихында ұлт жадысын жоюға бағытталған бірнеше кезеңдердің болғанын жақсы білесіздер. Сондай жаугершілік замандарда сан түрлі атаулар пайда болды. Бірақ біз олардың бәрінен өзіміздің ономастикамызды аман алып шықтық. Арабтар келген заманда да жаңа атаулар қойылды. Ал Кеңестік тоталитарлық жүйенің кезінде жер-су, елді мекен, қала, көше атауларын жаппай өзгерту басталды. Қазақтың байтақ жерлеріндегі бұрыннан келе жатқан атаулар орысша атауларға алмастырылды. Өзгертілді. Мұның барлығы халықтың тарихи жадын өшіруге, ұмыттыруға бағытталды. Ал осы тарихи жадыны біз қалай қалпына келтіреміз дегенде, мұны тек қазақтың ұлттық болмысына тән, өзіміздің байырғы атауларымызды қалпына келтіру арқылы ғана жүзеге асырамыз. Екіншіден, ономастикалық атауларды беруде біз қандай принциптерді ұстануымыз керек? Менің ойымша, дәстүршілдік принципті ұстанған жөн. Біз атауларды берген кезде халықтық дәстүрді естен шығармауымыз керек. Оның бірі кісі аттарымен макротопонимдерді атамау дәстүрі. Кезінде басталып кеткен осы үрдісті тоқтатуымыз керек. Бұл – халқымыздың бұрынғы замандардан келе жатқан дәстүрі. Содан кейін айтатын екінші мәселе, ол Кеңестік заманда жаппай қойылған ономастикалық атаулардан арылуымыз керек. Қызыл империяның көсемдерінің, коммунистік партия қызметкерлерінің, тағы басқалардың есімдерімен аталған атауларға қазақша атаулар қойғанымыз жөн. Жоғарыда айтқанымдай, атаулар беруде ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрімізді ұстана отырып, оның барлығын ғылыми негізде жүргізуіміз керек [3, 2], – деді Мекемтас Мырзахметұлы. Ғалымның айтайын деген ойы ұлттық болмысымызды, ұлттық дәстүрімізді жалғастыруда ономастикалық атаулардың дәстүршілдік принципке негізделуі керек екендігіне мән береді. Осы дәстүршілдік принципті ұстануда, ұлттық кодмызды ашып, сақтауда тарихи тұлғалар мен аңыз - аңгімелеріміздің негізінде жасалған атаулардың шығу, пайда болу төркініне ғылыми тұрғыдан үңілуіміз керек.

Қазақтың кең даласы - мәдениет пен тіл бірлігі, әдет-ғұрып, салт-сана тұтастығының негізі. Мысалы, бұл көзқарас қазақтардың балаға ат қоюында өзіндік ерекшеліктерінің бар болмысымен көрінеді. Себебі олар бұл рәсімде ұлт болмысының барлық этномәдени, әлеуметтік сипатын басшылыққа алып отырған.

Ономастикалық атауларға түсінік беруде, ең алдымен ұлтымыздың және бүкіл әдебиет әлемінен ерекше орын алатын тарихи тұлғамыз - Абайдан бастауды жөн көрдік.

Абай. Абай – қазақ халқының ұлы ақыны Құнанбаев Ибраһимнің екінші есімі. Бұл есім бала ұлы ақын Абайдай болсын деген мақсатпен кейінгі ұрпақтарға жиі қойылып отырған. Солардан тараған балалар Абаев, Абаева деген фамилияларға ие. Абай сақ, әзір, дайын (ҚТТС, 1-32). – Абай отырмасаң сүтінді ақтарып, өзінді майып етеді, - дейді (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). Абай болды. 1. Сақ болды. Асылы абай болу керек (Қаратаев, Даладағы дабыл). 2. Ес болу, бас-көз болу. Әйтеуір абай болып анда-санда айғайлап қойып, өзі де ығып келеді. (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Алайда Абай есімінің шығу төркіні туралы әртүрлі пікірлер бар: 1) Ертеректе айтылған бір пікір бойына; *абай* «ел ағасы» ол тува тіліндегі *абыгай*, «от ағасы», «аға», татар тіліндегі *абзыкай* «ағай» сөздерімен төркіндесесе (ҚТТС, 1960, 169-б.), 2) Абай Құнанбаев өмірбаянын зерттеушілердің пікірінше: «Зере бәйбіше *Ибраһим* деп айтуға тілі келмей еркелетіп Абай атандырған» дейді (Абай. Шығ. тол. жин. 1961, 11-б.) 3) Абайдың шын аты Ибраһим; кейіннен енесі еркелетіп «Абай» деп кеткен дегенді айтады (ҚҰЭ, I, 10-б.).

Бұл есімнің бірінші сыңары аба-ава және оның варианттары: аба, абай, абый, абака, абаға көптеген түркі тілдерінде ұшырайды. Қырғ. аба 1. «аға»; 2 «әкесімен туыстас адамға айтылатын құрмет сөз»; 3 «үлкен аға»; 4. Түстік диал. «үлкен ағалардың үлкені, құрметтісі» (Юдахин, 17-б.). Түркмен. аба – «әке, папа», осман түрк. абаі – «үлкен аға» тув. абыгай – «мырза», тат. абзыкай, абый «аға», «үлкен аға» (ТРС, 18), алт. хак. абака, абаға «аға, ағай»; «қария, ал», «үлкен аға», «қадірлі», «құрметті» (Севортян, 54, 65). В.В Радлов кезінде «абака сөзі аба+ака, аба+аға тәрізді екі сөзден бірігіп барып, кіріккен» деген пікір айтқан еді. Ал осы сөз туысы бөлек кейбір тілдерде, мәселен, моңғол тіліндегі авга «немере аға», авгай «жасы үлкен адамдарды сыйлағанда айтыатын сөздермен де байланысты екені шүбәсіз» (Хабшай, 13).

Біздің пікірімізге, *абай* ұлы ақынның үй-іші, әжесі тілі келмегендіктен қойған есім емес, халық қадірлеп қойған екінші аты, мағынасы «ел ағасы», «ел қадірлісі, құрметтісі» болса керек. Оның бастапқы түбірі - *аба* болса, соңғы қосымша -*й* құрметтеу, сыйлау мәнін білдіретін жұрнақ екені даусыз. Оны тіліміздегі *атай* (ата+й), *агай*, *бабай*, *әкей*, *әжей* сөздерімен пара-пар қарауға болады [4, 378], - деп Т. Жанұзақ өз еңбегінде нақты деректермен талдап көрсеткен. Жоғарыда келтірілген сөздер мен сөз тіркестері «түбі бір түркі тілдерінің» қолданысындағы бір-біріне жуық мағыналарды білдіргендіктен автордың бұл пікірімен келіспеске болмас.

Қазақ антропонимиясын байытудағы фольклордың орны ерекше. Кейбір фольклорлық жалқы есімдер жоғары образдылығымен, жоғары дәрежеде типтене отырып, жалпы ұлттық символдарға айналады. Мұндай фольклорлық есімдер жалпыұлтқа танымал болады, ұлттық мәдениеттің негізгі тұжырымын білдіреді [5,216.]. Мысалы, **Алдар есімі.** Алдар – қазақ ертегілеріндегі аты аңызға айналған кейіпкер есімі. Ол көбінде алдар көсе тіркесінде кездеседі. Көсе халық тарапынан кейінне қойылған лақап болу керек. Түркі тілдерінің көбінде ал, *алда*, *алдарқат*, *алдат* тұлғаларында кездеседі. В.Радловтың көрсетуінше: Тобол, диалектісінде *алдар*<*алда*+*p* 1. Алдаушы, айлакер; 2. қырым диалектісінде қиялдағы ағаштың аты (Радлов, 415). Демек, алдар сөзі *ал*+*да*+*p* қосымшасынан жасалғанын көреміз. Соңғы -*p*, -*у* (алдау), -*т* (алдат) үстеме қосымшалар қызметін атқарып тұр. Сайып келгене, Алдар Көсе «атақты, беделді қу, айлакер» деген мағынаға ие. Бұл есім халық аңызындағы кейіпкерлердің іс-әрекетімен тікелей байланысты да жанасымды [4, 390]. Халық арасында Алдар жайлы аңыз әңгімелер мен ертегілердің желісінен кісіні алдауда тапқырлықпен, айланың орынды қолдануы арқылы «Алдар» деген атқа лайық образ қалыптасқандығын көреміз.

Ескендір/Искендер. Бұл есім-фамилия осылайша екі түрлі вариантта қолданылады. Күллі Орта Азия, түркі халықтары атақты Александр Македонскийді ежелден Ескендір атап кеткен. Сірә, бұлай атау араб тілінен енсе керек. Кейбір адамдардың айтуына қарағанда: грек тіліндегі Александр араб тілінде әуелде *ал-Искандр* боп қабылданғанмен тілдің ыңғайына қарай *к~с* дыбыстары метатеза құбылысына сай орын алмастырған, соңғы *д* мен *p*

дыбыстарының ортасына дауысты *a* дыбысы пайда болған. Сөйтіп әуел бастапқы *ал-Искандр* араб тілінде жаңа түрде Искандар болып шыққан (Гафуров, 87) [4, 405-406].

Қарасай. Халықтың батырлар жырындағы әйгілі Қарасай батыр есімі. Кейінгі ұрпақтарға дәстүр бойынша беріліп отырған және сол есімнен қойылған фамилия. Бұл есімінің екінші сыңарындағы - сай сөзі кейбір түркі тілдерінде «өзен, су» дегенді білдіреді. Осы Қарасай атауымен қатар Ақсай деген өзен, жер аты да бар. Бұған қарағанда, Қарасай әу баста өзен аты болса керек. Сол өзен жағасында туған балаға осы өзен атын қойса керек. Бұл дәстүр ертеден кеңінен таралған, осыдан келіп: Орал, Ертіс, Есіл, Ілебай, Еділ деген өзен аттары адамдарға есім ретінде қойылып отырған. Ал қара деген сөздің қосылу нәтижесінде жасалған өзен, су, тау, жер аттары тілімізде орсан көп. Мәселен, Қарасу, Қарасаз, Қараөзек, Қаратау, Қаракұм, Қарақамыс, Қара Ертіс, Қаракемер, Қарақастек, Қаратұрық т.б. Қара сөзі арқылы жасалған жер-су, ел-жұрт аттары түркі тілдерінде көне заманнан бері кездеседі [4, 410]. Бүгінгі күнде Солтүстік өңірімізде Қарсай мен Ағынтай батырларымыздың құрметіне салынған мемориалдық кешені Айыртау ауданында салынса, Петропавл қаласының орталығында орналасқан Қарасай стадионына да батыр бабамыздың есімі берілген.

Жоғарыда көрсетілген атаулар құрамындағы сөзі бірде «қара түсті» білдірсе, кейде басқа мағынаға ие. Өйткені, Ақсу, Қарасу, Қызылсу атауларында ешқандай «ақ», «қара», «қызыл» түстерді білдірмейді. Бұл жерде ақ, қара, қызыл, сары сөздерін ауыспалы мағынада түсінуіміз керек. Осы ретте топонимист Е. Қойшыбаев пікірі орынды: «қара сөзі екі мағынада қолданылады: 1. Түркі-монғол тілд. Хыра «аласа тау қыраттары» және төбе, жота, қырат, шың; 2. Сапалық сын (анықтауыш): тығыз, толық, жиі, қалың; Қаратал атауы «жиі төбелер» немесе «көп белестер» (Е. Қойшыбаев, 124). Біздің байқауымызша, Қарасай есіміндегі *қара* «кең, үлкен, терең» және *сай*, «өзен» деген мағыналарды аңғартады [4, 411].

Лингвомәдени аспектіде «тіл мен ұлт біртұтас» деген қағидаға сәйкес жүргізілген зерттеу жұмысы ұлттық антропонимдер жүйесін тіл біліміндегі антропоэлектік парадигма шеңберінде анықтауға негіз болды.

Осымен байланысты мәдени-әлеуметтік таңба ретіндегі қазақ антропонимдерінің мазмұндық негізі фольклорлық, тарихи, географиялық, көркем мәтіндік жүйеде дәйектелді.

Ұлттық ономастикондық жүйенің оның ішінде антропонимдер де өзіндік ерекшелігі оның белгілі бір ұлттық тілге емес, ол қандай мәдени ортада қалыптасқанына байланысты көрсетіліп отыр.

Антропонимдер адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық, әлеуметтік құрлысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алды. Сол себепті ономастикалық жұмыс – құндылықтарымызды тануға және танытуға бағытталған, ұлттық, мемлекеттік мұраттарды ұлықтауға, өнеге етуге, насихаттауға арналатын әрі іргелі, әрі өміршең еңбек. Ендеше, ондай маңызды шаруада жауаптылық пен тиянақтылық таныту баршамыздың міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008, – 968 б.
- 2 Телқожа Жанұзақ Тарихи жер-су аттарының түптеріні. – Алматы: Сөздік-словарь ЖШС, 2010. – 356 б.
- 3 Ономастика және тарихи дәстүрлі атуалар // Ана тілі газеті. 5 маусым, 2014 жыл.
- 4 Жанұзақ Телқожа. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.
- 5 Әшімханова Ф.М. Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесі. Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007. – 112 б.

ӨОЖ 821.512.122:168.53

ТҮКЕН КАМИЛА
ҚАЖАҚПАР ӘЙГЕРІМ ЕРМЕКҚЫЗЫ

ОНОМАСТИКА ЖӘНЕ АУДАРМА

Аннотация: қазіргі кезде жалқы есімдер әртүрлі ғылыми пәндердің: тарих, география, әдебиеттану, этнография, психология, астрономия т.б зерттеу нысаны болып отырғанын айта кеткен жөн. Алайда, ең алдымен, онимдердің лингвистикалық бірлік болып табылатыны даусыз және тіл маманы ғалымдардың зерттеу нысанына айналғаны о бастан белгілі. Жалқы есімдердің тілдік табиғаты туралы Ресей ономастикасының негізін қалаушы ғалымдардың бірі В.А. Никонов: «атау – басқа сөздер сияқты ол да сөз, тіл заңына бағынады, яғни тіл біліміне қатысты бірлік», – деп атап көрсеткен. Бұл зерттеу жұмысының ең басты өзектілігі – қазіргі кезде қоршаған ортада кең етек алған публицистика стиліндегі оним сөздердің өзге тілдерде аударылуын терең зерттеу.

Тірек сөздер: оним, топонимика, антропонимика, этнонимика, аударма.

Қазақстан тәуелсіздігін алып, шет елдермен әр түрлі саладағы дипломатиялық қарым-қатынастар нығайғалы бері еліміз жөнінде шетел баспасөз беттерінде түрлі тақырыптарда материалдар жариялана бастады. Алайда белгілі бір жазылу ережесінің болмауы салдарынан өзге тілдерге аударылмайтын қазақ онимдерінің өзге шет тілдерге транслитерациялануы әлі күнге дейін белгілі бір жүйеге түспей отыр. Мысалы, зерттеуші ғалым Н. Рсалиева өзінің еңбегінде Бұқар жырау «Көшпенділердің» орысшасында: *Бухар-Жырау, Бухара-жырау, Бухар-жырау* болып түрлі нұсқада, ағылшыншасы: *Bukhara-Zhyrau, Buhar-Zhyrau, Bukhar Zhyrau, Bukhar-Zhirau, Bukhar-zhyrau, Bukahr-Zhyrau, Bukhar-Zyrau* болып жеті түрлі нұсқада, *Едиге батыр* орысшада *Едиге-батыр*, ағылшыншада: *Yedighe-Batyr, Yedgheh-Batyr, Yedigeh, Edige-Batyr, Edighe-uly* [21, 4] болып бес түрлі нұсқада жазылғанын көрсеткен.

Бұл жұмыс қазақ тіл білімінің жаңадан зерттеле бастаған тың саласы ономастиканың публицистикалық мәтінде аудару мәселелеріне арналып отыр.

Әлемнің кез келген тілінің лексикалық қорының негізгі қабатын жалқы есімдер құрайды. Жалқы есімдерсіз ешқандай атау болуы мүмкін емес. Жалқы есімдер жалпы есімдерге қарағанда едәуір көп. Бірақ, олар сөздіктерде барлық жағдайда келтірілмейді, көп зерттеле де бермейді, арнайы оқыту үшін де көп қолданылмайды.

Оларға бұрыннан зерттеушілер көңіл бөлуде, өйткені тілдегі рөлі, өзіндік құрылымы, сөйленістеігі ерекше қызметіне қарай жалқы есімдер тілдің басқа да лексикалық категорияларынан ерекшеленеді. Соңғы жылдары жалқы есімдерді басқа ғылым салаларынан, олардың табиғатын ашу үшін қолданатын арнайы ғылым – ономастика зерттеле бастады.

Ономастика – заттарды жекелеп атайтын жалқы есімді зерттейтін тіл білімінің саласы. Ономастика білімі барлық салаға керек-ақ. Ғылыми жаңалықтардың ашылуына, қалыптасуына орай оларды зерттеудің жаңа бағыттары мен атаулары да туындайды. Жалқы есімдер адамның барлық тұрмысына қатысты, сондықтан ономастиканың теориясын білу лингвистер мен әдебиетшілерге, тарихшы, журналистерге қажет.

Ғалым-топонимист Э.М.Мурзаев «Қазіргі әлемді географиялық атауларсыз елестету мүмкін емес. Пошта, телеграф, темір жолдар өз қызметтерін тоқтатады, ұшақтар әуежайда, кемелер аты жоқ кеме тоқтайтын жерлерде тұрып қалған болар еді. Ал газеттер жер шарының әр жерінде болып жатқан оқиғаларды қалай жеткізер еді?» [11, 5]. Бізге бұл атаулардың бәрі бізді қоршаған ұқсас дүниелерді ажырату үшін де керек.

Жалқы есімдер ерекшелігі мен құрамына әр деңгейдегі лингвистикадан тыс жатқан факторлар (географиялық, идеологиялық, тарихи, әлемге көзқарастық, әлеуметтік, мәдени, тілдік қатынас) әсер етеді.

Ономастика саласы бойынша орыс ғалымдары В.Н. Никонов, В.Д. Бондалетов, А.В. Суперанскаяның теория бойынша еңбектерін айтуға болады. Ал, Қазақстандық белгілі ғалым-ономаст Т. Жанұзақовтың «Қазақ тілінің жалқы есімдері» атты оқу құралы мен «Қазақ ономастикасының очеркі» атты монографиясын айтуға болады.

Ономастиканы зерттеу қазіргі кезде Батыс Еуропа және Совет тіл білімінің негізгі мәселелерінің бірінен саналып отыр. Ономастиканың негізгі ең басты бөлімінің бірі антропонимиканы зерттеген, оның күрделі мәселелеріне арналған мақалалар, жеке монографиялық еңбектер де соңғы жылдары шыға бастады. Бұрын бұл мәселемен арнайы шұғылданушылар бірен саран болса, қазірде оны зерттеушілер саны артып келеді. Демек, оның шығу, пайда болу тарихы, этимологиясы мен семантикалық жағы көп ізденіп, мұқият зерттеуді қажет етеді.

Ономастика құрамына енетін атаулардың бір тобы – мекеме, газет, журнал, кітап атаулары. Жалқы есімдер публицистика стилінде де маңызды рөл атқарады. Кез келген газет, журнал, теледидар, радиодағы ақпараттар жалқы есімдерсіз ешқандай мән мағынаға ие емес.

Қазіргі кезде қарым-қатынасқа деген ұмтылыстың дамуы, елдер мен халықтар арасындағы экономикалы, саяси, мәдени байланыстардың ауқымының кеңеюі тек қана аударма ісінің ілгерілеуі мен білікті мамандарды ғана қажет етіп қана қоймай, сонымен қатар тәржіма қызметінің көптеген зәру мәселелерін күн тәртібіне ұсынып отыр. Заман талап етіп отырған тұрғыдағы тәржіма ісінің көкейкесті мәселелерін арнайы зерттеп оқытудың, талдап талқылаудың маңызы зор.

Аударма – сөз, әдебиет, публицистика ғылымдарының ажырамас бір бөлігі. Аударма адамдардың көне замандарға созылған тарихында тілі өзге адамдар қауымын түсінудің құралы, олармен қарым-қатынас жасаудың делдалы болған. Аударма жұмысы – бүгінгі таңда мақсат-мүддесі, тіршілік әрекеті бір адамзат қоғамындағы аса маңызды, шарты құбылыс.

Аударма – ұшан-теңіз өмір ағысының бүкіл процесін ұштастыруға себепші болып отырған елеулі күштердің бірі.

Адамзат тарихындағы әрбір ұлттың, әрбір қоғамның алмасуы, ауысуы, араласуы нәтижесінде өмір ағымы алға жылжиды, өседі, өркендейді. Яғни, өзінде жоқты өзгеден алады, білмейтінін үйренеді, білгенін басқаға үйретеді. Осындай ауысудың тиянақты тірегі – аударма. Осыған орай, А.Пушкин «аудармашылар – мәдениетті бір елден екінші елге тасымалдап жеткізетін почта аттары» деген.

Қазіргі кезде жалқы есімдер әртүрлі ғылыми пәндердің: тарих, география, әдебиеттану, этнография, психология, астрономия т.б зерттеу нысаны болып отырғанын айта кеткен жөн. Алайда, ең алдымен, онимдердің лингвистикалық бірлік болып табылатыны даусыз және тіл маманы ғалымдардың зерттеу нысанына айналғаны о бастан белгілі. Жалқы есімдердің тілдік табиғаты туралы Ресей ономастикасының негізін қалаушы ғалымдардың бірі В.А. Никонов: «атау – басқа сөздер сияқты ол да сөз, тіл заңына бағынады, яғни тіл біліміне қатысты бірлік», – деп атап көрсеткен. Бұл зерттеу жұмысының ең басты өзектілігі – қазіргі кезде қоршаған ортада кең етек алған публицистика стиліндегі оним сөздердің өзге тілдерде аударылуын терең зерттеу.

Қазақ антропонимдері мен топонимдерінің графикасына, оның ішінде орыс тіліндегі транскрипциясына қатысты зерттеулер Т.Жанұзақ, Е.Керімбаев, Ғ.К. Қоңқашпаев, Е. Қойшыбаев, А. Әбдірахманов, В.Н.Попова, т.б. ғалымдар еңбектерінде кездеседі. Бұл ғалымдар негізінен кісі есімдері мен жер-су атауларының орысша транскрипциясын, олардың түпнұсқада айтылым нормаларынан ауытқуын сынға алып, қазақ атауларының қазақша айтылуына мейлінше жақын жазылуын сақтау үшін орыс тілінің барлық мүмкіндігін сарқа пайдалану қажеттігін меңзейді. Ал, ағылшын тіліндегі транслитерациясына қатысты алғашқы зерттеу жұмыстары Н. Рсалиеваның зерттеулерінен көрініс табады. Қай кезде, қай қоғамда болмасын адам баласы дүниге келген кезден атаулар қоршауында болған. Ең алдымен адам өзін-өзі есімі арқылы танып, өзгеге танытып, туған жерін, шыққан тегін идентификациялап, жақын мен жатты осы атаулар арқылы түйсінген. Кез келген елдің қазіргі қалыптағы ономастикалық кеңістігіндегі атаулар жүйесі – сол топырақты әр заманда мекен

еткен халықтар мен ұлыстардың, түптеп келгенде, сол жерде қазіргі таңда мекендеп отырған негізгі ұлттың сан ғасырлар бойы жасалған ұжымдық ой-санасының жемісі, ортақ мәдени, рухани туындысы және оның жалпы этникалық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде танылып, сол халықтың тілі мен ділі, діннің болмыс ерекшелігін айқындайды. Белгілі ғалым-топонимист Э.М.Мурзаев былай деп жазған: «Қазіргі әлемді географиялық атауларсыз елестету мүмкін емес. Пошта, телеграф, темір жолдар өз қызметтерін тоқтатады, ұшақтар әуежайда, кемелер аты жоқ кеме тоқтайтын жерлерде тұрып қалған болар еді. Ал газеттер жер шарының әр жерінде болып жатқан оқиғаларды қалай жеткізер еді». Бұл ойды ары қарай дамытып, кісі аттары, жануарлар, ғарыш, планеталар, әдеби және басқа ғылыми, өнер шығармалары, тағам т.б. атауларын қарастырып айтуға болады. Мұндай атауларды ғылым тілінде «онимдер» деп атайды. Белгілі неміс лингвисті Бах онимге: «Ол-жеке бір болмыстың не жеке заттың не жеке ұғымның не белгілі бір топтың белгісін білдіру үшін қолданылатын атау», – деп анықтама берген болатын.

Қазақ ономаст-мамандары онимдік бірліктерді бөлгенде қалыптасқан Еуропа және орыс ғалымдары жүйелеулерін басшылыққа алатындығын айту керек. Осы орайда ұғынықты болу үшін қазақ ономастикасының басты тармақтары мен топтарын әлемдік ономастика, одан бері орыс ғалымы Н.В. Подольская қолданған жүйе негізінде көрсетуге болады. Олар грек және латын тілдері негізінде интернационалдық терминдік элементтерден жасалған.

Қазақ ономастикасының негізін қалаушылардың алғашқыларының бірі, Республикадағы ономастикалық мектепті қалыптастырушы ұстаз-ғалым, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, академик, профессор, филология ғылымдарының докторы Телғожа Сейдінұлы Жанұзақтың жер-су, адам есімдері мен тегі, тайпа, ұлыс, халық аттары мен аспан денелері және ғарыш кеңістіктері атауларының шығу, пайда болу және тек-төркіндеріне арналған еңбектері оқырман қауымға белгілі.

Қоғам дамуының кез келген кезеңінде ономастикалық атаулардың тарихи маңызы зор болды. Қазақстанның көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ономастика жүйесі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап түбегейлі өзгерістерге ұшырады және патша үкіметінің отаршылдық мүдделеріне, кейіннен кеңес жүйесінің тоталитарлық саясатына қызмет етуге мәжбүр болды. Отаршылдық пен тоталитарлық режимдердің идеологтары ономастиканы қоғамның тарихи-мәдени санасына әсер етудің саяси құралына айналдырды. Нәтижесінде қазақ ономастикасының өзіндік болмысына, ұлттық ерекшелігіне, әсіресе оның топонимикалық және антропонимикалық жүйелеріне орасан зиян келтірілді. Қазақстан картасы едәуір бұрмалауларға ұшырады. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен және халықаралық қатынастардың субъектісі ретінде қалыптасуымен ұлттық ономастика әлемдік кеңістікке белсене араласа бастады. Қазіргі кезде ономастикалық бірліктер халықаралық ресми құжаттарда белсенді түрде көрініс тауып келеді.

Қазақ ономастикасы бүгінгі таңда өз нысанын кеңейтіп, өз алдына тіл ғылымының бір саласы ретінде қалыптасып, біршама жетістіктерге жетті. Қазақ ономастикасына арналған ғылыми еңбектер саны жағынан да, сапасы жағынан да өсіп одақтық дәрежедегі зерттеулерге жетіп қалды деп айтуға болады.

Қазақ ономастикасының тек қана бүгінгі жайы зерттеліп қоймай, оның ертедегі орта түркі дәуіріне тән жазба ескерткіштердегі ономастикадағы ғалымдардың зерттеу объектісі болды. Бұл жөнінде тілші ғалымдар А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, Ә. Нұрмағамбетов, Ә. Қайдар, В.У. Махбиров, А. Ибатов т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерін атап көрсетуге болады. Қай халық болмасын дүниежүзілік өркениеттен оқшау өмір сүре алмайды. Бұл – халықтың халық болып, ұлттың ұлт болып өмір сүруі үшін бірден-бір керекті шарт. Аударма деген жалпылама ұғым ауқымында жатқан барлық құбылыстар адамзат мәдениетімен, адамның мағыналық қызметімен, рәмізділік аясымен тығыз байланысты құбылыстар. Қазіргі кезде аударманың қолданылмайтын саласы жоқ. Телеграф агенттіктерінің хабарларын, газет-журнал материалдарын, техника мен ғылым мағлұматтарын, компьютер мен ғаламтор жаңалықтарын көпшілікке таратудың ең тиімді жолы – аударма. Транскрипцияның өзі орфографияға сүйенетін жазу болғанымен, қажеттілік жағдайында мысалы, Ualichanuly ма,

Walichanuly ма? деген сияқты екіұдай тұстарынан туындайтын белгілі бір ұстанымдары болуы керек. Ал транслитерация жазудың шартты коды болғандықтан, кейде тіпті әріптерді орналасу позициясына қарай тағайындалатын таңба болғандықтан, ондай таңбалар жүйесін құрастырушылар әрқалай нұсқаны ұсынуы мүмкін. Ал оның арнайы келісіліп, бекітілген ISO, GOST стандарттары тәрізді ережесі болмаған жағдайда көпнұсқалықтың орын алуы заңдылық.

Ономастика (грек *onomastike* – ат беру өнері) – тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы. Жалқы есімдерге кісі, жануарлар аттары, халық, ұлт, ру-тайпа атаулары, жер-су, аспан денелері жатады. Ол зерттеу нысанына қарай *топонимика*, *антропонимика*, *этнонимика*, *астронимика*, *зоонимика*, *теонимика*, *фитонимика* секілді түрлерге бөлінеді. Ал осының ішінен, ономастиканың түрі топонимика және антропонимикаға тереңірек тоқталсақ. Топонимика географиялық атауларды зерттесе, антропонимика кісінің аты-жөнін, тегін, лақап, бүркеншік есімдерін қарастырады.

Ономастика халықтың этнографиясымен тығыз байланыста қаралып, басқа халықтармен жүргізген тарихи, мәдени қарым-қатынастың сыр-сипатын танытады. Ономастика қазақ тілінде ғылым ретінде соңғы 20 жыл ішінде дами бастады.

Ежелгі дәуірден жалқы есімдердің тілдегі ерекше орны мен олардың мәніне назар аударылған. Көне дәуір ойшылдары жалпы есімдер мен жалқы есімдерді бөліп қарастырып, атаулардың ақиқаттығы мен қажеттігі, зат пен атаудың тығыз байланысы, атаулардың мағынасы, атаулардың жекелік тұлғалығы т.б. жөнінде ережелер жасады. Бірақ атаулар әр разрядтарға бөлініп алынбаған, жалқы есім мен жалпы есімге нақты бөлінбеген, олар біртұтас категория ретінде зерттелген, яғни жалқы есімдерді қарастырған көне дәуір ойшылдарынан Хрисипп, Дионисий Фракийский, Апполоний Дискон, Диомед, Донат, Консентий, Демокрит, Платон, Аммоний Диодор Крон, Секст Эмпирик т.б. атауға болады. Олардың ой-тұжырымдары, өткен дәуірлерде өмір сүрген ойшылдар, философтар және лингвистердің ізденістерінің негізіне сүйенген. Алайда, олардың ізденістері бойынша жалқы есімдер жүйе ретінде емес, жеке сөздер ретінде қарастырылған. Кейбір ғалымдар өздігінше талпынып, біраз жалқы есімдерді сөздіктерге енгізген [1, 16].

Ономастиканың қазіргі теориялық жағдайы XIII-XVIII ғғ. ғалымдардың атаулар жөніндегі философияның ой-толғамдарына негізделеді (Фома Аквинский, Томас Гоббс, Дж. Локк., Г.Лейбниц т.б.), кейінірек XIX мен XX ғ. басында Еуропада жалқы есімдер туралы, жеке тұлғаларға тағылған белгі, таңба ретінде ерекшелігін зерттеу дамыған, лексиканың басқа қабаттарымен салыстырмалы түрде жалқы есімдердің ерекшеліктері анықталған, жеке алғанда терминдер мен жалқы есімдердің мағынасы мен мазмұны қаралған (Дж. Стюарт Милл, Х. Джозеф, Б. Рассел, Л.Сьюсан Стеббинг, А. Нурен, М. Бреаль т.б.).

Тек XX ғ. 30-жылдары ономастика ғылым ретінде дәрежеге ие болды. 1930 жылы Альбер Дозаның нұсқауы бойынша әр елде жыл сайын екі рет өтетін I-ші Халықаралық ономастикалық конгресс Францияда шақырылды. 1949 жылы Бельгияда, 1950 жылдан ономастика бойынша библиография жасайтын «Онома» журналын шығарушы ЮНЕСКО шеңберіндегі Халықаралық ономастикалық комитет құрылды.

Ғылыми пән ретінде құрылғанға дейін ономастика үш кезеңді басынан өткізді:

– ғылымға дейінгі (XIX ғ.дейін);

– ономастиканың ғылым ретінде қалыптасуындағы алдыңғы кезең (XIX XX ғғ.басы);

– ғылыми (XX ғ. 30 жылдарынан қазірге дейін);

Тілдің күрделі жеке жүйесі ретінде ономастикалық лексика кеңестік дәуірдегі ғылымда 50-60 жылдары қарастырыла бастады (М.В. Крапенко, А.А. Камалов, К. Конкабаев, Э.Б. Магазаник, А.К. Матвеев, В.А. Никонов, А.В. Суперанская, В.Э. Сталтмане, В.Н. Топоров, О.Н. Трубочев, Н.И. Толстой т.б.). Орыс (славян) ономастикасы В.Н. Татищев, Д.И. Иловайский, А.Х. Востоков, Н.И. Надеждин, Н.П. Барсов, М. Морошкин, А.А. Шахматов, П.Л. Маштаков т.б. бастаған өзінің қалыптасу жолын өтті. Бірнеше арнаулы зерттеулердің пайда болуы 1963 жылы ономастикалық еңбектерді жеке том ретінде библиографиялық

көрсеткіш – «Ономастика. Указатель литературы, изданной в СССР». М: АН ССР, Институт науч.информ. по общ. Наукам. 1963, 1978, 1984 шығарылуына себеп болды [1, 17].

Түркі ономастикасын зерттеуде үлкен рөлді ең бірінші болып ғылымда белгілі тюрколог-лингвист, этнограф, тарихшы, фольклоршы Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат ит-түрк» (Түркі тілдерінің сөздігі) еңбегін негізге алуға болады [1, 18].

Осынау ХІ ғ. түркі мәдениетінің жазба ескерткіші түркілердің ХІ ғ. топонимдер, антропонимдер, этнонимдері бойынша ерекше маңызды ақпарат береді. Оның еңбегін құнды дерек көзі ретінде көптеген ғалым лингвистер, ориенталистер, шығыстанушылар, этнографтар, ономастиканың мамандары пайдаланып отыр. М. Қашғаридың еңбегінде түркі тілдес руларға қарасты аймақтағы көптеген географиялық нысандар атаулары, көне түркі байларының, құлдарының есімдері, түркі руларының атаулары келтірілген.

Қазақ ономастикасы өз кезегінде әлемдік еңбектерге, соның ішінде орыс, түркі ономастикасының еңбектеріне сүйене отырып, Ғ.Қ.Қоңқашпаев, Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақов, А. Әбдірахманов, Ә.Т.Қайдаров, В.Н. Попова, О.А.Сұлтаньяев жүйлі зерттеулерінің арқасында дамыды. Ономастикалық материалдарды апеллятив лексикамен бірге қолданып, қазақ тілін айқындау ХХ ғ. 30-50 жылдары белгілі қазақ лингвистері А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ж. Досқараев, С.А. Аманжолов, А. Ысқақов, Г.Ғ. Мұсабаев т.б. еңбектерінде жасалған; олар жеке топонимдер мен антропонимдерге этимологиялық этюдтр жазды.

Ең алғашқы кандидаттық диссертация түрінде «Қазақ халықтық географиялық терминдер» тақырыбына топономикалық зерттеуді мамандығы бойынша географ Ғ.Қ. Қоңқашпаев жасады. Ғалым Қазақстан топонимдерінің әр түрлі шығу тегіне және олардың құрамындағы географиялық терминдерге терең талдау жүргізді. Ол ең алғашқы «Қазақ географиялық атаулар сөздігі» атты топономикалық еңбекті жарыққа шығарды (1963).

1981 жылы Қазақстан Ғылым академиясының А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында Т. Жанұзақовтың ізденуімен ономастика бөлімі ашылып, қазіргі кезге дейін табысты қызмет атқарып келеді. Ашылған кезеңінен бастап бөлім қызметкерлері Қазақстанның әр түрлі аймағындағы географиялық атаулар негізін құрайтын өте бай ономастикалық бірліктер картотекасын жасады. Аталмыш картотека қоры бойынша сөздіктер сериясы шығарылады. Тіл білімі институтының жүргізген есебіне қарағанда, 1949 жылдан 2004 жылдар аралығында Қазақстанда 40-тан аса докторлық және кандидаттық диссертациялық зерттеулер қорғалды (Т. Жанұзақов, А. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев, В.Н. Попова, Е.А. Керімбаев, В.У. Махпиров, Б. Бектасова, М. Қожанов, Т.В. Линко, Г.Б. Мәдиева, Қ.Қ. Рысбергенова, Г. Сағидолда, Б. Тлеубердиев, Ж. Жартыбаев, С.Қ. Иманбердиева, К. Головкина, А. Әлімхан және т.б.).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі. Тіл комитеті. – Астана, 2005. – 240 б.

2 Жанұзақ Т., Рысберген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: Азия, 2004. – 126 б.

3 Рсалиева Н.М. «Көшпенділердің» ағылшын тіліндегі аудармасы қандай? // Қазақ әдебиеті. – 2005. – № 32. – 12-13-бб.

4 Мақсұтқызы Н. Қазақ ономастикасы атауларын ағылшын тілінде беруге жүйе керек // Ана тілі. 2004. № 49. – 8-9-бб.

5 Рсалиева Н.М. Қазақ ономастикалық атауларын ағылшын тілінде транслитерациялаудағы жүйесіздік // Академик Ә.Т. Қайдар және тіл білімінің мәселелері. –Алматы: Дайк-пресс, 2004. – 268-276-бб.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАР ТІЛІНДЕГІ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР МЕН ЭТНОГРАФИЗМДЕР

Аннотация: мақалада көркем шығармалар тіліндегі көнерген сөздер мен этнографизмдер туралы сөз болады. Қазақ тіл біліміндегі этнолексика: этнографиялық, тарихи, лексика-семантикалық, этимологиялық, танымдық тұрғыдан қарастырылып келеді. Қолданыстағы сөздің этноқызыметі, мағынасы оның тілдік қатынастағы жұмсалыу ерекшеліктерін айқындаумен маңыздырақ. Тіліміздегі сөздердің мәтін ішіндегі қолданысы этнолексика арқылы көрініс беріп, тұтастай бір ұлттың этномәдени, тарихи, ұлттық бітім-болмысын таныта түседі. Мәтін құрамындағы сөздің, сөз тіркесінің этнолингвистикалық қолданылу ерекшеліктерінің айқындалуы тілдің әлеуметтік ортадағы қызметі туралы жан-жақты хабар беруге бағытталады.

Тірек сөздер: Көнерген сөздер, этнолексика, архаизм, историзм, этнографизм, этномәдени, этнолингвистика.

Қазақ халқы өзінің көшпелі тұрмысында, небір қилы замандарды басынан кешсе де тілін жоғалтпай, тіл арқылы халықтың тұрмыс-салтын, өзіндік ерекшеліктерін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырды. Қоғамның дамуына байланысты, ғылым мен техниканың дамуына орай, әдеби тіліміз толығып отырады, жаңарады, ал кейде кейбір сөздер қолданыстан қалып, мағынасы көмескіленеді. Осыған байланысты академик Р.Сыздық: «Сөз мағынасының эволюциясы тек дамудан, яғни жақсара түсу сипатында ілгері жылжудан тұрмайды, сонымен қатар сөз мағынасының күңгірттенуі не мүлде ұмытылуы, ауысуы, кеңеюі, тарылуы т.т. құбылыстар да сөз табиғатының қозғалысын танытады», – дейді [1, 165]. Кейбір жағдайларда мағынасы көмескі сөздердің мағынасы жаңарып, кеңейіп қолданысқа түсіп жатады. Байырғы қазақ сөздерінің көнеріп, мағынасын тек мәтін ішінде түсінетін жағдайлар тілімізде кездесіп жатады. Көнерген сөздер, негізінен, архаизмдер және историзмдер болып келеді.

Ғалым С.Исаев көнерген сөздерге төмендегідей анықтама береді: «Тіл-тілде көнерген сөздердің историзмдер мен архаизмдер деп аталатын екі түрі бар. Кейбір заттар мен құбылыстар күнделікті өмірден шығып қалып, сол ұғымдарды білдіретін олардың атаулары – сөздер де көнеріп, тілде қолданбайды. Мысалы, *сұлтан, атишабар, ояз, барымта, дуанбасы, дүре, малай, күң, бай, болыс*, т.б. Мұндай сөздерді историзмдер дейді.

Бұрынғы атаулары ескіріп, кейін басқа атаулармен беріліп жүрген заттар мен құбылыстар бар. Мысалы, жасақ немесе қол-әскер, қолбасы-әскер басы, почтабай – хат тасушы, жатақ – отырықшы, серіктік – бірлесу, қосын – ұйым, желек – орамал т.б.

Қазірде осындай басқа атаулармен беріліп жүрген заттар мен құбылыстардың бұрынғы атаулары архаизмдер деп аталады» [2, 29].

Кейбір көнерген сөздер күнделікті тұрмыста көп қолданылмағанмен, халықтың жадында, тарихи әрі өнер туындыларында, көркем әдебиеттерде сақталады. Өйткені әрбір әдеби немесе өнер туындысында суреттеліп отырған тарихи кезеңнің, заманның рух-болмысымен бірге, тілдік ерекшелігі де сақталуға тиіс. Сондықтан қазақ жұртының өткен-кеткені жайлы ілгері-кейінгі жазылған жазушылардың көркем туындыларында сирек қолданылатын сөздер, пассив сөздер азды-көпті кездеседі.

Көркем шығарманың жүрегі сөз дей отыра, жазушылар өз туындыларында заманның ағымын көрсету арқылы және сол заманның тілімен сөйлеп, бізге жеткізуге тырысады. Сол заманның адамының қайталанбас бейнесін ашу үшін қаламгер зор еңбек атқарады. Сонымен қоса көркем туындыда ұлттық бояу, колоритті жеткізу үшін әр түрлі тілдік құралдарды пайдаланады. Көнерген сөздер қазіргі уақытта көркем әдеби шығармаларда көптен-көп

кездеседі. Жазушы шығармаларында Кеңес өкіметіне дейінгі сөздер қазір осы көнерген сөздерге айналып отыр.

Әр жазушының өмір сүріп отырған кезең тілімен сөйлеуі заңдылық. Қаламгер туындыларында қолданылған **көнерген сөздердің** дені әлеуметтік қоғам, әкімшілік, ел басқару істеріне байланысты лексемалар: **болыс, би, дуан, жүзбасы, кемесер, барымта, хұсыр тасбасы, құжыра, қожса, балишабек, патша, ауылнай** және т.б. Осындағы **би, болыс, патша, жүзбасы, ауылнай, дуан, ұлық** – лексемалары қазақ қоғамындағы әлеуметтік және әскери иерархияны көрсетеді.

Жазушы шығармаларында бүгінде ұмыт бола бастаған және сирек қолданылатын ұлттық ойын атаулары да кездеседі. Мысалы, *Өлеңнен кейін **орамал тастамақ** болды. Ойын созыла берді. Хан қалай? Белбеу соқ, тақия жүгіртпек, сақина тықпақ, мыршым, ондай қылма, мындай қыл, ләни молда, қалдырма қақи, балтам тап т.б. сияқты сүйсетін, белбеумен ұрысатын, жұдырық жұмсайтын, емшек ұстайтын, қысатын тағы талай қол жұмысы аралас ойындарды аяқтаған кезде, жігіттер түрегеліп, **құр-құр қалмақ** ойыны сияқты жақтан ұратын, күш сынасатын ойындарды істеді* («Күнікейдің жазығы», 384-б.).

Хан танығанша, «отау иесі» азамат та болып қалды («Қартқожа», 25-б.). **Болыс, тілмәш, ауылнай, шабарман** дегендерді, тағы түрлі «адам» болған «атқа мінгендерді» *Қартқожа зорлықшыл, жалмауыз, жан алғыш деп ұғушы еді* («Қартқожа», 27-б.). Берілген мысалдардағы хан, болыс, тілмәш, ауылнай, шабарман әкімшілік басқаруларға байланысты енген кірме сөздер. Бұлар қазіргі таңда көнерген сөздер болып табылады.

*Шайдан кейін байдың **нөкер-билері** бірі Мамырбаймен, бірі Имамбаймен, бірі Мүсірәлімен оңаша шығып, сөзге кірісті* («Ақбілек», 285-б.).

*Сол кезде ел арасының **барымтасы** болып, жылқыға сақ болып тұрған кез болса керек* («Қартқожа», 72-б.). Бірінің дәлелі – *қойдың қай қосқа сойылуы, екіншінің дәлелі – қойдың кімнен алғандығы* (Сонда, 77-б.).

*Сол жақта қатарласып кемпірдің баласы, тағы да бір-екі **қожса**, тағы бір кемпір, Алтын мейтін молда отыр* (Сонда, 39-б.).

Келтірілген мысалдардағы көнерген сөздер мәдени бояулы тіл бірліктері деп қарастыруға болатын ерекше жүйе. Себебі мұндай сөздер ұлттық сипат береді. Бірақ олар шығармада әртүрлі деңгейде көрініс табады. Жазушы шығармаларын оқырмандар оқи отырып, сол дәуірдің тілімен ғана танысып қоймайды, сол уақытқа, кеңістікке шолу жасайды. Оған дәлел жоғарыда лингвомәдени бірліктер деп таныған сөздер (би, болыс, патша, ауылнай, дуан, ұлық) мен олардың қазақ қоғамындағы әлеуметтік және әскери иерархияны көрсету.

Қаламгер шығармаларында қазіргі күні ұмытылып қалған және өте сирек қолданылатын ұлттық ойын атаулары да кездеседі.

Халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен көне салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары – рухани, мәдени және адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазыналарымыздың бірі. «Халқым қандай десең, салтынан сынап біл» демекші салт-дәстүрлерден этностың мінез құлқы, үлгі-өнегесі, зейін-зердесі, даналығы мен даралығы, шешендігі мен тапқырлығы, ақыл-ойы, сондай-ақ, жаратушы мен жаратылысқа, өзін қоршаған жанды, жансыз әлемге деген моральдік, танымдық, этикалық көзқарастары көрінеді.

Қазақ тіл біліміндегі этнолексика этнографиялық, тарихи, лексика-семантикалық, этимологиялық, танымдық тұрғыдан қарастырылып келеді. Қолданыстағы сөздің этноқызметі, мағынасы оның тілдік қатынастағы жұмсалу ерекшеліктерін айқындаумен маңыздырақ. Мәтін құрамындағы сөздің, сөз тіркесінің этнолингвистикалық қолданылу ерекшеліктерінің айқындалуы тілдің әлеуметтік ортадағы қызметі туралы жан-жақты хабар беруге бағытталады. Тіліміздегі сөздердің мәтін ішіндегі қолданысы этнолексика арқылы көрініс беріп, тұтастай бір ұлттың этномәдени, тарихи, ұлттық бітім-болмысын таныта түседі.

Этнолексика, мәдени лексика жайлы құнды пікірлер ғалым Ж.А.Манкеева еңбектерінде қарастырылып, дәлелді тұжырымдар берілген. Ғалым этнолексикаға былайша баға береді:

«Сонымен көне тамырлы этнолексика халықтың этномәдени тарихы және тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат» көзі болып табылады. Оның негізін құрайтын тұрмыстық лексиканың дені – ұлттық материалдық мәдениеттің реликті әрі рухани байлығымыздың түбірі. Себебі бұл жүйедегі сөздер тек атауыштық қызмет қана атқармайды. Қазақ тіліндегі заттық мәдениетке қатысты атаулар немесе тұрмыстық лексика қазақ халқының материалдық өндірісінің деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қажет мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың халықтық қолөнер бұйымдарын бейнелейді. Ал олар – қазақ халқының материалдық қана емес, рухани да байлығының көрсеткіші» [3,7]. Ғалымның пікірінде атап өтілгендей, тіліміздегі этнолексиканы құрайтын атаулар сан-салалы болып келеді.

Шығармада қазақ халқының өмірін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, болмысын, танымдық көрінісін бейнелейтін этномәдени лексика молынан кездесіп, ұлт тарихын айқындайтын ақпарат көзі болып табылады.

Қазақтың тұрмысынан хабардар ететін этнолексика үй ішіндегі тұрмыстық заттарды атап қана қоймай, сол ұлттың өмірінен, тұрмысынан, тыныс-тіршілігінен толықтай түсінік беретініне көз жеткізуімізге болады.

Жалғыз әйнек жаман үй, төсеніші – жалаң ши. Жаман шидің төр жағы – ала сырмақ, текемет, текеметте – Күнікей, жалғыз әйнек түбінде. Алты көзден үшеу жоқ, лақтар ойнап сындырған. Қалғаны аман қалсын деп, әйнекті жүдә жұлдырған. Күн жылыды не керек? Бала-шаға, қозы-лақ жол қып алды әйнекті. Лақ ойнақтап көрпеге, жығып кетеді шәйнекті («Күнікейдің жазығы», 235-б.).

Әйтеуір көктің көлемі зой, бір жағынан, Құлтума мен Жұматайдың еңбегін емін, бір жағынан, қызымен екеуі байлардың жібін иіріп, алашасын, бауын тоқып, сырмағын сырып, кестесін тігіп, ұрттап-жалап жаз бойы тамақтан кенде болған жоқ («Күнікейдің жазығы», 260-б.).

Құдалардың келу қарсаңында бозбалалар да дәмелі аттарын таң асырып, ер-тоқымын, айыл-тұрманын түзеп, қам қалысты. Анадай жерге сегіз қанат ақ отау тігіліп, іші кілем, киіз, алаша, көрпе, жастық, түс киізбен безелді («Күнікейдің жазығы», 305-б.).

Өз әліңше Шекер де үйінің ішін мырсындай қылып қойыпты. Атасы өлсе, атамайтын жалғыз қара ала сырмағын төрінің алдына төсепті. Ноқталы кебісін, тот әбдіре, шалжақ ауыз сандығын, шоқным төсегін, тон-мон, жүн-жұрқаларын текшелеп жинап, ескі алашамен бүркеген болыпты. Бұрын жадағай-жайдақ жататын қазан-аяқ жаққа шыпта құрыпты, жалғыз-ақ от басында тұратын қара құман жылжып барып, босағадан орын алыпты («Күнікейдің жазығы», 299-б.). Жоғарыда берілген мысалдардан қазақ тұрмысының суреті бейнеленіп, санамыздан орын алады. «Жалаң ши, қара ала сырмақ, текемет, алаша, кілем, түс киіз, сандық, қазан-аяқ, қара құман» секілді қазақ тұрмысында дайындалатын дәстүрлі бұйымдар ерекшелігіне қарай негізгі қолданған шикізаттары төрт түлік малдың жүні мен терісі, аң терілері, құстың мамығы және әр түрлі өсімдіктер болған. Тілдік жүйедегі қазақ қолөнеріне байланысты атауларды олардың экстралингвистикалық мәнділіктерімен тығыз байланыстыра отырып этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу белгілі бір тақырыптық топтарға жататын атаулар жүйесінің құрылымын, олардың тілдегі көрінісін, қалыптасу заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік береді.

Этнолексика ұлттық-тарихи колорит жасауда таптырмас тілдік құрал болып табылады. Мына төмендегі үзіндіні мысалға келтіріп көрейік.

Күнікейге камзол, көйлек, өзіне кебіс, шапан, Жұматайға күпі керек. Құлтуманы қойшы, о түгілі Күнікейге жаңа көрпе, жастыққа тыс, кестелі орамал, ақ шымылдық, сары қол сандық, қызыл сал керек. Тұяқ: «Есік көрсет, малыңды алып, қалыңдығымды бер» - деп қыңқылдағалы қашан. Қысқы азығы, соғымы тағы келеді. Үш қанат желкөз баспананың туырлығы жұлдыз-жұлдыз: бүктеумен, жазумен, артумен, тігумен, сұрғылданып, өзі үлдіреп тозығы жеткен құрымға қой сүйкеніп, лақ секіріп, сиыр мүйізден,

сау тамтығын тастамады. Бір жағынан бозбаласы түскір іргенің сиқын кетіріп бітті: **шиде қирамаған аяқ, үзілмеген бау қалған жоқ** («Күнікейдің жазығы», 267-б.). Суреттеліп отырған этномәдени лексиканың маңыздылығы оқырманға жетуі және оның санаынан орын алып ұлт менталитетіндегі алатын орнының айрықша көретінінде.

А.Сейілхан ғылыми еңбегінде: «Этноатаулар көркем шығармада тіл мен әдебиеттің ғана байланысын көрсетпей, ұлттық болмыс пен ұлттық белгіні де танытады. Осының өзі қаламгерлер тілінде этномәдени фон жасаудың негізгі құралы» [4, 41], – деп анықтама береді.

Көркем туындыдағы этнографизмдер ұлттық ерекшеліктерді танытатын қазақ халқының ұлттық сипатын беретін бірліктер болып табылады: **шаиш сипар, қолұстату, қалың мал, ұрын келу, әмеңгер, тасаттық т.б.**

Қоғамдағы материалдық құндылықтар (киім-кешек, құрал-жабдық т.б.) мәдениетке жатады. Ал олардың атауы тілге де, мәдениетке де ортақ. Ж.Аймауытұлы прозасындағы заттық мәдениет лексикасына қатысты ұлт өкілдерінің киіну үрдісін сипаттайтын киім-кешек атаулары, ыдыс-аяқ атаулары **бір жағынан**, ұлттық болмысты көрсетсе, **екінші жағынан** белгілі бір стильдік жүк арқалап тұрады. Мысалы, «Төрт құбыладан бірдей үстіне төніп тұрған ақар-шақар тауларға да, тауға біткен үйірім-үйірім сабалақ жүнді орманға да, тау басында қалықтап жүрген бүркітке де, тауға тырмыса жайылып жатқан құмырсқадай жылқыға да, қостан аулағырақ өзек құлай шыққан шоқ-шоқ бұтаға да Ақбілектің көзі тоқтап тұра алмай, сырғанап келіп **жер ошақтың** басындағы қазақтың **қара құманына, қара астауға, жырық шөмішіне** келіп тоқтады. Орыстың қолына түскен әлдеқандай сорлының астауы, **шөміші** ме екен? Сорлы шөміш, менде сенің сыңарың зой дегендей, мұңдасқандай, көзіне тағы жас алды» («Ақбілек», 180-б.). Осындағы қазақ халқының күнделікті тұрмысында қолданылатын **құман, астау, шөміш** арқылы автор бөтен ортада тұтқынға түскен Ақбілекке солардан жақын нәрсенің жоқ екенін көрсете отырып, Ақбілектің уайым-қайғысының қаншалықты терең екендігін байқатады. Жазушы ұлттық нақышты танытатын тілдік бірліктерді кейіпкердің психологиясын беруде өте шебер пайдаланған.

Шеткі үркердің ішінде көк шұға киімді, сұр қалпақты болыс отыр («Қартқожа», 83-б.).

Сеңсең ішігін күміс кісемен шарт буынған Әбен («Қартқожа», 128-б.).

Қойтекенің астында **желқом**, оның астында **торшолақ**, қолында **шығыршықты** кендір қамшы, кигені **шолақ қоңыр тон**, аяғында **шона бас шоқай**. **Жыртық мильық, жалбыр тымағын** қолына алды, **жаман тонның белін шешті** («Ақбілек», 282-б.).

Осындағы киім атаулары арқылы:

- кейіпкердің қандай әлеуметтік топтың өкілі екендігі;
- сол арқылы олардың тұрмыс-тіршілігі;
- кең масштабта алғанда қазақ даласындағы қоғамның бейнесі көрсетілген.

Әлеуметтік сипаттың танылуы, кедей киімі: **Жыртық мильық, жалбыр тымақ, шолақ қоңыр тон, жаман тон, шона бас шоқай, сауыс жыртық тері шалбар, көне мәсі, қисайған кір кимешек, жаман тымақ; бай киімі: жаңа камзол, сең-сең ішік, әмірқан етік, қой жүнді тақталы шекпен, күзен ішік, берзент сулық, сырма шалбар, қызыл елтірі тымақ** сияқты болып келеді. Мысалы, Ояна келсе баяғы жаман Қартқожа, баяғы жапырайған жаман тымағы, бастама мәсісі, бір жамбасына қисайған жаман кебісі, лаңке шапаны, мойнындағы кішкене қалтаға салған тері сасыған «Ісім ағзам» дұғасы Қартқожа дамыл көрмейді, тағы ойлайды, тағы да жақсы-жақсы түстер көреді («Қартқожа», 29-б.). Аяғында – **әмірқан етік** (Сонда, 30-б.). Бұл сөйлемдердегі ұлттық киім атаулары әртүрлі сөздермен тіркесе келіп, кедей бейнесін айқын көрсетуге қолданылған. Тәрдегілер көріп қойды ма дегендей Қартқожа қалбалақтап көп ұзамай жаман тымақтардың қасына отыра кетті (Сонда, 81-б.). «Жаман тымақтар» - әлеуметтік тұрмысты бейнелейді.

- Кейіпкерлердің мінез-құлқын ашуға да пайдаланған:

«Шәмиидің күйеуі келгенге жұрт масайрап, Күнікейдің құрбы құрдастары атлас, торғын, жібек, бәтес, мақпал, барқыт киіп, күміс баулы, шомбал шолпылары күнге шағылысып, құйымшағын соғып, қызылды-жасылды, оқалы, зерлі тақиялардың шоқпардай үкілері үлгілдеп, күлтелі қос етектері көлкілдеп, он кез бәтесті аяғымен теуіп, бұлғаңдап, сәнденіп жүргенін көргенде Шекердің іші қазандай қайнайды, оларды көргенде Шекердің көзі мұзға тайғандай, сырғанап, өте шығады, көрмегенсіп қырын қарап кетеді» («Күнікейдің жазығы», 366-б.).

Қаламгер кейіпкерлерінің өзіндік ерекшеліктерін, тұрмыс-тіршіліктерін, ішкі психологиялық ерекшеліктерін көрсету үшін, олардың киімдерін суреттеу арқылы шеберлікпен жеткізеді. Мысалы, *«Енді үшеуі: қалпағы бар, мылтығы бар, қылышы бар, көк шекпенді, қоқаңдаған, қоқиланған жат адам» («Ақбілек», 147-б.)* - деп келген адамдардың көрген көзге бөтен болып тұратынын психолог жазушы асқан шеберлікпен береді.

Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі – жас түлегі, айы-күні – жалғыз қызы алтын сырға, күміс шолпы сылдырлатып, ақ көйлегін көлеңдетіп, қызыл-жасыл көрпелерін қағып үйге әкелген еді (Сонда).

Шолпы – сәндік үшін әшекейлі алтын немесе күміс теңге таққан шашбау, көрпе – жамылып жату, төсеу үшін матаның арасына мақта не жүн салып, қабып тіккен үй мүлкі, жұрқан [5, 417].

Мата түрлері, киім түрлері Ақбілектің тұрмысын бейнелейді, сонымен қатар, әйелдердің қылықтары арқылы мінез-құлықтарының бір қырын (көрсеқызарлық, қызғаныш) мысқылдайды.

Белбеуімдегі жарғақ дабағайым, шашақты сары қынды мүйіз сапты өткір кездігім алдыңғы қалтамдағы дабыл байлайтын ұзын қайыс шеттігім – менің өнерсіз жігіт еместігіме айғақ болар («Ақбілек», 151-б.).

Шеттік – ердің алдыңғы жақтарындағы қайыс баулық [5, 915].

Кездік – қысқа сапты кішірек пышақ [5, 375]

Мұндай киім-кешек, заттардан кейіпкердің қарапайым адам емес, сал-сері екендігін аңғаруға болады. Осындай суреттеуден оны басқа жұрттан ерекшелеп тұратынын білуге болады.

Бұрышта Төлегеннің ілулі киімдері: екі шалбар, бірі қара шұға, бірі көк диагональ, күзен ішік, брезент сулық, шолақ кемзал, сырма шалбар («Ақбілек», 219-б.).

Шұға – майда түкті, биязы жүнді мата [5, 926]

Сулық – ылғал, су өткізбейтін сырткиім [5, 743]

Қорытындылай келе, жазушы шығармаларындағы көнерген сөздер мен этнографизмдердің қолданылуы арқылы қазақ тілінің сан ғасырлы сөз байлығын көруге болады және ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бабалар даналығын қайта жаңғырту бүгінгі тіл байлығымыздың қорын молайтудың бірден-бір жолы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. – 180 б.
- 2 Исаев С. Қазақ тілі. – Алматы, 1993. – 170 б.
- 3 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы, 1997. – 272 б.
- 4 Сейілхан А. Қазақ тіліндегі этнографиялық лингвомәдениеттанымдар. Филол. ғыл. канд. дисс. автореферат. – Алматы, 2001. – 26 б.
- 5 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998. – 304 б.

ХАМЗИНА ГУЛЬБАРАМ САЯТОВНА
ШЕГЕБАЕВА АЙНАРА
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Петропавл, Қазақстан
Gulzada_76@mail.ru

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАР ТІЛІНДЕГІ ДИАЛЕКТИЗМДЕР МЕН ҚАРАПАЙЫМ СӨЗДЕР

Аннотация: мақалада көркем шығармалар тіліндегі диалектизмдер мен қарапайым сөздер туралы сөз болады. Диалектілік ерекшеліктерді көбінесе жергілікті тұрғындарды сипаттауда, халық тұрмысын шынайы көрсету, белгілі бір аймаққа тән материалдық және рухани мәдениет ерекшеліктерін беру, халықтың болмысын, рухын шынайы түрде бейнелеу мақсатында қолданғандығы қарастырылады. Ойды бейнелеп көркем жеткізуде кейіпкер тіліндегі диалектизмдер мен қарапайым сөздердің атқарар рөлі ерекше екеніне көз жеткіземіз. Олардың әрқайсысы өз зерттеу нысаны бойынша түрлі аспектіде қарастырылады.

Тірек сөздер: диалектизм, қарапайым сөздер, әдеби тіл, этнография, лексика, семантика, стиль.

Көркем әдебиет тілінде диалектизмдер кейіпкер образын жасау ашу үшін, жергілікті халықтың ерекшелігін көрсету үшін қолданады. Қаламгерлер кейіпкерлердің аузына диалектизмдерді көркемдік мақсатта салады. Диалектілік ерекшеліктерді орнымен қолданбаса, әдеби тілді шұбарлайды.

Академик Ә.Қайдаров: «Тілде қанша сөз болса да, ол тек қоғам мүшелеріне қажеттілігінен ғана дүниеге келген, ал олардың бәрі бірдей ғасырлар бойы сақадай сай сайланып тұруы мүмкін емес. Дегенмен, бір заманда ғимараттың бейне бір кірпіші тәрізді өзіне тілден орын тапқан сөздердің сол ғимарат тұрғанда басы артық болмаса керек», – дейді [1, 12].

Ғ.Қалиев пен Ш.Сарыбаев диалект деген терминге мынадай анықтама береді: «Жалпыхалықтық сипат алмаған белгілі бір жерде ғана қолданылатын ерекшеліктердің жиынтығын, өзіне ғана тән тілдік ерекшеліктері бар жекеленген аймақ, территорияны білдіреді» [2, 4].

Көркем сөз шеберлері өзіне керекті материалды халық өмірінен, халық тілінен алып пайдаланады дедік. Сондықтан онда жалпыға ортақ біртұтас әдеби тілмен қатар белгілі бір территориялық аймақта ғана айтылатын жергілікті диалектілік ерекшеліктер де кездеседі. Диалектілер көркем шығармада белгілі үш себепке байланысты қолданылады:

- 1) Жазушы тілінің жұтаңдығынан әрі сөзді таңдап, талға, саралап қолданбай зәруліксіз қолдану;
- 2) Стильдік мақсатпен әдейі қолдану;
- 3) Әдеби тіл лексикасын молайту.

Диалектизмдердің қолданылуы туралы Д.Е.Розенталь былай дейді: «Сфера использования диалектизмов – художественная литература, где они служат для реалистического изображения быта (создания «местного колорита»), речевой характеристики действующих лиц, а так же в качестве средства выразительности» [3,76]. Сондықтан орынды, белгілі бір мақсатқа сай жұмсалған диалектизмдерді шығармалардан біршама кездестірдік. Өз замандастарының тұрмыс-тіршілігін шынайы суреттеген шағын әңгімелерде диалектизмдерді авторлық түсініктемеде (ремаркада) және көбінесе кейіпкер тілінде жұмсалған. Мысалы:– *Орал – деді шешем, **иоланда** бір меске сүт пісіп тұр еді, алып келші* (О.Б., 294-б.). *Осы отырған жерінде **тарпынды** шығарайын ба?* (О.Б., 256-б.)

Берілген мысалдардағы *иоланда*, *тарпынды* деген жергілікті тіл ерекшеліктері кейіпкер арқылы берілген. Сол арқылы автор жергілікті жердің тіл ерекшелігін сақтаған.

Шығарма кейіпкерлерін неғұрлым шынайы, нанымды көрсету жолында олардың сөзін өз оратсына сай берген. Белгілі ғалым М.Серғалиев «Сөз сарасы» атты еңбегінде көркем әдебиет тілін құрайтын екі компонент туралы, яғни авторлық баяндау тілі мен кейіпкер тіліне қойылатын талаптар туралы айтады. Ғалым авторлық баяндауда кз келген сөзді қолдана берудің реті жоқ екенін, әдеби тілдің мысалдары мен үлгілерін шығарманың авторлық баяндау бөлімінен іздеуіміз керек дей келе авторлық баяндауға жоғары талап қояды [4, 198].

Жергілікті тіл ерекшеліктері кейде авторлық баяндауда да кездеседі. Жергілікті сөздерді автордың өз баяндауында қолданудың негізгі мақсаты әдеби тілде баламасыз диалектизмдермен әдеби тілді байыту. Егер осындай мақсатта қажеттілікпен қолданылған болса, ол орынды қолданысқа жатады.

Тарлығының танауы жыбырлап күйтектік алғашқы кезегінен дәл -етеді (О.Б., 8-б.). Кешкісін қойшының жәрдемелері төлдерді енелерінен бөліп, күргейлеп әкеп, төл қораға кіргізді (О.Б., 46-б.). Сол адамның қомағай қарашығынды мүйізден айрылып пұшайман болар жасбұғы да тулап, тұтқында тұрған екен (О.Б., 63-б.). Кербұғы сол діңгектің түбінде, дүбәрә алаңда қалды (О.Б., 18-б.). Рас, бой-бой боп терлеп лақатын әзірлейді (О.Б., 68-б.).

Күйек (Алм., Жам.) күзде туған қозы: **Қаумалау** (Қ.Орда., Арал., Қаз) шөмелеу: **Күргейлеу** (Алм., Шел., Еңб.) қаумалау, қамажаулау: **Пұшайман** (Қарақ.) зәбір, қысым: **Дүбәрә** (Орал, Гап., Жылп., Қара.) ерте туған бұзау: **Лақат** (Ауғ., Ир.) алқа деген тіл ерекшеліктері автор арқылы берілген.

Сонымен қатар, қаламгер кейіпкерлерінің белгілі бір өңір тұрғыны екенін білдіру үшін, кейіпкер тілінің нанымды шығуы мақсатында жұмсаған.

Жергілікті тіл ерекшелігіне жататын *азан, ақ сөңке, тәте сөздері кездесті: Азанның кешке дейін осы қимылмен-ақ бітіріп тастайды (О.Б., 27-б.). Қол созым жерде ақ сөңке боп бықып жатқан арша анау... (О.Б., 40-б.)* бұл сөйлемдердегі *азан* (оңтүстік өңірде) *таңертеңгі уақыт, ақ сөңке* орман ішіндегі қураған бұтақ, тал, бос ағаштар деген мағыналарында жұмсалған.

Жолға дайындалу керек. Білгендей-ақ тәтеме монша жағып қой деп едім (О.Б., 28-б.). Алтай өңірінде *ана, шешеге* қарата айтылатын *тәте* сияқты жергілікті тіл ерекшелігін кейіпкер тіліне әдейі салған.

Берілген сөйлемдерде жергілікті жердің фонетикалық ерекшеліктерінде көрсеткен. Фонетикалық ерекшеліктерге кейбір сөздердің не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылуы жатады. Солтүстік-батыста көбіне айтылатын біраз сөздер оңтүстік-шығыста жіңішке айтылады.

Осыған байланысты шығармаларда фонетикалық ерекшеліктерге байланысты жіңішке айтылатын сөйленістерді де байқадық.

Көркем шығармаларды талдауда кездескен сөйленістердің фонетикалық ерекшелігін төмендегідей топтастырдық:

Дауысты дыбыстардың алмасуы;

ә/e . Әлбәттә – әлбетте. – Әлбәттә, әлбәттә. Жүд-дә дұрыс! – деді сақал сауған шалдар бас шұлғып (О.Б., 67-б.).

Кейіпкер сөйленісіндегі *жүдә* күшейткіш үстеу мәнінде қолданылып, сөздің экспрессиялық қуатын арттырып, кейіпкердің жақсы сезім-күйде отырғандығын байқатты.

Жүдә (өте), *әлбәттә* деген оңтүстік сөйленістеріне өзбек тілдері арқылы енген.

Жазушы диалектілік ерекшеліктерді көбінесе жергілікті тұрғындарды сипаттауда, халық тұрмысын шынайы көрсету, белгілі бір аймаққа тән материалдық және рухани мәдениет ерекшеліктерін беру, халықтың болмысын, рухын шынайы түрде бейнелеу мақсатында қолданады.

Көркем мәтіндердегі жергілікті сипаттағы лексикалық ерекшеліктерді өз ішінен бірнеше топқа жіктеуге болады:

- нақты лексикалық ерекшеліктер – әдеби тілде баламасы, синонимі бар сөздер;
- семантикалық ерекшеліктер – белгілі бір тұрғындардың тілінде жалпыхалықтық

қолданыстан бөлек мағынасы бар сөздер;

– этнографиялық ерекшеліктер – белгілі бір аймаққа ғана тән, басқа жерлерде қолданылмайтын немесе олардан түбегейлі ерекшеленетін заттар мен құбылыстардың аттары. Мұндай этнографиялық жалпыхалықтық тілде баламасы болмайтындықтан, оларды сипаттама түрінде ғана беруге болады;

– фразеологиялық ерекшеліктер – белгілі бір аймаққа ғана тән, сол жерде ғана түсінікті болатын тұрақты сөз тіркестері.

Жергілікті ерекшеліктер жалпы көпшілікке бірдей таныс болмайтындықтан, олардың көркем әдебиеттегі қолданылуы көп талас тудырған мәселелердің бірі болып келді. Ол, ең алдымен, шығарманың тақырыбына, мазмұнынан, суреттелетін оқиғаларға, автордың мақсатына, эстетикалық идеалы мен шеберлігіне байланысты.

Жазушы шығармаларындағы диалектілік лексиканы төмендегідей тақырыптық топтарға бөлдік:

1. Үй құрылысына, шаруашылығына байланысты атаулар: 1. Қораның қоршауы. (Шымк., Арыс., Жамб., Мер.). *Дуалға сүйеп қойған қаптың артын, ошақ жанындағы бүктетіліп жатқан алашаның астын, тіпті есік алдына шығып үюлі отынның маңын да сипалап қарап көрді* (О.Б., 318-б.). **Ырдуан.** Пар өгіз жегетін жіңішке үлкен арба (Жезк., Ағад.; Көкш.: Қ.ту, Еңб.). *Жүре алмайтын қойдың бәрін салып алу үшін өгіз жегіп ырдуан жіберсін, – деді* (О.Б., 79-б.).

2. Туыстық атауға байланысты: **Әпше**// әпке. Апа (Шымк., Сарыағ.). *Ол бәрін құшақтап тұрып, ұзақ-ұзақ сүйді. Әсіресе шашы жалбыраған шынашақтай қара қызды құшақтағанда, ол келіп: «Әпше, әпше», – деп жылағанда мұның кәдімгідей көңілі босап, даусы шығып кетті* (О.Б., 367-б.).

3. Бау-бақша егісімен байланысты: **Бәдірен.** Қияр (Оңтүстік аймақта). *Қазір сол шалдардың өзі жусан жерлерін айдап тастап, орнына бәдірен дей ме, кәпөсте дей ме, қайдағы бірденелерді септі де тастады* (О.Б., 316-б.). Кейіпкерлердің сөз саптасын көрсету үшін жергілікті тіл ерекшеліктерін стильдік мақсатта қолдану үрдісін аталмыш жазушылар повестерінде өз орнымен қолдана білген деп айта аламыз.

Көркем сөз шеберлері өзіне керекті материалды халық өмірінен, халық тілінен алып пайдаланатындықтан онда жалпыға ортақ біртұтас әдеби тілмен қатар диалектизмдер мен қарапайым сөздер сияқты сөйлеу тілінің элементтері кездесетіні белгілі. Оралхан өзі қолданған көпшілікке таныс емес сөздерге қосымша анықтама бере кетеді немесе контекст арқылы қандай мағынаны білдіретіні түсінікті болып отырады. Жазушы әрдайым стильдік жүк арқалаған сөзді таныстырып жұмсау мақсатын ұмыт қалдырмайды. Әспенсу, аңқиттау, әнейі, шербек, желемік, най, сұламалану, сымбыл, бірсін-бірсін, қапалаң-қапалаң т.б. сөздер мағыналық жақтан түсінікті жұмсалған.

О. Бөкей ерекшелігі диалектілік сипаттағы кәсіби сөздерді өнімді қолдануда көрінеді. Жазушының бау-бақша егісімен айналысатын оңтүстік аймақтағы тұрғындардың тілінде қолданатын әр түрлі атауларды (торлама, басыпалды, кемпірқауын, құлақ арық т.б.) орнымен пайдалануы – әдеби тіл лексикасын қажетті кәсіби сөздермен байыту, жалпыхалықтық қолданыс дәрежесіне көтеру.

Қазіргі қазақ тіл білімінде лексикалық әрі стильдік категорияның бірі – қарапайым сөздер. Қай тілдің болмасын лексикасындағы қарапайым сөздерді нақтылы ажыратып көрету үшін, алдымен сол тілдің сөйлеу тілі нормасы мен әдеби нормасының аралық шекарасының өзі айқын да нақтылы түрде көрінуі керек. Мұның өзі сол тілдің жазба мәдениетінің, ұлттық жазба әдеби нормасының қалыптасуы, даму дәрежесіне тікелей байланысты.

Қазақ тіл білімінде лексиканың бұл тобы көп зерттелмегенімен, қарапайым сөздер турасында айтылған пікірлер бар: «Қазіргі қазақ тілі» курсына: «Сөйлеу тілінде қолданылатын, жазба әдебиетте қолданылмайтын, әдеби тіл нормасына сай келмейтін жай дөрекі сөздерді қарапайым сөздер дейміз», - деп берілсе, М.Балақаев: «Қарапайым сөз - жалпы халықтық сөйлеу тілінің кейбір әлеуметтік ерекшелігі бар тілдік нұсқалар. Олар әдеби тіл нормасына жатпайтын, көбінесе дөрекі, жасық, дөкір сөздер болып келеді, мысалы,

«қатын алу» (үйлену), «кембағал» (кедей, жарлы), «шүйке бас» т.б.][5],- дейді. *Іңісі арғы ауылдан біреудің бүлдіршіндей жас қызын алып, ұлы жіңгір ой жасап жатқанда: «Өзі болған қыз төркінін танымас» деп, бізбен ақылдаспай қатын алып отыр ғой. Бармаймыз!» - деп үш рет ат сабылтып кісі жібергенде, аяқтарының басын қайқайтып жатып алған* (О.Б., 243-б.).

Қарапайым сөздер деп, сөйлеу тілі элементі ретінде келіп жалпы халыққа түсінікті әрі әдеби нормаға жатпайтын, сөз мәдениеті төмен адамда кездесетін, басым көпшілігі тұрпайы болып келетін экспрессивтік-эмоционалдық реңкі бар сөздерді, сөз тіркестеін, грамматикалық тұлғаларды атау қажет.

Қарапайым сөздердің күрделі табиғаты мен өзіндік ерекше қасиеті сөйлеу тілінің басқа элементтерімен салыстырғанда көрінеді. Қарапайым сөздердің диалектизмдерден негізгі айырмасы – олар белгілі бір территорияда ғана емес, жалпы халыққа түсінікті болып келеді. О.Бөкей шығармаларында қарапайым сөздер көбінесе ұрсу, көңіл толмау мағынасында жұмсалады: Мысалы, *қараң өшкір, кәззәп, жайрағыр, көктей солғыр, мойының астыңнан кегір, қарасан келгір, тапырақтап, жыланба, жәпілдеген, албасты, бетпақ, салдақты, сұрқия, мизұла, сүмелек, оттама, қызталақ, ноқай, малғұн, шірік неме, қу кетік, иттің баласы т.б.* Бұл сөздер жалпы оқырманға түсінікті болғанмен контексте дәрекі семантикасы бар сөздер.

Қарапайым сөздердің диалектизмдерден және бір ерекшелігі стильдік қолданысынан көрінеді. Көркем шығармаларда диалектизмдерді қолданғанда автор не персонаждың қай жақтың тұрғыны екенін ажырату үшін алады, немесе әдеби нормаға әбден сіңісіп орныққандықтан оны қолданбай тұрмайды. Сондықтан диалектизмдерді қолдану шала сауаттылықты, мәдениетсіздікті немесе әдеби тіл нормасынан аулақ деген пікір келтіре қоймайды. Қарапайым сөздердің басым көпшілігі тұрпайы болғандықтан, автор қолданғанда персонаждың ой-өрісін, сауаттылығын, мәдени дәрежесін, қысқасы, кейіпкер характерін ашып бере алады. Мысалы: *Еркіннің ең соңғы естігені, ат айдап отырған Оспанның «әкеңнің ауызын, не оттап тұр» дегені болатын* (О.Б., 104-б.) деген штрихамен-ақ О.Бөкей Оспан деген кейіпкерінің мәдениетсіздігі мен дәрекілігін, бүкіл характерін ашып отыр. Совет өкіметінің алғашқы құрылған жылдарында мамандардың жетіспеуінен уақытша болса да ауылнай сайланған шала сауатты әрі көңіліне жақпағандарды кінәсіз болса да еріксіз көндіруге тырысатын дәрекі мінезді Оспанның мұнан артық күтуге де болмайтын еді.

Мұнан басқа тұрпайы мағынада қолданылатын сөйлеу тілі элементтерінің бірі – вульгаризмдер де жазушы шығармаларынан көрініс тапқан. Вульгаризмдер – тікелей эмоциялық мәні, яғни адамның ренжу, өкіну, ашуланғандағы кері (отрицательный) эмоцияны білдіретін тұрпайы мәні мейлінше басым болып келетін абстрактілі сөздер.

Мысалы: – *Сәлем беруге жарамай аяғының басын қайқайтып жатып алды, енеңді ұрайынның!* (О.Б., 50-б.). – *Әй, әкеңнің аузы кегіңді, кем-кетіңді санап алайын деген екенсің, оң көзім сау, жалғызымен-ақ екі қолым қос дүниеде жағаңда кетер!* (О.Б., 30-б.). – *Атаңа нәлеттер-ай, тыйым салсам да тыңдамапты-ау ...* (О.Б., 60-б.). – *Әй қарғадай қызда не әкеңнің құны бар. Сенсіз күнім қараң қалса да тайып тұр* (О.Б., 25-б.). – *Аспанның былғары жауса, құлға оқшантайлық тимейтіннің кері болды, қатын, – дейді Қожса кәдімгідей кейісті түрде. – Жалғыз қызымыздың сақау болуы санымызды талай соқтырар әлі. Еркек бала емес «әкеңнің аузын уйайын, мал бейшем тимегеніңді көйейін» деп, ат үстінде шіреніп тұрып алатын, қызың сақау деп, бетке асып айттырмай қоя ма деймін* (О.Б., 246-б.). – *Әкесінің аузын ұрайын! Байға тимесе-тимей-ақ қойсын* (О.Б., 265-б.). Мұндай сөздердің бірін-сараңдары болмаса, басым көпшілігінің әдеби варианттары болмайды.

Сонымен, О. Бөкей шығармаларында кейіпкерлерінің бейнесін анағұрлым шындыққа жанастырып ашу үшін, кейіпкерлер тіліне баса көңіл бөлінген. Кейіпкерлердің мінезі, сөйлеу ерекшеліктері олардың ішкі жан-дүниесіне байланысты беріледі. Кейіпкерлер тіліндегі сөйлеу тілінің элементтерін шеберлікпен жұмсайды. Ойды бейнелеп көркем жеткізуде кейіпкер тіліндегі диалектизмдер мен қарапайым сөздердің атқарар рөлі ерекше екеніне көз

жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы, 2004. – 560 б.
- 2 Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы, 1967. – 175 б.
- 3 Розенталь Д. Практическая стилистика русского языка. – М., 1977. – С. 315.
- 4 Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Астана, 2006. – 369 б.
- 5 Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы, 1984. – 72 б.

ӘОЖ 17.82.30

ХАМЗИНА ГУЛЬБАРАМ САЯТОВНА
РСАЕВА АЛЬФИЯ

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Петропавл, Қазақстан
Gulzada_76@mail.ru

СИНОНИМДІК ҚАТАРЛАРДЫҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ

Аннотация: мақала көркем әдебиетте, оның ішінде көркем шығармаларда актив қолданылатын – синонимдік қатарлардың тілдік табиғатын қарастыруға арналады. Автор синонимдік қатарларға жан-жақты тоқталады. Тіл білімі саласында синонимге берілген анықтамалар келтіріледі. Көркем шығармалардан алынған синоним сөздер жүйеленіп талданады. Келтірілген мысалдар арқылы синонимдік қатарлардың көркем шығарма тілінде маңызды стильдік қызметімен қатар ана тіліміздің баюына, толысуына өз үлесін қосатыны анықталады.

Тірек сөздер: синоним, лексика, көпмағыналы сөздер, сын есім, зат есім, етістік, омоним, стиль.

Тілімізді байытатын, сөздік қорымызды молайтып тереңдете түсетін мағыналы сөздердің бірі – синонимдер. Әрбір тілдің қаншалықты дамып жетілгендігін синонимдер арқылы байқауға болады. Тұлғалары бөлек, мағыналары жақын сөздер – көркем шығармаға қажетті тілдік құралдар. Синонимдік қатардағы сөздердің біреуін таңдап алу арқылы айтпақ ойды дәл беруге, образ-бейнені әсерлі етіп жеткізуге болады. Синонимдер бір-біріне сайма-сай мағынадағы сөздер емес, әрқайсысының өзіне тән мағыналық реңктері бар. Көркем шығарманың экспрессивтік арқауы – сөз болса, оның экспрессия тудыратын күші семантикасында, мағынасы мен мағыналық реңктерінде.

Қазақ тілінің бай тіл екендігі синонимдердің молдығынан көрінеді. Ғалым Ә.Болғанбаев «Синонимдер дегеніміз - әр түрлі айтылғанымен, мағынасы жақын, бірақ әрқайсысының өздеріне тән мағыналық, не стильдік, не эмоциялық сәл ерекшеліктері бар бір сөз тобынан болған сөздер» деген [1, 10]. Осы жайында К.Аханов мынадай ой айтады: «Тілде синонимдердің мол болуы сол тілдің сөздік құрамының бай, әр тарапты екендігін көрсетеді. Сөздік құрам неғұрлым бай, орамды болады. Сөйтіп, синонимдердің молдығы – тілдің байлығын, дамыған тіл екендігін аңғартатын көрсеткіштің бірі. Синоним сөздерді жете білудің үлкен мәні бар. Лексиконы синонимдерге бай адам сөз мағыналарының арасындағы нәзік айырмашылықтарды дөп басып айтуға шебер келеді. Өзара мәндес сөздердің мағыналық нәзік айырмашылықтарын жете білген адам синоним сөздердің сыңарларының айтылатын ойға дәлме-дәл келетінін тауып қолданады да, оның жазғаны немесе сөйлеген сөзі нысанаға дәл тиіп жатады, әрі келісті, әрі мәнерлі болып шығады», – дейді [2, 173]. Ғалымдар синонимдердің мынадай белгілеріне қарап талдайды:

- 1) Сөздің дыбысталуында аз да болса, тұлғалық өзгешелігі болуы қажет;
- 2) Сөздер бір ғана ұғымды білдіруі қажет;
- 3) Сөздер бір ғана сөз табына қатысты болуға тиіс;
- 4) Бір сөз табынан болған синонимдер бірыңғай грамматикалық тұлғада келіп,

контексте бірін-бірі алмастырған жағдайда бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.

Тіл-тілдің лексикасында қолданылуына байланыссыз, жеке тұрып та лексикалық единица ретінде бір-бірімен синоним сөздер бар да, тек қолданылуына қарай бір-бірімен мәндес болып келетін сөздер де бар. Мысалы, үлкен, зор деген сөздердің орнына алпамсадай, еңгезердей, абажадай деген сөздер қолданылып айтылады. Бірақ солай бола тұрса да, бұлсөздер үлкен және зор сөздеріне тұрақты синоним бола алмайды. Бұлар аталған сөздермен тек қолданылуы ыңғайына қарай мәндес болып келеді.

Синонимдер әр түрлі жолдармен пайда болады.

1. Сөздердің мағыналық жақтан дамуы қосымша жаңа мағыналарына ие болуы синонимдік қатарлардың жасалуына әсер етеді. Осыдан көпмағыналы сөздер мен синонимдердің қарым-қатынасы, өзара байланысы келіп туады. Көп мағыналы сөз әр мағынасында әр түрлі синонимдік қатарға еніп, синоним сөздердің шеңберін кеңейтіп отырады.

2. Заттар мен құбылыстардың бірден көзге түсіп, байқала қоймайтын айрықша белгілері мен қасиеттерін бірте-бірте ашып, оларды атау үшін және мағыналарының реңкін ажыратып айту үшін, тілде жаңа сөздер жасалып отырады да тілдің бүтіндей сөздік құрамы даму, баю күйінде болады.

3. Әдеби тіл лексикасының диалект сөздердің есебінде толығыуы нәтижесінде де синонимдер жасалады.

4. Тілде белгілі бір стилистикалық қызметте жұмсалатын эфвемизмдер басқа бір сөздермен немесе сөз тіркестерінде мәндес синоним жасалады.

5. Белгілі бір тілдің лексикасы басқа тілдерден енген сөздермен де толығып, байып отырады. Кейде басқа тілдерден енген сөздер сол тілдің байырғы сөздерімен мәндес келіп, сонның нәтижесінде синонимдер жасалады [3, 6].

Синонимдердің сәл ғана мағыналық нәзік айырмашылықтарды қамтып, оралымды түрде жеткізе білуде мәні айрықша. Мұнымен бірге, синонимдердің стильдік мәні де күшті. Сөйлемде я жазуда бір сөзді қайта-қайта қайталай беру, мысалы, алдыңғы сөзде қолданылған сөзді, соған байланысты екінші сөйлемде қайталап қолдану кейде стильдік жағынан кемшілік тудырады, қолайсыз, ретсіз болып көрінеді. Мұндай жағдайда сол сөздің синонимін тауып қолдану орынды, келісімді болады. Мәселен мына берілген сөйлемге назар аударалық: - *Ішіміздегі көкірегі зерделі, сауаттымыз Дүйсен үкімет ісіне араласып, ауылнай болған соң Әпсаттардан басқамыз ойға көшіп келдік, - деп бастайтын әкем бұл әңгімесін* («Әке», 16-б.). Осы сөйлемдегі көкірегі зерделі деген мен сауаттымыз деген сөздер – бір-біріне синоним. Жазушы бір сөйлемде бір сөзді қайта-қайта қайталамай, оның синонимдерін тауып қолданған. Осының нәтижесінде сөйлем де көркем құрылған.

Академик Рабиға Сыздықова синонимдердің көркем сөзде қолданылуы туралы: «Синонимдер – тек мағыналас (мәндес) келген сөз қатарлары ретінде лексикалық категория ғана емес, қолданыста, әсіресе көркем сөзде ең қуатты, икемді, актив стильдік құрал» [4, 27] деп санайды.

Синонимдер – лексикалық категория ғана емес, функционалдық стильдерде актив қолданылатын стильдік құрал. Атқаратын стильдік қызметі – белгілі бір контексте бір сөздің бірнеше рет қайталанбау жағын көздеу және көркем ойды құбылтып, жан-жақты толықтырып, мәндес сөздердің болымсыз айырмашылығын дұрыс қамтып, белгілі бір ұғымды оралымды етіп жеткізу. Сондықтан синонимдік қор көркем әдебиетте жиі қолданылады.

Синонимдік қатарды құрастырушы сөздер бір-бірімен мағыналық жақтан жақын, өзара мәндес болуымен бірге, барлығының бір сөз табына қатысты сөздерден жасалуы шарт. Әр түрлі сөз табына қатысты сөздерден синонимдік қатар жасалмайды. Белгілі бір синонимдік қатар жасалуы үшін, оның құрамына енетін сөздердің барлығы да не бірыңғай зат есім сөздерден, не бір өңкей сын есім сөздерден немесе етістік сөздерден болуы керек. Синонимдік қатарлар әр сөз табының құрамында бар.

Тіл-тілде мағыналары жағынан бір-біріне тепе-тең синонимдер, әдетте, кездеспейді, ал

егер кездесе қалса, өте сирек ұшырайды. Синонимдес сөздер өзара мәндес сөздер болғанымен, олардың мағыналық жақтан қалай да бір айырмашылығы болады. Синонимдес сөздердің өзара мағыналық жақындығын (ұқсастығын) айқындаудан гөрі олардың бір-бірінен мағыналық айырмашылығын айқындау әлдеқайда күрделі. Бұлай болатындығы мынадан: синонимдес сөздердің бір-бірінен мағыналық жақтан айырмашылығы көбінесе сәл ғана нәзік айырмашылық түрінде болады да, мұның өзі бірден ашық-айқын аңғарыла бермейді. Бұл – бір. Екіншіден, синонимдес сөздердің бір-бірінен өзара айырмашылығы қолданылу ыңғайына қатысты стильдік айырмашылық түрінде ғана болуы мүмкін. Синонимдес сөздердің мұндай жақтары стильде түрлендіре ажыратылып айқындалады.

Синонимдер тікелей стильмен байланысты болып келеді. Тіл-тілде сараланған, қалыптасып орныққан бірнеше стильдік тармақ болады. Тілдің даму барысында оның лексикасындағы көптеген сөздер сараланып, белгілі бір стильге телініп, әр топқа бөліне бастайды. Мұны белгілі бір синонимдік қатардың ішіндегі сөздердің қолданылуынан да аңғаруға болады. Мысалы, *көк аспан* деген синонимдік қатардың құрамындағы *аспан* сөзі, жер жүзі, жер шары деген синонимдік қатардағы *жер шары* тіркесі көбінесе ғылыми стильдерде қолданылады. Тілдегі барлық синоним болмаса да, көптеген синонимдік қатардың құрамындағы мәндес сөздердің әр қайсысы белгілі бір жанрда, стильде қолданылуға икемделеді.

Қазақ тілінің синонимдері саны мен көлемі жағынан да, синонимдік қатарларының молшылығы жағынан да өте бай. Бір ұғымды білдіру үшін кейде 20-30 синоним сөз қолданыла береді. Синонимдердің қолданылу өрісі өте кең, сөйлегенде, жазғанда, белгілі бір ойды сегіз саққа жүгіртіп, тілді соншалықты оралымды етеді. Әр адамның ойлаған нысаналы мақсатына, көңіл, күй, көзқарасының әуеніне қарай айтайын деген сөзін, пікірін басқа кісілерге нақтылы, дәл әрі көркем етіп жеткізуде синонимдердің атқаратын қызметі соншама үлкен.

Синонимдер тілдің кемеліне келіп, қаншалықты жетілгендігін, оның образдылығы мен дамығандығын көрсететін көрсеткіш деп есептеледі. Адамның ойлаған ойын, көңіл-күйі мен көзқарасын нақты әрі көркем түрде жеткізу үшін синонимдер айрықша қызмет атқарады. Олар белгілі бір ойды тоғыз саққа жүгіртіп, тілді соншама оралымға келтіреді.

Синонимия – ұлттық тілдің айқындылығын, дәлдігін, икемділігін, бейнелегіштік күшін көрсететін тілдік құбылыс. Тілде синонимдерді пайдаланып, керегіне жаратпайтын жазушы жоқ. Әр жазушы синонимдерді талғап жұмсайды, өзінің стиліне тән қолтаңбасын қалдырады. Қай жазушы болмасын керегі жоқ қайталанулардан аулақ болу үшін дыбысталуы әр түрлі бірақ мағыналары жақын сөздерді өз талғамымен қолданады. Жазушы шығармаларында синонимдер белгілі бір ауыртпалықты, жүкті көтереді. Сөйлем ішінде өзінің ауқымды қызметін атқарады. Жай қызмет емес, стильдік қызмет атқарады, сөйлемнің экспрессиялық бояуын нығайтады. Тұжырымға жүгінсек.

Синонимдердің сәл ғана мағыналық нәзік айырмашылықтарды қамтып, оралымды түрде беруде мәні айрықша. Мұнымен бірге, синонимдердің стильдік мәні күшті. Сөйлеуде не жазуда бір сөзді қайта-қайта қайталай беру, мысалы, алдыңғы сөйлемде қолданылған сөзді, соған байланысты екінші сөйлемде қайталап қолдану кейде стильдік жағынан кемшілік тудырады, қолайсыз, ретсіз болып көрінеді. Мұндай жағдайда сол сөздің синонимін тауып қолдану орынды, келісімді болады. Сонымен синоним сөздер- кез келген тілдің қаншалықты дамығандығын, оның көркемдігін, сапасын, жүйесін, күшін, байлығын танытатын сөздер тобы.

Синонимдік қатардың құрамындағы сөздер бір-бірімен мағыналық жақтан жақын, өзара мәндес болумен бірге, барлығының бір сөз табына енетін сөздерден жасалуы шарт. Әр түрлі сөз табына қатысты сөздерден синонимдік қатар жасалмайды. Белгілі бір синонимдік қатардың жасалуы үшін, оның құрамына енетін сыңарлардың барлығы да бірөңкей етістік сөздерден болу керек. Синонимдік қатарлар әр сөз табының құрамында бар.

Ғалымдардың айтуынша, қазақ тіліндегі сөз табының ішінде синонимдерге ең байы – етістік. А. Ысқақов: «Етістік тіліміздегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделі және қарымы кең

грамматикалық категория. Етістіктің күрделілігі мен қарымдылығы оның аса өрісті лексика семантикалық сипатымен, бай лексика-грамматикалық формаларымен, көсіліңкі синтаксистік қызметімен тығыз байланысты» - деп сипаттама береді [5, 222]. Осындай қызметтері көркем шығармаларда айқын танылады. Қаламгер туындыларында етістіктер, оның ішінде, көсемшенің арнаулы формасы -ып, -іп, -п жұрнақтары жазушылар туындыларында белсенді түрде қолданылғандығы анықталды. Қаламгер шығармаларында жұмсалуын төмендегідей мысалдардан көре аламыз. Бұл мысалдарда мағыналас сөздер қатарласа келіп, синонимдік қатар құрайды. Ал мағыналас сөздерді қатарластырып қолдану тіл білімінде плеоназм деп аталады.

Тіл мамандарының арасында күні бүгінге дейін бірауызды шешімін таба қоймаған жайлардың біразы синонимге қатысты болып келеді. Зерттеушілердің біразының айтуларына қарағанда, синоним болатын сөздер бір ғана ұғымды білдіруге тиіс. Екіншілері синонимдіктің басты белгісі деп сөздердің өзара алмасу мүмкіндіктерін атап көрсетеді. Үшінші топтағы мамандар синоним болу үшін ол сөздердің мағыналық жағынан жақын болуы қажеттігін қуаттайды. Соңғы пікірге табан тіреушілер нақтылы үш шартты ұсынады:

- 1) лексикалық мағыналардың жақындығы немесе тепе-теңдігі;
- 2) лексикалық мағыналардың тек қана тепе-теңдігі;
- 3) лексикалық мағыналардың тепе-теңдігі емес, жақындығы.

Үстірт қарағанда, қайшылық бар сияқты көрінуі мүмкін, өйткені бірде-бір тепе-теңдікті керек шарт ретінде түсіндіреді де, енді бірде тепе-теңдіктің керегі жоқ, жақындықтың ғана болғаны жөн деген ұғым туындайтын түрі бар. Шындығында, синонимдік қатардағы сөздердің лексикалық жағынан бір-бірімен жақындығы ғана емес, тепе-теңдігі де ескерілгені мақұл. Мысалы, *Бақсы дәрі-дәрмектерін жаққаннан кейін, сыртынан орап, таңып тастады* («Тозақ оттары жымыңдайды», 168-б.).

Әдетте, синонимдік қатардағы сөздердің тепе-тең мағыналық қатынаста болатыны туралы сөз болғанда, оған күмән келтірушілер де кездеседі, оларды варианттармен шатастырады. Ең болмағанда, тіл білімі – лингвистика деген сияқты мысалдармен шектеледі. Шындығында, тепе-теңдік мағыналық қатынастардан жасалатын синонимдердің қазақ тілінде мол ұшырасатынын зерттеушілер дәлелдеу үстінде. Айталық, ер-азамат, ел-жұрт, ата-тек, мейрам-мереке, әсер-ықпал, азат-еркін, т.с.с. сөздер мысал бола алады. Мұндай сөздерді жазушылар мен журналистер жиі қолданады.

Сын есімнен болған қос сөзді синонимдер: *Бірақ аумалы-төкпелі заманда жан сақтағанның да зияны жоқ.* («Әке», 16-б.)

Атымды көрейін деп албарды айнала бергенімде Айтбайдың үйінің есігінің алдында тұрған алба-жұлба қайыршыны көрдім (24-б.).

Зат есімнен жасалған қос сөздер: *Күздің жауын-шашыны бір басылмай қойған* (24-б.).

Жын-перілер жайлаған түн баласында лашықтан шығып, қам ойлайтын тірі жан некен-саяқ («Тозақ оттары жымыңдайды», 153-б.).

Ырыздық, несібе таусылған күні бәріміз көз жұмамыз («Әке», 21-б.).

Соны әдейі келіп көріп, ішіне құт тілеп, қайырлы болсын айтып, отбасы бәле-жаладан аулақ болу үшін, әкесінен қалған бір тұмарды босағаға әкеліп қақпақ ойы болатын («Әке», 22-б.).

Ағайын-ел топырлап келіп, көңіл айтуда. Өлікті жөнелту салтанатынан бірдеңе түссе, ауданы бар, туған-туысы бар, жандарын салып-ақ жатыр («Қыз Бәтіш пен Ерсейіт», 207-б.).

Майдан жақтан хат-хабар үзілген жоқ. («Оралу», 76-б.).

Істің мәніне Әбен сонда түсінді; күш-қуатынан айырылып, құр сүлдері қалғандай, бүкшііп басын көтермеген күйі хатшыға қолын созды («Қайырсыз жұма», 281-б.).

Сонау ойын-сауық, той, бейбіт күнде, туып-өскен мекен-жұрт осыншалық гапыл, гыйыптан-гайып көзден бір-бір ұшты («Тозақ оттары жымыңдайды», 169-б.).

Және бүкіл кісілікті тек осы бір қосалқы тірліктің төңірегінен іздеп, басқа негізгі

ғұмырыңды , негізгі **ықылас-ниетіңді**, **ой-санаңды** тегіс жоққа шығару барып тұрған сыңаржақтық емес пе?..

Бақсы **дәрі-дәрмектерін** жаққаннан кейін, сыртынан **орап**, **таңып** тастады («Тозақ оттары жымыңдайды», 168-б.).

Құлап қалмай, аман-сау жерге түссем деген қорқыныш бұған дейінгі қорқыныштың

Қазақ тіліндегі синонимдер толып жатқан тәсілдер арқылы жасалады. **Күрделену арқылы:** күрделі сөздердің құрамына енген түбір сөздер оп-оңай бірікпейді. Өзінен-өзі қосарланбайды немесе кездейсоқ тіркеспейді. Олар белгілі бір заңдылыққа, ұғымға негізделіп күрделенеді.

Ә.Болғанбаев пен Ғ.Қалиев: « синонимдерді жекелеп те, кезектестіріп те, жұптап та, топтап та қолданғанымыз сияқты, оларды қосарлап та (қосақтап та) пайдаланамыз. Екі синоним сөз қосарланып қолданғанда бұлардың білдіретін ұғымының көлемі кеңейеді [6, 116-б.] – деген ой айтады.

Әдетте қосарлама қос сөздер мағына жағынан ыңғайлас, морфологиялық жағынан тектес, синтаксистік жағынан теңдес (пара-пар) сөздерден (компоненттерден) құралады. Ал синонимдік қатынастағы қос сөздердің беретін мағынасы туралы А. Ысқақов: «Мәндес сыңарлардан қосарланған қос сөздер мағыналары бір-біріне жақын сыңарлардан құралады да, топтау, жинақтау ұғымдарын білдіреді» дейді [5, 119].

Қосарланып қолданған өзара мәндес сөздер бір-бірінің мағыналарын айқындай түседі. Айтылмақ ойдың әсерін күшейтіп, экспрессивтік бояуын қалыңдатады. Сонымен бірге жазушының тіл шеберлігін де танытады.

Себебі қос сөз – стильдік авторлар единица, яғни бұл қосар сөздер жекелеген автордың қаламынан шығатын бірқолданар тұлғалары. Жалпы қосар сөздерді тудырушы автор әр түрлі сөздерді тіркестірмей, мағыналас, тақырыптас сөздерді қосарлап, олардың фонетикалық жағынан үндесіп, ұйқасып келуіне зор мән береді. Осындай фонетикалық жағынан үндесіп келетін қос сөздер мәтін ырғақтылығын тудырады.

Көркем шығармаларда синонимдер зат есім, етістік болған түрлері жиі кездеседі, бұл сөз таптарының синонимдік қатар құрауға бейімділігінен болса, екінші жағынан, туындыдағы кейіпкер тілінің шындықты бейнелеу, оқиғаны дамыту қызметімен байланысты болса керек.

Синонимдерді қосарлап қолдану, бірнеше синонимдерді қатар келтіру – сөз мағынасын бірте-бірте күшейтіп, немесе әлсірете, сөздің экспрессиялығын жақсы көрсететін амал.

Көркем шығармалар тіліндегі қосарланған синонимдерді саралай келе, оларды кейіпкердің сезімдерін, көңіл-күйлерін, психологиялық халін, әсерлері мен ойларын нақтыландыру мақсатында қолданылғанын байқадық.

Тілде синонимдердің мол болуы сол тілдің сөздік құрамының бай, әр тарапты екендігін көрсетеді. Сөздік құрам неғұрлым бай, әр тарапты болса, тіл де соғұрлым бай, орамды болады. Сөйтіп, синонимдердің молдығы – тілдің байлығын, дамыған тіл екендігін аңғартатын көрсеткіштің бірі.

Синоним сөздерді жете білудің мәні бар. Лексиконы синонимдерге бай адам сөз мағыналарының арасындағы нәзік айырмашылықтарды да дөп басып айтуға шебер келеді. өзара мәндес сөздердің мағыналық нәзік айырмашылықтарын жете білген адам синоним сөздердің сыңарларының айтылатын ойға дәлме-дәл келетінін тауып қолданады да, оның жазғаны немесе сөйлеген сөзі нысанаға дәл тиіп жатады, әрі келісті, әрі мәнерлі болып шығады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы, 1987. – 378 б.

2 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2002. – 180 б.

3 Таласпаева Ж. Стилистика және лексика. – Петропавл, 2005. – 81 б.

4 Сыздық Р.Ғ. Сөз күдіреті. – Алматы, 2005. – 132 б.

5 Ысқақов А. Қазақ тілі. – Алматы, 1991. – 381 б.

6 Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2001. –

ШАЛАБАЙ БЕРДІБАЙ
РАҚЫМЖАН ОРАЛСЫН ҚАЛИҚАЙДАРҚЫЗЫ
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан
bshalabai@mail.ru; Oralsyn90@mail.ru

С.ЖҮНІСОВ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ МЕТАФОРЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Аннотация: мақалада жазушы шығармаларындағы көркемдегіш құралдардың арасында дәстүрлі тілдік құралдармен бірге авторлық қолданыстар бары анықталды. Кейіпкер бейнесін ашу үшін түрлі амал-тәсілдер қолданылатыны белгілі. С.Жүнісов қолданысындағы индивидуалды-авторлық метафоралар жазушының ой-толғанысы, тікелей бір сезім күйлерінен кездейсоқ туындап отыратындығы және оның бейнелілігі талданды.

Тірек сөздер: когнитивтік лингвистика, индивидуалды-авторлық метафоралар, метафоралану.

Метафораның табиғаты әлемге көркемдік көзбен қараумен байланысты. Әрбір автордың поэтикалық туындысы оның өзі құрған және қолданыстағы метафораларының сипатына байланысты. Сондықтан метафора – поэтикалық мәтіннің басты компоненті, ол міндетті түрде поэтикалық ой мен әлемдік бейненің көрінісі болады.

Метафораны поэтикалық мәтінге жақындастыратын факторлар:

- ойдағы бейне мен айтылмақ пікірдің бірігуі;
- дәл мағынада айтылмауы;
- объектілердің белгілері мен мағыналарының өзара араласуы;
- бірнеше интерпретацияда ұғынылуы;
- дәлелдемелердің қолданылмауы;
- объектілердің мәнін ашуда тиімді әрі қысқа жол таңдау;
- көлемдік баламамен астарлау.

Тілдегі метафоралардың концептуалдық өзегінен кез келген тілдік қолданыстағы метафоралар когнитивтік қызмет атқаратындығын байқауға болады. Мәселен, метафора табиғатына тән бейнелілік, көркемдік, бағалағыштық, образдылық қасиеттерінің тілдегі орын алуына адам ойы мен танымдық тетіктерінің қатысатындығынан, метафоралардың прагматикалық сипатынан көрінеді. Метафоралардың туындауына адам ойындағы өзара салыстырулар мен ұқсатулар, санадағы суреттеулер негіз болады. Осы жағынан келгенде метафора ғылыми ойдың (концептуалды) формасы болып келеді. Метафораның концептуалдық болмысына ұлттық дүниетаным тұрғысынан келу арқылы, метафора тудырудағы әр ұлттың ойлау дәрежесі мен ұлттық сана-сезімі мен дүниені қабылдаудағы ұлттық ерекшеліктері сол ұлт тіліндегі метафораның өзіндік болмысы мен тілдік сипатын көрсетеді. Мәселен, тілдегі метафоралардың жасалуындағы транспозициялардың қатыстылығын байқауға болады. Транспозицияның метафораның туындауына түрткі болуын ауыспалы мағыналы метафораланған бірліктердің жасалуындағы әртүрлі лексика-грамматикалық элементтердің қатысуынан көруге болады.

Тілдік қолданыста сөз метафоралармен түрленеді, ажарланады және бейнелі құралға айналады. Әлем лингвистикасында метафораның табиғаты адамның білім қорының құрылымдық сипатымен байланыстыра қарастырылады. Лингвистикалық, әдебиеттану терминдері сөздіктерінде метафораға төмендегідей түсініктер берілген. «Тіл білімі сөздігінде»: «Метафора – (грек *metaphora*-ауыстыру) троптың бір түрі, ұқсастық, сәйкестік және т.б. негізінде сөздер мен сөз орамдарының ауыспалы мағынада қолданылуы» деп беріледі, ал метафоралану «Метафоралану – ауыспалы мағынаның пайда болуы мен оның

экспрессивті қасиеттерінің күшеюі нәтижесінде сөздің мағыналық аумағының кеңеюі» деп түсіндіріледі. «Лингвистикалық түсіндірме сөздіктегі» метафораның анықтамасы: «Метафора (грек. Metaphora-ауыстыру) – троп немесе сөйлеу механизмі. Метафора – сөздің басқа мағынада қолданылуы. Риторика мен лексикологияда метафора номинациялық құрал ретінде қарастырылады». Ал «Әдебиеттану терминдер сөздігінде»: «Метафора, ауыстыру (грек сөзі – ауыстырып қою), екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып-жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін сөз немесе сөз тіркесі. Мысалы, Абай өлеңдерінде кездесетін жастықтың оты, жүректің көзі, дүние есігі, өмірдің өрі деген метафора үлгілерін атауға болады.

Метафораның кейбір түрлері теңеуге жақын, мысалы, **тас жүрек**. Бірақ метафорада теңеудегідей екі нәрсені теңеп салыстырудан гөрі олардың арасындағы ұқсастық жақындықты, сезім-әсер жалғастығын тірек ету басым болады. «Көбінесе сондай екі нәрсенің бірі айтылып, екіншісін емеурін жасап, сездіреді» деп түсініктеме берілген. Қазақ тіл білімінде метафора туралы А.Байтұрсынұвтың, М.Балақаевтың, Б.Хасановтың, Ә.Болғанбайұлының, Ғ.Қалиұлының, Б.Қасымның зерттеу жұмыстары бар. Қазақ тіл білімінде метафораны көркемдік тәсіл ретінде таныған және алғаш рет тұжырым жасаған – А. Байтұрсынұлы.

Қазір тіл білімінде метафораның адамның ойлау үрдісін қалыптастырушылық қасиетін ескере отырып, оны басқа қырынан қарастырып келеді. Когнитивистикамен айналысушы ғалымдар осы тақырыпқа қызығушылықтарын білдіреді. Метафора ұғымдарды қалыптастырып, дайын таңбалар арқылы оларды атайды. Метафора заттар мен құбылыстардың белгілерінің ассоциялануы, байланысуы арқылы жасалады, ойды дамытады. Әртүрлі салыстырулар шығарма тіліне көркемдік береді.

Метафораны тілдік қолдану сипатына қарай түрлерге бөлушілік бұрыннан қалыптасқан. Ғалымдар метафораның құрылымын түрліше саралайды. Мысалы, Б.Хасанов қазақ метафораларын екіге бөледі: «Біріншісі – белгілі бір шешеннің сөз саптауынан пайда болған индивидуалдық метафора, екіншісі – халықтық сипат алған дәстүрлі метафоралар» [1, 138]. «Метафораның ең басты стильдік ерекшелігі – бейнелілігі, ойды бейнелі түрде жеткізетіндігі. Ол сондықтан да көркем әдебиет стилінде жиі қолданылады. Ал, ғылыми, кеңсе, ресми іс қағаздары стильдерінде метафора дәл мұндай дәрежеде кездеспейді». Ғалым Т.Қоңыров метафораның жасалуына теңеудің негіз болатындығын айтады: «Әрбір теңеудің көлеңкесінен метафоралық мағына көрініп тұрады» [2,119]. Көркем шығармада метафора көркемдік амал – тәсілдің негізгі тілдік элементі екені белгілі. Ғалым М.Серғалиев метафора туралы: «Метафора (грек.metaphora-ауыстыру) – белгілі бір нысанның (объектінің) басқа топтағы нысандардың белгісі мен қасиетіне қарай ауыстыра қолданатын троптың бір түрі. Метафора әрдайым ауыспалы мағынада жұмсалады. Соның өзінде кемінде екі мағына болуы мүмкін. Сонысына байланысты метафора екі түрлі қызмет атқарады: белгілі бір затқа, құбылысқа немесе адамға сипаттама беру және сол заттың, құбылыстың немесе адамның атын атау (номинация). Сөздерді метафоралау процесінде 3 түрлі жағдайды байқауға болады. Бірінші жағдайда сөздің сыртқы белгісі алынады. Мыс., кілт – есіктің кілті, мәселенің кілті; бастау – бұлақтың бастауы, шығармашылық бастау т.б. Екінші жағдайда метафора метафора жасайтын сөздердің семантикасына, ішкі мазмұнына үңілуге тура келеді (түлкі – аң, айлакерлік белгісі; адам мінезіндегі екіжүзділік т.б.) Метафоралаудың үшінші түрінде белгілі бір белгілер мен қасиеттердің басқа топтағы заттар мен құбылыстарға тән екендігі белгілі бола тұра, басқа топтағы ұғымдарға сіңісті болып кетеді. Мыс., **ұлиды** деп қасқырды айтады, бірақ ақындардың шығармаларында: **жел ұлиды**. Сол сияқты **өткір** сөзі қатты заттарға қатысты болатын (өткір ұстара), кейінгі кезде **өткір мәселе** тіркесі қолданылып жүр» деп анықтама береді [3, 274-275]. А.Сыбанбаева метафораны былай деп анықтайды: «Адамның ақыл-ойы салыстыруға келе бермейтін семантикалық концептерді (ұғымдарды) салыстырудың нәтижесінде метафора туындайды. Сондықтан метафораның жасалу механизмін зерттеу – адамның ойлау процесін зерттеу деген сөз» [4, 22]. Тіл білімінде метафора семасиологиялық, ономасиологиялық, гносеологиялық, лингвистикалық тұрғыда

зерттелді. Зерттеуші Г.Зайсанбаева метафораны когнитивтік бағытта қарастырып, былай түйіндейді: «Метафораның әртүрлі нысандар арасындағы ұқсастықтары солар туралы түсініктер арқылы қалыптасады. Сонымен қатар, метафоралануға адамның эмоциялары, экстралингвистикалық білімі, тұрмыстық тәжірибесі кей жағдайда кездейсоқ түсініктер түрткі болып жатады. Адам тәжірибесі арқылы жинақталған білім қорындағы ақпараттардың өзара алмасуы танымдық үрдістермен байланысты. Аталым жасаудағы метафораның қызметі тілдің барлық салаларында қолданылады» [5, 24]. Метафора тілде көркемдік қызметімен бірге жаңадан пайда болған ұғым, түсінікке неғұрлым дәл атау беріп бейнелейді. Метафора көңілге сыйымды, тіпті бір-біріне мүлдем сыйымсыз, қарама-қарсы ұғымдардың ассоциациялануы негізінде жасалып, үйлесімді, нанымды, көркем, жарқын бейне туғызады және ұқсату заңдылығына негізделеді. Ұқсату философиялық тұрғыда заттардың, құбылыстардың немесе процестердің бір қасиетіне қарай ұқсастығын тану әрекеті ретінде танылады. Метафорада ұқсастық тілдік бірліктердің тілден тыс сипатына байланысты. Аталымдардың қоршаған әлем заттары мен құбылыстары арасындағы әртүрлі ұқсастықты тануда, оны тілде белгілеуде адамның бай тәжірибелік қоры ескеріледі. Жаңа мағынаның тууына метафораның қызметі зор. Өзге тәсілдер сияқты метафора да тілдің дамуына қызмет етеді.

Сонда, бір қасықтай шикі өкпе үшін екеуміздің арамыздағы махаббатымыз бір сәтте суый қалғаны ма? Осы бір қаңғырған немеге қайдан тап болғансың? (Қылмыскер, 358-б.). Жоғарыда кейіпкерлер тілінен келтірілген *шикіөкпе - бала, қаңғырған неме – үй-жайы жоқ адам* сөздерінде эмоциялық-экспрессиялық реңк бар, жағымсыз мағынаны тудырып тұр. Бұлар бейнелі-бағалауыштық метафоралар.

Адамның мінез-құлқына байланысты жануарлар әлемінен олардың нақты зат ретінде санадағы бейнелеріне негіздеп *көкжал, оқжылан, көртышқан* сияқты аталымдарын сөйлеуге қолданғанда олардың белгілі бір қасиеттері немесе қасиеттер жиынтығы метафоралануға қатынасады. С.Жүнісов те кейіпкерлерінің бейнесін жасау үшін аң-құс атауларын жұмсайды.

Сары жорға. *Барарымды барсам да, ол сұр жыланның бетін көруге дәтім шыдамады (Ажар мен Ажал, 92-б.).* Адамның мінез, жүріс-тұрысына байланысты жағымсыз мағынада жұмсалынған, жек көру сезімін береді.

Ажар. *Қатай - тонын айналдырған қасқыр (Ажар мен Ажал, 94-б.).* Қолданыстағы метафоралар арқылы адамның жек көру сияқты сезімі берілген.

Ажар. *Тең құрбы болған соң өзіңізге алдын-ала құлаққағыс қылайын десем, сіз жөн-жосық жоқ... (Ажар мен Ажал, 82-б.).* *Құлаққағыс-емеурін* бірлігі бейнелі ойлау нәтижесінде жасалынған.

Мұхтар. *Отыз жеті – көмусіз жатқан ұйқыдағы алып жылан, құйрығын басып қайтесің? (Кемеңгерлер мен көлеңкелер, 380-б.).*

Махамбет. *Мен құйқасын үйтіп, езуін тіліп табаққа салар көнбіс қойдың басы емеспін, иә, табағыңа да, тамағыңа да сыймайтын азулы иттің басымын (Махамбеттің өте шыққан өмірі – ай! 13-б.).* Еркіндік, бостандық үшін күрескен Махамбет ақын мен Исатай батырдың бейнелерін жасау үшін, Махамбет тілінде *«азулы иттің басымын»* деп ит сөзін өзінің тура мағынасында емес, ауыспалы мәнде, метафора ретінде жұмсап тұр.

Зұлхарнайын. *Көке-ау, мен жұмыртқаны әлдеқашан жарып шыққан, екі қанатында екі поғоны бар орыс қоразымын да, ал сіз тауық емес, татар тауығының әтеші емессіз бе?! (Сонда, 15-б.),*

Қарауылқожа. *Осыдан он-ақ шақырым жерде ордалы қасқырлар. Үш-төрт мың қол. Ордаңды талқандап, ханның басын шабам деп келеді. (Сонда, 28-б.),*

Композитор. *Сенің түрме бастығың – абжылан, сен - ібіліс, ал қазіргі өкімет басшылары - пайғамбарлар, ең басшысы – құдай (Тұтқындар, 161-б.).*

С.Жүнісовтың «Кроссворд немесе әзіл маскарад» комедиясында жаңа жыл қарсаңында аңдардың маскасын киген кейіпкерлердің айықтырғыштағы әңгімесі берілген. Бұл драма трагикомедиялық бағытта жазылған. Бұл пьесаның көтерген мәселесі кезінде «тоқырау жылдары» деп аталған кезеңдегі шындыққа сай болатын. Өмірде білімі шамалы, шен

дәрежесі жоғары адамдардың адами қасиеттерінің аздығы беріледі. Парақор, жемқор, айлакер, алаяқтар өмірін хайуандар кейпінде күлкілі етіп көрсетуде қаламгердің асқан шеберлігі байқалады.

Автор ойына, баяндалып отырған оқиға желісіне, аңдар кейпіндегі бетперде (маска) кейіпкер бейнесіне, бітім-болмысына, ішкі әлеміне сәйкес келеді. С.Жүнісов драма оқиғасын кейіпкердің түс көруі әдісі арқылы береді. Болып жатқан оқиға айықтырғыштың бастығы Жұмабектің түс көруінде өтеді. «Кроссворд немесе әзіл маскарад» драмасында күлкілі сәттер мен күрделі тартыстар ғана емес, орта мен сол ортада өмір сүріп отырған адамдар үлкен шеберлікпен сипатталады. Қоғам мүшелерінің адамгершілікке жат қылықтары мен әдеттері сыналған. Көркем мәтіндегі ерекше мәні бар сөз «кроссворд» шығарма атауына айналған.

С.Жүнісовте эмоционалды бояуы бар сөздер жиі кездеседі. Мәселен, жағымсыз қарым-қатынасты көрсететін сөздер: *Е, көп пәтерлі үйде не болмайды? Иә, және ығайлар мен сығайлар тұрса.* Үй тұрғындарының қандай екенін сипаттайтын эмоционалды-экспрессивті бояуы ашық сөздер. Сөздердің стилистикалық қасиеті оның экспрессивті бояуына қатысты. С.Жүнісовтің драмасында эмоционалды-экспрессивті сөздер кейіпкерлер тілінде бейнелілікті арттыруда өте маңызды.

С.Жүнісовтің тілін зерттей отырып, біз тек сөздерді қолданудағы шеберлігіне ғана емес, лексемалардың мазмұны мен мәніне көңіл аудардық. Олар кейіпкерлерінің рухын көтеретінімен ерекшеленеді.

Сәбира. *Қарақтарым-ау, бұларың шын ба, өтірік пе?* (Қысылғаннан қыз болдық, 98-б.).

Қарақтарым сияқты мұндай сөздер әдеби тілге көркемдік беріп қоймайды, сонымен бірге тілге стилистикалық көтеріңкі көңіл-күйді, эмоционалдылықты білдіреді. Өз кейіпкерінің бейнесін ашып көрсету үшін драматург адамның сезімін білдіретін сөздерді кеңінен қолданады. Стилистикалық мақсатта эмоционалды-экспрессивті сөздер кеңінен қолданылған.

Қаламгердің өзіндік қолтаңбасы мен шеберлігі кейіпкерлерін түрліше сөйлетуімен де өлшенеді.

Кейіпкерлер тілінде экспрессивті-эмоционалды сөздер ерекше орын алады. Мұндай сөздердің барлығы жалпы халық тілінен алынған.

Жоғарыдағы көркемдегіш құралдардың арасында дәстүрлі тілдік құралдармен бірге авторлық қолданыстар да бар. Кейіпкер бейнесін ашу үшін түрлі амал-тәсілдер қолданылатыны белгілі. Кейіпкер тілі арқылы оның портреті былай суреттеледі: *Әбден ашынған соң айғайлап: «Ал мына қысыр сиырдың тандыры кепкен желініндей қыртыс-қыртыс әжімдерді, шаптағы ақты қайда қоясың», – деп ем* (Ажар мен Ажал, 76-б.). Кейіпкер тілінен оның жас еместігін байқаймыз. С. Жүнісов кейіпкердің тілі арқылы кейіпкерінің портретін шебер бергенін байқауға болады.

Метафораның белгілі бір халықтың тұрмыс-тіршілігі, тарихы, таным-ойы, дүние түйсінуі, салт-санасының тілдік көрсеткіші болып табылатыны, ол – тұжырымдау мен танудың бір үлгісі, сондай-ақ жаңа ұғымдарды жасай отырып, жаңа білімнің қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды фактор.

С.Жүнісов қолданысындағы метафораларды тілдік және поэтикалық (сөйлеу кезінде туындайтын контекстік) деп бөлуге болады. Поэтикалық метафора индивидуалды-авторлық (жеке қолданыстағы) метафоралар деген де пікір бар. Индивидуалды-авторлық метафоралар жеке адамның дүниені бейнелі қабылдауын, тануын көрсетсе, дәстүрлі метафоралар тұтас бір халықтың ортақ бейнелі ойын, дүниетанымын білдіреді. Сол себепті олардың білдіретін мағынасы көпшілікке түсінікті болады.

С.Жүнісов қолданысындағы индивидуалды-авторлық метафоралар жазушының ой-толғанысы, тікелей бір сезім күйлерінен кездейсоқ туындап отырады және бейнелілігі күшті болып келеді:

Мысалы, *Кей жерінің беті тобарсып, кей тұсы әлі қата қоймаған қалың қар ақсақ*

ойылып келеді. Артынан аңшы қуған арланиша жалтақтап жүрегі алып ұшқан Қарасайдың қазіргі ойы да ақсақ ойылып келеді (Қос анар, 279-б.).

Осы сөйлемдегі **ақсақ ойылу** тіркесін индивидуалды-авторлық (тура мағынасы: **тептең түспеу**) метафоралық қолданыс, яғни жазушы әр жерден ойылып жатқан қарды сансаққа жүгірген кейіпкер ойының бір тоқтамаға келе алмағанымен жарыстыра қолданып тұр.

Төмендегі метафораларды жеке авторлық қолданыстағы метафоралар деп анықтадық: *күн кірпігі; дымқыл бүйірі; кәрі төмпешіктер; жалпақ өңірдің ақ көрпесін; қарлы жыландар; отты күннің маңдайы; ескі дастарқан кенеуін кетірмей, көсіле жатқан дархан дала; ой іріген бөздей жыртылып; безер жас; ішін өртеп ағыл-тегіл аққан мол жас; тоқпақтай қол сандықтың ішінде жүздеген қара кетіп барады, астаудай семіз жылқылар; жүрексіз қалған қуыс кеуде, жұртты жалаң бидай көжеген қамау; парасатты ойды жұтатып алмайық; тың жер – ұшан-теңіз дария.* Бұл метафоралар бойынан бейнелілік, экспрессивтік, баға берушілік, танымдық сияқты қасиеттерді байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралық қолданылуы. – Алматы: 1966. –205 б.
- 2 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. –192 б.
- 3 Серғалиев М. Қазақ тілі. Энциклопедия. –Алматы, 1998,
- 4 Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. –Алматы: Қазақ университеті, 2002. –162 б.
- 5 Зайсанбаева Г. Метафоралық аталымдардың когнитивтік аспектісі. Филол. ғыл. канд. дис. автореф.. – Алматы: 2002. –27 б.

ӘОЖ 82-93 – 894.342

ШАХМАНОВА ГУЛШАТ ШАМЕЛЬБЕВНА

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

Көкшетау, Қазақстан

gulya_28_96@mail.ru

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНА САЙ МӘТІНДЕРДЕГІ КОНЦЕПТІЛІК ЖҮЙЕ

Аннотация: мақалада жаңартылған білім беру мазмұнына сай құрылған мектеп оқулықтары мәтіндеріндегі концептілік жүйені көрсетуге талпыныс жасалды. Концепт, концептілік жүйе, метафизикалық концепт, ұлттық-мәдени концепт, эмоционалды концепт секілді тілдік оралымдарға түсініктеме мен ғалымдардың пікірлері беріліп, әр қайсына бірнеше мысалдар келтірілді. Сондай-ақ, оқулықтағы мәтіндерден, қазақ халқының ешбір халықты жатырқамайтын, кеңпейіл, жанашыр, бауырмал халық екендігін дәлелдейтін дәлелдей түсетін бірнеше мысалдар келтірілді.

Тірек сөздер: концепт, когнитивтік лингвистика, антропоцентризм, концептілік жүйе, жаңартылған білім мазмұны.

Тіл – күрделі құбылыс. Адамның шындық болмысты тануы, ақиқатқа деген көзқарасы, дүниені қабылдауы тілде бейнеленеді. Тіл арқылы адам санасында дүниенің тілдік бейнесі жасалады. Тілдегі адам факторының орнын белгілеуді, яғни тілдің табиғатын адам табиғатымен тығыз байланыста қарауды қажет ететін тілдің антропологиялық лингвистика саласы өз бастауын Вильгельм фон Гумбольдтің лингво-психологиялық концепцияларынан алған болатын. Ғалымның пайымдауынша, адамның өзін-өзі тануы – адамды адам етіп тұрған күш-қуат көздерін анықтау деген сөз. Ал тіл – адамды «жасаушы» сондай бастаулардың бірі. Адам баласының шығармашылық мүмкіндіктерін барынша терең көрсететін де, адамды адам ретінде танытатын да – тіл [1,55].

Қазіргі тіл білімінде осы бағыттағы зерттеулер кешенді сипатта антропоцентристік және когнитивтік лингвистиканың «ғаламның тілдік бейнесі» теориясының негізінде

жүргізілуде. Себебі тілді зерттеудің танымдық парадигмасы «дүниені тіл әлемінде тану» қағидасына сай бағытта жүргізілуі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады [2,161]. «Ғаламның тілдік бейнесі, тілдік көрінісі» дегеніміз – тілдің лексикасында, фразеологиясында, грамматикасында таңбаланған, «құлыпталып» бекітілген, сақталған тіл иесінің күллі дүние, әлем, ғалам туралы білімдерінің жиынтығы. Сыртқы дүниедегі құбылыстар мен заттар, шындық болмыс адам танымында «мәндік өріс», «мағыналар жүйесі» ретіндегі ішкі образ түрінде орнығады Олай болса, ғалам бейнесі, ғалам көрінісі дегеннің өзі образдар жүйесі ретінде танылады» [3,66].

Санадағы ұлттық таным мен жалпы танымды зерттейтін тілдің саласы – когнитивті тіл білімі. Когнитивтік ғылымның басты мәселесі – адамның білімін жүйелеу. Адамның барлық танымдық әрекетіне дүниені тануға бағытталған бір дамушы үрдіс ретінде қарау керек, себебі бұл әрекеттер нысанның ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратудан басталады. Бұл әрекеттердің нәтижесінде концепт қалыптасады. Дүниенің тілдік бейнесін ұлттық мәдениет контекстінде қарастырған А.Ислам: «Концепт дегеніміз – ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік. Әр ұлттың концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. Концептілер бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірінен туындап отырады. Әр қоғамның даму кезеңдерге сәйкес тіл мен мәдениет иелерінің абстрактілі концептілерді танып түсінуінде өзгерістер болғанымен, негізгі мәдени, дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады», – деп санайды [4,12].

Ал концепт санада белгілі бір концептілік жүйе арқылы қалыптасады. Концептілік жүйе иерархиялы (сатылы) құрылымнан тұрады: 1) дүниенің қасиеті, белгілері (сенсорлы перцептивті қабылдау); 2) когнитивтік модель (ассоциация, бейне, символ, этикет, эталон, стереотип формаға ие болуы); 3) концепт типтері (фрейм, сценарий, скрипт, схема, ойсурет формасына салынуы); 4) дүниенің тілдік бейнесі (метафора, фразеологизм, сөз, сөйлем, поэтикалық мән)» [2,10]

А.Б. Әмірбекова концептілік жүйе мен когнитивті модельдің тығыз байланысынан концептінің құрамдас бөліктері туындайды деп санайды. «Біздің пікірімізше, дүниенің концептілік бейнесін көрсететін негізі тірек – концептілік жүйе. Концептілік жүйе ішкі және сыртқы құрылымдардан тұрады. Ішкі құрылымы концептіні танытуға бағытталған құрылымдар: фрейм, сценарий, ойсурет, сызба; ал сыртқы құрылымы: сөз, фразеологизм, метафора, сөйлем, тіркес, метонимия т.б. Концептілік жүйе қалыптастыруда санадағы ішкі құрылымдар белгілі бір когнитивті модельге салынып жинақталады. Когнитивті модель автор танымындағы символ, бейне, прототип, этикет, эталон, ассоциативтік, стереотиптік бірліктер мен инсайт таңбалар арқылы қалыптасады» [2,28].

Халық өз даналығын, таныған қазынасын тілінде көрсеткен. Кез келген халықтың ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады. Демек, әр ұлттың болмыс-тіршілігінің, мәдениетінің құпия сырлары ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын тіл арқылы ашылады. Адамзат үшін ақиқат дүние біреу болса, оны түсіну, тану, сол дүниенің біртұтас бейнесін санада қалыптастыру әрекеттері әр адамда, әр ұлтта әр деңгейде сан алуан интерпретацияда беріледі. Сондықтан тіл иесінің ой-өрісіне, концептілік әлеміне байланысты дүниенің танымдық бөлшектері тілде өзінше көрініс табады, өзінше бейнелеп суреттейді, ал тіл иесі танымдық ойын өз тілінде сақталған дүние бейнесіне сәйкес танытуға тырысады.

Мақаламыздың ғылыми нысаны ретінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған жаңартылған білім мазмұнындағы Типтік оқу бағдарламасына сай дайындалған оқулықтар қарастырылды [5]. Оқулықтарда кездесетін, ғаламның тілдік бейнесі ұлттық болмыстың өзіндік ерекшеліктерімен айқындалатын көркем мәтіндер зерттеу нысанына айналды. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Жаңартылған білім мазмұнының мақсаты – жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыру үшін білім берудің жаңа парадигмасына сай оқытудың тиімді стратегияларын қолдана отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру [6].

Жаңартылған білім мазмұнының міндеттері:

✓ Білім берудің негізгі мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру;

✓ Пән мұғалімі әртүрлі оқыту әдістері мен оқыту технологиялары арқылы оқыту нәтижесіне қол жеткізу, педагогикалық шығармашылығын жетілдіру [6].

Тіл иесінің ой-өрісіне, концептілік әлеміне байланысты дүниенің танымдық бөлшектері тілде өзінше көрініс табады, ал тіл иесі танымдық ойын өз тілінде сақталған дүние бейнесіне сәйкес танытуға тырысады. Жаңартылған білім мазмұнына сай мәтіндердегі ғаламның тілдік бейнесі ұлттық болмыстың өзіндік ерекшелігімен айқындалады. Тілдің көркемдік-әдеби тәсілдері автордың дүниеге деген қатынасын суреттеп, ұлтымызға тән ойлау үдерісінің негізгі ерекшеліктерінен хабар береді. Мектептік білім беру жүйесін жаңа уақыт талабына орай жетілдіру білім беру жүйесін өзіміздің ұлттық болмысымызға, негізге алынған ұстанымдарымызға сай құрылғанына көз жеткізуге болады. Мәселен, жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған қазақ тілі оқулығында, ұлттық болмысымызға тән ойлау үрдісінің негізгі ерекшеліктерінен хабар беретін *«Ұлы дала табиғаты», «Көшпелілер мәдениеті», «Тіршіліктің төрт тірегі», «Ұлы достық», «Қобыз», «Телқоңыр күйі», «Сүйіспеншілік – шынайы сезім», «Ерлік – елге өнеге», «Қыран жетпеген жерге қиял жетеді»* сынды мәтіндерді кездестіруге болады. Әрбір мәтіндегі сөздік қолданыстар – ғаламның тілдік бейнесін жасауға негіз болатын тілдік бірліктер. Дүниенің тілдік суреті оның ұлтына, жасына, ең басты өмір сүру дағдысы мен қоғамдағы қызметіне қатысты.

Жоғарыда аталған мәтіндерде, санадағы дүниенің мәнін бейнелеп, қазақ хақының мәдени деңгейі мен менталитетін көрсететін, концептілік қолданыстар кеңінен кездеседі. Концептіні санада танылу деңгейіне қарай үш топқа бөліп қарастырылады: метафизикалық, ұлттық-мәдени концепт, эмоционалды концептілер [7].

Қазақ дегенде ойымызға ең алдымен сахара дала, көшпенді өмір, киіз үй, дарқан мінезді халық, данағөй қария, алтыбақан аясындағы жастар, әрине төрт түлік мал елестейді. Мәселен, оқулықтан жинақталған мәтіндердің, төменде көрсетілген үзінділерінде, қазақ ұлтын жан-жақты ашатын концептілік қолданыстарды аңғаруға болады. Бұл ұлттық – мәдени концептіге жатады.

«Ұлан байтақ кең далада мал бағып, ұзақ күндерді табиғат аясында, түндерді жұлдызды аспан астындағы мал күзетінде өткізген қазақ халқы табиғат құбылыстарын бақылаудан туған көпжылдық тәжірибелерін қорытып, аспан әлемі туралы астрономиялық түсініктер мен ілім жинақтаған.

... Қазақтар шетсіз, шексіз кең далада мал бағу, көшіп-қону, жолоушы жүру, түн қату, аң аулау, төрт құбыланы анық айыру, қараңғы түндерде жұлдызды аспанға қарап, бағыт-бағдарды белгілеу, қоныс, өткел, суаттарды дәл табу сияқтыларды ұрпақтарына үйретіп, айтып отырған» [5,6].

«Қазақ қауымы негізгі ғаламшарлардың жағдайын жақсы білген. Олар жайында өлең-жыр, сан алуан аңыздар шығарған. Жетіқарақшы – қазақтардың бәріне таныс шоқжұлдыз. Ол – шөміш пішінді құрастыратын жеті жарық жұлдыз тобы. «Жетіқарақшыны таныған жеті түнде адаспас» дейді қазақтар» [5,19].

«Көшпелілерде мәңгілік өмір – тіршілікті бейнелейтін тұйық ою баянды бақыт, ұзақ өмір белгісі ретінде ер адам киімінің жауырынына, батырдың қалқанына, ердің қасына, тұскиіздің маңдайына салынатын. Бұл оюды қазақ «тасбақа» деп те атайды» [5,36].

«Ағы бардың бағы бар» деп қазақ халқы сүт тағамдарын да ерекше қастерлеп, құт-береке, несібе деп киелі санаған. Абайсызда ақ төгілсе, оған саусағын малып, маңдайына жағып, ырыс-құт кетпеу ырымын жасайды. Қазақ үшін дәмнен, дастарқаннан үлкен нәрсе жоқ. Дастарқан барысындағы сұхбат-әңгіме, ән-жыр – қазақ мәдениетінің мәйегі іспеттес» [5,36].

Сонымен берілген мысалдардан байқағанымыздай, концепт – санадағы дүниенің мәнін бейнелейді, бір ұлттың мәдени деңгейі мен менталитетін көрсетеді.

Келесі метафизикалық концепт – ақиқат немесе бейақиқат дүниедегі абстракцияның, жоғары дәрежедегі құндылықтарын танытатын ментальді мазмұн. Метафизикалық концептілер перцептивтік, сенсорлық қабылдау, яғни сезіну әрекеті арқылы рухани құндылықтарды тану нәтижесінде ғана хабарланады [7].

*«Адам **туады**, адам **өледі**. Мұнда тұрған **қайғы** не? Бұл – жаратылыс заңы. Біздің шығыс елдері: «Адам – дүниеге келген қонақ, біраз қонақтадық, **аттануың** керек», - деседі. Бірақ адам **дүниеге** тек қана келіп, әншейін ғана аттана бермейді: ол артында ой қалдырады, ойдан мұра қалдырады. Ол **өмірге** адам болып келіп, адам күйінде қайтады» [5,152].*

*«... **өлім** әртүрлі болады: біреу суықтан өледі, біреу қыз үшін өледі, енді біреулер аурудан өледі. Мұндай **өлімдерді** көргенде құр ғана ренжисіңде қоясың. Ал естігеніңде үлкен құрметпен, бас иетін **өлім** – майданда ерлерше өлу! Мен жаспын, **өмір** сүргім келеді. Ең қызықты өмір әлі де алдымда екенін жақы білемін» [5,154].*

Соңғы үшінші түрі – эмоционалды концептілер. Кейбір ақиқат дүниелер адам санасындағы эмоционалды, аффективті көңіл-күй арқылы, ішкі сезімі арқылы танылады [7].

«Дәл бүгіннен бастап «Мен бақыттымын!» деген сөзді басшылыққа аламын. Дәл бүгіннен бастап мен өзімді қоршаған ортадан тек қана жақсылық іздеймін, ойым мен ниетімді жақсылыққа бастаймын» [5,61].

*«Досым, **сүйікті досым!** Шын жүректен қадірлеп, **жақсы көрген** адамыңа хат жазсаң, яғни **сағына тіл қатсаң**, осы сөз кеп аузыңа түседі. Бұлсенің **өзегіңді жарып** шығады. Ең жақсы, **ыстық сезімді** бейнелейтін осы бір сөз қандай мағыналы, қандай аыл еді дейсің!» [5,62].*

*«Адам бойындағы ең ізгі, ең шуақты қасиеттерінің бірі – **достық**. Достық арқылы адамның жүрегі тыныштық тауып, өзінің тұлғалық қасиеті қалыптаспақ. Ал қазақ халқы **достыққа берік, жолдастыққа адал** болуы арқылы өзінің **ақ ниеті мен таза көңілін көрсеткен**» [5,63].*

Аталған әрбір концептілерді бірыңғай топтастырғанда, осы концептілердің өзара байланысына тән, ерекше ұлттық дүниеге көзқарасы мен бағасы, бағалау көзі анықталады. Көріп отырғанымыздай, мәтіндердегі «қазақ» ұғымын концептуалдық көрініс арқылы терең ашылған. Сонда жаңартылған білім мазмұнына сай мәтіндерде «қазақ» ұғымының концептілік жүйесі *«ер көңілді», «бауырмал», «кеңпейіл де көңілшек жұрт», «төрт құбыланы айыра білетін» «ауа райын болжай білетін», «ниеті ақ», «көңілі таза халық» сияқты танымдық элементтерден құралады.*

Жалпы мақаламыздың ғылыми нысаны ретінде алып отырған жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған қазақ тілі оқулығы 10 бөлімнен тұрады. Әр сабақ тақырыбына байланысты, барлық бөлімдерде кем дегенде 6-7 мәтін беріледі. Кез келген мәтіннің негізінде оқушы танымын қалыптастыратын ой жатады. Әр мәтінде ұлттық құндылығымызды насихаттайтын, ұлттық мүддеміздің өркендеуіне үлес қосатын үлкен тәрбиелік мән бар. Қазақты ұлт ретінде танытатын да, таныстыратын салт-дәстүр мен болмыстық ерекшеліктерін ескеретін мәтіндер көп кездеседі.

Демек, жаңартылған білім мазмұнына сай жазылған оқулықтарда кездесетін мәтіндерді оқу нәтижесінде бала танымында *«қазақ деген кім?», «қазақ халқы қандай халық?»* деген сұраққа жауап бере алатындай түсінік қалыптасады.

Осыған орай, барлық мәтіндерге ортақ «қазақ» ұғымының концептілік жүйесін қалыптастырып, когнитивті-матрицалық талдау жасауға тырыстық:



Қорыта айтқанда, бүгінгі күні білім беру ісінде басшылыққа алынатын ұсатынымдар өзгерді. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – ұрпақ бойына жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтары дарыту. Оқушының танымдық қабілетін арттыру. Оқулықта берліген мәтіндер кездейсоқ алынған мәтіндер емес, керісінше баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыратын, ұлттық тәрбие негізінде тәрбиелейтін мәтіндер жинағы. Сондықтан бұл мәтіндер – қазақ халқының бүтін болмысы, мәдениеті мен қоршаған табиғатты, әлеуметтік жағдайын, ұлттық психологиясын бала санасында қалыптастыратыны күмәнсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Гумбольдт В.фон. Язык и философия культуры. – Москва:Прогресс, 1985. – С.451.
- 2 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев поэзиясы бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2006.
- 3 Маслова В.А. Лингвокультурология.–М.: Издат.центр «Академия», 2007. – С. 208.
- 4 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил. ғыл.докт. автореф. – Алматы, 2004.
- 5 Қосымова Г., Рахметова Р. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы:Атамұра, 2017. – 192б.
- 6 <http://www.orleu-almobl.kz/> Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
- 7 Ержанова А. С., Сыдыкова А. К., Туребаева А. Е. Концепт ұғымының теориялық негіздері [Мәтін] // Молодой ученый. — 2015. — №7.2. — С. 73-75.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСНАМА, ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

ӘОЖ 371.2/3

АБДРАИМОВА АСЕМ ГАБИТОВНА
СИНБАЕВА ГҮЛЬФАЙРАЗ КИНЖИБУЛАТОВНА
АЙТЖАНОВА ЖАНАТ АЯНОВНА

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Петропавл, Қазақстан

a.gabitovna95@mail.ru, gksinbaeva@mail.ru

ҰЛТТЫҚ МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Аннотация: білім беру саласы қызметкерлердің алдына қойылып отырған міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйесі сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнымен тікелей байланысты. Сондықтан инновациялық әдіс-тәсілдерді оқыту үдерісіне енгізу барысында танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнын, белгілі деңгейде белсенділігін көздейді. Осы екі үдерісінің өзара сапалы нәтижесінде оқушының өз ісіне сенімділігін, жауапкершілік сезімін, шығармашылық қабілеттерін қалыптастырады.

Тірек сөздер: әдіс-тәсілдер, әдістеме, педагогикалық технологиялар, инновациялық технология, білім беру, ұлттық мектеп.

Қазақ тілінен білім беру әдістері сан алуан. Осы әдістерді методикада жіктеп көрсетудің мәні зор. Жіктеп көрсетуде, біріншіден, оқушыға берілетін білімнің сапасы артады, екіншіден, оқушымен жүргізілетін жұмыстың дәлдігі нығаяды, үшіншіден, мұғалімнің атқаратын жұмысы жеңілдейді. Әрине, білім беру әдістерін таңдап қолдану, оны қай уақытта іске асыру және білім әдістерін қай материалға байланысты сұрыптап алу методиканың қиын әрі күрделі мәселелері. Қазақ тілінен білім беру әдістерін топтастыру методиканың соңғы жетістіктеріне негізделеді.

Мұғалім әртүрлі әдістерді шеберлікпен меңгере білсе, күнделікті сабақтың тақырыбына, мазмұнына қарай күніне 6-7 әдісті бір сабақта пайдалануға болады. Мысалы, түсіндіру әдісі, баяндау әдісі, сұрақ-жауап әдісі, көрнекілік әдісі, техникалық әдісі, техникалық жұмыс істеу-компьютерді пайдалану әдісі, жаттығу әдісі, үйге тапсырма беру әдісі, т.б. жұмыстармен аяқталады.

Тағы да бір сабақта: блокпен түсіндіру әдісі, проблемалық сұрақтар қою әдісі, жаттығу әдісі деңгейлеп оқыту әдісі, (даралап, саралап оқыту, тапсырма беру), демонстрациялық әдіс (экранды пайдалану немесе осы жерде интерактивті тақтамен жұмыс істеу) қайталау, пысықтау әдістері-тапсырмалар, тестпен жұмыс істеу әдісі, т.б. әдістерді пайдалану жолдарын көрсеткен сабақ жоспары жасалады [1, 28].

Қазіргі таңда шетелдің оқыту саласына қосып отырған жаңалықтарынан: компьютермен оқыту әдісін, интерактивті тақтамен оқыту әдістерін, ересектерді (өзге ұлт өкілдерін) оқыту әдістерін пайдалануға болады. Олай болса, оқыту әдістемесіне қосылған жаңалықтарды зерделей отырып, оны орынды, тиімді пайдалана білетін психологиядан, педагогикадан, методикадан білімді ұстаздар қазақ тілін оқыту әдістемелеріне үлес қоса береді деген үміттеміз.

Қазақ тілінен саналы әрі тиінақты алған білімдерін іс жүзіне асыруда жүйелі жұмыс тәртібі үлкен рөл атқарады. Сондықтан өнімді әдістерді әдістеме қағидаларына сәйкес

жүргізіп отыру мақсаты көзделеді. Сондықтан өнімді әдістерді методика қағидаларына сәйкес жүргізіп отыру мақсаты көзделеді. Жоғарыда айтылған әдістерді іске асыру арнайы таңдалған материалдар негізінде жүргізілетін жұмыстың психологиясына байланысты. Әдістің қолданылу жүйесі білім алу көздеріне негізделі отырып, әдістемелердің басты процестерін ескереді: 1) әдістің іске асырылу жүйесі объектіні меңгертудің психологиялық басқыштарына қатысты. Мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы бойынша бұрын өтілген материалдар мен жаңадан өтілетін объектілер жөнінде оқушыларда белгілі дәрежеде ұғым, түсінік пайда болады. Бұл кезде өтілген материалдар оқушылар ойында сәулеленеді. Белгілі бір объекті логикалық ойлаудың тәсілдері мен екінші сигнал жүйелері қорытындысы жасалады. «Ойлау – жанның өте бір қиын, терең ісі», - деп М. Жұмабаев айтқандай, баланың логикалық ойлауы арқылы тіл дамыту үшін, мұғалімге оның теориясын терең білу міндеті жүктеледі. Ой қорытындысын жасауға сабап болатын бастапқы басқыш осы сәулеленуден туады.

Белгілі бір грамматикалық тақырыптарды өту үстінде әдістер жиынтығы бірімен-бірі кірігіп, көгенделіп байланысып отырады. Мұндайда әдістің екі түрлі қызметі ескеріледі: а) толық элементті әдіс; ә) аралас элементті әдіс. Толық элементті әдіс тілдік материалдардан білім беруде өзінің ішкі құрылымын істің өн бойында бүтіндей сақтайды. Сөйтіп оқушыларға ториялық білім мен практикалық дағды беруде жетекші қызмет атқарып, белгілі бір әдіс жүйесінде дараланып отырады. Ал аралас элементті әдістер білім беруде жаппай қатысып, әрбір әдіс элементтерінің тиісті орында қызмет атқарғандығы сезіледі. Материалды түсіндіруде өтілгенді еске түсіру үшін, талдау, түсіндіру, хабарлау әдістері, көрнекілік тәсілдері, әңгіме әдістерінің элементтері қолданылады. Түрлі әдістер элементтерінің қосылуы теориялық материалдардың меңгерілуіне жағдай жасайды. Әдісті іске асыруда негізгі мақсаттармен бірге тақырыпқа сай ескерілетін принциптерді ұмытуға болмайды. Мәселен, қазақ тілі тақырыптарын оқыту үстінде: а) әдіс элементтерін ұштастыру; ә) оқушылардың зейінін қазақ тілі тақырыптарына аудару; б) тақырыптың өзіндік белгілерін тірек ету; в) тақырыптың әсерлілігі мен мәнерлілігін күшейту; г) ауызша сөйлеу дағдысын арттыру; д) жазу сауаттылығын арттыру; е) оқушылардың өз бетіне жұмыс істеу белсенділігін саналылығын күшейту т.б. қадағалаған жөн [2, 162].

Оқыту әдістерін таңдау әдетте сабаққа оқу материалының мазмұнын таңдаған кезде жүреді. Ол дидактикалық мақсатқа, оқушылардың білім деңгейіне мұғалімнің өзінің дайындық деңгейіне байланысты.

Әңгіме – оқу материалын ауызша баяндау. Сөз өнерінің айшықты болуы сөздің дұрыстығына, тілдің анықтығына, дәлдігіне, көркемділігіне, тіл тазалығына байланысты екенін дәлелдеп, алмастыру, кейіптеу, бейнелеу, әсерлеу тәсілдерінің мәнін ашады. Міржақып Дулатов оқытудың баяндау, әңгімелеу, түсіндіру әдістеріне ерекше мән беріп тұрмыс-салтқа, әдет-ғұрыпқа байланысты тақырыптарды әсерлі баяндаудың тәсілдерін көрсетіп берді. Сөйтіп, оқытушы көркемдеп оқытудың жаңаша жолдарын ұсынып, мұғалімдерден соны іс-әрекеттерді талап етеді. «Балалар дұрыс оқи алмай, қиналған жерде мұғалім өзі оқып, көрсету лайық», - дейді [2, 162].

Сөздік әдісі мектептің барлық сатыларында қолданып, әңгіменің сипаты, көлемі, ұзақтығына байланысты. Әңгіме арқылы жаңа білімді хабарлау үшін оған кейбір талаптар қойылады.

Баяндау әдісі. Мұғалім оқушыға білім беруші болғандықтан, ол сабақта оқушыға түрлі тақырыптан мәлімет береді. Бұл негізінен мұғалімнің баяндауы арқылы жүзеге асады. Мұғалімнің баяндауы негізінен жаңа тақырыпты өту кезінде көбірек қолданылады. Оқушыға белгілі тақырыпта мәлімет беру үшін, мұғалім баяндау әдісін қолданады. Мұғалім баяндаған жаңа мәліметті оқушы түсіну, ұғу үшін, мұғалімнің баяндауына түрлі талаптар қойылады [2, 162].

Баяндау әдісін жандандыратын, оны қызықты өтетін тәсілдерді іздестіру – мұғалімнің міндеті. Мұғалімдер тәжірибесі оны түрлі жолдары барын көрсетеді. Оның кейбірін келтіруге болады: қызықты мысал келтіріп, оқушы назарын тақырыпқа тарту, оқушыны

ойландыратын сұрақ қойып, жауап ретінде баяндау, көрнекті құралға бсүйену арқылы баяндау, суретті түсіндіру арқылы баяндау, тақырыпты оқушы өмірімен, байланыстыра баяндау т.б.

Мұғалімнің баяндау әдісін таза түрде қолдануы өте сирек кездеседі, оны басқа әдістермен орынды байланыстыра білсе, ол баяндау әдісін әсерлі өтері сөсіз. Әсіресе, баяндау әдісі мен түсіндіру әдісі байланыста қолданылады.

Түсіндіру– жеке ұғым, құбылыстарды, құралдар, көрнекті құралдардың жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін ауызша баяндау. Мысалы, шет тілі сабағында жаңа мәтінді өтер алдында оқушыларға жаңа сөздердің мағынасы түсіндіріледі. Мұғалім оқушыларға таныс емес құралдарды немесе басқа көрнекті құралдарды сабаққа алып келіп, жаңа материалды түсіндірмес бұрын оларды оқушыларға түсіндіреді. Түсіндіру әдісі жаңа тақырыпты түсіндіргенде жиі қолданылады, бірақ бекіту кезінде оқушылар білімді дұрыс меңгермегенде де қолданылады. Химиялық, физикалық, математикалық есептерді шығарғанда теоремаларды оқығанда, табиға және қоғам құбылыстарының түбірлі себептерін және салдарын ашу кезінде түсіндіру әдісі жиі қолданылады.

Түсіндіру – оқыту әдісі ретінде әр жастағы балалар тобымен жұмыста кең қолданылады. Бірақ орта және жоғары сатыларда оқу материалының күрделеніп, оқушылардың ақыл-ой жұмысының мүмкіндіктері өскенде бұл әдіс кіші жастағы оқушылармен жұмысқа қарағанда көбірек қолданылады.

Жалқылау, жалпылау әдістері. Жалқылау, жалпылау әдістері индукция, дедукция деген атпен белгілі. Қазақ тілі әдістемесінде жалпылау, жалқылау әдіс деген терминді тұңғыш рет қолданған, осы мәселені тұғыш рет ғылыми негізде көтерген А. Байтұрсынов болып саналады. Ол жалпылау, жалқылау әдісіне арнап мақала жазған. Ол осы мақалада бұл әдістер туралы былай жазған: «Жалқылау әдісі – жалпылау әдіске қарсы әдіс. Жалпылаудың асылы ұсақтан ірілету болса, жалқылаудың асылы – іріден ұсақтату» [3, 24].

Қазіргі заманда да бұл әдістердің негізгі мағынасы осы. Оқушыға бір мәселені мұғалім түрліше түсіндіреді. Кейде жалпы ережені айтып алып оның ішкі тармақтары түрлерін түсіндіреді. Мысалы, жіктік жалғаудың не екенін айтып оның әр жағының қосымшасын түсіндіруге болады. Мұны басқаша айтқанда жалпыдан жалқыға көшу дейміз, А. Байтұрсыновша ол іріден ұсақтан болып шығады, яғни ол – жалқылау әдісі. Осы жіктік жалғауының әр жағын түсіндіруден бастап, соңында олардың бәрі де жіктік жалғау деп қорытатын болса, ол - жалпылау әдісіне жатады. А. Байтұрсыновша ол ұсақтан ірілету болады.

Әңгімелесу әдісі. Оқушыны жаңа білімді алуға белсене қатыстырып, оны білім алу әдістеріне, мұғалім қойған сұрақтарға өз бетімен жауап беруге үйретеді. Эвристикалық әңгімелесу барысында мұғалім оқушылардың білімі мен тәжірибесіне сүйеніп олардың жаңа білімді түсінуін, қорытында жасауын жеңілдетеді. Бірлескен іс-әрекет арқылы оқушылардың өздері еңбектеніп, ойланып жаңа білім алады. Әңгімелесу – оқытудың диалогтік әдісі, мұғалім оқушыларға мұқият ойластырылған сұрақтарды жүйелі қою арқылы олардың жаңа оқу материалын меңгеруіне жағдай жасап, бұрын оқылған материалдарды қалай меңгергенін тексереді. Әңгімелесу – дидактикалық әдістің ескі түрі, оны Сократ шебер түрде қоданған, сондықтан әңгімелесу әдісін Сократ әдісі деп атайды [4, 129].

Оқу пікірталастары оқытудың сөздік әдістерінің ішінде елеулі орын алады. Оның оқыту процесіндегі ең басты қызметі – танымдық қызығушылықты ынталандыру, оқушыларды қандайда мәселе бойынша түрлі ғылыми көзқарастарды талқылау. Белсенді түрде талдауға қатыстыру, басқа жеке тұлғаның және өзінің көзқарастарының негіздерін түсінуге жағдай жасау.

Кітаппен және оқулықтармен жұмыс – оқытудың маңызды әдісі. Бастауыш сыныптарда кітаппен жұмыс сабақта мұғалім басшылығымен жүзеге асады. Одан әрі оқушылар кітаппен жұмыс істеуге өздері үйренеді, баспа материалдарымен, өз бетімен жұмыстың кейбір тәсілдері бар. Олар:

- конспектілеу – кітаптың мазмұнын қысқа баяндау;

- мәтіннің қарапайым және күрделі жоспарын жасау;
 - тезистеу – кітаптың негізгі ойларын қысқаша баяндау;
 - цитаталау – мәтінді сөзбе сөз көшіру. Міндетті түрде автор, кітап (жұмыс) аты, баспасы, шыққан жылы, беттері көрсетіледі;
 - аннотация – мәнді елеулі мағынасын жоғалтпай мазмұнды қысқа баяндау;
 - рецензиялау – оқу материалы туралы өз ойын қысқа жазу;
 - анықтама жазу – тапқан кітап т.б. мағлұмат көзі туралы мәлімет бер;
- Анықтамалар статистикалық библиографиялық (өмірбаяндық, терминологиялық, географиялық, т.б.) түрде болады;
- формалдық-логикалық модель – мәтіннің сызбасы;
 - тақырыптық тезаурус – бөлім, тақырып, бойынша негізі ұғымдарды ретке келтіреді.
- [5, 39].

Көрнекілік әдісі. Әл-Фараби «Оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік» деп оның мақаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Оқу материалын меңгеру көп жағдайда оқыту процесінде қолданылатын көрнекі құралдарға және техникалық құралдарға байланысты [2, 162].

Қазіргі таңда экрандық және техникалық құралдар кең қолданылады. Көрнекілік әдістерін шартты түрде екі үлкен топқа бөлуге болады: иллюстрация және демонстрация.

Иллюстрация әдісі арқылы оқушыларға иллюстрациялық құралдар – атап айтсақ: плакат, кестелер, картина, карта, тақтадағы суреттер, үлгілер көрсетіледі.

Демонстрацияның (көрсету) оқыту әдісі ретіндегі ерекшеліктері. Демонстрация әдісі арқылы заттар мен құбылыстар тәжірибе жасау арқылы немесе техникалық құралдардан кинофильмдерден, диафильмдерден көрсетіледі.

Оқу процесіне жаңа техникалық құралдарды енгізу (теледидар, видеомагнитофондар, компьютер, интерактивтік тақта) оқытудың көрнекілік әдісінің мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Жаттығу көмегімен ақыл-ой және тәжірибелік іс-әрекетт меңгеріледі. Ол барлық пәндерді оқуда, оқу процесінің түрлі кезеңдерінде қолданылады.

Оқушылардың өз бетімен жұмыс істей білу деңгейіне қарай жаттығулар бірнеше түрге бөлінеді:

- белгілі білімдерді еске түсіріп, оны бекіту мақсатындағы жаттығулар;
- білімді жаңа жағдайда қолданып жаттығу.

Репродуктивтік әдіс. Бұл әдіс арқылы мұғалім оқушының іскерлігін жіне дағдыларын қалыптастырып, тапсыралар беріп, өзі меңгерткен білімді, үйреткен іскерлік дағдыларын оқушыларға қайталатады. Оқушылар мұғалімнің есебіне ұқсас есептер шығарып, тіл сабақтарында үлгі бойынша жіктейді, септейді, жоспар құрып, мұғалімнің нұсқауымен станоктармен жұмыс істеп, химиядан, физикадан тәжірибе жасайды.

Мәселелік әдісті қолданғанда оқушылар орындайтын іс-әрекеттен шығармашылық іс-әрекетке көшеді. Бастауыш мектептің оқушылары мәселелік міндеттерді өз бетімен шеше алмайды. Сондықтан мұғалім оларға мәселені шешу жолдарын көрсетеді, мәселені толықтай өзі шешеді. Оқушылар мәселені шешпеседе, танымдық қиындықтарды шешу жолдарын көреді.

Ішінара ізденіс немесе эвристикалық әдіс. Мәселені өз бетімен шешуге үйрету үшін, оған шағын зерттеу жұмыстарын беру керек. Мұғалім картиналар, құжаттар көрсетіп, оларға сұрақ қоюды ұсынады, фактілерден қорытынды шығартады, ұсыныс айтқызады. Эвристикалық әдіс арқылы сабақ өткізетін мұғалім алдын ала мәселені шешуге алып келетін, оқушылардың білімдерін еске түсіретін сұрақтар әзірлейді [6, 16].

Эвристикалық әңгіме үшін құрастырылған сұрақтар мәселелік сипатта болады. Оқушылар ізденеді, шығармашылықтарын көрсетеді. Оқушылар жеке мәселелік сұрақтарды шешсе, онда ішінара – ізденіс әдісінің қолданылғаны. Мұғалім тапсырма әзірлеп, оның тиімді жақтарын оқушылар зерттеу арқылы орындайтынын белгілейді.

Зерттеу әдісі шығармашылық жұмыс тәжірибесін жақсы үйрену үшін қолданылады. Зерттеу әдісі арқылы оқушы білімін қолданып, ғылыми таным әдістерімен жұмыс істеп үйреніп, жаңа мәселелерді шешу тәжірибесін жинақтайы.

Оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру әдісі

- Дедуктивтік әдіс арқылы мұғалім ережелерді, заңдрды түсіндіріп, оны оқушы меңгереді. Аталған әдіс оқу материалын тез меңгеруге көмектесіп, абстрактылы ойлауды дамытады. Оны теориялық материалдарды оқуға, қолданған дұрыс.

- Дедукция әдісі арқылы оқушы өзі білетін қорытындыларды, ережелерді, ғылыми заңдарды бақылау жүргізгенде, тәжірибе жасағанда, жаттығу жазғанда қоладанады. Жазбаша жаттығу жазғанда белгілі грамматикалық ережелер қолданылады.

- Индуктивтік әдіс. Индукция – латын сөзі. Оқушыларды белгілі бір қорытындыларға әкелу. Алдымен оқушыларға жеке заттар, құбылыстар түсіндіріледі, фактілерден қорытындылар шағартылады. Индукция әдісі дедукциямен бірге қолданылады.

Импресивтік әдістер. Импресия (латын сөзі, әсер, толғанис, сезім) әдісі арқылы балалар мен жастар немесе ересектер және оның авторы туралы ақпарт алып оны талдап, шығарманың негізгі идеясын айтады [6, 16].

Оқушы шығарманың негізгі идеяларын оның кейіпкерлерінің мінез-құлқымен, жүріс-тұрысымен салыстыралы, өзінің сөзі мен ісіне ойланады. Бүгінгі заманғы білім берудің басты мақсаты – мамандарды әлемді шығармашылық тұрғыдан өзгертудің әдістемесімен қаруландыру. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет»,–деп ел Президенті атап көрсеткендей, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді шығарымпаздықпен оқытушының тиімді пайдалана білуі бүгінгі таңда білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы.

Грамматикалық аударма әдісінде грамматика дедуктивті түрде белгілі бір жүйемен, жекелеген мысалдармен, иллюстрациялық ережелер көмегімен жүзеге асуы керек. Негізінен сөз тіркестерін, сөйлемдерді ана тіліне немесе керісінше аудармалар жасалады. Бірақ, грамматика жақтан септігін тигізгенмен, ауызекі сөйлеу дағдысыз мұндай тәсілмен өзге тілді меңгеру ешқашан мүмкін емес. Психолингвистикалық бағытта тілді үйрену үшін мынадай төмендегідей теориялық қағидалар басшылыққа алынады.

1. Ауызекі сөйлеу тілі бірінші болуы қажет, ол оқыту әдістемесінде тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын қалыптастыруға ұтымды.

2. Тіл үйренуші алдымен үйренетін тілін көзбен көргеннен гөрі, құлақпен естігені дұрыс.

3. Сөз презентациясы тек сөйлем ішінде, ал сөйлем тиянақты контекст шеңберінде болуы шарт.

4. Грамматикалық ереже,грамматикалық құбылыс контексте қарастырылғаннан кейін барып, индуктивті түрде түсіндірілуі қажет.

5. Ана тілі тілдегі жаңа сөздер мен түрлі ұғымдарды түсіну үшін қолданылады.

Көпшілік ортада оқыту әдісі тілді үйретуде басшылыққа алынатын әдіс-тәсілдердің ішіндегі ең негізгілерінің бірі болып табылады. Себебі, адамның жеке өмір сүру дағдысы, мәдениеттану білім беру процестері және қоғамдық жағдайы қамтылады. Сондықтан, аталымыш тәсілде қатысымдық құралына қарағанда тіл туралы түсінік кең түрде түсіндіріледі.

Қорыта айтқанда тілді үйретудегі күнделікті туындап, дамып келе жатқан түрлі әдіс-тәсілдер мен оқыту түрлері лингвистикалық тұрғыдан шартты болып табылады. Қоғамдағы тілдің қызметі мен даму деңгейі тармақтары мен күнделілігі қандай болса, оны оқытып үйретудегі әдістер мен табиғаты да сондай болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Нұржан Ж.Ф. Қазақ тілін оқыту технологиясы//Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде №2, 2008. – 38 б.
- 2 Оралбаев Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1996. – 208 б.

- 3 Қадашева Қ.М. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2005. – 176 б.
- 4 Рысбаева Г.Қ., Ерназарова З.Ш., Есеналиева Ж.Ж. Қазақ тілі пәні бойынша электрондық оқулық. – Алматы, 2004. – 260 б.
- 5 Нұрпейісова Г.А. Оқытуды технологияландыру 2004. №10, –44 б.
- 6 Серікқалиева А.Н. Қазақ тілін жобау технологиясы арқылы оқытудың мақсаты. 2006. №2. – 38 б.

ӘОЖ 003.344

АУБАКИРОВА БОТАГОЗ КАРАБАЕВНА
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан
a.b.k_1967mail.ru

ЛАТЫН НЕГІЗДІ ГРАФИКАҒА КӨШУ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТІҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация: мақалада мемлекеттік тілді латын графикасына көшіру мәселесіне және бұл мәселеге оң көзқарасты қалыптастыру, латын графикасына көшу жағдайында жазу сауаттылығын дамыту арқылы тілдік дағдыларды қалыптастыру туралы баяндалады.

Тірек сөздер: қазақ әліпбиі, графика, орфография, орфоэпия, шеттілдік сөздер, емле, ереже.

Алғашқы президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Латын әліпбиіне көшу ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады», – деген болатын. Осы тұрғыда республика көлемінде жаңа графикамен жазылған жазба тіліміздің жүйесін, емле нормаларының ғылыми негізін түсінген, таныған және оны өзгеге түсіндіре алатын білікті мамандарды даярлау жұмыстары қолға алынды [1].

Осы орайда «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінен тапсырмалар жинағы» атты әдістемелік құрал «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы алғашқы Президентінің 2017 жылы 26 қазандағы №569 Жарлығына сәйкес бекітілген жаңа әліпби бойынша әзірленген «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» және Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы «Жаңа емле» оқу-әдістемелік құралының негізінде құрастырылды. Емле ережелері тыңдаушылардың тақырыптар бойынша жүйеленген тапсырмалар арқылы жаңа әліпби мен емлеге қатысты базалық білімдер мен дағдыларын қалыптастырудағы бірегей оқу-әдістемелік құралының [2].

Әдістемелік құралда жаңа қазақ әліпбиінің графикасы мен құрамы, бірге және бөлек, дефиспен, бас әріппен жазылатын сөздердің, тұрақты тіркестердің емлесі, шеттілдік сөздердің орфографиялануы және орфоэпиясы мысалмен келтірілген.

Әдістемелік құралдың әр бөлімінде келтірілген тапсырмаларды студенттердің тілдік дағдыларын қалыптастыруда қолданудамыз. Жаңа жазуды меңгеру барысында әрбір адамның алдында, ең алдымен, барынша жылдам әрі сауатты жазу және қарқынды оқу дағдысын қалыптастыру қажеттілігі туындайтыны белгілі. Сол себепті жаңа емлеге сәйкес түзілген тапсырмалар жүйесі, негізінен, жазылым және оқылым дағдыларын меңгертуге бағытталады.

Жазылым тапсырмалары қолдағды қалыптастыра отырып, емле ережелерін меңгертуге көмектесе, оқылым тапсырмалары көздағды қалыптастыру арқылы оқуға баулиды. Сонымен қатар оқылым тапсырмалары орфоэпия заңдылықтарын меңгерту мақсатын көздейді. Оқу-әдістемелік құралдағы тапсырмаларда таным әрекетінің деңгейіне сай, өз ішінде, емле ережесінің ғылыми негіздерін білу, түсіну жаттығулары (есте сақтаңыз, анықтаңыз, астын сызыңыз, көшіріңіз, мән беріңіз, табыңыз т.б.), қолдану мен талдау деңгейіндегі жаттығулар (жаңа қазақ жазуымен жазыңыз, орнына қойыңыз, бағандарға

бөліңіз, топтастырыңыз, қатесін түзетіңіз, дұрыстығын тексеріңіз, талдау жасаңыз, талқылаңыз, түсіндіріңіз, себебін айтыңыз т.б.) және жинақтау, бағалау деңгейіндегі жаттығулар (жалғастырыңыз, құраңыз, құрастырыңыз, уәжділігін дәлелденіз т.б.) қамтылады[3]. Тапсырмаларды жеке, жұппен және топпен орындауға болады. Сөзімізді дәлелдеу мақсатында тіл дағдысын қалыптастыру үшін берілетін тапсырмалар жүйесі мынадай: Мысалы:

1-tapsyrma. Berilgen sózderdi kóshirip oqyńyz.

Arba, bailyq, dáýlet, gúl, ġasyr, hat, jospar, kúmis, qujat, qadam, maqtanysh, mórtañba, dastarqan, tabıǵat, kelisim, shańyraq, báterek.

2-tapsyrma. Tómenдеgi mátinди kóshirip jazıńyz.

Til – halyqtyń altyn dińgegi. Ár halyq aldymen óziniń tǵan tilin bilýi kerek. Óitkeni halyqtyń danalyǵy, jyrlary, shejiresi sol halyqtyń tilinde jazylady. Til – qai ultta bolsa da qasterli, qudiretti uǵym. Ol áradamnyń boynaanasútimenbirgeenip, qalyptasady. Til – halyqtyń jany, tutastai keskin- kelbeti, bolmysy. Árhalyqtyń, ulttyń qurmettutar ózanatilibar. Meniń anatilim – qasıetti qazaqtılı. Qazaqtılı – túrkitilderiniń ishindegiń taza áribai til. Qazaqtılı – Qazaqstan Respyblikasynyń memlekettik tili. Ana tili – jandúniemizdiń amasy, ósip-ónip túrlene беретin, máńgi qulamaityn báteregi.

3-tapsyrma. Toptyq jumys. Óleń joldaryn oqyp, jańa álipbimen jazıńyz.

Úsh baqytym Muqaqalı Maqataev

1-топ	2-топ	3-топ
Еń birinshi baqytym – Halqym meniń, Soǵanberemoıymnyń altynkenin. Ol bar bolsa, men barmyn, qor bolmaımyn, Qymbattyraqaltynnan narqym meniń.	Al ekinshi baqytym – Tilim meniń, Tas júrektitilimnen tilimdedim. Kei-keide dúnieden túnilsem de, Qasıetti tilimnen túnilmedim.	Baqytym bar úshinshi – Otan degen, Qudaı degen kim dese, Otan der em! Oty sóngen jalǵandajan barsyń ba? Oılanbai-aqkel-daǵy otal menen...

4-tapsyrma. Berilgen sózderdi jazylım zańdylyǵyna saıkestendirip, jazylý prinsipterin anyqtańyz.

Бүлдірүк, бүлүндүр, күйкүлжүған, жауұн, бүлдіргөн, бүрмөлө, бүркөнүп, орүндүк, сүйөк- төр, түйөлөр.

5-tapsyrma. Úlgiboıynsha tómenде berilgen sózderdi taldańyz. Сөзшең, жұмысшы, қобызшы, жаңғалақ, жаңғыру [4].

6-tapsyrma.

Úlgi: «Búgin» sózine orfografialyq taldaý

1. Jazylýy – búgin, aıtylýy – [búgún]

2. Búgin sózi fonematıkalyq prinsipke baǵynady.

3. Kirikken sóz: bul – kún

7-tapsyrma. Tómenдеgi sózderge septik jalǵaıynyń barlyq túrin jalǵap, durys jazylý erejesin túsindirińiz. Kýá, kúná, shúbá, sirá, júdá, ińkár, kúmán, zámzám. tapsyrma. Kóp núkteniń ornyna o, ó áripteleriniń tuistisin qoıyp, oqyńyz. Olardyń sózdegi ornyna nazar aýdaryp, emlesin este saqtańyz.

Danag...ı, aqylg...ı, b...zk...de, d...nes, kastr...ı, kásipq...ı, kásip...daq, k...zbe-k...z, k...net...z, k...k...nis, qamq...r, qamz...ı, qask...ı, selq...s, sels...q, senat...r, shaband...z.

8-tapsyrma. Beıúndes jazylatyn tól sózderdi taıyp, kóshirip jazıńyz jáne oqyńyz.

Biraq, kámshat, kitap, ónerpaz, bapker, qate, qalamger, qazir, aqylgói, qaskói, dárihana, onyki, qaitse, qaitip, aqiret.

9-tapsyrma. Qai nusqa durys? Nege?

жарқ-жұрық

Жарық

жапырақ	Жапрақ
мағна	Мағына
көрк	Көркі
ерк	Ерік
құбылыс	Құблыс
ырас	Рас

10-tapsyrma. Sóz túrlengende qai sózderde y, i áripteri jazylady/jazylmaidy. Sebebin túsendirińiz.

Asan usta ózine kórik satyp aldy. Taý Almatynyn kórki bolyp tur. Keste toqýdy úreny ónai emes. Oqý – inemen qudyq qazǵandaı. Aýyl – qazaq balasynyn ekinshi tynysy. – Balam, ana turǵan qalypty bere salshy, – dedi nan pisirip turǵan anasy [5].

11-tapsyrma. Mátindi oqýnyz, birge jazylǵan sózderdi anyqtańyz.

Aýylsharyashylyqy eki úlken saladan, ianı ósimdiksharyashylyqynan jáne malsharyashylyqynan turady. Qoisharyashylyqynyn dúnejúzindegi asa iri aimaqy – Aýstralianyn shóletti aýdandary. Qussharyashylyqy – aýyl sharyashylyqynyn eń jańa jáne eń qarqyndy damyp kele jatqan salasy. Qazaqstanda ormansharyashylyqy jumystaryn Orman jáne ańshylyq sharya komiteti basqarady. Balyqsharyashylyqy – halyqsharyashylyqynyn balyq aýlaý, tasymaldaý, qorqaý jáne ósirymen, óndeýmen, sú ósimdikterin jınaýmen shuqyldanatyn salasy.

12-tapsyrma. Berilgen mátindi jańa pernetaqtanda terip shyǵyńyzdar.

Еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде ел тәуелсіздігін баянды етуге, қазақ тілінің мәр- тебесін нығайтуға игі ықпал ететін мынадай басым бағыттарда жұмыс жүргізілді: бірінші- ден, қазақ тілінде білім беретін оқу орындарының желісін кеңейту; екіншіден, қазақ тілінен басқа тілдегі мектептер мен сыныптардағы және жоғары оқу орындарының орыс тілінде білім беретін топтарындағы қазақ тілінің оқу сағаттарын арттыру; үшіншіден, кәсіптік орта және жоғары оқу орындарында қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытатын мамандар да- ярлығының көлемін арттыру; төртіншіден, «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетел уни- верситеттеріне оқуға баратын үміткерлер үшін қазақ тілінен емтихан тапсыру талабын ен- гізу; бесіншіден, Ұлттық бірыңғай тестілеу барысында қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектеп түлектерінің қазақ тілінен тест тапсыруы [6].

13-tapsyrma. Sóilemderdegi astronomialyq ataylardyń durys jazylý nusqasyn belgileńiz. Sebebin túsendirińiz.

Jer men Aıdyń/aıdyń ortalyqtary arasyndaqy ortasha qashyqtyq 384 467 km. Búgingi kúni smartfondar Apollony Aıqa/aıqa qonystaqan kompyterlerge qaraqanda áldeqaida kúshti.

Naýryz aıy/Naýryz Aıy – Shyqys kún esebi boıynsha jyldyń alqashqy aıy/Aıy. Grıgorian kún esebinde de, jyldyń algashqy aıy/ Aıy esebinde de, kún men túnniń uzaqtyqy teńesedi. Kún/kún – Jerge eń jaqyn juldyz, bul – ashqy kózge kórinetin jalqyz juldyz. Merkýrıı – Jer/jer planetasyndaqy eń kishi planeta jáne barlyq planetalardan Kúńge/kúńge eń jaqyny.Kún/kún júesiniń barlyq massasynan 750 ese kóp. Sondyqtan kún/Kún júesindegi barlyq nárselerdi Kún/kún analasynda aınalý dep sanaýqa bolady. Kún/kún jerden 330 myń esege asady. Aı Jerden/jerden áldeqaida alystap barady [7].

«INSERT» тәсілі

14-tapsyrma. Sýrettegi tulǵa jaily shaǵyn mátin qurastyryp, jańa álipbimen jazynyz.



15-тапсырма Орынай Жубаеваның «1929 жылы латын әліпбиіне көшкен кездегі емле өзгерістері» мақаласын оқып, түсінгеніңізді кестеге түсіріңіз.

Орынай Жұбаеваның «1929 жылы латын әліпбиіне көшкен кездегі емле өзгерістері» мақаласын оқып, түсінгеніңізді кестеге түсіріңіз.

v	+	-	?

Мәтін беріледі. Тыңдаушылар жеке оқып танысады, кестенің бөліктерін толтырады.

V – билетін ақпарат; билетін ақпарат;

+ – жаңа ақпарат; жаңа ақпарат;

- – келіспейтін ақпарат; келіспейтін ақпарат;

? – сұрақ; сұрақ.

(Жұпта, топта жазған жазбаларын ортаға салады)

1929 жылы латын әліпбиіне көшкен кездегі емле өзгерістері

Қазақстанның кеңестіктегі даму бағытын сөз еткенде, өткен тарихын да әрдайым есте ұстап, тарихтан тақылым алған абзал. Елбасымыз Н.Назарбаев «Болashaqqa бақдар: рýханı жаңқыры» атты мақаласында: «А́жептáйір жаңқырған қоғамның óзінiн тамыры тарихынýн тереñнен бас-таý алатын рýханı коды болady. Жаңа турпatty жаңқырыдыñ еñ басты шарты – сол улттық кодыңды сақтаı билý», – деi келіп, улттық бiрегейлiктi сақтаý, улттық сана-сезимнiн кóкjіегін кеңейтý қажеттігін баса айтқан еді [1]. Осыған байланысты улттық кодтың негизі болатын HH қасырдыñ басындағы қазақ зиялыларының еңбектерін, тилтанымдық мурасын әрдайым назарда ұстауымыз қажет.

Бүгінде латын графикасына көшýге байланысты терминдердi таңбалаý, халықаралық атаýларды дұрыс жазý мәселесi óзектi мәселелердiң бiрi болып отыр. Осыған байланысты өткен қасырдыñ 20-30 жылдарындағы қазақ зиялыларының еңбектерінiн маңызы артып отыр.

1922 жылы Қазақстанда жат сөздердi, пán атаýларын қазақшаландыратын комиссия құрылды да, оны А.Байтұрсынұлы басқарды. Комиссия жат (өзге тилдик) сөздердi қабылдайда мына принциптердi басшылыққа алған:

a) жат атаýлардыñ мақнасын түсіндіргендеi қазақ сөзін алý;

á) оған қолдайлы қазақ сөзi болмаса, түркі сөзін алý;

b) түркі сөзi де тыра келмесе, қазақ тилінiң заңына үлестіріп, еýропа сөзін алý.

қасыр басында қазақ билимпаздары айдарма ісіне белсене араласқаны белгилі. Мұрағат деректеріне зер салсақ, А.Бóкейханұлы – география, Е.Омаров – алгебра, М.Жумабáев – педагогика, Ж.Аймаұытов – дидактика, Ф.қалымжанов – физика, В.Сáрсенов – геометрия, I.Турқанбаев – арифметика, Қ.Кемеңгерұлы – жаратылыстанý пánдері бойынша оқылықтарды қазақ тиліне аýдарғаннан [3]хабардар боламыз.

Осы кезде емле, термин мәселелері қызý талас тыдырып, басылым беттерінде көптеген мақалалар жарық көрді. Олардыñ қатарына А.Байтұрсынұлы “Емле тыралы”, Т.Шонанов “Шет сөздерінiң имласı жаында”, А.Мамытұлы “Емле, пán атаýлары тыралы”, Е.Омаров “Емле мәселесi”, Ж.Аймаұытұлы “Емле, áріп жаында” т.с.с. мақалаларды жатқызыға болady.

Бұл мәселе 1924 жылы Орынборда өткен қазақ билимпаздарының туңқыш сезінде де сөз болady. Онда Елде Омаров бағандамы жасап, шеттен еніп жатқан терминдер (жат сөз) қазақтыñ óз сөзіндеi тилімізге сiніп кетýi ұшын қазақ тилінiң óзіндік заңдылықтарына сáкестендірілýi керектігін ескертіп, 9 заңдылықты көрсетеді.

Орынай Жубаева

А.Байтұрсынұлы атындағы Тил билими институты Грамматика бóлімінің меңгерýшисі, филология қылымның докторы [8].

Студент тилдік дағдыларын қалыптастыруда жаңа қазақ әліпбидің графикасы негизінде айтылым нормалары мен жазудың арақатынасы туралы жаңа билим алады, қазақ тилі емле ережелерінің лингвистикалық негиздері туралы билимдерін арттырады, қазақ тилі емлесіндегі дәстүрлі жазу мен жаңалықтардың, емледегі босаң нормалардың әрқайсысының ғылыми

негіздерін айқындап, жаттығу, сұрақ-жауап тапсырмалары түрінде меңгереді, жаңа емле ережесіндегі негізгі нормалармен танысады, емлесі қиын сөздердің емле уәжін меңгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері // «Егемен Қазақстан» газеті. – 18.01.2019.
- 2 Жаңа емле» оқу-әдістемелік құралы – Нұр-Сұлтан, 2019. – 117 б.
- 3 Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы. Ұжымдық монография. Жалпы ред. басқарған А.Фазылжанова. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 560 б.
- 4 Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.
- 5 Күдерінова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. – Алматы: 2005. – 144 бет.
- 6 Әміржанова Н. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы (1929-40 жж.): филол.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 2010. – 142б.
- 7 Байтұрсынұлы А. Емле туралы // «Еңбекші қазақ» газеті. – 27.03.1929.
8. Досанова А.Ж. Латын әліпбиі негізінде сауат ашу әдістемесі: пед.ғ.к. ... дисс.– Алматы: Абай ат-ғы ҚазҰПУ, 2009. – 166 б.

ӘОЖ:376.6:372.882:943.42

БАКТИЯРОВА ГУЛЬНАР БАУРЖАНОВНА

ТАБЫС АЙМЕРЕЙ

ЖОЛАМАНОВА ТОЙЫНДЫҚ МОЛДАҒАЛИҚЫЗЫ

Ж.Мусин атындағы жоғары қазақ педагогикалық колледжі

Көкшетау, Қазақстан

gulnar.ba01@mail.ru

**ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН
ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аннотация: мақалада шағын жинақталған мектептердегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері мен қиыншылықтар, шағын жинақталған мектеп түрлері, шағын жинақталған мектептердің тиімді жақтары сөз болды.

Шағын жинақталған мектептердің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, кездесетін қиыншылықтарды шешудің жолдары қарастырылды. Интербелсенді әдістер арқылы жүргізілген тапсырмалар жүйесі ұсынылып, көркем шығарма талданды.

Шағын жинақталған мектептерде «Тәй-тәй» (Step by step) технологиясы мен «Озақыту» технологияларын қолданудың тиімді жолдары көрсетілді.

Тірек сөздер: оқу-тәрбие процесі, шағын жинақты мектеп, «Тәй-тәй» (Step by step) технологиясы, «Озақыту» технологиясы, біріктіріп оқыту, технология алгоритмі.

Қарыштап дамып келе жатқан республикамыздың түпкір-түпкірінде орналасқан шағын елді-мекендердегі мектептердің басым көпшілігі – шағын жинақты мектептер. Мұндай мектептер саны тәуелсіздік алған жылдардан кейін жыл сайын өсіп келе жатқаны белгілі. Ауыл халқының тіршілік қамымен қалаға қоныс аударуы көбейген сайын, елді-мекендерде тұрғындар саны мен оқушы саны азайып, шағын жинақталған мектептер саны артуда.

Шағын жинақты мектеп дегеніміз – тұрғындардың саны аз аймақтарда жұмыс істейтін, толық емес сыныптардан тұратын, кіріктірілген сабақтар жүргізетін, оқу-тәрбие процесін жоспарлау мен ұйымдастыруда өзіндік ерекшеліктері бар жалпы білім беру мекемесі. Қазіргі таңда шағын жинақты мектептер біріктірілген сыныптармен және толық емес сыныптармен жұмыс жасайды.

«Шағын жинақталған мектеп» деп аталғанымен, шағын жинақталған мектептегі білім мен тәрбие процесіне қойылатын талаптар барлық білім беру мекемелеріне қойылатын талаптармен бірдей. Сондықтан да шағын жинақты мектеп жұмысын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлу керек.

Шағын жинақты мектеп мәселелерін зерттеуші-ғалымдар Ж.Қ.Астамбаева мен Г.И.Уәйісова өздерінің «Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы» атты еңбегінде: «Шағын жинақты мектептің тарихы ерте кезден, сонау Л.Толстой, К.Д.Ушинский өмір сүрген кезеңнен бастау алады. Қазақстан топырағында ондай мектептің пайда болуы Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметімен тікелей байланысты XVIII ғасырдың 60-жылдарында дүниеге келді. Содан бері бұл үлгідегі мектептің мәселесі күн тәртібінен түспей келеді», –деп атап көрсетеді [1, 3].

Шағын жинақты мектептің үш түрі болады, олар:

- 1) бастауыш шағын жинақты мектеп;
- 2) негізгі шағын жинақты мектеп;
- 3) орта шағын жинақты мектеп.

Білім беру мекемесінің бұлай ерекшеленуінің басты критерийі – ондағы оқушы санының аздығы, ал қалған ерекшеліктер осы критерий негізінде туындайды. Шағын жинақты мектептің жоғарыда келтірілген түрлерге жіктелуі нормативтік құжаттарға сай жүзеге асырылады: «Тұрғындарының саны аз, әрі әрбір елді мекенде: бастауыш шағын жинақты мектеп – білім алушылардың саны 5-тен 40 адамға дейін; негізгі шағын жинақты мектеп – білім алушылардың саны 41-ден 80 адамға дейін; орта шағын жинақты мектеп – білім алушылардың саны 81-ден 180 адамға дейін болған жағдайда жұмыс істейді» [2].

Елді-мекендердегі орта мектептер мен негізгі мектептердің шағын жинақты мектептерге айналуының бірнеше себептері бар. Біріншіден, 1-сыныпқа оқушылардың қабылдануы жыл сайын азаюда, мұның себебі, жастардың басым көпшілігі қалалық жерлерде шоғырланған. Екіншіден, оқушылардың көпшілігі 9-сыныпты бітіріп, колледждерден кәсіби білім алуға талпынуы, үшіншіден, ауыл тұрғындарының қала, аудан орталықтарына қоныс аударуы жиі орын алатындығымен түсіндіріледі.

Оқушы санының аздығына байланысты шағын жинақты мектептерде сыныптардың біріктірілуіне жол беріледі. II-III сыныптар, III-VI сыныптар, V-VI сыныптар, VI-VII сыныптар, т.б. біріктіріліп оқытылады.

«Шағын жинақты мектеп қызметінің тәртібіне» сәйкес, I сынып оқушылары жеке оқытылады. Себебі, мектепке енді қадам басқан оқушылардың оқу әрекетіне бейімделуі, талаптануы, зейінінің тұрақтануы мен ынтасының артуы үшін оларды сынып-кешеніне қоспай, жеке оқыту керек.

IX, XI сыныптар бітіруші сыныптар болғандықтан, олардағы бала саны аз болған жағдайда да өзге сыныптармен қосып оқытылмайды [3].

Шағын жинақталған мектептердегі педагогтің еңбегі шығармашылықты, мейірімділікті және адалдықты, кәсібилік пен кешендікті талап етеді. Шағын жинақталған мектептерде мұғалім қызметін атқару орта мектептерде қызмет атқаруға қарағанда қиын және күрделі. Себебі, мұғалімге әр түрлі жастағы, әр түрлі сыныптардың оқу бағдарламалары бойынша дайындалған балалармен сабақ жүргізуге тура келеді. Бұл мұғалімінен мұқият дайындықты, оқу жұмысын дұрыс ұйымдастыруды, сабақ кестелерін рационалды құруды, сонымен қатар педагогикалық әдептің ебін тауып көрсетуді талап етеді.

Сыныптарды біріктіру тәжірибесі екі нұсқада қарастырылады: аралас және әр жастағыларды біріктіру. Әртүрлі жастағы оқушылары бар сыныптарды ұйымдастыру педагогикалық тұрғыдан неғұрлым тиімді, өйткені ол балалардың ауыспалы жұптарда жұмыс істеуіне, жоғарғы сынып оқушыларының өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруына, сөйтіп, көбірек көңіл бөлуді керек ететін төменгі сынып оқушыларына сабақ түсіндіру үшін уақыт бөліп алуға мүмкіндік береді.

Шағын жинақталған мектептердегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері мен қиыншылықтары:

– сабаққа дайындалуда ұстаз шектен тыс жүктеме орындайды, нақты айтқанда, бір сыныппен жұмыс істегенде сабақтың SMART мақсаты, логикалық құрылымы шәкірт пен ұстазға бірдей, ал бірнеше сыныппен жұмыс атқаруда бір сабақ әрқайсысы бір сабақ ретінде бірнеше ықшам сабақтардан тұрады да, мұғалім бір күнде 8-16 сабаққа, оның әр бөлігін

санағанда, 32-40 ықшам сабақ, олардың логикалық байланысы әр кезеңнің мақсаты мен міндетіне қарай уақытында тиянақты дайындалуы қажет;

– педагогтің зейіні екі немесе одан да көп сынып оқушыларына бөлініп отырады, себебі бір сабақтың үстінде педагог әр түрлі жастағы, ой-өрісі мен білім деңгейі әр түрлі оқушылармен жұмыс жүргізеді, сондықтан ол балалардың психологиясын жақсы білуі тиіс;

– ұстаздар ұжымының аздығына қарай, әрбір педагогтің шығармашылық белсенділігінің артуына, өздігінен ізденуіне, шығармашылықпен айналысуына уақыт болмайды, әрі шағын жинақты мектептер орта мектептерден алшақ орналасқандықтан, ұстаздардың басқа педагогтердің сабақтарына қатысып, әдіс алмасу, тәжірибе алмасу, үлгі алу мүмкіндіктері аз болады. Сондықтан шағын жинақталған мектептерде дәріс беремін ұстаздардың шындалудан гөрі жауапкершіліктері төмендеу қаупі туады;

– мұғалім әрбір сыныппен сабақтың белгілі бір бөлігінде ғана жұмыс жасауға мүмкіндігі бар, ал қалған уақытта тек оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастыруға, оны басқаруға ғана жұмсалады, сол үшін мұғалім сабақ барысында ұйымдастырылатын өздік жұмыстардың мазмұнын, көлемін, оларды орындау әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, оқушылардың білім деңгейіне, жас ерекшеліктеріне, орындау жылдамдықтарына қарай лайықтап, орындау уақытын белгілеп, оны тиянақты пайдалануды ойластыруы қажет. Өз бетімен жұмысты орындау әрбір оқушыға түсінікті болуы керек және де көрнекі құралдар, үлестірмелі карточкалар, перфокарталар, дидактикалық материалдар саны барлық балаларға жететіндей болуын қадағалауы қажет;

– біріктірілген сыныптарда ұстаз бір сыныпқа сабақтың жарты уақытын ғана жұмсайтындықтан, көбінесе, әдебиет пәнінде пәннің өзіндік ерекшелігіне қарай (VI-VIII және VII-IX сыныптар) қиынға соғады. Өйткені берілген тақырыптар ауқымды әрі көркем шығармалар жан-жақты талдауды қажет ететіндіктен уақыт жетіңкіремейді;

– елді-мекендерде интернет жүйесі талапқа сай істемейтіндіктен, кітапханадағы жаңа кітап қорларының аздығынан, оқушылардың өздігінен ізденуінің төмендігінен, өзіндік жұмысты орындау барысында оқушыларда қиындықтар көп туындайды;

– шағын жинақталған мектепке тән қиындықтар әр жастағы оқушылар ұжымын бір сыныпта оқытуда ұйымдастыру, бір пәндік немесе әртүрлі пәндік сабақтарды өткізу, кадрлардың жетіспеушілігі, материалдық-техникалық базаның қамтамасыз етілмеуі де жағдайды шиеленістіре түседі;

– біріктірілген сыныптарда әр түрлі жастағы балалар болмағандықтан, жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыс ұйымдастыруға мүмкіндік туа бермейді;

– оқушылардың өздік жұмысы басқа сынып оқушыларының шуылы, кедергі жасауы барысында жүргізіледі, мұның өзі оқушының тапсырманы түсіне отырып орындауына кері әсер етеді;

– оқушылар, әсіресе, бастауыш сынып оқушылары, көпке дейін өз ойын ашық, жүйелі айтуға, қандай да бір мәселені шешуде, ауызша талдауда, өзгенің талдауын, талқылауын, ойын тыңдаудан кенде, кейін қалады;

– бір мезгілде бірнеше сынып жұмыс істейтін шағын жинақты мектепке арналған оқыту әдістемесінің жоқтығы;

– шағын жинақты мектепте сабақ өздік жұмыс арқылы ұйымдастырылады, ал өздігінен жұмыс істеу әдісі бүгінгі күнге дейін кең қолданыс таппаған;

– шағын жинақты мектеп мұғаліміне арнап жазылып, баспадан шыққан әдістемелік және көрнекілік құралдары өте аз, нақты айтқанда, шағын жинақты мектептердің әлі күнге дейін қажетті оқу-әдістемелік құралдармен толық қамтамасыз етілмегендігі де қиындық келтіреді;

– шағын жинақталған мектептерде қызмет ететін ұстаздардың шағын жинақталған мектеп әдістемесін толық меңгермегендігі және арнайы дайындықтан өтпегендігі де жағдайды ушықтыра, шиелендіре түседі;

– маман иесіне алған мамандығы бойынша толық жүктемемен еңбек етуге мүмкіндіктің жоқтығы, бір пәннен ғана емес, бірнеше пәннен сабақ беруге тура келетіндігі де біршама қиындық тудырады [4].

Шағын жинақты мектептің бірнеше өзіне тән тиімді жақтары да бар:

– балалардың саны аз болғандықтан, мұғалім әр оқушыны, оның пәнге деген қызығушылығын арттыруға, білімін тереңдетуге, отбасын тез, жақсы тануға мүмкіндік мол;

– сыныпта оқушылардың аздығы, олардың әрқайсысының оқу материалын, білім сапасын, дағды біліктерін және танымдық белсенділіктерінің деңгейлерін үнемі бақылап отыруға уақыт жеткілікті, сол себептен әр оқушының қызығушылығын арттыруға мұғалімнің мүмкіндігі көп;

– дәптер тексеруге, жеке-дара өздік жұмысқа арналған жаттығулар іріктеуге аз уақыт жұмсалады;

– оқушылардың тәртіп бұзушылығы аз болады;

– оқушылар I сыныптан бастап, өз бетімен жұмыс жасауға бейімделеді;

– бір оқу бөлмесінде күнделікті бірге болғандықтан, жоғары сынып оқушылары кіші сынып оқушыларына көмек береді;

– әрбір баланың білім деңгейлерін анықтап, олардың білім, білік, дағдыларының деңгейлерін көтеруге мүмкіндік мол;

– шағын жинақталған мектеп ұстаздарыпәнішілік, пәнаралық байланысты жүзеге асыруға, кеңінен қолдануға мүмкіндік мол;

– оқушылар әртүрлі сыныпта оқығанымен, олардың назарын бір пәннің мазмұнындағы ұқсас тақырыптарға аударуға мүмкіндік жасалады;

– оқушылардың бірін-бірі тексеруін, өзін-өзі тексеруін және бағалауын жүзеге асырылады;

– жоғары сынып оқушылары төменгі сынып оқушыларының жұмыстарын тексеріп, бағалау арқылы өз білімін іс жүзінде қолдануына мүмкіндік туады [5].

Міне, осындай мүмкіндіктерді ескерсек, шағын комплектілі мектептің жұмысын жетілдіру, ондағы оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру – маңызды әлеуметтік-экономикалық және педагогикалық проблема. Шағын жинақталған мектептердің әлі де шешілмей жатқан проблемалары жеткілікті.

Екі немесе үш сыныпты біріктіру қажет болған жағдайда, сабақтың белгілі бір бөлігін әрбір сыныппен жеке өткізу үшін жағдай жасау мақсатында сабақтың жылжымалы кестесін қолданған дұрыс.

Бір тақырыптық жүйемен жүргізілетін сабақтың түрлері әр сыныптағы балалардың зейінін, ойлау қабілетін бір мақсатқа жұмылдыра отырып, оларды тапсырманы алаңдамай, ойланып орындауға бейімдейді. Сонымен қатар, мұғалім екі немесе үш, төрт сыныппен қатар жұмыс жүргізгенде бәріне бірдей көңіл бөлуге міндетті болады.

Шағын жинақталған мектептерде қазақ тілін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдердің бірі – бірлесіп жұмыс жасау. Бірлесіп жұмыс жасау – ішкі және сыртқы қарым-қатынас түрлерін білдіреді, яғни адамның өзіндік дамуы мен өзіндік қалыптасу белсенділігін арттыратын тәсілдердің бірі. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында бірлесіп жұмыс жасауда түрлі интерактивті әдістерді қолданған тиімді. Мәселен, көркем шығармалардың мазмұнын бір-біріне баяндап түсіндіруде «Елші», «Өкіл», «Ширлинг», «Араның ұясы», «Өрмекші торы», «Баяндама» әдістері тиімді. Қазақ тілі пәнінде жаңа ақпарат алуда «Броундық қозғалыс», Көркем шығарма соңында жүргізілетін қорытынды сабақтарда «Данышпан үкілер», «DEAL», т.б. әдістері өте қолайлы әрі біріктірген сыныптармен жұмыс жасауда өте қолайлы.

VII сыныпта Жиёмбет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім» шығармасын, VIII сыныпта Шалкиіз жырау «Би Темірге айтқан бірінші толғау» шығармасын «DEAL» әдісі арқылы талдау

VII сынып сынып оқушыларының талдауы

D – Describe – баяндау, суреттеу	E – Explain – түсіндіру	A – Analyse – талдау	L – Links – байланыс
--	-----------------------------------	--------------------------------	--------------------------------

Есім ханға айтқан Жиёмбеттің ақылын баяндайды	Жиёмбеттің ақылының мәнін суреттейді	Жиёмбеттің Есім ханға ақыл айту себебін түсіндіреді	Жиёмбеттің айтқан ақылынан түйіп жасап, қорытындылайды
---	--------------------------------------	---	--

VIII сынып оқушыларының талдауы

D – Describe – баяндау, суреттеу	E – Explain – түсіндіру	A – Analyse – талдау	L – Links – байланыс
Шалкиіздің Темір биге айтқан өсиетін баяндайды	Шалкиіздің Темір биге айтқан өсиетінің мәнін суреттейді	Шалкиіздің Темір биге өсиет айту себебін түсіндіреді	Шалкиіздің айтқан өсиетінен түйіп жасап, қорытындылайды

Екі сыныптың оқушылары бір-бірінің жауабын тыңдап, жетістігін айтып, кемшіл тұстарын толықтырады.

Шағын жинақталған мектептерде қазақ тілінен дәріс беруде С.Н.Лысенкованың «Оза оқыту» технологиясы өте тиімді. Жоғары сыныптың оқушылары өздерінен кіші оқушыларға сызба арқылы жаңа тақырыпты түсіндіреді. Кейде өздері сабақ үстінде тірек сызбалар (үлкен тіректер, кіші тіректер) жасап, жаңа тақырыпты түсіндіреді.

Бұл педагогикалық технологияның тиімділігі – өздігінен ізденуге, өздігінен оқуға үйренеді, көшбасшылық қабілеті артады.

Шағын жинақталған мектептерде кадрдың жетіспеушілігіне байланысты гуанитарлық пәндерден бір ғана мұғалім береді. Осындай жағдайда «Тәй-тәй» (Step by step) технологиясы өте қолайлы. Технология алгоритмі бойынша үш орталық жұмыс жасайды. «Жазу» орталығында Қазақ тілі пәні, «Оқу» орталығында Әдебиет пәні, «Зерттеу» орталығында Тарих не География пәні оқытылып, талдау жүргізіледі.

Қорыта келгенде, шебер, ізденімпаз, шығармашыл ұстаз жоғарыда айтылған қиыншылықтарды жеңіп, шағын жинақталған мектептердегі шешімін табуға тиісті мәселелерді (пробемаларды) шешіп, жетістікке жетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Астамбаева Ж.Қ., Уәйісова Г.И. Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы. – Алматы, 2010.
- 2 Қазақстан Республикасында Шағын жинақты мектептерді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасы (жобасы).
- 3 Шағын жинақты және тірек мектептері (ресурстық орталық) қызметінің тәртібі. ҚР БҒМ заңымен бекітілген (18 қыркүйек, 2013 жыл).
- 4 Баймолдаев Т.М. Шағын жинақталған мектептерде пәндерді оқытуда жаңа педагогикалық әдістерді пайдалану жолдары //Әдістемелік нұсқау. – Алматы, 2002.
- 5 Базарбаева Н.Ә. Шағын комплектілі мектептердегі оқу-тәрбие үрдісіндегі ерекшеліктер.– Алматы, 2002.

ӨОЖ 371.261

ЕГІНБАЙ АЙСҰЛУ СӘКЕНҚЫЗЫ
КУРМАНОВА АЙНАШ КУРМАНОВНА
 Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
 Көкшетау, Қазақстан
Eginbaeva.aysulu@mail.ru

ТҮЛҒАНЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН
КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа: Мақалада тұлғаның білім деңгейін критериалды бағалаудың жолдары туралы мәселе қарастырылған. Оқу үдерісінде қолданылатын критериалды бағалаудың түрлеріне тоқталған Атап айтсақ, «Семантикалық карта», «Үздік ойлар», «Интервью», «Қай топ жылдам», «Детальдарын қосу», «Бір айналым сөйлесім» және

тағы басқалар. Аталған тәсілдерге негізделген тапсырмаларды орындау арқылы бағалаудың тиімділігін, нәтижесін көрсеткен.

Кілт сөздер: критериалды бағалау, тұлға, әдіс, тәсіл, функционалды сауаттылық.

«Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» – деп ұлы данамыз Шоқан Уалиханов бекер айтпаған. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Осы жолда білім нәрімен сусындатып жүрген ұстаздардың еңбегі зор. «Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз», – деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі ұстаздар қауымына үлкен міндет жүктеді. Ол еліміздің білім жүйесінің тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті.

Бағалаудың әр түрлі тәсілдерін, әдістері мен техникасын оқушылардың өтілген тақырыпты түсіну дағдыларын қалыптастыру дәрежесін анықтау мақсатында мәліметтер жинау үшін ұтымды қолдану мұғалімге оқытуды жүйелеуге мүмкіндік береді, яғни әр оқушының талабы мен мүмкіндігі ескеріледі, ал оқушы білім алуына және алдағы өміріне қажетті өзінің білімін, жоғары күзiреттілігін қалыптастыруын бақылайды. Ол критериалды бағалау негізінде жүзеге асады.

Критериалды бағалау – бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс. Критериалды бағалаудың негізгі мақсаты – функционалды сауаттылықты арттыру.

Осыған орай, қазіргі әлемде жәй ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз дей келе, Елбасымыз «функционалды сауаттылықты арттыруды» негізгі тапсырма етіп жүктейді. Аталған тапсырманы орындау үшін оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыруға бағытталған бес жылға арналған Ұлттық әрекет жоспары құрылды. Оның мақсаты – оқушылардың салалық сауаттылығын дамыту арқылы, тиімді қызмет түрлеріне бейімдеу [2].

Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі процесінде маңызды рөл атқарады. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалды дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Біз, оқыту үдерісі – мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекеті екенін жақсы білеміз. Осы бірлескен іс-әрекетті жүзеге асыруда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдандық. Атап айтсақ, «Семантикалық карта», «Үздік ойлар», «Интервью», «Қай топ жылдам», «Детальдарын қосу», «Бір айналым сөйлесім» және тағы басқалар. Ендігі кезекте аталған әдістерге тоқталып, оның тиімділігімен қол жеткен нәтижені танытуды мақсат еттік. Мысалы,

Тапсырма. «Семантикалық карта» әдісі арқылы орындатуға болады.

Әдістің мақсаты: оқушылардың алған білімдерін бекіту.

Әдістің тиімділігі: оқушылар кейіпкерлер іс-әрекетін талдап үйренеді.

Әдістің нәтижесі: қарапайым тапсырма күрделендіріліп, оқушылардың белсенділіктері арттырылады.

«Жау тылындағы бала» повесі. Берілген үзіндіден шылауларды тап, түрлерін көрсет.

Осы заман. Көктемнің кезі. Вокзал басы екенін аңғарамыз. Поездың келуін күтін үш адам тұр. Олар: отставкадағы генерал — Жомарт Мergenбаев, оның ұлы подполковник — Серік Мergenбаев және Жомарттың немересі, он бес жасар қыз — Анна Мergenбаева. Қолында тамырын ораған шие ағашы.

Анна-қыз (Жомартқа). Ата, Анна апай сұлу әйел ме?

Жомарт. Қазір қайдам, қартайды ғой. Қыз кезінде Шотландияның қуыршағы секілді еді...

Серік (күліп). Әй, папам-ай, сізде өтірік айтады екенсіз-ау. Шотландияның қуыршағын қайдан көріп едіңіз...

Анна - қыз. Не нәрсеге де күмән келтіру папаның әдеті. Мамам алдына ас қойса: «Әй, осы шикі емес пе?» — деп шұқылап отырғаны. (Жомарттың мойнынан құшақтап.) Атамның көрмегені бар ма...

Жомарт (маңдайынан сүйін). Иә, айналайын, менің көрмегенім жоқ. Ал, Швейцарияны Шотландиямен ауыстырып, қателескенім рас. Берлиннің дүкендерінен ақ сары әдемі қуыршақтарды көп көріп едім. Тіпті танкінің шынжыр табаны мыжып кете жаздаған қуыршақты құтқарам деп, оққа ұша жаздағанмын. Иә, одан бері де 38 жыл өткен екен-ау... Зымыран уақыт-ай...

Анна - қыз (Серікке). Папа, Берлинді сен де көрдің бе? Қандай екен?

Серік. Батысын білмеймін, Шығыс Берлин өте әдемі қала.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Берілген мәтіннен шылауларды тауып, түрін ажыратады	1	Шылауларды табады;	1
		Түрін ажыратады;	1
Жалпы балл			2

Тапсырманы орындауда қолданған қалыптастырушы бағалаудың тәсілдеріне келетін болсақ, біз бұл тапсырманы бағалауда «Жұдырық-алақан» тәсілін пайдаландық.

Бағалаудың мақсаты: Оқушының жеке қажеттілігін қанағаттандырады.

Бағалаудың тиімділігі: Оқушы өзін-өзі бағалағанда тиімді. Сабақты қаншалықты дәрежеде меңгергенін біледі.

Бағалаудың шарты: -Мақсатқа толықтай жеттім десе, ашық алақан,-

-Жартылай әлі де толықтай жұмыс істеу керек десе, үш саусағын көтереді,

-Елеусіз ғана табысқа жеттім деп есептесе,жұдырығын көрсетеді.

Бағалаудың нәтижесі: Бұл бағалауды қолдану арқылы оқыған шығарманы оқушының қаншалықты ұққанын анықтауда тиімділігі зор.

Тапсырма. «Қай топ жылдам» әдісі арқылы берілген тапсырмаларды жылдам орындайды.

Әдістің мақсаты: балалардың алған білімдерін бекіту.

Әдістің тиімділігі: оқушылардың өзара ой бөлісуіне жағдай жасалады.

Әдістің нәтижесі: қарапайым тапсырма күрделендіріліп, оқушылардың белсенділіктері арттырылады.



1-топ ас туралы мақал- мәтел жаттау.



2- топ құрастырма құрайды және қазақтың қандай ұлттық тағамдар бар екенін айтады.



3-топ ребусты шешеді.



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді		Берілген тапсырмаларды жылдам орындайды;	1

	1	Тапсырмалар орындалған;	дұрыс	1
Жалпы балл				2

Қалыптастырушы бағалау. «Телефон маркалары».

Бағалаудың мақсаты: Оқушылар қазіргі таңда ең үздік марка «IPHONE» екенін біледі. Сол маркаға қол жеткізуге талпынысы артады. Топтық жұмысты бағалау үшін тиімді тәсіл.

Бағалаудың тиімділігі: Топ мүшелері біріге жұмыс жасауға бейімделеді.

Бағалаудың шарты:



Ең үздік топқа– IPHONE маркалы стикер беріледі.

Орташа топқа– Samsungмаркалы стикер беріледі.

Төмен топқа– Nokiamаркалы стикер беріледі.

Бағалаудың нәтижесі: Бұл бағалауда топ мүшелері жылдам әрі дұрыс жауап береді.

Қалыптастырушы бағалаудың тәсілдері көп. Бірақ барлығын тиімді деп айта алмаймыз. Жұмысымыздың басты мақсаты қалыптастырушы бағалаудың тиімді жолын табу. Оқушылар күнделікті бағаланбайды, осыған орай көпшілікте білім сапасы төмендейді деген ой қалыптасып жатыр. Оқушылардың көбі баға үшін оқиды деген тұжырым өкінішке орай рас.

Біздің ойымызша, критериалды бағалау арқылы біз баға үшін оқу деген тұжырымды жоя аламыз. Оқушылар күнделікті бағаланбайтының білсе де, мұғалім алдында жауап беруге дайындалады. Сабақ барысында өздігінен жұмыс жасауға, топпен жұмыс істеуге дағдыланады. Сыныптастарының пікірін тыңдап, өз көзқарастарын білдіре алады. Қалыптастырушы бағалауды қолдану арқылы мұғалім мен білім алушы арасындағы кері байланыс жүзеге асады. Осының нәтижесінде білім алушы өзін бақылап, өзінің әрекет-тәсілдерін таңдайды, нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Осылайша бала мақсат қоя білу, күтілетін нәтижені жоспарлау, оны бағалау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің түйінді құзіреттіліктерін қалыптастырады. Кері байланыстың қай түрі болмасын, нені жақсы орындағанын белгілеп отыруы, қателіктер болған жағдайда мұғалім оқушының жұмысын жақсартуға байланысты нақты ұсыныстар беруі керек. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай бір түйіні демекші, критериалды оқыту – білімді ұрпақ тудыру, ал білімді ұрпақ – елдің ертеңі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий. –Алматы, 2009.

2 Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші деңгей. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы

ӘОЖ 37.013:821.723.139

ЕЛУБЕК ЖАДЫРА ЭЛСБЕКҚЫЗЫ

[САҒЫМБАЕВА ЖАНАТ ЕЛЕМЕСҚЫЗЫ](#)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

eleubekzhadyra@mail.ru

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА CLIL ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аннотация: мақалада пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту оқытудың табысты әдістерінің біріккендігі, оқуды бірден екі пәнді біріктіруге мүмкіндік беретіндігі, олардың бірі шет тілі болып табылатындығы қарастырылады. Әрбір тарихи дәуірде педагогикалық жүйе елеулі өзгерістерді бастан кешуде. Әлемдік тәжірибе экономиканың өсуімен елдің білім беру жүйесі әрбір он жыл сайын орташа есеппен реформаларға ұшырайтынын куәландырады. Бұл ретте қоғам дамуының барлық кезеңдерінде білім алушыларды сапалы даярлауға ерекше назар аудару керек, ол жаңа стратегиялар мен педагогикалық технологияларды талап етеді. Қазіргі таңда жалпы орта білім берудің мақсаттары өзгерді, интеграцияланған білім беру жүйесі арқылы пәндерді оқытуда жаңа оқу жоспарлары мен жаңа тәсілдер әзірленуде, ал білім беруді жаңарту оқытудың дәстүрлі емес әдістері мен формаларын пайдалануды талап етеді. Сондықтан да жаңаша білім беру технологиялары пайда болып жатыр және осындай технологиялардың бірі CLIL (Content and Language Integrated Learning) деп аталатын пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту болып табылады.

Тірек сөздер: Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту, шет тілі, әдіс, пәндер, оқушылар.

Today the Republic of Kazakhstan is carrying out large-scale measures to modernize the education system, including secondary education. One of the main objectives of the state program of education and science of development of the Republic of Kazakhstan for 2016-2019 is to update the content of secondary education, which requires the development and implementation of programs for the development of the education system, providing a step-by-step transition to a competence-oriented model of education. One such program is the «road map for the development of trilingual education». Resolution of the government of the Republic of Kazakhstan dated 31 December 2013 №1559 on approving the state program of education development of the Republic of Kazakhstan for 2015-2020 years, one of the main directions of which is development of teaching aids for integrated teaching subject and language. It is a question of integrated studying of subjects «Informatics», «Physics», «Chemistry», «Biology» and English language.

The idea of applying the principle of content and language integrated learning arose as a result of increasing the requirements for the level of qualification in the limited time allotted for the study of a foreign language. This approach allows you to teach two subjects. In addition, there can be a title in or out of any language. The integrated teaching methodology, like all didactics, is currently experiencing a difficult phase. The objectives of general secondary education have changed, new curricula and new approaches to teaching subjects through an integrated education system are being developed, and the renewal of education requires the use of non-traditional methods and forms of education. Therefore, there are new educational technologies is content language integrated learning (CLIL).

The term Content and Language Integrated Learning (CLIL) was adopted in 1994 (Marash, Maljers & Hartiala, 2001) within the European context to describe and further design good practice as achieved in different types of school environment where teaching and learning take place in an additional language. CLIL is a dual-focused educational approach in which an additional language is used for the learning and teaching of both content and language. That is, in the teaching and learning process, there is a focus not only on content, but also on language [1, 32 p].

The positive effect of the introduction of CLIL technologies in European educational systems is confirmed by numerous studies. According to Eurydice, a research organization established by the European Commission in 1986 to study European education policy and education, CLIL is part of the education system of most European Union countries and in the process of its use, the effectiveness of language learning has increased significantly [2, 124 p].

According to D. Wolff, during the discussion of the problems of European education, in the last decade the CLIL methodology has been one of the priorities [3, 12p]. The main reason for the attention of this issue is that the European Commission recommends that every citizen of the European Union (EU) speak two languages other than their native language.

Firstly, the term refers to the process in which academic subjects or parts of them are taught in a foreign language. To achieve the ultimate goals of the educational process, two goals are set: the study of the subject and the simultaneous study of a foreign language. David Marsh has been conducting his research for several years, developed a methodology of educational language integration by 2001 and described it as follows: CLIL considers the study of a foreign language as a means of teaching other discipline. The technique forms the student's need for learning, and this, in turn, will allow him to rethink and develop his abilities, including in his native language. The modern methodology of education gives the following definition: it is a didactic technique that allows to form linguistic and communicative competence in a heterogeneous language in an educational context, which is the formation and development of students general knowledge and skills. On the basis of this technique, planning training sessions, it is necessary to consider the following mandatory components 4C: content, communication, cognition, culture [4, 31 p].

First of all we will discuss the content stage. The teacher should stimulate the process of acquiring new knowledge and skills in the studied discipline.

In communication stage teacher should encourage children to make full use of the studied means of a foreign language to obtain new knowledge, skills.

Cognition is a thinking. The teacher seeks to maximize the development of students' thinking for a better understanding of the language and subject being studied. Achieving this goal-task for the development of analytical and critical thinking, comparison, forecasting, main, etc.

Culture – knowledge of cultural studies. Understanding the characteristics, similarities and differences of modern world cultures will help students quickly adapt to the cultural space, understand their native culture and strive for its preservation and development [5, 83 p].

CLIL can be seen as an educational approach, which supports linguistic diversity, and a powerful tool that can have a strong impact on language learning in the future.

CLIL is an innovative approach to learning, a dynamic and motivating force with holistic features. It constitutes an attempt to overcome the restraints of traditional school curricula, i.e. the teaching of individual subjects, and represents a shift towards curricular integration.

CLIL may be implemented in a variety of ways and in very different situations as it encompasses many different forms of teaching. CLIL can refer to the whole year instruction of one or more subjects – such as biology, history or maths – or the teaching of a module on a specific topic, or as part of a regular course (e.g. the French Revolution or air pollution).

CLIL aims to create an improvement in the second language competence and development of knowledge and skills in the other non-language areas. In order for this to occur, it is necessary to create adequate conditions both from the point of view of organisation and teaching. When CLIL is introduced, some rearrangement of content, language or timing may be necessary [6, 78 p].

Researchers encourage experimentation with different content subjects, methodological approaches and with learners of different ages. The implementation of CLIL also varies according to the different school systems.

Types of schools: Due to its practical nature and flexibility, CLIL can be incorporated in different types of schools: both state and private. The diversity of approaches can be observed through a variety of modalities. With regard to the age of learners, experiences range from kindergarten to secondary level of education. CLIL can be used for certain time periods, as tasks within the overall school curriculum and educational framework or implemented as optional subjects in secondary schools. Subjects, modules and projects can all be taught through CLIL.

CLIL may be beneficial for all parties involved in implementation: schools, teachers, learners, and parents.

Advantages for the school:

- CLIL implementation within the school curriculum will raise the profile of foreign language learning throughout the school. It can also support the school's development and make it more responsive to local needs.

- Moreover, invaluable experiences have been gleaned in subjects with a vocational orientation such as nursing, health care, home economics, woodwork and metalwork.

CLIL is not related to one specific methodology. However, CLIL requires active methods, co-operative classroom management, and emphasis on all types of communication (linguistic, visual and kinaesthetic). Taking into account the experiences of CLIL in different countries, some common methodological features can be found that appear to be linked to learning achievements.

Input on subjects becomes more concrete and visual in CLIL. In many experiences teachers and students emphasise the importance of visual and multimedia support to overcome problems caused by special languages. Moreover, new meanings and notions are built through interaction and dialogic structures, which help conceptual entrenchment. In primary school, it is very important to give children opportunities to promote holistic ways of learning and to learn from practical, hands-on experiences.

a) Students appreciate the chance to use the foreign language for authentic communication and to be allowed to focus on meaning and interaction rather than on structures and mistakes.

b) Code switching is a natural communication strategy, and teachers should allow it, particularly in the first stages of CLIL. That does not mean that teachers should use translation to solve every difficulty and misunderstanding. Other communication strategies should be used, such as reformulation, simplification and exemplification, leading to translation only as a last resort.

c) Structural and lexical features of special languages should be analysed by CLIL teachers, in co-operation with language teachers. This way, difficulties related to technical aspects of the L2 (Level 2) can be anticipated and dealt with.

d) In any school where CLIL is implemented, even for short units, formal language teaching should be planned, taking into account the type of competence students have already acquired or are acquiring in CLIL. It should be stressed that the language teacher is mainly responsible for grammatical and lexical accuracy [6, 81 p].

In CLIL there is a strong link between linguistic skills and subject specific skills. In some subjects and for some learners it is important to develop the skill to read and write general and technical texts from the very beginning. In other subjects, listening comprehension is crucial, because learners are involved in activities that require a good understanding of instructions: physical education, design technology, and chemistry are good examples.

Wherever possible, the progression from L2 oral comprehension to speaking, to reading and writing should be followed. In primary school, most of the time in CLIL will be devoted to oral interactive work.

In secondary school, reading comprehension is a main skill to acquire using different strategies (in-depth reading, for example). After the age of 10-12, learners often find it easier to refer to written material as well as to the teacher's oral input. However, reading comprehension of a subject text can be very difficult and time-consuming for a learner who has partial competence in the foreign language and limited knowledge of the topic. For learners, reading could be a skill still to be fully developed in the mother tongue.

In determining the main nature of the CLIL methodological approach in each country of Europe, five main aspects are identified, which include the cultural, social and linguistic environment and are aimed at solving the following subject and educational problems [7]:

1. Cultural aspect

- the study and understanding of the culture of other countries;
- the development of intercultural communication skills;
- the study of the characteristics of neighboring countries, regions and national minorities;
- a broad understanding of cultural relations.

2. The social aspect

- the willingness to integrate;
- the possibility of passing the exam for a certificate of international standard;
- improving the level of education in the school program.

3. Language aspect-increasing the General level of language competence;

- development of communication skills;
- deep understanding of a foreign language, both native and foreign language;

- development of interest in a foreign language, both native and foreign languages.;

4. Subject aspect

- the possibility of comprehensive study of the subject;
- access to special subject terminology through a foreign language;
- preparation for further training or work.

5. Aspect of training

- possibility of application of various training strategies;
- use of various ways and forms of work of a class;
- increase of motivation of trained.

Each of the five aspects is implemented depending on the age of the students, the sociolinguistic environment and the degree of proficiency in CLIL.

Using the new educational approach (CLIL technology) not only revitalizes and diversifies the educational process, but also opens up great opportunities for expanding the educational frameworks, and undoubtedly, bears a huge motivational potential.

CLIL allows students to broaden their general horizons and helps to expand language knowledge. The student passes through a fairly large amount of language material (reading and listening to thematic texts, participating in discussion). Also, the CLIL assumes the need for the development of mental students' abilities, their learning to use foreign funds language to gain knowledge on subjects and further professional growths.

References:

1 Marash, D., Maljers, A. & Hartiala, A-K. (2001). Profiling European CLIL Classrooms, Jyvaskyla: University of Jyvaskyla.

2 Novotná J. Teacher training for CLIL – Competences of a CLIL teacher. – In: M. Hejný and J. Novotná (Eds.) / Novotná J., Hájek M., Hofmannová M. // Proceedings of SEMT 01. Praha: Univerzita Karlova v Praze, Pedagogická fakulta. – 2001. – P. 122-126.

3 Wolff, D. Bilingualer Sachfachunterricht in Europa [Electronic resource] : Versuch eines systematischen Uberblicks (Content and Language Integrated Learning in Europe. An attempt at a systematic overview) / D. Wolff. — Mode of access: http://anglistik.univie.ac.at/fileadmin/user_upload/dep_anglist/ARAL_2011_CLIL_article.pdf

4 Marsh, D. Content and Language Integrated Learning: The European Dimension – Actions, Trends and Foresight Potential / D. Marsh. – OUP, 2002. – 204 p.

5 Coyle, Do, Hood, Philip, Marsh, David. CLIL Content and Language Integrated Learning. – Cambridge: Cambridge University Press. - 2010. - 173 p.

6 Maria Pavesi, Daniela Bertocchi, Marie Hofmannová, Monika Kazianka. -Teaching through a foreign language. – 102 p.

7 <file:///C:/Users/Asus/Downloads/1556074476459.pdf>

ӨОЖ 371.121 (5к)

ИСИНА АЯГОЗ ОРАЗБЕКОВНА

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

Көкшетау, Қазақстан

СӨЙЛЕУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ

ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

kok325504@mail.ru

Аннотация: мақалада сөйлеу жаттығуларының қазақ тілін оқытуда пайдалану жолдары қарастырылған. Автор жаттығуларды жеті деңгейге бөліп, болашақ мамандарға қазақ тілін дамыта оқытуда дамытушылық тапсырмаларды қолданған тиімді екенін айтады. Оның ішінде ақпараттық - дамытушылық жаттығудың маңызы зор. Себебі ол студенттерді болашақ мандықтарына қатысты жаңа мәліметтер мен ақпараттар алуына бағыттайды.

Тірек сөздер: сөз байлығын дамытушылық жаттығу, ақпараттық-дамытушылық жаттығу, кәсіптік-дамытушылық жаттығу, тұжырымдық-дамытушылық жаттығу, интеллектуалдық-дамытушылық жаттығу.

Ғалым Н.Ж. Құрманова дамыта оқыту технологиясының кешенділігі онда өзара тығыз байланысқан элементтер мен бірқатар дидактикалық талаптар мен шарттардың міндетті түрде орыналуын талап етумен ерекшеленетінін айта келе, оның басты элементтерін – білім мазмұны, машық-дағдылар, оқу әрекеті, жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі деп санайды. Ғалым ғылыми зерттеу жұмысында сөз тіркесін дамыта технологиясындағы жаттығулар жүйесін шартты түрде былай көрсетеді: I деңгей. Грамматикалық жаттығулар. II деңгей. Логикалық жаттығулар. III деңгей. Танымдық жаттығулар. IV деңгей. Рефлексиялық жаттығулар. V деңгей. Тіл дамыту жаттығулары. VI деңгей. Тіл мәдениеті жаттығулары. VII деңгей. Шешендікке баулу жаттығулары [1, 264]. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде жаттығулардың түрлері ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, бір ізге түспегендіктен жоғары оқу орындарында болашақ мамандарға қазақ тілін дамыта оқытуда дамытушылық тапсырмалардың шартты түрде мынадай түрлері пайдаланылды: 1. сөз байлығын дамытушылық жаттығу; 2. ақпараттық-дамытушылық жаттығу; 3. кәсіптік-дамытушылық жаттығу; 4. тұжырымдық-дамытушылық жаттығу; 5. интеллектуалдық-дамытушылық жаттығу. Сөз байлығын дамытушылық жаттығу. Жаттығудың бұл түрі тіл үйренушілердің сөздік қорын молайтуға, сөздерді орнымен қолдануға, сөз тіркестері мен сөйлемді дұрыс құрастырып, оны тілдік қатынаста орнымен қолдана білуге дағдыландырылады. Бұған мамандыққа қатысты нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді толықтыру, мәтінді, өлең шумағын, әңгімені, жалғастыру сияқты жаттығу түрлері жатады. Осы тектес жаттығулар тіл үйренушілерді ізденіске жетелейді. Студенттердің қазақ тілінде сөз байлығын дамытудың ең тиімді жолы түрлі сөздіктермен жұмыс жүргізу арқылы іске асады. Жаттығулардың мақсаты: тіл үйренушілердің сөздерді орнымен қолдану амалдарын меңгерту, сөздерді дұрыс қолдана білуді игерту. Жаттығулардың тиімділігі: тіл үйренушілер сөз мағыналарын жете меңгере отырып, өз ойын дұрыс, нақты жеткізуге дағдыланады. Ақпараттық-дамытушылық жаттығулар студенттерді болашақ мандықтарына қатысты жаңа мәліметтер мен ақпараттар алуына бағытталады. Жаңа ақпараттар жинау олардың мамандығына қызығушылығын тудырады. Жаттығудың бұл түріне мамандыққа байланысты ақпараттар жинай отырып, аудиомәтін, репортаж дайындау, сұхбат алу, мақала әзірлеу сияқты тапсырма түрлері кіреді. Жаттығулардың мақсаты: студенттерді болашақ мамандығына қатысты ақпараттармен қамтамасыз ету. Жаттығулардың тиімділігі: студент маман ретінде қоршаған ортаның ластануына байланысты ақпараттар, мәліметтер жинауға, шешім қабылдауға үйренеді. Қатысымдық жаттығулар. Әдістеме ғылымында соңғы кездері қатысымдық жаттығулар деп аталып, оның маңызын Н.Оралбаева мен Қ.Жақсылықова былай деп көрсеткен: «Сөйлеу жаттығуларының мәні өте зор. Қазіргі заманда тілді оқыту әдістемесі сөйлеуге үйретуді негізге алады». Бұдан қатысымдық жаттығулардың тілдік қарым - қатынасты жүзеге асырудағы рөлінің өте жоғары екенін байқауға болады. [2,95] Мәтінге жоспар құрыңыздар. Мәтіннің мазмұнына байланысты сұхбат құрыңыздар. Жаттығудың мақсаты - студенттерді емін - еркін қарым - қатынас жасауға үйрету. Алған білімдерін бекітіп, ілгері дамытуға төсілдіру. Жаттығудың тиімділігі - мәтінге жоспар құруға үйретеді. Түсінгендерін сұхбат құрастыруда пайдаланады. Жаттығудың нәтижесі - бір -бірімен пікір алмасады. Алған білімдерін тілдік қарым - қатынаста пайдаланады. Жаттығулар арқылы студенттердің сөздер мен сөйлемдерді дұрыс қолдана білуге жаттығады. Сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен қолдану заңдылықтарын игереді. Мәтін бойынша әңгіме, сұхбат құрып үйренеді. Сөздік қорын байыту арқылы өз ойларын ауызша дәлелді, әсерлі жеткізуге дағдыландырады. Тілдік жаттығу барлық уақытта сөйлеушінің стратегиясы мен тактикасының болуын қарастырады. Сөйлеудегі стратегиялық бағыттылық сөйлеушінің белгілі тапсырмадан тыс қатынаста жүргізетін бағытынан көрінеді және әңгімелесушіге белгілі бағытта ықпал ету болып табылады. Бұл тапсырма фразадан тыс дәрежедегі бір монологтық әңгімеде жүзеге асырылуы немесе әңгімелесушімен диалог бойынша жалғасуы мүмкін. Тілдік жаттығулар әрқашанда қатынасқа қатысушылардың өзара қарым - қатынасын нәтижелендіреді. Адам жеке тұлға ретінде өзін қоршаған адамдармен белгілі өзара қарым - қатынаста болады. Тілдік жаттығулар әрқашанда сөйлеушінің тілдік белсенділігі мен дербестігін дамытады. Дербестік

дегенде, біріншіден, өз ойынды білдіру үшін көмекші құрал ретінде барлық тіректен тәуелсіз болу ұғынылады. Екіншіден, сыртқы ортаға тәуелсіздік, яғни қатынасқа ынталы, мотивті қатысу, мұнда мұғалім баға үшін емес, мотивке қарай, сөйлеу мақсатына қарай - қатынасқа қатысуға және өзінің тілдік мақсатына жетуге шақырады. Тілдік жаттығу - сөйлеудің құрылымдық және вербальдық әр алуандылығымен қамтамасыз етілетін ахуал. Сөйлеу шеберлігі жайлы баяндағанда ол өте күрделі және көр қырлы құбылыс, сондықтан сөйлеу шеберлігі - бұл сөйлеу әрекетін басқару қабілеттілігі емес, оның сапаларының негізінде - мақсатқа бағытталғандылық, өнімділік, дербестік, ол тілдік әрекеттің өзінде сөйлеу сапасында және осы әрекеттің нәтижесінде іске асырылады. Сөйлеуге дағдыландыруда деңгейлік жаттығулар мен тапсырмалар үлкен орын алады. Студенттің тақырыпты жете түсініп, терең меңгеруі үшін әрбір деңгейде орындалатын тапсырмалар түрлі талап - тілектерді қамтиды. Деңгейлік тапсырмаларға қатысты талаптар, біріншіден, әр деңгейде берілетін білім көлемін белгілеу үшін қажет. Екіншіден, берілетін білім көлеміне қатысты әр деңгейде орындалатын тапсырмаларды іріктеп, таңдап алу үшін қажет. Бірінші деңгейдегі тапсырмалар жеңіл, қарапайым түрде ұйымдастырылып отырады. Деңгейден деңгейге көшкен сайын жаттығуларға қойылатын талаптар да артып, күрделеніп отырады. Сөйлеу жаттығулары - бұл жеке мәтінді құрастыру үшін орындалатын жаттығулар. Студенттерге ұсынылған тақырыпқа байланысты тақырыптың мақсатын анықтауға тілдік материалды таңдау, оның айту жоспарын құру, жеке сөйлемдерді байланысы бар әңгіме құрастыруға біріктіру. Студенттерден мағыналық байланысы бар сөйлемдерді құру талап етіледі: - берілген тапсырмаға сәйкес, бірақ ешқандай үлгіге сүйенбей; - иллюстриативті суреттер арқылы әңгіме құрастыру, берілген бастама немесе қорытындыға байланысты. Осындай жаттығуларды орындау арқылы студенттер монолог құрастырады. Монологтарды оқыту арқылы студенттер сөйлеудің функционалды мағыналы түрлерімен хабарлай айту, суреттеу, ойлау түрлерімен танысады, олар құрылымдық, логикалық, стилистикалық ерекшеліктерімен көрінеді. Ауызша сөйлеудің келесі фазасы студенттің айтатын сөзін лексика - грамматикалық тәсілдерді дұрыс қолданып, өз еркімен сөздерді таңдап, сөйлемнің құрылымын анықтап, оларды арнайы грамматикалық ережелер арқылы лексикалық бірліктермен толықтырады. Лексика - грамматикалық тәсілдерді таңдау жұмысымен қатар өз ойын айту жоспары да құрылады, себебі бір сөйлемді айтып жатқанда келесі сөйлемді айтуға дайындық жүргізіледі. Дайындық жаттығуларын орындау барысында студенттер тілдің грамматикалық анықтамаларын сақтап, лексика - грамматикалық материалды қолдануды үйренеді. Студенттерге төмендегідей тапсырмалар орындату мәтінге сүйену арқылы жүргізіледі: - мәтіннің мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап беру; - мәтінге өз бетінше сұрақ құрастыру; - деформацияланған мәтінмен жұмыс жүргізу. Сөйлеуге жаттықтыру жаттығуларын орындау барысында сөйлеу барысындағы байланыстың мақсатына қарай студенттер ойларын айтуда жақсы игерілген, автоматталған тілдік материалды қолданады. Студенттердің назары тілдік тәсілдерді тікелей қолдануға бақылау жасаудан хабарламаның мазмұнына, ойдың мағынасына өтеді. Жаттығудың мұндай түрі мәтінге сүйенеді, студенттердің оны мазмұндап айтып беру ынтасын тудырады. Жаттығулардың пайдасы студенттер сөйлемдер құрастыра отырып, оларды бір әңгімеге топтастырады, яғни мәтіннің логикалық жағынан ұйымдастырылуы мәселесін шешеді. Мұндай жаттығулар мынадай түрде бола алады. - мәтін бойынша түсінігін айту жоспарын құру; - мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша немесе жоспарсыз айту; - сұрақтың негізінде әңгіме құрастыру; - әртүрлі көзқарастағы ойларды білдіретін сөйлемдер арқылы әңгіме құрастыру. Қазір сөйлеу әрекетіне дағдыландыру хабарлай айтудан басталады да суреттеу мен талдауға ұласады. Сөйлеудің бұл үш түрі барлық сыныптарда параллель жүргізіледі. Әдістемелік жағынан студенттің өз ойын айтуда қолданылатын сөйлеудің түрін анықтауға көңіл аударылады. Мәселен, хабарлай айтуды қолданып, студенттер суреттеуді де қолданады. Сол сияқты суреттеу арқылы жұмыс жүргізгенде олар хабарлай айтуды қолданады. Яғни олар бір - бірімен байланыста болады.

303 Пайымдау бұл сөйлеудің ең қиын түрінің бірі, ол сөйлеу әрекетін ұйымдастыру жөнінде білімнің жоғары болуын талап етеді, әрекеттің себебі мен оның байланысын анықтай білу,

фактілерді жинақтап, қорытынды шығара білу талап етіледі. Баяндау арқылы шын мәнінде болған немесе ойдан шығарылған оқиға айтылады. Сол себепті ол белгілі бір уақытта ашылады, әңгімелесушілердің сюжеті болады. Баяндау құрылымы мынадай болады: -кіріспе -байланыс; -оқиғаның дами түсуі; -шарықтау шегі; -шешуі; -қорытынды. Кіріспеде істің өткізілетін мекені мен уақыты және оның кейіпкерлері туралы мәлімет беріледі. Байланыс - оқиғаның басталуы және оның ары қарай жалғасуы. Кульминация - оқиғаның шиеленісуінің жоғары шегі. Шешім -оқиғаның нәтижесі. Қорытындыда барлық әрекеттердің қорытындысы шығарылады. Мұнда автор өз ойымен бөліседі. Баяндауды оқытудың әдістемелік тәсілдер әртүрлі, ең тиімдісі мыналар:

1. Дайын мәтіндердің құрылымына талдау жасау. Ол студенттердің өз бетінше баяндау арқылы өз ойын айтуға үлгі болады. Мәтіннің құрылымына талдау жасау арқылы студенттердің кез келген әңгімеден кіріспе, жалғасу, шарықтау шегі, соңы болатынын түсінуін игерту. Мазмұндаудың негізгі түрлері төмендегідей болады: а) автордың көркем тілін міндетті түрде қолдану арқылы мазмұндау; ә) мазмұндау барысында лексикалық материалдың кейбір бөлігін синонимдермен алмастыру; б) қысқаша мазмұндау; в) айтушыны өзгерту арқылы мазмұндау; г) тыңдап мазмұндау; д) талқылай отырып мазмұндау [3,56].

2. Логикалық байланысы бұзылған мәтіндерді қалыптастыру. Студенттерден оқиғаның байланысу жолдарын табу, яғни әңгіменің байланысын табу талап етіледі. Мұндай жұмыстар сөйлемдерді бір - біріне байланыстырып баяндауды дағдыландырып қана қоймай, сол сияқты студенттің логикалық ойлауына да әсер етеді.

3. Оқиғаны, естігені, өмірден түйгені негізінде әңгіме құрастыру. Дайын мәтінге сүйене отырып жүргізілетін аталған әрекеттер студенттерді сөйлеуге дайындайды. Бұл жаттығуды орындауда ұғым мен пайым және бақылау нәтижелері маңызды рөл атқарады. Монологтық, диалогтық сөйлеудің ерекшелігі Сөйлесімді меңгерту кезінде мәтіннің қандай түрімен жұмыс істеу керек? бірінші кезекте диалогтар мен полилогтарға орын берген дұрыс. Жалғастырушы және кәсіби деңгейде сөйленімді меңгертуге ауызша монологтар (баяндама, жиналыста сөйлеу) енгізіледі, бәрібір, басты мәтіндер диалогтар мен полилогтар болып қала береді. Мұндай мәтін түрлерінің ерекшелігі неде? Диалог. Екі әңгімелесушінің қатысым жағдайында туындайтын репликалар тізбегі. Біртұтас жағдаят, әңгімелесушілердің контактысы, вербалды емес (тілдік емес) элементтер жобалауға, не айтып тұрғанын түсіне алуға мүмкіндік береді. Диалогтық сөйлеудің екінші маңызды ерекшелігі – оның спонтанды болуында, әңгіменің мазмұны, құрылымы әңгімелесушілердің репликасына байланысты. Диалогта бір сұрақтан басқа сұраққа, тақырыпқа, жаңа ғана айтылғанға күтпеген ауысулар болып отырады. Сұхбатта бір репликадан бірнеше репликаға дейін болады. Бір фразалық реплика типтік десе болады. Құрылымы жағынан, интонациялық жағынан, семантикалық жағынан репликалардың бірлігін – диалогтық тұтастық дейді. Диалогтық тұтастық диалогтық сөйлеудің бастапқы бірлігі болып табылады.

Диалогтық тұтастықтың үш түрі бар:

1. Сұрақ – жауап түріндегі – мұндағы мақсат – ақпарат алу.

2. Бұйрық мәнді, мұндағы мақсат – әрекетті орындауға, тыйым салуға ояту.

3. Хабарлау – мұндағы мақсат – ақпарат алмасу [4]. Монолог. Монологтық сөйлеу – сөйлеу түрінің кеңейтілген түрі. Монологтық сөйлеудің пайда болуы арнайы қалыптастыруды қажет ететін ерекше және күрделі біліктілік. Мұнда оқыту сөйленімнің құрылымдық – грамматикалық, лексикалық, стилистикалық дұрыстығына жеткізетін жаттығулармен жұмыс істеу керек. Полилог. Қазіргі оқу құралдарында диалог, монолог түрлерін ғана емес, полилогты да кездестіруге болады.

Бұл дегеніңіз сөйленімге көп адамның қатысуы Тілді оқытып-үйрету бағдарламаларында кез-келген деңгейге (қарапайым, базалық, орта деңгей, ортадан жоғары, жоғары деңгей) қойылатын талаптардың мазмұнын қарап шығатын болсақ, коммуникативтік күзірет мазмұны, тілдік күзірет мазмұны берілген. Ал тілдік күзірет мазмұнында қазақ тілінің фонетикасы, морфологиясы, сөздікқұрамы, зат есім, есімдік, сын есім, сан есім, етістік, үстеу, демеуліктер, жалғаулықтар, септеуліктер, синтаксис, лексика – түгел

қамтылған. Аталған тілдік материалдар оқу құралдарында негізінен құрылымдық деңгейде ғана беріліп жүр. Бұл мәселелер қай деңгейде болсын функционалдық аспектіде сипатталып, функционалдық бағытпен жазылуы тиіс. Барлық грамматикалық тұлғалар және конструкциялар жеке-жеке емес, синтаксистік негізде және сөйлем түрінде ұсынылғаны жөн. Тілдік материалды осылайша ұйымдастыру ұстанымы коммуникативтік бағытты жүзеге асыруға; •сөйленім мазмұны үшін маңызды лингвистикалық факторларды біріктіруге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Құрманова Н.Ж. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының әдістемелік негіздері: педагогика ғыл. докторы... дисс: 13.00.02. -Алматы, 13.00.02. -Алматы: ҚазМемҚызПи, 2004. -365 б.

2 Оралбаева Н.О., ЖаксылыковаК. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Ана тілі, 1996.

3 Жиенбаев С. Қазақ тілінің методикасы (орта мектеп оқушыларына және педагогикалық училище студенттеріне көмекші құрал) 2- рет басылуы. А. Қазақтың біріккен мемлекет баспасы. 1964. 116 б.

4 Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп. 1969. – 148 б.

ОӘЖ 378.147 (5Қ)

КОЖАНТАЕВА АЙНУР КУРМАНОВНА

Астана қаласы №1 мектеп-лицейі

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ainurkk@mail.ru

ИАЛОГТЫҚ ОҚЫТУ – ТИІМДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІР ЖОЛЫ

Аннотация: мақалада оқытудың жеті модулінің бірі – диалогтық оқыту мәселесі қарастырылған. Диалогтық оқыту мәселесімен айналысқан ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалған. Тәжірибелік сипаттағы практикалық тапсырмалар келтіріліп, тиімділігі дәлелденген, тәжірибелік сабақтардан мысал келтірілген.

Тірек сөздер: диалогтық оқыту, әңгіме-дебат, кумулятивтік әңгіме, зерттеушілік әңгіме, сұрақ қою, сынақтан өткізу, қайта бағыттау .

Қазіргі заманғы ғылыми – техникалық үрдістің қарқыны, білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ең бастысы - қазіргі заманауи технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын орындаушының тұлғасын қалыптастыру. Сондықтан да осы бағытта батыл қадамдар жасалып, өзгерістер енгізілуде. Солардың бірі – оқытудың жеті модулі.

Диалогтық оқыту - оқыту мен оқудағы әңгіменің рөлі дәстүрлі теориялық және эмпирикалық жұмысқа негізделген. Оның негізі Сократтан басталады. Ұлыбритания сыныптарында әңгіме үрдісі негізінен проблемалармен байланыстырылады. Әңгіме балалардың білім алуына толық көлемде ықпал ете отырып, ол жеделдетіле берілген жағдайда ғана оны түбегейлі тың тәсіл деп қарастыру ұсынылады (Alexander, 2004). Александрдың пайымдауынша, диалогтік оқыту негізгі бес қағидаттарға негізделеді. Ол оқытудағы әңгіме – қарым-қатынас жасаудың бір сарынды үдерісі емес, керісінше, әңгіме барысында идеялар екі жақты бағытта жүріп, соның негізінде студенттің білім алу үдерісі алға жылжитын белсенді үдеріс деп тұжырымдайды. Сонда диалог дегеніміз екі жақтың сөз арқылы ауызша немесе жазбаша қарым-қатынасы болып табылады. Мұнда екі жақтың құқықтары бірдей болғандықтан, диалогты демократиялық қоғамдағы қарым-қатынастың басты нысаны деп атауға болады. Ал демократиялық қоғамның әрбір мүшесі өмірде туындаған қандай да болмасын проблеманы терезесі тең тұлғалардың қарым-қатынасында талқылауға дайын болып, өзінің конструктивтік позициясын басқаларға білдіре де, жеткізе де алады.

«Диалогтық оқыту» әдісін пайдаланудағы басты мақсат - оқытуда жаңаша ойлау, әдіс-тәсілдерді, құралдарды пайдалана отырып, студенттерді диалог арқылы сыни тұрғыдан ойлауға дағдыландыруды тәжірибеде жүзеге асыру. Бұл оқыту мен оқудағы жаңа әдіс – тәсілдер оқу бағдарламасының басты мақсаты деп білеміз. Сыныпты топқа бөліп оқыту, ережеге, уақытқа бағыну, постер қорғату сияқты жұмыс түрлерін жасата отырып, оларды топтық қарым-қатынасқа баулимыз. Сол себепті біз жаңа әдіс ретінде «Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйренуді» қарастырамыз, себебі олар әлеуметтік – сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты.

Диалогтық оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы, мұғалім мен оқушы арасындағы диалог оқушылардың өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал болып табылады.

Мерсер мен Литлтон өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді [1]. Аталған авторлардың зерттеулерінде ересектермен интерактивті қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және танымдық дамуына әсер ететіндігі айтылған. Сонымен қатар, диалогтық оқыту мәселесін осы уақытқа дейін бірнеше педагог ғалымдар зерттеп келген. Атап айтсақ, бразилиялық педагог Фриери, орыс педагогы Выготский, француз педагогы Дьюи. Фриери әр адам оқу процесіне сыни тұрғыда қатысып, басқа адамдармен диалогтық қатысуға қабілетті екендігіне негізделген білім теориясын әзірлеген [2]. Фриери мұғалімнің міндеті – оқушының білімін толтыру, көбейту тенденциясымен емес, білімді тауып, дамыту арқылы тереңдетуге бағытталған көзқараспен оқушылармен диалогқа түсу деп санайды. Фриери Выготский мен Дьюидің теорияларын анықтап, зерттеп, дамыта келе назарын ондағы үрдісі мен ол үрдістегі мұғалімге бағыттамай, негізінен оқушыларға бағыттады. Дьюи «Тәжірибе бір қалыпта тұрақты болмауға тиіс, ол үнемі өзгеріп, бұрын болғанға сүйене отырып, ары қарай өсу үшін нақты әлеуеті болуға тиіс» - дейді.

Диалогтық оқытудың негізгі үш түрі бар.

- 1.Әңгіме-дебат.
- 2.Кумулятивтік әңгіме
3. Зерттеушілік әңгіме [3].

Бағдарламаға сай, сабақ барысында сабақ беру мен оқытудағы жаңа тәсілдерді қолдануда «диалогтық оқыту» тәсілін басшылыққа алдық. Оқушылар диалог әдісін қолдана отырып, мысалы: талқылау, білімді бірлесіп құру, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Әрбір сабақта оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік берілді. Өзара талқылау арқылы, түрлі ойлардың болатындығын, бір - бірінің түсінуіне көмектесетінін байқадық. Сұхбаттасу арқылы өз ойларын дәлелдеуге тырысты. Бұл бізге оқушылардың қандай деңгейде екенін түсінуге көмектесті. Диалогтық тәсілдің оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектесетінін түсіндік. Арнайы зерттеушілер диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейлерін өсіруге үлес қосатынын атап көрсеткен. Зерттеулерде қарым-қатынас жасаудың маңыздылығын айтады. Оқушылардың білім алуын жетілдіру үшін *сұраққоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау* сияқты әртүрлі әдістерін пайдалануға болады [4]. Диалог негізінде білім алу бұл оқушы – мұғалім, оқушы – оқушы арасындағы өзара сұхбаттасуы, диалогтың оқушылардың сабақты меңгеру барысында өзіндік ой пікірлерін жүйелеу мен дамытуды меңзейтіні тәжірибе барысында көрінді. Оның өзі «Менің ойымша» деген ұғымның қалыптасуына ықпал етеді. Осы тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың өздігінен білімді жинақтай отырып, бұрынғы және жаңа білімдерін ұштастырып, білім алуға жауапкершіліктерінің артатынын байқадық. Тәжірибе кезінде диалогтық оқумен барынша жұмыс жасауға тырыстық.

Қазірдің өзінде сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсететін дәлелдер жеткілікті.

Олар:

- оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;
- басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын оқушылардың түсінулеріне ықпал етеді;
- оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі;
- мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі.

Мектептегі сабақ беру әдістемесіндегі диалогтық оқытудың маңызы үлкен. Диалог – ғылымда танымдық процестің ізденген нәтижеге әр түрлі, бірақ бір-бірімен жарыспайтын көзқарастар, қатынастар, бағыттардың өзара байланысты жолымен жүзеге асырылатын прогрессивтік дамуының түрі ретінде көрінеді. Сабақ барысында оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы арасында жүргізілген диалог оқушылардың қызығушылығын, танымын арттырады. Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін өзге тілді мектептерде беруде, баланың сөйлеу тіліне көп көңіл бөліп, қазақ тілін меңгерту жолдарының бірі және баланы сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің бірден-бір тиімді тәсілі деп ойлаймыз.

Бұрынғы дәстүрлі әдістерде диалог көбіне мұғалім мен оқушы арасында өтіледі және бірнеше ғана оқушы арасында диалог өтілетін, онда да диалогқа оқушыларды тандап шығарылатын, сондықтан оқушылар ашылып ойындағысын нақты сұрай алмай, тұйықталып қалатын. Десе де, сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың білім алуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алуға болады.

Мұғалімдер сабақ барысында сауалнама түріндегі кері байланыс әдісін қолданады және сабақ барысында көптеген сұрақтар қояды. Өткізген сабақтарда сынып оқушыларының өзара білімін дамыту мақсатында бірлескен сұхбатынан: оқушылар бірін – бірі оқытады, пікірлеседі, ой бөліседі, әңгімелеседі. Бұның бәрі де диалогтық оқыту әдістері негізінде жүзеге асып отырады. Оқушылардың тілдік қорын молайтуға, білім деңгейін көрсете алуына, білімін әділ бағалауына оң әсерін тигізетініне сенімім мол.

Ендігі ретте, диалогтық оқытудың сабақ үдерісіндегі қолданысына тоқтала кеткен жөн сияқты. Қарым – қатынас жасаудың негізі- адамдардың бір-бірімен сөйлесу әрекеті. Яғни, сөйлесу арқылы адамдар бір-біріне ойын жеткізеді, басқаның ойын түсінеді. Тіл болмаса, адамдар қарым-қатынас жасай алмайды. Басқаша айтқанда, адамдар арасындағы тілдің көмегі арқылы болатын тілдік қатысым жүзеге аспайды. Тілдік қатысым болуы үшін адамның ойы екінші адамға түсінікті, ұғынықты жеткізілуі қажет. Сол себепті тіл қатысым құралы болып саналады [5,6]. Сондықтан да оқушыны қазақ тілінде ойын жеткізе білуге үйрету деген – ең алдымен өмірде оны екінші адаммен түсінісуге, ойын ауызша жеткізіп қана қоймай, оған жауап ала білуге, өзара ұғысуға қарым-қатынас жасай білуге үйрету деген сөз [6,75]. Осы тұрғыдан келгенде, біз орыс аудиториясында тіл үйретудің алғашқы күнінен-ақ қарапайым сұрақ-жауап арқылы оқушыны диалогтық сөйлеу жағдайына бейімдейміз. Мысалы:

1) сабақ басында оқушыларға психологиялық ахуал туғызу мақсатында «Шаттық шеңбері» тренингін ұйымдастырдық. Онда:

- Сәлем, досым! (қолын көтереді)
- Қалің қалай? (иықтарынан қағады)
- Қалай демалдың? (құлақтарын тартады)
- Сен менің ақылды (жақсы, әдемі, күшті,адал) досымсың (қолдарын жүрекке қояды)
- Қош келдің! (қолдарын жаяды)
- Күніміз сәтті болсын! (құшақтайды) деген сауалды қою арқылы белгілі іс-әрекет жасаймыз. Бұндай әрекет оларды жақындастырады. Сабаққа деген ынталарын көтереді.

2) «Менің досым-шебер» тақырыбындағы жаңа сөздерді еске түсіру үшін «Ретімен орналастыр» ойынын өткіздік.

Мақсаты: үйренген сөздерді мәніне қарай дұрыс орналастыру.

Шарты: Оқушыларға конверт ұсынылады. Оның ішінде сөздер берілген. Оқушылар берілген сөздерді ретімен қою арқылы тірі постер жасады. Оны қорғады, бір-біріне сұрақтар қойып, жауап берді.

3) Қызығушылықты ояту мақсатында «Сөзді табу» ойыны ұйымдастырылды.

Ойынның шарты: Бір оқушыны ортаға шығарып, сыныпқа қаратып қою керек. Ал мұғалім тақтаға бір сөз жазып қояды. Бүкіл сынып оны іштей оқиды да оқушыға бағыттаушы сұрақ қояды.

Мақсаты: сұқбатқа негіз болған сөзді табу.

Мысалы:

- Сен бос уақытыңда не істегенді ұнатасың?
- Қандай ойын ойнайсың?
- Қандай ойыншықты ұнатасың?
- Әңгіме не туралы деп ойлайсың?
- Дұрыс, ойыншық неден жасалады?

4) Берілген жауап негізінде анықталған сөздерді қағаздан қыйып жасау тапсырылды.

Мақсаты: мұғалімнің нұсқауын мұқият тыңдау әрі ілесе орындау.

Шарты: оқушыларға қағаз таратылады. Мұғалімнің нұсқауы бойынша қағаздан қуыршақ, гитара, гүл жасады.

5) Сөздікпен жұмыс жасалды.

а) Сөздерді мәнерлеп оқыды.

ә) Кітаппен жұмыс жасады (19 бет).

б) Аудармасымен танысты.

в) «Дұрыс айт!» тапсырмасын орындады (хормен жұмыс)

6) Оқылым дағдысын қалыптастыру мақсатында оқулықтағы 2 -тапсырма орындалды.

а) Мәтінді мәнерлеп оқиды;

ә) Мәтіндегі тірек сөздерді (опорные слова) анықтайды;

б) Сұрақтарға жауап береді;

в) Жинақы мәтін құрастырады (Сашаның іс-әрекетін (действие) жинақтау).

7) Жазылым дағдысын қалыптастыру мақсатында 3-тапсырма бойынша топтық жұмыс жасалды.

8) Айтылым дағдысын шыңдау мақсатында 4-тапсырма бойынша диалогпен жұмыс жасалды.

Оқушыны әңгімеге тартатын, оның сөйлеуіне түрткі болатын үнқатым (реплика) мен оған жауап үнқатымын құрайтын диалогтық бірлестіктің қыр – сырын игерту жаттығулар мен тапсырмалар нәтижесінде осылай іске асырудамыз. Оқушыларды сөйлеуге үйретуде диалог құрудың маңызы зор. Өйткені диалогтың пайдалы жағы көп. Әрине, оқушыларға сұрақ қойып жауап алу да жеңіл емес, бірақ осындай жаттығулармен жүйелі жұмыс жүргізу оқушыларды өз ойын жеткізе білуге дағдыландырады.

Оқушылардың білетіндігін және білмейтіндігін анықтау үшін жақсы қарым-қатынастық, тілдік дағдылар және түсіністікпен қарау қажет. Мұғалімдер қолданысындағы оқушылар қысқа жауап беретін сұрақтармен салыстырғанда, диалогтық сұхбаттасу мұғалімдер де, оқушылар да білім алуға қомақты үлес қосатын өзара іс-қимылдың шын мәніндегі тиімді түрі болатынына көзіміз жетті.

Оқушыларға арналған диалог арқылы тіл меңгерту практикалық сабақтарда оқушылардың пайымдауын жеңілдетеді. Тіл үйрету мен меңгеру ісінде – диалогпен жұмыс ерекше мәнге ие болады. Диалог көркем, бейнелі, жеңіл болса – оқушының тіл меңгеруіне көп көмек етеді. Диалогтың маңызы, мәні, белгілі бір тақырыпта құрылуы да тіл үйренушілер үшін аса пайдалы болмақ. Тілді меңгертуде, сөйлеуде диалогтың алатын орны ерекше. Диалог құрып, тілді жете меңгермесе, тілдік қатынас та жүзеге аспайды. Олай болса, дұрыс сөйлеу әрекетіне көңіл аудару қажет.

Жалпы біз, «Ұстаз әр уақытта өз білімін жетілдіру керек, үнемі ізденіс үстінде болуы керек» деген пікірді ұстанамыз. Келер ұрпақ білімінің сапалы болуы ұстаздардың қолында, сондықтан диалогтық оқытудың берері мол.

Оқытудағы жалпы тәсілдердің барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Олар білім алушыларды жас ерекшелігіне сай оқытуға, тұлғаның қалыптасуына, өз деңгейінде дамуына ерекше әсер етеді. Сондықтан білім алушыларды жас ерекшеліктеріне қарай оқытуда осы мәселелерді ескеруіміз қажет. Яғни, білім алушыларды жас ерекшелігіне байланысты оқыту дегеннің өзі осы екенін ұмытпау керек. Білім алушылардың осы қабілеттері қай жаста қандай деңгейде болатынын білу оқытушы үшін басты міндеттердің бірі болып табылады.

Әрбір оқытушы өз сабағының – көшбасшысы. Көшін қалай бастап алып жүрем десе өз еркі. Ал көшті дұрыс бағыттай білуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Сондықтан оқытушыда Шульман «мұғалімнің үш көмекшісі» деп атаған бас, қол, жүрек пен құзырлы мұғалімге тән белгілер – кәсіби түсінік, оқытудағы тәжірибелік дағдылар мен кәсіби-өнегелік тұтастық сынды қасиеттер болған жағдайда ғана оқыту табысты болмақ.

Тіршіліктің негізі осындай қарым-қатынас пен диалогқа орнығады: басқаның ойымен, пікірімен, көзқарасымен санасу, бөтенді түсіне білу, өзінді оның орнына қоя білу – осы қасиеттердің бәрі де әлеумет ахуалын белгілейтіндігі даусыз тұжырым. Өмірде ең керекті білім – қоғамда қарым-қатынас құра білу, басқа адамдармен тіл табысу.

Диалогтық оқыту кезінде мұғалімдердің оқушылардан жауап алуда мыналарға көңіл аударғаны дұрыс:

- ✓ оқушыларға бірден бірнеше сұрақ қоймау;
- ✓ сұрақ қойып, оған мұғалім өзі жауап бермеу;
- ✓ күрделі сұрақты тым ерте қоймау;
- ✓ бір үлгідегі сұрақтарды жиі қоймау;
- ✓ түсінетіндігін тексеру үшін жауаптарды пайдалану;
- ✓ оқушыларға ойлануға уақыт беру;
- ✓ сұрақ жауаптарының салдарын көрсетіп отыру;
- ✓ жауаптарға негізделе отырып сабақты жалғастыруды назарға алу.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келсек, диалогтық оқыту білімгерлерді бір-бірімен тығыз қатынас жасауға итермеледі, бір-бірін жақсы түсінеуге көмектесті, бір-бірімен дос болуға алып келеді, пікір алмасты, топ ішінде ауызбіршілікке, ынтымақтастыққа жол ашты. Сонымен бірге топ ішінде келісімге келуге, мәселені бірігіп талдауға, сұрақ қоюға өз ойын ашық еркін білдіруге, өз ара ой бөлісуге, жаңа идеялардың тууына себепші болды. Диалогты оқытудағы кедергілер де болды ол: уақыттың жетіспеуі, дағдының болмауы және т.б.

Аудиториядағы әңгіме несімен қызықты? Диалог арқылы жаңа концепция үйренуге болады. Диалогтың маңыздылығы екі адамның әңгімесі кезінде білім пайда болады. Осы арқылы оқытушы мен студент арасында білім алушының білімі қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Mercer, N. and Littleton, K., (2007). Dialogue and the development of thinking. A sociocultural approach. [Диалог және ойлауды дамыту. Әлеуметтік мәдени тәсіл.] NY: Routledge.
- 2 Alexander, R., (2004). Towards dialogic teaching: rethinking classroom talk. [Диалогтік сөйлесуді оқыту: сыныптағы әңгімелесулерді қайта түсіну.] Cambridge: Dialogos UK.
- 3 Текстмайер Б. Диалог: проблемы анализа //Общение.Текст. Высказывание. – Москва, 1989. – С.71-83.
- 4 Қадашева Қ. Қазақ тілін жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесі. – Алматы, 2001.-160 б.
- 5 Скалкин В.Л.«Обучение диалогической речи» на материале английского языка, Киев, 1989 г., 6 б.
- 6 Оразбаева Ф.Ш. «Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері», Алматы, 1996 ж., 75 б.

ӘОЖ 37.02

КУРМАНОВА АЙНАШ КУРМАНОВНА
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

ОҚУШЫ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ КОМПЕНСАТОРЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Аннотация: мақалада оқушы белсенділігін арттырудағы компенсаторлық стратегиялардың рөлі туралы айтылған. Стратегия ұғымына қатысты ғалымдардың түсініктемелері, көзқарастары келтірілген. Коммуникативтік стратегиялар екінші тілдің проблемаларын шешуде қолданатын стратегиялар ретінде қарастырылған. Компенсаторлық құзыреттілік коммуникация барысында туындайтын проблемаларды шешудің жаңа нұсқаларын іздеуге, коммуникативтік жағдайға сәйкес өз мінез-құлқын өзгертуге және барлық коммуникативтік актіні оңтайлы жоспарлауға мәжбүр ететініне тоқталған. Оқушыларға алдын ала дайындалмаған тілдік жағдайлар мен жағдаяттарда коммуникацияға кіруге мүмкіндік беретін жалпы дағдылар мен іскерліктер қалыптасуы мақсатында тапсырмалар құрастырылған.

Тірек сөздер: функционалды сапаттылық, коммуникативтік құзыреттілік компенсаторлық стратегия, компенсаторлық білім, жетістік стратегиясы, ауытқу стратегиясы, перефразалау стратегиясы, орын ауыстыру стратегиясы, қысқарту стратегиясы, жоспарлау стратегиясы, болжау стратегиясы, паралингвистикалық стратегиялар.

Бүгінгі өзгермелі қоғам сұраныстарына жауап беретін тұлғаны білім нәрімен сусындату және қалыптастыру үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыс. Қазіргі білім беру жүйесіндегі оң өзгерістер мен тың идеялар көптеген міндеттерді шешуге өз ықпалын тигізіп отыр. Осы ретте, «функционалды сапаттылық», «коммуникативтік құзыреттілік», «компенсаторлық стратегия» ұғымдары тәжірибеге кеңінен енуде. Бұған білім алушының функционалды сапаттылығын қалыптастыру мақсатындағы ізденістердің бірі – компенсаторлық стратегиялардың тиімділігін тану дәлел болмақ. Компенсаторлық стратегиялар оқушының коммуникацияға түсу кезіндегі қиындықтарды жою, кедергілердің орнын толтыру мақсатында қолданылады. Көп жағдайда оқушы, тіпті кез келген адам сөйлесу барысында ым-ишаратқа жүгінеді. Ол тілдік қарым-қатынас кезінде сөйлесушінің тілдік амалдары мен құралдарының жетімсіздігін білдіреді. Әсіресе, басқа тілде сөйлесу барысында сөздік қорының таяздығынан болып жатады. Сондықтан оқушыларға лексика саласын меңгертуде басқа әдіс-тәсілдермен қатар, компенсаторлық стратегияларды қолдана отырып сөздік қорын молайту бағытында жұмыстар жасаған жөн. Осы орайда, компенсаторлық стратегиялардың анықтамаларын саралау, түрлерін айқындау, компенсаторлық стратегиялар арқылы дағды мен іскерлікті қалыптастыру керек. Ол үшін төмендегідей нақты міндеттерді шешу қажет:

- «Стратегия» ұғымының лингвopsихологиялық және лингводидактикалық түсіндірмелеріне салыстырмалы талдау жүргізу;
- «Коммуникативтік стратегия», «компенсаторлық стратегия» ұғымдарының мазмұны туралы ғылыми түсініктердің генезисін қарастыру;
- Лингводидактикалық мақсаттарда «компенсаторлық стратегия» және «компенсаторлық іскерлікті» ұғымдарын ажырату және анықтау;
- Компенсаторлық стратегиялардың анықтамаларын саралау, бұл ұғымға лингводидактикалық анықтама беру;
- Ғылыми-әдістемелік дереккөздерді талдау нәтижесінде компенсаторлық стратегия түрлерін анықтау және оқушылардың аталған стратегияларды іске асыруын қамтамасыз ететін оқу материалдары мен тапсырмаларының түрлерін дайындау.

Соңғы уақытта ғылымда стратегия түсінігі кеңінен қарала бастағаны баршаға аян. Осы мәселеге байланысты ғалымдардың әр түрлі көзқарастары баршылық. Мәселен, «стратегия» ұғымы грек тілінен аударғанда «қолды бастаймын» дегенді білдіреді. Сондай-ақ стратегия жоспарлау, мақсатқа қарай жүру, кей еңбектерде бұл термин жоспар, қадам, мақсатқа қарай

саналы түрде жылжу, қабілет, дағды, оқу тәсілі мен амалдары мағыналарында қолданылады. Р.Оксфорд тактика, техника, әлеуетті танымдық жоспарлар, ғылыми және функционалды дағдылар, когнитивтік қабілеттер десе, Лукас стратегиялар – оқу әрекетінің стилі, когнитивтік оқу әдістері, коммуниканттар мінез-құлқының типі деп пайымдайды [1,19]. Р.Элисс ШТ-де тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыруда саналы қалыптасқан амал деп таныса [2,101], бір топ зерттеушілер стратегия ақпаратты өңдеуде қатысады, яғни имплицитті әрекет десе, енді бір тобы оны сырттан бақыланатын эксплицитті әрекет дейді. А.А.Залевская стратегияны тілді үйренудегі когнитивтік процестердің көрінісі деп ұғынады. Оның пікірінше, «адамның танымдық қызметіндегі шешім қабылдау стратегия деп аталады» [3,382]. Стратегияны С.Фэрх пен Д.Каспердің тұжырымдамаларына сәйкес туындаған проблеманы шешудің саналы жоспары десек [4,26], жоспарды А.Залевскаяның тұжырымдасамына сәйкес автоматтандырылған әрекеттер жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Осы айтылғандарды жалпылай келгенде, стратегия мақсат/міндеттер, құралдар иерархиясының идеясы; яғни стратегияны үйренуге болады, сондықтан қандай да бір стратегия бойынша оқыту тілді тиімді үйренуге септігін тигізеді. Бұдан стратегияның лингводидактикалық анықтамасы шығады. Стратегия – бұл басты мақсатқа жету жолындағы қызмет тәсілі, саналы әрекеттер жоспары.

XX ғ. 80 жылдары ғалымдар коммуникативтік стратегияға ерекше назар аудара бастады. Коммуникативтік стратегиялар екінші тілдің проблемаларын шешуде қолданатын стратегиялар ретінде қарастырылды. Кордер «коммуникативтік стратегияларды тілдік құралдар жетіспеген сәтте түсініспеушілікті жою мақсатындағы амалдар ретінде түсінеді. Әрі коммуникативтік стратегияларды анықтап, жіктеудің үш тәсілін анықтады.

1-ші тәсіл И.Таронның еңбектерінде берілген [5]. Автор стратегияның үш типін көрсетеді: коммуникация, өнім, білім. Бұлардың ішіне аппроксимация, көпсөзділік секілді стратегиялар енеді.

2-ші тәсіл. А.Залевскаяның пікірінше, стратегия проблеманы қарастырудың оңтайлы тәсілі. Бұл тәсіл психоллингвистикалық процестерді: екінші тілдің коммуникативтік және психологиялық проблемаларының жеке шешу жолдарын қарастырады.

3-ші тәсіл. Бұл тәсіл «компенсаторлық» деген атқа ие болған стратегияларды қолданады. Бұлар екінші тілді меңгерушілердің сөз жетіспеушілігін шешуге қабілетті. Бұл тәсіл Келлерман, Полисс сынды батыс ғалымдарының еңбектерінде қарастырылған [6].

Компенсаторлық стратегия – бұл бастапқы мақсатқа жетуге апаратын қызмет тәсілдері, саналы әрекеттер жоспары, үзілген коммуникация процесін компенсациялау. Стратегия дағды да, білік те емес, ол саналы әрекеттер жоспары. Білік - сөйлеу (ауызша коммуникацияны жүзеге асырады), әрекет – осы қызметті жүзеге асырудағы дағды (фонетикалық, грамматикалық, лексикалық), ал стратегия – осы қызмет пен жоспарланатын әрекеттердің жоспары, оны орындау жолдары. Ал компенсаторлық білім – бұл өзге тілді тілдік/тілдік емес құралдарды екінші тілді меңгеруде туындайтын қиындықтарды жеңу үшін қолдана білу.

Жоғарыда сөз болған ғылыми еңбектерді талдай келе, мынадай тұжырымдама жасауға болады:

1. Стратегия ұғымына ғалымдар әрқалай анықтама бергенімен, одан негізгі компоненттерді бөліп алуға болады: саналылық/танымдылық, жоспарлау, мақсатқа жету.

2. Стратегиялар әрекеттің саналы жоспары, оны орындау амалдары. Ол – актуалды және әлеуетті қол жетімді құралдар жүйесі арқылы басқару тәсілі.

3. Стратегиялар тізімі соңына дейін анықталмаған болып қала береді. Бірқатар ғалымдар коммуникативтік стратегияларды алға тартса, енді біреулері тек компенсаторлық стратегияны ұсынады, ал үшінші тобы екеуін қатар қарастырады.

4. Жалпы лингводидактикада екі ұғым қалыптасқан: компенсаторлық стратегия және компенсаторлық білім түсініктері. Компенсаторлық стратегия саналы әрекеттер жоспары болса, компенсаторлық білім – коммуникация кезіндегі қиындықтарды компенсациялаушы

вербалды және бейвербалды амалдар. Олардың ортақ мақсаты – үзілген коммуникацияны компенсациялауға көмектесу.

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау нәтижесі көрсеткендей, лингводидактикадағы оқу стратегиялары ақпаратты жинау және сақтау, оны есте сақтаудан және жинақталған ақпаратты пайдалану процестерін оңтайландыру үшін білім алушылардың қолданған іс-әрекеттері мен операциялары ретінде қарастырылады. Басқаша айтқанда, бұл оқу процесінің нәтижелілігіне әсер ететін екінші тілдің ұтымды зерттелу тәсілдері, себебі олар оқу процесін жеңілдетеді және қызықты етеді. Оқу стратегияларын меңгермей, білім алушының автономиясын дамыту мүмкін емес деп есептеледі. Кейбір беделді шетелдік ғалымдар мен әдіскерлер «стратегопедия» үшінші мыңжылдықтағы әдіснамалық ғылымды дамытудың негізгі бағыттарының бірі болып қалады деп санайды. Когнитивтік-коммуникативтік стратегия арқылы сөйлеушіге алдын-ала жоспарланған теориялық қадамдардың жиынтығы коммуникативтік мақсатқа қол жеткізуге бағытталған коммуникативтік іс-әрекет кезінде жүзеге асырылады. Бұл коммуникациялық стратегияны да қамтиды, оның ішінен мәдениетаралық қарым-қатынастың компенсаторлық стратегиясы ретінде қарастырылатын компенсаторлық стратегияларды бөліп көрсету керек дегенді білдіреді. Мәселен, шетел әдебиеттерінде компенсаторлық стратегиялардың бірнеше жіктелуі ұсынылған. Маңызды ретінде *жетістік стратегиясы, ауытқу стратегиясы және паралингвистикалық стратегиялар* көрсетілген.

Ауытқу стратегиясы коммуникант ақпаратты беру әрекетін тоқтататынын немесе тақырыптан, сондай-ақ қиындықтарға әкелетін оған байланысты ұғымдардан аулақ болуын білдіреді. Ауытқу стратегиясы құрылымында келесі компенсаторлық іскерліктерді атап көрсетуге болады: өз пікірін түсіріп кету және негізгі ой тақырыбынан кету.

Паралингвистикалық стратегиялар деп іске асыру барысында барлық қол жетімді паралингвистикалық құралдар (ым-ишарат, мимика, көзбен ымдау, дыбысқа еліктеу, интонация, тембр, суреттерді, заттарды көрсету және т.б.) пайдаланылатын стратегиялар түсініледі.

Жетістік стратегиясы деп бастапқы жоспарланған коммуникативтік мақсатқа қол жеткізуге бағытталған іс-әрекеттер түсініледі. Бұл стратегия, өз кезегінде, келесі қосалқы стратегиялармен ұсынылған: жуықтату, орын ауысу, сұхбаттасушыға көмек көрсету, күту және антиципация.

Жуықтату қосалқы стратегиясы ізденуші идеяның, ойдың тілдік құралдардың көмегімен болжалды, жуық берілуіне негізделген іскерлікті болжайды. Сөйлеуші семантикалық белгілердің ізделіп тұрған бірлігімен жеткілікті ортақ лексикалық бірліктерді немесе құрылымдарды пайдаланады.

Орын ауыстыру қосалқы стратегиясы іздестірілетін тілдік бірліктердің немесе конструкциялардың семантикалық және формалды белгілері туралы білім мен түсініктерді таңдап алынған бірліктер мен конструкцияларға көшіруге негізделген біліктерді қамтиды. Сұхбаттасушыға көмек көрсету қосалқы стратегиясы коммуникативтік қиындық жағдайында қажетті көмек алу мақсатында сөйлеу серіктесімен өзара іс-қимыл жасауды көздейді.

Күту қосалқы стратегиясы жадқа дұрыс сөз немесе құбылыс келгенше уақытты ұтып алу үшін үзіліс жасау немесе толтырғыш сөздерді пайдалану.

Антиципация қосалқы стратегиясы (ықтимал болжау) - бұл коммуниканттың сөйлеу тәжірибесінде бұрын кездеспеген сөздер мен сөйлеу құрылымдарын тікелей түсіну. Зерттеліп отырған мәселеге қатысты дереккөздерді талдау арқылы компенсаторлық стратегиялардың мынадай негізгі түрлері анықталды: *перифразалау стратегиясы, орын ауыстыру стратегиясы, ауытқу стратегиясы, қысқарту стратегиясы, жоспарлау стратегиясы, болжау стратегиясы, этикалық стратегиялар, жадтан алу стратегиясы, паралингвистикалық стратегиялар*. Компенсаторлық стратегиялардың түрлері мен мазмұнын келесі кестеден көруге болады.

Компенсаторлық стратегиялар	Түрлері	Мазмұны
-----------------------------	---------	---------

Перефразалау стратегиясы	Жуықтату (апроксимация)	Қалаған идеяның жуықтап берілуі.
	Сөзтудыру.	Қалаған ұғымды беру үшін жаңа сөзді ойластыру.
	Сипаттамамен алмастыру.	Қажетті сөзді пайдаланудың орнына заттың немесе әрекеттің белгілерін сипаттау.
	Синонимдеу.	Қажетті сөздің синонимдерін пайдалану.
Орын ауыстыру стратегиясы	Тура аударма.	Сөзбе-сөзаудару.
	Кодтарды ауыстыру.	Сөзді аудармай пайдалану.
Ауытқу стратегиясы	Тақырыптан ауытқу.	Сөйлеуші тиісті лексика мен құрылымдарды білмесе, тақырыпты таңдамайды.
	Пікірді жалғастырудан бас тарту.	Сөйлеуші ой білдірудің тиісті құралдарының жетіспеушілігінен тоқтайды.
Қысқарту стратегиясы	Пікірдің формальды жағын қысқарту.	Сөйлеуші сенімді емес ережелерді пайдаланбайды.
	Функционалдық қысқарту.	Тек белгілі бір тақырыптар мен сөйлеу актілерін пайдалану.
Жоспарлау стратегиясы	Оңайлату.	Қызметтік сөздер мен аффикстерді қолданбау
Болжау стратегиясы	Антиципация.	Әңгімелесушінің сөздерін болжау.
	Болжам.	Контекст пен өзіндік өмір тәжірибесіне сүйеніп деректерді қолдану.
Этикалық стратегиялар	Кешірімсұрау.	Сұхбаттасушының алдында білмегені үшін кешірім сұрау.
	Көмек.	Әңгімелесушіге көмек көрсету
Жадтан алу стратегиясы	Күту.	Сөйлеуші қажетті сөз есіне түскенше күтеді.
	Семантикалық өріс.	Семантикалық өріс сәйкестендіріледі, содан кейін сөзді іздеуде көрініс табады.
	Басқатілдер.	Басқа тілдегі тиісті сөзді пайдалану.
	Кідіріс.	Кідірістерді толықтырушы сөздермен толтыру.
Паралингвистикалық стратегиялар	Ым-ишарат, мінез-құлық, көзқарас, суреттер, тембр және т.б.	Бейвербалды қатынас құралын пайдалану.

Компенсаторлық құзыреттілік коммуникация барысында туындайтын проблемаларды шешудің жаңа нұсқаларын іздеуге, коммуникативтік жағдайға сәйкес өз мінез-құлқын өзгертуге және барлық коммуникативтік актіні оңтайлы жоспарлауға мәжбүр етеді. Осылайша, оқушыларда алдын ала дайындалмаған тілдік жағдайлар мен жағдаяттарда коммуникацияға кіруге мүмкіндік беретін жалпы дағдылар мен іскерліктер қалыптасуы тиіс. Ал бұл өз кезегінде жаттығулар мен тапсырмаларды ұтымды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Олай болса, компенсаторлық стратегияларға бірнеше мысал келтірейік. «Болжау» немесе «ой қорыту» стратегиялары білім жетіспеушілігінің орнын толтыра алады (мәселен, лингвистикалық және тілдік емес «кілттер» арқылы таныс емес сөздердің мағынасын табу).

Мысалы; 5-тапсырма (паралингвистикалық стратегия).

Мақсаты: Берілген сөйлемдердегі асты сызылған сөздерді мағыналарына қарай суретпен сәйкестендіріп, кестені толтырыңыз.

1. Ол бірден қаптық түбін көзінәп, қамыр илеуге жірісіп кетті	<u>1</u>							
2. Ер қанаты-ат							<u>2</u>	
3. Құмдыр сканын илеуін бұлуға болмайды					<u>3</u>			
4. Әкем қалаға кетті				<u>4</u>				
5. Арман адамның көзіне тура қарап сөйлейді		<u>5</u>						
6. Құстар-біздің қанатты достарымыз			<u>6</u>					
7. Бұлақ-жер бетіне шығып жатқан табиғи жер асты су кені								<u>7</u>
8. Әкем қорықпағға жірісіп қалайды						<u>8</u>		

Тапсырманың тиімділігі:

1. Оқушылардың сөздік қорын молайтады;
2. Тапқырлыққа баулиды;
3. Ұзақ мерзімді жадыны дамытады.

Күтілетін нәтижесі: Оқушылар сөздердің тура және ауыспалы мағыналарын ажыратып, омонимдерді қалай қолдануға болатынын үйренеді

Айтылым немесе жазылымдағы стратегиялар тобына синонимдерді қолдану, ана тіліне көшу (немесе аудару) бейвербалды амалдарды, ым-ишараттарды қолдану, әңгімелесуде жартылай немесе толық ауытқу (тақырыпты талқылаудан қашқақтау) тақырып алмастыру, мәтіндегі сөздерді ұқсас заттарға алмастыру, перифразалар немесе сипаттамалар қолдануды жатқызуға болады. Мысалы;

4-тапсырма(паралингвистикалық стратегия).

Тапсырманың мақсаты: Төмендегі суреттердегі дағды-ишараларды сипаттап жазыңыз.



Тапсырманың тиімділігі:

1. Оқушылардың жан-жақты ойлау қабілетін дамытады;
2. Ой-өрісін дамытады;

Күтілетін нәтижесі: Оқушылар шығармашылық тұрғыдан білім алуға дағдыланады, сөйлесу кезінде сөздің орнына дағды-ишараттарды қолдануға болатынын үйренеді.

Оқылымда қолданылатын компенсаторлық стратегияларға ШТ оқытушылары аса қатты көңіл бөледі. Көптеген танымал стратегиялар қатарына мыналар жатады: таныс элементтер негізінде (префикс, аффикс, сөз түбірі, сөзжасам) сөз мағынасын түсіну, мәтін бойынша таныс емес сөздердің мағынасын болжау, таныс емес сөздерді аудару үшін сөздік қолдану, паратекстуалды құралдарды (иллюстрациялар, графикалық құралдар, арнайы шрифт) қолдану. Мысалы;

Тапсырманың мақсаты: Берілген аңызды мұқият оқыңыз. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

- Бұдан әрі не болады?
- Аңыз немен аяқталады?
- Аңыздың идеясы неде?

Бірде бір адам келе жатып өз қуыршағынан шығуға тырысқан көбелекті көріп таң қалады. Оның таңырқағандығы соншалықты, бірнеше сағат көбелекті тапжылмай тұрып қадағалайды.



Тапсырманың тиімділігі:

1. Ойын дәл, анық жеткізуге үйретеді;
2. Оқушының пәнге деген қызығушылығын оятады;
3. Сын тұрғысынан ойлауға дағдыландырады.



Біраз уақыт өткен соң көбелек шаршағандай сыңай танытып, қозғалыссыз қалды. Сырт қараған адамға көбелек қолынан келгеннің бәрін жасаған, одан әрі еш шамасы жоқтай көрінді.

Сол кезде адам көбелекке көмектеспек болып, қолына пышак алды да, қуыршақты кесіп жіберіп еді, көбелек атып шықты. Бірақ оның денесі әлсіз, қанаттары қатаймаған еді.



Күтілетін нәтижесі: Оқушылар шығармашылық тұрғыдан білім алуға дағдыланады, үзілген мәтінді өз ойымен жалғастыруға, салыстыра білуге үйренеді.



Адам көбелектің қанаты ашылып, ұшып кетеді деген сеніммен қадағалауды жалғастыра берді. Бірақ ол бола қоймады!..

Болжау ағашы

- Бұдан әрі не болады?
- Аңыз немен аяқталады?
- Аңыздың идеясы неде?



Аңыздың жалғасы



Ендігі кезге көбелектің басына қалған өмірін қанатын сүйретіп оту жазылды. Ол енді ешқашан ұша алмайтын болды.

Мұның бәріне көбелектің кедеріден өз бетімен жол табуына мүмкіндік бермеген адам кінәлі еді. Көбелек қуыршақтың ішінен өз бетімен шыққанда ғана еркін дамып, өсе алады екен.



Қорыта келе, тәжірибеде көрсетілгендей, компенсаторлық стратегияларға оқу процесінің ешбір кезеңінде көп көңіл бөлінбейді. Тек қана перефразалау және синонимдер

қолдану ғана кеңінен таралған. Басқа компенсаторлық стратегиялар оқытушылардың назарынан тыс қалып жатады. Мәдениетаралық қарым-қатынаста коммуникативтік амалдар жетіспеушілігін жеңу жолында компенсаторлық стратегияларға оқытудың барлық кезеңдерінде де көңіл бөліну қажет екені анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Коренева М.Р. Компенсаторная стратегия и компенсаторное умение как лингводидактические категории и проблема их разграничения/ М.Р. Коренева //Журнал «[Вестник Бурятского государственного университета](#)». Улан-Удэ: Изд-во БГУ, № 15. – 2012. – С.101-141
- 2 Брунер Дж. Психология познания. – М., 1977. –С. 412
- 3 Залевская А.А. Введение в психолингвистику: учебник для вузов. – М.: РГГУ, 1999. – С.382
- 4 Карева Л.А. Использование стратегической ком-петенции в процессе обучения устному общению в аспекте диалога культур: (английский язык, неязыковой вуз): автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.02. – М., 2000. – С.23
- 5 Михина А.Э. К вопросу формирования стратегий аудирования у студентов при изучении иностранного языка // Читинская методическая кон-ференция. – 2007. – С.26-34
- 6 Соколова Т.А. Методика формирования слово-образовательных стратегий при обучении чтению на французском языке студентов неязыкового вуза: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.02. – Иркутск, 2009. – С.175-178

ӘОЖ 378.1.14

КУСАИНОВА ГУЛЬШАТ ТУЛЕНДИНОВНА
ШОНОВА БАХЫТГУЛЬ АЗАМАТОВНА
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан
gulshat_k79@mail.ru

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Аннотация: мақалада болашақ педагогтардың құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі мәселелері қарастырылады. «Құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», сияқты белгілі болған ғылыми ұғымдар трактовкасын талдай отырып, авторлар мынандай қысқарған түсініктеме ұсынады: «Құзыреттілік (латынның *competentis*-бейім сөзінен) – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – делінген.*

Орыс тілінің сөздігінде « құзыреттілік » термині «әлдекімнің жақсы хабардар болуы мәселесі төңірегінде» берілген.

*Латынның «*compe*te» деген термині «білу», «жасай алу», «дегеніне жету» деген мағыналарды береді. Бұл жалпы алғанда құзыреттіліктің мәнін анықтайды.*

Авторлардың ойынша, құзыреттіліктерді қалыптастыру тәжірибесі ресурстарға сындарлы қатынастың негізі болады және олардың мәні мен мағынасын түсіну оқушыларға материалдар мен мәтіндерді дайындау механизмін білуге көмектеседі

Тірек сөздер: кәсіби құзыреттілік, құзыреттілік, құзыр.

Осы мақалада айтқалы отырған ойыма орыс педагогы, Ресейдегі ғылыми педагогиканың негізін қалаушы К.Д. Ушинскийдің мына сөзін арқау етсем деймін: «Егер мұғалім өз бойына ісі мен шәкірттеріне деген сүйіспеншілікті біріктірген болса, ол – кемел ұстаз». Ұстазда ең алдымен жүрек болуы керек. Жүрек бәрімізде де бар. Бірақ ұстаздың жүрегі бөлек. Ұстаз боламын, педагогика саласына бет бұрамын деген адамға ерекше мейірімді, өте сезімтал, өмірді сүйетін, адамды сүйетін нұрлы жүрек керек [1, 36].

Қазір «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» деген ұғымдар күнделікті қолданыста жиі кездеседі. «Құзыреттілік» терминінің мәнін ашу үшін, құзыр (компетенция) және құзыреттілік (компетентность) ұғымдарына тоқталайық. «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде» «құзыр» ұғымына «қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік» немесе «бір нәрсені жасау» деген анықтама берілсе, С.И. Ожегов сөздігінде

«құзыреттілік – белгілі бір мәселені жан-жақты білу» екендігі айтылады [2, 46]. Демек, «құзыреттілік» термині еңбектің барлық саласында пайдаланылады. Тек сипаты әр алуан. Педагогтың кәсіби құзыреттіліктері дегенде өзі оқытатын пәнді терең білу, өз білгенін оқушыларға тиімді ұғындыра алу, пәннің методикасын білу, сабақты қызықты әрі мазмұнды етіп өткізе білу, т.б. осы сияқты көптеген құзыреттіліктер айтылады. Бұл аталғандардың барлығы педагогқа қажетті, маңызы зор құзыреттіліктер. Бірақ педагогта ең алдымен, К.Д. Ушинский айтқандай ісі мен шәкірттеріне деген сүйіспеншілік болуы тиіс. Жүрек болуы тиіс. Менің ойымша, бұл – педагогқа қажет ең бірінші, ең маңызды құзыреттілік [3, 59].

Құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім – қазіргі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезуіне үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Сонымен қатар, ғалымдар білім берудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың төрт аспектісін ажыратады:

- * түйінді құзыреттер;
- * жалпыланған пәндік біліктіліктер;
- * қолданбалы пәндік біліктіліктер;
- * өмірлік дағдылар.

Құзыреттіліктің мазмұны жеке кәсіптік, интегралдық сипаттама ретінде төмендегі қызметтерді жүзеге асырумен анықталады: болжау; ұйымдастыру; бақылау; реттеу; үйлестіру; сәйкестендіру, белсенділігін арттыру. Қазіргі уақытта оқытушымен бірге, студенттердің алдына қойылатын талаптар да өсуде. Талап студенттердің бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады. Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға: нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде мамандық таңдау кезінде өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда; еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда өмірден өз орнын анықтауға; өмір салтын, кикілжіңдерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады. Құзыреттілік ең алдымен болашақ педагогтардың ақпараттық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Сыртқы ортадан ақпарат алу, оны өңдеу оқушы мінезін қалыптастырудың қайнар көзі болып табылады. Ақпараттарды өз бетімен алуға, талдауға, қайта өңдеуге үйрету ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға негіз болады. Мұнда студенттердің өз бетімен жұмысына көп мән беріледі. Студенттер өз беттерінше жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен ғаламтордан, түсіндірме сөздіктерден, түрлі тарихи ақпараттар алып, сабақ барысында пайдаланады [4, 208]. Бұл құзыреттілік студенттің оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етсе, ал оқытушының мақсаты – студентке білімді өздігінен игеру амалдары мен тәсілдерін үйретіп, оның өзіндік дүниетанымын қалыптастыруына жағдай жасау, кеңестер және бағыт-бағдар беру. Негізгі құзыреттіліктер түріндегі күтілетін нәтижелер: студенттерді өз бетінше талдауға; өз қызметіне мақсат қоюға; жоспарлауға, жинақтауға; қорытындылауға, салыстыра дәлелдеуге; өзін-өзі бағалауға; өз әрекетінің әлсіз және күшті жақтарын көрсете білуге; нені меңгергенін, нені меңгермегенін анықтауға.

Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық практика үлкен рөл атқарады. Педагогикалық практикадан өту кезінде студент - практиканттың іскерлігі мен дағдылары қалыптасады және өзіне деген сенімі артады, шығармашылық деңгейде жұмыс істеу барысында өз білімдерін дәлелдейді. Жоғарыда аталған іс – әрекеттер арқылы мысалы: Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға және белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, талдауға, түзетулер енгізіп отыруға деген белсенділігінен көрінеді. Болашақ мамандарды дайындаудағы негізгі міндет - студент практиканттың өз бетінше жаңаша жұмыс істеу қабілетін, шығармашылығын дамыту арқылы бәсекеге қабілетті маман дайындау. Осы мақсатты іске асыруда жұмыс түрлерінің, сонымен

қатар болашақ мамандардың кәсіптік білімін арттыруға деген талаптың жылма – жыл күшейіп отыруына байланысты, бүгінгі күні педагогикалық практиканың жаңа түрлері де енгізілуде. Осыған орай қазіргі кезде оқу жоспарында өндірістік практика 40% пайызға өсті [5, 23].

Жақсы мұғалім — бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп септеледі. Және солай болуға тиіс, Жоғары оқу орнында білікті мұғалімді даярлау үшін оқытушының да, студенттің де қажымас еңбегі қажет [6, 394].

Менің пікірімше, педагогтың кәсіби құзыреттілігі жылдар бойы қалыптасады. Себебі, тәжірибе адамды шыңдайды. Адам қателесе отырып, үйренеді. Нақты тоқталатын болсам, педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың келесі жолдарын көрсетуге болады:

Педагог мамандарды даяралайтын ЖОО жұмысының толықтай гуманизм принциптеріне негізделуі;

Педагог мамандарды даярлайтын ЖОО-ның оқу бағдарламасы педагогика классиктерінің ғылыми еңбектерін студенттерге тереңдете оқытуды қамтуы;

Мектеп пен ЖОО арасында өзара байланыстың болуы;

Ұстаздың өзін-өзі рухани, кәсіби тұрғыда тоқтаусыз дамытуы;

Әріптестерімен тәжірибе алмасуы;

Білімін үздіксіз жетілдіруі; Аталған шаралар педагогтың кәсіби кәсіби құзыреттілігін қалыптастырады деп ойлаймын.

Ш.А. Амонашвили бір еңбегінде былай дейді:

Я – учитель.

Я – Любовь и Преданность, Вера и Терпение.

Я – Радость и Сорадость, Старание и Состарание.

Я – Истина и Сердце, Совесть и Благородство.

Я – Ищущий и Дарящий, Нищий и Богатый.

Я – Учитель и Ученик, Воспитатель и Воспитанник.

Я – Прокладавающий путь и Художник Жизни.

Я – Убежище Детства и Колыбель Человечества.

Я – Улыбка Будущего и Факел Сущего.

Я – Учитель от Бога и Соработник у Бога.»

Педагогтың кәсіби құзыреттілігінің биік шыңы – Ш.А. Амонашвилидің осы сөздерін ұға алған, сезіне алған, іске жарата алған адам.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Асыллов Ұ.Ә. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Алматы: «Мектеп» 2002.

2 С.И. Ожегов. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі. Оникс. 2010.

3 Ш.А. Амонашвили. Педагогические притчи. Амрита-Русь. 2013.

4 Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту Алматы – 2005, 208б.

5 Қазақстан мектебі № 8 2010 жыл

6 Игошев Б.М. Системно-интегративная организация подготовки профессионально мобильных педагогов: Дисс...д-ра пед. наук - М., 2008.-394 с.

ӘОЖ 371.261

МОЛДЫБАЕВА ГУЛЬМИРА САЙЛАУОВНА
Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,
Көкшетау, Қазақстан
g_moldybaeva@mail.ru

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСНАМАСЫНДАҒЫ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

Аннотация: XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, талантты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру ісі бүгінгі күн талабы. Қазақстанның дамуына білім мен ғылымның әсер етуі үшін дүние жүзілік кеңістігіне ену, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алуға оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Осы тұрғыдан алғанда бүгінгі таңда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиім отыр.

Тірек сөздер: жаңа технологиялар, оқыту технологиялары, шығармашылық белсенділік, оқу үрдісі, ақпарат, қызығушылық, білім беру, әдістер, техникалық құралдар.

XXI ғасыр - озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Әсіресе шет тілін үйренуде мұның пайдасы зор. Себебі тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Адам көру, есту арқылы тіл қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді. Яғни өзінің де сол тілді меңгергендердің қатарына қосылуы жеңілдей түседі [1, 34].

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Дәстүрлі оқыту оқушыларға дайын, жаңаша оқыту технологиясы процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау болып табылады. Жаңаша оқыту технологиясы - белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі. Оқытуды жаңаша ұйымдастыруда мына міндеттерді қамтуы тиіс:

- оқушыларды оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
- ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету;
- деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту.

Міне, осы міндеттерді қамтитын «дамыта оқыту» жүйесі даму заңдылықтарын ескере отырып, теориялық ойлауға бағытталған іс-әрекет арқылы баланың жақын даму аймағында оқытады. Нақ осы мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту технологиясының көпшілігі ұжымдық ой қызметі негізінде баланы өз іс-әрекетінің субъектісі етуге ұмтылады, мақсатты оқу іс-әрекеті барысында нақты оқу міндеттерін шеше отырып, даму педагогикалық ықпалдың алдын алатын іс-әрекеттік оқыту тәсілі арқылы балада ақпараттық және жалпы біліммен қатар, амалдар мен құндылықтар жиынтығын, біліктілігін қалыптастырады [2, 25].

Жаңаша оқыту технологиялардың бірі - «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы - технологиялардың ішіндегі шоқтығы биік, ерекшелігі мол, құнды технология. Бұл технологияның ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ.

Кез-келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен және оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің көптігімен ерекшеленеді. Бұл бағдарламада жүзге тарта стратегия бар екені белгілі. Сол әдіс-тәсілдерді жақсылап игеріп, ішінен қажеттілерін таңдау арқылы әр сабақтың мақсат-міндеттерін тиімді де оңтайлы жолмен жүзеге асыруға мүмкіндік мол.

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау сабақтарында мына мәселелерге назар аударылады:

1. Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау;
2. Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағаламау;
3. Қиялын дамыту үшін "менің ойымша" деген жауапқа дағдыландыру;
4. Әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, нашарын сынамау;
5. Тіл байлығын дамыту үшін, қалайда жауапты соңына дейін тыңдау;
6. Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау;
7. Баланың дүниетанымын кеңітіп, рухани өсуіне жағдай жасау;
8. Жеке тұлға ретінде "мен" деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Технологиялармен қатар стратегиялар да қолданылады.

I-саты баланың қызығушылығын ояту, ой шақыру, бұл әрбір сабақта қажет. Сатының мүмкіндіктері: қаралып отырған тақырып немесе проблема бойынша оқушының бар білім қорын қорыту, өзектендіру, оқып отырған тақырыпқа тұрақты қызығушылық тудыра отырып, оқушының оқу іс-әрекетін мотивациялау, сабақ үстінде оқушының белсенділігін ояту.

II-саты мағынаны ажырата білу. Бұл жердегі міндеттер мүлде бөлек. Саты оқушыға жаңа ақпарат алуға, оны ой елегінен өткізуге, өзінде бар білімдерін біріктіруге мүмкіндік береді, мәтінді жан-жақты және әр тұрғыдан талдау жұмысы жүреді.

III-саты ой толғаныс-рефлексия. Мұнда, негізінен, алынған ақпаратты қорыту, жалпы ой елегінен өткізу, оқушыға жаңа ақпарат, жаңа білім беру, оқып отырған материалға әрбір оқушының өзіндік қатынасын қалыптастыру т.б. мән беріледі.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының тағы бір маңыздылығы, жүйенің кейбір ерекшеліктерінде, "тек қана есте сақтауымен емес, өзінің терең ойлануымен игеріп алған білім ғана білім деп, әйгілі орыс жазушысы Л.Толстой айтқандай, бұл жүйенің бір ерекшелігі, кез-келген ақпараттың жан-жақты ой елегінен өткізіп барып қабылданатындығы.

Екінші бір ерекшелігі, білім көбіне «өзгенің ақыл-ойымен шындалмаған білімі - білім емес» деп француз ғалымдары айтқандай, жеке емес, топтық не ұжымдық талқылаулар түрінде игерілетіні.

Әр мұғалім сабақта әдістерді қолдана отырып, оқушылардың оқуға деген зейіні мен білімін ашады. Ол, әрине, өз кезегінде мұғалімнің әдістер мен технологияларды меңгеруіне байланысты. Сабақтың қызықты әрі сапалы болуының арқасында оқушылардың бойынан ізденуге, оқуға деген құштарлықты, табандылық пен төзімділік сияқты қасиеттерді көруге болады.

«Сын тұрғысынан ойлау» сабақтарында білім беріп, икем-дағды қалыптастырып қана қоймай, ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер арқылы бала болашағына ықпал етіп, оның өз білімін жетілдіре отырып, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына жағдай жасауға болады. Әр баланың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез-келген сабақтың дамытушылық және тәрбиелік мүмкіндіктерін тиімді пайдалану осы жүйені қолдану барысында ойдағыдай жүзеге асырыла бастады.

Елбасының Қазақстан халқына 2012 жылғы 27 қаңтардағы Жолдауында «Қазақстанда адам капиталының сапалы өсуі - бұл, ең алдымен, білім мен денсаулық сақтау. Оқыту үдерісіне заманауи әдістеме мен технологияны енгізу, педагогикалық құрамның сапасын арттыру, біліктілікті растайтын тәуелсіз жүйені құру, жастар үшін білімге қолжетімділік аясын кеңейту қажет. Білім тек білім беріп қана қоймай, сондай-ақ алған білімін әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалануға икемделу керек» делінген [3, 4].

Ұстаздың қоғам өмірінде алатын орны мен олар атқарып отырған міндеттердің айрықша маңыздылығын Тұңғыш Елбасымыз Н.Назарбаев: «Мұғалімдер қоғамның ең білімді, ең отаншыл, ең санампаз бөлігі болып табылады», - деп атап көрсетті. Әр мұғалім күнделікті сабақта өз ісін зерттеп, жаңашыл әдіс-тәсілдермен оқушының білім сапасын арттыруы керек. Соның бірі - ақпараттық технология.

Ақпараттық технология - ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер - технологиялық құралдардың жиынтығы. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қол жеткізуге көмектесе алады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бап 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған [4, 5].

Қазіргі заман талабына сай, техникалық құралдарды пайдалана отырып, мұғалімнің әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануына мүмкіндігі зор. Өз жұмысында компьютерді, интерактивті тақтаны қолданған мұғалім өзінің өткізетін сабағының сапасын арттырып, оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастыруды белсенді түрде жүргізеді. Сабақ арасында ойын

элементтерін тиімді пайдалану олардың сабаққа деген қызығушылығын арттыра түседі, әрі баланың бойындағы қабілеттерді, ойлау мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Ғалым Н.К.Крупская «Қандай ойын болмасын баланы бір нәрсеге үйретеді. Ең бастысы, баланы мұқияттылыққа, еңбекке, жолдасымен ынтымақты болуға үйретеді» - дейді [5, 76]. Сол себепті мұғалім мен оқушының арасындағы психологиялық кедергіні бұзып, теңдік сезіледі. Ұялшақ, жасқаншақ оқушылар ойын барысында белсенді болуға мүмкіндік алады.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың бірі - интернет. Интернет оқу үрдісін жеңілдетіп, сабақты қызықты, әрі тиімді ұйымдастыруға, оқу-білім сапасын көтеру үшін көптеген мүмкіндіктер береді:

- сұраныс бойынша ақпарат алу;
- интернет тараптарында берілген пән бойынша тапсырмалар мен жаттығулар орындау;
- пән бойынша әр деңгейде тест жұмыстарын ұйымдастыру;
- сабақ тақырыбына байланысты ақпарат көздерін табу;
- тақырыптық жобалар дайындау;
- шетел авторларының шығармаларымен танысу;
- электронды сөздіктерді қолдану;
- электронды почта арқылы шетелдіктермен хат алмасу;
- аудио, бейне материалдар қолдану.

Интернеттегі аудио, бейне бағдарламаларды оқушыларға сабақта тыңдатуға, талқылауға болады. Мұндай жұмыс түрлері оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырады [6, 23]. Мұғалім өз сабағын бір сарынды түрде өткізбей, әр түрлі методтарды пайдалана отырып, технологияның көмегіне жүгінсе болады.

Сабақтың тартымды өтуі, ұтымды тәсілдерді дұрыс қолдана білу бүгінгі мұғалімнен ізденісті талап етеді. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып тұр. Мұғалім ізденімпаз, шығармашыл бола отырып, педагогикалық технологияны меңгеруге бетбұрыс жасауы керек. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны енгізуді міндеттейді.

Жалпы оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір мұғалімнің шеберлігі мен шығармашылығына байланысты. Мұғалім қандай әдісті қолдануды және өз тәжірибесінен әдіс шығаруды білуі қажет. Себебі шығармашыл тұлға ретінде оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, сабақтың қызықты өтуіне, оқушылардың білім деңгейлерін көтеруге, оқушылардың бойына намысшылдық, белсенділік, жауапкершілік, ұйымшылдық сияқты жақсы қасиеттерді игеруіне жәрдемдеседі.

Жас мемлекетіміздің болашағы - бүгінгі мектеп оқушылары. Оларға бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту - бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Оқыту жүйесінің қандай түрі болмасын, олар белгілі бір әдістемеге негізделеді. Әдістеме жан-жақты және өз орнында дұрыс қолданылса, өтілетін әрбір тақырыптың мазмұны да ойдағыдай ашылып, оқушылардың меңгеруіне жеңіл тиеді. Әдетте әдістеме өздігінен келе қоймайды. Ол көп жылдар бойғы ұстаздық қызметінің іс-тәжірибесімен, күнделікті сабақ беру процесімен тығыз байланысып жатады. Осылардың негізінде әр мұғалімнің бойында, ойында әдістеменің озықұлгілері жинақталады. Сонымен қатар олар күнделікті жұмыс тәжірибесінде озат мұғалімдердің шеберліктерін де пайдалана алатын болады. Бұлардың барлығы, сайып келгенде әдістемедегі белгілі бір жүйелікті қалыптастырады.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған басты міндеттемелерінің бірі - оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіру. Жаңашыл мұғалімдер лекция, семинар, практикум, конференция, іскер ойын сияқты әдістерді дәстүрге енгізіп отыру. Мұның өзі оқытушының бірыңғай мақсатында өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеудегі еңбегін ортақ арнаға тоғыстырады. Әрине, еліміздегі тәуелсіздіктің әсері қоғам дамуының барлық

салаларын қамтып, әлемдегі жаңа мазмұнды озық тәжірибелерге негізделген оқу-тәрбие жүйесінің қалыптасуына ықпал етті. Мұның өзі әрбір өсіп келе жатқан ұрпаққа тәлім-тәрбие беру, олардың рухани жаңарып жандануына тірек болатын мектеп екендігі бәрімізге белгілі. Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің өндірілуі үлкен жетістіктерге жетелеуде.

Бүгінгі ғылыми-техникалық прогрестің қарыштап өскені, кезінде өндірісті автоматтандыру, компьютерлендіру мәселесімен тығыз байланысты өркендетіп отырған өтпелі кезеңде мектеп оқушыларына ғылым негіздерін меңгеруде білімді әлемдік стандартқа жақындату, оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңарту арқылы білім сапасын көтеру мемлекеттік мәселе болып отыр. Бұл мәселелерді ойдағыдай шешу балабақшаның материалдық базасына, оқу-әдістемелік құралдардың ғылыми-әдістемелік негізде жасалуына, мұғалімдердің ұстаздық еңбекті жаңа технологиялық тұрғыда ұйымдастыруына, сонымен бірге мекеме басшыларының педагогикалық білгірлігіне, сөйтіп оқу-тәрбие жүйесін бүгінгі күн талабына сәйкес шебер ұйымдастыра білуімізге байланысты болмақ.

«Қазақстан тағдыры, келешегі мол ел болуы мектептің қандай негізде құрылуына тірелді. Мектебімізді сау, берік һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегімізге тайынбай сертесуіне болады. Ал сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт» - ұлы педагог М.Жұмабаев айтқан. Сондықтан мектеп- мемлекеттің, қоғамның және жеке адамның білім беру саласына сұраныстарын қанағаттандыратын қоғамдық-мемлекеттік жүйе. Өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесінің, дене және жан сұлулығының, интеллектуалды әлеуетінің қамын ойлау - тәуелсіз Қазақстанның алдында тұрған ең маңызды мәселесінің бірі. Әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасаулары керек. Оқытудың түрлерін, әдістері мен құралдарын одан әрі жетілдіріп, тиімді тәсілдерді нәтижелі қолданудың жолдарын іздестірулері қажет.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көрсететін әдіс-тәсілдері, түрлері көбінде жаңашыл, инновациялық деп атайды.

«Инновация» ұғымы педагогиканың сөздік қорына ежелден енген екен. Ол кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жаңа», «жаңалық енгізу» деп көрсетіледі екен. Кейбіреулер оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды. Бұл түсініктер кең мағынадағы терминдермен білім беру жүйесіндегі кез-келген өзгерісті сипаттайды. Инновация термині қазіргі білім берудің теориясы мен практикасында кеңінен қолданылуда. Бірақ, ғылымда бұл терминнің нақтылы анықтамасы белгілі бір категория ретінде берілмеген. Инновация ұғымы ең бірінші XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттелуінен пайда болды, яғни бір мәдениет түрлерін, екінші ел мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл ұғым этнографияда әлі күнге дейін сақталған [7, 89].

Қоғамның қазіргі дамуы кезеңінде оқыту мен тәрбиені нәтижелі ету білім беру мекемелерінің өзекті мәселелеріне айналды. Мектепке дейінгі мекемелер білім беру жүйесінің басқа да институттары секілді белгілі бір қоғамның, қоғамдық қарым-қатынас жүйесінің негізінде өз қызметін атқарады, сондықтан да олардың жалпы жағдайы, орны көбіне сыртқы факторлардың әсерінен, қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасының кейшімен анықталады.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі - жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі техникалық және кәсіптік білім берудің оқыту үрдісін жақсартуға жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Оқушылар терең де жүйелі білім және әдістемелік тәсілдерді жетік меңгерген болуы тиіс. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызығалықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Қоғам дамыған сайын, барлық құрылым бірге дамиды.

Қазіргі таңда кәсіптік және технологиялық білім беру үрдісінде кеңінен қолданылып жүрген бірнеше инновациялық технологияларды атап көрсетуге болады.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар:

- проблемалық оқыту;
- дамыта оқыту;
- деңгейлеп оқыту;
- дәстүрлі оқыту;
- модульдік оқыту;
- сұрақ-жауап ойындары;
- цифрлық білім беру ресурстары.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- әр оқушының дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

Проблемалық оқыту - ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге нәтижелерге жету жолдарын, баланың таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Дамыта оқыту - мектеп жасына дейінгі балада білім білік дағдының қалыптастыруын жоққа шығармайды, бірақ оқыту мен тәрбиелеу баланың дамуын қамтамасыз ететін жағдай болуы керек. Дамыта оқыту технологиясы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде балаларға тәрбиешінің қарапайым ізденгіштік, зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру тән. Дәстүрлі оқыту - балалардың таным қабілеттері және жас мөлшері шамамен бір деңгейді құрайды. Оқыту барысында жоспарланған тақырып кеңінен түсіндіріледі, балалар сол тақырып бойынша білім, білік дағдыларын игеру мақсатында жұмыс істейді. Цифрлық білім беру электрондық оқулықтар, компьютерлік ойындар, ғылыми-әдістемелік зерттеулер құрайды [8, 64].

Оқу процесін жетілдіру, оқушылардың қазіргі кезеңдегі технологиялық процестерді меңгеруі үшін өндірістік оқытуда көптеген инновациялық әдістерді тиімді қолдана отырып, мамандығын жақсы меңгерген, білімін әрі қарай жетілдіріп отыратын білікті де, білімді кәсіби мамандар даярлауға әбден болады. Сол себепті болашақ мамандар жаңа технологияларды меңгере отырып, оны практика жүзінде түрлі әдістермен қолдануларына болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Ишанғалиева А.М. Қүзіреттілік - білім мен мүмкіндіктің бірігуі. Шетел тілін оқыту әдістемесі №2---
- 2 Бабаев С. Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар - талапшан мұғалім еншісі. Бастауыш мектеп. 2001 №4
- 3 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты" атты халыққа жолдауы. Егемен Қазақстан 2012 №41-42 --
- 4 Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы Қазақстан мұғалімі. 1999
- 5 Крупская Н.К. Таңдамалы педагогикалық шығармалары. Алматы 1973
- 6 Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка. Иностранные языки в школе 2001 №3
- 7 Молдабекова К.Т. Хабаршы ҚазҰУ, № 8, 2010 ж.
- 8 Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. Алматы 2015 ж.

ӘОЖ 37.013:821.793.158

МУСАБАЛАЕВА ДИАНА АБЗАЛОВНА
ТУЛЕУОВА САНДУҒАШ ҚАНАТҚЫЗЫ
ЖОЛАМАНОВА ТОЙЫНДЫҚ МОЛДАҒАЛИҚЫЗЫ
Ж.Мусин атындағы жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Көкшетау, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация: мақалада сын тұрғысынан ойлау технологиясы жайлы ақпарат бере отырып, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сын тұрғысынан ойлауға үйрету жолдары көрсетілді. Сын ойлауға үйретуде қолданылатын бірнеше әдістерге (Екі жақты күнделік, Ауадағы сұрақтар, Жуан-жіңішке сұрақтар, РАФТ, Лимерик, т.б.) тоқталып, әдістердің тиімділігі көрсетілді.

Тірек сөздер: сын тұрғысынан ойлау, әдіс-тәсілдер, сұрақтар әдісі, педагогикалық технологиялар, сыни ойлау, білім, проблемаларды шешу

Еліміздің болашағы жарқын болуы үшін, ең алдымен, бізге білім қажет. Себебі, дербес мемлекетіміздің шоқтығын биікке көтеретін ол – білім. Сол себепті қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды қолдану қарқынды дамып келе жатыр.

Қоршаған ортамыздың бүгінгі дәуірлеу, даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп қабырғасында, кәсіби білім беру мекемелерінде, жоғары оқу орындарында қолданылып жатыр. Жаңа технологияларды меңгерту ұстаз бойындағы кәсіптік, ізденушілік, зияткерлік сынды адами құндылықтарды ашуға мүмкіндік береді. Жаңа технологиялар теориялық тұрғыда дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтижелер беруде.

Н.Ә.Назарбаев 2030 жылға арналған стратегиялық бағдарламасында: «Біз өзіміздің болашағымызды, балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді осыны айқындап алатын уақыт жетті», – деп айтқан болатын [1]. Еліміздегі ұлттық қоғамды гүлдендіру, жаңа өсіп келе жатқан жас ұрпақты инновациялық технологиялармен, рухтық тәлім және білім негіздерімен қаруландырып, қалыптастыру қажет.

Педагогикалық технологияларды күн сайын сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр ұстаз шәкірттерінің жас ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіби мақсатына, мүддесіне сай, өзінің шеберлігіне орай таңдап алады. Жаңа педагогикалық технологиялар – оқушылардың бойындағы қабілеттерін, астарлы ойлау білуін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, шығармашылық қабілетін дамытуға көзделіп отыр. Педагогикалық технологиялардың бірі – «Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы».

Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады. Сын тұрғысынан ойлау, көбінесе, бір нәрсені елестетуге баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейілділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулиды.

Бастапқы деңгейде сын тұрғысынан ойлау үдерісі:

- тиісті ақпарат жинауды;
- дәлелдерді сын тұрғысынан талдау мен бағалауды;
- кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қортындылар;
- ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды қамтиды.

Оқыту мен оқудағы сын тұрғысынан ойлау сияқты күрделі міндеттермен қатар, бұл процесс анықталмаған болжамдар мен құндылықтарды, проблемаларды мойындау және оларды шешудің тиімді құралдарын табуды, түрлі міндеттерді шешуде басымдықтарды белгілеудің маңызын түсінуді қамтиды.

Алайда, сын тұрғысынан ойлаудың негіздерін мектепке дейінгі ұйымдарда бүлдіршіндермен жұмыс барысында, қажетті дағдыларды дамыту мақсатында білім берудің ерте кезеңінен бастап дамыту керек. Бұл жолдағы ең оңтайлы тәсіл – балаларды өз тәжірибесіндегі дәлелдерге мән беруге ынталандыру.

Сын тұрғысынан ойлау мәнмәтінді есепке ала отырып, бақылау мен тыңдау арқылы дәлелдер жинастыру және шешім қабылдау үшін талапқа сай өлшемдерді қолдану сияқты дағдыларды дамытуды қарастырады. Сондықтан оқушыларға бақылау, талдау, қорытынды жасау және интерпретациялау дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасау керек. Мәселен, қазақ тілі мен әдебиет пәндерін оқытуда оқушыларға:

– суреттер, фотосуреттер, естелік жазбалары сияқты дәлелдерді жинақтау және топтастыруға;

– негізгі дерек көздерді бағалауға және оларға тиіс сұрақ қоюға;

– қорытындылар мен бастапқы тұжырым жасай отырып, негізгі дереккөздерді салыстыруға және талқылауға;

– анағұрлым кең тәжірибие негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауға тапсырма беріледі.

Жұмысты талдаудың соңғы кезеңдерінде оқушыларға мұғалімдермен пікірталасқа қатыса отырып, өздерінің бастапқы қорытындыларын талдау және қайта қарау арқылы өзінің оқу процесін, соның ішінде бағалау, түсіндіру және метатану процестерін барынша түсінуге көмек көрсеткен дұрыс.

Авторлар: «Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау», – деп түсіндіреді.

Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама [2].

Бұл технологияны қазақ тілі және қазақ әдебиеті сабағында қолдану өте тиімді. Оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруде өте маңызды. Сонымен қатар сабақта тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың жеке қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыруға болады. Ұстаз бұл жүйемен жұмыс жасағанда, үнемі оқушылардың санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отыруы тиіс. Сыни тұрғыдан ойлау маңызды мәселелерді талқылауды және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Сонымен қатар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім, білік, дағдысын қалыптастыру жолында әдіс-тәсілдерді тиімді қолданған жөн. Мысалы «РАФТ» стратегиясы бұл стратегияны «кейіпкерге хат» деп алса да болады. Формасын түрлендіруге мүмкіндік бар: хат, хабарландыру, жеделхат, өтініш, бұйрық, жарнама. Оқушы жұмысқа кіріспес бұрын мәтіннің мазмұнын жетік түсінуге тырысады, ол үшін оны бірнеше қайтара оқып, ой елегінен өткізеді. РАФТ оқушылардың тілін дамытады, қиялын өрбітеді, өз ойларын қағаз бетіне түсіру арқылы эссе жазуға жетелейді.

«Жуан-жіңішке сұрақтар» әдісі арқылы оқушылар мәтінмен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұны бойынша өздері тың сұрақтар құрастырады. Бұл дегеніміз, оқудың барлық әдістерін меңгеру болып табылады. Өйткені, оқушы алдымен қатесіз, түсініп оқуға тырысады, қойған сұрағына өзі жауап беруге дайын тұрады, басқа балалардың сұрақтарын мұқият тыңдап, сұрақ құрастырудың қиын жұмыс екенін біліп, ең үздік сұрақтарға ілтипат білдіреді. Бұл әдіс арқылы баланың байқампаздық қасиетін, тез ойлай білуін дамытуға болады. Сұрақтарды құрастырған кезде қиын немесе жеңіл сұрақ құрастыра алатындығына көз жеткізуге мүмкіндік береді.

«Ауадағы сұрақтар» әдісі де сын тұрғысынан ойлауға үйретуде таптырмайтын әдістердің бірі. Бұл әдістің ерекшелігі – сұраққа жауап іздемей, жауапқа сұрақ іздеуінде. Әдістің алгоритмі бойынша әр оқушы ойша сұрақ ойластырады да сол сұрақтың жауабын

шарға жазып, ұшырады. Әр оқушы бір-бір шардан алып, жауапты оқып, ауадағы сұрақты іздеп табады. Бұл әдіс оқушының ойын шыңдауға, сұрақты жүйелі құрастыруға, жауапты нақты, толық жазуға, әр нәрсеге сын тұрғысынан қарауға үйретеді.

«Қосжазба күнделігі» әдісін қазақ әдебиеті пәнінде қолданған өте тиімді. Себебі мәтінде берілген оқиғаларға өзінің пікірін жазады, демек, оның сөздік қоры молаяды, кейіпкердің жан дүниесін түсінуге тырысады. Осындай жұмыстар арқылы ең әуелі оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады, бір-бірімен пікір алмасып, сөздік қоры молаяды, еркін сөйлеу, өз ойларын жеткізе білу дағдылары қалыптасады, оқулықпен жұмыс істеуге, бір-біріне жүйелі сұрақ қоя білуге дағдыланады.

Әдебиет сабақтарында «Лимерик» әдісі арқылы бес тармақты өлең жаздырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттері артады. Оқушылар оқыған шығармаларының кейіпкерлерін ой елегінен өткізе отырып, олардың іс-әрекеттеріне баға беріп «Лимерик» әдісінің алгоритмі бойынша өлең жазу арқылы ой шыңдалады, жазушылық қабілеті артады. «Лимерик» әдісінің алгоритмі: бірінші тармақ – кейіпкер; екінші тармақ – кейіпкерге мінездеме; үшінші, төртінші тармақ – қимыл-әрекет, оқиға; бесінші тармақ – оқиғаның салдары немесе автордың сол кейіпкердің іс-әрекетіне бағасы [3, 62].

Мәселен, Болған екен Мадан хан

Өзі сондай ерекше жан

Барса Жаман алдына

Болады екен мәз-мәйрам.

Ақылды жан Мадан хан.

«Концептуалдық кестені толтыру» әдісі кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беруде өте қолайлы.

Кестені толтырар алдында ертегі мазмұнын толық меңгеріп алып, ертегі кейіпкерлерінің өмірге деген қызығушылығына, адамгершілік қасиеттеріне, іс-әрекетіне «*жоғары*», «*орташа*», «*төмен*» деген баға бере отырып, берген бағаны дәлелдеу қажет.

Кейіпкерлер	Өмірге қызығушылығы	Адамгершілік қасиеттері	Іс-әрекетіне баға
Аяз би (Жаман)	<i>жоғары</i> (қызға сенгендіктен, қызға берген уәдесінде тұрады, ханға бар шындықты тайсалмай атады, т.б.)	<i>жоғары</i> (қырық уәзір өзіне қанша қастандық істесе де, қажет кезінде оларға үнемі көмектеседі)	<i>жоғары</i> (шөптің, құстың жаманын табуға көмектеседі, ханның барлық сынынан сүрінбей өтеді, қыздың жұмбағын шешеді, т.б.)
Уәзірлер	<i>орташа</i> (жеңіл нәпақа тауып, қиыншылықсыз өмір сүруге үйренген, жағымпаздық жасап жүретін жандар)	<i>төмен</i> (көре алмаушылықтан жанындағы адамдарға жамандық ойлап, қиянат жасады)	<i>орташа</i> (Мадан хан мен Аяз бидің арасындағы татулықты, достықты көре алмай, Аяз биге көп қиянат жасады)
Мадан хан

«Мен шәкірттерімді ешқашанда үйретпеймін, тек олардың үйренуіне тиімді жағдайлар жасауға тырысамын» деп А.Эйнштейн айтқандай, қазіргі заман талабына сай біздің де мақсатымыз – білім алушылардың өздігінен білім алуына, өз бетінше ізденуіне, өздік жұмыстар жасауына, шығармашылықпен жұмыс жасауға жағдай жасау. Әрі сын тұрғысынан ойлауға үйретіп, өмірде кездесетін қиыншылықтардан шығудың жолын көрсету, проблемаларды өздігінен шешуге үйрету.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға үйретудегі тиімді әдістердің бірі – «Шындық детекторы» әдісі. Бұл әдіс бойынша тақтаға бір оқушы шығады, оған 8-10 сұрақ қойылады. Ол сұрақтардың бәріне дұрыс жауап береді де, бір-екі сұрақтың жауабын қате айтады. Топта отырған оқушылар өзара ақылдасып, қай сұраққа жалған жауап бергенін анықтайды, дәлелдейді [4].

Бұл әдіс оқушылардың білімінің беріктігін тексеруге өте тиімді әрі саналы да терең білім алуына көмектеседі.

Қорыта келгенде, қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданудың сабақ сапасына әсері мол. Сабақта сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегияларын тиімді де жүйелі қолдану оқушылардың танымдық қабілеттерін, белсенділігін дамытып, оқушыларды шығармашылыққа жетелейді.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту арқылы үлкен жетістіктерге жетуге болады. Біріншіден, оқушылардың білім сапасы көтеріледі. Екіншіден, оқушылардың сөйлеу мәдениеті артып, ораторлық қабілеті шыңдалады. Үшіншіден, кез-келген тапсырманы орындауға талпынады. Төртіншіден, өмірге тез бейімделіп, функционалдық сауаттылығы артады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Назарбаев Н.Ә. 2030 жылға арналған стратегиялық бағдарламасы. – Алматы: Ақ орда, 1 қазан, 1997 жыл.
- 2 Мирсейітова С. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері. – Алматы: Мұрагер, 2011 жыл.
- 3 Әбдібекқызы Қ. Оқушылардың көркем шығармашылық қабілетін дамыту. – Алматы: Рауан, 1994 жыл. – 62-б.
- 4 Жақсылықова Г.И., Каженова А.М., Исмагилова Н.З. Интербелсенді әдіс-тәсілдер. Алматы: Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 жыл.

ӘОЖ 37.013:821.723.139

НАУКАНОВА АИДА ЕРЛАНОВНА
ҚУАНЫШБАЙ ГҮЛДЕРАЙ ЕРҒАЗЫҚЫЗЫ
ЖОЛАМАНОВА ТОЙЫНДЫҚ МОЛДАҒАЛИҚЫЗЫ
Ж.Мусин атындағы жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Көкшетау, Қазақстан
aida.naukanova2000@gmail.com

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Аннотация: мақалада қазақ тілі сабақтарында қолданылатын бірнеше педагогикалық технологиялардың тиімділігі көрсетілді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының білім алушыны дамытудағы рөлі айқындалды. Нақты тапсырмалармен теория практикамен ұштастырылды. Ж.У.Кобдикова мен Ж.А.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының қазақ тілі сабақтарындағы тиімділігі көрсетілді. Модульдік оқыту технологиясын қазақ тілі сабақтарында қолданудың тиімділігі айтылып, практикамен ұштастырылды.

Тірек сөздер: Технология, оқыту, инновация, әдіс, дамыту, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, модульдік оқыту .

Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында: «Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландыруының және инновациялануының негізіне айналуы тиіс», – деген болатын [1]. Бұл мәселе жалпы білім беретін мектептерге байланысты айтылып тұрғандығы белгілі. Еліміздің болашағы орта мектептен толық қанды сапалы білім алған, оның бағдарламасын

толық меңгерген баладан, яғни оқушыдан шығары анық, өйткені ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушысы.

Бүгінгі таңдағы оқыту үрдісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Әр мұғалім өз іс-тәжірибесінде көптеген қиындықтармен, кедергілермен кездеседі. Сабақтағы басты тұлға, басты кейіпкер – оқушы. Оқушыны өз қалауымен білім алуға, ол үшін ізденуге, терең ойлауға, зерттеуге дағдыларын қалыптастыру қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процестерді кез-келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім, білік, дағдысын емес, оның тұлғасын, білім арқылы дамуын қамтып отыр. Қазіргі уақытта басты талап – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығарып, оқу үрдісіне енгізу [2].

Шыныменде, қоғамның бүгінгі басты бағыттарының бірі – білім беру үрдісін ақпараттандыру. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану білім үрдісінде тиімді және білім сапасын көтеруге ықпал жасайды. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу бүкіләлемдік коммуникация желісіне шығу деп көрсетілген [2].

Жаңа педагогикалық технологиялардың басты мақсаты – оқушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету. Оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын меңгеру педагогтен орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер педагогтің жаңа педагогикалық технологияны меңгеріп, инновациялық тұрғыдан жетілуіне әкеледі.

Жаңа педагогикалық технологияларды қолдану төмендегі кезеңдер арқылы жүзеге асады:

- I кезең: оқып-үйрену;
- II кезең: меңгеру;
- III кезең: оқу-тәрбие процесіне ендіру;
- IV кезең: дамыту;
- V кезең: нәтижесін шығару.

XXI ғасыр – жаңа технологиялар мен жаңа білім беру ғасыры. Ғылым, қоғам дамуы салаларының мазмұны жаңарып, өзгеше сипат алуда. Қазіргі педагогика теориясына елеулі өзгерістер еніп, жаңа көзқарастар пайда болды, әрі білім беру құрылымында жаңа технологиялар өмірге келуде. Педагогикалық технологияны жетік меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі таңда мұғалімнің алдында тұрған басты міндет – оқушыға тек сапалы білім берумен ғана шектелмей, оны келешек өмірге дайын азамат ретінде қалыптастыру [3, 36].

Қазіргі заманда жиі кездесетін және қазақ тілі сабақтарында қолданылып жүрген технологиялар ол сын тұрғысынан ойлау технологиясы мен деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы. *Сын тұрғысынан ойлау технологиясы* – шығармашылық ойлау. СТО бағдарламасы қазақ тілі пәнінен сабақ жоспарын құруда және оны өткізуде өте қолайлы. Мұғалім сабаққа дайындалу барысында көп ізденеді және оқушыны да өз еркімен ізденуге дағдыландырады. Оқушы мектеп бағдарламасындағы тақырыпты толық зерттейді, қорытынды шығарады. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін осы технологияның өзіндік пайдасы зор. Бұл сабақтардың дәстүрлі сабақтардан өзгешелігі – оқушылар жеке, жұпта, топта ойларын ортаға салып талдайды. «Семантикалық карта толтыру», «Автор орындығы», «Постер қорғау», «INSERT», «ДЖИКСО», «Екі жақты күнделік», «Триггерлік сурет», «Венн диаграммасы», «Т кестесі», «ПОПС формуласы» стратегияларын пайдаланып өткізген сабақтарда өз ойын анық айтып, өзін еркін ұстап, өз білімін өзі талқылауға

оқушыларға мүмкіндік береді. Ортаға салған ойларын мәтіндегі негізгі ойға сәйкестендіріп қағаз бетіне түсіреді, қорғайды. Әр топ қағаз бетіне түсірген сызбаларды талқылап жатқанда, сөйлейтін оқушы да топ мүшелерінің аргументтерін жинақтап сөйлеуге дайындалады. Бірінші кезеңде оқушылар әрі ойланып, әрі еске түсіріп, әрі жазып, өз ойларын саралап, өзге оқушылардың пікірін тыңдап, білімін кеңейте түседі. Ортамен қарым-қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын қорғай білуге, айта білуге үйретеді. Оқушылардың жазған пікірі басқа оқушылардың пікірін тыңдап, толықтырып сызба ретінде түсіргенде ойындағы негізгі қажеттігін жазады.

INSERT әдісі:

Білемін	Білдім	Білгім келеді
Етістіктің шақтарын, өткен шақты, оның түрлерін (жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ)	Ауыспалы өткен шақ жайлы, ауыспалы өткен шақтың құбылып бірде ауыспалы өткен шақ, бірде ауыспалы келер шақ болатынын	Ауыспалы келер шақ пен ауыспалы өткен шақ етістіктерінің көркем шығармада қолданылуын

Семантикалық карта толтыру стратегиясын қолдануда сызба беріледі, мақсаты: бірінші бағанда берілген жедел өткен шақты етістікті ауыспалы өткен шаққа айналдырындар.

Жедел өткен шақ	Ауыспалы өткен шақ
Мен жазда ғылыми-практикалық конференцияда ойымды ашық айттым. Демалыста Асан нағашыларына қонаққа барды. Гүлден он бірінші сыныпты үздік бағамен бітірді.	Мен ғылыми-практикалық конференцияларда өз ойымды ашық айтатынымын.

Қазақ тілі сабақтарында жиі қолданылатын келесі технологияның бірі – *деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы*. Біздің елімізде осы технологияның негізін қалаушылары Ж.У.Кобдикова, Ж.А.Қараев. Деңгейлеп оқыту – оқылатын ақпараттың азаюы арқылы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әр түрлілігі арқылы жүзеге асырылады. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты – әрбір оқушы өзінің даму деңгейіне оқу материалын меңгеруін қамтамасыз етеуі. Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып білім алуға жағдай жасап, мүмкіндік береді. Бұл технология әр түрлі категориядағы балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді [3, 19].

Әр сыныпта оқу озаттары мен үлгермеушілер пайда болу себебі – балалардың даму деңгейінің бірыңғай болмауы, жеке қабілеттеріндегі айырмашылықтар болып отыр. Сол себептен сабақ үстінде деңгейлеп саралап оқыту жиі қолданылады. Осының нәтижесінде әр оқушы сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймайды, соны өзі игеріп, талап, пікір таластыру деңгейіне жетуге тырысады, даму үстінде болуды қалайды.

Тақырып бойынша жасақталған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтауын, белсенділігін, дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

1-деңгейлік тапсырмалар.

1. Жаңа сөздерді еске сақтап, орысша, қазақша баламасын жазындар.
2. Осы сөздерді қатыстырып 2-3 сөз тіркестерін құрастырындар.

2-деңгейлік тапсырмалар.

1. Жаңа сөздерге сұрақ қойындар
2. Сурет бойынша 2-3 сөйлем құрастырындар.

3-деңгейлік тапсырмалар.

1. Ашық, қара, бала, оқушы, биік, жатыр... сөздерін қатыстырып, шағын мәтін құрастырыңдар.

2. Екі сөзді салыстырып, екінші жағын толтырыңдар:

«Кім? Не?» сұрағына жауап беретін сөздер

«Қандай?» сұрағына жауап беретін сөздер

Барлық оқушы өз қызметін ең төменгі деңгейдегі тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана келесі деңгейге көшіп отырады. Бұл оқушылар арасында жарысу жағдайын туғызады және әр оқушының мемлекеттік стандартқа сай білім алуына кепілдік береді, әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкесті жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасайды. Аталған жаңа бағалау әдісі әр оқушының дамуын қадағалайтын педагогикалық мониторинг құруға мүмкіндік береді. Деңгейлік тапсырмалардың мақсаты – оқушыға жеңілден қиынға, қарапайымнан – күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар жүйесін ұсына отырып, оқушыны ізденушілікке, шығармашылыққа баулу.

Деңгейлеп оқыту технологиясының өзіндік ықпалы зор. Оқушыларға өздік жұмысын ұйымдастырып өткізуге көмегін тигізеді. Оқушылар өздік жұмыстарын орындап, білімдерін мониторингтік жүйе арқылы өздері бағалап, диагностикалауға қол жеткізеді. Ж.Қараевтың деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы мынандай 4 деңгейге бөлінген: Репродуктивтік деңгей– жалпыға бірдей стандартты білім негізінде тапсырма беріледі. Мұндай тапсырмалар оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқушыға байланысты. Алгоритмдік деңгей– мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған ақпаратты пайдалана отырып орындайды. Эвристикалық деңгей– оқушы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді қолдана отырып жауап береді. Шығармашылық деңгей – оқушының таза өзіндік шығармашылығын байқатады. Жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгереді [4, 4].

Қазақ тілі сабақтарында қолданылатын тиімді технологиялардың бірі – *модульдік оқыту технологиясы*. *Модульдік оқыту технологиясы* – оқушының тұлғалық ерекшеліктері мен қажеттілігіне орай мазмұн мен оны игерудегі өзіндігіне негізделеді. Модульдік оқыту барысында мұғалім ақпарат беруші және бақылаушы қызметтеріне қоса кеңескерлік және үйлестірушілік қызметтерін атқарады. Модульдік оқытудың басты мақсаты- нәтижелі оқыту. Технологияның басты ерекшелігі – жаңа заман кезіндегі өзгерістер мен жаңашылдыққа тез бейімделуі. Модульдік принцип біртұтастық пен толық аяқтаушылықты белгілейді. Модуль бойынша құрастырылған оқу материалын меңгеру барысында оқушы төмендегі қасиеттерді жүзеге асыра алады:м

Өзін-өзі таниды, жан-жақты ізденеді, анықтайды, көрсетеді, бекітеді, нәтижені анықтайды, жүзеге асырылады.

Модуль: Дәрігерде

Тақырыбы: Емханада

Грамматикалық тақырып: -нікі, -дікі, -тікі жалғаулары

Мақсаты: оқушыларды сөйлеу мәдениетіне баулу, мамандық таңдауға бағдар беру, денсаулықтарын күтіп, таза жүруге тәрбиелеу; тақырып бойынша жаңа сөздерді таныстыру, сөз тіркестерін және сөйлемдер құруды үйрету; -нікі, -дікі, -тікі жалғауларын қолданысы туралы түсінік беру, жаңа сөздерді өмірде қолдануды үйретіп, оқушылардың сөздік қорларын байыту.

Көрнекілігі: мамандық иелері туралы суреттер, кесте, интерактивті тақта.

Сабақтың түрі: жаңа тақырыпты түсіндіру

Қолданатын педагогикалық технология: Модульдік оқыту оқыту технологиясы

Барысы: *Ұйымдастыру кезеңі.* Сәлемдесу. Психологиялық ахуал тудыру. Топпен отырғызу.

Жаңа сабақ. Сөздік жұмыстан басталады:

Сөздік жұмыс

Емхана – поликлиника

Дәріхана – аптека

Дәрі – лекарство

Тамақ – горло

Сөздерді оқиды, сөз тіркестерін құрастырады. Содан соң жаңа сөзді тіркестерді қатыстырып, сөйлем құрастырады.

Наша поликлиника, большая аптека, мое лекарство, твое горло;

Тақтаға модульдің сызбасы шығады. Оған қарап балалар бүгін не туралы өтетінімізді өздері айтады.

Дәптермен жұмыс. Айын, күнін, тақырыбын жазады.

– Бүгін қандай күн? *Желтоқсанның 14-і*

– Аптаның қай күні? *Сәрсенбі*

Грамматикалық тақырып: сызбаға қарап, балалар өздері ереже құрайды.

Қазақ тілінде -нікі, -дікі, -тікі жалғаулары сөздің жуан немесе жіңішке айтылуына қарамай барлық сөздерге жалғана береді. -нікі, -дікі, -тікі жалғаулары жалғанған сөздерге қандай сұрақ қойылады? Бүгінгі сабағымызда топтар деңгейлік тапсырмаларды орындай отырып, мәреге жетулері керек.

Деңгейлік тапсырмалар

1-деңгейлік тапсырма.

– Әр оқушы өз атына -нікі, -дікі, -тікі жалғауларын қосып жазады және айтады;

Валера + нікі, Диас + тікі, Коля + нікі, Егор + дікі, Орынбасар + дікі, Никита + нікі

– Берілген сөздерден сөйлем құрастырындар:

Дәрігер, жұмыс, істейді, емханада.

Жедел жәрдем, шақырды, әжем.

Дәрі, сатады, дәріханада.

Сақтау, денсаулықты, керек.

2-деңгейлік тапсырма.

– Сөз тіркестерін құрастырындар;

Көзілдірік мектептікі, кітап інімдікі доп әпкемдікі, парта ағамдікі, қуыршақ сіңлімдікі

– Мәтінді оқып, орыс тіліне аударындар;

3-деңгейлік тапсырма.

– Диалогты оқып, ұқсас диалог құрастырындар;

– Сурет бойынша 3-4 сөйлем құрастырындар;

Бағалау. Әр топ жұмыс орындау барысында оларға ұпайлар беріліп отырады әрі кері байланыс жасалады, топтардың жұмыстарына қорытынды жасалады.

Қорыту. Балалар бір-біріне сұрақтар қояды. Дәрігер мамандығы туралы айтады. Өз денсаулықтарын күту, таза жүру керектігі туралы айтады. Осы сабақта мұғалім тек бағыттаушы қызметін атқарып, көбінесе, баланы сабақтың негізгі кейіпкері етеді.

Мемлекеттік тілді оқытуды тиімді ұйымдастыру – ұтымды нәтиже. Жаңа педагогикалық технологиялар жүйесіндегі инновациялық әдістерді қолдана оқытудың жаңаша сабақ үлгілері: дамыта оқыту сабақтары, телесабақтар, интерактив сабақтар, мультимедиялық сабақтар, элетрондық сабақтар, интернет сабақтар, жобалау сабақтар т.б. осындай сабақтардың ұтымды жақтары тәжірбиеде оң нәтиже беруде.

Қорыта келгенде, ұлы неміс педагогі А.А.Дистервег айтқандай: «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді» – деген [5]. Шынымен де бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың басты міндеті. Оқытудың қазіргі жаңа технологияларын меңгеру және оқушылардың жас ерекшеліктеріне, сабақ үрдісіне сай етіп әзірлеу көптеген ізденушілікті талап етеді. Әрине, ұстаз әрбір сабағын мазмұнды құрып, жаңа технологиялармен сабақ беріп отырса, оқушылардың терең, әрі тиянақы білім алуына жол ашылады. Сондықтан да қазіргі ұрпақты білім нәрімен сусындатуда жаңа технологиялардың алатын орны ерекше. Жаңа технологияны меңгеру интеллектуалдық, рухани жағынан қалыптасуына игі әсерін тигізетін, өзін-өзі дамытуға көмектесетін құрал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы. – Астана: Ақорда, 2017 жыл, 31 қаңтар.
- 2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана: Ақорда, 2007 жыл, 27 шілде, № 319 Заңы.
- 3 Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Тараз: Тараз университеті, 2007 жыл.
- 4 Жоламанова Т. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Қарағанды: Ақнұр баспасы, 2018 жыл.
- 5 <https://bankreferatov.kz>

ӘОЖ: 376.6:372.882:943.43

НӘДІРХАН ГҮЛЖАНАТ
ЖАБАГИНОВА МАЙРА ҚАНАПИЯҚЫЗЫ
Ж.Мусин атындағы жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Көкшетау, Қазақстан
gulzhanat.ndrkhan@bk.ru

ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН МЕКТЕПТЕДІҢ ОРТА БУЫНЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аннотация: мақалада шағын жинақталған мектептерге анықтама беріле отырып, шағын жинақталған мектептердің орта буынында қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі сөз болды.

Тірек сөздер: Шағын жинақталған мектеп, ауыл мектептері, оқушылар, сабақ, әдістер.

Шағын жинақталған мектеп дегеніміз – тұрғындардың саны аз аймақтарда жұмыс істейтіндіктен, оқушыларының саны аз, біріктірілген сыныптардан, толық емес сыныптардан тұратын, оқу үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыруда өзіндік ерекшеліктері бар жалпы білім беру мекемесі. Қазіргі таңда шағын жинақты мектеп:

– біріктірілген сыныптармен және толық емес сыныппен жұмыс жасайды. Шағын жинақталған мектептер – бұл алыс мекендерде орналасқан қазақ ауылдарында оқушылардың жетіспеуінен екі немесе бірнеше сыныптарды бірге қосып оқытатын мектептер. Қазіргі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде орналасқан шағын елді-мекендердегі мектептердің басым көпшілігі – шағын жинақты мектептер. Мұндай мектептер саны тәуелсіздік алған жылдардан кейін жыл сайын өсіп келе жатқаны белгілі. Шағын жинақталған мектептер мынадай мақсаттарды алдыға қояды:

- шағын жинақталған мектеп оқушыларына жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес білім беру;
- мектеп түлегінің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;
- ауыл шаруашылығы мамандығына бағыттталып, ауыл мәдениетін, экономикасын дамытуға үлес қосу;
- қабілеттерін дамыту, өмір бойы үздіксіз білім алуын, өз бетімен білімін жетілдіруін қалыптастыру [1].

Ауыл мектептерінде оқушының жеке басының психологиялық ерекшеліктерін зерттеп білуге жағдай мол.

Шағын жинақталған мектептерде оқушылардың өз бетімен көбірек жұмыс істеуіне тура келеді. Бұл үдерістің ұтымды жақтарын пайдалана отырып, оқушылардың өздігінен бақылау жұмысын жүргізуге, қорытынды жасай білу дағдыларын байыта түсу мүмкіндіктерін үнемі есте ұстау керек. Ұй тапсырмасын оқушының білім дәрежесі мен қабілетін ескере отырып даярландыру қажеттігін де естен шығармаған жөн.

Шағын жинақты мектепте оқу үдерісін ұйымдастыруда деңгейлеп саралап оқыту, ұжымдық оқыту, дидактикалық біліктілікті арттыру, модульдік оқыту және тағы да басқа технологиялар қолданылады. Сонымен қатар шағын жинақталған мектептердің орта

буынында қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнін оқытуда: деңгейлеп оқыту, ұжымдық оқыту технологиялары тиімді болып келеді.

Деңгейлеп оқыту – оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай, сабаққа деген ынта-ықыласына, қабілетіне қарай топтастыру.

Ұжымдық оқыту әдісі динамикалық жұптар құра отырып, оқушылар арасында танымдық қарым-қатынасын, оқушылардың бірін-бірі оқытуын ұйымдастыру болып табылады. Ұжымдық оқыту технологиясы балалардың қарым-қатынас тапшылығын азайтуға, ауылдық жерлерде оқушылардың аздығы жағдайында оқушылардың диалогтік және диалогтік сөйлеу қабілеттерін дамытуға жағдай жасап, мұғалімнің жалпы сыныппен жұмысын азайтып, жекелей оқыту уақытын көбейтуге мүмкіндік береді.

Шағын жинақты мектеп жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану арқылы білім беру, ғылым мен мәдениет және т.б салаларда ақпараттардың халықаралық дереккөздерін, электрондық оқу материалдарын пайдаланады. Жалпы оқу бағдарламасында оқушыларға нені оқыту керектігін көрсетеді және оқулықтар жасалады. Шағын жинақталған мектерде қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда бірнеше әдістер қолданылады.

1. Оқушылардың оқу-таным әрекетін ұйымдастыру және оны іске асыру әдістері
2. Оқу-таным әрекетіне түрткі жасау, әсер ету әдістері
3. Оқу-таным әрекеттерінің тиімділігін тексеру әдістері

Бұлардың әрқайсысына жекелеген әдіс енеді. Мысалы I топқа көрнекілік және практикалық әдістер. (олар қабылдаумен есте сақтауға негізделеді). Ал II топқа балалардың қызығу мүддесін туғызу, зейінін жинақтау және оқуда борыш, жауапкершілік туғызу әдістері. III топқа ауызша тексеру, жазбаша тексеру, лабораториялық-практикалық тексеру және өзін-өзі тексеру әдістері енеді.

Шағын жинақталған мектептердің орта буынында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін кіріктіріп оқытуда қолданылатын тиімді әдістердің бірі – *кітаппен жұмыс әдісі*. Оқушыларға берілетін теориялық білім оқулық пен оқу құралдары бойынша жеткізіледі. Бұл құралдар әрбір сыныптарға арналған оқу бағдарламаларына негізделіп жасалады. Мұғалім қазақ тіліне арналған материалдардың ерекшеліктерімен бірге оларға байланысты берілетін анықтамалар мен ережелерді оқытып, түрлі жаттығу жұмыстарын оқулық пен көмекші құралдар негізінде іске асырады. Оқулықта берілген көркем шығармаларға сүйеніп мәтіндік талдау жасайды [2].

Көрнекілік әдісі. Тілдің грамматикалық құрылысын, оның жекелеген категорияларын оқушыларға жан-жақты түсіндіруде, тақырыптық, талапқа сай жасалған көрнекі құралдарды пайдаланудың үлкен маңызы бар. Қазақ тіліндегі берілген тақырып бойынша жаңа сабақты түсіндіру, өткен материалды қайталау, не бекіту, жаттығу жаздыру кезінде пайдаланылған көрнекілік әрбір сабақтың әсерлігін және мазмұнын арттырып, оқушыға білімді қызықты, жалықтырмай игеруге септігін тигізеді. Көрнекіліктің түрлері көп. Оны сабақтың мазмұнына қарай, мұғалім басшылығымен жүзеге асырылып отырады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында көп қолданылатын көрнекіліктер: схемалар, кестелер, картина, табиғат суреттері, техникалық құралдар, т.б. Қазақ тіліне арналған кестелер: фонетикалық, орфографиялық, пунктуациялық, лексикалық кестелер. Кестелер бір тақырыпқа арналған, не жинақтау түрінде болуы мүмкін. Көрнекілік әдістің бір түрі – Триггерлік сурет әдісі. Әдебиет сабақтарында көркем шығарманың сюжетін мазмұндауда мәтін мазмұнына сай сюжеттік суреттерді қолданып, Триггерлік сурет әдісі арқылы сюжетін баяндау өте тиімді.

Жалпы әдіс-тәсілдер оқушылардың сабаққа деген ынта ықыласын, қызығушылығын, қабілеттерін арттырып, сабақты түсінуге жағдай жасайды. Сонымен бірге шағын жинақталған мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін оқытқан кезде оқушылардың деңгейлеріне қарай тапсырмалар, жаттығу жұмыстарын жасатқаны тиімді, соған орай, оқушылардың деңгейлерін анықтап, әрбір оқушының қай салаға икемділігі бар екендігін және қызығушылықтарын мұғалім анықтай алады. Шағын жинақталған мектептерде бірнеше сыныптарды бірге оқытатындықтан оқушылардың әрқайсысының зейінін арттыру

мақсатында интерактивті тақталардың маңызы өте зор. Себебі оқушылар қазақ тілі мен әдебиеті сабағында интерактивті тақталармен жұмыс жасаған кезде оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады, және интеллектуалды қабілеттерін арттыра отырып, өзінің ойын, пікірін емін-еркін айта алуға жетелейді. Оқу материалына негізделген оқу фильмдерін, видео роликтерді көрсету арқылы оқушылар естіген және көрген материалдарын есте сақтай алады. Оқушылар аудиалды және визуалды қабілеттеріне қарай оқу материалдарын жақсы қабылдайды, себебі көре отырып естіген оқу материалдарының 40-50 пайызы оқушылардың есінде қалады. Демек, мұғалім әрбір оқушыға жеке-жеке түсіндірмей-ақ интерактивті тақта арқылы әр оқушыға оқу материалын меңгерте алады.

Мұғалім оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәрбиелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады. Мұғалім оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдермен қатар оның құралдарын да пайдаланады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолданылатын әдістер: түсіндіру, әңгімелесу, кітаппен жұмыс. Оқыту үдерісінде ең көп тараған дәстүрлі әдіс – сөздік немесе мұғалімнің ауызша баяндау әдісі. Бұл әдіс оқыту процесінде басқа әдістерге қарағанда жетекші рөл атқарады. Тәжірибелік әдістердің ішінде ең көп қолданылатыны – жаттығу әдісі. Оқу барысында теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгеру жаттығу арқылы орындалады. Ауызша жаттығу оқушының оқу материалын ауызекі баяндауға дағдылану мақсатын көздейді.

Деңгейлеп оқытудың ерекшелігі:

1. Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі.
2. Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.
3. Білім дәрежесі бірдей оқушыларды оқыту ісі жеңілдейді.

Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеттен алатын білімін толықтыра отырып, қажетті дағдылар мен біліктердің қалыптасуын қамтамасыз етуіне ықпал етеді. Деңгейлік тапсырмаларды белгілі бір тарау аяқталған кезде, қайталау сабақтарын өткізгенде пайдалану өте ұтымды. Бұл тапсырманың ең маңыздылығы – әр оқушы өз шамасына қарай тапсырманы орындай отырып өзінің нені білетінін және не білмейтінін толық сезінеді, жолдастарынан қалмау үшін келесі жолы білмегенін біліп алуға тырысады.

Әңгімелесу әдісі білімді жинақтауға, оқушылардың теориялық білімдерін қолдану тәсілдерін жүйелеуге бағытталған. Әңгімелесу барысында мұғалім сұрақты бір оқушыға немесе барлық сынып оқушыларына қояды. Бірлескен іс-әрекет арқылы оқушылар өздері еңбектеніп, ойланады. Білімді жинақтайтын, бекітетін әңгіме оқушылардан теориялық білімдерін, оны қолдану тәсілдерін жүйелеуге бағытталған.

Шағын жинақталған мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті сабағын оқытқанда топқа бөлу әдісі тиімді рөл атқарады. Оқушыларды топқа бөліп, 1-2-3 топтарды өзара бір-бірімен жарыстырады. Сонда топ арасында ұйымшылдық, бірін-бірі сыйлауы, тыңдауы қалыптасады. Сонымен бірге әр оқушының қабілеті ашылады. Мысалы, бір оқушы сурет салса, енді бірі шығармашылықпен, енді бірі ән айтады, осылайша оқушылардың топ арасында кімнің қандай өнері бар екендігін және бұрын соңды білмеген қабілеттерін дамыта алады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында интербелсенді әдістерді қолданудың да өзіндік тиімді жақтары көп. Интербелсенді оқыту білімді меңгерту үдерісінде оқушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. «Интербелсенді» дегеніміз диалог арқылы, әңгіме, сұхбат, бірлескен оқу негізінде үйрету. Бұл үдерісте оқушылар бірлескен таным үдерісіне белсенді араласа алады және әр оқушы өзінің игерген білімін ортаға салып талқылап, ой толғау жасай алады. Интербелсенді оқыту процесінде оқушы бірлескен әрекет негізінде, басқа оқушылармен өзінің идеясымен, білімімен, түсінгенімен, сұрақтарымен пікір алмаса отырып, жоғары ойлау деңгейіндегі тапсырманы қалай орындай алатындығын айқындайды. Бұл процесс – әдетте ынтымақтастық ахуалда өтіп, жаңа білімді қызығушылықпен оқушылардың игеруіне мүмкіндік туғызады, жағдай жасайды.

Интербелсенді әдістерді қолдану ақпарат ұстаздан оқушыға, оқушыдан ұстазға беріліп отыруына ықпал етеді. Бұл интербелсенді оқыту кезінде оқушы өз пікірін еркін жеткізе білуге, өзге оқушылардың пікірін тыңдай білуге, өзгелерге құрметпен қарауға үйренеді. Мәселен, «Дербес пікір жазу» тәсілін қолдану кезінде әр оқушы тақырыпқа қатысты өз көзқарасын білдіреді. Оқушы 7-8 минут ішінде қарастырылған тақырып бойынша өз ойын жазады. Ой өзіндік пікірді 1 сөйлеммен білдіру, дәлелді 2 сөйлеммен келтіру, өз пікірін дәлелдейтін мысалды 2 сөйлеммен, өз пікіріне қарсы дәлелді 1 сөйлеммен білдіру, қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысалды 1 сөйлеммен келтіру және қорытындыны 2 сөйлеммен жеткізу сияқты құрылымдардан тұрады. Бұл әдісті қолдану кезінде мұғалім әр оқушыға өз ойын айта алуына мүмкіндік береді. Оқушылардың жеке дара ерекшеліктерін ескере отырып, коммуникативтік шығармашылық қабілетін дамыту.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағын «Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі арқылы өткізуге болады. Мұғалім сабақ барысында жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, оқушыларға осы атауларға қатысты мынадай сұрақтарға жауап беруді тапсырады:

1. Қайда? Бұл терминдерді сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?

2. Қалай? Өз тәжірибеңізбен осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?

3. Қандай? Сіз осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыздар?

Әдеттегідей, бұл жұмысты жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды.

Мұғалімнің сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабаққа байланысты өзгертіп отыруы тиіс.

«Ассоциативті қатар» әдісі. Мұғалім бір сөз немесе сабақтың тақырыбын жазады. Оқушыларға бір бетке тақтада жазылған сөздерден пайда болған пікірлерін жазуды ұсынады. Мысал: Зат есім, оның мағыналық түрлерінде жалпы, жалқы, деректі, дерексіз сөздерді мұғалім тізіп жазады және соған байланысты оқушылар дұрыс сөздерге + қате сөздерге – қойып шығады.

«Алдын-ала берілген атаулар» әдісі. Мұғалім сабақ барысында жаңа тақырып бойынша бірнеше атау, терминдер жазып қойып оқушыларға оның мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлануын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша яки жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдауына болады. Бұл тапсырманы күрделендіріп, берілген тапсырмалардың ішінде сабақ тақырыбына қатысы жоқ бейтарап сөздерді қосуға болады [3].

Мәтінді талдау үшін қолданылатын «ПОПС» формуласыда бірінші «Біздің ойымызша» деп басталатын сөйлемді жалғастырады, екінші «себебі, біз оны былай түсіндіреміз:» деген сөйлемді жалғастырса, ал үшіншісі «біз оны былай дәлелдейміз» дей келе, фактілер мен дәлелдер келтіреді. Әдістің ең соңында оқушы ойын жинақтап, қорытынды ойын жеткізеді.

«Бес қадам» әдісінде ортаға табан іздері сияқты жасалған табан іздері тасталады. Ортаға 5 оқушыдан шығады. Әр оқушыға сол күнгі лекциялық тақырып бойынша 1 сұрақтан қойылады. Оқушылар берілген табан іздерін басқан сайын сұраққа жылдам жауап беріп отырады. Осы сияқты әдістерді қолдана отырып, сабақты ұйымдастыру – мұғалім мен оқушының өзара тиімді қарым-қатынас жасауына және оқушының сыни ойлау дағдыларының қалыптасып жетілуіне, әрі өз бетінше талдау, қорытынды жасай білуіне ықпал етеді. Сабақ барысында « Миға шабуыл», « Автор орындығы», «Ыстық орындық», «Уақыт тізбегі», «Хикая картасы», «Балық қаңқасы» «Дара диаграмма» оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді әдіс-тәсілдері оқушылардың қызығушылығын туғызады, әрқайсысының оқу процесіне қатысу

белсенділігін кеңейтеді, әрбір оқушының сезіміне назар аударады және оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді, оқушыларға көп жоспарлы әрекет етуге әсер етеді [4].

Оқыту процесінде кері байланысты (аудиториялық жауап беру реакциясын) жүзеге асырыды және оқушылардың пікірлерімен қарым-қатынастарын қалыптастырады, өмірлік машықтарды қалыптастырады, мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

Қазіргі уақытта сабақтарда жаңартылған бағдарламаның жүзеге асыру шеңберінде оқытудың интербелсенді әдістері және интербелсенді құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Сондықтан оқу тәрбие процесінде үнемі жаңа оқыту құралдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған білім алушыларымызды үйрету – әр педагогтің басты міндеті. Осы шарттарды дұрыс орындағанда ғана біз күтілетін нәтижеге қол жеткізіп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын тудыра аламыз. Оқу барысында үйренушілер әрқашанда белсенді болып, өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға өзге пікірді сыйлауға үйренеді. Ал, мұндай адамзат бәсекеге қабілетті, білімді, білікті, өрісі жоғары ел болашағын ойлайтын тұлға болып қалыптаса алады.

Шағын жинақталған мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін оқыту кезінде әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы сабақты қызықты қылып өткізу – мұғалімдерге қойылатын басты талап.

Тағы да басқа көптеген әдістер арқылы оқушылармен жеке- жеке жұмыстар жүргізу арқылы оқушылардың таным қабілетін оятып, өмірге деген көзқарасын біз жас маман ретінде қалыптастыруымыз керек.

«Ой ойыннан басталады» демекші, ойын ойнату арқылы оқушылардың басқару қабілетін арттыруға, оқушылардың сыныппен, қоғаммен, ортамен араласып диалогқа түсуіне, бір-бірінің қабілетін, қызығушылығын арттыру, интеллектуалды белсенділігін арттыру, болашақта өз ойы, пікірі қалыптасқан, тұлға болуға апарар жол ол – ойын, соның ішінде дидактикалық ойындар және көрнекіліктермен жұмыс істей отырып оқушыларды жан-жақты дамыту тұлға болып қалыптасуға апарар жол болып табылады.

Қорыта келгенде, шағын жинақталған мектептердің орта буынында қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда ұстаз шығармашылықпен жұмыс жасап, жан-жақты ізденсе, алар асулары да, жетер жетістіктері де мол болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Астамбаева Ж.Қ., Уәйісова Г.И. Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы. – Алматы, 2010.
- 2 Баймолдаев Т.М. Шағын жинақталған мектептерде пәндерді оқытуда жаңа педагогикалық әдістерді пайдалану жолдары. //Әдістемелік нұсқау. – Алматы, 2002.
- 3 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. – Алматы, 2009.
- 4 Молдағалиев Б., Махимова А., Сатқанова Г. Интерактивті оқыту әдістері. //Қазақстан мектебі -2006., №9.

ӘОЖ 37.02. 371

СМАГУЛОВ ТАЛГАТ КАИРБЕКОВИЧ
СЕҢКІБАЕВ САБЫР ТӘЛИҰЛЫ
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан
senkubaev54@mail.ru

М.ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ПЕДАГОГИКА» ЕҢБЕГІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация: мақалада ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік мәселелерінің бірі оқу-ағарту болғаны, оны дамытуға үлес қосқан алаш қайраткерлерінің еңбектері қарастырылған. Ұлтымыздың ұлы ақыны, педагог-ағартушы М.Жұмабаевтың

«Педагогика» еңбегі, онда басты нысанаға алынған мәселелерге тоқталған. Еңбектегі ұлттық тәрбие, ұлттық құндылықтар, ұлттық тұлға ұғымдарының өміршеңдігі мен өзектілігі, оны қалыптастыру жолдары жүйелі түрде көрсетілгені тұжырымдалған. «Педагогика» еңбегінің бүгінгі қазақ педагогикасы ғылымында алатын орны, мәні мен маңызы көрсетілген.

Тірек сөздер: ұлттық тәрбие, тұлға, ұлттық тұлға, ұлттық құндылықтар, педагогика, тәрбие, рухани құндылық.

Жас ұрпақтың тәрбиешісі – оның ұстазы. «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің азғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қоса қалса, қадірлі орын - мұғалімдікі», - дейді ұлтымыздың ұлы ақыны, педагог Мағжан Жұмабаев [1,97].

Түркі әлемінің ойшылы Жүсіп Баласағұнның: «Білім – адам баласының ортақ қазынасы» деген терең пікіріне зер салып, ой түйсек терең мән бар. Бүкіл адамзат баласының ғылымды игеріп, жаңалықтар ашып, әлемнің жұмбақ сырларын ашқаннан бері де талай ғасыр өтті. Бүгінде біз, ақпараттық технологияның қарыштап дамыған заманында өмір сүріп жатырмыз. Ақпараттың молдығы сондай, қабылдау мен түйсінудің өзі адам баласына көп күш түсіруде. Ал осындай заманның жас өскінін қалай оқытамыз, халық даналығына бой салсақ, «жақсыға үйретеміз, жаманнан жирендіреміз». Бұл бүгінгі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен міндет.

Тұңғыш Президент Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан 2030» жолдауында: «...Оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажетті, бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкәппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» – деген болатын. Президентіміздің бұл сөзі мұғалімдер үшін негізгі бағыт, бағдарлама болуға тиісті [2].

Психолог С.Л.Рубинштейн: «Жалпы даму барысында жеке адам қалыптасады. Оның сыртқы қалпын тек ішкі орта арқылы, сол жеке бастың өз қуаты, өз белсенділігі арқылы іске асырады», - дейді. Философ Г.С.Батышев «Адамды «жасауға», «өндіруге», зат ретінде орнатуға, өнім ретінде затқа айналдыруға, сырттан келген құлықсыз әрекеттің туындысы ретінде қарауға болмайды. Тек оны іске қоса біл, әрекетке келтір. Сол арқылы басқа адамдармен әрекет барсында белсенді адам қалыптастыруға болады»-дегенді айтады [3,26].

Қазақстан бүгінде әлем таныған мемлекет. Ұлт болып қалыптасқаннан бергі тарихын, тілі мен ділін, мәдениетін, ұлттық құндылықтарын зерделеп, зерттеп жатқан ғылымы бар. Осындай асыл мұраны кейінгі ұрпақтың бойына сіңіру, оларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу үшін көптеген игі істер атқарылып жатқаны аян. Осы тұста өткенге пайыммен қарай отырып, алаш қайраткерлерінің еңбегіндегі педагогикалық ой-пікірлер мен көзқарастарды танып білу елдігіміздің белгісі болып табылады.

XX ғасырдың бас кезінде алаш қайраткерлері ұлт мүддесін көздеп, ұлттың болашағына алаңдап, ұрпақтың оқу-білім игеріп қана қоймай, ұлтжанды болып қалыптасуына ерекше назар аударғаны шындық. Сондықтан да олардың қаламынан ұлттық педагогикаға қатысты еңбектер жарық көрді.

Ұлттық мүдде жолында аянбай еңбек еткен ұлы тұлғалардың бірі М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінің бүгінгі педагогика ғылымында алатын орны ерекше екені анық.

М.Жұмабаев 1922 жылы "Педагогика" атты ғылыми еңбегін жарыққа шығарады. Сол кездегі көрнекті қазақ, зиялыларының бірі - белгілі ғалым-педагог, публицист М.Жолдыбаев осы кітаптың беташарына былай деп жазыпты: «Заманға дәл жаңа кітап шыққанша малданып, одан кейін оқып, салыстыра қарап, бұрынғы жазғандардың адасқан жерін тауып отыруға Мағжан педагогикасы іздесе таптырмайтын пайдалы тарихи материал...». Өз кітабы жөнінде автор былай дейді: «Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттың мұғалімдер курсына оқытылған дерістерден түзілген еді. Бұл күнге дейін басылып шығып, жарық көре алмады».

Біз бұдан кітаптың басылуы оған оңай болмағанын, көпшілік талқысына түсіп, тәжірибелі мұғалімдердің сынынан өткен еңбек екенін байқаймыз.[1].

Мағжан Жұмабаев тағы да былай деді: «Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым... Бізде бұрын пән тілі болмағандықтан, түрлі терминдерге таңдап тап басқанда қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда, курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орысшадан қазақшаға айналдырылды. Ал енді жаһан тілі болып кеткен сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиіс таппадым»[1]. Автор өз еңбегін төрт аяғын тең басқан дүние демейді. Сөйтіп тұрса да, бұл еңбектің ғылыми әлемді елең еткізген керемет туынды екені анық.

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінің «Жалпы педагогика» деген тарауында «Тәрбие деген не?», «Тәрбие бөлімдері», «Тәрбиедегі мақсұт», «Педагогика қандай пән?», «Педагогика мен жақсы таныс болудың керектігі», «Педагогикаға жәрдемші пәндер», «Педагогика бөлімдері» деп тараушаларға бөліп қарастырады.

«Адам баласы туғанда інгәләған айғайы мол бір кесек ет. Ақыл-есі жоқ. Денесі тым әлсіз. Өсуі, ұлғаюы сараң, тым шабан. Мінеки, адам баласы осылай өте әлсіз боп туып, аса сараң өсетіндіктен, оның денесіне, жасына азық беріп, өсуіне көмек көрсепей яғни оны тәрбие қылмай болмайды», - дейді [1, 98].

Мағжан Жұмабаев адам баласының физиологиялық өсіп өнуі мен қатар оның тәлім-тәрбие алуы қажет екенін бас айтқан Баланың бойына қалыптасатын қасиеттердің бәрі белгілі бір бағыттағы тәрбиенің жемісі, нәтижесі екені анық.

Адам табиғаты өте күрделі құбылыс. Оның тәні мен жаны тәрбиені бірдей қажет етеді. Қай халық болмасын өз ұрпағының тәрбиесіне ереше қарайды. Жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа құштар қылып өсіру, тәрбиелеу жолдары қашанда қоғам алдындағы міндет, ұрпақ алдындағы борыш, ата –баба алдындағы парыз екені ақиқат. Өскелең ұрпақты еңбексүйгіштік пен төзімділікке баулу ата салтымыз. Себебі олар еңбек пен төзімділік өмір сүрудің ең жоғары формуласы деп түсінген.

Ұлтымыз өз намысын ешқашан жау қолына бермеген. Ұшы қиыры жоқ кең даласын тек ел намысын қорғаудағы жау жүрекеттілігінің арқасында ғана жауға бермей, дұшпаннан қорғап қалған. Қара сөздің қасиетін бәрінен жоғары қойған ат-бабамыз сөз арқылы дауды да, жауды да қайтарып, бір ауыз сөздің құдіреттілігін түсініп, сөзді қастерлей білген. Осы игі қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіруді Мағжан Жұмабаев та өз еңбектерінде қарастырған.

Біздің халқымызға тән асыл қасиеттер сұлулық пен әсемдік, алғырлық пен тапқырлық, шапшандық пен ат құлағында ойнай білетін шеберлік екенін көпшілік біледі. Осындай ізгі қасиеттеріміз мен ата-салтымыз арқылы ғана ұлтымыздың ұлылығын сақтап, өсіп өркендеп даму жолында көштен қалмай келеміз. Өз ұрпағының өнегелі, өнерлі еңбексүйгіш, шабытты, ақылды болуын армандаған, халқымыздың арман тілектерін тәрбие арқылы ғана орындауға болатынын мойындаймыз.

«Тәрбиедегі мақсұт - адамды һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат баласын, әрбір ұлтты бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесі бақытты, қысқасын айтқанда, тәрбиедегі мақсұт – адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару», - деп ұлттық болымысты бойына сіңіріп тәрбиелеуде де, адамдық қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіріп тәрбиелеуде де ұстаздың ұлылығын дәріптейді[1,99].

«Тәрбие тал бесіктен басталады» деген дана халқымыз қашанда ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Оң берілген тәрбиенің адамның өзі үшін, жақын туыстары үшін, қоршаған ортасы үшін пайдасы зор болмақ. Адам үшін тәні мен жанының саулығы, отбасының татулығы, береке мен тоқшылық, мейрімділік пен сыйластық, өзгенің қуанышына қуана біліп, қайғысына ортақтасу, өзіңе ұнайтын, жаныңа жақын қызметінді істеп, өзіңе де өзгеге де сыйлы болудан артық ештеңе жоқ.

Алаш ардақтылары «Адам» атты ұлы есімнің бойында тек жақсы қасиеттер мен іс-әрекеттер ғана болуға тиіс деп, ұрпағын соған құштар етуді мақсат еткен. Қазақтың ұлы қайраткерлері әрбір ұлттың, жалпы адамзат баласының бақытты болуын армандаған. Қай

ұлттың болмасын шын мағынасындағы «Адам» болып қалуына үлесін қосқан. Олар өз ұлтының мұңын мұндап, жоғын жоқтаған. Әрбір ұлт мүшесінің өзіндік болмыс -бітіміне сәйкес ұлттық тәлім тәрбие алуы қажет деп санаған. Әрбір ұлт мүшесі өз ұлтының ұлттық қасиеттерін бойына сіңіріп, адам атты аяулы есімді ардақтап, ұлттық тәлім тәрбиемен қарулануы керектігін баса көрсеткен [4].

Әр халықтың ұлттық рухы сол ұлттың бітім болмысына терең сіңген кезде ғана ұлт жасампаз болады. Нағыз ұлттық тұлға ғана ұлттың бейнесін жоғары көтереді, ұлылығын ұлықтайды, ұлттық қасиеттерді сақтай біледі. Осы тұрғыдан қарастырғанда М.Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегі аса құнды да маңызды еңбек болып табылады. Автор өзінің осы еңбегінің «Педагогика қандай пән» деген бөлімінде: «Біз жоғарыда адам баласының тәрбиеге мұқтаж екендігін, оған қандай тәрбие беру керектігін һәм ол тәрбиені не үшін беру керек екендігін айттық. Жә, тәрбие керек. Бірақ, балаға дұрыс тәрбиені әрбір тәрбиеші (ата, ана, мұғалім) тәрбие жолын ешкімнен үйренбей-ақ, ешнәрсені оқып білмей- ақ, өз бетімен бере ала ма? Әркім өзі-ақ жол тауып кететіндей бала тәрбиесі соншама бір жеңіл нәрсе ме? Жоқ бұлай емес. Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда да ауыр өнер жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер», деп педагогика ғылымының тағылымдық тереңділігіне барлайды. Қоғамда өз орнын табатын, өз мүмкіншілігіне сенетін, өзін көрсете білетін адам тәрбиелеу, тұлға қалыптастыру үлкен еңбек екенін ғылыми тұрғыда тұжырымдайды. «Педагогика ғылымымен жақсы таныс болудың керектігі» жайында айта келіп, баланы тәрбиелеу барысында тәрбиешінің өз тәжірибесі, өмірлік тәжірибесі, өмірден көріп түйгені, өзінің жетістіктері мен кейбір жіберген қателіктері бала өміріне ықпал етеді деген тұжырым жасайды. Сондықтан кез келген тәрбие саласында қызмет істейтін тұлғаның бойында жақсы қылықтары мен қасиеттердің міндетті түрде басым болуы тиісті екендігін аңғартады.

«Тәрбиедегі мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес. Келешек өз заманына лайық қылып шығару ғой. «Баланды өзімдей бол деп үйретпе, өзімдей болма деп үйрет!» деген Әзірет Әлінің сөзінде көп шындық бар Бұл -бір», -дейді [1,100].

Адам – қоғамның белсенді мүшесі. Оны бір-бірінен жеке дара қарай алмаймыз. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғамдағы өзгеріс, оның дамуы, әлеуметтік ерекшелігі, сол қоғамның өзіндік сипаты мен тарихи дамуы адам өмірімен, оның болмысымен тікелей байланысты, қоғамдық-әлеуметтік құбылыс адам сана –сезіміне әсер етпей қоймайды. Мағжан Жұмабаев адам баласына оның ішінде жас ұрпақ тәрбиесінде қоғамның ықпалын нақты деректермен дәлелдеп көрсете білді. Автордың пайымдауынша «әрбір тәрбиешінің қолданатын жолы- ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың балаға тәрбие қылуы туралы ескіден қалыптасып келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтайдай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әр бір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Бірақ ұлт тәрбиесін, ұлттық тәрбие жолында ұстаған жолын түгелімен дұрыс деуге болмайды. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болған сықылды, жамандық жағы да көп. Талай нашар, зиянды әдеттер әрбір ұлт тәрбиесі ішінде толып жатыр», [1,101]-деп ғалым ұлттық тәрбиенің қандай болу керектігіне тоқталады.

Әрбір ұлттың өзіне тән ұлттық бала тәрбиеудегі салты мен дәстүрі болады. Бұл ұлттық тәрбие болып табылады. Өз ұлтының қамын ойлайтын, сол үшін қызмет ететін, ұлттың ізгі қасиеттерін бойына сіңірген, ұлттық тұлғаның қалыптасуын сол кездің өзінде, яғни қызыл империялық саясаттың үстемдік құрып тұрған шағында өз ұлтының қамын ойлаған ұлы ғалымның бұл пікірлері күні бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ. Ұлт тәрбиесінің ішінде де жағымды жағымсыз әрекеттердің бар екенін, сондықтан ұлттық тәрбие беруші тәрбиешілер оны ой елегінен өткізіп қажеттісін іріктеп алып беру керектігін де көрсетеді.

«Жоғарыда айтып кеткендей, балаға шын дұрыс тәрбие беру үшін тәрбиешінің өз тәжірибесі һәм ұлт тәрбиесімен таныс болуы жетпей жатады екен. Бұлар – сыннан өткізілмей пісірілмеген күйде беріліп, негіз бола алмайды. Бұлардың арасынан жақсы-жаманын, алтыны мен мысын тізіп ала білу үшін тәрбие майданында шынығып ысылған тарландардың

тәжірибелерімен, түрлі ұлттан түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен, қысқасы, тәрбие туралы дұрыс жолға түсіретін шын тәрбие дәнімен, яғни педагогикамен жақсы таныс болу керек»-дейді М.Жұмабаев [1,101].

М.Жұмабаев бұл жерде ұстаз жақсы мен жаманды, асыл мен жасықты айыра алатын, ұлттың өткен тарихын жақсы білетін білімді және өз білімін бала көкірегіне дарыта алатын шебер-әдіскер маман болуын айтып отыр. М.Жұмабаев «Педагогикаға жәрдемдес пәндер» деп яғни педагогиканың басқа пәндермен байланысын, соның ішінде «Дене тәрбиесі», «Жан тәрбиесін» ерекше бөліп қарауға тырысқан. Дене туралы пәндер – психология, физиология, гигиена, гимнастика деп жіктейді, аталған пәндердің тұлғаның қалыптасуына әсерін дәлелдеп, құнды пікірлер айтқан. Адам денесінің дұрыс қалыптасуы үшін – оның дұрыс қимыл әрекеті, сұлулығы, тазалығы, дене бітімі де көз тартарлықтай әдемі болу керек деп қараған. Адам жанының жай-күйін, ақыл-ойын, ішкі жан-дүниесін, сезімін, адамшылық қасиетін дамыту барысында да “психология”, “логика”, “этика”пәндерінің алатын орнына тоқталған.

Ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңірген, ұлттық рухы, ұлттық қасиеттері мол сақталған, адамгершілігі жоғары, өзін барлық қоғамдық ортада ұстай білетін, тілі жетік, ойы орамды және өз ойын өзгелерге шебер жеткізе алатын, сезімге тиянақты, жауапкершілігі аса жоғары-адам ұлттық тұлға болып қалыптасады.

Ғалым педагогика тарихына да тоқталып, өткен тарихқа тереңірек үңілмей, оның қажеттісін тандап, талғап алып пайдаланбай, педагог-ғалымдардың ой пікірлерін зерттеп білмей, оқып тоқымай, оны зерделемей болмайды деп тұжырымдайды. Оны зерттейтін пән «педагогика тарихы» дейді. Жақсы мен жаманды, құндылық пен құнсыздықты, ұлылардың зерттеп-зерделеген түйіндерін оқытып, үйрету арқылы ұлт тарихын, ата-баба дәстүрін жан-жақты терең білетін ұлттық тұлға қалыптастыруға болады деген ой түйіндейді.

Өз ұлтын қадірлеп-қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі қаламгер, қоғам қайраткері, алаш арыстарының бірегейі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» - дейді, ал атақты шешен, батыр Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі -өзім, екіншісі- халқым» деген болатын. Ұлтына асқан сүйіспеншілікпен, перзенттік борышын бәрінен жоғары қойған ұлт ардақтыларының жүрекжарды пікірлері бүгінгі жас ұрпаққа нағыз елжанды, ұлтжанды, тәрбие берері сөзсіз. Ұлттық рухы берік, ұлт мүддесін бәрінен жоғары қоятын ұлттық тұлға бүгінгі қазақ қоғамының нағыз белді өкілі екені анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Жұмабаев М. Педагогика.-Алматы: Ана-тілі, 1992.-160 б.
- 2 Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030” жолдауы. 1997.
- 3 Сағындықұлы Е. Педагогика. –Алматы: Білім, 2001.-220 б.
- 4 Қалиев С. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. –Алматы: Білім, 2001- 224 б.

ӘОЖ 372.851

ТӨЛЕГЕН ӨМІРБЕК ШАЙМҰРАТҰЛЫ
БАШАРОВА ЗАМЗАГУЛЬ ЖАНАТОВНА

Ж.Мусин атындағы жоғары қазақ педагогикалық колледжі,

Көкшетау, Қазақстан

Otolegen61@mail.ru, zhaanatovna@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА АРИФМЕТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДЫ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аннотация: мақалада бастауыш сыныпта математиканы оқытудың мақсаты мен міндеттері анықталып, математиканы оқып-үйрену барысында оқушылардың бағдарлама мазмұнына сай меңгеретін білімдері, игерілетін іскерліктер мен дағдылар нақтыланады.

Математиканың бастауыш курсы оқу барысында оқушылардың меңгеретін ойлау заңдылықтары, қоршаған орта құбылыстары, математикалық тілдің негіздері көрсетіледі. Математиканың бастауыш курсының мазмұнына қысқаша талдау жасалып, материалды оқытудың қағидасы туралы қысқаша мәлімет берілген. Арифметикалық материалды бастауыш курс математикасында алатын орны мен маңызы баяндалады. Сөйтіп, арифметикалық материалға қандай ұғымдар жататыны көрсетіліп, арифметикалық ұғымдарды оқытудың әдістемелік мәселелері жалпыланады. Сондай-ақ бұл мақалада арифметикалық материалдың ішінде маңызды орын алатын сандарды оқу, жазу және салыстыруды оқыту әдістемесіне кеңірек тоқталады. Мақаланың түйіні ретінде арифметикалық материалды оқытудың нақты мысалы ретінде бастауыш сыныпта өткізілетін сабақтың барысы баяндалады.

Тірек сөздер: бастауыш білім беру, мақсат, міндет, сын тұрғысынан ойлау, арифметикалық алгоритм, арифметикалық материал, геометрия элементтері, сан, цифр, реттік санау, кері бағытта санау

«Математика» пәні бастауыш білім берудің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады. Математика бойынша бастапқы білім сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытады, зерттеу және қарым-қатынастың, математикалық білімді өмірде қолданудың алғашқы дағдыларын қалыптастырады. Математиканың бастапқы курсы оқып үйрене отырып, оқушылар талдау, синтездеу, жіктеу, салыстыру, себеп-салдарлық қатынастар мен заңдылықтарды анықтауды үйренеді, түрлі заттар мен қоршаған орта құбылыстарын сипаттау үшін математикалық тілдің негіздерін игереді, білім мен іс-әрекет тәсілдерін меңгереді, мұның барлығы жинақтала келе оқи білуге негіз болады [1, 290].

Бастапқы математикалық білімнің негізгі мақсаттарына сәйкес, оқу пәні бірқатар міндеттерді айқындайды. Атап айтқанда:

- логикалық ойлауды, кеңістіктік елестетуді және математикалық терминдерді пайдалану біліктілігін дамыту;

- оқу және тәжірибелік проблемаларды шешу, арифметикалық алгоритмдерді пайдалану, геометриялық салулар мен математикалық зерттеулер жүргізу қабілеттерін дамыту;

- сын тұрғысынан ойлауды, шығармашылық қабілеттерді дамыту;

- математиканы әлемді суреттеу, модельдеу және түсіну тәсілі ретінде қабылдау;

- өзінің математикалық білімі мен біліктерін басқа пәндерді меңгеруде, күнделікті өмірде қалай пайдалану керектігін түсіну;

Жоғарыда аталған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруда арифметикалық материалды оқып-үйрену маңызды рөл атқарады [1, 321].

Бастауыш курс математикасында арифметикалық материалға мыналарды жатқызуға болады: сан ұғымы, сандарды нөмірлеу, сандарды оқу, жазу, салыстыру және есептерді арифметикалық тәсілмен шешу. Бұл ұғымдар бастауыш курс математикасының негізгі өзегі болып табылады. Бастауыш курстың басқа материалдары осы арифметикалық ұғымның маңына топтасып, арифметикалық материалмен тығыз байланыста оқытылады.

Математикада сандарды оқу, жазу, салыстыру концентрлер бойынша оқытылады, олар: ондық, жүздік, мыңдық, көп таңбалы сандар, сонымен қатар сандарды бұлайша оқытудың өзіндік себептері де бар. Оларды атап айтсақ:

- Алдыңғы концентрде қарастырылған сұрақтар келесі концентрде бекітіледі және әрі қарай тереңдетіледі;

- Алдыңғы концентр бойынша игерген білім, білік және дағдылар келесі концентрді оқып үйренгенде негізге алынады;

- Осы тақырыптың негізгі сұрақтарын бірнеше рет қайталау арқылы, оқушылардың білімі мен білігі жетілдіріледі;

- Әрбір жаңа концентрді оқып үйренгенде оқушылармен жүргізілетін өзіндік жұмыстың көлемі артады;

- Қарастырылған сандар аймағы біртіндеп кеңейтіп, оқып үйренген сандар туралы білім сандардың жаңа аймағына қолданылады;

- Материалды оқытудың осындай рет тәртібі ондық санау жүйесінің ерекшелігіне мейлінше сәйкес келеді [2, 23].

Бастауыш сынып математикасындағы өзекті ұғымдардың бірі натурал сан болып табылады. Жалпы алғанда, бұл ұғымды «эквиваленттік жиындар класының сандық сипаттамасы» ретінде анықтауға болады. Сондай-ақ, натурал сан ұғымы нәрселерді санаумен ғана шектелмей, шамаларды өлшеумен де байланыстырылады.

Арифметикалық амалдарды оқып үйренген кезде натурал сан жаңа сипаттама – оларға қолданылатын объекті ретінде кездеседі. Санаудың ондық жүйесіндегі сандарды жазу үшін таңба қойылады, яғни цифрдың әрқайсысының өз атаулары бар, олар бір таңбалы теріс емес, бүтін сандарың атауларына сәйкес келеді.

«Сан» және «цифр» ұғымы әртүрлі ұғымдар болып келеді. Цифрлар санды жазу үшін қолданылатын ерекше математикалық таңбалар екеніне балалардың назарын аудару қажет. Бұл өте маңызды болап саналады. Өйткені, бастауыш сыныптың көптеген оқушылары екі түсінікті, яғни «сан» және «цифр» ұғымдарын үнемі шатастырады. Осындай жағдайды болдырмау үшін оқушыларға «сан» және «цифр» туралы түсінік қалыптастыру үшін қызықты етіп түсіндіру қажет, осы кезде әр түрлі әдіс - тәсілдерді қолданған дұрыс. Тіпті мұғалімдердің кейбіреулері ол терминдердің бірін екіншісінің орнына қолданады. Сан және цифр жайында әңгіме қозғалған күннен бастап олардың екі түрлі түсінік екенін оқушыларға аңғартуға ерекше көңіл бөлу керек [3, 15].

Ең алдымен мұғалім әр баланың математикалық дайындық деңгейін алдын ала тексеріп алу қажет, балалардың әрқайсысымен жекедара қарым – қатынас жасай отырып, олардың бәрінің де жетілуіне және жан-жақты дамуына ықпал жасайды. Оқушылардың дайындық деңгейлерін анықтау үшін заманауи әдіс – тәсілдерді қолдануға болады.

Осы бағытта жүргізілетін жұмыстың нәтижесі дайындық кезеңі материалының мазмұнын және сәйкес іс – әрекет түрін, оны ұйымдастырудың әдісін айқындауға көмектеседі. Оқу басталғанға дейін ерекше маңызды мәселелерді саралап, осыған байланысты әр түрлі қызықты тапсырмалар, ойындарды, оқушылармен еркін түрде диалогқа түсу үшін қолданады. Осы орайда сұрақ – жауап әдісі арқылы оқушыларға сұрақтар қойылады, яғни «сен санай білесің бе?», «суретте неше құс бейнеленген?», «қайсысы артық, қайсысы кем?» деген сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар өз білім деңгейлерін көрсете алады. Мұғалім оқушыларға түсіндіріп жатқан кезде тек сөйлеумен ғана шектеліп қоймай, яғни бірсарынды қылмай өткізуге тырысып, презентация, көрнекіліктердің көмегімен түсіндіруі қажет [3, 29].

Дайындық кезіндегі мұғалімнің негізгі мақсаты – оқушыларды санай білуге машықтандыру, сондықтан да санауға берілген әр түрлі тапсырмалар, жаттығулар, ойындарды дайындық кезеңіндегі әрбір сабаққа енгізіп отырады. Сондай-ақ оқушылар құр санау емес, сандарды тура және кері ретпен атау ғана емес, қоршаған ортадағы нәрселерді, оқулықта берілген суреттерді, т.б. санауға да аса назар бөлінуі тиіс. Мұғалімнің көмегімен оқушылар заттарды санағанда қалдырмай санау керектігін, мұқият болып, бір нәрсені екі қайтара санауға болмайтығын түсінеді және де санау нәтижесі санау ретіне байланысты емес екендігіне көздерін жеткізеді. Оқушылар нәтиженің жемісін көру үшін әр сабаққа нәрселерді санауға арналған практикалық тапсырмалар, ойындар енгізіледі, яғни мысал келтіретін болсақ, дүкенде болсын, базарда да сауда жасау үшін арифметикалық амалдардың қай-қайсысыда қолданылады [4, 12].




«Сан» ұғымы математикадағы ең негізгі бастама ұғымдардың қатарына жатады, яғни бастауыш сыныптарда 0 саны және натурал сандар оқытылады. Олар жайында қарапайым түрдегі түсінік қалыптастырылады. Демек, «натурал сан дегеніміз не?» деген сұрақ қоюға болмайды. Жалпы алғанда, сан ұғымының мағынасы тек қана нақты мысалдар арқылы ашылады. «Сан» термині математикалық сөз ретінде енгізіледі. Бірақ сан шығу үшін заттарды немесе нәрселерді санаудың қажеттігі көрсетіледі. Осыған орай заттар мен сандарды




сәйкестендіруге байланысты әр түрлі тәсілдерді қолданумен қатар, әр алуан жаттығулар, ойындар, практикалық тапсырмалар қарастырылады [5, 18].Аталған әдісті «5 саны және цифры» тақырыбын оқыту әдістемесінің мысалында көрсетейік.

5 цифры үш элементтен тұрады. Алдымен кішіректеу түзу таяқша жазылады, содан соң тордың жоғары қабырғасының ортасынан сәл оңға қарай, тордың ортасына дерлік көлбеу жүргізеді. Әрі қарай оң жақ сопақшаны жазады да, ең соңында солдан оңға қарай цифрдың жоғары элементін жазады. Сабақ барысында оқушыларды 5 санының құрамымен және оны алудың әртүрлі әдіс - тәсілдерімен таныстыру қажет.Мысал келтіретін болсақ, яғни балалардың қызығушылығын арттыра отырып иллюстрация арқылы түсіндіруге де болады. Төрт баланы ортаға шығарып, 1-ден 4-ке дейінгі сандарды тура және кері ретпен санатамыз.5 саны 4-тен үлкен бе,әлде кіші ме?5-санын қай жерде кездестіруге болады? деген сұрақтарды қою арқылы естеріне түсіріп,айтқызу.

Қысқа мерзімді жоспар

Сабақ: Математика		Мектеп:	
Сабақтың тақырыбы: «5 саны және цифры»		Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 1		Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабаққа негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	1.1.1.1 санау барысында натурал сандардың реттік номері анықталатындығын түсіну; 1.1.1.2 біртаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыр. 1.1.1.3 бір таңбалы сандардың құрамын анықтау.		
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар: біртаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстырып,5 көлеміндегі сандарды тура және кері санау барысында натурал сандардың реттік номерін анықтайды; Оқушылардың басым бөлігі: 5 көлеміндегі сандарды қосып, азайта алады. Кейбір оқушылар: Біртаңбалы сандардың құрамын анықтай отырып, сандарды оқиды, жазады, салыстырады.		
Тілдік мақсаттар	Сол жақта. Оң жақта.Тура ретпен санау, кері ретпен санау		
Құндылықтарды дарыту	Құрмет пен ынтымақтастық, сыйластық.		
Пәнаралық байланыс	Сынып оқушыларының, сынып бөлмесіндегі заттардың санын анықтау барысында қазақ тілі және әдебиеті пәнімен байланыс жүзеге асады.		
АКТ қолдану	Интерактивті тақтаны қолдану барысында көру, есту, түсіндіру дағдылары дамиды		
Бастапқы білім	5 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды,1-ден 4-ке дейінгі сандардың құрамын біледі.		
Ресурстар:	Презентация,суреттер, цифрлар, таяқшалар.		
Сабақ барысы			
Сабақтың жоспарланған	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
Сабақтың басы 2минут	Психологиялықахуал: Қайырлықүндосым, Қайырлықүнболсын. Бүгінгікүнсәттіліккетолып, Аларбағаңкілеңбестікболсын!		

<p>Сабақтың ортасы 25 минут</p>	<p>Сандар қалай пайда болды? Ертеде адамдар санауды білді ме? Санау не үшін қажет болды? Сұрақтарға болжам жасауға ой түрткі жасау. Оқушылардың пікірлерін айтуына мүмкіндік беру.</p>  <p><i>5 саны және цифрымен таныстыру.</i> Оқушыларға өзі ұнататын заттардың топтамасын санату, оқушылар топқа немесе сыныпқа ұнататын түсі және сол түсті заттың қаншасын анықтағанын айтады. Оқушыларға жұппен немесе кішірек топтарда 1-ден 10-ға дейінгі әр санға мысал келтіру ұсынамын. Мысалы: 1- бөлмедегі компьютер немесе есік саны, 2- тақта, 3- терезе және т.с.с. <i>Сыныптан саны бесеу болатын заттарды табу.</i> Оқулықпен жұмыс Сан түзуінде 5 санының орнын анықтау. «Бірге ойлаймыз» әдісі «Түсіп қалған сандарды тап» <u>Мақсаты:</u> оқушыларға өз бетінше салыстыруды, түсіп қалған сандарды табуды орындай алуы дағдысын дамыту. <u>Нәтижесінде</u> оқушылардың өз бетінше салыстыруды, түсіп қалған сандарды табуды орындай алуы дағдысы дамиды. <i>5 санының құрамын анықтау.</i> Келесі сан қандай сан? Алдыңғы сан қандай? 3 және 5 сандарының арасында қандай сан бар? Сандардың қайсысы үлкен, қайсысы кіші? Сергіту сәті</p>	<p>Кеспе суреттер, моншақтар, асықтар, таяқшалар, тастар, түймелер</p>										
<p>2 минут</p>	<p>Оқулықпен жұмыс Сан түзуінде 5 санының орнын анықтау. «Бірге ойлаймыз» әдісі «Түсіп қалған сандарды тап» <u>Мақсаты:</u> оқушыларға өз бетінше салыстыруды, түсіп қалған сандарды табуды орындай алуы дағдысын дамыту. <u>Нәтижесінде</u> оқушылардың өз бетінше салыстыруды, түсіп қалған сандарды табуды орындай алуы дағдысы дамиды. <i>5 санының құрамын анықтау.</i> Келесі сан қандай сан? Алдыңғы сан қандай? 3 және 5 сандарының арасында қандай сан бар? Сандардың қайсысы үлкен, қайсысы кіші?</p>	<p>Оқулық</p>										
<p>5 минут</p>	<p>Жұмбақ Қараңғыда жымыңдай жанады, Жарық түссе бірден сөніп қалады (Жұлдыз)</p> 	<p>Жұлдызша</p>										
<p>4 минут</p>	<p><i>Дәптермен жұмыс.</i> 5 цифрын ауада жазу 1) Түсіп қалған сандарды жаз 2) Үлгі бойынша толықтырып жаз 3) Сан құрамын анықтау 4) Сан түзуінде көрсету</p> <p>1 2 3 4 5</p> <p><u>Мұндағы мақсат:</u> 5 цифрын жазу дағдысын дамытады. <u>Нәтижесінде</u> оқушылардың жазу дағдысы дамиды. «Ойлан, жұптас, бөліс»</p>  <p>Блу, түсіну, қолдану дағдыларын дамытады.</p>	<table border="1" data-bbox="1013 1500 1220 1691"> <tr> <td colspan="2" style="text-align: center;">5</td> </tr> <tr> <td style="text-align: center;">2</td> <td style="text-align: center;"> </td> </tr> <tr> <td style="text-align: center;"> </td> <td style="text-align: center;">1</td> </tr> <tr> <td style="text-align: center;">4</td> <td style="text-align: center;"> </td> </tr> <tr> <td style="text-align: center;"> </td> <td style="text-align: center;">0</td> </tr> </table>	5		2			1	4			0
5												
2												
	1											
4												
	0											

Сабақтың соңы 2 минут	Қорытындылау <i>Бағалау: бағдаршам түстерін көрсету</i>  Бәрін түсіндім  Кейбір нәрселерді толық түсінбедім  Мен түсінбедім	
--	---	--

Пайдаланған әдебиеттер:

1 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хаты. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, . – Астана: 2017. – 290 - 340 б

2 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана: 2017.

3 Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту. – Алматы, 2005. – 208 б.

4 Оспанов Т.Қ. «Бастауышкласардаматематиканыоқыту» – Алматы, 2005 ж.

5 Оспанов Т.Қ Кочеткова О.В., Астамбаева Ж.Қ. Жаңа буын оқулықтары бойынша бастауыш сыныптарда математика оқытуәдістемесі. – Алматы, 2005.

ӘОЖ 371.261

ТӨЛЕГЕН ӨМІРБЕК ШАЙМҰРАТУЛЫ
ҚОЖАХМЕТ ЭЛЬМИРА

Мусин атындағы жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Көкшетау, Қазақстан

Otolegen61@mail.ru, Botazharbekgmail.com@mail.ru

КРИТЕРИАЛДЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*«Білім - біліктілікке жеткізер баспалдақ,
ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы»
(А. Байтұрсынов)*

Аннотация: мақалада критериалды бағалау жүйесі туралы түсінік беріледі. Критериалды бағалаудың оқу процесіне тигізетін оң әсері жан жақты баяндалады. Ескі бағалау жүйесінің кемшіліктерін айта келіп, критериалды бағалаудың артықшылықтарын дәлелді түрде келтірген. Критериалды бағалаудың қызметі мен міндеттері жүйленген. Критериалды бағалаудың құрамды бөліктері: қалыптастырушы және жиынтық бағалау түрлері бойынша ақпарат беріледі. Қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың оқушы, мұғалім және ата аналар үшін әсеріне толық талдау жасалған.

Тірек сөздер: бағалау, критериалды бағалау, қалыптастырушы бағалау, жиынтық бағалау, критерий, траектория, құзыреттілік

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың оқу жетістігін бағалауды қазіргі тәжірибеге енгізудің негізін критериалды бағалау жүйесі анықтайды. Бұл бағалау рәсімдерінің сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін және әр білім алушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондықтан Қазақстан үшін ұсынылып отырған жаңа критериалды бағалау жүйесі білім алушының дамуын, оның

қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталады. Егер әр білім алушыға және оның ата-анасын түсінікті болатындай нақты әрі өлшемді бағалау критерийлері белгіленетін болса, бұған жетуге әбден болады деп ойлаймыз.

Оқушылардың ата-аналарынан: «Менің балама тиісті бағасын қойған жоқ! Менің балам жақсы оқиды, оның үштіктері болуы мүмкін емес!»-деген сөздерді өте жиі естуге болады. Не себепті екені белгісіз, көпшілігі оқушылардың білім сапасын бағалау өте оңай деп есептейді. Тіпті баланың қалай жауап бергенін тыңдап, кез-келген ата-ана оны әділ бағалай алады дейді. Сырттан қарағанда мұнда күрделі ештеңе жоқ сияқты. Бірақ оқушы қандай көлемде білімді және білікті болуы керек екені анық жазылған мектеп бағдарламасы бар ғой. Сондай-ақ, оқушы әр сабақта нені үйренуі тиіс, ол нені білуі және айқындауы керек екені егжей-тегжейлі көрсетілген мұғалімнің жоспары бар. Оқушының толық немесе толық емес көлемде білімді игергенін қалай анықтау керектігі туралы олардың ешқайсысы ойланбайды. Мүмкін ол барлығын білетін шығар, бірақ бүгін оның басы немесе тісі ауырып, сондықтан ол өзінің қабілетін толық көлемде ашып көрсете алмай тұрған шығар. Не болмаса тіпті автордың өзі жауап бере алмайтындай етіп сұрақ қойылған шығар. «Мүмкін» және «егер» деген мысалдар қанша болса да табылады. Сондықтан оқушылардың білімдерін бағалау, ол бәрібір күрделі педагогикалық проблема екенін сеніммен айтуға болады [1, 2].

Бағалау және баға- мұғалімдердің шексіз талқылауға дайын тақырыбы. Себебі мектептегі баға-оқушы жұмысының нәтижесі ғана емес, онда мұғалімнің жұмыс стилі, оның оқушымен қарым-қатынасы, ұстаздың жеке қасиеттері, көңіл-күйі, мінезі түйіседі. Оқушының жұмысын бағаламай ешқандай меңгеру процесі мүмкін емес. Ол оқушыларға, оның пәнге, мұғалімге, мектепке және тұтастай қоршаған әлемге деген көзқарасына үлкен әсер етеді. Сондықтан оқушылардың білім сапасын бағалау процесіне барынша қатаң талап қойылады. Осы проблема бойынша көптеген зерттеулерді талдау, бағалау сапасының негізгі талабы оның әділдігі болып табылады деген қорытындыға алып келеді. Заманауи қоғамда жалпы білім беру процестерінің дамуы, педагогикалық инновациялардың орасан зор тәжірибесі, психологиялық-педагогикалық зерттеулердің нәтижелері үнемі жинақтап қорытуды және жүйелеуді талап етеді. Мектептегі оқыту сапасы, алға қойылған мақсаттарға жетуге және педагогикалық міндетті жүзеге асыру үшін қолданылуы керек педагогикалық технологияға тікелей байланысты болып келеді.

Бағалау жүйесі білім беру процесінің негізі болып алынатын принциптерді іске асыра отырып, кері байланысты жүзеге асыратын және оқыту проблемалары диагностикасының негізгі құралы, тұтастай алғанда мектептің білім беру кеңістігінің басты кіріктіруші факторы болуы тиіс [2, 5]. Көптеген онжылдықтар бойы бағалау, оқушының жетістіктерін басқа бір оқушылардың нәтижелерін салыстырумен қорытындыланды және мұндай бағалау тәсілінің бірқатар кемшіліктері бар. Олар:

-оқушыларға, ата-аналарға және ұстаздарға түсінікті, оқытудың жоспарланған нәтижелеріне жетуді бағалаудың нақты критерийлері жоқ;

-ұстаз бағаны әрбір оқушының бірыңғай критерийлерге жетуіне емес, тұтастай сыныптың орташа білім деңгейіне сүйене отырып қояды;

-оқушыларға қойылатын бағалар оқу бағдарламасының жеке бөлімдері бойынша білім, білік, дағдылардың нақты элементтерін меңгергендігі туралы түсінік бермейді, ол әрбір оқушының жеке оқыту траекториясын анықтауға мүмкіндік туғызбайды, негізгі құзіреттіліктерін нашар дамытады;

-оқушының оқуға деген ынтасының жоғары болуына ықпал ететін, оқу процесі кезінде оқушы мен мұғалім арасында жедел байланыс жоқ [3, 12].

Критериялды бағалау, ол оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал ететін, тиісті білім беру мақсаты мен мазмұны, барлық процеске қатысушыларға алдын-ала белгілі, ұжыммен әзірленген, анық айқындалған критерийлері бар, оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс [4, 15].

Критериялды бағалаудың қызметтері:

-оқытушылық;

- бақылаушылық;
- дамытушылық;
- тәрбиелеушілік;
- диагностикалық;
- уәждемелік.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

- оқу процесінің әрбір кезеңінде әр оқушының дайындық деңгейін анықтау;
- оқу бағдарламасына сәйкес оқыту нәтижелерін және оқушылардың қысқа мерзімді мақсаттарға жетулерін талдау;
- оқушы дамуының жеке траекториясын түзету және жеке прогресс мониторингі;
- оқу бағдарламасын меңгеруде бар кемшіліктерді жоюға оқушыларды ынталандыру;
- әртүрлі іс-әрекеттерді орындағаны үшін алған бағалардың маңыздылығын саралау;
- оқу бағдарламасы тиімділігінің мониторингі;
- оқу материалын игеру және оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім, оқушы және ата-аналар арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету.

Критериалды бағалау жүйесі. Оқытудағы ілгерілеушілік пен үлгерім туралы деректер жинақтау үшін оқу жылы барысында бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Жиынтық бағалау өз кезегінде: бөлім/өтпелі тақырып бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық және білім деңгейі бойынша жиынтық бағалау болып бөлінеді.



1-сурет.– Критериалды бағалаудың құрылымы

Қалыптастырушы бағалау (formative)-сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім беру процесінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады. Сонымен қатар, оқушыларға жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағандығын білуге және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызады (ауызша сұрақ, жазба, практикалық жұмыстар т.б.) Қалыптастырушы бағалау балл және баға қоймай-ақ білім алушы мен мұғалімнің арасындағы үздіксіз кері байланысты қамтамасыз етеді. Қалыптастырушы бағалау кезінде оқушылар қате жіберуі мүмкін және оны түзетуге құқылы. Бұл оқушылардың мүмкіндіктерін анықтауға,

қиыншылықтарды айқындауға, жақсы нәтижелерге жетуге көмектесуге, оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді[5, 21].

Жиынтық бағалау (summative)- өтілген кезең бойынша зерделенген материал мөлшерін анықтауға қолданылады. Жиынтық бағалау мұғалімдерге, оқушыларға және ата-аналарға бөлімдер/өтпелі тақырыптар және белгілі бір оқу мерзімінің(тоқсан, семестр, оқу жылы) аяқталуы бойынша балл әрі баға қою арқылы оқушылардың ілгерілеушілігі туралы ақпарат беру үшін жүргізіледі. Бұл белгілі бір кезеңдегі оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтап және белгілеп отыруға мүмкіндік береді. Бөлімге/өтпелі тақырыпқа қойылатын жиынтық бағалау процесі нақты бір бөлім/өтпелі тақырып аяқталғаннан кейін оқушылардың жинақталған білімдері мен дағдылары деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл бағалау түрінің мақсаты, бөлімнің/өтпелі тақырыптың тақырыптары бойынша олқылықтарды уақытында анықтау және жою болып табылады. Ал тоқсандық жиынтық бағалау мен білім деңгейін жиынтық бағалау оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін анықтау үшін жүргізіледі[6, 27].

Қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың нәтижелерін мұғалімдер оқу процесін жоспарлау және өз оқыту тәжірибесін жақсарту үшін пайдаланады.

Критериалды бағалау мұғалімдерге, оқушыларға және ата-аналарға әртүрлі мүмкіндіктер береді.

Дәлірек айтып өтсек:

Мұғалімдерге:

1. Сапалы нәтижелер алуға ықпал ететін критерийлер әзірлеуге;
2. Өзінің іс-әрекетін талдауға және жоспарлауға арналған жедел ақпаратының болуына;
3. Сабақ беру сапасын жақсартуға;
4. Оқыту сапасын жақсартуға;
5. Әр оқушының жеке қабілеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып, әр қайсысының жеке оқыту траекториясын құруға;
6. Әр түрлі бағалау тәсілдері мен құралдарын қолдануға.

Оқушыларға:

1. Өзінің түсінгенін білдіру үшін түрлі ойлау әрекеттері мен қабілеттерін, оқытудың алуан стилдерін пайдалануға;
2. Өз оқу нәтижесін болжау мен жетістігін ұғыну үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;
3. Өзін және өз құрдастарын бағалай отырып рефлексияға қатысуға;
4. Нақты міндеттерді шешу үшін білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарын білдіріп, сыни тұрғыдан ойлауға.

Ата-аналарға:

1. Өз баласының оқығандық деңгейі туралы объективті дәлелдер алуға;
2. Баланы оқытудағы прогресті қадағалауға;
3. Оқыту процесінде балаға қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге;
4. Мұғалімдермен және мектеп әкімшілігімен кері байланыс орнатуға;
5. Баланың сыныпта және мектепте жайлылығына сенімді әрі жаны тыныш болуға (<http://edu.resurs.kz/>).

Критериалды бағалаудың тиімділігіне іс-тәжірибе барысында өзім көз жеткіздім. Мен 2019 жылдың қыркүйек айында Көкшетау қаласының №6 орта мектеп-лицейінде бастауыш сыныпта іс-тәжірибеден өттім. Процесс барысында жаңартылған білім беру жүйесінде қолданылатын критериалды бағалаудың тиімділігін, жүргізудің әдіс-тәсілдерін тереңірек қарастырдым. Қалыптастырушы бағалауды алудың қызықты әрі тиімді әдіс-тәсілдерін: «Температураны өлшеу», «Плюс-минус-қызықты», «Шапалақ» әдістерін және тағы басқа да тәсілдерді ұсына аламын.

Критериалды бағалау бүгінгі білім беру жүйесінде зор маңызға ие. Өйткені, қазір оқушылардың білімділігі ғана басты рөлде емес, басты рөлде оқушының күзиреттілігін, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас, өзін-өзі

дамыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылған. Критериалды бағалау бұл мақсаттар мен міндеттердің барлық талаптарына сай орайластырылған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасында 12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасы. – Астана, 2010. – 27 бет
- 2 «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ. Әдістемелік материалдар (<http://edu.resurs.kz/>)
- 3 Білім ғылыми-педагогикалық журнал №1(84) 2018., 15 – 30 бет.
- 4 «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналы. «НЗМ» ДББҰ. №2(8). 2014, -6-10б.
- 5 Бастауыш мектептің мұғаліміне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық, «НЗМ» ДББҰ.
- 6 Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 2012 жылғы 23 тамыздағы ҚР Үкіметінің №1080 Қаулысы.

ӘОЖ 37.013:821.512.122

ХАЙЫМХАН НАЗДАНА
ЖОЛАМАНОВА ТОЙЫНДЫҚ МОЛДАҒАЛИҚЫЗЫ
Ж.Мусин атындағы жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Көкшетау, Қазақстан
nazdana00@mail.ru

ЛИРО-ЭПИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Аннотация: мақалада лиро-эпостық шығармаларды оқыту барысында функционалдық сауаттылықты арттыруда қолданатын әдіс-тәсілдер туралы сөз қозғады. Лиро-эпикалық туындылардың ерекшеліктері мен оқиға желісі баяндалып, тұрмыс-салт жырларының бірнеше түрлері көрсетілді. Ғашықтық жырларын жинап, жариялауда үлес қосқан және зерттеп қарастырған ғалымдар жайлы да ақпарат берілді. Лиро-эпикалық жырлардың бір дәуірдің ғана жемісі емесігі мен талай ғасырлар бойғы бірге жасасып, әртүрлі жағдайларды, таптық, қоғамдық тілектердің ыңғайына қарай өзгеріп отырғандығы, ұрпақтан ұрпаққа ауызша түрінде, көптеген өзгерістерге ұшырау арқылы жеткендігі де сөз болды. Эпикалық шығармалардың өзіне тән ерекшеліктері атап көрсетілі, олардың негізгі бір мазмұнға құрылуы, сюжет, композициясы, тақырыбы, көркем бейнелері нақты фактілер арқылы көрсетіліп, дәлелденді. Әр сыныпта лиро-эпикалық туындыларды талдаудың өзіндік ерекшеліктерімен даралана талданатыны айтылады. Ғашықтық жырларын оқыту арқылы оқушылардың ізденімпаздық, шығармашылық, зерттеушілік қасиеттері дамиды.

Тірек сөздер: лиро-эпика, ғашықтық жырлар, функционалды сауаттылық, интербелсенді әдіс-тәсілдер, көркем шығарма, қаһармандық, лирикалық сезім.

Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында: «...Жастарға сапалы білім берумен қатар, сол білімін қоғамдық-әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне баса көңіл аудару керек» [1], – деп, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі барысында маңызды қадам болып табылады. Осы бағытта біз лиро-эпикалық шығармаларды оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында біршама зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тәжірибеде жүзеге асыруға тырыстық.

Лиро-эпостық жырлар (ғашықтық жырлары) – лирикалық әрі эпикалық шығарма. Лиро-эпостық жырларда оқиға желісі бір-біріне ғашық екі жастың арасындағы махаббатқа құрылады. Көпшілігінің ғашықтық оқиғалары ескі салт-сананың құрбаны болып, сәтсіз аяқталады. Лиро-эпостық жырларларда халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, наным-сенімі,

көңіл-күйі көбірек суреттеледі. Оларда реалистік және романтикалық көріністер сабақтаса келіп, реалистік әдіс басым жатады. Ғашықтық жырларда кейіпкерлер – батырлар емес, карапайым адамдар. Екі жастың бір-біріне деген сүйіспешілігін жырлайтын эпостарда, негізінен, махаббат отына жанған қыз бен жігіттің қосыла алмай, трагедияға ұшыраған тағдыры баяндалады. Әдетте, олардың бақытына кедергі болатын нәрсе – ата-аналардың қарсылығы немесе қызға ғашық басқа жігіттің жауыздығы, я болмаса екі рудың арасындағы араздық. Ғашықтық жырлар көркем фольклордың даму барысында батырлық эпостан кештеу қалыптасқан, бірақ бұл қаһармандық жыр мүлде өшіп, оның орнына романдық эпос келді деген сөз емес, эпостың бұл екі түрі көп уақыт бірге, бір-бірімен байланыса, қатарласа дамыған. Ұқсастықтары да аз емес. Олардың жалпы поэтикалық сипаты ұқсас. Айталық, сюжеттік құрылымдардың бір типті болып келуі, образдар жүйесіндегі біркелкілік, өлең құрылысы мен бейнелеуіш құралдардың біртектілігі секілді белгілер эпостың екі түрінде де кездеседі. Ғашықтық жырлар батырлық жырлардан кештеу қалыптасқан, бірақ бұл қаһармандық жыр мүлде өшіп, оның орнына романдық эпос пайда болды деген сөз емес. Эпостың бұл екі түрі көп уақыт бірге, бір-бірімен байланыса, қатарласа дамыған. Ұқсастықтары да аз емес. Олардың жалпы поэтикалық сипаты ұқсас. Айталық, сюжеттік құрылымдардың бір типті болып келуі, образдар жүйесіндегі біркелкілік, өлең құрылысы мен бейнелеуіш құралдардың біртектілігі секілді белгілер эпостың екі түрінде де кездеседі. Ғашықтық жырлар көп нұсқалы болып келеді. Оның себебі көп уақыт бұл жырлар ауызша тарап, біреуден біреу жаттап алу арқылы кейінгі ұрпаққа жетіп баспаға іліккен.

Ғашықтық жырларында тұрмыс-салт жырларының көптеген түрлері кездесіп жатады. Айталық, айтыс, жоқтау, құдалық, сырға салу, сыңсу жар-жар сынды көптеген түрлері. Қазан төңкерісіне дейін ғашықтық жарларын жинап, жариялауда көптеген орыс ғалымдары В.Радлов, Н.Березин, Г.Потанин еңбек сіңірген. Ал, ғылыми тұрғыдан зерттеп қарастырған ғалымдар, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, С.Мұқанов, Ы.Дүйсенбаевтар болатын. Лиро-эпикалық жырлар бір дәуірдің жемісі емес. Бұл да талай ғасырмен бірге жасасып, әртүрлі жағдайларды, таптық, қоғамдық тілектердің ыңғайына қарай өзгеріп отырған, ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтылу түрінде, көптеген өзгерістерге ұшырау арқылы жеткен [2].

Қазақ лиро-эпостық жырлары негізінен екі түрге бөлінеді: а) қазақ халқының төл туындылары – «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан», «Күлше қыз», «Кұл мен қыз», «Мақпал қыз», «Есім – Зылиха»; ә) шығыс әдебиеті негізінде назирагөйлік дәстүрде жазылған қиссалар – «Мұңлық – Зарлық», «Сейфілмәлік», «Бозжігіт», «Таһир – Зуһра», «Жүсіп – Зылиха», «Шәкір – Шәкірат», т.б.

Қазақ ауыз әдебиетінде лиро-эпикалық жырлардың ертеден келе жатқан бірнеше үлгілері қалыптасқан. Солардың ішінде бастылары «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан» жырларын айтуға болады. Бұл жырларда тек ғашықтық, махаббат әңгімелері ғана суреттелмейді. Халықтың ертедегі тұрмысы, салты, қоғамдық мәні бар жайлары қамтылады.

Эпикалық шығармалардың негізгі бір мазмұнға құрылуы, сюжет, композициясы, тақырыбы, көркем бейнелері, яғни көркем компоненттері – эпикалық шығармалардың өзіне тән ерекшеліктері болып табылады. Сондықтан оларды талдау барысында, ең алдымен, әдебиет теориясынан білім беріледі.

Көркем шығарманы талдау оны оқудан басталады. Көркем туындыны толық оқымай, мазмұнын жете меңгермей тұрып, оны талдау мүмкін емес. Эпикалық шығармаларды талдауда әр буында өзіндік ерекшеліктерімен даралана талданады.

Жырдың эпизодтармен жұмыста мына мәселелерге ерекше көңіл бөлу керек: Қай буында болмасын, оқушылар өздері оқыған шығармалардың мазмұнына, оқиғасына ерекше көңіл бөледі. Ал оқиғалар бір-бірінен туындап жатады, оқиғаның басталуы, дамуы, шарттары, шешімдері бар. Олардың барлығы оқиға құрылысына жатады. Талдауда ең алдымен оқиға, композиция назарға алынады.

Ғашықтық жыры – ауыз әдебиетінің маңызды да күрделі жанры. Оның оқытудағы қиындық – жырдың ұзақтығы, тілінің сонылығы, яғни көнерген сөздердің көптеп кездесуі, поэтикалық ерекшелігінде. Әсіресе, оны оқыту 5-8-сыныптар арасында мұғалімге көп еңбек сіңіруді қажет етеді. Батырлар жырын оқытуда мұғалім басты-басты мына мәселелерге көңіл бөлу керек. Мысалы, кіріспе жұмыстарын жүргізгенде оқушыларға лиро-эпикалық жырлар туралы алғашқы әдеби-теориялық ұғым екі кезеңмен беріледі. Содан соң, жырдағы халық арманын талдап, оның негізінде халық тарихының жататыны туралы айтылады. Жырға әдеби талдау жасау және жырдың идеясын тақырыбын ашу көзделеді [3].

Лиро-эпостық шығармаларды оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Сабақ үдерісінде лиро-эпикалық шығармаларды оқытуда, оқушыларға жырларды таратып бергеннен кейін «ДЖИГСО» әдісімен оқып-талдауға тапсырма беруге болады. Мысалы: I топ оқушылары «Қарабай мен Сарыбайдың аңшылыққа шығуы мен бел құда болуы» туралы шағын жырды оқыса, II топ «Қозының Баянды іздеп жолға шығуынан», III топ «Екі ғашықтың махаббат құрбаны болуын» осындай тақырыптағы шағын жырларды белгіленген уақыт аралығында оқып, талдап болған соң әр топ мүшелері өзінің бастапқы тобына оралады да, сол оқыға бойынша түсінгенін әңгімелейді.

Бұл әдістің тиімділігі – шағын жыр үзіндісі арқылы оқушылар жыр мазмұнынан хабардар болады, яғни аз уақыттың ішінде көлемді тақырып барлық оқушыға түсінікті болады. Бұл жерде оқушының тыңдау дағдысы қалыптасады, шағын топта талқыланған жырды өз тобына келіп баяндау арқылы оқушының айтылым дағдысы да дамиды әрі әрбір оқушыда осы материалды қазір өз тобыма жеткізуім керек деген жауапкершілік пайда болады.

«Білемін/Білгім келеді/Үйрендім» (ББУ) кестесі сабақтың басынан аяғына дейін қолданылады, өйткені стратегия сабақтың барлық сатысын қамтиды – сабақтың басында оқушылар осы мәселе туралы не білетіндерін ойланады, сонан соң сұрақтар құрастырады және осы сұрақтарға өздері жауап іздейді. Басқаша айтқанда, оқушылар сабақты тиімді меңгеру үшін барлық рәсімдерді жасай алады. Біріншіден, не білетіндерін ойға түсіреді; екіншіден, сұрақтар қояды; үшіншіден, сабақта не үйренгендерін түйіндейді. Осы үш сатыны қамтитын сәттер оқушылардың белсенді таным жұмыстарының куәсі болып табылады. Осы кестені лиро-эпикалық жырларының кез келгенін оқытуда қолдана аламыз.

«Венн диаграммасы» арқылы лиро-эпикалық туындыларды салыстыруға түрлі тапсырмалар беруге болады. «INSERT», «Галереяда ой шарлау», «Семантикалық карта» т.б. әдістер бойынша жыр мазмұнын терең түсініп, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды саралап, оқушы деңгейіне сай топтастырып жасақтауға болады.

Лиро-эпикалық шығармаларды оқыту арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда тиімді әдістердің бірі – «Жол шетіне белгі қою» әдісі.

«Жол шетіне белгі қою» әдісінің алгоритмі бойынша жырды эпизод-эпизодқа бөліп, әр оқушыға таратамыз. Белгі бойынша сыныптағы барлық оқушы өзіне тиесілі эпизодты оқи бастайды. Оқу барысында жол шетіне қажетті ескертпе-белгілер жасап отырады (эзіл-оспақ сурет, шартты белгі, реплика). Олар қызықты және көңіл аударарлық болуы тиіс. Бұл әдіс арқылы әрі жыр мазмұнын меңгереді, әрі кейіпкер бейнелерін ашады, әрі оқушы жырдың әр шумағына талдау жасай отырып, өз көзқарасын білдіреді.

Лиро-эпикалық шығармаларды оқытуда қолайлы әдістердің бірі – «Мәтін құру» әдісі. «Мәтін құру» әдісінің шарты бойынша көркем шығарманы (лиро-эпикалық жырды) эпизод-эпизодқа бөліп оқып, мазмұнын меңгерген оқушылар қолдарына қағаз бен қалам алып, сұрақ жазып, парақты бүктеп, оны жүргізушіге береді. Жүргізуші сұрақтарды реттеп орналастырады. Сосын ортаға шыққан оқушы жүргізушіден кез келген парақты алып, сұраққа жауап береді. Осылайша жұмыс жалғаса береді. Қорытындысында жырдың мазмұны тексеріледі.

Жырдың екінші сабағында әдеби талдау жүргізіледі. Әдеби талдау жасауда «Екі жақты күнделік» әдісі қолайлы. Бұл әдіс бойынша оқушылар жеке-дара жұмыс жасайды. Әр оқушы

жырдан өзіне ұнаған жерлерін қағаз бетіне түсіріп, оған өзкөзқарасын, пікірін білдереді. Әдеби талдауды ары қарай жалғап, жырдың бас кейіпкерлеріне талдау жасайды.

Ал, жазылым дағдысын қалыптастыруда «РАФТ» әдісін қолдануға болады. Бұл әдіс оқушы шығармашылығын шыңдауға оң әсерін тигізеді. Оқушы кімнің рөліне енетінін, аудиториясын, форматын, тақырыбын өз қалауынша таңдай алады. Жырдың кейіпкерлеріне талдау жасауда да «РАФТ» әдісіөте қолайлы. Бас кейіпкердің іс-әрекетін талдап, саралап, оның бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттерін жан-жақты талдай отырып, РАФТ әдісі арқылы түйіндеме жасайды.

Р–рөл.

А–автор, яғни жеке оқушыдан не аудиториядан.

Ф –форма (хат, монолог, арнау, т.б.)

Т– тақырып.

Бұл әдісте оқушылар өз қалаулары бойынша әртүрлі формада таңдаған кейіпкерлеріне хат жолдайды.

Лиро-эпикалық жырды оқытудың үшінші сағатында Б.Блум таксаномиясынқолдану арқылы сабақты жүргізген тиімді. Б.Блум танымдық қабілетті дамытудың 6 деңгейін көрсетеді: білім, ұғыну (түсіну), қолдану, талдау, синтез, бағалау. Үшінші сабақта Б.Блум таксаномиясынқолдану арқылы жырға қорытынды жасайды.

Бірінші кезеңде оқушыларға жырдың мазмұны бойынша сұрақтар қойылады. Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, оқиғаның қай жерде, қай кезеңде болғанына нақты дәйексөздерді қолдана отырып, анықтама береді. Осындай жұмыстар арқылы оқушылардың білім деңгейі тексеріледі.

Екінші кезеңде оқушылар жырдың құрылысына талдау жасайды. Жырдың шешіміне тоқталып, тәрбиелік мәнін ашады. Бұл кезеңде жырдың мазмұнын түсінгендігі байқалады. Осылайша оқушылардың ұғыну деңгейі тексеріледі.

Үшінші кезеңде жыр кейіпкерлеріне мінездеме беріп, портреттерін жасайды. Жырдың көтерген мәселелеріне көзқарастарын білдіре отырып, болжам жасайды. Бұл жұмыстарды орындау барысынан алған білімдерін тапсырма орындауда қолдана алатындығы байқалады. Осылайша қолдану деңгейі тексеріледі.

Төртінші кезеңде батырлар жыры мен лиро-эпикалық жырларды салыстырып, лиро-эпикалық жырдың өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Осылайша оқушылардың шығарманы талдау деңгейлері бақыланады.

Бесінші кезеңде жырдың тақырыбы мен идеясын ескере отырып, эссе жазады. Осындай тапсырмалар арқылы оқушылардың алған ақпараттарын шығармашылық өңдеуден өткізе алатындығы байқалады.

Алтыншы кезеңде жырдан алған әсерлерін ортаға салып, пікір алмасады. Оқыған шығармаларына деген көзқарастарын білдіреді. Осындай жұмыстары арқылы оқушы еңбегі бағаланады.

Ғашықтық жырларын оқытуда интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану оқушыларды ізденімпаздыққа, шығармашылыққа, зерттеушілікке баулуға мол мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сыныптағы барлық оқушының сабаққа белсене қатысуына жол ашады. Лиро-эпикалық шығармаларды оқытуда мұғалім өз шеберлігіне, тәжірибесіне байланысты әдіс-тәсілдерді құбылтып қолдана беруге болады. Тек тек орынды, ұтымды қолданса болғаны. Мысалы, «Айман – Шолпан» жырын оқытудың үшінші сағатында Кубизм стратегиясы бойынша сабақты жүргізуге болады. Кубизм стратегиясы бойынша жүргізілетін тапсырмалар жүйесі:

1. Суреттеңіз. Тарихта болған Көтібар, Арыстан, Есет батырлардың ерлік істерін суреттеп беріңдер.

2. Баяндаңыз. Жырдағы апалы-сіңілі ару қыздардың басынан кешкен оқиғаларын жырдан мысал келтіре отырып, рет-ретімен баяндаңдар.

3. Талдаңыз. Шығарманы композициялық құрылысына талдаңдар.

4. Салыстырыңыз. Венн диаграммасы бойынша Айман мен Шолпанға мінездеме беріп, салыстырыңдар.

5. Қолданыңыз. Алдыңғы сабақтарда өткен троптар мен фигураларды қолданып, қос ару Айман мен Шолпанның мінез-құлқын, кескін-келбетін, сұлулығын кескіндеп беріңдер.

6. Зерттеңіз. Жырда ақылды, сұлу қыз Айманның айлалы, парасатты әрекеттері сенімді ашылады. Айман бейнесі шыншыл, тартымды бейне болып шығады. Қара күшке сүйенген өжет Көтібар әрекеттерінің ерлік емес, есерлік екені мәлім болған тұсын талдап, өз көзқарастарыңды білдіріп, осы жағдайды зерттеңдер [4].

Лиро-эпикалық жырларды оқытуда біршама қиындықтар да кездеседі. Ол қиындықтар – жырдың ұзақтығы, поэтикалық тілі. Сонымен қатар жырда қазақ халқының байырғы көне сөздері көп кездеседі. Бұл қиындықтарды жеңудің бір жолы – жырды алдын ала оқуға беру, жырды оқыту барысында лингвистикалық комментарий беріп, әр сөздің мәнін терең түсіндіру. Алдын ала оқыған жырды бөлім-бөлімге бөлгізіп, әр бөлімге қысқаша аннотация жазып келуді үйге тапсыру үлкен жетістікке жеткізеді.

Жырдың мазмұнын меңгерту барысында сюжеттік-композициялық жоспар жасап, оқушыларға ұсынуда өте тиімді. Сонда бала алдындағы жоспарға қарап алдын ала оқыған жыры бойынша жырдың мазмұнын есіне түсіреді, әрі мұндай жұмыс жырды жан-жақты талдауға, жырдың басты-басты оқиғаларын тез қабылдауына, жыр мазмұнын жүйелі түрде тұжырымдауға септігін тигізеді.

Ертедегі халық сүйген жанрдың бірі – эпикалық жырлар. «Эпос-идеялық, көркем мәні және композициялық құрлысы жағынан музыкалық-поэтикалық фольклордың ең күрделі, ең ірі жанры. Өйткені оның негізінде халық тарихындағы қилы-қилы кезеңдер, халық тағдырына байланысты ірі проблемалық мәселелер алынған. Эпостарда қанатты философиялық сөздер жиі ұшырасады. Батырлар жырында кездесетін афоризмдер елге үлгі боларлықтай ерлік істі, қаһармандықты бейнелесе, ғашықтық жырларындағы қанатты сөздер, жырдың ішкі мазмұнына сай әр алуан лирикалық сезімдерге құрылған.

Қорыта келгенде, «Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер», – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, әрбір мұғалім үнемі ізденісте болса, нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Әрі ұстаз шеберлігі арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үлкен жетістікке жеткізіп, оқушылардың өмірден өз орнын табуға септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы. –Астана: Ақорда, 27 қаңтар, 2012 жыл.
- 2 Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.
- 3 <https://baribar.kz/student/12455/epikalyyq-shygharmalardy-oqytu/18>.
- 4 [Жоламанова Т.М. Көркем шығармаларды талдау жолдары.](#) – Қарағанды: «Ақнұр» баспасы, 2018 жыл.

ӘОЖ 378.1.147

ШУКУМАНОВА БАГЛАН СЕРИКБАЕВНА
Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан
Shukumanova-bs@mail.ru

МОДУЛЬДІК ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация: мақалада еліміздегі білім беру жүйесіндегі модульдік оқытудың ерекшеліктер сипатталады. Стратегиялық даму жоспарының маңызды бөлігі - білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы және бүкіл қазақстандық білім беру жүйесінің жаңа мазмұны көрсетіледі.

Тірек сөздер: инновация, технология, коммуникатив, субъект, объект, информатор, модуль, процесс, ситуация.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «XXI ғасырда білімді дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғарғы технологиялық және ғылыми қамтылған өндірістері үшін кадрлар қорын жасауымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз» деп атап көрсетті [1,7]. Бұл талаптар білім саласы қызметкерлеріне үлкен міндеттер жүктейді. Себебі әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шындалады. Еліміздегі дүбірлі өзгерістер мен қайта жаңғырулар білім беру жүйесіне айтулы реформалар мен жаңа мақсаттар әкелді. Білім стандартының жасалынуы, төл оқулықтарымыздың жазылып жатуы, мектептерді жаппай компьютерлендіру, инновациялық технологиядан іздену, білім мазмұнын байыту, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатындағы жұмыстар сол өзгерістің куәсі. Белсенді, жан-жақты дамыған, өзіне сенетін, кез келген жағдайлардан жол таба алатын, өз пікірін ұсына және қорғай алатын, шығармашыл жеке тұлға қалыптастыру, әр баланың дарынын, талантын ашу, еліміздегі білім беру жүйесінің маңызды талаптары мен міндеттеріне айналды [2,25]. Қазіргі уақытта жаңа технология туралы көп айтылып жатыр. Кейбір оқу орындары электрондық кітаптар мен қашықтан оқытуды енгізіп, білім берудің көшін ілгерілетуде. Бірақ оның барлығы мұғалім шеберлігінсіз жүзеге аспайтыны мәлім. Білім сапасының артуы мұғалімнің жаңа технологияларды шебер қолдануымен тығыз байланысты екені дәлелденіп отыр. Жаңа педагогикалық технология - жаңа оқыту амалдары мен іс-әрекеттерінен ізденуді талап ететін, яғни, білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізіп, жаңа ізденістерді ұтымды пайдалану арқылы жоғары көрсеткіштерге жету дегенді білдіретін ұғым. Әдіскерлер бүгінде қолданылып жүрген мынандай технологияларды атап көрсетеді: *Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов және Л.В. Занковтың* «Дамыта оқыту» технологиясы, *В.К. Дьяченконың* «Ұжымдық оқыту тәсілі», «Оқу мен жазуда сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары», «Оқытудың коммуникативтік әдісі»; *М.М. Жанпейісованың* «Модульдеп оқыту технологиясы», *Ж.А. Қараевтің, Ә. Жүнісбектің және басқа да көптеген ғалымдардың* технологиялары белсенді түрде қолданылуда [3,6]. Өзге тілді сыныптарда қазақ тілін оқытуда пайдаланылатын маңызды технологиялардың бірі коммуникативтік технология болып табылады. Бұл технология өзінің тиімділігін іс жүзінде дәлелдеп, көптеген мұғалімдердің тәжірибесінен орын алды. Коммуникативтік технологияда тілдік қарым-қатынас алдыңғы орынға шығарылады да, басқа жұмыстар осы бағдарға бағытталады, себебі технологияның негізгі міндеті оқушылардың ауызша тілін жетілдіру, сөздік қорын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс оқып, айта білуге, сауатты жазуға, бір-бірімен сөйлесе білуге дағдыландыру, ойын қазақша жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу. Берілген технологияны ұтымды пайдалану басқа ұлт балаларына қазақ тілін үйрету барысында жемісті нәтижелер бере алады [4,6].

«Дамыта оқыту» технологиясы тікелей баланы (субъекті, объекті) жан-жақты дамыта отырып (жеке басын, дүниетанымын, ойлауы, темпі) оқытуға негізделеді. Дамыта оқыту мақсаттары:

- Оқушы субъекті, яғни, ол өзін-өзі дамыта алады, жетілдіреді, тәрбиелей алады.
- Баланың қабілетін, дарынын дамытуға ықпал жасайды іскерлігі, машығын дамыту емес
- Білім дайын күйінде ұсынылмайды, бала-тыңдаушы, мұғалім-информатор емес, керісінше бала-зерттеуші, ізденуші, жаңалық ашушы. Олардың дағды, іскерлігі белгілі бір проблема, ситуацияны шешу арқылы қалыптасады.
- Дамыта оқытудағы басты іс-әрекет – диалог, пікірлесу, пікірталасы.
- Мұғалім қызметі – диалогты ұйымдастырушы, бағыт беруші, балалардың іс-әрекетін, ынтымақтастығын бір бағыт, бір мақсатқа бағыттаушы. Аталған технологияның басты принциптерінің бірі – оқушылардың тілді қолдану дағдыларын дамыту. Демек, білім беру

саласында, оның ішінде қазақ тілін меңгертуде, бұл технологияның ролі зор. Модульдік оқыту технологиясы – әлемдік және отандық тәжірибеде танылған технология. Бұл технологияда бірінші орынға бала тұлғасы, оның ой жұмысының дамуы, шығармашылықпен ойлауы қойылады. Модульдік оқытуда әр оқушы өзінің немен және қалай шұғылдануы тиіс, сабақ барысында не істеуі керек екенін анық біледі және оған қатысты керек материалдарымен, тәсілдермен міндетті түрде қамтамасыз етіліп отырады. Балаларға бірін-бірі тексеру, бағалау еркіндігі беріледі. Бұл технология оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуда, танымдық процестерді жетілдіруде, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруда, белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстартуда негіз болады. Ж.Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясы – оқушыны білім дәрежесіне сай тапсырмалармен қамтамасыз ету арқылы оқыту әдісі болып табылады. Бұл технологияның ерекшелігі сабақ үрдісінде оқушылардың бірнеше деңгейде жұмыс істеуінде [5]. Дәлірек айтқанда, оқушы өзінің мүмкіндігі мен қабілетіне сәйкес сатылы жұмыстар жүйесін орындайды. Оқушыларды деңгейлеп оқытудың маңызы зор, себебі оқу іс-әрекеті әр оқушыны өздігінен оқып-үйренуге, шығармашылықпен белсенді айналысуға баулиды, өткен грамматикалық, лексикалық тақырыптарды жүйелі игеруге дағдыландырады және оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастырады. Сондай-ақ, қазақ тілі сабақтарында слайдтар қолдану, мультимедиялық проекторды мүмкіншілігіне қарай пайдаланып өткізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, тақырып бойынша танымын кеңейтеді, білім сапасы да арта түседі. Аталған озық технологиялар оқушылардың жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойын дамытуы арқасында еліміздегі *өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді жетік меңгертуге болатыны айқын*. Қазіргі білім парадигмасы мен философиясының өзгеруі білім беру жүйесі қызметкерлерін оқытудың ақпараттық және компьютерлік технологияларға негізделген сапасымен қарқындылығын қамтамасыз ету қажеттілігін талап етуде. Білім беру ұйымдары іс - әрекетінің негізгі нәтижесі тек білім , іскерлік және дағды жүйесі ғана емес, керісінше зиялы саяси қоғамдық, коммуникациялық, ақпараттық және басқа салаларындағы мемлекет тапсырыс беріп отырған негізгі құзіреттіліктердің жиынтығы.

Әлемдік оқу үрдісінің өзегі - жаңа технологиялар екені мәлім. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді оқытушы ізденісі арқылы студент қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады [6,4].

Университеттегі білім мен тәрбие беру жүйесінің міндеті - студенттердің жан-жақты танымдылық белсенділігін көтеруге мүмкіндік жасай алатын әр студенті жеке тұлға ретінде дамыту. Әр университет білім беруді жоғары деңгейге көтеру мәселесін қолға алып, білім беру үрдісін басқару мәселесін жүзеге асыруда. Білім беру үрдісін басқару жүйесінің құрылымы жеке тұлғаның қайталанбас даралығының дамуына, шығармашылық бастама алуына бағыт беріп, жағымды орта қалыптастырудан тұрады.

Қазіргі уақытта орыс тілді аудиториясында қазақ тілін оқытудың тиімді түрлі оқыту технологиялары қолданылады. Осы тұрғыдан келгенде, М.М.Жанпейісованың модульдік технологияның өзіне тән ерекшеліктерін атап айтуға болады: оқытудың мақсатының, соған сәйкес нәтижесінің айқындылығы, өзіне тән құрылымы, бостандығы, осы құрылымға орай оқу материалдары бөліктерге бөлініп берілетіндегі, оқытушы-кеңесші, бағыттаушы қызмет атқаратындығы, оқытушы мен білім алушының арасында субъект-субъектілік қарым-қатынастың болатындығы, білім алушыларға өз бетімен толықтыруға толық мүмкіндік жасалатындығы. Модульдік оқыту технологиясы арқылы сабақты жоспарлаудың маңыздылығы – студенттің шығармашылығын дамытуға, эстетикалық сезімін, зейінін тәрбиелеуге қолайлы жағдай туғызады. Қазақ тілі сабақтарын модульдік технология арқылы жобалаудың тиімділігін анықтау [7,9].

Модульдік оқыту технологиясының мазмұнымен таныстыру;

Модульдік оқыту технологиясының құрылымын анықтау;

Модульдік оқыту технологиясының тиімділігін анықтайтын сабақ үлгісін құрастыру;

1. Модульдік оқыту технологиясының мазмұнын меңгереді.

2.Модульдік оқыту технологиясының құрылымы анықталады.

3.Сабақ үлгілері арқылы модульдік технологияның тиімділігі айқындалады.

Сабақ кезінде модульдық оқыту технологиясын қолдана отырып, студенттердің жеке дамуына ерекше көңіл бөлемін. Мен оқу материалдарының мазмұнына сәйкес деңгейлік тапсырма беремін. Мұндай технологияларды қолдану - біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, студенттің пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, студент ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді.Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек деп ойлаймын.

Сондықтан да болашақ мамандарды кәсіби даярлауда жаңа педагогикалық технологияларды қолдану-оқу орындарында әрбір оқытушыға қойылатын негізгі талаптардың бірі.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығында Қазақстан әлеуметтің барлық салаларында іргелі инновациялардың пайда болуымен ерекшеленді. Білім мен ғылымды сөз етер болсақ, халықаралық стандарттарға сәйкестендіру үшін оның құқықтық негізін жетілдіру маңызды іс болып табылады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданған. Бағдарламаның мақсаты-экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Еліміздің 2011-2020 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарының маңызды бөлігі - білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы. Бағдарлама бүкіл қазақстандық білім беру жүйесінің жаңа мазмұндық және сапалы деңгейге шығуының нақты тетігі болып табылады [8].

Еліміздің жоғары оқу орындарында оқытудың кредиттік технологиясы 2001 жылдан бастап енгізіліп келеді. Сонан бері 10 жыл мерзім өтсе де бұл жүйе оқу үрдісіне толығымен енгізілді деп айтуға болмайды. Сол себептен, министрлік кредиттік оқыту технологиясын ары қарай дамытуға бағытталған саясатын дұрыс жүргізіп келеді. Кредиттік оқыту технологиясы оқыту үрдісінде кредиттерді жинақтау мен трансферттеуде еуропалық жүйені пайдалануды, ECTS үлгісі бойынша кредиттерді қайта есептеудің қазақстандық моделі шеңберінде академиялық ұтқырлықты ұйымдастыруды, Қазақстандағы кредиттік технологияны бағалау шкаласы мен ECTS және білім беру бағдарламаларын сәйкестендіруді, білім беру бағдарламаларын модульдік құрастыруды көздейді. Енді модульдік оқыту жүйесіне тоқтала кетсем:

Модульдік оқыту — бұл білім беру бағдарламасының шегінде бірнеше оқу курстары мен пәндерін немесе олардың аяқталмай қалған тарауларын оқытатын құрылымдық бөлімі.

Кредиттік модуль жүйесінің басты айрықша белгілері:

- Оқу жоспарында көрсетілген пәндерден әр бір студент өзі оқитын пәндерді тандап, жеке оқу жоспарын құрады;
- Білім беру траекториясында студенттерге оқытылатын пәндерді тандау кезінде таңдауға көмектесуге оқу процесіндегі академиялық кеңесшілерді (тьютер, білім беру бағдарламасының жетекшілерін) тарту;
- Әр пән бойынша оқытушылар мен студенттердің жұмысаған еңбегін бағалау үшін сынақ бірлігі (кредит) жүйесін енгізу;
- Студенттердің оқытылатын пәнді меңгеруін бағалау үшін баллдық рейтинг жүйесін қолдану.

Европа елдерінің үкіметтері болашақ 10 жылға жасаған жоғарғы оқу орындарын реформалау қызметтің басты бағытын көрсететін міндетемелердің мазмұндық жобасын – Болондық үдеріспен байланысты. 2003 жыл 19 қыркүйектегі РФ білім министрлігі қол қойылған Болондық декларацияға сәйкес, еуропалық білім беру кеңістігі құруда. Осыған байланысты шетелдік оқу орындарының кредиттік модуль жүйесін қолданудағы тәжірибесіне үлкен қызығушылық танытып отыр [9].

Европалық университеттерде бір модуль шеңберіне жалпы ғылымдық мәртебесіне қарамастан бір біріне тақырыптық жағынан жақын пәндер біріктіріледі. Модульді құрудағы басты принцип жеңілден қиынға, методологиялықтан қолданбалы пәндерге өту. Сондықтан, модульдің құрамында «жалпы кәсіби», «жалпы ғылымдық» және т.б. пәндер болуы мүмкін. Модульдік оқыту шеңберінде толық шектелген фундаменталдық және қолданбалы пәндерде қатар қолданылады. Модульдік жүйенің маңызды ерекшелігі студенттік тәжірибеге бағытталуында, соның ішінде зерттеушілік болып табылады. Модуль білім алушылардың тұжырымдамалық білімі мен тәжірибелік дағдысының үйлесуіне қарай, бір бағыттан екінші бағытқа, бір деңгейден екінші деңгейге тез әрі тиімді өтуіне мүмкіндік береді. Сондықтан магистратура сатысындағы модульдік оқытуды ұйымдастыру процесінде магистранттың жеке бағдарламасымен (магистрлік диссертация тақырыбымен) байланысты болуы керек [10,2].

Европалық кеңістік шеңберінде бірнеше жоғары білімдер курстар(пәндер) модульмен аталады. Студент алған білімін модуль аяқтағаннан кейін тәжірибе жүзінде көрсетіп шығуы керек. Модуль белгілі пәннің тұсында бүтіндей ұғым қалыптастырады және студент осы модульді меңгергеннен кейін белгілі бір құзіретте істеу арқылы көрсету (тәжірибе жүзінде) керек. Модуль тақырыбымен емес студенттің білім жетістігімен анықталады. Семестрдегі модульдің санын, студент бір семестрдегі жеткен нәтижесінің сәйкестігімен анықталады.

Студент оқу жетістігінің өлшемі ретінде оқу процесінде әрбір студент кредит жинайды. Европалық студент қанша ұзақ уақыт керек болсада болашақ дипломдарының есебіне кредиттер санын жинай алады. Жиналған кредиттар студентке біліктілігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Мысалы, қосымша жоғарғы білім алуға. Кредит арқылы студент оқудан ұзаққа созылатын үзіліс ала алады. Бұл жағдайда, алдын ала жиналған кредиттері күшін жоймайды. Қандайда бір себептермен студент оқудан шығып, қайтадан оқуын жалғастыратын болса алдын ала жиналған кредиттері күшін жоймай саналады. Бұл студенттің жоғары білім алуын жеңілдетеді.

Ең алғаш рет академиялық кредиттер XVIII және XIX ғ.ғ. аралығында АҚШ университеттеріндегі оқу процесін ырықтануын құру кезінде енгізілген. Кредиттік бірліктің енуі, студенттердің өз бетімен оқу процесін жоспарлауға, оқу процесінің сапасын бағалауға және бақылау жүйесі арқылы принциптік өзгерістер енгізуіне ықпал ететін оқыту технологиясын толық жетілдіруге жағдай жасады. Осы орайда атап өту керек, әлемдік білім беру жүйесінде кредиттің бірнеше мағынасы бар. Осыдан кредиттік модульдік жүйенің әрқилы моделін көруге болады. Үш басты басты түрін атап көрсетуге болады:

- ең алдымен академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету үшін кредиттік аударымдарға бағытталған жүйе. Мысалы, USTS (UMAP Credit Transfer Scheme – азия-тынық мұхиты аймағы университетінің кредиттік аударым жүйесі);

- кредиттерді жинақтауға бағытталған кредиттік жүйе. Мысалы, USCS (United States Credit System – АҚШ университеттерінде қолданылатын кредиттік жүйе) [11].

Бір уақытта кредиттерді аудару мен жинақтауға бағытталған аралас түрдегі кредиттік жүйе. CATS (Credit Accumulation and Transfer System – Великобритания университетіндегі кредиттік жүйе), ECTS (European Credit Transfer and Accumulation System – Европалық жүйедегі кредиттерді аударым мен жинақтау).

Жоғарыда аталған модельдер тек қана басты міндеттерімен ғана емес сонымен бірге, кредиттің анықтамасы мен түсік беру тәсілдеріменде ерекшеленеді. Ережеге сай, кредиттік сынақ жүйесі, білім беру бағдарламасын немесе оның бір бөлігін меңгеру үшін кеткен еңбегін бағалаудағы кредиттік бірліктің түсінігінен шығады. Негізі кредиттік жинақтау жүйесін, білім беру бағдарламасындағы алған білімі мен іскерлік дағдысының нәтижесінде кредиттерді бағалау бірлігі ретінде анықтайды [12].

Білімді бағалаудағы тіркеу студенттің шетелде оқығанға дейінгі және кейінгі жетістігін көрсетеді. ECTS кредиті құжатында тек қана жергілікті оқытудың жағдайындағы сәйкес келетін курстардың деңгейін және сонымен қатар ECTS кредитінің шкаласын ғана көрсетеді.

Жергілікті оқыту деңгейі мен ECTS кредитінің сәйкес келуі студенттің басқа жоғарғы оқу орнында оқуына сандық және сапалық мінездемесін береді.

Шетелде оқып білім алу өз елінде білім алған сияқты бірдей бірақ, оқу бағдарламаларында айырмашылықтары емтихандарда және білім деңгейін бағалау формалары болуы мүмкін. [13]

2011 – 2020 жылдарға жасалған білім бағдарламасы жоғарғы оқу орындарында кредиттік модульдік жүйесін оқытуды енгізгелі отыр. Бұл жоғарғы оқу орынындағы түлектерге академиялық және мамандандырылған білім беруді дамытады және білім алудағы қарқынды әдістерді үйретеді. Отандық кредиттік модульді оқыту жүйесі қазіргі кезде даму үстінде. Осыған байланысты кредиттік модульді оқыту жүйелері бағдарламасының аясында, Қазақ қыздар педагогикалық университетінде «Оқу үдірісіне модульдік оқытуды енгізу мәселелері» тақырыбында конференцияны ұйымдастырып отыр. Бұның өзі оқытушыларымызға модульдік білім беру жүйелерін талқылап, білім беру мазмұнында оқу үрдісіне модульдік білім жүйесін енгізудің тиімді көздерін береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Назарбаев Н. Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан, 1-наурыз, 2007.
- 2 З.Н.Өмірбаева. Оқушылардың рухани – танымдық әрекеті. Қазақстан кәсіпкері № 10-2005 ж.
- 3 Г.Б.Ахметова. Кәсіби біліктіліктің педагогикалық мәндік сипаттамасы. Қазақстан кәсіпкері № 11-2008
- 4 Р.О.Жұманова. Инновациялық-пед.технология. Қазақстан кәсіпкері № 11-2012 ж.
- 5 Құрманова Н.Ж. Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы. – Монография. – Астана: Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту республикалық орталығы, 2007. -160 б.
- 6 Крысин Л.П. Социоллингвистические аспекты изучения современного русского языка. – М.: Наука, 1989. – 188 с.
- 7 Ж.У.Кобдикова. Оқыту процесін технологияландыру. – Алматы: 2000 ж.
- 8 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 9 Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары, – Алматы, 2000, 6-бет.
- 10 Львова С.И. и др. Русский язык в школе: состояние, проблемы пути их решения. // РЯШ. №4, 2003.
- 11 Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері: Монография. – Астана, 2008. - 160 б.
- 12 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері. Пед.ғыл. докт. дис. – Алматы, 1996 ж. – 345 б.
- 13 Лихачев Д.С. Язык и ценности. – Москва, 2000. - 165 с.

МАЗМҰНЫ		
1	Сырлыбаев М.К. <i>Алғы сөз</i>	3
2	Жахина Б.Б. <i>Тағылымға толы жылдар</i>	4
ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР		
1	Есмағұлов А. Ы. <i>Сындарлы да зерделі ұстаз</i>	5
2	Қияқова Р.Ж. <i>Дюссельдорфқа жолсапар</i>	8
3	Рахым Б. С. <i>Ұлттық әдебиеттану ғылымындағы Сәкен Сейфуллин дәуірі мен дәстүрі</i>	10
4	Жақыпов Ж.А. <i>Латын жазулы емле мен ономастика – қазақ тіл білімінің жаңа парадигмасы</i>	15
5	Оразбек М. <i>Өрелі ой, өрісті зерде (Ғалым Сәбит Жәмбектің ғылыми еңбектері туралы ой)</i>	19
6	Тілеубаев С.Б. <i>Елін сүйген – ерен тұлға</i>	23
7	Мамыт А.А. <i>С.Жәмбек және Көкше фольклоры</i>	27
8	Ахат Н.А. <i>Сәбит Жәмбектің көркем әдеби туындылары хақында</i>	30
9	Ақтанова А.С. <i>Сәбит Жәмбек зерттеулеріндегі қазақ әдебиеті тарихы мен теориясы мәселелері</i>	33
10	Қадыров Ж.Т. С. <i>Жәмбек еңбектеріндегі әдебиеттану мәселелері</i>	35
11	Бектасова Ж.Т. <i>Әдебиеттанушы ғалым, жазушы, драматург С.Жәмбектің шығармашылығына арналған бірер сөз</i>	37

12	Жумагулова О.А., Каирбекова И.С. <i>С.Жәмбек және аймақтық ономастика</i>	42
13	Смагулова Н.К., Жайлауова Г.У. <i>Әдебиеттанушы ғалым С.Жәмбектің әдеби-теориялық зерттеулері</i>	47
14	Кажыбаева Г.К. Жукенова С.К. <i>Сәбит Жәмбек – әдебиет тарихын зерттеуші ғалым</i>	51
15	Кажыбаева Г.К. <i>Әдебиеттанушы ғалым Сәбит Жәмбек зерттеулеріндегі тұлғалар жайлы ғылыми ой-тұжырымдар</i>	54
16	Бөкен Г.С. <i>Сәбит Жәмбек көне түркі жазба ескерткіштері хақында</i>	57
17	Асан Г., Жукенова С.К. <i>Сәбит Жәмбектің әдеби-зерттеу еңбектері</i>	61
	ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ӘДЕБИ ҮРДІС	
1	Амангельдина А.А. <i>Қазақ әдебиетіндегі бүркеншік есімдер</i>	65
2	Амандаулетова А.К. <i>Ғ.Тоқай поэзиясындағы теңеулердің қолданылуы</i>	69
3	Әнеш А.Б. <i>«Mirror for prince» жанры бойынша қазақ әдебиеті шығармаларындағы бақытты мемлекет ұғымы</i>	71
4	Бөкен Г.С., Хуатбекқызы А. <i>Ахмет Байтұрсыновтың әдеби жанрлар жайлы тұжырымдары</i>	75
5	Ерболат Б. <i>Екі күймек бір жанға әділет пе?</i>	79
6	Есекеева М.М. <i>Жастардың қоғамдық-әлеуметтік тұлғасының тәуелсіздік жылдардағы қазақ прозасындағы көрінісі</i>	83
7	Есенова А.К., Оразбек М.С. <i>Қазақ қоғамы және Ғалым Жайлыбай поэзиясы</i>	85
8	Жакенова А.З. <i>Әдебиет – қоғам өмірінің көркем айнасы</i>	90
9	Жумаканова У.С., Жуматова Г.М. <i>Ұлттық әдебиеттану ғылымы және әлемдік әдеби үрдіс</i>	94
10	Зикирина С.Д., Кажыбаева Г.К. <i>Асқар Алтай әңгімелеріндегі жаңа көркемдік ізденістер</i>	97
11	Кажыбаева Д.К. <i>Асқар Алтай әңгімелеріндегі сюжеттік ізденістер</i>	101
12	Кульжанова А.А., Бөкен Г.С. <i>Яссауи хикметтерінің Көкшетау нұсқасы, оның аударылу мәселелері</i>	104
13	Қажыбай А.Т. <i>Абайдың «Толық адам» концепциясының М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында көрініс табуы</i>	108
14	Қажыбай А.Т., Мурсалим А.Б. <i>1920-шы жылдардағы саясаттың әдебиеттің даму бағытына тигізген әсері</i>	113
15	Қажыбай А.Т., Рахмет Е.М. <i>Ақселеу Сейдімбек публицистикасының көркемдігі</i>	118
16	Қажыбай А.Т., Оразғали Н.Т. <i>Жамбылдың суырып салмалық (импровизация) өнерінің психологиялық-поэтикалық табиғаты</i>	123
17	Қадыров Ж.Т., Ерсайнова М.Ж., Шапауов Ә.Қ. <i>Сәбит Мұқанов прозасының поэтикасы</i>	128
18	Қадыров Ж.Т., Искакова Л.К., Шапауов Ә.Қ. <i>Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы тақырып және идея</i>	133
19	Қадыров Ж.Т., Топышева Ә.Б., Туровская Е.И. <i>Ж.Аймауытов шығармаларындағы әйелдер бейнесі</i>	138
20	Қадыров Ж.Т., Шәріпбай Ә.С., Маликова А.И. <i>Тұрсынхан Әбдірахманова поэзиясының көркемдігі</i>	143
21	Молдабаева Ә.Т., Кажыбаева Г.К. <i>Тыныштықбек Әбдікәкімұлы поэзиясының даралығы</i>	147
22	Мұралбек М. <i>Абай шығармаларындағы тәрбие тақырыбы</i>	151
23	Мырзағалиева А.С. <i>Бейсенбай Кенжебаевтың қазақ әдебиеті тарихын зерттеудегі орны</i>	154

24	<i>Нуртаева Г.А. Қазіргі қазақ поэзиясындағы мотивтердің қолданылу сипаты</i>	157
25	<i>Нуржаксина М.К. Мағжан Жұмабаевтың «Жаралы жан» өлеңінің идеялық-көркемдік қырлары</i>	161
26	<i>Рақымжан О.Қ., Ахметжанова А.С. М.Әуезов драмалық шығармаларындағы теңеулердің қолданысы</i>	166
27	<i>Сағындықова З.Ж., Камашева Б.Ш., Нұрмұқанова Ж.Ж. Үкілі Ыбырайдың ән мұрасы</i>	168
28	<i>Серкешбаева Г.Н., Мерген Г. Мағжан мен Жүсіпбек – жан дүниенің жиһанкездері</i>	172
29	<i>Тасқынбай Б.Н., Смагулова Н.К. С.Мұратбеков әңгімелеріндегі ауыл тақырыбы және рухани құндылықтар</i>	175
30	<i>Тагудретова Б.Б., Кулибекова Ж.С., Қамбар А.Д. Мағжан және Сәкен шығармаларындағы рухани үндестік</i>	179
31	<i>Таласпаева Ж.С., Бейсенбина Ж.Д. Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы әйел тілінің ерекшелігі</i>	184
32	<i>Турганбекова А.Т. Алаш жолы – азаттықты аңсаған арман жолы</i>	189
	ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ	
1	<i>Байысхан А. Мифоним ұғымы және оның жіктелісі</i>	193
2	<i>Балгарина Б.А., Таласпаева Ж.С. Есматова М.Т. Солтүстік өңірдің жер-су атауларының тарихы</i>	197
3	<i>Есматова М.Т., Макашева С.М. Тәкен Әлімқұлов шығармаларындағы теңеудің қолдану ерекшеліктері</i>	202
4	<i>Жанабаева З.М. Мәтін лингвистикасының зерттеу нысаны – мәтін</i>	207
5	<i>Искакова Г.Ж., Шалабай Б. Көркем мәтіндегі автор модалдылығы жөнінде</i>	211
6	<i>Кулмаканова М.К. Метафоралардың когнитивтік лингвистикадағы орны</i>	215
7	<i>Қажакпар Ә.Е. Түркі тілдеріндегі сөздердің фонетика-семантикалық өзгерістері</i>	220
8	<i>Қантаева Г.Ж. Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы бірыңғай мүшелердің көркемдік ерекшеліктері</i>	225
9	<i>Мусина А.Д., Мусин Л.Қ. Латын графикалы қазақ әліпбиі нұсқаларының тілдік ерекшеліктері жайында</i>	229
10	<i>Мухамеджанова Г.Т., Ақмағамбетова Б.Е. Тілдік құралдардың зерттелу жайы</i>	233
11	<i>Рахым А.Қ., Амантай Ж.А. Тілдік қолданыстағы плеоназм құбылысы</i>	236
12	<i>Съез А., Қажакпар Ә. Е. Теледидар тіліндегі тілдік бірліктердің ерекшелігі</i>	238
13	<i>Таласпаева Ж., Абдрешова П. Тарихи тұлғалар мен аңыз әңгімелер негізінде жасалған ономастикалық атаулар</i>	243
14	<i>Түкен К., Қажакпар Ә. Е. Ономастика және аударма</i>	247
15	<i>Хамзина Г. С., Есембекова Д. Көркем шығармалар тіліндегі көнерген сөздер мен этнографизмдер</i>	252
16	<i>Хамзина Г. С., Шегебаева А. Көркем шығармалар тіліндегі диалектизмдер мен қарапайым сөздер</i>	257
17	<i>Хамзина Г. С., Рсаева А. Синонимдік қатарлардың тілдік табиғаты</i>	261
18	<i>Шалабай Б., Рақымжан О.Қ. С.Жүнісов қолданысындағы метафоралардың танымдық сипаты</i>	266
19	<i>Шахманова Г.Ш. Жаңартылған білім мазмұнына сай мәтіндердегі концептілік жүйе</i>	270
	ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСНАМА, ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ	

1.	Абдраимова А.Г., Синбаева Г.К., Айтжанова Ж.А. <i>Ұлттық мектептерде қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістері</i>	275
2.	Аубакирова Б.К. <i>Латын негізді графикаға көшу жағдайында студенттің тілдік дағдыларын қалыптастыру</i>	280
3.	Бактиярова Г.Б., Табыс А., Жоламанова Т.М. <i>Шағын жинақталған мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың ерекшеліктері</i>	284
4.	Егінбай А.С., Курманова А.К. <i>Тұлғаның білім деңгейін критериалды бағалаудың жолдары қалыптастыру</i>	288
5.	Елубек Ж.Э., Сағымбаева Ж.Е. <i>Ағылшын тілін оқытуда CLIL технологиясы</i>	292
6.	Исина А.О. <i>Сөйлеу жаттығулары және оны қазақ тілін оқыту үрдісінде пайдалану жолдары</i>	296
7.	Кожантаева А.К. <i>Диалогтық оқыту – тиімді білім берудің бір жолы</i>	300
8.	Курманова А.К. <i>Оқушы белсенділігін арттырудағы компенсаторлық стратегиялардың рөлі</i>	304
9.	Кусаинова Г.Т., Шонова Б.А. <i>Болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру</i>	310
10.	Молдыбаева Г.С. <i>Қазіргі заманғы білім беру әдіснамасындағы технологиялардың алатын орны</i>	313
11.	Мусабалаева Д.А., Тулеуова С.Қ., Жоламанова Т.М. <i>Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін арттыру жолдары</i>	318
12.	Науканова А.Е., Қуанышбай Г.Е., Жоламанова Т.М. <i>Қазақ тілі сабақтарында қолданылатын педагогикалық технологиялар</i>	322
13.	Нәдірхан Г., Жабагинова М.Қ. <i>Шағын жинақталған мектептедің орта буынында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі</i>	326
14.	Смагулов Т.К., Сеңкібаев С.Т. <i>М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегіндегі ұлттық тұлға қалыптастыру мәселелері</i>	331
15.	Төлеген Ө.Ш., Башарова З.Ж. <i>Бастауыш сыныптарда арифметикалық материалды оқыту әдістемесі</i>	335
16.	Төлеген Ө.Ш., Қожахмет Э. <i>Критериалды оқыту технологиясының теориялық негіздері</i>	340
17.	Хайымхан Н., Жоламанова Т.М. <i>Лиро-эпикалық шығармаларды оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру</i>	343
18.	Шүкүманова Б.С. <i>Модульдік оқытудың ерекшеліктері</i>	348